Сейдулла Садықов

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

(оқулық)

Алматы – 2021

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2021-2022 оқу жылындағы №10 Сенат мәжілісінде (ғылыми кеңесінде) қаралып, мақұлданған.

Садықов С. ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА. Оқулық – Алматы: «ЛАНТАР ТРЕЙД» баспасы, 2021. - бет.

Пікір жазғандар:

А.Шәріп, филология ғылымдарының докторы, профессор.
Ө.Әбдіман, филология ғылымдарының докторы, профессор.
Қ.Сақ, филология ғылымдарының кандидаты, профессор.

Қазақ елінің жаңа тарихи дамуында ұлттық журналистиканың алар орны айрықша. Тәуелсіздік талаптары ұлттық идентификациялану мен ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік, ұлттық бірегейлік проблемаларының ұлт журналистикасы мен публицистикасында көрініс табуын шынайы шындық тұрғысында бағалап, пайымдаудың зәрулігін туындатып отыр. Оқулықта бұл өзекті мәселелердің ұлттық маңызы мен бағыты қазіргі әлемдік тәжірибе астарында ой елегінен өткізіледі. Осы тұрғыдан келгенде жұмыстың ұлттық журналистиканың теориясы мен оның проблемаларын айқындап, одан әрі дамытуда елеулі ғылыми маңызы бар.

Оқулық республика жоғары оқу орындарындағы журналистика факультеттері мен бөлімдерінің студенттері мен магистранттарына, оқытушыларына, сондай-ақ калың оқырман қауымға арналған.

©С.Садықов., 2021
©Лантар трейд, 2021

Кіріспе

Басты белгісі жаһандану болып табылатын қазіргі дәуір идеократиялық империя – Кеңес Одағының ыдырауымен және әлем картасында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің, солардың ішінде Қазақстан Республикасының пайда болуымен тұспа-тұс келді. Тәуелсіз еліміздің қалыптасуы мен дамуы, әлемдік бәсекеде егеменді мемлекет ретіндегі алар орнымыз бен қабілет-қарымымыздың деңгейі ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктерін терең зерделеуді талап етеді.

Ұлттық идентификация проблемасы кез-келген мемлекет секілді Қазақстан үшін де фундаментальді маңызға ие. Ол жекеше не қоғамдық санамен, оның қалыптасуы мен дамуының теориясымен және практикасымен тікелей байланысты. Теориялық деңгейде онымен философия, әлеуметтану, саясаттану, антропология, психология, культурология және т.б. жаратылыстану ғылымдары айналысады. Практикалық тұрғыда бұл мәселелер юриспруденция, журналистика, т.б. салаларда ұдайы ой елегінен өткізіліп отырады, себебі ол басқару мен халықаралық саясатта маңызды рөл атқарады.

Ұлттық сананың көрінісі, өзіндік қайталанбас ерекшеліктері тәуелсіз елімізге әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуға мүмкіндік береді. Ұлттық теңдіктің, бірегейлікке ұмтылыстың жарқын белгілері – этностың, қоғам мен мемлекеттің орнығуы мен дамуының міндетті шарты іспеттес. Ұлттық идентификациялану мен ұлтшылдық адамдар қауымдастығын нәрлендіреді, оны қарапайым қауымдастықтан ұлттық қауымдастыққа айналдырып, өзінің жеке мемлекетін, мәдениетін, идеологиясын құруға мүмкіндік туғызады. Кез-келген ұлт өзіндік «Менін» терең сезінбейінше, алға айқын мақсат қоя алмайды, өзіндік іс-қимыл мен ұмтылысты үйлестіруге қабілетсіз болып шығады. Идентификациялану мен өзге ұлттармен пара-парлыққа, бірегейлікке ұмтылыстың өте күрделі астарлары бар. Бұл проблемалар ежелден, этностардың қалыптасу сәттерінен

бастап пайда болды. Ол адамдарды қоғамдық-саяси және экономикалық жүйе жағдайларына қарамастан әрдайым толғандырып келген.

Тәуелсіз Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс процесі өз тарихымызды, жүріп өткен жолымызды байыпты ой елегінен өткізуді талап етіп отыр. Жергілікті ұлт саналып отырған халқымыздың, азаматтарымыздың өз ұлтының өкілі ретінде сезініп, тануы нағыз ұлт ретінде ұйысудың негізі болып табылса керек, сонда ғана мемлекетіміз өзіндік айбынымен, кескін-келбетімен жарқырай көрінеді. Бүгін бізге қайтпас та қайсар халқымыздың, жекеленген қайталанбас тұлғаларымыздың шынайы тарихы ауадай қажет. Міне, бұлар бүгінгі егемен кемел елдікке қарай қадам жасап отырған тарихи сәттерде құрыштай негізге айналуы тиіс. Қазақ халқының, ұлы Дала көшпенділерінің тамыры тереңде жатқан ежелгі тарихы, сондай-ақ Ресей империясы мен КСРО құрамындағы тарихы бар. Осы мемлекеттік құрылымдардың шеңберінде жасанды жолмен жаңа ұлт құруға әрекеттен түк шықпады.

Егемен елдіктің алғашқы онжылдығы көлемінде бірқатар публицист-жазушылар қат-қабат тарих қойнауынан өз этносымызға тән ерлік, елдік дәстүрлерді жинап-теру бағытында тынбай ізденіс танытып жатты. Шығармашылық ерік-жігердің мұндай толқыны өзіндік ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік пен ұлттық бірегейлікке ұмтылыстан туындап, ұлттық мемлекеттік құрылыс процесін жеделдету параметрлерін айқындауға негіз болды.

Кез келген қоғамның күрт бұрылысты өтпелі кезеңдерінде мемлекеттік, саяси, қоғамның әлеуметтік құрылымдары мүдделерінің тоқырауға ұшырайтыны өмір заңдылығы іспеттес. Мұндай сәттерде қоғам мүшелерінің басым бөлігінде қорқыныш, үрей, болашаққа деген сенімсіздік пайда болады. Сондықтан да ұлттық бәсекелестікке деген қабілет-қарымды іздестіру немесе белгілі бір қауымдастыққа сенім арту, арқа сүйеу этносты топтастырып – ұйыстырудың басты әдіс-тәсіліне айналуы ғажап емес. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап өзіндік идентификациялану процесі жаңа арнаға бет түзеді, нарықтық экономиканың, саясаттың, мәдениет пен тұрмыстың дамуына ықпал ете бастады. Ескінің күйреп, қирауы мен жаңа мемлекеттің қалыптаса бастауы ұлттық бірегейлікке ұмтылыстың әртүрлі формаларын ой елегінен өткізу қажеттігін туындатып, адамдар бойына сенімділік пен оптимизм ұялатты.

Ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік пен ұлттық бірегейлікке ұмтылыс проблемалары қоғамдық институт – журналистиканың қызметінде көрініс тауып отырады. Бұқаралық ақпарат құралдары ұдайы қоғамдық процестердің қайнаған ортасында болып, халықтың арман-мақсаттарының өлшеушісі,

ақыл-ойының таразысы рөлін атқарады. Сондай-ақ ол этнос өміріндегі маңызды оқиғалардың тіркеушісі бола отырып, кез-келген қоғамдық құбылыстарды ой елегінен өткізеді, оған өзінің қатынасын аңғартып, лайықты баға беруге тырысады. Осылайша, ұлттық тілді, мәдениетті, экономиканы, саясат пен өнерді дамытып, кең өріс алуына ықпал етеді.

Журналистика ұлттық құндылықтар мен идеяларды таратушы бола отырып, ұлттық бәсекелестік пен ұлттық бірегейлікке ұмтылыстың параметрлерін айқындайды. Осылай десек, қазақ публицист-журналистерінің бұл орайда бай тәжірибе жинақтағанын мақтаныш сезімімен айта аламыз. Қазақ публицистикасының алтын дәуіріне қадам басқан XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңына қарай және ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап ұлттық басылымдардағы материалдарға зер салар болсақ, талантты публицист-жазушыларымыздың, қарымды журналистеріміздің ұлт мүддесінен өрілген өзекті тақырыптарға тереңдеп бара алғанын айқын аңғарамыз. Бұл үрдіс қазір де сарабдалдықпен өз жалғасын табуда. Жарияланымдардағы қазақ тілінің мәселелері, діл, мәдениет, өнер, нарықтық экономика тақырыптары өздерінің өзектілігімен назар аударады, қалың оқырманды терең ойларға жетелейді. Міне, бұлардың бәрі де жергілікті ұлттың идентификациялануы, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің, ұлттық бірегейлікке ұмтылыстың өзегі болып табылады. Қазақ қоғамындағы қазіргі таңдағы ұлттық жасарып, жаңғырудың баспасөз бетіндегі көріністерінің күні бүгінге дейін жүйелі зерттеу объектісіне айналмауы ойландырады...

Сөз өнерінің үлкен саласы – журналистика қай дәуірде болмасын ақиқаттың жаршысы, әділдіктің төрешісі болып келді. Қазір де солай. Олай болатыны, Қазақ елінің жаңа тарихи дамуында ұлттық публицистиканың алар орны айрықша сипатқа ие. Халқымыз ғасырлар бойы аңсап келген туған еліміздің қазіргі Тәуелсіздік талаптары ұлттық идентификациялану мен ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік, ұлттық бірегейлікке ұмтылыс проблемаларының ұлт журналистикасы мен публицистикасында көрініс табуын шындық тұрғысында бағалап, сарабдалдықпен ой елегінен өткізудің зәрулігін туындатып отыр.

Қолдарыңыздағы оқулықта жоғарыда баяндалған өзекті мәселелердің ұлттық бағыты мен маңызын қазіргі әлемдік тәжірибе контексінде пайымдаудан өткізуге ұмтылыс жасалды. Осы тұрғыдан келгенде, бұл жұмыста қазақс журналистикасы мен публицистикасының ұлттық дамуы мен қалыптасуындағы рөлі мен орнын айқындап, ұлттық идентификациялану мен ұлттық бірегейлік проблемаларының республикалық басылымдарда жазылу

принциптері мен әдіс-тәсілдерін, формаларын ашып көрсету негізге алынып отыр.

Автор алға қойған мақсат ауқымында төмендегідей міндеттерді орындауды белгіледі:

- қазақ этносын идентификациялау мәселесін алға қойған алғашқы ұлт публицистерін қарастырып, олардың ұлттық журналистиканың пайда болуындағы орнын айқындау;

- Қазақстан баспасөзінде ұлттық өзіндік идентификациялану мәселелерін көрсетуде ұлттық мемлекеттің кеңестік моделінің ықпал ету проблемаларын ашып көрсету;

- әміршілдік-әкімшілдік жүйенің қазақ ұлттық журналистикасының дамуы мен қалыптасу процесіне ықпал етуінің кері әсерін талдау;

- «Ұлттық бірегейлік» және «интернационализм» түсініктерінің ара-жігін ашып, олардың Қазақстан баспасөзінде әр кезеңдегі көрініс табу проблемаларын зерттеу;

- 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан баспасөзінде ұлттық идентификация мен өзіндік идентификация ерекшеліктерінің сипатын ашып көрсету;

- хрущевтік «жылымық», брежневтік «тоқырау» және горбачевтік «қайта құру» кезеңдерінде Қазақстан баспасөзінде ұлттық даму мәселелерінің жазылуын кезең кезеңімен ашып көрсету;

- Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан журналистикасында ұлттық идеяның көтерілуі және ұлттық мемлекеттік құрылыс мәселелерін жазудың ерекшелігін ой елегінен өткізу;

- Тәуелсіздік жағдайында Қазақстан журналистикасы мен публицистикасының негізгі белгілері мен ерекшелік сипаттарын ашып көрсету.

Қазақстан баспасөзінің пайда болуынан қазірге дейінгі аралықта ұлттық идентификация және ұлттық бірегейлік прблемаларын көтеру мәселелерін тұңғыш рет жүйелі әрі кешенді зерттеуге талпыныс жасалады. Бұл оқулықтың ғылыми жаңалығын айқындайды:

- қазақ халқының Ресей империясының қол астында болған кезінен бастап сана-сезімінің қалыптасуы мен дамуындағы, сондай-ақ алғашқы қазақ

ағартушыларының - Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің және А.Құнанбаевтың публицистік мұраларының рөлін ашып көрсету;

- ұлттық идентификация мен ұлттық бірегейлік проблемаларының XIX ғасырдың аяғы мен қазірге дейінгі аралықтағы баспасөз бетінде көрініс табуының даму эволюциясын ой елегінен өткізу;
- ұлттық мемлекеттіліктің кеңестік моделінің қазақ ұлттық баспасөз жүйесіне тигізген кері әсерін, басылымдардағы ұлттық өзіндік идентификация мәселелерінің көрініс табуына бағамдау;
- әміршілдік-әкімшілдік жүйенің бұқаралық ақпарат құралдарының партиялық-кеңестік моделін қалыптастырудағы рөлін ой елегінен өткізу;
- кеңестік кезеңдегі қазақстандық журналистика мен публицистиканың тарихи кезеңнің күрделілігіне қарамастан қазақ этносын жалпыадамзаттық, гуманистік позиция тұрғысында идентификацияландыра білгенін ашып көрсетуге талпыныс жасау;
- Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық журналистикасы мен публицистикасының ұлттық идеяны қалыптастырудағы маңызын көрсету;
- Қазақстан басылымдары мен қазақ публицистерінің ұлттық идентификация және ұлттық бірегейлік мәселелерін жазудағы рөлін ашып көрсету.

Оқулықта генезистік және типологиялық талдау, тарихи деректерді салыстыра зерттеу әдістемесі кеңінен қолданылады.

Оқулықта теориялық байламдарды, қорытындылар мен кеңестерді бұқаралық ақпарат құралдарының теориясы мен тәжірибесін зерттеу барысында, ұлттық саясат, ұлтаралық қатынастар мәселелерін ашып көрсетудегі және қазақ халқының өзіндік идентификациялануы мен ұлттық бірегейлігі тақырыбын одан әрі жетілдіре түсудегі баспасөздің рөлін айқындауда кеңінен пайдалануға болады.

Кітап материалдары, оның қорытындылары және ұсыныс кеңестер Қазақстан журналистикасы мен саясаттану, сол сияқты ұлттық мәселелердің теориясы мен тәжірибесі жөніндегі өзге де қоғамдық пәндер бойынша жалпы және арнаулы курстарды дайындау барысында пайдаланылуы мүмкін. Еңбек ұлттық журналистиканың даму мәселелері, республика БАҚ-да мемлекеттік құрылыс, ұлттық идея, қазақ журналистикасы мен публицистикасының өзіндік ерекшелігі мен сипаты, т.б. проблемалар тұрғысындағы жаңа зерттеулерге бағыт-бағдар бола алады.

Жұмыс баспасөздің ұлттық саясат саласындағы қызметін жетілдіре түсуде, ұлттық құрылыс мәселелерін жазу барысында журналистерді тың идеяларға жетелеуде әсер етіпотырса, нұр үстіне нұр.

I БӨЛІМ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТУУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӨЗІНДІК ИДЕНТИФИКАЦИЯ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

I ТАРАУ

ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНІҢ ПАЙДА БОЛУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ӨЗІНДІК ИДЕНТИФИКАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жас Тәуелсіз Қазақстан Республикасы тарихының мәселелерін ой елегінен өткізу елдің жаңа мемлекеттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және мұның баспасөз қызметіне тікелей қатысы бар. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқы тарихының ұлттық ерекшеліктерін, оның баспасөзде көрініс табуын оқып-үйрену қайта жаңғыру процесінің барысында және республиканың экономикалық, әлеуметтік және мәдени саясатын айқындауда айрықша маңызға ие. Егемен еліміздің жаңа тарихи дамуы оның шаруашылық және саяси өмірі мәселелерін ғана емес, сонымен қатар республиканың жалпы проблемаларын, оның ішінде отандық журналистика қызметін де терең зерттеуді қажет етеді.

Баспасөз әлеуметтік институт ретінде қоғамдық даму міндеттерін шешу ісінде әрдайым алғы шептен табылады. Сондықтан да жоғарыда айтылған өзекті мәселелер төңірегінде ой қорыту БАҚ-тың қалыптасу ерекшеліктері мен олардың әлеуметтік-саяси қайта құруларды жарыққа шығаруын пайымдауға да тікелей байланысты. Бұл проблемаларды кешенді түрде оқып-үйренуге ден қою тарихи процестедің қандай қалыпта жүргенін, мұнда баспасөздің қаншалықты рөл атқарғанын анық айқандауға мүмкіндік береді.

Жалпы ғылымда қазақ халқының тарихы мен оның мәдениеті алғашқы документальды дереккөздерде «Қазақ» этнонимінің пайда болу кезеңімен және ежелгі қазақ тайпаларының бірігу дәуірімен түсіндіріледі. Алайда, оған дейін де Ұлы Далада талай ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан байырғы көшпенді малшылар ұрпақтары өмір сүріп келді, олар болашақ қазақ қоғамының, оның материалдық және рухани мәдениетінің негізін қалады.

Қазіргі түсініктегі публицистиканың қалыптасуы мен дамуындағы маңызды кезең болып табылатын халықтың ауызекі әңгіме-сөздерінде қазақтардың этнос ретінде өзіндік идентификациялануының философиялық, психологиялық, тарихи аспектілері көрініс таба бастады. Бұларда «қазақ», «ақ-ар-ыс», «бек-ар-ыс», «жан-ар-ыс», «қара-сүйек», «ақ-сүйек», «ар-ісі»,

«ар-иесі», «ар-ру-ақ», «ел», «ер», «намыс» деген секілді түсініктердің мағынасы мен маңызы қылаң беріп тұрды (1). Тайпалардың біртұтас қауымдастыққа біріге бастауы қазақ халқының қалыптасуындағы тарихи процестің әлеуметтік-саяси тұрғыда аяқталуы болып табылады. Бұл процесті түсінбеу тарихтың диалектикалық дамуына қайшы келетінін ұмытпауымыз керек.

Фольклор әдебиет пен журналистика көрінісінің негізі, түпатасы ретінде айрықша маңызға ие, себебі ол қазақтардың ойлау жүйесіндегі символиканы танып-білуге, халықтың рухани-философиялық негізінің түп-тамырына терең бойлауға, қазақтардың евразиялық кеңістікте өзіндік идентификациялану проблемаларын түсінуге, ұлттық менталитеттің дәстүрлі негіздерімен, қазақтардың классикалық ұлттық идеяларымен танысуға мүмкіндік береді.

Кеңестік дәуірде зерттеушілер қазақ жерінде жазу-сызудың пайда болуының алғашқы тарихи мәліметтерін XVI ғасырға жатқызып келді. Ежелгі Орхон-Енисей жазбаларына назар аударылмады, ұлтымыздың осынау жәдігерлері санадан мүлдем өшіп кете жаздады. Соңғы кезде ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақ публицистикасының туу арналары тасқа қашалып жазылған Орхон жазбаларының «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштерінде (VI-VII ғасырлар) жатыр (2).

Қазіргі түсінік бойынша қазақ баспасөзінің пайда болуы орыс империясының өлкені отарлау кезеңіне тұспа-тұс келеді. Ұлт басылымының қарлығашы Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы болған Ташкент қаласында патша үкіметінің ресми газеті «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет (екі саны қазақша, екі саны өзбекше) шығып тұрған «Түркістан уалаятының газеті» болып табылады (1870-1882 жж.). Оның тұңғыш редакторы ұлты башқұрт, орыс, түркі және шығыс тілдерінде еркін сөйлейтін Ш.М.Ибрагимов еді. Отандық журналистика мен публицистика бастауын осы басылымнан алады.

Редакция ресми және ресми емес екі бөлімнен тұрды, қызметкерлері Х.Жанышев, З.Шайхыәлібеков, Ж.Қазыбеков еді. Ресми бөлімде патша өкіметінің заңдары мен жарлықтары жарияланып, түсініктемелер беріліп отырды. Ресми емес бөлімде «отырықшылдық өмірдің артықшылығын, егіншіліктің ерекшелігін түсіндіретін, мал шаруашылығы, сауда, ішкі және сыртқы саясат, әдебиет, мәдениет, білім проблемаларын көтеретін» материалдар жарияланды. Бұл ұлттық публицистиканың дамуына бастау болды.

Газет мазмұны, сипаты мен бағыты жөнінде патшалық Ресейдің далалық өлкедегі мүддесін іске асыруға қызмет етті. Алайда, оның жарыққа шығуы этнос өмірінде маңызды әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-мәдени құбылыс

саналатын журналистика институтының пайда болуы мен дамуының бастау көзі болғанын айтуымыз керек. Ең бастысы – бұл құбылыс қоғамдық маңызы бар проблемаларды жариялы түрде ортаға салып, талқылауға болатынына жұртшылықтың көзін жеткізді. Ол, сондай-ақ, ұлттың қоғам дамуындағы орнын айқындауда баспасөздің мән-маңызын жете ұғындыра бастады.

Газет беттерінде сол кездегі озық ойлы адамдардың прогрессивті идеялары көрініс беріп отырды, сөз жоқ бұлар көпшіліктің игілігіне айналып, көп жағдайда қалың қазақтың ұлттық сана-сезімінің ояна бастауына ықпал етті. Газеттегі кейбір жарияланымдар қазақтардың өзіндік идентификациялануына, жалпы адамзат тарихында алатын орындарын сезіне бастауларына ықпал жасады.

Осы басылымнан кейін қазақ тіліндегі екінші газет «Дала уалаятының газеті» («Киргизская степная газета») Омбы генерал-губернаторының органы ретінде 1888 жылдың 1 ақпанынан 1902 жылдың сәуіріне дейін жарық көрді. Ал, 1895 жылдан бастап Орынбор қаласында «Торғай» газеті («Тургайская газета») шыға бастады. Бұл басылымдарда сол дәуірдегі тұрмыс-тіршілігінен там-тұмдап болса да хабар беретін жарияланымдар жарық көріп тұрды (3).

Ресей империясының шеңберінде өзге де халықтармен, бірінші кезекте орыс халқымен байланыстың күшейе түсуі қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне өзгерістер әкеле бастады. Бұл қазақ халқының ұлттық сипаты мен мәдениетінің жалпы эволюциялық дамуына әсер етпей қалған жоқ.

Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы қазақ этносының дамуына елеулі түрде ықпал еткен түбірлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге әкеліп соқты. Біртұтас қазақ ұлтының қалыптаса бастауы дәл осы кезеңге тұспа-тұс келеді. Бұл процесте қазақ интеллигенттерінің Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаев секілді жарық жұлдыздарының алғашқы шоғыры айрықша орын алады. Олардың қазақ халқының мәдениетін дамытуға қосқан орасан зор үлесіне баға беру қиын. Олар бастапқы формасы ұлттық ауызекі жыршылық-жыраулық өнер түрінде көрініп келген қазақ әдеби тілін қалыптастыруға батыл қадам жасады. Сондай-ақ осынау ұлы тұлғалардың ұлттық публицистиканың тууы мен дамуындағы рөлі жөнінде талмай айтуға болады. Халқымыздың бұл ағартушылары өздерінің көзқарастары арқылы ұлттық сана-сезімнің ұшқындарын әдебиет пен журналистиканың әлеуметтік рөліне сүйене отырып таныта білді. Олар көп ретте сол кездегі орыстың демократиялық журналист-жазушыларының, ақындарының шығармашылықтарымен, «Отечественные записки», «Современник» журналдарының қызметімен бір қатарда тұрып, айқындалды. Айталық, Шоқан Уәлиханов пен Г.Н.Потаниннің, Ыбырай Алтынсарин мен И.И.Евфимовский-Мировицкийдің, Абай Құнанбаев пен Е.П.Михаэлистің

арасындағы достық байланыс рухани сабақтастықтың жарқын үлгісі ретінде тарих беттерінде қалды.

Қазақтың ұлы перзенттерін публицистикалық стильдерінің әркелкіліктеріне қарамастан, ұлттық қоғамдық мәселелерді айқындаудағы көзқарастарының біртұтастығы біріктірді. Олардың публицистикалары сан қырлы, пікірталасқа негізделген, қалай дегенмен де осынау ұлылар қазақ халқының мүдделерін қорғады, тәтті үміт жетегінде жарқын болашаққа көз тікті. Олар қазақтардың тұрмыс-тіршілігі адамзат цивилизациясында өздерінің лайықты орындарын алуға кедергі болмайтынына кәміл сенді. Олардың ақыл-ойлары мен жүрек толғаныстарының толқуы, ұрпаққа қалдырған асыл мұралары қазақ этносының мүддесімен тығыз астасып жатты.

Шоқан, Ыбырай, Абай қазақ даласында бұрын болмаған қазақ демократиялық публицистикасының ұрығын септі. Олар толғағы жеткен әлеуметтік мәселелерді көтере білді. Сол тұстағы қазақ публицистикасының негізі мен өзіндік ерекшелігі Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің эпистолярлық шығармашылығы арқылы айқын көрініс берді. «Аса маңызды, аса толғақты жайлар жөнінде шын жүректен шыққан толғаныстармен өрнектеліп бір ғана адамға ғана емес, оның достарының кең ауқымына арналған хаттар, - деп жазады. М.И.Фетисов, - әуел бастан-ақ публицистикада болды. Қазақстанда 50-60-жылдары (XIX ғасырда – автор) газет-журналдың болмауы хат жанрын ағартушылық принциптерін қорғауда өз ойларын білдіру үшін пайдалану қажеттілігіне әкелді. Бастапқы кезде Уәлиханов пен Алтынсарин өздерінің қоғамдық жазбаларын орыс тілінде жүргізді. Тек 70-80-жылдары ғана публицистикалық жарияланымдар, оның ішінде хаттар да қазақ тілінде кеңінен көрініс бере бастады. Бұл Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевқа қатысты» (4).

Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің орыс қоғам қайраткерлеріне, зерттеушілері мен ақын-жазушыларына жолдаған хаттары жекешелік сипатына қарамастан халықтың мұң-мұқтажымен өріліп жатты, қазақ қоғамдық ойының маңызды құжаттарына айналып, жалынды публицистикалық стильмен ерекшеленді. Мысалы, Ы.Алтынсарин 1862 жылғы қаңтар айында жазған хаттарының бірінде қазақ халқының ұлттық сипаты жөнінде былайша толғанады: «Қырғыздар (қазақтар – автор түсінігі) қарапайым халық, алайда біз осы қарапайымдылықтың өзінен көп қайырымдылықты таба аламыз... Қырғыз ақылды, қабілетті, дегенмен білімсіз халық» (5).

Ы.Алтынсариннің шығармашылық мұрасында эпистолярлық жанр үлкен орын алады. Оның таңдамалы шығармаларының кітабына тоқсанға жуық

хаттары берілген (6). Ыбырай хаттарының құндылығы сонда, бұл жазбалар туған халқының қоғамдық тұрмыс-тіршілігінің өзекті мәселелерімен, ағартушылық идеяларымен өріледі. Бұларда кейіннен ұзақ жылдар бойы қазақ ұлттық публицистикасының басты назарында болған өзекті мәселелер көрініс тапқан болатын.

Өкінішке орай, бізге Шоқан Уәлихановтың жиырма шақты ғана хаттары жетті. Бұл жанрдағы оның жаңашылдығы жазбаларының өткір публицистикалық қуатпен ерекшеленуінде деп байлам жасауға болады. Публицист қоғамдық күрделі проблемаларды айқындаумен қатар, оларды шешудің жолдарын да көрсете білді.

Жаңадан пайда бола бастаған қазақ интеллигенциясының бірі ретінде өз халқының өзіндік ерекшеліктері жөнінде алғашқылардың бірі болып толғанған Ш.Уәлихановтың ғылыми-жағрапиялық мақалалары, жолсапар очерктері мен тіпті ресми баяндау жазбалары дәл осындай сапамен ерекшеленеді. Оның жазба мұраларында – мақалаларында, күнделіктерінде, т.б. – қазақ халқының өткені туралы қызықты мәліметтер көптеп кездеседі. Ол очерк жанрына қалам тартқан тұңғыш қазақ болды. Шоқанның «Жоңғар очерктері» қазір де мәнін жойған жоқ, аяқталмай қалған «Қырғыздар» еңбегі мен оның жолсапар күнделіктері очерктік сипатпен өрілген. Ұлы тұлғаның қайбір еңбегін алмаңыз, дәлдік, ғылыми сипат, қатаң іріктеліп алынған фактілер, автордың тұжырымдары мен қорытындылары таң қалдырады. Сонымен бірге оның шығармашылығының көркемдігі мен образдылығы терең ойларға жетелейді.

Қазақ публицистикасының тууы тұрғысында терең зерттеу жүргізген көрнекті ғалым-зерттеуші М.И.Фетисов Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасына баға бере отырып, былай деп жазады: «Шоқан Уәлихановтың публицистикасы идеялық толыққанды, тақырыбы сан қырлы, жауынгерлік рухы асқақ, стильдік жағынан дара тұр, ол қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің кең өріс алып, дамуында айтарлықтай сапалық секіріс жасады» (7).

Шоқан Уәлихановтан басталған дәстүрді Ыбырай Алтынсарин өзінің «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегі мен этнографиялық этюдтерінде жалғастырды. Бұл хрестоматия қазақ халқының тарихында, сондай-ақ қоғамдық-саяси ой мен әдебиетті дамытуда теңдессіз орын алады. Онда Ы.Алтынсарин орыс графикасының негізінде жасалған жаңа қазақ әліппесін пайдаланды. Автор хрестоматияда ғылыми, публицистік, көркем және техникалық материалды көпшілікке ұғынықты формада бере білді.

Ы.Алтынсарин қазақ халқының болашағы білім беру мен ағартуда жатқанын көрегендікпен болжады. Сондықтан да ол хрестоматияны жазу

үстінде түрлі халықтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінен де мәліметтер келтіруге ден қойды, ненің жақсы, ненің жаман екенін қалың көпшілікке түсінікті мысалдар арқылы ұғындыруға тырысты. Оның хрестоматиясы тек балаларға ғана емес, үлкендерге де арналып жазылды. Қазақстандағы білім беру жүйесінде бұл оқулық 1917 жылға дейін пайдаланылып келді. Сөз жоқ, ол елімізде сауатсыздықты болдырмауда, ой-өрісті кеңейтуде, ұлттық сана-сезімнің өсуіне ықпал етіп, қазақ халқының өзіндік идентификациялану процесінде орасан зор рөл атқарды.

Ыбырай Алтынсариннің публицистік мұрасында этнографиялық этюдтердің көрнекті орын алатындығы даусыз. Өмірінің әр жылдарында түрлі формаларда жазылған бұл дүниелер қазақ халқының сол тұстағы дәстүрінің, тұрмыс-салтының, тыныс-тіршілігінің ерекшеліктерін ғылыми-этнографиялық тұрғыда сипаттаудың ғана емес, сонымен қатар публицистік шабытпен бейнелеудің де үлгісі болып табылады.

Ы.Алтынсариннің жазба таланты «Оренбургский листок» газетінде қызмет еткен жылдары жарқырай көрінді. 1873 жылдан бастап жарыққа шыққан бұл газет аймақтағы бірден-бір жекеменшік басылым еді. Оның ұйымдастырушысы мен редакторы Петербург университетін бітірген Евфимовский-Мировецкий болды. Бұл апталық газет өзінің бағдарламалық мақаласында өлкедегі қазақтар мен басқа да халықтардың тұрмыс-тіршілігінен ұдайы хабардар етіп отыратындықтарын айрықша атап көрсетті.

«Оренбургский листок» берген уәдеде тұруға барынша тырысты. Газет қазақтардың өлке шежіресін жазуда прогрессивті рөл атқарды. Мұнда Ыбарайдың да қосқан үлесі ұшан-теңіз. Оның «Оренбург листогінде» жарияланған мақалалары көпшіліктің қызығушылығын туғызып, әдеби құбылысқа айналып жатты (8). Туған халқының өмірін терең білуі, оның бойындағы буырқанған патриоттық сезімі оған қазақтардың даму жолдары жөнінде фактілерді екшей отырып, талдауға, аса мағыналы тұжырымдар мен қортындылар жасауға орасан зор мүмкіндік туғызды. Оның осы тақілеттес публицистік еңбектері қазақ халқының өздерінің ұлттық құндылықтарын қастерлей білуге жетелеп, ұлттық мақтаныш сезімдерін оята бастады.

Патшаның отаршылық саясаты, оның қасіретті зардаптары ағартушы-публицист Ыбырай Алтынсаринді бей-жай қалдырған жоқ. Ол өз халқының жан күйзелісін терең түсініп, айқын ұғына білді. Бұл оның 1880 жылғы 7 сәуірде В.В.Катаринскийге жазған хатынан айқын көрінеді:

«Жуырда мен «Орынбор листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттары туралы мақала жібердім. Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеліп, орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға симайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе

білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар – келешегі жақсы деп үміт күтіп отырған осы халық – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың. Осындай ерсі жобаларды естігенде салың суға кетеді. Сондықтан, қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұрсам да өзімнің оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым» (9).

М.Фетисовтың 1961 жылы жарық көрген «Зарождение казахской публицистики» деген кітабына қосымша ретінде Ыбырайдың қазақ оқырмандарына беймәлім бес мақаласы жарияланды. Бұлар «Оренбургский листок» газетіне жарияланған. Газетте жарық көрген «Торғай облысының даласынан» деген мақалада отаршыл әкімшіліктің Торғай облысын таратып, басқа губерния, облыстардың біріне қосу туралы жобасына қарсы жазылған. Мақалада қазаққа егіншілікке жарамды, шабындығы мен жайылымдығы өнімді құнарлы жерлерін өздеріне беру, сөйтіп қазақтың ел болып, жұрт қатарына қосылуына жағдай жасау жөнінде айтылады (10).

Қазақ демократиялық публицистикасының дамуы мен қалыптасуында қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың шығармашылығы асқар шыңға айналды. Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің бейнелеп айтуынша, қазақ ағартушыларының бір ірі қайраткері, данышпан ақын әрі ойшылы Абай «өз халқының рухани көзі» болып, онымен бірге ойлап, сезіне білді және оның жарқын болашағына риясыз сенді.

Халықтардың азаттығы мен достығының жыршысы атанған Абай күллі Шығыстың шоқтығы биік тұлғасына айналды. Шығыс поэзиясының аса білгірі әрі нәзік сезіммен бағалаушысы болып табылатын Абай қазақ халқының көпғасырлық мәдениетінен ең асылдарын ғана теріп, оны орыс және батыс еуропалық өркениет үлгілерімен байытты (11).

Абай өзінен бұрынғы Шоқан мен Ыбырай секілді халқының ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын жан-жүрегімен сезінген терең білімді жан болды. Оның ғұмыр бойғы қоғамдық және әдеби қызметі қазақ халқының гүлденуі мен дамуына, береке-бірлігіне арналды. Ол араб, парсы, орыс тілдерінің білгірі ретінде туған халқының тағдырын өзге әлеммен салыстыра отырып, ой елегінен өткізді.

Абай өмір сүрген кезеңнің күрделілігі мен қарама-қайшылықтары оның әлеуметтік-философиялық ой-толғамдары мен ізденістерінің айқындаушысы болғаны анық. Ол өз халқының қоғамдық және адамгершілік проблемаларын негізге ала отырып, қазақтарды өнегелі даму жолына шақырды. Абай ұлттық әсіреқызылдыққа, руаралық талас-тартысқа қарсы тұрды, халқын ғылым-білім жолына үндеді, өзге жұртты келекелеуден сақтандырды, олардың жақсы қасиеттерін үйреніп, бойға сіңіруге бастады.

Абайдың «Қара сөздері» қазақ публицистикасының ғаламат әдеби ескерткішіне айналды. «Қазақтың классикалық поэзиясының асқар шыңы болып саналатын Абайдың мұрасы мол. Соның ішінде моральдық-философиялық, қоғамдық-саяси және кейіптік ой толғаулары болып табылатын «Қара сөздері» маңызды орын алады. Бұл ақынның көп жылғы ой-толғанысының, мазасыз көңіл-күй кешуінің және азаматтық жанайғайының жемісі. Шығарманың стилистикалық мұқият өңделуі, бейнелі тілі, ақынның ағынан жарылуы, оның адамгершілігі, биікке талпынысы, кемеңгерлігі «Қара сөзді» адамзат тарихындағы ғаламат әдеби ескерткіштерінің қатарына қойып отыр» (12).

Енді Абайдың жан-жүрегін жарып шыққан бірқатар ой толғауларын келтіре кетейік (13). Ұлы Абайдың қазақ жөнінде айтқандары.

Үшінші сөз

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілемейтұғының, рас сөзі аз болатұғының, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғының себебі не?

...билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есімханның «Ескі жолы», Әз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек (8, 12-беттер).

Төртінші сөз

...Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сат, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды (14-15-беттер).

Бесінші сөз

...Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен, ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап, мақтап алмақ екен, бермесе онымен жауласпақ екен, егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып мал тапса, жазалы демесек керек екен (15-16-беттер).

Оныншы сөз

... Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпенен айырылады. Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа еш нәрсе бойында қалмайды.

Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады (25-бет).

Он төртінші сөз

...Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаудың жоқтығынан азады.

...Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын ашып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады (30-бет).

Жиырма төртінші сөз

Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды.

Бір-бірімізді аңдып, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз (43-бет).

Жиырма бесінші сөз

...Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма!(46-бет).

Жиырма алтыншы сөз

Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады.

Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында, бір хайуанның өнерінің артылғанына, я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес. Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек (47-бет).

Отыз жетінші сөз

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

5. Әкесінің баласы – дұспаны. Адамның баласы – бауырың.

16. Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады. Екпіндеп, ұшып қыран да шығады.

18. Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық (69-71-беттер).

Отыз сегізінші сөз

...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің (97-98-беттер).

Ұлы Абайдың ақындық, публицистикалық мұрасы, әдеби афоризмдері мен этюдтері қазақ ұлтының қалыптасуы мен өзіндік идентификациялануы процесінде баға жеткізгісіз рөл атқарды. Ол Шоқан мен Ыбырай ізімен қазақтардың өз-өзінің ерекшеліктері мен өзге де халықтар арасынан алар орнын айқын ұғынуда теңдессіз қызмет етті.

Қай дәуірде болмасын ұлы тұлғалар мен ойшылдардың өз этносының арман-мұңын жан-жүректерімен сезіне отырып, әрекет ететіндігі ақиқат. Олар қоғамның тұтастығын ту етіп, адамдардың интеллектуальды потенциалына қозғау салады, олардың жүрегіне болашаққа сенімдерін ұялатады. Осы орайда жекелеген ұлы тұлғалардың өзге халықтарға өз ұлтын мойындатудағы ықпал-әсерін ешкім де теріске шығара алмайды. Тұтас халықтың қабілеті мен талантына жекелеген ұлыларға қарай баға беріліп жататынына ешкім де дауласа алмайды.

Жоғарыда әңгіме арқауы болған ұлы тұлғалардың күш-жігері мен ақыл-ойы XX ғасыр басындағы қазақтың буырқанған жас интеллигенциясының алдағы атқарар іс-әрекеттеріне негіз болды. Қазақ даласында ұлттық мерзімді баспасөз пайда бола бастады. Бұл журналист-публицистер шоғырының өріс алуына жол ашты. Өлкеде туындай бастаған жас журналистиканың алдында тұрған міндеттер тұрғысында ой қозғаған публицист Ж.Көпеев 1894 жылы «Киргизская степная газетаға» былай деп жазды: «Біз газетке бір-бірімізді жаңа мәліметтермен, таным-түсініктермен, шынайы жаңалықтармен таныстыру сипатындағы мақалалар беруіміз керек. Осылайша, өтірік пен шындықтың ара жігін ажырата отырып, газетіміздің өркен жаюына

ұмтылуымыз қажет, біз қайырымдылық пен ізгілік бастауларының салтанат құруы жолында аянбай тер төгуге тиіспіз» (14).

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ этносы өміріндегі өзгерістер өлкенің әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне әсер етіп, халықты біріктіруге бастайтын идеялардың өркен жаюына игі әсерін тигізе бастады. Қазақтардың оқыған озық ойлы зиялылары осы процестердің алдынғы сапында болуға ұмтылды. Қоғамның бұл бөлігі қоғамдық санаға ықпал ету мен қоғамдық пікірді қалыптастыруда мерзімді баспасөздің маңызды рөл атқаратынына жете көңіл аударды. Патша өкіметі мен оның цензурасы тарапынан қатты қысымға ұшыраған бұл процесс баяу да болса жүріп жатты. Бұған 1907 жылы ақпанда Оренбург губерниясының Троицк қаласында бір ғана саны шығып, қысыммен жабылып қалған «Қазақ» газеті дәлел. Оның шығарушысы Е.Иманбаев деген Қостанай қазағы еді. Газет материалдарында солшыл бағыттағы органдарды, яғни революцияшыл бағытты қолдайтындықтары байқалып тұрғандықтан, бұл шет аймақтардағы ұлттардың наразылығын тудырады деген ұйғарыммен ә дегеннен-ақ патша үкіметінің қаһарына ұшырады.

Ал «Серке» газеті 1907 жылы қазақ оқушыларына арналып, Петербургте шығып тұрған «Улфат» газетіне қосымша ретінде Ш.Қосшығұловтың басшылығымен, Х.Ибрагимовтың редакторлығымен шыққан. Екі нөмірі ғана жарық көріп, тоқтап қалған (15).

Сол тұстағы озық басылымдардың бірі 1911 жылдың қаңтарынан Троицк қаласында шыға бастаған «Айқап» журналы еді. Оның шығарушысы әрі редакторы демократ ақын, жазушы Мұхамеджан Сералин болды. Журналда С.Торайғыров 1913-1914 жылдары істеді. Басылымға Ж.Сейдалин, С.Көбеев С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Дөнентаев, Б.Қаратаев, М.Жолдыбаев, Б.Бекжанов, Н.Айтмұханбетов, Е.Хасаболатов, т.б. секілді белсенді авторлардың материалдары жарияланып тұрды. Журналда ресми хабарлармен қатар жер мәселесі, сайлау туралы мақалалар, шетелден хабарлар көрініс тапты. Сондай-ақ басылымда «Ашық хат», «Басқармадан жауап, «Одан-бұдан», «Хабаршыларымыздан», «Оқиғалар», «Мұсылмандар түсінуге тиісті мәселелер», тағы да басқа айдарлармен материалдар жарық көріп жатты (16).

«Айқап» журналында жер мәселесіне айрықша назар аударылып, халықты отырықшылдыққа үндеген жарияланымдар беріліп тұрды. Оның беттерінде қазақ байларының озбырлығын, қалың бұқараның наразылығын білдіретін, патшаның отаршылдық саясатын сынаған материалдар да шығып жатты.

«Айқап» журналының ұлттың рухани дамуында, қазақ публицистикасының өркен жаюында елеулі рөл атқарғанын айтуымыз керек.

Ұлттық мәселелерде «Айқаппен» идеялас болған «Қазақ» қоғамдық-саяси және әдеби газеті 1913 жылғы 2 ақпаннан бастап Орынбор қаласында шыға бастады. Ол 1913-1915 жылдар аралығында аптасына бір рет, ал 1915 жылдан бастап аптасына екі рет шығып тұрды. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді (17).

Газет қазақ қоғамының жай-күйіне, жер мәселесіне, жас ұрпақ тәрбиесі мен білім беруге, әдебиет пен өнерге, қазақ халқының салт-дәстүріне барынша назар аударды, ел арасында беделді басылымға айналды. Бірінші редакторы – белгілі ғалым, қоғам қайраткері, жазушы Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы – қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушысы Мұстафа Оразаев болды. Газет беттерінде қазақ әдебиеті мен публицистикасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан Ә.Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, С.Дөнентаевтың, Б.Майлиннің, С.Торайғыровтың, Ғ.Қарашевтің, тағы басқалардың қазақтардың саяси-әлеуметтік өміріне, жер мәселесіне, оқу-ағарту ісіне, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған мақалалары жарияланып, қалың бұқараның көзін ашты. Алғашқы қадамдарын осы газеттен бастаған көптеген журналист-публицистердің уақыт өте келе Қазақ елі тарихында аттары алтын әріптермен жазылып қалды. Олардың бірқатары кеңестік кезеңде ірі қоғамдық және мемлекеттік қызметтер атқарды, даңқты ақын-жазушылар ретінде қазақ этносының сана-сезімін оятып, өзіндік идентификациялануында теңдессіз рөл атқарды.

Дегенмен де «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының арасында қазақ халқының тағдырына байланысты бірқатар келіспеушіліктер де болып тұрды. Айталық, «Айқап» журналының төңірегіне топтасқан интеллигенция тобы «татар буржуазиясымен бірге пантүркілік позиция жағында болды, барлық түркілердің бірігуін қолдады. Ол қазақ тұрғындарын отырықшылдыққа үйрету талабын алға тартты» (18). Ал, «Қазақ» газетіндегілер «татарлармен бірігу» блогынан үзілді-кесілді бас тартты. Олар бұл блок қазақтарды ассимиляцияға ұшыратады деп қауіптенді. Сондай-ақ отырықшылдық идеясына қарсы болды. Қазақтардың ежелгі көшпенді тұрмыс-салтын қолдады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кең байтақ қазақ жеріне еуропалық ілімнің ене бастауы айқын аңғарылады. Цивилизация сабақтарын алып, оның халықтың жай-күйіне игі әсерін айқын ұғынған, орыс мәдениетінің бағалы құндылықтарын бойларына сіңіріп, ағартушылық

іліммен қаруланған жас қазақтар халық арасына тереңдей бастады. Қоғамды патриархалды қара түнектен алып шығуға ұмтылыс жасады.

Жас қазақ интеллигенциясы рулық-отаршылдық қондырғылармен өрнектелген аса күрделі жолмен тың жаңа идеяға бет алды. Олар қазақ қоғамын орыстың отаршылдық саясаты туғызған әлеуметтік-экономикалық тоқыраудан алып шығуды басты міндет деп санады.

Патша өкіметі мен оның Қазақстандағы өкілдері қазақ интеллигенциясының ұлттық мерзімді басылымдарды шығара бастау ісін жолға қою жөніндегі талпыныстарына қарсы тұрды. Патша әкімшілігі оның орыстың қоғамдық өмірімен, озық ойлы қайраткерлерімен байланысын аңғара бастағанынан-ақ бұл қарсылық күшейе түсті. Өкімет бұдан өлкені отарлауға қауіп төнеді деп білді. Алайда, халықтар жақындасуын біржолата бұғаулап тастауға болмайтынын түсінген өкімет өлкеде ресми орган ретінде шығып келген кейбір губерниялық және облыстық ведомстволарға қосымшаларды шығаруға рұқсат етуге мәжбүр болды. Алайда, бұл қосымшаларға мемлекеттік баспасөз органдарына жасалып отырған толық бақылау орнатылды. Алайда, кедергілерге қарамастан XIX ғасырдың соңғы отыз жылдығында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен хабардар ете бастаған басылымдар пайда бола бастады. Біздің пікірімізше, қазақ даласында мерзімді баспасөздің пайда болуына тұтастай алғанда орыс мәдениетінің прогрессивті ықпалы әсер етті.

Өткен тарихымызға көз жүгіртер болсақ, басынан қасіреті арылмаған ұлтымыздың қазақ атауының өзі жүздеген жылдар бойы, яғни XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін мазаққа айналып келгенін қалай айтпассың! Иә, қазақ халқы патша отаршылдары күштеп таңғандықтан бірде «қайсақ», енді бірде «қырғыз-қайсақ», одан соң «қырғыз» аталып, ұлттық намысы қорланып, екі ғасырдан астам уақыт бойы өзінің тарихи шын атынан айырылып келді. Дегенмен де XIX ғасырда қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі және халық ауыз әдебиеті хақында арнайы еңбек жазып, лебіз білдірген орыстың зерттеуші-ғалымдары аз болмаған. Солардың бірі – белгілі мемлекет қайраткері және көрнекті тарихшы А.И.Левшин қазақтар туралы «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деген үш бөлімді кітабын 1832 жылы жариялаған. Ғалым «қазақ» деген есімге ғылыми тұрғыдан әділ анықтама беруге тырысады. «Европада «Қырғыз-қайсақ» деп бір ұлтқа орынсыз таңылған атауға тарихи сипапаттама бермес бұрын, олардың өзін-өзі де, тіпті орыстардан басқа ешбір көршілері де олай атамайтындығын бірінші кезекте ескерте кетуді өзіміздің парызымыз деп білеміз, - деп жазады А.И.Левшин. – Бұл атау қырғыз және қайсақ деген екі сөзден тұрады. Ал мұның алдыңғысы қырғыз – қазаққа

қатысы жоқ... Қайсақ сөзі болса қазақтың бұрмаланған аты. Ал қазақтар атауы кейбір шығыс жазушылары айғақтап отырғанындай Христостың туғанынан бұрын қалыптасқан көне есім.

... Шындыққа жүгіне отырып, бұған дейін бұрмаланып келген қайсақ сөзінің орнына қазақ, ал қырғыз-қайсақ және қырғыз-қайсақ ордалары деген сөздердің орнына қырғыз-қазақ, сондай-ақ қырғыз-қазақ ордалары деп атау және солай деп жазу әділеттілікке сиымды болар еді дейміз» (19).

Кеңес үкіметі орнамай тұрып-ақ қазақ, қырғыз халықтары атының бұрмаланып, мазаққа айналып келуі қазақтың оқыған, көкірек көзі ояу азаматтарының ар-намысына тиіп жүрді, бірқатар зиялы қауым өкілдері олардың жеке-жеке халықтар екенін нақты дәлелдейтін публицистикалық ғылыми еңбектер жазды. Солардың бірі Шоқан Уәлиханов еді. Бұл орайда оның артында қалдырған мұралары ерекше маңызға ие. Шоқан «Россия империясының географиялық-статистикалық сөздігі» атты кітапқа енген «Қырғыз-қайсақтар» деген мақаласында өзінің бұлтартпастай дәйекті тұжырымын былай келтіреді: «Қырғыз-қайсақтар» немесе «қырғыз-қазақтар» европалық Россияның оңтүстік-шығысы мен Оңтүстік Сібірге дейінгі, Қытай Жоңғариясы мен Қоқан хандығының аралығындағы ұлан-ғайыр өлкені мекендейтін халық. Қырғыз-қазақтардың дұрыс аты қазақтар. Ал орыс құжаттарындағы «қара қырғыз» аталып кеткен қырғыз халқы Ыстықкөл бойын, Текес өзенінің жоғары ағысын, Шу мен Талас өзендерінің аңғарын, Тянь-Шань тауының күнгей жағын, сонымен бірге Памирдің таулы жазықтарын мекендеген түркі тілдес халық. Оларды қазақтармен шатастыруға болмайды». Ш.Уәлиханов бір-бірімен қандас келетін қазақ және қырғыз халықтарының этникалық құрамы мен әлеуметтік-экономикалық құрылымының ара-жігін дәл ажырата білуді талап еткен. «Қырғыз-қайсақтардың ұлы жүзі, орта жүзі, кіші жүзі – бір ғана «қазақ» деген халық, ол қытайлар «бүріт», орыстар «қара қырғыз» деп атайтын қырғыздардан ерекше, - деп жазады ұлы публицист-ғалым. – Бұл екі халықтың тілінде де, тегінде де, дәстүрінде де айырмашылықтар бар» (20).

Қазақтардың қырғыз аталуына байланысты Міржақып Дулатов өзінің «Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы» еңбегінде көңіл аударарлық мынадай жорамалдар жасайды: ...Сібірдегі орыстың қалаларын, ауылдарын дамылсыз шауып, мазасын кетіре берген... сондықтан орыстың ұғымында «қырғыз» деген сөздің өзі жау, шабағаншыл мағынасында орнап қалған. Ал қырғыздан кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай өз алдына отырған қазақ жұрты орысты қырғыздан жаман жәбірлеп, әсіресе Сібірдің оң тұсындағы облыстарына үлкен зиян келтіре берген соң қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (киргиз) деп атаған.

... Қазақты орыстың «қырғыз» деуінің жаңағы айтқаннан басқа тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар... – казак (казак-орыстар) елі. Сондықтан өздерін де казак, қазақты да казак деу қапелінде ыңғайсыздық келтіретін болған. Үнемі «қай казак» деп айырып отыру қажет бола берген. Міне, сонан бері қазақты қырғызбен шатастыру, қырғызды да «қырғыз», қазақты да «қырғыз» деп атау басталады.

... Қазақ пәлен уақыттан, пәлен ғасырдан бері жұрт болыпты деп кесіп айтуға болмайды. ...1020 жылдарда өмір сүрген атақты Фердоуси өзінің тарихында қазақ жұрты һәм қазақ хандары туралы жазады. Бұған қарағанда қазақ Фердоусиден бұрын мемлекетті жұрт болғандығы көрінеді. Фердоусидің айтуынша, қазақ ескі жұрт, өзінің жауынгерлігімен, ел шабуымен заманда атақ алған. ...Фердоусидің жазғаны осы күнгі біздің қазақ болмай, өзге жұрт болса, ол жұрттың қайда кеткенін бір тарихшы айтпайды.

Ұлы публицист, қажырлы қайраткер М.Дулатов жоғарыдағы аталмыш еңбегінде қазақ, қырғыздардың аты, тегі һәм қашаннан бері өз алдына жұрт болғаны туралы жазылғандарды қорыта келе мынадай тұжырым жасайды: «Қазақ X ғасырлардың ар жағында көп заман бұрын өзінің хандары болып, өзін-өзі билеген, ежелден қазақ аталған түрік жұртының бір тарауы. Қазақ XII ғасырлардың аяғында әр түрлі түркі рулармен қосылып, көбейіп, тағы да бөлек жұрт болып, сыбайлас жұрттардың көбімен соғысып, бірде жеңе, бірде жеңіле келіп, XVIII-XIX ғасырларда Россияға бағынғаннан кейін еркінен айырылған жұрт» (21).

Өз елінің аяққа таптаған ұлттық намысын оятып, еңсесін көтеру үшін оқыған зиялы азаматтарымыз «Қазақ» сияқты газет, «Айқап» тәрізді журнал шығарды. Бұл басылымдарда ұлттың отарлық езгі жағдайындағы көкейтесті мәселелерін көтерген мақалалармен қатар қазақ халқын қорлап, оған менсінбей қараудың көрінісі болып табылатын оның тарихи шын атын бұрмалауға наразылық білдіру сарынындағы жарияланымдарға да кең орын беріліп отырды.

Қазақстанның отарлық тарихында патша өкіметі жаңа жерлерді басып алумен қабат жергілікті тұрғындарды рухани ассимиляцияға ұшырату міндеттерін алға қойды. Бұл күштеу әдісімен ғана емес, сонымен қатар «жатжұрттықтарды мәдениеттендіру» деген саясаттың көмегімен де жүргізіледі. Осыған байланысты өзінің либералды көзқарастарымен танылған көрнекті орыс ғылымы Н.Остроумов былай деді: «Біздің Отанымыздың жатжұрттықтарға қатынасы орыстандыруға ұмтылыста жатыр,... басқа да маңызды міндет – қырғыздардың біртұтас саяси мемлекеттік организмде орыстарға сіңіп кетуіне жол ашу» (22).

Мекемтас Мырзахметов мерзімді басылымдарда жариялаған бірқатар публицистикалық мақалаларында нақты архив деректері мен бұрын жасырын сақталған патша өкілдерінің құпия құжаттары негізінде Қазақстандағы байырғы жер-су аттарын орысша өзгертудің мәнін бірнеше ғасыр бойына еркін пайдаланып, А.Байтұрсынов жетілдірген қазақша әліпбиді кириллицаға көшірудің сырын және қазақтарды діннен бездіріп, шоқындыру мақсатында жүргізілген сұрқия әрекеттерінің шынайы бет-пердесін ашады. Ұзамай-ақ кезінде оқырман қауымның үлкен ықыласына ие болған сол материалдар негізінде ғалымның кітабы жарыққа шықты. Автор кітабының «Ел қалай орыстандырылды» деп аталатын алғашқы бөлімінде ұлы жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабы ретінде жазылған әрі алғаш рет жарияланған нұсқасы «Ақын аға» (1951) романында миссионерлік әрекет пен оның идеологтары Ильминскийдің, Остроумовтың аттары нақтылы аталып олардың негізгі көздеген мақсаты мен атқарған қызметін таңбалап көрсетуінің мән-мағынасын ашуға барынша ден қоя отырып, былай деп жазады: «Алғашқы төлнұсқада айтылған ойлардың көбі түсіріліп, жұмсартылып әрі жандарал мен Абай арасында болған әңгіме енді Павлов пен Абай сұхбаты арқылы беріліп, басқаша сарын, яғни елеулі түрдегі текстологиялық өзгерістерге ұшырағаны анық сезіліп тұр. Осы құбылыстарға ой көзімен қарап, бұлардың себебі, астарлы сыры қайда жатыр деген күрделі сұраққа өткен тарих қойнауында терең із қалдырған, бірақ барынша бүркемеленген өте нәзік әрі мейлінше сақтықпен жүргізіліп келген қазақ елін шоқындыру арқылы орыстандыру саясатының алысты көздеген астарлары ашылған. Оларды танып-білген сайын тарих сабағынан тағлым берер кемеңгер жазушының жеке басқа табынудың қылышынан қан тамған тұстағы терең танымына, саналы түрле азаматтық батылдығына таңданбасқа да болмайды».

Публицист-ғалым жоғарыдағы Әуезов автоцензурасының негізіне сүйене отырып, нақтылы деректер арқылы Романовтар династиясы билік еткен бүкіл Ресей патшалығының ғасырлар бойы жүргізіліп келген ішкі, сыртқы саясатының негізгі бағыт-бағдары отарланып алынған елдерді дінге шоқындыру арқылы орыстандыру саясаты және де оны жүзеге асырудың ең ұрымтал буыны отарланған бұратана елдердің ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазу таңбаларын, яғни алфавитін өзгерту, оны кириллицаға ауыстыру саясаты болғанын дәлелдейді. Қазақстан жері түгел отарланып, халық бодандыққа ұшыраған соң, кең байтақ қазақ даласын экономикалық және идеологиялық жағынан меңгеру мәселесін патша үкіметі күн тәртібіне қойды. Қазақ елінің жерінде бір жағынан Қытай империясы, бір жағынан Ресей империясының шекарасы ресми түрде белгіленіп, картасы сызылып

бекітілген соң, патша үкіметі бұрынғы уақытша ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, 1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқын шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастайды. Патшаның миссионер-ғалымдары қазақ елінің рухани болмысы мен тарихи жолын, психологиясын, мінез-құлқын, салт-дәстүрінің ерекшелігін, билеу жүйесін, яғни өздеріне қажет буынды да, ұрымтал тұстарын терең барлап, зерттей отырып, миссионерлік саясатының стратегиялық негіздері мен тактикалық әдістерін, мақсаттарын анықтап отырды. Патша үкіметінің шоқындыру арқылы орыстандыру жолындағы ең басты тәсілдерінің бірі – қазақ халқының ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан араб графикасы негізіндегі жазуын қолданудан шығару болатын.

Патшалық Ресей қоғамында жаулап алынған жерлердегі, отар елдердегі жергілікті тұрғындарға байланысты шектен шыққан көзқарастар да болады. Айталық, Ресей империясы ұлттық жиналысының мүшесі П.Марков сөйлеген сөздерінің бірінде былай деп ашық айтты: «Қазақтар мен қырғыздар Шыңғысхан мен Темірдің ұрпақтары болып табылады, сондықтан да оларға Америкада қаратүстілерге қалай қараса, біз де солай қарауымыз керек» (24).

Жоғарыда айтылғандардан көріп тұрғандай, Ресей империясы қоғамдастығының өз отарындағы аймақтардың халықтарына деген позициясы әр түрлі болды, дегенмен де олардың барлығы да бір арнаға, езгідегі жергілікті тұрғындарды ұлттық өзіндік сипатынан айыруға келіп тіреледі. Сол тұста бой түзей бастаған жас қазақ интеллигенциясы империялық саясаттың мазмұны жаулап алынған отарлық аймақтардағы басқарудың бұрыннан қалыптасқан ұлттық жүйесін тас-талқан етіп, оның орнына метрополияның билік формалары мен тәртіптерін енгізу екенін білді. Сондықтан да қазақ оқығандары этностық өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалу үшін халық бірлігінің негізі болып табылатын ежелгі дәстүрлі байланыстарды дамытып, нығайта түсу, өзінің ұлттық ерекшеліктерінің сипатынан ұялмау қажеттілігін түсінді.

Орыс империясы жергілікті тұрғындарға қатынаста білім беру мен мемлекеттік қызметке іріктеуде негізінен екі мақсат ұстанымымен әрекет етті: біріншіден, бұл саясат жаппай орыстандыруды ашық жүргізу болса, екіншіден, қазақтар арасында өшпенділік пен араздықты қоздыруға келіп саяды. Бұған келіспеген тұрғындар шөл және шөлейт аймақтарға ығыстырылды, ал атақоныстарда қалғандар орыс ұсақ қызметшілері мен шаруаларының тағдырымен санасуға мәжбүр болды, себебі құнарлы егістік алқаптар, мемлекеттік басқару жүйесі мен пайдалы орындар – бұлардың бәрі Ресей империясынан келген қоныстанушылардың қолында болды, отар

аймақты дамытуға бөлінген қаржы салаларының қажеттіліктерін өтеуге жұмсалды.

Қазақ жеріне бекіністер салу, орыс шаруаларына халқымыздың ата қоныстарын ата-бабаларынан қалған мұрадай үлестіріп беріп, сол шұрайлы жерлердегі қазақтарды күштеп қуудағы патша өкіметінің негізгі саясаты да кең байтақ даланы иемденіп қалып, қазақты ұлт ретінде жойып жіберу еді. Он жетінші жылғы Қазан төңкерісі де үмітті ақтамады. Олардың да түпкі мақсаты отаршылықты орыстандыруға ұластыру болды.

Кеңес дәуірінде ғылыми зерттеулерде, көркем әдебиетте, әр түрлі оқулықтарда қазақтар Ресейге өз еркімен қосылды деген пікір басты қағидаға айналып келді. Кезінде Ресейге өз еркімен қосылудың 250 жылдағы да ұлан-асыр аталып өтілді. Ұлы империяға қосылудың арқасында ел, жұрт болғанымыз санаға терең сіңіп кетті. Кезінде патшаның саясатына қарсы бас көтергендер аяусыз жазаланды, оларға тарихтың қара күйесі баттастырыла жағылды. Шырқырағаң шындық ашық айтылмады. Ел тәуелсіздігінің қарсаңында ғана публицист-қаламгерлер, тарихшылар тарих қатпарларын тереңінен ақтара отырып, қазақ қасиетінің қалың жұртқа беймәлім қырларын жарқырата жайып салумен болды. Сондай құнды дүниелердің бірі, тарихшы профессор Ибраһим Шәмшаттың «Қазақстан Россияға өз еркімен қосылды ма?...» деген мақаласы еді (25). Бұл мақала қазақ халқына ащы шындықты жеткізіп, санада сілкініс туғызды. Автордың ғылыми тұрғыда нақты пайымдауы бойынша Орта жүз бен Ұлы жүзді былай қойғанда Кіші жүз қазақтарының да сеніміне ие бола алмаған, әлсіз билігін нығайту үшін орыс патшасының қолтығына кіруге ұмтылған Әбілхайыр ханның анты бүкіл қазақ қосылғандығының кепілі бола алмайды екен. Дұрысы, бір жағынан, алдап-арбап екінші жағынан біртіндеп басып кіріп, бірте-бірте ығыстыра отырып жаулап алған. Тарихи шындық осылай.

Ресей империясы ұлт-азаттық қозғалыстарының бәрін аяусыз басып-жаншып, кең байтақ қазақ жерінде көкейін тескен жымысқы саясатын жүзеге асыруымен болды. Топырағы құнарлы, шөбі шүйгін, “түгін тартсаң майы шығатын» жерлер, өзен-көлдердің жағалауы кезбе келімсектерге үлестіріліп беріліп, қазақтар қу тақыр құнарсыз жерлерге ығыстырылып тасталды. Ішкі Ресей губернелерінен крестьяндарды қазақ даласына жаппай қоныстандыру XIX ғасырдың 60-жылдарының орта кезінде басталды да жылдан-жылға күшейе түсті. Ертеректе Орал өңірінде іргелерін бекітіп алған крестьяндар алдымен Торғай, Ақмола, Семей облыстарының шұрайлы жерлеріне мықтап қоныстанды да, ұзамай-ақ Сырдария, Жетісу облыстарын жайлады. Нақты тарихи дерек 1893-1905 жылдар арасында қазақтардың 4 миллион десятинадан астам жерлерінен айырылғанын, ал 1906-1912 жылдары 17

миллион десятинадан астам жердің орыстардың бодауына байланғанын айғақтайды (26).

Алып Ресей империясы ұлан-ғайыр қазақ жерінде өзінің отарлау саясатын күштеп жүргізіп, әскерлерін қаптатып жіберді. Осы орайда Түркістанды басып алу тарихын, оны отарлау саясатын зерттеумен айналысқан орыс ғалымы Петр Григорьевич Галузоның 1926 жылы Ташкентте шыққан «Вооружение русских переселенцев в Средней Азии» атты кітабы назар аударады. Автор келтірген мәліметтерге зер салар болсақ, Орта Азияны басып алған патша генералдары билікті нығайта түсу үшін тек әскерді ғана емес, қоныс аударушы крестьяндарды да соғыс винтовкаларымен қаруландыруды дұрыс санаған. Мұндай шешімді 1891 жылы 28 қарашада патша бекіткен. Бұл өз кезегінде орыс шаруаларының ойқастап, ойларына келгенін істеуге жол ашқан (27).

Бекболат батыр бастаған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы қазақ халқы тарихының қаралы кезеңі мен қайтпас-қайсар рухының көрінісі болды. Әйтсе де, бұл көтерілістің тарихы толық ашылып болды деп айту қиын. Бұл енді тарихшылардың еншісіндегі іс. Біздің айтпағымыз, патша әскери көтерілісшілерді аяусыз басып-жаныштап, жергілікті халықты есепсіз қырғынға ұшыратты. Оның айқын дәлелі Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н.Куропаткиннің Жетісу губернаторы Фольбаумға берген мына мазмұндағы нұсқауларынан көрінеді: “Сіздің қызметіңіздің басты міндеті – қырғыздардың бүлігін баса отырып, орыс тұрғындарының өмірі мен мүлігін қорғау. Осы мақсатта қолда бар атылатын қарудың барлық түрімен, балталармен қоса қаруландырып, қолына қару алып жүре алатын орыс тұрғындарынан ондықтар, жүздіктер отрядтарын құрыңыз. Екіншіден, тұтқиылдан шабуылды болдырмау үшін қалаларда, селоларда жақын қашықтықта және алыс қашықтықта күндіз-түні күзет ұйымдастырыңыз. Үшіншіден, өртке қарсы шараларды күшейтіңіз. Төртіншіден, қоршауда қалған жағдайда селолар мен қалаларда азық қорын дайындаңыз. Бесіншіден, қырғыздардың атылатын қарумен қаруланууы өте мардымсыз. Сондықтан, қорғанысты қанағат тұтпай, шабуылға шығыңыздар. Шабуыл жасау түнде тиімдірек. Қырғыздар арасында дүрбелең туғызыңыздар. Алтыншыдан, қырғыздар тастап кеткен егістік алқаптарын игеріңдер. Жетіншіден, тартып алынған мал мен мүліктерді қорғап, қазынаға өткізіңіздер. Сегізіншіден, отрядтарда және уездік қалаларда далалық соттарды құруға рұқсат беремін. Тоғызыншыдан, бүлікшілікті басу үшін түземдіктер арасында рулық және тайпалық араздықтарды қоздыруға шара қолданыңдар» (28).

Еліміздің тарихында жер мәселесі ерекше орын алады. Жер – қазақ халқының қадым замандардан бері атадан балаға қалып келе жатқан ең

қасиетті мұрасы. Жерге қатысты әр түрлі дау-дамай мен зорлық-зомбылықты көп көрген халқымыздың жанды жерінің бірі де жер десек артық айтқандық емес. Қазақтың жатқа жерін кесіп бергенде етінен ет кесіп бергендей аласұрып, күйзеліп, қолына қару алып қарсыласқан кезі аз болған жоқ.

Жалпы қазақ халқының көп ғасырлық тарихы – елін, жерін қорғау тарихы. Ата-бабаларымыздың көп өмірі батыстан да, шығыстан да, оңтүстіктен де, солтүстіктен де қаруын кезеніп келген басқыншылармен арпалыста өткен. Тарих сахнасына Ұлы Дала деген атпен енген қазақ сахарасында сонау қадым замандардан мекендеген скиф, сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, түрік, оғыз, қыпшақ тайпаларының көсемдерінен бастап, кешегі қазақ хандығының хандарына дейін осы өздері қоныс теуіп, тіршілік еткен ұлан-байтақ қазыналы өңірді жат жұрттық жаулардан қызғыштай қорып, ұлтарақтай жер үшін жан алып, жан беріскен. Оның жарқын мысалын ғұндардың атақты тәніркұты – Мөденің арпалыспен өткен өмірінен көруге болады. Ол хандық құрған кезінде ғұн елінің атақ-даңқы аспандап, ұлы мемлекетке айналғаны тарихтан белгілі. «Ғұндар жер үшін қытайлармен мыңдаған жыл соғысты», – деп жазады жалынды публицист Думан Рамазан. – Мөде төңіркұт өзінің асқан ақыл-парасатының арқасында Орта Азиядағы барлық халықтарды біріктіріп, Қытай еліне қарсы қоя білді. Сөйтіп ол Қытайды өзіне бағындырып, оларға жыл сайын салық төлеп тұруды міндет етті. Қытайлықтардың ғұндардан қорқып, бес мың шақырым қашықтыққа ұзыннан-ұзынға созылған қамал тұрғызатын тұсы – міне, осы кезең. Біздің ата-бабаларымыздың жаужүрек болғандығын тарихтың өзі дәлелдеп берді (29).

Орайы келгенде Президент Н.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында ғұндардың тәніркұты Мөдеге байланысты жазбаларында көне тарихтың күмбірін былай жеткізеді:

«Аса танымал шығыстанушы Иакинфтің (Н.А.Бичуриннің) аудармасындағы қытай дерек көздерімен таныса келіп, өз басым аса бір жарқын мысалға тап болдым. Оның ғибратына қарағанда, көптеген аса қажет заттардан қол үзуге болады, ал жерден айырылу мемлекетті күйретудің алғашқы қадамына пара-пар көрінеді. Ғұндардың әмірі шанью Мөденің тарихы былай баяндалады: «Дун-ху оған елші жіберіп, Тұманнан (бұрынғы әмір Мөденің әкесі) қалған мыңлилік сәйгүлікті (күніне мың ли жерге шабатын ат) қаламақ ниетінің барын білдіреді. Мөде ақсүйек бектерін шақыртып алып кеңес құрады. Ақсүйектер оған «мыңлилік тұлпар ғұндардың қазынасы ғой, беруге болмайды» дейді. Оларға Мөде: «көрші тұрған жұрттан бір жылқыны аяған болмас» дейді де, мыңлилік сәйгүлікті беріп жібереді. Арада біраз уақыт өткен соң Дун-ху Мөдені өзінен

қаймығады деп ойлап, тағы да елші жібереді. Бұл жолы одан ханымдарының біреуіне көңілі құлағанын білдіріп, Яньжиді атап сұрайды. Мөде өз төңірегіндегі жақын жүргендердің ақыл-кеңесіне тағы да жүгінеді. Төңірегіндегілер: «Дун-ху ұятсыз адам екен, Яньжиді сұрауын қарашы, - деп таңғалысып, - оған соғыс жариялау керек» деп кеңес береді. Мөде бұл уәжге «көрші тұрған кісілерден бір әйелді аяп қажеті не?» деп сүйікті Яньжиін Дун-хуға беріп жібереді. Әкім Дун-худың айтқаны екі болмай, әбден кердең кетеді. Ғұндардың иелігінде Дун-худан батысқа қарай кең жатқан мың лидей бос жер бар еді. Онда тек шекара бойлай екі жақта тұратын қарауыл күзет қана болатын. Дун-ху екі жақты шекара күзетінің арасында бос жатқан ғұндарға тиесілі, бірақ оларға қолайсыз жерлерді алғысы келетінін Мөдеге айту үшін елші аттандырады. Мөде бектерінен ақыл сұраса, олар: «бұл қолайсыздау жер ғой, беруге де, бермеуге де болады» деп былқылдатады. Сонда Мөде терісіне сыймай: «Жер дегенің мемлекеттің негізі, оны қалайша басқаға беруге болады?» деп қатты ашуланады. Жерді беру керек деп ақыл айтқандардың бәрінің басын алады» (30).

Ер кезегі үшке дейін. Кезек бітті. Мөде де қайырмастан морт сынды: «Тірі жүріп бұндай қорлықты көргенше, жаудың жағасына жармасып өлейін!» деп Қытай еліне қарсы ұлы соғыс жариялайды.

Әділдік үшін шайқасқан бұл соғыста Мөденің мерейі үстем болып, жеңіске жетеді. Тәніркұттық қызметін осылайша жер үшін соғыстан бастаған Мөде көзі жұмылғанша ғұн елінің қарым-қарыс жерін жауға берген жоқ.

Мөде тәңіркұттың жолын ұстаған қазақ хандығының хандары да туған жерлерін, өз елінің территориясын жат жұрттық жаулардан қорғауда ештеңеден қаймығып, тайсалған жоқ. Хандықтың негізін қалаған Керей мен Жәңібектен бастап, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, Кенесары хандарға шейін туған жерді қорғауда жан алып, жан берісті. Қаншама жойқын соғыстарды бастан кешіріп, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшыраса да қазақ халқы ұлан-байтақ даласын жат-жұрттықтардың табанына таптатпауға жандарын салды.

Жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» қазақтың көшпелі мал шаруашылығының осал жақтарын тағы да бір рет көрсетіп берді. Бір жақты көшпелі мал шаруашылығына негізделген байырғы тұрмыстық тыныс-тіршілікпен қуатты көрші мемлекеттердің тегеурінді шабуылына төтеп беру қиын еді. Ал егіншілік пен мал шаруашылығы өзара ұштасқан тұрақты экономикалық қатынасқа біржола көшу туралы мәселе қоюға әлі қажет шарттар пісіп-жетіле қойған жоқ болатын. «Ақтабан шұбырынды» тұсында қазақ елі терең рухани дағдарысты басынан кешірді. Басы «Елім-ай» болып, XVIII ғасырда өмірге келген түрлі жанрдағы туындыларда уайым-қайғының

сарыны есіп тұруы да сондықтан. «Рухани дағдарыстан арылу рулық-жүздік танымнан жалпыұлттық санаға, дүниетанымға өтуге, ұлт ретінде әлемдік кеңістіктегі өз орныңды анықтап алуға тәуелді еді, - деп жазады әйгілі тарихшымыздың бірі Мәмбет Қойгелдиев. – Қазақ елінің рухани элитасы бұл заман талабын тура түсінді. Бөгенбай, Саңырық, Тайлақ және басқа батырлар рулық мүдде, рулық патриотизмге жол берген жаңа тарихи кезеңнің, соған байланысты өмірін тек өз руының ғана емес, ауыр азапты жағдайдағы қазақ жұртының тағдырымен байланыстырған, тек өз руының теңдігі мен еркіндігі үшін емес, жалпыұлттық теңдік пен еркіндікті мақсат тұтқан, демек өз дәуірінің прогресшіл принциптерін ұстанған тұлғалар болатын. Бұхар жыраудың Бөгенбай батыр өмірден өткенде Абылай ханға айтқан жоқтауындағы:

Еңбек қылған ел үшін,
Жайда кеткен кек үшін,
Алаштың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін.
– Қарияң келіп жылап тұр
Еңбегі сіңген ер үшін,

Батырың өтті Бөгенбай!... – деген жолдар қазақ жұрты өмірінде орын алған іргелі рухани өмір фактісі есебінде қаралуға әбден лайық. Яғни бұл кез батырлықтың негізгі өлшемі батырдың өз ру немесе тайпасының намысын қорғау емес, бүкіл халқын, байтақ отанын қорғау болып, жырау толғауларында, шешен сөзінде, би кесімінде де бүкілхалықтық ұғым, мүдде ортағасырлық, рулық, жүздік сана, түсініктерге мақсатты түрде қарсы қойыла бастаған кез еді. Өкінішке орай, тек «қойыла бастаған еді» деумен шектелеміз (31).

Танымал тарихшы-публицистің нақты пайымдауына сүйенер болсақ, XVIII ғасырдың 30-жылдары Ресей империясының құрамына енуге аяқ басқанда қазақ жұрты жоғарыда аталған іргелі ұлттық мәселелерді шешу кезеңінен өте қойған жоқ-тын. Нақтылап айтсақ, ұлттық мемлекеттің қалыптасу процесі соңына жетпеді. Қоғамның белгілі бір бөлігінің саналы түрде отырықшы тұрмысқа ойысуы тоқтап қалды. Қоғамдық санада рулық-жүздік жіктелуден ұлттық тұтастыққа көшу аяқталмады. Дегенмен де біз бүгін XVIII ғасырдың Абылай хан, Төле би, Бұқар жырау сияқты ірі тұлғаларын алдымен қоғамдық өмірдегі аталған жалпыұлттық, іргелі мәселелерді шешуге күш жұмсап, халықтың рухани көкжиегін, дүниетанымдық болмысын жаңа сапаға көтергендігі үшін бағаласақ керек.

Жаугершілік пен шапқыншылықтан әбден қалжыраған қазақ халқы осыдан үш ғасыр бұрын Ресей империясының құрған қанды қақпанына өзі

барып түсті. Қазақ елінің Ресейге «өз еркімен қосылуының» қаншалықты қымбатқа түскенін бір ғасырдан астам уақытқа созылған ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихынан-ақ аңғаруға болады. Ұлтты ұлт ретінде жойылып кетуден сақтап қалу үшін алып империяға қарсы қанды жорыққа шыққан Сырым, Кенесары-Наурызбай, Жанжоға батырлар сияқты ұлт-азаттық қозғалыстары көсемдерінің жанкештілік ерлігіне бас иіп, тағзым етуге тиіспіз.

Қазақ елінің Ресей империясына қосылу процесі 133 жылға созылды. Қазақ жерін басып алудың заңдық негіздері жасалды, реформалар жүргізілді. 1868 жылғы 21 қазанда қабылданған «Уақытша Ереженің» 210-бабында «Қазақтардың көшіп-қонып жүрген жерлері мемлекеттік жер болып табылады» деп көрсетілді. Арада ширек ғасырдай уақыт өткеннен кейін 1891 жылғы 25 наурызда тұрақты «Далалық Ереже» қабылданып, оның 119-бабында қазақ жері «мемлекеттің меншігі» деп жарияланды. Ал, 120-баптың ескертпесінде, «Көшпенділерден артылуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігінің қарауына түседі» деп жазылды. Бұл отаршыларға бұрынғыға қосымша миллиондаған гектар құнарлы жер иемденуге айқын жол ашып берді.

Ресей империясының осындай озбыр отарлау саясатының салдарынан қазақ жерімен бірге елдігінен де айырылды. Алып империяға бодан болған осы үш ғасырға жуық уақытта қазақ халқы тәуелділіктің кермек дәмін татудай-ақ татты.

Орыс отаршылдарының қазақ жерінде ауажайылып, тым еркінсіп кетуін, олардың аузына қарап, жалтақтаған қазақтардың жан азабын Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Қартқожа» романында Баян ауылын мысалға келтіре отырып былайша баяндайды:

«Баянның жері, суы, ағашы, көгі – казак-орыстікі. Бір кезде казак-орыстың қала салған жері Баян ауылының қыстауы болса да бұл кезде Баян казак-орысқа ата мұра тәрізді...

Казак-орыс қазақ боп кеткен, орыс тілін де ұмытып қалған, қулық-сұмдыққа қазақтың ар жағына өтіп алған. Казак-орыс шетінен парақор, жалқау, ұры-қарысы да, бұзақысы да көп. Бірақ бәрі де бай. Үй басы – қазақ малайы. Егінді қазақ салады, пішенді қазақ шабады. Отынды қазақ тасып, жарады. Үйлерді де қазақ салады. Казак-орыстың өмірі арақ ішіп, мас болумен, тәлтіректеп көшеде өлең айтумен, тас түбінде қылжиып жатумен өтеді. Ол аз. Маңайдағы он болыс елдің ұлығының уряднигі, тілмашы, приставы, адвокаты, обьездный – казак-орыс. Он болыс елдің игі жақсылары казак-орыстың тамыры, танысы, айналасы он болыс елді билейтін екі жүз үйге толмайтын казак-орыс. Қазақтың кедей жатағы казак-орыстың етікшісі,

ұстасы, үйшісі, балташысы, тас қалаушысы, жалшысы, малайы, қазақтың ең пысығы: не алыпсатар, не ұры, әйтеуір бір бұзақы болады. Казак-орыс пен қазақ әшейінде «бәленшеке», «түгеншеке» десіп жүрсе де, жеріне, суына, балығына, ағашына қазақтың тұмсық сұққанын көрсе, «еке-меке» далада қалады. Қазақтың шаңырағына қобыз тартылады. Айтта, тойда күреске түсіп, қазақтан жығылып жатса: Бетке-Сеткелер жатып төбелес салады» (32).

Патшаның отаршылдық озбырлығын, қазақ халқын табанға салып таптауын қаз-қалпында көрсетіп, әрі көркем бейнелеп бере білгендердің бірі – публицист-жазушы Сабыр Шарипов. Оның «Алтыбасар» деректі шығармасында Есіл даласында Полтава, Харьков және Чернигов губернелерінен мұжықтардың келуіне байланысты қазақ ауылдарының қоғамдық, шаруашылық өміріндегі қасіретті өзгерістер ашып көрсетілген. Атамекен жерінен қуылып сорлаған қазақты урядниктер мен мұжықтар кезектесе мүйіздеп, қан қақсатқан. «Алтыбасар» әңгімесінде қашқын қазақтар қасіреті суреттеледі. Бір қарт ол жайды былайша әңгімелейді:

«Жеген таяғымыз бойымызға құт. Осы маңайдан кетсек екен деп ақылдасып отырмыз. Жалғыз біз емес, Жабай қаласы мен Байты қаласы да елдің мазасын тым-ақ алып тұр. Сол елдермен ақылдасып, не қылса да бас сауға қылып бөтен елге кетуді ұйғарып едік. Жиделі-Байсынға кетпек боп бір ойлағанбыз. Алдыңғы жылы қырық үйге басшы болып кеткен Тұралы молданың жуырда қайтып келгенін естіп, Жиделі-Байсынға көшуден де қайтып отырмыз. Енді қайда барып бас сауға қылуды білмей сасып отырмыз» (33).

Енді бірқатар қорытындылар жасайық. Қазақ халқының қалыптасуы мен қазақ ұлттық публицистикасының тууы мен даму процестері қатар жүріп отырды. Олар бір-бірімен өзара тығыз байланысты түрде өркен жая бастады. Ресей империясының отарында болған қазақ этносы өзге халықтар мәдениетінің оң ықпалымен даму арнасына түсті. Бұл ұлттық жазба әдебиетінің пайда болып, өркен жаюына игі әсерін тигізді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сулейменов М.К. Классическая национальная идея казахов: ключи к толкованию устных народных толкований. – Алматы, 1977. – С. 7-12.

2. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 40-64 беттер.

3. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 7-26-беттер.

4. Фетисов М.И. Зарождение казахской публицистики. – Алматы, 1961. – С. 68.

5. Ильминский Н. Воспоминания об И.А.Алтынсарине. Приложения. – Казань, 1891. – С. 211.

6. Қараңыз: Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1957.

7. Фетисов М.Т. Зарождение казахской публицистики. – Алматы, 1961. – С. 145.

8. //Оренбургский листок. 1879. 2 декабря.

9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1957.

10. Фетисов М.Т. Зарождение казахской публицистики. – Алматы, 1961. – С. 428-434.

11. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 3-бет.

12. Сонда, – 3-4-беттер.

13. Сонда. – 5-118-беттер.

14. //Киргизская степная газета. – 1894. №11.

15. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 31-33-беттер.

16. Сонда. – 47-52-беттер.

17. Сонда. – 52-62-беттер.

18. Исфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). 3-издание. – Алматы, 1998. – С. 267.

19. Қазақтар өз атынан қалай айырылды? А.Левшин: «Бұра тартып, әділеттіліктен аттамайық» // Қазақстан коммунисі. 1991. №5. 45-50-беттер.

20. Уәлиханов Ш. Таң. шығармалары. – Алматы, 1980. – 97-б.

21. Дулатов М. Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. Құраст. М.Әбсеметов, Г.Дулатова. – Алматы: Жазушы, 1991. – 308-319-беттер.

22. Остроумов Н. Туркестанский учительский семинарий. 25 лет ее существования. – Т., 1904. – С. 25.

23. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы: Атамұра, 1993.

24. Бөкейханов А. 1916-1926. Санкт-Петербург. – 1927 //Орталық Қазақстан. 1992. 11 қаңтар.

25. Шамшат И. Қазақстан Россияға өз еркімен қосылды ма? // Қазақ әдебиеті. 1990. 23 мамыр.

26. Әсіп С. Қазақ қасіреті. – Алматы: Қазақстан, 1994.

27. Галузо Г.П. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии. – Ташкент, 1926.

28. Восстание туземцев в Средней Азии. – Кзыл-Орда, 1927. – С.46-47.

29. Рамазан Д. Қазақстан көп ұлтты республика ма? // Қазақ әдебиеті. 1996. 28 мамыр.

30. Бичурин Н.Я. Орта Азияны бағзы заманда мекендеген халықтар туралы мағлұматтар жинағы. I том. – М.-Л., 1950. – 47-48-беттер.

31. Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі // Егемен Қазақстан. 1999. 26 ақпан.

32. Аймауытов Ж. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 107-бет.

33. Шарипов С. Екі томдық шығ. жинағы. – Алматы, 1982. – 79-бет.

II ТАРАУ

ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ КЕҢЕСТІК МОДЕЛІН ҚҰРУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ӨЗІНДІК ПРОБЛЕМАЛАР

XX ғасырдың басында мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылық әлемдік тоқырауға әкеліп тіреді, бірқатар елдер оны күш қолдану арқылы ғана шешу мүмкін деп есептеді. Оның нәтижесі 1914 жылы басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс болды да, оған Ресей империясы белсенді түрде қатысты. Соғыс империяның ішкі қайшылықтарын мүлдем шиеленістіріп жіберді де бұл оппозициялық саяси күштердің бас көтеруіне әкеліп соқты.

Идеялары халықты өзіне тарта түскен радикалды партиялар айрықша беделге ие бола бастады. Сондай саяси партиялардың бірі большевиктер партиясы еді. Жақсы ұйымдастырылған, өзінің қатарын батыл да өжет, тіпті бірбеткей фанат мүшелермен толықтыра білген большевиктер партиясы 1917 жылы қазанда мемлекет билігін басып алып, өздерінің бағдарламалық құжаттарында баяндалған міндеттерді жүзеге асыруға кірісті.

Осы құжаттарда көрініс тапқан стратегиялық мақсаттар бұрынғы патша империясының аймағындағы ұлттық интеллигенцияның мақсат-мүддесі мен көңіл-күйінен шықты. Кеңес билігі алғашқы қадамдарынан бастап-ақ бірінен соң бірін қабылдаған декреттерде, үндеулерде, декларацияларда бұл барынша күшейе түсті. Большевиктер өздерінің ең бірінші мемлекеттік актісінде – Қазан төңкерісінің жеңісі туралы «Жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға үндеуінде» кеңестердің II Бүкілресейлік съезі жаңа биліктің барлық ұлттарға ұлттық межелеу құқығын қамтамасыз ететінін атап көрсетті, ал 1917 жылғы 26 қазандағы (ескі стиль бойынша) «Бейбітшілік туралы декретте» өзгелердің жерін күштеп басып алуға, өзге халықтарды күштеп қосып алуға жол бермейтін әділ демократиялық келісім жасау қажеттігі жөнінде айтылды.

Кеңес өкіметі қандай да бір ұлтты мемлекет шеңберінде күшпен ұстап тұрудың басып алу болып табылатынын жариялады. Ал, 1917 жылы 2 қарашада (ескі стиль бойынша) қабылданған «Ресей халықтарының құқығы Декларациясында» Кеңес билігі ұлттық саясатында төмендегідей принципті ұстанатынын жеткізді:

Ресей халықтарының теңдігі мен бостандығы.

Ресей халықтарының өзін-өзі ерікті айқындау, бөліну және дербес мемлекет құруға дейінгі құқығы.

Барлық және түрлі ұлттық және ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулерді болдырмау.

Ресей аймағында тұратын аз ұлттар мен этнографиялық топтардың ерікті дамуы (1).

Бастапқы кезеңде большевиктер партиясының көсемі В.И.Ленин әлеуметтік процестерді басқарудың теориялық негіздерін жасап, ғылыми түрде негіздеді, әрі көзі тірісінде дәйектілікпен іс жүзіне асыра бастады. Қоғамдағы әлеуметтік байланыстардың шоғырында басқару қатынастарының орны мен рөлі мәселелері басқару теориясы саласында принципті маңызға ие болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында алға қойылған міндеттер жүйелілік пен комплексті шешімге сүйенді. Оның ең маңызды жағы халықтың өзін-өзі басқаруын тұрақты түрде тереңдетіп отыру еді.

Ленин қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай-ақ басқарудың лениндік теориясы елеулі бұрмалаушылықтарға ұшырады. Партиялық-мемлекеттік аппаратта сталиндік қатаң өктемдікке сүйенген, кезінде Ленин ең қатерлі ішкі жау ретінде бағалаған бюрократизм бас көтеріп келе жатты. Ол жиырмасыншы жылдардың аяғында өктем билікті орнықтыруда аса қолайлы құралға айналды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Қазақстанда оқырмандардың негізгі бөлігінің мәдени деңгейін өсіруді есепке алу қоғамдық даму процестерін қарапайым көпшілікке түсінікті етіп жүргізу қажеттігіне әкеліп сайды. Қалың бұқараның энтузиазмы мен саяси белсенділігіне арқа сүйеген мерзімді басылымдар халықтың буырқанған революциялық ерік-жігеріне от беріп отырды. Баспасөз даңғаза ұрандар мен шақырулардың, декларациялар мен лозунгілердің туына айналды. Бәрі де түсінікті де қарапайым болды. (Осы сәтті айрықша есте ұстайық: қалыпты, үйреншікті дағды тән болған буырқанған саяси ерік-жігер уақыт өте келе өңін өзгертіп, өзге қасиетке ие құралға айналды. Сөйтіп қоғамда аса қауіпті де қатерлі, тіпті трагедиялық рөл атқарады).

Бірінші Кеңес өкіметінің құрамында ұлт істері жөніндегі арнайы Халық комиссариаты құрылды. Халық комиссариаты Татарстан, Башқұртстан, Түркістан, Кавказ бен Қырым халықтарының Ресей құрамында сақталып қалуының маңыздылығын ескере отырып, 1917 жылғы 20 қарашада (ескі стиль бойынша) «Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» үндеу қабылдады, онда патшалық Ресей жағдайында езгі мен кемсітушілікке ұшырап келген мұсылмандардың ұлттық және мәдени мекеме-ұйымдары, олардың наным-сенімдері мен салт-дәстүрлері азат әрі ерікті деп жарияланды. Ресейдің барлық халықтарының құқығы сияқты мұсылмандар құқығының да революциялық биліктің күшімен қорғалатыны баса айтылды.

Бұл идеялар қазақ ұлттық мемлекет құру жолына жұмылған күштерді еліктірді. Осы орайда ұлттық интеллигенция бұрын Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісін де қуана қарсы алып, оған үлкен үміт артқан еді. Мысалы, 1917 жылы 7 сәуірде Уақытша өкімет құрған Түркістан комитетіне А.Бөкейханов, М.Тынышбаев, М.Дулатов, Х.Ғаббасов сияқты қазақ ұлтшыл демократтары кірген болатын. Бұл комитеттің міндеті өлкенің барлық істерін басқару еді.

Алайда, басым бөлігі кадет партиясының өкілдері болып табылатын Уақытша өкіметтің консервативті саясаты өздерінің ұлттық саясат мәселелерінде ұлтшыл демократтардың да, социал демократтардың да сенімі мен үмітін ақтамады. Сондықтан да кадет партиясының мүшесі болған А.Бөкейханов 1917 жылдың мамырында оның қатарынан шықты.

1917 жылғы 21-28 шілде аралығында Оренбург қаласында «Алаш» саяси партиясын ұйымдастырудың бастауы болған Бүкілқазақтық съезд өтті. Бұл партияның басшылығында Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, сондай-ақ А.Байтұрсынов болды. 1917 жылы 21 қарашада партияның баспасөз органы – «Алаш» газетінде осы саяси ұйым бағдарламасының жобасы жарияланды. Онда мемлкеттік құрылым формасы былайша жобаланды: мүмкіндігінше федерация құрамында өзге халықтармен бірге тұра тұру керек, ал ондай мүмкіндік болмаған жағдайда бөлініп шығып, дербес мемлекет құруға ұмтылу керек.

1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Оренбург қаласында өздері сайланған партияның Орталық комитетіне, оның жетекшісі Ә.Бөкейхановқа «тез арада қазақ тұрғындарының қамын жейтін барлық атқарушы билікті қолдарына алуға» қабілетті уақытша халықтық кеңес құруға ұсыныс жасады. Съезд арнайы пунктпен мынадай шешім қабылдады: «Қазақтардың – қырғыз (қазақтардың) арасында тұратындардың барлығына да азшылық құқығы беріледі. Алаш автономиясының барлық мекеме-ұйымдарында барлық ұлттардың өкілдері пропорционалды түрде орын алуы тиіс» (2).

Алаш атономиясы мен Алашорда өкіметі өзіндік ұстанымдарын іздестіру жолындағы күрделі кезеңде, яғни 1918 жылдың жазында Сібірде кеңес өкіметі жойылған соң құрылған Сібір автономиясымен байланыс орнатуға ұмтылды. Тарихшылардың айтуынша, оларды бұл жолға Алашорданың РСФСР өкіметімен байланыс жасауға әрекеттенуінің нәтижесіз болуы итермеледі (3).

1918 жылы 4 қарашада Уфим («Бүкілресейлік уақытша өкімет») директориясы біржақты тәртіппен Алашорда өкіметін таратты. Соның нәтижесінде ол Кеңес өкіметін мойындауға мәжбүр болды. Кеңес өкіметі қолдаған Қазақ революциялық комитеті мен Алашорда арасындағы ұзаққа

созылған келісімдердің соңы – 1920 жылғы қаңтар-наурыз айларында Алашорданың құлауына алып келді (4).

Сол тұста Қазақстан аймағында ұлттық мәселелерде өз шешімдерін ұсынған өзге де саяси партиялар мен қозғалыстар болды. Солардың бірі солтүстік-шығыс облыстарда ықпалды күшке ие болған «Үш жүз» партиясы еді. Ол 1917 жылғы желтоқсаннан бастап осындай атпен өз газетін шығара бастады, оның 1917 жылдың 24 желтоқсандағы екінші нөмірінде партияның бағдарламалық тезистері жарияланды. Бұдан «Үш жүздің» қазақ облыстарының автономиясы, жерге орналастыру және мемлекет пен діннің өзара арақатынастары жөніндегі позициясы «Алаштың» позициясымен қарама-қайшы келді.

Ұлттық мәселе бойынша бағдарламада нақтылық пен жүйеліліктің жетімсіздігі партияның жергілікті тұрғындардың кең қолдауына ие бола алмауына әкеліп соқты. Ал социалистік және діни белгісі белең алған түркі-татар бағыттарын ұштастыру жөніндегі әрекет сәтсіз аяқталды. Осыдан кейін жергілікті большевиктік ұйымдардың қолдауына ие болған «Үш жүздің» ықпалы арта бастады. «Үш жүз» 1918 жылдың наурызында Ақмола облысындағы билікті қолына алып, Алашорда өкіметінің жергілікті мүшелерін тұтқындады (5). Алайда, осы жылдың сәуірінде Кеңес өкіметінің басшыларына «Алаш» партиясының жетекшісі Ә.Бөкейхановпен келісімге келудің мүмкін емес екендігі және сол тұста Мәскеуде жүрген алаштық Х.Ғаббасовты тұтқындауды талап етуі жөнінде жіберілген телеграммадан кейін «Үш жүздің» өз ішінде келіспеушіліктер туындады да бұл оның тарап кетуіне басты себеп болды (6).

1917 жылы наурызда Қазақстанның оңтүстігінде құрылған «Шура-и-Ислами» партиясы да осындай позиция ұстанды. Бұл партияның идеологиялық негізі өзіндік ұлттық айқындыққа жетіп, орыс революциясын теріске шығару жолында түркі-мұсылман халықтарын этникалық біртұтастыққа шақыру болды. Алайда, 1918 жылы қаңтарда Түркістандағы большевиктік ұйымдардың қатты қысымына ұшыраған «Шура-и-Ислами» партиясы ыдырады. Кезінде оның өзі аттас баспасөз органы – газеті болды. 1917 жылы шілдеде оны «Кеңес» газеті ауыстырды, ол да алдыңғылардың жолымен түркі федерациясы идеясын насихаттады. Діни, пантүркілік, ұлтшылдық және өзге де белгілері бар ұлттық мемлекет құруға үндеген өзге де саяси құрылымдар да болды, дегенмен де олардың қай-қайсысы болмасын тиісті дәрежеде ықпал ете алмады.

Бір жағынан, кеңес билігі қалыптасуының алғашқы жылдарында оның өкілдері Түркістан өлкесіндегі жергілікті тұрғындарға қатынаста деструктивті (келеңсіз) бағыт ұстанды. Айталық, Түркістан большевиктерінің

басшылары Ф.Колесов пен И.Тоболин жергілікті тұрғындарды мемлекет органдарына қызметке тартуға болмайтынын ашық айтты, себебі олардың кеңес билігіне қатынаста көзқарастарының айқындалмағанын алға тартты. Осыған байланысты «Ұлы Түркістан» газеті былай деп жазды: «Түркістанда тұрғындардың 98 пайызы мұсылмандар. Сондықтан да оның халықтары өлкені сырттан келген солдаттар мен жұмысшылар басқарғанымен келіспейді. Осыған қарамастан тұрғындардың 2-3 пайызын ғана құрайтын солдаттар мен жұмысшылар өлкені басқаруды өз қолдарына алғысы келеді» (7). Бұл тұрғыда қазақтың ұлы перзенті Мұстафа Шоқай өзінің «Кеңестер билігіндегі Түркістан» атты кітабында «Түркістандағы кеңес билігі жергілікті байырғы тұрғындардың билікке қатысу құқығынан үзілді-кесілді айырудан басталды» деп атап көрсетті (8).

Осындай талас-тартыстың нәтижесінде 1918 жылы қазанда өткен кеңестердің өлкелік IV съезінде Колесов-Тоболин топтарының іс-қимылы мен әрекеті теріс бағаланды. Алайда, РКП (б) Орталық Комитетінің жергілікті тұрғындарды мемлекеттік қызметке кеңінен тарту жөнінде талап қоюына қарамастан жаңа билік өкілдерінің өлкедегі тұрғылықты халыққа деген ұлыдержавалық қатынасы өзгеріссіз қалды.

Орын алып отырған жағдайды түзеу мақсатымен 1918 жылдың қараша айынан бастап партия комитеттерінде мұсылман бюросы мен мұсылман секциялары құрыла бастады. Сондай-ақ 1918 жылдың соңында коммунист-мұсылмандардың I съезінің шешімімен РКП (б) мұсылман ұйымдарының Орталық бюросы құрылды. 1919 жылғы наурыз айының соңында Түркістан Компартиясының II съезі ТКП өлкелік комитетінің мұсылман бюросының құрылғанын жария етті, оның құрамына жергілікті тұрғындардың арасынан шыққан коммунистер – Т.Рысқұлов, Ш.Ходжаев, Ю.Алиев, А.Мұхидтинов, Ю.Ибраев енді. Олар іс-әрекеттерінде еркін қимылдады, нақтылап айтқанда, 1920 жылы қаңтарда өткен ТКП-ның V конференциясында Түркістан компартиясының атауын түркі халықтарының коммунистік партиясы және Түркістан автономиясы кеңестік социалистік республикасын Түркі халықтарының республикасы деп өзгерту жөнінде шешім ұсынды, осылайша олар түркі-мұсылман федерациясы идеясын жаңғыртуға күш салды. Т.Рысқұлов Түркістан автономиясының талқандалуы қалың мұсылман бұқарасын кеңес билігіне теріс жағынан көрсетіп отырғанын ашық айтты (9).

Басқалай айтсақ, Мұсылман бюросы мемлекеттік құрылыс мәселесінде дамудың екі жолын айқын көре білді: оның біріншісі, жалпы түркілік идея негізінде Түркістанның мұсылман халықтарын бір саяси-құқықтық құрылымға біріктіру, екіншісі, түркі халықтарының ұлттық мемлекеттік статусы бойынша тең құқықты конфедерация құру (10).

Тұрар Рысқұлов пен Мұсылман бюросының өзге де басшылары мемлекеттік құрылыста туған халқының мүддесі тұрғысынан шығу қажеттігі идеясын басшылыққа ала отырып, оның салт-дәстүріндегі, тұрмысындағы, тыныс-тіршілігіндегі өзіндік ерекшеліктерді ескеруге баса назар аударды. Олар орын алып отырған жағдайдың қолайлылығын түсіне отырып, оны өздерінің ұлттық мемлекетін құруға пайдалануға тырысты. Алайда, бұл қоғам дамуында таптық принципті жоғары қойған иеологияның құрылымы мен ұстанымына сәйкес келмеді.

Ұлттық белгілері бойынша мемлекеттік құрылыс идеялары мен іс-әрекет большевиктердің кең ауқымды стратегиялық жоспарларына қарама-қайшы еді. Сондықтан Мәскеуден келген Түркомиссиясы бұл шешімді теріске шығарып, оның орындалуын тоқтатты. 1920 жылы 8 наурызда РКП (б) Орталық Комитеті «Түркістан автономиясы жөніндегі жағдайды» бекітті (11), ал Т.Рысқұлов Мәскеуге шақырылып, Ұлттық Халық Комиссариаты төрағасының орынбасарлығына бекітілді. Осындай әрекеттермен тәуелсіз түркі мемлекеттерінің, оның ішінде қазіргі Қазақстан аумағында да құрылуына тосқауыл қойылды, Түркістандағы мемлекеттік құрылым формасы унитарлық мемлекет шеңберінде ғана дамуға қажетті алғышарттар жасалды.

Түркістан өлкесінің аумағындағы болып жатқан процестер аймақта шығып жатқан баспасөз беттерінде көрініс тауып отырды. Олардың кейбірінің Ресей империясының шеңберінде-ақ едәуір тәжірибе жинақтап, олардың өз аудиториясына үлкен ықпал ете алғанын айту қажет. Олар демократиялық ахуалдағы басылымдар ретінде қазіргі Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан аумағындағы жекелеген жерлерде болған 1916 жылғы көтерілістердің кезінде-ақ өз халықтарының теңсіздігі жөнінде жазды, халық мүддесінің қорғаушысы бола білді. Ал, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінен кейін де ұлт мәселесінде орын алған келеңсіздіктер тұрғысында бұрынғыдан да батыл әрі өткір жазды. Міне, мұның бәрі түрлі саяси күштердің қаруына айналған мұндай басылымдардың бәрі де ұлттық мемлекеттік құрылыс жолдарын қарастыра отырып, осымен бір мезгілде халықтың көз алдында өз қарсыластарының шынайы бет-пердесін әшкерелеуге ұмтылды.

Осымен қатар, бұл екі жақтың да елеулі артықшылықтары аңғарыла бермейтін бітіспес тайталас болатын. Мұндай жағдайда партияның билігі жолында күресіп жатқандарға өз іс-әрекеттерінде икемділік танытып, баспасөздің сын мақалаларына құлақ асуға тура келді.

Мысалы, Мұстафа Шоқай 1917 жылы маусымда құрған және 1918 жылғы сәуірге дейін шығып тұрған «Бірлік туы» газеті авторлары жоғары

кәсіби деңгейімен ерекшеленді, олардың арасында М.Дулатов, Б.Майлин, С.Қожанов, Е.Шарменов және басқалар болды. Газет қазақтардың ұлттық мүддесін қорғады және Түркістан халықтарының өз тағдыры мен өз болашағын өздері шешу жөніндегі идеяны негіздеді. Мұстафа Шоқайұлы өзінің публицистикалық еңбектерінде революциялық әдіс-тәсілдер мен бұрынғы Ресей империясының аумағында тұратын халықтардың ұлттық ерекшеліктерін жоюға бағытталған әрекеттерді әшкерелеуге тырысты. Мұндай позиция большевиктердің жоспарларына қайшы келді, сондықтан да олар ұлтшылдық көріністерімен айыптап, газетті жауып тастады.

Ұлттық өзіндік айқындау мәселелері бойынша «Алаш» апталық газеті де өткір мақалалар беріп тұрды. 1916 жылдың соңында құрылып, өзімен аттас партияның органы болған басылым автономиялық мемлекет құру жөніндегі идея туын көтеріп, қазақ қоғамының тәуелсіздігі жолында заңды жолмен күресуге шақырды, қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға ұмтылды. Айталық, Ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылы шыққан газеттің 16-нөмірінде М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың «Қазақ мінез-құлқының ерекшелігі жөнінде» деген мақаласы жарық көрді, онда қазақ халқының өзіндік ерекшеліктері, олардың салт-дәстүрі, өзге халықтардан айырмашылығы туралы жан-жақты айтылды.

1917-1918 жылдары Х.Ғаббасовтың басшылығымен «Сарыарқа» газеті шығып тұрды. Оның негізгі тақырыбы қазақ мемлекеттілігін құру проблемалары, Алашорда өкіметін қалыптастыру жайы болды. Газет авторлары А.Бөкейханов, Х.Ғаббасов, Т.Құнанбаев және басқалары ұлттық өзіндік айқындауда және мемлекеттік құрылыста қазақ этносының әзірлігі жөніндегі идеяны тынымсыз қорғаумен болды. Осындай іс-әрекетті негіздей түсу мақсатымен газет тарихи сипаттағы материалдарды жиі-жиі жариялап отырды, бұларда қазақтардың салт-дәстүрі, өзіндік ерекшелігі көрініс тауып отырды.

1918 жылы 20 шілдеде Қызылжар қаласында алғашқы саны шыққан «Жас азамат» газеті аты айтып тұрғандай өз сөзін қазақтардың жас буынына арнады. Газет авторлары М.Жұмабаев, С.Дулатов және басқаларының өзекті мәселелерді арқау еткен мақалалары жарияланып тұрды. Материалдарда ұлттық бостандық және ұлттардың тепе-теңдігі, жас буынның алдында тұрған міндеттер жөнінде айтылды. Газет 1919 жылы ақпанда шығуын тоқтатты.

Жоғарыда аталған және өзге де басылымдар ұлттық сана-сезімнің өсе түсуіне мүмкіндік туғызып, қазақ этносының өзіндік идентификациялануында үлкен рөл атқарды. Олар этностың ежелгі қазақ атауын одан бергі уақытта орныға түсуіне, мемлекеттік құрылымда атаудың

сақталып қалуына қажетті алғышарттар жасады, сондай-ақ бұл басылымдардың ұлттық журналистика мен публицистиканың қалыптасуы жолындағы қызметі орасан зор.

Сол жылдары кеңестік типтегі ұлттық қазақ баспасөзі дүниеге келді. Осындай алғашқы қазақ басылымдарының алғы шебінде ақмолалық «Тіршілік» (1917 жылғы шілде) және орынборлық «Қазақ мұңы» (1918 жылғы сәуір) газеттері болды. Алғашқы басылым бір жылдай шығып тұрды. Газет коммунистік партияның саясатын насихаттады, оның қызметі кеңес билігін нығайтуға және пролетариат диктатурасының күшеюіне бағытталды. Редакторы кейіннен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері ретінде танылған Нәзір Төреқұлов болған екінші газет өз оқырмандарына кеңес өкіметінің саясатын, оның алғашқы декреттерінің мазмұнын түсіндірумен айналысты, жергілікті кеңестерді қолдауға шақырған материалдар жариялады. Орынбордағы өкімет билігі атаман Дутовтың қолына көшкеннен кейін бұл газет қызметін тоқтатты. Одан әрі өлке аумағында ақ гвардияшылардың тынысы тарыла бастағанда кеңестік басылымдарға кең жол ашылды, олар сонымен қатар жергілікті партия комитеттерінің органдарына айналды.

Кеңес типіндегі баспасөз жүйесін құру Қазақ АКСР-ін құру жөніндегі жұмыспен қабат жүргізілді. Мысалы, 1918 жылы мамырда Ұлттық Халық Комиссариаты жанынан қазақ бөлімі құрылды, ал 1919 жылы 12 ақпанда Түркістан істері бойынша Халық комиссарлары кеңесі дүниеге келді (Осы жылдың 8 қазанында ол Түркістан - Түрккомиссиясы істері жөніндегі РСФСР Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің Комиссиясы болып қайта құрылды). Ал, 1919 жылғы 10 шілдеде Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитет – Қырғыз әскери-революциялық комитет құрылды.

1919 жылдың 17 желтоқсанында Орынборда «Ұшқын» газеті шыға бастады, оның мақсаты мен міндеті билік органдарының қызметін көрсету, шетел хабарлары мен майдан жаңалықтарын және т.б. жариялап отыру еді. Газет басшылығына журналистік жұмыстан хабары бар Т.Саниев тағайындалды.

1920 жылғы 26 тамызда РСФСР Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінің «Қырғыз (Қазақ) Автономиясы Кеңестік Социалистік Республикасын құру жөніндегі» Декретімен РСФСР-дің құрамдас бөлігі ретіндегі мемлекеттік құрылым құрылды, дегенмен бұл тұста қазақ жері біртұтас біріктіріле қоймаған еді, алайда қазіргі Қызғызстан аумағын өзіне қаратып алды.

1920 жылғы қазанда Орынборда өткен ҚАКСР Кеңестерінің құрылтай съезі «ҚАКСР еңбекшілері құқығының Декларациясын» қабылдады, онда жаңа мемлекеттік құрылымның РСФСР құрамына автономиялық мүше ретінде кіргені жария етілді. Осыған байланысты 1920 жылғы 13 қарашадан бастап «Ұшқын» газетімен бірге РКП (б) Қырғыз (Қазақ) облыстық комитеті мен Қырғыз Орталық Атқару комитетінің органы ретінде «Еңбек туы» газеті шыға бастады. Газет басшылығына С.Сейфуллин тағайындалып, ол Манап Шамил деген бүркеншік есіммен өзінің материалдарын жариялады. Сондай-ақ газетте қазақ халқының рухани жетекшілеріне айналған А.Байтұрсыновтың, Т.Рысқұловтың, М.Әуезовтің, О.Жандосовтың, С.Мұқановтың және басқалардың қаламынан туған мақалалар көріне бастады.

Сонымен қатар, қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігінің қалыптаса бастауы ең басты да өзекті мәселе – ежелгі «қазақ» атауының бекітілуін шеше алмады. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ағартушылары мен XX ғасыр басындағы қазақ публицистерінің жанайғайы мен бітіспес күресі қайтадан жалғасын таба бастады. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарындағы қазақ ұлттық журналистикасының өзекті міндеті саналған осы кезеңде кеңестік биліктің жергілікті тұрғындарға қатынастағы іс-әрекеті патшалық Ресей саясатының тікелей жалғасы болып табылатынын айқын таныта бастады.

Бұл жөнінде түрлі партиялық форумдарға, кеңестер съездеріне, жиындарға қатысушылардың сөйлеген сөздерінен көптеп мысал келтіруге болады. Мысалы, Т.Рысқұлов 1925 жылы жарық көрген «Революция и коренное население Туркестана» деген кітабында 1919 жылы 19 маусымда Ташкентте өткен Түркістан коммунистік партиясының өлкелік 3-съезінде сөйлеген кедей түркістандықтың сөзінен үзінді келтіреді: «Біз, кедей мұсылмандар, қанішер Николай тұсында мал секілді күн кешсек, қазіргі пролетарлық өкімет тұсында да осындай күй кешудеміз. Кеңес билігіне қарсылық көрсетпесек те жағдайымыз бұрынғыдан да жаман» (12).

Т.Рысқұлов осы кітабында сол кездегі Түркістан Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы болған Сорокиннің мына сөздерін келтіреді: «Мұсылман пролетариаты орыстардан көмек сұрайды, ал олар сенбейтіндігін айтады... Мұсылмандар – ұлтшылдар, осыншалықты қорлау мен масқаралықты көріп отырған олардың бізге достық пейілмен қарамайтындығының себебін толық түсінуге болады» (13).

Осы кезеңде әміршілдік-әкімшілдік жүйе мен мемлекеттік аппарат енді ғана күш жинап, қалыптаса бастады. Сондықтан да баспасөзде ішінара болса да сөз бостандығы болды, қазақ баспасөзінде өткір сын материалдар

жарияланып жатты. Мысалы, 1921 жылғы 7 қарашадан шыға бастаған «Еңбек туы» газетінің ізбасары «Еңбекшіл қазақ» газетінің редакторы С.Сейфуллин былай деп жазды: «Бұл күнге шейін қазақты орыстар «киргиз» деп келді. Не себепті қазақты орыс «киргиз» деп кеткенін тексермей-ақ, ол «киргиз» – қырғыз деген аттың қалайша жалпы қазаққа жапсырылып кеткенін баяндамай-ақ, енді бұл тарихи қатенің түзетілу керек екенін жұртқа айтқым келеді.

... Біз «киргиз» деген атты жоғалтып «қазақ» деп кетсек, басқа халықтар да бізді «қазақ» деп, осы атты қолданып кетпек. Біздің үлкен бір кемшілігіміз – осы күні басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз. Әуелі біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша: «Кизил Киргизстан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Әгәрдә біздің қазақ жігіттері бұл қатені түзетеміз десе, оп-оңай түзетіп әкетер еді.

Біздің әр қазақ жігіті «кир» деген періні тастап, қоймастан «қазақ» деген сөзді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіңдіріп үйрету керек. Қазақстанның орталық хүкіметі «Киргиз» деген есімді жойып, «Қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік!» (14).

Осылайша, Сәкенді қазақ халқының Қазан төңкерісінен кейін де өзінің тарихи шын атына ие бола алмауы қатты күйзелтті. Ол мұның түп-төркінінде отаршылдыққа негізделген ұлыдержавалық шовинизм зардаптары жатқанын жақсы білді. 1922 жылғы маусымда «Еңбекшіл қазақ» газетінің редакторы болып тағайындалған, осы жылдың соңында республика Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып сайланған Сәкен Сейфуллиннің аталмыш мәселеге байланысты атқарған еңбегі ерекше болды. Сәкеннің қолынан шыққан мақалалардағы тұжырымдалған басты қағида: жас республика қазақ халқының кеңестік негіздегі ұлттық мемлекеті болуы керек, ол «Қырғыз» республикасы емес, Қазақ республикасы аталуы тиіс, мемлекеттік тіл, ресми кеңсе тілі қазақ тілі болуы керек, қоғамдық өмірдегі бұрынғы отаршылдықтың қалдықтарымен күресу қажет деген көкейтесті мәселелерге саяды (15).

Алайда, «Еңбекші қазақтың» партиялық-өкіметтік газет болғанын естен шығармау керек, сондықтан да ол таптық проблемаларды жазуға, пролетарлық мәдениетті насихаттауға, қалың бұқараға идеологиялық тәрбие беруге баса назар аударып отырды. Дегенмен де бұл түрлі тақырыптағы материалдарды да жариялап отыруға қолбайлау болған жоқ. Тұтастай алғанда газет ұлттық қазақ журналистикасы мен публицистикасының жанрлар жүйесін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Оның беттерінде сол

кезеңдегі І.Жансүгіров, С.Дөнентаев, А.Сегізбаев секілді публицистер шоғырының дүниелері шығып жатты.

Дәл осы кезеңде ұлттың өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын қорғау жолындағы күрескерлер мен Қазақстанның жарқын болашағын көпұлтты федеративті мемлекет шеңберінде деп білетіндер арасында өткір де бітіспес идеологиялық күрес жүріп жатты. Мұндай шиеленісті жағдайдың тек Қазақстанда ғана емес, өзге де республикаларда орын алғанын айтуымыз керек.

Орталық пен ұлттық аймақтар арасындағы осындай тартыс КСРО-ны құру қарсаңында, одақтас және республикалық билік құрылымдарының арақатынасы жөніндегі мәселе талқыланғанда айрықша көрінді. Бұл азамат соғысы жылдарында төңкерістің мәскеулік басшыларының ұлттық мәселеде либеральды бағыт ұстануға мәжбүр болуына әкеліп соқты. Ақыр соңында партияның ұлттық аймақтарда лажсыздан «шынайы тәуелсіздікті талап еткен және РКП (б) Орталық Комитетінің ықпалын Мәскеу тарапынан жасалып отырған екіжүзділік пен алдап-арбау екенін айқын түсінетін нағыз социал-тәуелсіздерді» (16) тәрбиелеуге мойын бұра бастауына әкеліп соқты.

Орталық пен аймақтар арасындағы бұл бітіспес күресте қолында армиямен қатар баспасөз секілді қуатты қаруы бардың жеңіске жететіні айқын еді. Сондықтан да кеңестік билік 1921-1925 жылдары Қазақстанда партиялық-кеңестік баспасөз жүйесінің негізін қалап, билікке қарсы басылымдарды жапты не қайта құрды. Бұл процесте енді-енді қалыптаса бастаған әміршілдік-әкімшілдік жүйе айрықша рөл атқарды.

«Шынтуайтына келгенде, - деп жазған еді Е.Я.Виттенберг, - мемлекеттік мономеншікті құру, кооперативті меншікті мемлекет қарауына айналдыру саяси-экономикалық бюрократияның қоғамдық өндірістік құрал-жабдықтарға озбырлық пен иелік етуі үшін қолайлы жағдай туғызды. Экономикалық тетіктер... басшылықтың регрессивті әдіс-тәсілдері деңгейіне тез көтерілген әміршілдік-әкімшілдікпен ауыстырылды» (17).

Ал З.Бзежинский үзіндісі «Квинтэссенция» философиялық альманағында жарияланған «Большой провал. Рождение и смерть коммунизма в двадцатом веке» деген кітабында былай деп жазды: «Биліктің бір партиялық жаңа жүйесін жалпы мемлекеттік шоғырландыру, ірі көлемдегі әлеуметтік күштеуді институциаландыру, ортодоксальды доктринаны таңу мен идеологиялық қажеттілікке сай келетін кез-келген саяси әдісті, ең тарандықты да қоса алғанда, ақтау практикасының тамырын терең жайғызу кең қанат жайған номенклатура жүйесі арқылы қоғамның барлық құрылымына бақылау жасайтын барған сайын бюрократтандырыла түскен біртұтас саяси билікті партия авангардының қолына шоғырландыруға

әкеліп соқты, бұл барлығын да – жоғарыдан бастап төмендегілерге дейін – тағайындалғандардың қатаң бақылау жүйесін қалыптастырды. Бұл уақыт өте келе, тұрғындардың тұтас әлеуметтік қабаттарын кең көлемде қудалауға, алдымен саяси, сонан соң экономикалық және ақыр соңында әлеуметтік және мәдени проблемаларды, ең бастысы, ұйымдастырылған күшпен шешуге аса қолайлы жағдай туғызды...» (18).

Кеңестік әміршілдік-әкімшілдік жүйе 1930-жылдары күшіне міне бастады, ал 1920-жылдары, әсіресе оның бірінші жартысында КСРО-да мемлекеттік құрылыс, ұлттық-аймақтық межелеу, экономика, саясат, мәдениет және тағы басқа мәселелер бойынша өткір талқылаулар жүрді. Оның үстіне бұл талқылаулар орталық пен жергілікті жерлердегі партиялық-кеңестік баспасөзде көрініс тауып қана қойған жоқ, олардың өзі де осы мәселеде инициатор болып отырды. Мысалы, бас редакторы С.Қожанов болған «Ақ жол» газеті өз нөмірлерінің бірінде былай деп жазды: «Өзінің төрт жылдық ғұмырында Қазақ республикасы шын мәнінде қазақ мемлекеті бола алмады. Көп тұрғыны – орыс колонизаторлары. Олардың орталығы орыс туы желбіреп тұрған Орынбор қаласы» (19). С.Садуахасов қалыптаса бастаған бюрократтық жүйеге кейіннен былайша баға берді: «Аймақтағы аппараттардың бюрократияландырылуы тек бұл аппараттың жергілікті ұлт тілінде сөйлемеуі ғана емес, кеңестік мемлекеттің тұтас аппаратының ескі, өткен дәуірдегі бюрократтық ауыр жүктің мұрагері болып табылуында жатыр» (20).

Міне, мұның бәрі қазақ этносы мемлекеттілігінің дамуы мен оның экономикалық, саяси, мәдени және ұлттық өрлеуіне қажетті алғышарттар жасауда орталықтың күшейе түскен өктемдігіне қарсы күресіп қана қоймай, ең бірінші кезекте мемлекеттік құрылым атауындағы «қырғыз» этнонимінің орнына жергілікті халықтың байырғы «қазақ» атауын қайтаруға қол жеткізу аса үлкен маңызға ие еді. Сол тұстағы ұлттың рухани көшбасшылары мұны тарихи сәттің ең басты проблемасы деп білді.

Оның ерекшелігі мынада еді: 1924-1925 жылдары ұлттық-мемлекеттік межелеуден және барлық қазақ жерін біріктіруден кейін оның құрамынан РСФСР құрамына дербес мемлекеттік құрылым ретінде кірген Қырғыз АКСР-ын құрайтын аймақ шығарылды. Дәл сондықтан да республиканың «Қырғыз» емес, «Қазақстан» аталуына қол жеткізу 1920-жылдардың бірінші жартысында ұлттық қазақ журналистері мен публицистерінің алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірінен саналды. Жергілікті тұрғындардың (қазақтардың) сауаттылығының артуына, қалың бұқараның саяси және әлеуметтік белсенділігінің өсе түсуіне орай бұл тақырыптағы материалдардың аудиторияға ықпалы жоғары болды. Өздерінің баспасөзде

жарияланған материалдары арқылы отандастарын соңдарынан ерте білетін жас та жаңа зиялылар толқыны пайда бола бастады.

Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында да қазақтар ресми құжаттарда бұрынғысынша қырғыздар болып, қазақ халқы қырғыз халқы болып аталып қала берді. Тіпті, 1920 жылы құрылған республика ресми түрде РСФСР құрамындағы Қырғыз Автономиялы Социалистік Республикасы болып аталды. Жиырмасыншы-отызыншы жылдары мемлекеттік, партиялық ресми құжаттарда «нацмен» («национальное меньшинство» тіркесінің қысқартылған түрі) деген термин кең орын алды. Қазақстан жағдайында республиканы мекендеген орыстан басқа халықтар (оның ішінде қазағы, өзбегі, қырғызы, ұйғыры бар) «нацмендер» болып шыға келді. Жиырмасыншы-отызыншы жылдары жауапты партия және кеңес қызметінде, оқу-ағарту салаларында қызмет еткен Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Сейітқали Меңдешов, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Әбдірахман Әйтиев сияқты халық ұлдары қазақ халқының тарихи шын атын өзіне қайтару жолында арпалыса жүріп, тер төкті. Осы орайда публицист Айтан Нүсіпханның мынадай пікірін келтіре кету артықтық етпес деп ойлаймыз: «Зиялыларды ұлттық мүдде ғана біріктіре алады. Ғасыр басында қазақ ұлты өз ішінен аса зиялылар тобын шығара алғаны қайран қалдырады. Өзінің интеллектуалдық деңгейі жағынан бұл топтың сол тұстағы Ресейге қараған бодан ұлттардың зиялылары арасында беделі жоғары-тын...» (21)

Кезінде Қазақ КСР Академиясының корреспондент-мүшесі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әйгілі тарихшы К.Нұрпейісов ел тәуелсіздігінің дәл қарсаңында өз зерттеу мақаласында былай деп жазды: «1925 жылғы 15-19 көкекте республиканың жаңа астанасы Ақмешітте Қазақстан Советтерінің V съезі тұңғыш рет өлкеміздің барлық аудандары еңбекшілерінің өкілдері қатынасқан жағдайда өтті. Осы съезд қабылдаған қарарлардың ішінде үлкен саяси мәні бар шешімнің бірі – қазақ халқының бұрмаланған, патша отарлаушылары XVIII ғасырдан бастап зорлап таңған теріс атын – «қырғыздар» атауын өзгертіп, оның тарихи шын атын – «қазақтар» деген атауды қалпына келтіруі болды. Сонымен қатар съезд Қырғыз АССР-ін Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы деп қайта атады... Көп кешікпей Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы съезд шешімін бекітіп, былай деп қаулы етті:

I. Қырғыз Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы деп өзгертілсін;

II. Үкіметтің орналасқан жері Ақмешіт қаласының аты Қызылорда деп өзгертілсін».

Қазақстан Советтерінің V съезінің шешімдерінде «қазақ» және «Қазақстан» сөздері орыс тіліндегі тіркестерде «казаки», «Казакстан» деп жазылған болатын. Орысша бұл сөздерді осылай жазу 1936 жылға дейін сақталды. Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің 1936 жылғы 9 ақпандағы қаулысына сәйкес орыс тілінде «қазахи», «Қазахстан» деген неғұрлым дәл атау қабылданды.

«Қазақ» атымызды осылай қайтарып алған едік» (22).

Тұтастай алғанда бұл тараудағы жайларды қорыта келе айтарымыз, 1917 жылғы екі төңкерістен кейін Қазақстанда ұлттық сана-сезімнің өсуі байқалды, ол өз мемлекеттілігін құру жолдарын іздестірумен айшықталды. Бұл міндетті шешудің идеялық-саяси және ұйымдастыру жолдарын іздестіру мен әдістері қазақ тіліндегі баспасөздің елеулі түрде жандана түсуіне әкелді: мұндай басылымдар саны өсті, оның жанрлық пішіні байыды, публицистер өз сөздерін тікелей халыққа арнады, олардың материалдарының тілі жоғары эмоциональдылығымен және өткірлігімен ерекшеленді.

Тоталитарлық большевиктік тәртіптің қалыптасуына орай ұлттың арнамысы болған журналистер бірте-бірте жұмыстан шеттетілді, немесе қысымға шыдай алмай жаңа билікті, оның идеологиясы мен саясатын қабылдауға мәжбүр болды. Осылайша, журналистер партия мен мемлекеттің еркін еріксіз орындаушыға айналып, құлдық психология белең алды, баспасөз тек қана партия шешімдерін насихаттаушыға айналды. Осындай қиын-қыстау кезеңнің өзінде қазақ халқы этностың байырғы дұрыс аты «қазақ» атауын қайтаруға қол жеткізді, осы атпен жаңа ұлттық мемлекеттік құрылым – Қазақстан дүниеге келді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы. Құжаттар жинағы. – М., 1972. – 21-22-беттер.

2. Алашорда. Сб. документов. – Алматы, 1992. – С. 38.

3. Қойгелдиев М. Алашорда // Егемен Қазақстан. 1992. 8 қаңтар.

4. Сонда.

5. 1917 г. в Казахстане. Документы и материалы. – Алма-Ата, 1977. – С. 237.

6.Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы, 1975. – 195-бет.

7. Вахабов М.Г. О социальной природе среднеазиатского джадидизма и его эволюция в период Великой Октябрской революции // История СССР. 1963. №2. – С. 53.

8. Шоқайұлы Мұстафа. Кеңестер билігіндегі Түркістан. – Алматы, 1993.

9. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. – Алматы, 1994. – 96-бет.

10. Сонда. – 105-бет.

11. Коммунистическая партия Казахстана. Летопись событий (1917-1927). – Алма-Ата, 1985. – С. 122.

12. Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. – Т., 1925. – С. 101.

13. Сонда. – С. 100.

14. // Еңбекші қазақ. 1923. 15 ақпан.

15. Сейфуллин С. Шығармалар. 5-том. – Алматы, 1963.

16. // Известия ЦК КПСС. 1989. №9. – С. 198-200.

17. Виттенберг Е.Я. Страшное и чудовищное (О культе личности и режиме личной власти). В кн.: Квинтэссенция. Альманах. – М.: Политиздат, 1990. – С. 246.

18. Бжезинский З. Большой провал. Рождение и смерть коммунизма в двадцатом веке. В кн.: Квинтэссенция. Альманах. – М.: Политиздат, 1990. – С. 258.

19. // Ақ жол. 1924. 24 қазан.

20. Садвахасов С. О национальностях и националах. См.: Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг. – Алма-Ата, 1991. – С. 252.

21. Нүсіпхан А. Заман және зиялы. Уақыт сауалы // Ана тілі. 1998. 10 қыркүйек.

22. Нұрпейісов К. Қазақ атын қалай қайтарып алды? // Қазақстан коммунисі. 1991. №6.

III ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ РСФСР ҚҰРАМЫНА КІРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ӨЗІНДІК ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ

РСФСР құрамында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы қазақ халқының өмірінде аса маңызды тарихи дәуір болып табылады. Ресми құжаттарда тұңғыш рет «қазақ» этнонимі қолданыла бастады, ал, орыс транскрипциясында ол «казак» деп жазылды. Алайда, сол дәуірде этносты тұтас ұлт ретінде қабылдау жөнінде айтуға ерте болатын, оның үстіне қазақтардың біртұтас халық ретінде өзіндік идентификациялануы толық қалыптаспаған-ды. Қазақтардың мұндай жағдайдан шығуы большевиктердің КСРО-ның индустриальды база жасау және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жөніндегі жоспарларын жүзеге асыруымен тұспа-тұс келді, осылай десек, қазақ ұлтының қалыптасу процесінің қоғамдағы қиын әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тұспа-тұс келгенін аңғарамыз.

Ғасыр басындағы революциялық төңкерістер мен азамат соғысы жылдарынан кейін Қазақстан экономикасы бұрынғыдан да құлдырап, қиын жағдайға жетті. 1926 жылдың басында республика өнеркәсібі 1913 жылғы деңгейдің 61 пайызын ғана, ал ауыл шаруашылығы 82,9 пайызын құрады (1). Бұл жерде мына жайтты да есте ұстау қажет: 1913 жылғы осы статистикалық мәліметтер бұрынғы ұлттық аймақтардың көрсеткіштері болатын, өнеркәсіпте негізінен тұтыну тауарларын өндіретін ұсақ өндіріс орын алды, ал кәсіпорындар тұтастай алғанда егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысты. Оның үстіне республикада өнеркәсіпті өркендетуге қажетті білікті жұмысшы күші болған жоқ, сол кезде тұрғындардың 90 пайызы ауылдық жерлерде тұрды және жалпы өнімнің 84,5 пайызы ауыл шаруашылығының үлесіне тиді.

Осыны ескере отырып, орталық билік басты назарды шикізат ресурстарын өңдеуге, көмір, мұнай өнеркәсібі мен түсті металлургияны өркендетуге аударды. Осы жылдары Сібір мен Орта Азияны жалғастыруға тиіс Түрксіб-Транссібір темір жолы ең ірі объектіге айналды, оның ұзындығы 1445 шақырымға жетуі тиіс болды. Индустриаландыру кезеңінде Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс қорыту, Ащысай полиметалл комбинаттары тұрғызылды, сондай-ақ Текелі полиметалл, Жезқазған мыс қорыту комбинаттары мен Өскемен қорғасын-цинк зауытының құрылысы басталды. Бұлардың бәрі тек Қазақстан ғана емес, сонымен бірге КСРО-ның да ірі түсті

металл кәсіпорындарына айналуы тиіс болды. Сондай-ақ елде химиялық, электроэнергетикалық, тамақ өнеркәсібі және де басқа өнеркәсіп салалары құрылып жатты. Осындай кең көлемде жүзеге асып жатқан шаралардың нәтижесінде Қазақстан экономикасындағы өнеркәсіп уақыт өте келе жетекші орынға көтеріле бастады.

Сонымен бірге индустриаландырудың қазақ халқының ұлттық дамуына едәуір кері әсерін тигізгенін айтуымыз керек. Осы жылдары Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан және алып елдің өзге де аймақтарынан келген миграциялық тасқынға тоқтау болмады, осыған байланысты жергілікті қазақтардың үлесі күрт қысқарып кетті.

Бұл процестер жергілікті тұрғындар арасында түрлі қарама-қайшылықты реакция туғызды. Кейбіреулері тек мал шаруашылығымен айналысып келген халықтың бірден социализмге өтуі мүмкін емес деп есептеді, олар көшпелі өмір салты қазақ халқының ұлттық бейнесі екендігін, индустриаландырудың олардың тұрмыс-салтын, тыныс-тіршілігін түбірімен өзгеріске ұшыратынын алға тартты. Екінші біреулер өнеркәсіпті дамытудың және жұмысшы табын республиканың жергілікті тұрғындарынан қалыптастырудың қателікке ұрындыратынын негізге алды, олар артта қалған көшпелі халықтың қалай болғанда да жаңа кәсіпорындарда жұмыс істей қоймайтынын, халықты ұлан-ғайыр даланың тартып тұратынын дәлелдеуге тырысты. Ал, енді үшінші біреулер партия ұстанған бағыттың дұрыстығына кәміл сеніп, осы идеяны қолдады, оларды индустриаландыру саясатының қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін есепке алмай отырғаны алаңдатпады.

Жоғарыда айтылғандар КСРО-ның өзге де халықтары секілді қазақтардың да қайта құрулар процесіне күштеп тартылғанын айқындай түседі, ал бұл халық арасында түсініспеушілік туғызып, соның салдарынан жер-жерде қарсылықтың бой көтеруіне әкеліп соқты. Осы тұста коммунистік партия өз жоспарларын жүзеге асыру арқылы дамудың төмен сатысында тұрған халықтардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамудың жоғары деңгейіне көтерілетінін есепке алды. Большевиктердің пікірінше, бұлардың бәрі де социализмнің артықшылықтарын көрсетуі тиіс болды. Алайда, олар қоғамдық құндылықтардың нақты мәдениеттен, ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық ортадан тыс бола алмайтынын толықтай теріске шығарды.

Сол секілді кез-келген ұлттың сана-сезімі өз дамуында ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестен кенжелеп қалу мүмкіндігі де ескерілмеді. Егер жоғарыдағы соңғы пікірдегілерге қатысты төңкерістік секіріс жөнінде айтар болсақ, ұлттық сана-сезім тұрғысында эволюциялық дамуды ауызға алуға болады, себебі халықтың сана-сезімі өзі бастан

кешірген ата-баба тарихын терең сезіне отырып, ой елегінен өткізуге тікелей байланысты екеніне айрықша мән беруі тиіс еді. Осы ретте қоғамдық қайта құру процесіне халықты күштеп қосудың аяғы күтпеген оқыс нәтижелерге алып келетіні адамзат тарихында талай дәлелденген.

Қазақстандағы индустриаландыру саясаты туралы айтқанда төмендегі жайларға баса назар аударуға тиіспіз: оның шамадан тыс жоғары қарқыны, сондай-ақ оның қажетті құрал-жабдықтарды дайындап алуға мүмкіндік беретін жеңіл өнеркәсіпті дамытудан емес, республика экономикасына барынша салмақ салған ауыр өнеркәсіптен басталуы аграрлық сектордың жүйесін, демек жергілікті халықтың дәстүрлі өмір салтын өрескел бұзды. Егер Батыста өнеркәсіп нарықтық экономиканың эволюциясы нәтижесінде бой көтерген болса, КСРО-да бұл процесс социализм құрылысы ұранымен жүзеге асырылды.

Индустриаландыру мен ұжымдастыру жоспарларының күштеу-төңкерістік сипаты айқын аңғарылып тұрды, сондықтан да оларды жүзеге асыруды бүркемеленген идеологиялық қолдау жағдайында айрықша маңызға ие баспасөз арқылы ғана қамтамасыз етуге болатын еді. Бұл кезеңде қазақстандық баспасөз саны жағынан өсіп, оның партия және мемлекет шешімдерін жаппай насихаттауды қамтамасыз ете алатын жан-жақты ойластырылған және бірізді жүйесі қалыптаса бастады. Айталық, Қазақстанда 1926 жылғы ақпанда 20 газет шығарылған болса, одан бергі уақытта жылма-жыл өсе отырып, 1933 жылы оның саны 10 еседен астамға, яғни 233-ке жетті (2).

Газеттер мен журналдарда мынадай тұрақты айдарлар белең алды: «Бесжылдық тынысы», «Социалистік құрылыс майданынан оперативті хабарлар», «Жаңа құрылыстан хабарлар», «Қазақстанның бесжылдыққа үлесі» және тағы басқалар.

Осындай айдарлармен еңбек озаттары туралы мақалалар, репортаждар, очерктер, суреттемелер, корреспонденциялар берілетін болды. Сол жылдары Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, А.Тоқмағамбетов және басқа публицистердің қаламынан туған дүниелер көпшілік назарын аударып отырды (3).

Газеттер редакциялары бұқаралылықты ту етіп, жұмысшы-шаруа тілшілерінің қозғалысын өрістетуге ұмтылды. Көшпелі редакция жұмысын ұйымдастыру, жұмысшы-шаруа тілшілерінің рейдтері, байқаулар тұрақты жүргізіле бастады. Республикалық «Еңбекші қазақ», «Советская степь», «Жас қайрат», «Еңбек туы» газеттерінің әр нөмірінде Түрксіб, Қарағанды көмір бассейні секілді ірі құрылыстардан әртүрлі жанрлардағы материалдар үзбей беріліп тұрды (4). Осы орайда хабар, заметка жанрлары кеңінен

пайдаланылып отырды. Олар өмір динамикасын жеткізіп, қалың бұқараның энергиясына дем берді (5).

Коммунистік және кеңестік баспасөз халықтың тұрмыс-тіршілігін түбірімен өзгерту және бұл өзгерістердің басты құралы индустриаландыру болуы тиіс деген идеяны жоғары энтузиазммен қабылдады. Тіптен кейбір авторлар республиканың тек шикізат базасына айналып қана қоймауына назар аудара отырып, индустриаландыру жоспарының баяу жүзеге асырылып жатқанын сынға алып жатты. Мысалы, С.Садуахасов Қазақстанда индустриаландыру жоспарларын жүзеге асырудың «тасбақалық қадамдармен» жүріп жатқанына реніш білдіріп, оны жылдамдатуға назар аударады. Бұған миллиондаған кедей қазақтардан жұмысшы күшін жасақтау қажеттігіне тоқталады (6). Ол бұл жөнінде айтқанда, кедейлердің негізінен алғанда ауылдық жерлерден алынғанын және олардың жаңа құрылыстарда тек қосалқы қара жұмыс атқарғанын, өнеркәсіп орындары іске қосылғанда оларға иек артудың өзі қиындыққа әкеліп соғатынын ескермеді.

Келтірілген фактілер жаңа коммунистік биліктің қазақ этносының тыныс-тіршілігіндегі терең әлеуметтік өзгерістердің түбінде қолайсыздықтардың туындауына алып келетінін, халықтың жаңа өмірге дайын еместігін назарға алмағанын көрсетеді. Түбірлі өзгерістерді іс жүзіне асырып жатқан билікке қатынаста теріс көзқарас-пиғылдың болуы ықтимал еді. Оның үстіне түбірлі қайта құруларды жүзеге асыру жолында пайда болатын қиындықтарды өмір салты түрлі қиғаштықтарды бастан кешіріп отырған халықтың өкілдері айтады, дегенмен де сол қоғамның кейбір жақтастарының өздері түбегейлі өзгерістердің әдістері мен формаларының сенімділігіне күмәнмен қарайды. Сол тұста мұндай ой-пікірлер айтыла да бастады.

Айталық, мысалы, «Большевик Казахстана» журналы жарияланымдарының бірінде «түйеден социализмге өту мүмкін емес, көшпелі өмір салты – бұл қазақ халқының ерекшелігі, индустриаландыру олардың «ұлттық тұрмыс-тіршілігін» бұзады» делінді (7). «Революционный Восток» журналы да осы тұрғыда материал жариялады. Мақалада Қазақстан үшін өнеркәсіп пен жұмысшы табын құру шынайылыққа сәйкес келмейтіндігі, көшпелі халықтың шамадан тыс индустриаландыруға төтеп бере алмайтындығы және қазақтардың қалай дегенмен де фабрикалар мен зауыттарда жұмыс істемейтіндігі, себебі оларды даланың тартып тұратыны айтылады (8).

Партия-кеңес баспасөзінің көптеген өкілдері социалистік құрылыстың мақсаты мен әдістеріне, өзіндік формаларына күмән келтіретін оппозиционерлерге ұлтшыл-уклоншылдар деп аталатындарға қарсы сынды

өрістетті. Оның үстіне 1920-жылдардың аяғы мен 1930-жылдардың бірінші жартысында ой-пікірді еркін айтуға болатын. Коммунистік партия саясатының шеңберінде «сын мен өзара сынды өрістету жөніндегі» ұстанымға арқа сүйегендер газет-журналдардың беттерінде тартыс-талас жүргізіп жатты.

Осы ой-пікір еркіндігі ұлттық сана-сезімнің өріс алуында маңызды рөл атқарды, қазақтар өз этносының мүмкіндіктері, жаңа жағдайға бейімделу қабілеттері жөнінде ойлана бастады. Міне, осылардың бәрі де қоғам өмірінің кейбір салалаларында табысқа қол жеткізе алмайтын халықтар бар деген пікірлерді теріске шығарып, халықтарды «бірінші сортты» және «екінші сортты» деп бөлуді теріс пиғылдағы адамдардың іс-әрекеті деп ұғынуға алып келді.

Партияның индустриаландыру жоспарын жүзеге асыру жөнінде айта отырып, оның сталиндік «ұлы төңкеріс» жылдарында өткенін, мұның астарында күштеу мен ерліктің, мәжбүрлеу мен берілгендіктің, қылмыс пен жетістіктердің соншалықты жымдасқанын естен шығаруға болмайды. Бұл үлкен саяси өзгерістер мен жаңа әлеуметтік сілкіністердің, Кеңес билігінің нағыз жауларын іздестіру мен табудың айтулы кезеңі болды. Осы жылдар Қазақстанда аштық жайлады, қуғын-сүргін ұйымдастырудың негізі қаланып жатты, Кеңес Одағының өзге аймақтарынан жылма-жыл жұмыс күші миграциясының күшейе түсуі қазақтардың өз елінде азшылыққа ұшырауына әкеліп соқты.

Құйтырқы саясат ұстанған кеңес өкіметі жер мәселесіне байланысты қазақ халқына берген уәдесін орындаған жоқ. 1921-1922 жылдары жүргізілген жер-су реформасы үлкен белсенділікпен басталғанымен, өзінің логикалық шешімін таппай, тоқтап қалды. Өйткені орталық билік үшін алыстағы «түземдіктердің» мүддесінен гөрі, ішкі ресейлік губерниядан Түркістан жеріне қоныс аудара бастаған орыс шаруалары мен кулактарының басталған реформаны тоқтатуды талап еткен тілектері түсініктірек және жақынырақ еді. Тарихтану ғылымында әлі күнге дейін жеткілікті дәрежеде талданбай келе жатқан ВЦИК-тің Ерекше комиссиясының (1921-1925 жж.) Калининнің тікелей нұсқауымен Жетісу (қазіргі Алматы облысы мен Қырғызстанның Шу және Ыстықкөл облыстары) территориясында орыс автономиясын құру туралы жасаған әлеуметтік-экономикалық негіздемесі соның айғағы (9).

Қазақ жұрты мен зиялыларының ішкі Ресейден келген қоныс аударушылар толқынын тоқтату туралы тілегі аяқ асты болып қана қалған жоқ, сонымен бірге тоталитарлық билік мұнда біржола орнығып алған соң қоныстандыру саясатының жаңа кезеңін ашты. 1929 жылы Қазақстанда

переселен Басқармасы ашылып, бүкіл республика көлемінде патшалық билік тұсындағы қоныс аудару жүйесі қайтадан қалпына келтірілді. Отарлық мазмұндағы бұл мекемеге большевиктердің түпкілікті мақсатын бүркемелеп көрсету үшін мынадай міндеттер жүктелді: «ҚАКСР өндіргіш күштерінің дамуына ықпал жасау, ірі шаруашылықтар құру арқылы шаруа қожалықтарын реконструкциялау, Түрксибке таяу орналасқан аудандарға қоныстар салу және сол аудандардың экономикалық қуатын арттыру, жергілікті халықтың ұйымдасқан шаруашылықтың ең жоғарғы түріне өтуіне ықпал ету» (10).

Қалыптаса бастаған жоғарыдағыдай жағдайдан кейін қазақ өз елінде азшылыққа ұшырады. Өз жерінде тілінен де айырылып қала жаздады. Тілінен айырылған ұлт – өлі ұлт, оның басқа ұлтқа сіңісіп кетуі де оңай. Сол себепті де отарлаушы империялар бодандағы ұлттарды өзіне сіңіріп алу үшін алдымен олардың тілін құртуға күш салады. Кезінде патшалық Ресей империясы да қазақ халқының тілін жойып жіберу үшін қолынан келген айла-шарғысын істеп баққан болатын.

Бұл процестің инициаторы 1925 жылы республика партия ұйымын басқаруға келген Ф.И.Голощекин болды, ол Қазақстанда «кіші қазан төңкерісін» ұйымдастыру жөніндегі саясатты ұсынушы автор еді. Орталықтың қатаң саясатын жүргізуге белсене кіріскен ол партия шешімдерімен келіспегендермен аяусыз күрес жүргізді, өзінің қарсыластарына «қазақ ұлтшылдары» немесе «ұлыдержавалық шовинизмді аңсаушылар» деген айып тағып, ұлтшыл-уклонистерді жеке-жеке атаса да шовинистерді аузына алмады. Сол кезеңде Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Садуахасов, С.Меңдешев, С.Қожанов және басқа көрнекті қазақ қайраткерлері оның қаһарына ұшырады.

Голощекиннің қолдауымен партиялық оппоненттердің ізін ала танымал қазақ әдебиетші-публицистері А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және тағы басқалар республикалық партиялық-кеңестік баспасөзде сынға ілігіп, қуғындала бастады. Нәтижесінде 1929 жылы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов тұтқынға алынып, шулы сот процесі жүргізілді. Оларға негізінен большевиктердің аграрлық саясатына қарсылық білдірді деген айып тағылды.

1920-жылдардың аяғына таман қазақ интеллигенциясының арасында (олардың ішінде атақты қоғам қайраткерлері, жазушылар мен ақындар болды) сын мен өзара сын жанры кең өріс алып, бірін-бірі ғайбаттап, өш алудың құралына айналғаны ащы шындық. Мысалы, көрнекті қоғам қайраткері Т.Рысқұлов «Еңбекші қазақ» газетіне бірқатар ашық хаттар жариялады (11), К.Кеменгеровтің «Сәбитпен айтысты доғарамын» (12), ал

С.Мұқановтың «Мен доғармаймын» (13) деген талас-тартысты мақалалары жарық көрді. Н.Төреқұлов білім беру жөніндегі кеңестің жаңа әліппеге көшкенін сынады, ал Кеңес бастығы М.Жолдыбаев «Нәзірдікі дұрыс емес» деген мақаламен жауап берді (14).

Сол тұста Қазақстанның ауыл шаруашылығын ұжымдастыру индустриаландыру сияқты бірқатар трагедиялық жағдайларда жүріп жатты. Ең алдымен партияның бұл бағытының саяси қарсыластары қатты қысымға алынып, шеттетілді, ал олар негізінен алғанда ұлттың рухани жақтастары болатын. Осылайша индустриаландыру секілді ұжымдастырудың да, сондай-ақ переселен саясатының да қарсыластары жойылып, осы бағыттардағы жұмыстар жүзеге асырыла бастады.

Қазақ ауылдарының тыныс-тіршілігінде 1927 жылы желтоқсанда өткен ВКП (б) XV съезі айрықша рөл атқарды. Бұл тарихта ұжымдастыру съезі деген атпен қалды. Оның шешімдеріне сәйкес КСРО ауыл шаруашылығы 1932 жылдың көктеміне қарай ұсақ жекеменшіктен ірі ұжымдық шаруашылықтарға (колхоз) айналуы тиіс болды. Бұл міндеттерді шешу республиканың барлық ауыл тұрғындарын қамтып, күштеу әдісімен жүргізілді, осы орайда қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі, шаруашылық өмірінің ерекшеліктері есепке алынбады. Оның үстіне ұжымдастыру жедел қарқынмен жүзеге асырыла бастады. Оған мынадай көрсеткіштер дәлел бола алады: егер 1928 жылы 2% шаруашылық ұжымдастырылса, ол 1930 жылдың 1 сәуірінде 50,5%-ға жетті. Ал, 1930 жылдың қазанында 65%-ға жуықтады.

Партия жүргізіп отырған түбірлі төңкерістік өзгерістерге келіспегендер қуғын-сүргінге ұшырады. Мысалы, 1929-1931 жылдары партия саясатына қарсылық білдірген 5551 адам сот жауапкершілігіне тартылды, олардың 883-і ату жазасына кесілді де қалғандары түрлі мерзімге түрмеге жабылды. Ал, бірқатары туған жерінен шетел асып кетуге мәжбүр болды. Тек 1930 жылдың басы мен 1931 жылдың ортасына дейін 281230 шаруа шаруашылығы күнкөріс қамымен Қытай, Иран, Ауғанстан асып кетті (15).

Күштеу әдісімен жүзеге асырылған ұжымдастыру республиканы үлкен шығындарға әкеп соқты. Айталық, 1928 жылы ірі қара мал саны 40 миллион болса, ал 1932 жылы ол сегіз есе қысқарып, 5 397 мыңға құлдырады. Нәтижесінде аштық пен эпидемия басталып, қазақтар қырғынға ұшырады. Мысалы, 1897 жылы болған алғашқы санақта қазақтар саны 4 миллион 84 мың болса, ол 1939 жылы 50%-ға жуық азайып, 2 миллион 300 мың адамды құрады (16). Бұл сол кездегі КСРО-ғы адам шығынының ең жоғары көрсеткіші болды.

Тарихымызға кеңестік дәуірдің сталинизм кезеңінде түскен қара дақтар, қазақ халқының басына төнген қайғы-қасіреттің қара бұлты тәуелсіздікке

дейін тарихи дүниетанымызда орны бос «ақтаңдақтарға» айналып келді. Осы «ақтаңдақтар» санадағы үңірейген қуыс болып, сол қуыстан жылдар бойы суық ызғырық желдей гулеп, сан сауалдар сарнады да тұрды. Кеңестік тарихи оқулықтар мен әдебиетте, өнерде бұл сауалдарға жауап болмады. Коммунистік партияның ықпалында кеткен қазақ публицистикасы да дәрменсіздік танытты. Сондай сауалдардың ең қасіреттісі 1932 жылғы қазақ даласын отап кеткен апат еді.

«Оған жазылмаған тарих – көз көрген халық куә, - дейді публицист-жазушы Смағұл Елубаев. – 1925 жылы республиканың партия ұйымын басқаруға бұрын-соңды көшпенді халық дегенді көрмеген Ф.И.Голощекин келді. Көз көргендердің айтуынша, мұжықтан басқа шаруа көрмеген Голощекинге ең кедей деген көшпендінің отыз-қырық ұсақ малының, төрт-бес ірі қарасының болуы шектен тыс байлық болып елестейді. Социализмді қазақ даласында пролетариатсыз қалай жасауға болады? Жоқ, Қазақстанда және бір революция жасау керек! Осылай ойлайды Голощекин. Сол заманның көз куәгері, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі жазушы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінің» үшінші кітабында бұл туралы: «...Сталиннің оң қолы» аталған Голощекин, басына келген сандырақты іске асырмақ боп, Сталин атына Қазақстанда «Кіші октябрь өткізу керек» деп хат жазады да, мақұлдаған ризашылық алады (Бұл документ кейінгі кезде табылып отыр. – С.С.). Содан кейін Қазақстанның ешбір жағдайымен есептеспей, ешбір әдіс-айла қолданбай, көп шараларды қирата, омыра атқарған Голощекиннің республикаға қанша залал келтіргені мәлім. Сол көп залалдың бірі – 1928 жылы 47 миллионға барған Қазақстан мал шаруашылығының басын үш жылда үш миллионға түсіруі, қазақ халқын қатты ашаршылыққа ұшыратып, ойсырата кемітуі!..» деп жазғаны қалың оқушы қауымға көптен аян. Сәбең жоғарыда мысалға келтірген Қазақстанның көшпенді халқын асыра сілтеудің илеуіне салып жіберген тарихи хаттың архив түбінде жарты ғасыр жатуы да аз болмаса керек, енді сол документке де жариялылық жарығы түсер деп үміттенеміз.

...Әңгіме – анау-мынау емес, сәл-пәл шығын емес, «халықты ойсыратқан» бұрын-соңды болмаған ұлттық трагедия хақында. Әңгіме – сол трагедия туралы ресми тарихи әдебиетіміздің жұмған аузын ашпай келуінде. Тарихи оқулықтарымыздың ол тұстың күнгей жағын ғана көрсетіп, көлеңке тұсына көз салмай өте шығуында» (17).

Публицист бұдан әрі мақаласын адам жанын түршіктірерліктей нақты деректермен тұздықтай түседі. Голощекин бастаған республика басшылары Қазақстанда ұжымдастыруды үш жыл емес, бір жылда аяқтау жөнінде ұран тастады. Тіпті, Ресейдің орталық аудандарын басып озамыз деп лепірді.

Асыра сілтеудің нәтижесінде Ресейдің қара топырақты аудандарында жеке шаруаны ұжымдастыру небары 15% төңірегінде болғанда, Қазақстанда бұл көрсеткіш 64%-ке ырғып бір-ақ шықты. Осындай ұр да жық асыра сілтеудің салдарынан қазақ шаруасы туған жерді тастап, көршілес Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан, Қызғызстанға және Қытай, Иран, Ауғанстанға ауа көше бастады. Шаруашылықтың атамзаманнан келе жатқан үйреншікті жүйесі бұзылып, жаңаша күнкөріс тәсіліне әлі төселмеген дала жұрты жаппай аштық апатына ұшырады. ...1897 жылғы Ресей империясы жүргізген алғашқы жалпы санақта (18) қазақ халқының саны 4 млн. 84 мың болғаны белгілі. Сол алғашқы санақта өзбектер – 726 мың, қырғыздар – 201 мың, түрікмендер – 281 мың, тәжіктер – 350 мың деп көрсетілген. Қазақты ашаршылық жайпап өткен 1932 жылдан кейінгі көрсеткіштер былай болып шығады. Яғни, 1939 жылдың санағы бойынша 1897 жылмен салыстырғанда өзбек халқы бес есе көбейіп, 3 млн. 900 мыңға жуықтайды. Түрікмендер 3 есе көбейіп, 760 мыңдай, қырғыз халқы 750 мыңға жуықтап, төрт есеге жуық өседі. Тәжіктер үш еседей көбейіп, 900 мыңнан асады. Ал, қасірет жамылған қазақ халқы 1939 жылы үш-төрт есе өсудің орнына 40 жыл бұрынғы 1897 жылғы көрсеткішінен де екі еседей азайып, құлдырап кетеді. Яғни, 2 млн. 300 мыңдай қалады...

Бұл демографиялық регресс 1932 жылғы аштықтың ғана емес, 1921 жылғы аштықтың да және көшпенді халықтың республикадағы асыра сілтеуге шыдамай туған жерден жан-жаққа безіп кетуінен де болса керек.

Қазақ халқының тарихында «1932 жыл» қара жазумен жазылатын қасіретті дата. Бұл жыл – ел басына төтенше төнген нәубет, бұл жыл – халық тұрмысымен, психологиясымен санаспай, омыра басшылық етудің, әкімшіліктегі волюнтаризмнің аяғы немен тынарын мәңгі еске салып тұруға, мәңгі сақтандырып тұруға тиіс жыл. Бұл жыл – еш уақытта ұмытылуға тиіс емес, керісінше, келер ұрпаққа үлкен сабақ болуы тиіс. Бұл – орны толмас халықтық қасірет.

Ел басына күн туған сол бір ауыр шақта республикалық деңгейдегі бұл қылмысқа қасқая қарсы тұрған қазақ азаматтары болды. Ол кезде уыздай жас, соңғылықта қазақ кеңес әдебиетінің сыйлы ақсақалы, сұңғыла қаламгері болған Ғабит Мүсірепов, М.Гатаулин, М.Дәулетғалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев Қазақстан өлкелік партия комитетіне және И.В.Сталинге Голощекин саясатының қателігі, соның салдарынан аштық зардабын көріп жатқан қарапайым халық туралы 1932 жылы шілдеде жазылған «Бесеудің хаты» делінетін ресми хат тапсырып, қарсылық білдіргені белгілі. Қазақстандағы аштықпен белсене күрескен партия қызметкерлерінің бірі – сол кездегі РКФСР Совнаркомының орынбасары, белгілі революционер

Тұрар Рысқұлов. Тұрар Рысқұловтың Қазақстандағы төтенше ауыр хал – аштық хақында Сталиннің атына екі рет хат тапсырғаны белгілі (19). Т.Рысқұловтың хаты бойынша Қазақстанға партияның Орталық Комитетінің арнайы комиссиясы шығып, болған лаңға көзі жеткеннен кейін ғана Сталин Голощекинді басқа қызметке ауыстыруға мәжбүр болады. Қазақстан өлкелік партия ұйымын басқаруға Л.И.Мирзоян келген күннен бастап (1933) аштықпен айқас күн тәртібіне қойылады.

Жоғарыда айтылған хаттар ұжымдастырудың негізгі принциптерін бұрмалаудан халық басына төнген қайғы-қасіреттен туындаған жанайғайы еді. Бұл процесті жеделдетуге деген ұмтылыс шынайы өмірдің, идеология мен саясаттың арақатынасының өрескел бұзылуына әкеліп соқты да қаймана қазақты қан жылатты.

Бірінші бесжылдық жылдарында социалистік құрылыс шеңберінде ауыл-селоларды өркендету мәселелері баспасөз беттерінде үлкен орын алды. Қазақстан газет-журналдары бұл процеске баса назар аудара отырып, қазақ ауылдарының болашағы тұрғысында қол жеткен жетістіктер мен табыстар дабырайтылып көрсетілді, жергілікті жерлердегі тұрғындардың реніш-қайғылары бүркемеленіп отырды. Кедейлер мен орташалардың бірігуі, байлардың мал-мүлкінің конфескеленуі, астық дайындаудағы жоғары көрсеткіштер, тағы басқалар басты тақырыпқа айналып жатты. «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі», «Советская степь», «Ленинская смена», т.б. басылымдар партия саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып, идеология майданының алғы шебінде жүрді. 1934 жылы қазақ коммунистік журналистика институты ашылып, газет-журналдар, радиохабарлар, информациялық агенттік редакцияларына журналист кадрларын даярлауға кірісті.

Индустриаландыру, ұжымдастыру, бұқараны күштеп қоныстандыру кезеңдеріне баспасөз әр кезеңге сәйкес қоғамдық пікірді, әлеуметтік сұранымдарды, әдет пен дағдыны қалыптастырудың сенімді құралы болуын жалғастыра берді. Бұл дегеніңіз мән-мағынасын түсіну қиын, болашақта қандай жағдайға әкеп тірері беймәлім, нәтижесі бұлыңғыр аса күрделі процестер еді.

Мұның бәрі, жоғарыда айтып өткеніміздей, эмоцияның, халықтың буырқанған ерік-жігерінің астарында жүріп жатты. Бұл астар өңін біршама өзгертіп үлгерді: буырқанған ерік-жігер қалыпты көрініске, ал аттандаған ұрандар мен шақырулар ойлау стиліне айналып кеткен еді...

Уақыт өткен сайын республикада саяси және әлеуметтік жаңару процестері өз арнасымен жылжи берді. Жаңа межелер белгіленіп, жаңа жоспарлар жасалып жатты. Ауыл шаруашылығы индустриясы жетілдіріліп, завод, фабрикалар бірінен соң бірі бой көтерді. Мұның бәрі ойлы еңбек пен

білімді, мораль мен адамгершілікті орнықтыруда жаңа шептерді, мәдени қорды игеруде жаңа позицияны талап етті. Баспасөз осы әлеуметтік процестердің ұйымдастырушысы болуын жалғастыра берді. Баспасөздің осы ұйымдастырушылық рөлінің газет тақырыптарының аясынан шыға алмай қалғанын ешкім де аңғарған жоқ. Кез келген басылымның бірінші бетінде мына тақылеттес ұрандар атойлап тұрды: «Жаса, Түрксіб!», «Жаса, Донбасс!», «Жаса, Кузбасс!», «Ұлы Ленин жолымен!», «Сталиндік бағытпен!». Кешегі ерлікке шақырған ұрандар, бұлқыныстар бүгін ешкімді де таңқалдырмайтын болды. Буырқанған ерік-жігер де бәсеңдеп қалған еді. Себебі олардың бәрі де кәдуілгі еңбек өнімділігі, орындалған жоспар көрсеткіштеріне айналып кеткен болатын...

Енді сол кездегі баспасөздің қозғалыс-құбылысына зер салу маңызды. Ал, бұл үшін баспасөздің қалыптасу жолдарын ой елегінен өткізіп көрейік.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары жас федерацияның құрамындағы одақтас республикалардың өмірбаян беттері, өткен тарихы баспасөз беттерінде ғасырлық артта қалушылықпен сипатталып келген, ұлттық дәстүрлері мен күнделікті тыныс-тіршіліктерінде патриархалдық пен феодалдық қатынастар айқын аңғарылып тұрған еңбекшілердің қалың бұқарасының жай-күйімен сәйкес келді. Олардың әміршілдік басқару әдісіне мойынсұнудан басқа ешқандай да жолы жоқ еді. Декларациялардың, нұсқаулардың, жарлықтар мен циркулярлардың заңды құбылыс ретінде қабылданып жатуы да сондықтан болатын.

Бұған кеңес өкіметінің ә дегеннен-ақ саяси жаулардың қатал да бітіспес қарсылығына тап болғанын да қоса кету керек. Бұл экономикалық, саяси және әлеуметтік қиғаштықтардың тереңдей түсуіне әкеліп соқты да қалың бұқараға кезінде «соғыс коммунизмі» деген атауға ие болған саясатты лажсыздан қолдануға тура келді. Бастапқы кезеңде халық санасына ұялаған жоғары энтузиазм мен саяси ерік-жігер, тарихи қажеттілік ретінде орныға бастаған әміршілдік-әкімшілдік басқару әдісі уақыт өте келе қоғамды орнықтырудың бірден бір шартына айналды. (Сонымен, әміршілдік-әкімшілдік басқару әдісі сол кездің өзінде-ақ әдеттегі құбылыс ретінде қалыптасты. Осылайша кәдуілгі ұраншылдықтың астарында басқарудың жаңа әдісі дүниеге келді. Кеңестік қоғамның күллі қайғы-қасіретінің түп-төркіні де осында жатыр. – С.С.).

1930-жылдары Қазақстанда көп тиражды басылымдардан бастап республикалық газет-журналдардың саны мен оқырман аудиториясы өсе түсті. Партиялық-кеңестік баспасөздің ұшқыр отряды идеология майданының алғы шебіне шықты. Партияның бағытын ұстанған газет-журналдар бұрын артта қалып келген аймақтың социалистік бейнесін тынбай

жазып жатты. Республика баспасөзі ленинизм-сталинизм позициясын берік ұстанып, адалдықтарын танытты.

Дегенмен де баспасөздің қазақ ұлтының қалыптасуы, өлкеде жүзеге асырылып жатқан игі шаралар тұрғысында оңды қызметін де естен шығаруға болмайды. Газет-журналдар материалдары қазақтардың салт-дәстүрі мен тыныс-тіршілігіндегі өзіндік ерекшеліктері, ұлттық қалыптасудың заңдылықтары тұрғысында материалдар жариялап, оның идентификациялануына негіз қалаумен болды. Көптеген осындай жарияланымдарда партиялық ұстанымдағыдай идеологиялық схема сезіліп тұрса да олар қалың бұқараның сана-сезіміне ықпал етіп отырды. Материалдарды тұтастай алғанда, бұрын отарлық езгіде болып келген қазақ халқының бостандыққа қол жеткізіп, өз елінің, кең-байтақ жерінің, оның қойнауындағы бар байлықтың қожасы болып отырғаны айтылды. Халықтың бұдан бұрынғы тұтас тарихы сырттан келген жаулап алушылардың езгісі мен жергілікті хандар мен билердің өктемдігі тұрғысында ұғындырылып, тек социалистік төңкерістің арқасында ғана шынайы ұлттық тарихтың басталғаны халық санасына сіңірілумен болды. Осылайша, өмірді кеңестік мифтендірудің негізі қалана бастады.

Бүгін біздің көзіміз мына жайларға айқын жетіп отыр: сол кеңестік кезеңдерде халықтар бастан кешіргендердің бәрі еріксіздіктің жаңа формасының болғанын, құлдық идеологиясының қалыптасқанын, большевиктік доктринаның ыңғайына берілген КСРО басшыларының адамдар өмірімен санаспағанын, халықтар тағдырының шат-шәлекейін шығарып, ойыншыққа айналдырғанын айқын дәлелдеді. Мұның бәрі тұтастай алғанда қазақ халқы мен оның шаруаларының тағдырына әрдайым кері әсерін тигізіп отырды. Қалай дегенмен де қазақ халқы дәл осы жылдары өздерін біртұтас халық сезініп, ұлт ретінде қалыптаса бастады.

Қазақ халқының өміріндегі оңды өзгерістердің 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың басында, яғни республикада мәдени төңкеріс жүзеге асырылғаннан кейін болғаны шындыққа сәйкес келеді. Оның нәтижелері жаппай сауатсыздықты жою, халыққа білім берудің негіздерін жасау, ұлттық өнер, театр, әдебиетті өркендету болып табылады.

Жалпыға ортақ міндетті білім беруді 8 жастан 12 жасқа дейін, бастауыш мектепте оқымаған жасөспірімдерді 11-15 жас аралығында енгізу, бір жылдық және екі жылдық білім беруді ұйымдастыру жүргізілді. Ересектерге сауатсыздықты жою курстары белгіленді. Осымен қатар орта кәсіптік мектептердің жүйесі кеңейді. Мұның бәрі тұрғындар сауаттылығының үлес салмағын 1926 жылғы 25,2%-тен 1936 жылы 76%-ға арттыруға қол жетті (20).

Мәдени қайта құрулар білім беруді, ғылымды, денсаулық сақтауды, өнер мен әдебиетті одан әрі қанат жайдыруға негіз қалады. Әртістердің суретшілердің, ақындардың, музыканттардың, жазушылардың шоғыры пайда болды, оларсыз қазіргі Қазақстандағы мәдени дамуды елестетудің өзі қиын. Дәл осы жылдары республикада ұлттық өндірістік және ғылыми-техникалық интеллигенция қалыптаса бастады, қоғамның рухани дамуында үлкен рөл атқарған «Қазақ әдебиеті» газеті жарыққа шықты (21).

Сауатсыздықты жою, әдебиет пен өнерді өркендету ұлттық сана-сезімнің өсе түсуіне алып келді. Әрине, социалистік құрылыстың идеологтары осындай дамуды жаңа жүйеге қажетті арнаға бағыттап отыруға тырысты. Осыған орай мұндай жағдайды тек социалистік қоғам ғана жасай алатындығы жөніндегі ой ұдайы қайталанып отырды. Сондықтан да әдебиет пен өнер – социалистік, салт-дәстүр – социалистік болуы тиіс еді. Осыған сәйкес ұлттың да социалистік тұрпатта қалыптасуы тиіс екеніне ешкім де таласа алмайтын болды.

Алайда, өндірісте, әсіресе ауыл шаруашылығында болып өткен түбірлі өзгерістердің халық тағдырына соншалықты қайғы-қасірет әкелгені айқын еді, осындай қиын-қыстау кезеңді бастан кешірген халық алдағы қауіп-қатерлерді біртұтас ұлт болып бірікпей жеңе алмайтындықтарын сезіне бастады. Сол тұста Қазақстан тұрғындарының полиэтникалық болуына, өзге ұлттар тасқынының өсе түсуіне қарамастан, жергілікті тұрғындар – қазақтар ұлттық сана-сезімдерінің өсе түсуімен бірге өздерінің өткені, қазіргісі және болашағы жөнінде ойлай бастады. Демек, өздерін біртұтас этникалық құрылым ретінде ой елегінен өткізу процесі жүріп жатты.

Жаңа социалистік құрылыс халық санасына қазақ ұлтының тек кеңестік халықтар ортасында ғана дамуы мүмкін деген тұжырымды орнықтыруға тырысқанмен, қалың бұқараның санасында өздерінің ұлттық сипатының, өздерінің өмір салты мен тыныс-тіршілігінің ерекшеліктерін ой елегінен өткізу, болып жатқан өзгерістердің одан әрі дамуға қаншалықты ықпал ететінін сезіну процесі жүріп жатты. Сол жылдары ой елегінен өткізілген жан-дүниедегі руханилықтың осы екі формасы арасындағы қарама-қайшылықты бітіспес күрес жалғаса келе, кейіннен интернационализм мен ұлтшылдық арасындағы күрес деген анықтамаға ие болды. Қазақтардың өз елінде азшылыққа ұшырауына әкеліп соққан қоғамдық өмір қиыншылықтары етек жайып, оларды тек саналы түрде ғана емес, табиғи қалыпта да өздерін этнос ретінде сақтап қалу шараларын қабылдауға итермелей бастады. Ал, бұл халықтың бойында өз ортасынан алған тәжірибесі мен ұғым-түсінігінің нәтижесінде пайда болған қарым-қатынасының көрінісі ретіндегі ұлттық мінез-құлқының қалыптасуынан да көріне бастады.

Ұлттық мәдени даму астарында қарастырылатын Қазақстан баспасөзі осы жылдары өзінің сандық жағынан өсу кезеңін бастан кешірді. 1937 жылы республикада 267 газет шығып тұрды, оның 137-сі қазақ тілінде болды. Олардың тиражы 660 мыңға жетті. Сондай-ақ жалпы тиражы 5,3 миллиондай 408 атаумен кітаптар шығарылды (22).

Бұл жерде баспасөз саны өсуінің негізі қазақ тілді басылымдардың есебінен жүзеге асырылғанын айтуымыз керек. Тұрғындардың сауаттылық деңгейінің арта түсуі мен кітапханалар санының көбеюіне байланысты газеттер мен журналдардың жаңа типтері пайда болды, олардың тиражы өсті, оларға сұраным артты, ал бұл өз кезегінде ұдайы жазылып келгендей, ғасырлар бойы артта қалып келген қазақ халқының шат-шадыман өмір сүруіне жағдай жасап отырған кеңестік жүйені насихаттаудың күшейе түсуіне кең жол ашты. Социалистік идеологияның маңызды органикалық элементі саналған баспасөз Кеңестер елінің, оның ұлттық республикаларының жеткен жетістіктері мен табыстарын көрсетіп отыруға белсене араласты, осы тұрғыдан келгенде ол көптеген қиял-ғажайыптарды дүниеге әкелген ең басты жаратушыға айналды.

Осы орайда публицистиканың қазақстандық қоғам өміріндегі алған орны мен маңызы жөнінде айтпай кетуге болмайды. Ол 1930-жылдардың бірінші жартысында ырғақты түрде дамып, жаңа формалармен байи түсті. Бұл, әрине, жағымды жағы. Және бұл журналист-публицистердің кәсіби шеберліктерінің өсе түсуіне байланысты болды, ал оның түп-төркініне тереңдеп барар болсақ, фактілер мен оқиғалар, қоғамдық құбылыстар қолдан жасалған кеңестік қиял-ғажайыптармен жасанды түрде астастырылып, қалың бұқараның сана-сезіміне сіңірдірілді (23).

Публицистика бұқара сене бастаған көрініс қалыптастырумен болды. Кеңестік дүниенің бәрі де жағымды қабылданды. Енді саясаткерлердің пайдасына қоғамдағы жекелеген көріністер мен құбылыстардың ғана іріктеліп алынатындығы жөнінде ойлайтындар болмады, болды дегеннің өзінде олар бірен-саран ғана еді. Сонымен, 1930-жылдардың екінші жартысында қалыптасқан партиялық-кеңестік баспасөз түпкілікті саяси-идеологияландырылды. Ал, бұл өз кезегінде, қоғамның барлық құрылымдарының, оның барлық институттарының саясиландырылуы мен идеологияландырылуына әкеліп тіреді.

Қазақстанда индустриаландыру мен ұжымдастырудың, сондай-ақ мәдени революцияның жүзеге асуы нәтижесінде социалистік мемлекеттің іргетасы қаланды. Көптеген қоғамтанушылар қазақ этносының тұтастану процесінің аяқталуын және оның социалистік ұлт ретінде қалыптасуын осымен байланыстырады. 1936 жылы желтоқсанда Қазақ КСР-нің КСРО

құрамында тең құқықты республика ретінде құрылуы бұл процестің заңдық тұрғыда аяқталуын білдіреді, бұл істе журналистика орасан зор рөл атқарды. «Қазақ» этнонимі мемлекеттік құрылыста өзінің заңды орнын алды, ал бұл оны Кеңес Одағындағы барлық халықтардың іс жүзінде мойындағанын білдірді және де бұл қазақ халқының ұлттық өзіндік идентификациялануында айрықша маңызға ие болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Асылбеков М. Индустриализация Казахстана и её социально-экономические последствия // Мысль. 1993. №4. – С. 85-89.
2. Қараңыз: VIII Казахстанская краевая конференция ВКП (б). 8-16 января 1934 г. Стенографический отчет. – Алма-Ата–Москва, 1935. – С. 51.
3. Печать Советского Казахстана. См.: Многонациональная советская журналистика. – М., 1975. – С. 157.
4. Мысалы, қараңыз: // Еңбекші қазақ. 1927. 16 шілде, 18 желтоқсан; 1928. 13 қаңтар; 1929. 4 қазан; т.б.
5. Қожакеев Т. Таңдамалы шығармалар. Көптомдық. 6-том. – Алматы: Қазақпарат, 2007.
6. Садвахасов С. О национальностях и националах // Большевик Казахстана. 1928. №1.
7. // Большевик Казахстана. 1931. №5. – С. 18.
8. // Революционный Восток. 1935. №5. – С. 93.
9. Қараңыз: ЦГАОР РФ. Ф. 3316. Оп., 2. Д., 220. – С. 59-73; Шоқай М. Таңдамалы. 1-том. – Алматы: Қайнар, 1998. – 28-29-беттер.
10. Қазақстан Республикасы ғылым Академиясының мұрағаты. Ф., 74., Оп., 674. Д., 18; Ф. 1000. Оп., 10. – Д., 188.
11. // Еңбекші қазақ. 1926. 4 наурыз; 1929. 4 наурыз.
12. // Еңбекші қазақ. 1927. 17 қаңтар.
13. // Еңбекші қазақ. 1927. 12 ақпан.
14. // Еңбекші қазақ. 1927. 28 ақпан.
15. Чокай оглы М. Туркестан под властью Советов. К характеристике диктатуры пролетариата. Главы из книги // Простор. 1992. №№9-10. – С. 103.
16. Можаев Б. Мужики и бабы // Роман-газета. 1989. №5. – С. 2.
17. Елубаев С. Нәубет. Мезгіл мінбесінен // Қазақ әдебиеті. 1988. 18 наурыз.
18. Козлов В. Национальности СССР. – Москва, 1983.

19. Сталинге хаттың толық мәтінін қараңыз: Лениншіл жас. 1989. 13, 17, 18 желтоқсан; сондай-ақ қараңыз: Абылкожин Ж.Б., Қозыбаев М.Қ., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. 1989. №7. – С. 53-71.

20. Абдакимов А. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). Учебное пособие. – Алматы, 2003. – С. 243.

21. Садықов С. Ұлттық рух жаршысы. Монография. – Алматы: Алаш, 2005. – 141 бет.

22. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 162-168-беттер.

23. Тоқтыбаев И. Сауатсыздықты жою майданында // Еңбекші қазақ. 1930. 13 ақпан; Сармолдаев Қ. Екінші бесжылдықтағы еңбекшілердің міндеттері // Еңбекші қазақ. 1933. 3 қаңтар; Сонікі. Большевиктердің басшылығы керек // Еңбекші қазақ. 1933. 29 наурыз; Марксизм-ленинизм классиктерінің аудармасы жөнінде. Бас мақала // Социалистік Қазақстан. 1935. 9 маусым; т.б.

Бірінші бөлім бойынша бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Қазақтардың өзіндік идентификациялануының тарихи аспектілері.
2. Қазақ публицистикасының туу арналары.
3. «Түркістан уалаяты газетінің» ұлтық сана-сезімге ықпалы.
4. «Дала уалаяты газетінің» ұстанымы.
5. Шоқан Уәлихановтың публицистикасы.
6. Ыбырай Алтынсариннің публицистикасы.
7. Абайдың «Қара сөздері» қазақ публицистикасының классикалық үлгісі.
8. «Қара сөздердегі» қазақ тақырыбы.
9. «Айқап» журналының редакторы мен авторлары.
10. «Айқап» журналындағы жер мәселесі.
11. «Қазақ» газетінің редакторлары мен авторлары.
12. «Қазақ» газетінің ұлттық сананың өркен жаюдағы рөлі.
13. Қазақтардың «қайсақ», «қырғыз-қайсақ», «қырғыз» аталуы.
14. А.И.Левшиннің «қазақ» атауына анықтамасы.
15. Ш.Уәлиханов қазақтар туралы.
16. Міржақып Дулатовтың «Қазақ, қырғыздың ата, тегі туралы» еңбегі.
17. Патшалық Ресей империясының қазақ жеріндегі отаршылдық саясаты публицистер шығармашылығында.

18. Жүсіпбек Аймауытов публицистикасында орыс отаршылдарының көрініс табуы.
19. «Алаш» партиясы қазақтар өмірінде.
20. «Ұлы Түркістан», «Бірлік туы» газеттерінің саяси бағыты.
21. «Алаш» апталық газетінің ұлттық ұстанымы.
22. Кеңестік типтегі алғашқы қазақ басылымдары. («Ұшқын», «Қазақ мұңы», «Еңбек туы», «еңбекшіл қазақ» газеттері).
23. С.Сейфуллиннің «Қазақты қазақ дейік, тарихи қатені түзетейік!» мақаласының негізгі идеясы.
24. Жиырмасыншы жылдары қазақтың шын атын өзіне қайтару жолында күрескен публицист-қаламгерлер.
25. «Қазақ» атауы қалай қайтарылып алынды?
26. Қазақ пцблицистері кеңестік индустрияландыру мен ұжымдастыру жылдарында.
27. Голощекиннің қаһарына ұшыраған қазақ қаламгерлері.
28. Қазақ тарихындағы 1932 жыл – қасіретті дата, қайғылы трагедия.
29. И.В.Сталинге жолданған «Бесеудің хаты».
30. 30-жылдардағы қазақ публицистикасының сипаты.

II БӨЛІМ
СОЦИАЛИЗМНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУ КЕЗЕҢІ МЕН ЕКІНШІ ДҮНИЕ-ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПРОБЛЕМАЛАРЫ

I ТАРАУ
ӘМІРШІЛДІК-ӘКІМШІЛДІК ЖҮЙЕНІҢ ОРНЫҒУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ

Кеңестік жүйенің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ билік өзінің демократия идеяларына берілгендігін жария етті. Қоғамның демократиялық құрылымы экономикасының негізі – жер мен өндіріс құрал-жабдықтарына жалпыхалықтық меншік болып табылды. 1937 жылы наурыз айының соңында өткен кеңестердің жалпықазақтық съезінде қабылданған Қазақ КСР-нің бірінші Конституциясында Республика барлық билік еңбекшілерге берілген жұмысшы және шаруалардың социалистік мемлекеті ретінде белгіленді.

Қазақ КСР-нің экономикалық негізі шаруашылықтың социалистік жүйесі және өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік болып табылды. Жеке меншік формасы жалпыға ортақ бөліп таратумен ауыстырылды (1). Нәтижесінде бөліп таратудың басында тұрғандар іс жүзінде жер мен құрал-жабдықтардың жаңа меншіктеушілеріне айналып, еңбек жемісін жұмсаушылар құқығына ие болды. Жеке меншікті жою ақыр соңында тұтас қоғам өмірінің жаппай мемлекеттендірілуіне, әкімшілдік-әміршілдік жүйенің қалыптаса бастауына алып келді.

Кеңестік биліктің қалыптасу процесінде 1920-жылдары кәсіби революционерлерді мемлекеттік бюрократия ығыстыра бастады.

1924-1929 жылдар сталинизм алғышарттарының қалыптасу кезеңіне жатады. Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдары ленинизмнің белең алуы мен сталинизмнің мықтап орныққан отызыншы жылдардың ортасына дейінгі аралықта «Өтпелі кезең» жатыр. Дәл осы жылдары сталинизмнің идеялық және әлеуметтік-саяси алғышарттары жасалып жатты, бұл тұста қоғамның казармалық-коммунистік және социалистік-демократиялық бастауларының қарама-қайшылықты бейнелері айқындалып, бір-бірімен ашық түрде бітіспес күреске шыққан болатын.

Халықтың басым бөлігінің «жалған санасын» өктемдікпен билеп-төстеп алған сталинизм бірте-бірте атқарушы билікті нығайтып, кім-кімді болмасын бас көтертпеуге аса қабілетті жазалау органдарының көмегімен өзінің көкейінен шыға білетін тиісті бюрократия армиясын құрды. Сөйтіп, дәл осы

бюрократия уақыт өте келе сталинизмнің негізгі әлеуметтік базасына айналды.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгеріске ұшырауымен бір мезгілде идеологияда да терең өзгерістер жүріп жатты. Сталинизм өзінің алғашқы кезеңінде саяси ойлау мәдениетінің деңгейі төмен жатқан қалың бұқараның психологиясына, көңіл-күйіне ықпал ететін идеологиялық субъективизм мен саяси волюнтаризмнің айқындалмаған тенденциялары күйінде қалыптаса бастады. Даму эволюциясының екінші сатысында оның әлеуметтік негізі мен идеялық айшықтарындағы өзгерістердің мәнін былайша түсіндіруге болады: «халықтық» сталинизм «бюрократтық» (демек, халыққа қарсы) сталинизмге, ал волюнтаристік идеялық тенденциялар бюрократтық элита төңірегіндегілерге тарихты жасаушы бірден-бір ұлы тұлға ретінде ұғым қалыптастыратын жеке басқа табыну идеологиясына айналды.

Әміршілік-әкімшілдік, яғни жақсы ұйымдастырылған консервативті әлеуметтік күштер жүйесі дами келе саясат пен экономикадағы бюрократтық централизм жанының соншалықты сірілігін айқындап берді. Бюрократия әміршілдік-әкімшілдік жүйесінің формасын өзгертіп отырды, идеологиялық қатынастарды түрлі түске бояды, дегенмен де әрдайым бір ғана мақсатқа – мемлекет билігін сақтап қалуға қызмет етті.

Кеңес еліндегі бюрократизм механизмі үнемі шеберлікпен жетілдіріліп отырды. Әміршілдік бюрократтық жүйенің әрбір буыны өзінен жоғары тұрған буынға тәуелді болды, себебі ол оған шектеусіз биліктің бір ұшын ұстатып қойған болатын. Бұл үшін жоғарының берген нұсқауын бұлжытпай орындау, оған жан-тәнімен беріле қызмет ету заң болып табылды. Оның үстіне төбеден қара бұлттай төнген қорқыныш билікті ұстап тұрудың ең маңызды құралына айналды. Басқару аппараттары аумағы шын мәнінде орасан зор жазалау жолдарын таңдап үлгерген еді ... Осылайша, сонау 30-жылдары күшіне міне бастаған бюрократтық централизм тамырын терең жайып үлгермеген жас демократияның ту сыртынан қанжарын жалаңдата бастады. Осы мезгілде саяси аренаға өзінің партиялық қарсыластарын аяусыз қырып-жойып, жазалаған Сталиннің жеке басына табынушылық принципі бой көтерді.

Жеке басқа табынудың саяси астарымен қатар идеологиялық жағы ерекше назар аударуды қажет етеді. Табыну идеологиясы бір адамның қолына барлық билікті жинап беруде орасан зор рөл атқарды. Табыну идеологиясы бас изеуге ғана негізделген құлдық идеологиясының өзегі болды. Осы идеология халықтың миын марксизм-ленинизммен улап, мәңгүртке айналдырды.

Көсемшілдік психологиясы, бюрократтық «беделді байыту» жеке билікті сақтаудың, әкімшілдік-әміршілдік жүйені құрудың құнарлы көзіне айналды. Бұл шынайы демократияның өңін айналдырып, томаға-тұйықтыққа әкеліп тіреді, экономикалық және саяси салаларда икемсіздік белең алды. Жас демократия түп-тамыры бекіп үлгермей жатып, 30-жылдардың басында-ақ күшейе түскен централизм мен бюрократизм соққысының астында қалды. «Мақсатты құрал анықтайды!» деген сталиндік принцип қатаң басшылыққа алынды.

Жоғары лауазымды қызметтегілер коммунизм дегеннің бүкіл адамзаттың жарқын болашағы екенін бар дауыспен айтып жатты. Марксистік фразеологияны әрдайым қолданып отырғанымен олар шын мәнінде сөз жүзінде ғана коммунист болды. Жоғарыда біршама тоқталып өткеніміздей, жаңа өктем таптың туу, қалыптасу және даму жолында өзіндік обьективті негіздері мен өз механизмі болды. Белгілі кеңестанушы М.С.Восленскийдің пікірінше, «оның негізі» элементарлы фактіден тұрады, жаңа үстем тапты құру тапсыз коммунистік қоғам құру процесіне тікелей қарама-қарсы бағытта жүретін процесс болып табылады» (2).

Әміршілдік-әкімшілдік жүйе өз мақсатына жету жолында қатарын тұрақты түрде тазалап отырды, ұдайы қорқыныш атмосферасын қалыптастырып кең көлемде идеологиялық науқан ұйымдастырды. Жаңа мемлекеттік тап барлық салаларда – экономикада, әлеуметтік ауқымда, мәдениетте, өнерде, әдебиетте, спортта, тағы басқаларда жаппай бақылау орнатты. Мемлекет азаматтардың құқығы мен бостандығы жөнінде гуманистік және прогрессивті идеяларды ту етіп көтеріп, жаппай қуғын-сүргінді бастады, тек 1937-1939 жылдары жүздеген мың жазықсыз жандар соның құрбаны болды. Осыған байланысты А.А.Морозов былай деп жазды: «Осы кезеңде, одан кейін де, әсіресе саяси құқық пен бостандық шынтуайтына келгенде тек қана сөз жүзіндегі декларативті жағдай болды» (3).

Олар ақыр соңында қоғамдық сананы басқару механизмін жасауға қол жеткізді. Өздері насихаттап отырған идеология құрылымына сай келмегендердің барлығы да реакциялық, догмалық, зиянды деп жарияланды, шетке ысырылып, жойылды. Нәтижесінде мемлекеттік аппарат партиямен жымдасып кетті де соңғысына жетекші рөл берілді, қоғам өмірінің барлық саласы саясиландырылды.

Мұндай саясиландыру КСРО-да тұратын ұлттар мен ұлыстардың өміріне ықпалын тигізді. 1930-жылдары күшіне міне бастаған әміршілдік-әкімшілдік централизм этностар дамуында кері әсер етіп, екіжүзділік танытты. Әміршілдік-әкімшілдік жүйе, бір жағынан, жаңа ұлттық интеллигенцияның

қалыптасуына жағдай туғызып, ұлттық мәдениеттің одан әрі дамуының іргетасын қалады, ал екінші жағынан, қуғын-сүргінді бастап, халықтардың тарихы мен ұлттық мәдениетінің теориясын қайта қарауға мәжбүрледі. Бұл билік басындағылардың иделогиясына сай келіп, солардың мүдделеріне қызмет етті. Номенклатура қоғамда бар билікті жүзеге асыра отырып, өз бақылауына саяси басқаруды да алды: барлық шешімдердің орындалуы оның қолында болды. Ол сондай-ақ барлық материалдық өндіріске басшылықты өз қолында ұстады. Алайда, оның буржуазиядан айырмашылығы, соңғының қолында барға сүйеніп, үстем тапқа айналса, номенклатура, керісінше, алдымен үстем тап болып, осының нәтижесінде қолда бар тапқа айналды. Қалыптаса бастаған әкімшілдік-әміршілдік жүйе тұтас елде, сондай-ақ оның жекелеген аймақтарында – ұлттық және автономиялық республикаларда, ұлттық округтарда ұлттық саясатқа барынша ықпал жасап отырды (4).

Идеологтар құрылған ұлттық мемлекетті социалистік ілімге адалдықтың маңызды белгілерінің жаңа жүйесі деп жариялады, барлық ресми құжаттарда ұлттық-мемлекеттік құрылым социалистік ұлттардың эволюциясы және халықтар достығы мен интернационализм идеяларын жүзеге асырудың нәтижесі ретінде көрсетілді. Аймақтарда құрылған партиялық мемлекеттік аппарат осы тезистерге адалдықты орнықтыруды қамтамасыз етуі тиіс құралға айналды.

Жоғарыда айтылғандардың Қазақстанға да тікелей қатысы бар. Мұнда да номенклатуралық қызметкерлердің қатарына саяси жағынан сенімді кадрлар кірді, олардың арасында жағымпаздар, екіжүзділер мен қызмет қуушылар да аз болмады. Олар қызмет сатыларында жоғары көтерілу жолында сенімге кіру үшін ештеңеден де тайынбады, берілгендік пен бәрін де мінсіз атқаруға деген құлшыныстарымен ерекшеленуге тырысты.

Әрине, сол жылдардың астарында ұлттық мемлекеттік құрылыс тарихын тек жағымсыз жағынан ғана қарастыруға болмайды. Керісінше, мемлекеттікті құру, жалпы алғанда, сөз жоқ, прогрессивті құбылыс. Номенклатура билігін нығайта түсу үшін өзінің жеке мүддесіне орай адамдарға бақытты өмір қамтамасыз ететін коммунизм жөніндегі утопиялық түсінік-ұғымдарға сәйкес қоғам мен халықтардың жан-дүниесін өзгерту мақсатында кең көлемде эксперимент жүргізді.

Осындай жоспарларды жүзеге асыру үшін номенклатураға сенімді құралдар қажет болды, солардың маңыздыларының бірі журналистика еді. Бұл жүйеде ол әлеуметтік-саяси институт ретінде қоғам мен адамдар санасына қуатты қысым жасай алады. Әміршілдік-әкімшілдік жүйе жаңа типті журналистиканы дамытуда қаржы мен құрал-жабдықтарды аямай жұмсады, себебі ол төңкерістік күресте өзінің тиімділігін дәлелдеп, уақыт

сынынан өткен болатын. Пролетариаттың ұлы көсемі аталған В.И.Лениннің ойынша, баспасөз енді «социалистік құрылыстың қаруы» болуы тиіс еді. Оның қуат-күшін терең сезіну Қазан төңкерісінен кейін-ақ іле-шала аңғарылды да, ол кеңестік биліктің алғашқы құжаттарының бірі болған «Баспасөз туралы декретте» көрініс тапты, онда большевиктер саясатын қолдамайтын барлық басылымдарға қатаң тыйым салынды.

Бәсекелестерді жою кеңес баспасөзі жүйесінің негізін қалаудағы жұмыстың бірінші кезеңі болды. Екінші кезең оның құрылымын жетілдіру болып табылды. Бұл жерде мынаны есте ұстау керек, большевиктерге оппозициялық баспасөз жойылғанымен, кеңестік басылымдарда пікірлер алуандығы сақталды. Басылымдарда сын мен өзара сын орын алып отырды, бұл партияның өз ішіндегі күрестің әсері мен партиялық бюрократтық аппараттың әлі толық құрылып бітпегенін, бар билікті тұтастай қолына ала алмағанын көрсетті.

1920-жылдардың соңында партия толық билікке ие болды, нәтижесінде партиялық және шаруашылық аппараттарды теңестіруге қол жеткізіліп, бұл әміршілдік-әкімшілдік жүйенің өктемдігінің нығая түсуіне әкеліп соқты. Ол қоғам өмірінің барлық салаларында – өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, мәдениетте, өнерде, әдебиетте, тағы басқаларда қайта құруды күштеу әдісімен жүргізе бастады. Бұл жағдайда баспасөз социализмнің әміршілдік-әкімшілдік типі концепциясының ұстанымын қамтамасыз етуде идеологиялық және ұйымдастыру құралына айналуға тиіс болды. Кеңес Одағының баспасөз жүйесін құрудың ерекшелігі осында жатты.

Ол елдің иерархиялық басқару құрылымының жүйесін қатаң сақтай отырып, құрылды. Биліктің ең басында партияның Орталық Комитеті тұрды, одан кейінгі басқыштарда – одақтас республикалар компартиясының Орталық комитеттері, автономиялы республикалар мен округтер комитеттері, Ресей Федерациясының облыстары, одақтас республикалардың облыстық комитеттері, қалалық комитеттері, аудандық комитеттері, кәсіпорындар, ұйымдар, ұжымшарлар, кеңшарлар, жоғары оқу орындары және т.б. комитеттері орналасты. Баспасөз құрылымы осы қатаң да нақты құрылымға сәйкестендіріліп құрылды.

Бұл жүйенің ұшар басында «Правда» газеті бастаған орталық баспасөз тұрды, ол бүкіл кеңес журналистикасының идеялық мазмұнын белгілеп отырды. Барлық бас редакторлар мен олардың орынбасарлары міндетті түрде партия мүшесі болуы тиіс еді және олар тиісті партия органдарының номенклатурасына кіргізілді. Осылайша партиялық қатаң бағытты жүзеге асыру қамтамасыз етілді. Алайда авторитарлы жүйе үшін баспасөзге қатаң бақылау орнатуда бұл жеткіліксіз болды. Сондықтан да кеңестік цензура

институты – Главлит құрылды, Қазақстанда оның бастауы 1922 жылғы 6 желтоқсаннан алады. 1930-жылдары баспасөз қызметіне бақылау жасайтын бұл құрылым бірте-бірте қоғам өмірінің барлық саласын қамти отырып, өз қызметін жандандыра түсті.

Партия органдарының өктемдігі мен олардың қабылдаған қаулылары мен шешімдері журналистика қызметінде заңды негіздердің болу қажеттілігін жоққа шығарды, бұл ақыр аяғында, іс жүзінде кез-келген материалдың идеологиялық жағынан зиянды деп жариялану мүмкіндігіне әкеліп тіреді. «Тарихи тұрғыда цензураның төмендегідей формасы қалыптасты: алдыңғы және кейінгі – жазалау, - деп жазады зерттеуші-ғалым А.Қапаева. - Алдыңғы кезеңде кейбір шығармалар мен мәтіндер түрлі жағдайлармен баспасөз бетінен орын алса, осы екі кезеңнен тұратын жүйе келеңсіз жайтты айқындауы тиіс болды. Олардың одан әрі таралуына жол бермей, бұған кінәліге жаза белгілеу қажет еді. Кеңестік цензура алдыңғы, сондай-ақ кейінгі бақылауда да қырағылығымен ерекшеленді. Оның үстіне жазалау цензурасы түсінігінің сөз жүзінде де маңызы орасан зор болды» (5).

1930-жылдардың ортасында Қазақстан баспасөзінің жүйесі кең ауқымды, теңестірілген сипат алды. Ол төмендегідей көрініс тапты: республикалық, облыстық, аудандық, сондай-ақ төменгі буындағы партиялық газеттер; шаруаларға арналған республикалық газеттер, республикалық жастар газеттері; республикалық салалық газеттер. Журналдық басылым да осындай принциппен ұйымдастырылды (6).

Қазақстан баспасөзінде болған құрылымдық өзгерістердің мәні қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік-саяси, ұлттық және өзге де қатынастардың біртұтастығын көрсетеді. Алайда, республиканың ұлттық баспасөзі өткен тарихи ерекшеліктерді, қазақ халқының дәстүрлерін, сол кезеңнің өзекті сұранымын, Қазақстанда тұратын түрлі этностардың мәдени дамуының деңгейін есепке ала отырып құрылған жоқ. Сондықтан да кеңестік ұлттық баспасөздің үйлестірілген біртұтас моделі қоғамдық санаға теріс ықпалын тигізгенін айтуымыз керек. Типологиялық сипаттың әртүрлілігі олардың балалар, жастар, әйелдер және т.б. басылым түрлеріне де бөлінуі, ең бастысы коммунистік сананы дамыту, жаңа социалистік ұлтты қалыптастыру міндеттерінен туындады.

Баспасөз міндетіне интернационализм принциптері тән жаңа құрылыс идеяларын тынбай насихаттау жатты, оның мәні ұлттардың теңдігін қамтамасыз етуді қамтамасыз етуге көмек беруде болатын. Қазақстан баспасөзі өзінің ең басты міндеті партияның жұмысшы табының, халықтық интеллигенцияның ұлттық отрядын қалыптастыру жөніндегі ұрандарын іс жүзіне асыру деп есептелді. Республика мемлекеттік аппаратын

жергіліктендіру процесін ашып көрсетуге айрықша маңыз беріліп отырды. Барлық аса ауқымды реформалар әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан артта қалушылықпен күрес жағдайында жүзеге асырылып жатты: білікті маман кадрлардың жетіспеушілігі, жаңа ұлттық жазбаның нашар таратылуы, жергілікті тұрғындар арасында сауатты адамдардың аздығы және т.б.

Насихаттық жұмысты ел дамуының бесжылдық жоспарларын орындауда практикалық міндеттерімен байланыстыра отырып, баспасөз социалистік жарыстың ұжымдық ұйымдастырушысы ретінде өнеркәсіп орындарында, ұжымшарлар мен кеңшарларда рейдтер ұйымдастырып отыруды дәстүрге айналдыра бастады, бұл іске жұмысшы-село тілшілерінің екпінді бригадаларын тартып отырды. Бұқараға саяси тәрбие беру ісін күшейте түсу үшін халыққа жақын тұрған төменгі буындағы қоғамдық-саяси баспасөздің типологиялық тынысы кеңейе түсті.

Әміршілдік-бюрократтық жүйе тарапынан баспасөз қызметін ретке келтіріп отырудың формаларының бірі ретінде жоғары партия комитеттерінің органы болып табылатын баспасөздің төменгі партия ұйымдарының газеттеріне тұрақты шолу жасап отыру болып табылды. Бұл жарияланымдар шын мәнінде басқару жанры болды, олардың ерекшелігі нұсқау-кеңес беруде жатты. Сондықтан да төменгі басқыштағы кеңестік баспасөз жүйесіндегі газеттер осындай шолуларды өз беттерінде жариялап отыруы тиіс болды. Мұндай шолу материалдарда белгілі бір типті басылымның міндеттері мен функциялары жөнінде теориялық анықтамалар беріліп журналист практикасына озық тәжірибені енгізу мақсатымен шолу жасап отырған газеттің жетістіктері насихатталып, кемшіліктері сын тезіне алынды. Алайда, облыстық, аудандық, тіпті республикалық газеттерде білікті журналист кадрларының жетіспеушілігі, олардың теориялық деңгейінің төмендігі журналистік жарияланымдарда аңғарылып отырды. Көптеген материалдарға үстірттік, ұраншылдық, даңғазалық тән болды.

1934 жылы ВКП (б) Орталық Комитетінің «Газет қызметкерлерінің кадрлары туралы» қаулысынан кейін Қазақстан комвузында баспасөз қызметкерлерінің бөлімі ашылды. Ал, осы жылдың сәуір айында Қазақ коммунистік журналистика институтында журналист кадрларын даярлау тұрақты жүргізіле бастады. Бұл жерде ұлттық баспасөздің болашақ қызметкерлері оқыды. Коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу мен ұлттық даму мәселелері кеңестік идеологияның сүзгісінен өтіп отырды.

Баспасөз материалдарында республикада болып жатқан қайта құрулар, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мәдениет пен ғылымдағы табыстар жөнінде

асқақ үнмен баяндалып, бұлардың барлығы да маркстік-лениндік іліммен тығыз байланыстырылды.

Мысалы, 1935 жылы КСРО Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М.И.Калинин Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің мерекелік сессиясы мен ұжымшарлар екпінділерінің бүкілқазақстандық съезінде жасаған баяндамасында былай деп атап көрсетті: «Кеңестер Одағы шын мәнінде бұрын азап шегіп келген ұлттардың отаны. Кеңестер Одағы нағыз социалистік отан – бұрын жаншылып келген халықтардың, экономикалық жаншылған, ұлттық жаншылған, діни қатынастарда да жаншылған халықтардың анасы, барлық еңбекші тұрғындардың анасы. Ол біздің бәрімізді бауырластырды, еңбекте достастырды. Ол бізге миллиондаған жұмысшылар мен шаруаларды біріктіруге мүмкіндік туғызып, оларды қуатты халықаралық күшке айналдырды, қаласын не қаламасын онымен әлемдік капитал санасуға мәжбүр» (7).

Бұдан әрі ол былай деді: «біздер – орыстар, украиндар, қырғыздар, өзбектер, казактар және басқа халықтар, осыдан аз уақыт бұрын ғана европалықтар жабайылар демесе де, әйтеуір сол жабайыларға жақын адамдар едік. Ал қазір күллі адамзаттың жарық сәулесіне айналып отырмыз» (8).

М.И.Калининнің сөйлеген сөзінен келтірілген соңғы абзацта қазақ халқының орыс тіліндегі атауының «казак» болғаны көрініп тұр. Бұл едәуір түрде шатасуға алып келіп отырды, «әңгіме орыс, украин казактары туралы ма, әлде қазақтар туралы ма?» деген сауал көкейде тұрды. Сондықтан 1936 жылы «қазақ» сөзін жазбаша қолдану жөнінде Қаулы шықты. Онда былай делінді:

1. «Qazaq» сөзін орыс тілінде дұрыс қолдану мақсатымен осы сөздің «казак» айтылуына сәйкес сөздегі соңғы «к» әрпін орысша атауда және жазбаша түрде «х» әрпімен ауыстыру, яғни осыған орай «казак» деп емес, «казах», «Казакстан» емес, «Казахстан» деп жазу дұрыс болады» (9).

1937 жылы өлкелік партия комитеті Қазақстан коммунистік партиясы болып қайта құрылды. Сол жылы оның бірінші съезі өтіп, республика партия ұйымының Орталық комитеті сайланды. «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері оның органына айналды. 30-жылдардың соңында республикада 1 миллионнан астам тиражбен 322 газет шығып тұрды (10). Осы жылдары ұлттық баспасөз орыс алфавиті құраған негізде шыға бастады. Тағы да осы кезеңнен бастап барлық Кеңес Одағының баспасөзі сияқты Қазақстан басылымдары да өздерінің типологиялық ерекшеліктеріне қарамастан әміршілдік-әкімшілдік жүйе төңірегіне тығыз топтасып, партия позициясын түпкілікті ұстанды, оның ажырамас бір бөлігіне айналды.

Мысалы, партиялық газеттердің редакторлары міндетті түрде тиісті партия комитеттерінің мүшесі болды: республикалық, облыстық, аудандық және т.б. Редакцияда қызмет ететін әрбір журналист партия-кеңес органдарының номенклатурасына енгізілді. Бұл партияның ең белсенді резерві еді. Ерекше қабілетті, іскер журналистер партия комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдеріне қызметке ауыстырылып отырды. Сондай-ақ баспасөз жұмысының сапасы мен дәрежесін арттыру мақсатында жекелеген партия қызметкерлері редакцияға басшылық қызметке тағайындалатын жайлар да кездесті. Бұл партиялық басшылық формаларының бірінен саналды.

Оның үстіне редакциялар тұрақты түрде партия комитеттеріне газетте келтірілген не көтерілуге тиіс тақырыптар, атқарылып отырған жұмыстар жөнінде есеп беріп отырды. Бұл партия органдарының редакциялардың тыныс-тіршілігін жіті қадағалап отыруына, шығармашылық қызметкерлердің потенциалынан хабардар болуына мүмкіндік туғызды. Журналистерді моральдық және материалдық жағынан ынталандырып отырудың түрлі формалары пайдаланылды. Осылайша, кеңес баспасөзі әміршілдік-әкімшілдік жүйенің қолшоқпарына айналды. Бұл, әсіресе, халық жаулары аталғандармен күрес кезеңінде кең етек жайды. Баспасөз қызметкерлері сот барысын ашып көрсетуге тартылып отырды. Мұндай жарияланымдар қалың көпшіліктің үлкен қызығушылығын туғызып, газеттер қолдан-қолға өтіп жатты. Мұның газеттер тиражының күрт өсе түсуіне де тигізген ықпалы аз болған жоқ.

Газеттерде сот залынан жарияланған даңғаза материалдар адамдар бойына қорқыныш-үрей ұялатып, таптық белгілер бойынша ғана емес, сондай-ақ ұлттың өз ішінде де сенімсіздік туғызды. Жекелеген адамдардың қорқынышқа бой алдырып, айналасындағыларға күдікпен қарауы сатқындыққа, екіжүзділікке жетеледі, мұндайлар қасындағы достарын, туған-туыстарын, тіпті көршілерін де ұстатып жіберуден тайынбады. Қуғын-сүргіннің осындай қасиетсіз құбылысы журналистерді айналып өткен жоқ. Оның астарында бір-бірінен кек алу мақсатымен қара күйе жағу кең етек жайып бара жатты. Міне, мұның бәрі де қоғам мен мемлекеттің төңкерістік тәжірибесі мен коммунистік ілімнің шыншылдығына құлай берілу мен фанаттық сенімнің нәтижесі болып табылды.

Әлеуметтік психология тұрғысынан алар болсақ, қоғамдық ортаның осындай ерекшелігі жеке адамның қалыптасуына әсерін тигізбей қалған жоқ. Мерзімді баспасөз беттеріндегі психологиялық контекстер істің шын мәніндегі қалпын бұрмалай отырып, қалың бұқараның сана-сезімін уландырды. Міне, бұл ең алдымен публицистің ішкі жан дүниесіне, қорытындысында баспасөздің бет-бедеріне кері әсерін тигізді. Публицист

саналы түрде лозунгтардың, аттандаған ұрандардың жетегінде кетіп, соның ауасымен тыныстады, осы тұрғыда ой қорытатын болды. Ал аттандаған ұрандар дегеніміздің өзі әрқашанда дұрыс саналып келген идеялардың өзі болатын...

Қоғамның әлеуметтік өмірінде кәсіби публицист-журналистер мен басылымдар позициясының қалыптасу процесі біржақты болмай шықты. Сталиндік қуғын-сүргін жылдарында, біріншіден, адам ойына ерік берілмеді, мұны уысынан шығармау жоғарыдағы басшылықтың функциясына кіретін еді: журналистер болса, халықты жоғарыдан берілген нұсқаулар мен жарлықтарды орындауға жұмылдырушы болды. Екінші жағынан, қалыптасқан бұл жағдай саяси жалтақтықтың кең орын алуына әкеліп соғып, оны нығайта түсті. Коммунистік догматизмнің шеңберінде қалып, өңі айналдырылған «шындықты» ғана айтуға мәжбүр болған баспасөз қызметкерлері өз сана-сезімдерінде бірте-бірте құлдық психологияның қалыптаса бастағанын аңғарған да жоқ. Ал, құлдық психологиясының күштеу психологиясы екені ежелден мәлім. Әдетте, үнемі аласарып жүрген адамның қолайлы жағдай туа қалса, аяусыз өктемдікке ұмтылары сөзсіз. Сондықтан, журналистің де басшылыққа тәуелсіз ортада ең алдымен күштеу әдісіне жүгінуі заңды. Осыдан келіп, адамға деген гуманистік қатынастан жұрдай, эгоистік сипаты басым дөрекі сын материалдар жарияланып жатты. Бұл «халық жауларымен» қарсы бітіспес күрес жолындағы принципшілдік, ымырасыздық, адалдық, азаматтық деп бағаланды.

Бұл құбылыстың саяси механизмі тайға таңба басқандай айқын еді: «Халықтар көсеміне» өзінің ғана еркіне бағынатын орындаушылардың тұтас идеологиялық армиясы қажет болатын. Әкімшілдік-әміршілдік аппараты баспасөз арқылы қалың бұқараны басқарудың осындай әдісін үнемі қолдап отырды. Сондықтан сталиндік әйгілі «бес пайыз шындық» формуласының аясында бұқаралық идеологиялық, моральдық және адамгершілік аспектілерде қуғын-сүргін басталды. Сталиннің нұсқауы бойынша кез келген жарияланымда бес пайыз шындық болса, журналистің позициясы дұрыс деп есептелді, баспасөз қызметкері қалың бұқарамен қатынаста жоғары деңгейге қойылды. Газет тілшісі өз материалының қандай дәрежеде объективті екеніне бас қатырып жатқан жоқ. Осылайша, өндірістегі, шаруашылық саласындағы кез келген майда-шүйде кемшіліктердің өзі газет беттерінде үкімге айналып жүре берді. Осыдан-ақ публицист-журналистердің кеңес өкіметінің сол кезеңінде, одан бергі ұзақ жылдар бойы атқарған қызметіне баға беруге болады. Бұдан келіп шығатын басты қорытынды сол, қазақ жеріндегі күні кешеге дейін аштықпен бүркемеленіп келген 30-жылдардағы алапат қырғында, 30-жылдардың аяғындағы жаппай қуғын-сүргінде, ұлт

басына төрген тағы да басқа қасіретті нәубеттерде баспасөз қызметкерлерінің қаншалықты теріс рөл атқарғаны зерттеуді қажет етеді. (Ұлттық менталитетімізде бұрын-соңды болмаған сатқындықтың, жалтақтықтың, топқа бөлінушіліктің де осы кезеңде өріс ала бастағанын ешкім де жоққа шығара алмаса керек. – С.С.).

Публицистің жеке саяси таным-көзқарасының қалыптасуы негізіне кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ коммунистік моральдің жоғары принциптері, зұлымдық пен қайырымдылық түсініктері алынып отырғанымен сипатталады. Бұл жағдайда басшылыққа алынған принциптер мен оларды іс жүзіне асыру аралығындағы сәйкессіздік пайда болды. Бұл баспасөздің қалыптасуында да көрініс тапты: газеттер мен журналдар халықты жоғары идеалдарға үндеп, әлеуметтік жетістіктердің көріністерін бейнелеп жатты, осымен бір мезгілде аз да болса кәсіптік ар-ұяты бар кез келген журналист газеттерде не жазылып жатқаны мен нақты өмір шындығы арасындағы сәйкессіздікті іштей болжамдайтын. Сонымен, дәл осылайша саяси принципсіздік, идеялық екіжүзділік, ниет етілген ойдағы істі нақты шындыққа бағалау қалыптасып жатты.

Идеялық қатынаста дәл осындай сапалық нәтиже аса қауіпті болып шықты. Сырттай қарағанда әрдайым дұрыс көрініп тұрғанмен ол идеологиялық майдан жауынгерлерінің ақыл-ойы мен жүрегінде бүлдіргі іс-әрекетке жол ашып тұрды. Көпшіліктің көз алдында баспасөздің өңі айналдырылды, айқын мақсаттар мен идеалдарда сенімсіздік ұрығын шашып, сөз құдіретінің тиімділігі нақты шындықты нөлге әкеліп тіреді.

Кезінде философия тарихы да сталинизм идеологиясына сипаттама беруде дәрменсіздік танытты. Отызыншы жылдардың ортасында қалыптасқан, толыққанды, қанатын кеңге жайған сталинизм бюрократиялық элитаның гуманистік сипаттан жұрдай, күштеу мен зорлыққа негізделген волюнтаристік идеологиясына айналған еді. Ал, сталинизм әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесінде бюрократия диктатурасынан басқа ештеңе де емес болатын.

Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарында идеология мен саясат, өмір шындығы арасындағы нақты байланыстар бұзылды. Сталин саяси күрестің маңызды аспектілерін аса қатаң түрде жеке билік үшін күреске бағыттады (11).

Қазақ халқының басына зобалаң туғызып, ауыр қасіретке душар еткен кеңестік дәуірдің қайғы-зарының астарына байыппен үңілер болсақ, оның сталинизмге барып тірелетініне айқын көз жетеді. Сонымен, сталинизм. Бұл не? Қайдан пайда болды? Қазақ публицистикасында да бұл жөнінде аз айтылған жоқ. Сайып келгенде, ой-пікірлердің бәрі де бір арнада тоғысып

жатты: қуғын-сүргін, жеке басқа табыну, әміршілдік-әкімшілдік басқару әдісі, екіжүзді мораль, т.б.с.с. Ал, осы сталинизмді туғызған себеп-салдар, оның түп тамыры, т.б. жөнінде тереңдеп бара алдық па?

Сталинизмнің түпкі мән-мағынасын кең көлемде ашып көрсету біздің зерттеу еңбегіміздің міндетіне жатпайды. Дегенмен де, қазақ публицистикасы өз бастауын алатын, қазір тарихи қойнауларда өз сағасын тауып жатқан отызыншы жылдардағы қоғам дамуы механизмінің қалай айналғанын тағы да бір ой елегінен өткізу лазым. Баспасөз Сталин мен айналасындағы жекелеген «көсемдердің» «жаңалықтарын» дамылсыз қошеметтеп, мадақтаудан танған жоқ. Дегенмен де кеңестік қоғамдық құрылыста әміршілдік-әкімшілдік жүйе мен демократиялық қозғалыстар арасында бітіспес қақтығыстар болып отырғанын тарих дәлелдеді. Айталық, жаңа экономикалық саясат (НЭП) қарсаңындағы 20-жылдардың басы, партияның XV съезі кезеңіндегі 1927 жыл. Міне, мұның бәрі бастауын сталинизмнен алып жатқан бюрократизммен, волюнтаризммен, жеке басқа табынумен, құлдық психологиямен, ең бастысы қоғамды жайлаған әміршілдік-әкімшілдік жүйемен кескілескен күрестің айқын дәлелдері болып табылады. Бұл ұлы күрестен қазақ зиялылары, публицист-жазушылары да шет қалған жоқ. Кеңестік публицистиканың даңғаза хорының көлеңкесіне қазақ халқының жарқын бьолашағын аңсаған, елін, жерін, өз ұлтын шексіз сүйген журналист-публицистердің, ақын-жазушылардың, қайраткерлердің парасатты ақыл-ойлары мен отты үндері құмығып жатты. Біз бүгінгі таңда тәуелсіздік тұғырында тұрып, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, М.Шоқайдың, С.Садуақасовтың, К.Кемеңгеровтың, Н.Мұстанбаевтың, Т.Ізтілеуовтың, Ғ.Қарашевтің, Н.Төреқұловтың, С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтың, М.Әуезовтың, және тағы басқалардың есімдерін мақтанышпен және қасіретпен еске аламыз. Олар заңсыз жала жабылып, сотталды, қуғын-сүргінге ұшырады, бірқатары ату жазасына кесілді.

Ежелден көнбіс келетін момын да бауырмал қазақ халқы Кеңестер Одағын мекендеген көптеген ұлттар мен ұлыстардың талайлы тағдырлары мен қайғы-қасіреттеріне ортақтасып отырды. Кең байтақ қазақ жерінде олардың да етегі жасқа толып, қандары суша ақты. Қазақ даласы қанды қасірет мекеніне айналды. Біз мұны қазір ашық айтуға тиіспіз. Ұлан ғайыр қасіретті қазақ жерінде кеңестік азаптау лагерьлері бас басқармасының үлкен бір бөлігі – Карлаг, АЛЖИР (отан сатқындары аталғандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері), бұлардан өзге көптеген лагерьлер мен азаптау түрмелері болды (12).

Иә, кеңес баспасөзінің отызыншы жылдардағы тәжірибесі журналистиканың ақпараттандыру органынан қоғам мен оның мүшелерінің сана-сезіміне әрдайым қысым жасап отыратын органға айналғанын көрсетті. Бұл тек партиялық-кеңестік баспасөзге ғана тән болған мүлдем жаңа функция еді. Кеңестік дәуірде сол кезеңнің көрнекті ғалымы В.Г.Афанасьев былай деп атап көрсетті: «Бұқаралық ақпарат құралдарының басты функциясы – саяси тәрбие, насихаттық және басқару, ұйымдастыру» (13). Бұл теориялық тұжырым Кеңестер елі баспасөзінің әміршілдік-әкімшілдік жүйедегі басқару құрылымы болғанын айқын дәлелдейді. Онда сөз бостандығы түсінігі, қоғамдық өмірді жазудағы объективтілік тек коммунистік идеология позициясы тұрғысында ғана болғанын ешкім де теріске шығара алмаса керек.

Журналистика басқарудың мемлекеттік механизмінің құрамдас бөлігі ретінде регулятивті-ұйымдастырушылық функцияны адамдардың сана-сезіміне ықпал ету, практикалық нәтижелерге жету мақсатында нұсқауларды қалыптастыру жолымен жүзеге асырып отырды. Ол партиялық-мемлекеттік ресми құжаттардың мәнін оперативті түрде хабарлады, қалың бұқараға түсіндіріп, насихаттады. Міне, бұл кеңестік журналистиканың ең басты міндеті еді. Коммунистік дүниетанымды қалыптастыруға тікелей байланысты болмаған өзге функциялар екінші кезекке сырғытылып жатты. Оның үстіне кеңес журналистикасының алдына хабарлап не көңілін аударып болса да ұйымдастыру, басқару функциясын атқару міндеті қойылған еді.

Баспасөзді түпкілікті өз қолдарына алған партия органдары журналистерден партия саясатының салтанат құруы, оны жинақтап, қорыту, тиісті ұсыныстар беру жөніндегі фактілерді мұқият ой елегінен өткізуді талап етті. Қоғам өмірін көрсетудегі мұндай біржақтылық журналистерді нақты жағдайды алдын ала әзірленіп қойылған схемаға салып, өңін айналдырып беруге мәжбүрледі, жекелеген жағымды фактілер жарқын болашақтың бастапқы буыны ретінде ұсынылатын болды.

Партия органдары жүзеге асырып отырған баспасөзге қатаң бақылау (1920-жылдардың өзінде-ақ Орталық Комитеттерден бастап, қалалық, аудандық комитеттерде насихат және үгіт бөлімдері құрылған болатын) журналистерді шынайы өмірден алшақтап, коммунистік ілім жөніндегі бұрыннан белгілі жайларды ұдайы қайталап отыруға, қалың бұқараның санасын қалаған жағына қарай бұруға болатын материал ретінде қарастыруға ұдайы мәжбүрлеп отырды. Бұл, ақыр соңында, баспасөзді қиял-ғажайыптармен айналысуға итермеледі. Осыған байланысты жаңа қоғамдық құрылыс құрудың әдістеріне сын көзбен қараған атақты орыс философы Н.Бердиявтің сөз пікірлерін еске түсіру маңызды болмақ. Ол социалистік қайта құрулар жөнінде айта отырып, былай деп атап көрсетті: «Россияда

(Кеңес Одағында. – автор) индустриаландыру коммунизм белгісімен өтуі тиіс. Коммунистік режим жағдайында мұны индустриаландыру энтузиазмын жасап, оны прозадан поэзияға амйналдырып, сергек шындықты қиялға айналдырып, бесжылдық туралы ғажайыптар туғызып қана отыруға болады. Дегенмен бұлардың бәрі тек энтузиазмның, поэзияның, қиял-ғажайыптардың ғана емес, сонымен қатар террор мен ГПУ-дің күшімен іске асады» (14).

Билік үшін қарулы күрес кезеңіне тән күштеу әдісі бейбіт өмір кезеңіне механикалық түрде ауыстырылды. КСРО, оның ішінде Қазақстан баспасөзі де 30-жылдардан бастап «ең демократиялық жүйе» туралы даңғаза ұрандардың жетегінде көпіре бастады. Ал, бұл кезеңде халық басқару тетіктерінен, билік органдарын қалыптастырудан, өмірлік маңызы бар мәселелерден шеттетіле бастады. Ол үшін кез келген іс, «қашан жер жырту керектен» бастап, «кім үшін дауыс беру керекке» дейін шешімін тауып жатты. Қалың бұқараға мұнымен тек келісу ғана қалды.

Басқарудың негізгі әдісіне айналған авторитаризм елді тұтастай алғанда барлық халықтар мен ұлттардың тарихи тағдырына жауапсыздықпен қарады, қоғамдық-саяси өмірде өзіне қолайлы өзгерістердің басында тұрды, заңдылықтың, жариялылықтың, адамгершілік ахуалдың жай-күйіне кері әсер етті. Оның қызметі партия мен өкімет шешімдерін қолдауға ғана бағытталып, барлық демократиялық институтарды формальды қалыпта ұстады.

Журналистика профессоры Р.П.Овсепян тоталитарлық жүйенің орнығып, қалыптасуында баспасөздің атқарған рөлінің орасан зор болғанын айтады. «Бұқаралық ақпарат құралдары авторитарлық идеологияны табандылықпен жүргізді, - деп жазады ол, - оның экономиканың барлық саласына ғана емес, қоғамның рухани өміріне де тереңдей енуіне жағдай туғызды. Журналистика толықтай әміршілдік-әкімшілдік жүйеге бағынышты болып қалды да өзіндік дербестігінен барынша айырылды.

Баспасөз әміршілдік-әкімшілдік жүйенің құралына айналды. Бұл оның саяси қолшоқпарға және өзгеше ойлайтындармен қарсы күрес құралына айналуынан, таптық күрес идеологиясын жүргізуінен... көрінді.

Баспасөз тоталитарлық режим жағдайында Сталиннің жеке басына табынуды қалыптастырудың құралы болды, жоғарыдан әміршілдік-әкімшілдік қысымды жүзеге асырудың, өзінің нұсқаулары мен директиваларын орындамағандардан кек алудың өткір қаруына айналды» (15).

Сонымен, тоталитарлық жүйенің режимі қоғамды қайта құру жоспарларын жүзеге асырудағы және жаңа коммунистік формацияда жаңа адамды тәрбиелеудегі баспасөз жұмысының стилі мен сипатын, оның орны мен рөлін толықтай айқындап отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. http://konsrtitution.garant.ru / DOC_3864833.htm

2. Восленский М.С. Номенклатура. Фрагменты книги // Новый мир. 1990. – С. 219.

3. Морозов А. Казахстан за годы независимости. – Алматы, 2005. – С. 18.

4. Такер Р. Сталин: путь к власти. 1879-1929. История и личность. / Пер. с англ. / Общ. ред. и послесл. В.С.Лельчука. – М.: Прогресс, 1990. – С. 480.

5. Капаева А.Т. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-х-1991 гг.). – Алматы: Атамұра, 2004. – С. 207.

6. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 1962-168-беттер.

7. // Казахстанская правда. 1935. 2 ноября.

8. Сонда.

9. // Казахстанская правда. 1936. 6 февраля.

10. // Социалистік Қазақстан. 1941. 5 мамыр.

11. Такер Р. Сталин: путь к власти. 1879-1929. История и личность: / Пер. с англ. / Общ. ред. и послесл. В.С.Лельчука. – М.: Прогресс, 1990. – С. 480.

12. Солжиницин А. Архипелаг ГУЛАГ (опыт художественного исследования). Том I, II, III. – М.: Советский писатель, 1989.

13. Афанасьев В.Г. Социальная информация и управление обществом. – М., 1975. – С.383.

14. Бердияв Н. Истоки и смысл русского коммунизма. – М., 1991. – С. 219.

15. Овсепян В.П. История новейшей отечественной журналистики (февраль 1917 - начало XXI в.). – М., 2005. – С. 124.

II ТАРАУ

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДА

Кеңес Одағында орныққан мемлекеттік және қоғамдық құрылыс экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін шешумен қатар көпұлтты елдегі ұлттық құрылыс мәселелеріне барынша назар аударып отыруды жалғастырды. Бұл істе әміршілдік-әкімшілдік жүйе құрған және соған толық бағынатын журналистикаға айрықша рөл берілді. Осыған орай баспасөз қалың бұқараның санасына коммунистік идеологияны сіңіріп, партия комитеттерінің үгіт және насихат бөлімдерінде мұқият сүзгіден өткен идеялар мен нұсқауларды негіздеді. Баспасөз беттерінде ұлттық құрылыс мәселелеріне шынайы шындық тұрғысынан қарау, бұл мәселелер төңірегінде демократиялық қоғамға тән болып келетіндей сын ескертпелер айту немесе айтыс-тартыс жүргізу жөнінде әңгіме болуы мүмкін емес еді. Мұның барлығы да қатаң түрде партия нұсқауларына бағындырылды.

Партиялық насихаттың алып машинасы жалпы мемлекеттік мүдделердің республикалардың дербестігіне шектеу қойып, дамудың бірқатар стратегиялық мәселелерін шешуде олардың өкілеттіліктерін орталыққа беру жолымен жүзеге асыруды талап ететінін ұғындырумен болды. КСР Одағының мемлекеттік құрылысындағы федерализм декларативті сипат алып, бірыңғайлық өрши түсті. Осылайша, Одақ пен оның ұлттық республикаларының қызметі шектелді, ал соңғысының дербестігі формальды күйде қалды. Мұның соңы ұлттық және ұлтаралық қатынастарды дамытуда интернационализм идеясын басты ұранға айналдырды.

Осы кезеңдегі Кеңестер Одағының барлық журналистикасы секілді қазақ журналистикасының да басты сипаты ұраншылдық болды. Мерзімді басылымдарда, радиода «Қарқын бәрін де шешеді» және т.б. айдарлармен жеңіске жігерлендіретін шақырулар тұрақты қайталанып отырды. Оларда экономиканы, ғылым мен техниканы дамыту жөніндегі бесжылдық жоспарларды жүзеге асыру жолындағы жетістіктер мен табыстар ерекше леппен айтылатын еді.

Отызыншы жылдары миллиондаған кеңес адамдары социалистік өзгерістерді жүзеге асыру жолындағы жұмыста патриоттық рухта зор ынта-жігер таныта бастады. Олардың қажырлы еңбегінің арқасында қысқа мерзімде ауыр индустрия, оның ішінде машина жасау, қорғаныс өнеркәсібі, химия өндірісі құрылды. Алып құрылыстар салынды. Индустриаландыру іске асты. Ол Кеңестер Одағын сапалық жаңа деңгейге көтерді. Отызыншы

жылдардың аяғында КСРО өнеркәсіп өнімін өндіруде Еуропада бірінші орынға, ал дүниежүзінде екінші орынға шықты. Елде жоғары, орта, арнаулы оқу орындарының кең желісі іске қосылды. Мәдени революция жүзеге асырылып, сауатсыздықпен күресте зор табыстарға қол жетті. Экономикадағы, мәдени құрылыстағы халықтың күш-жігері арқасында қол жеткен табыстардың бәрі Сталиннің есімімен байланыстырылды. «Көсем» жетістіктердің бірден-бір авторына айналдырылды. Ал жеке адамды бұлай дәріптеу, жеке адамға табыну социализм табиғатына сиыспайтын жат нәрсе еді. Социализм лениндік демократиялық принциптерді аяқасты ете бастады. Репрессияға бой алдырып, партияның, мемлекеттің ең таңдаулы деген кадрларын қудалады.

Биліктің әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру жолында терең өзгерістер жүріп жатты. Жауға қарсы қарулы күрес кезеңінен қалған күштеу әдісі бейбіт құрылыс кезеңіне ауыстырылды. Жылдар бойы «Кеңестер елі - әлемдегі ең әділетті, демократиялық қоғамдық құрылыс» деген түсінік қалыптасып келді. Керісінше, халық басқару тетігінен, билік органдарын қалыптастыруда өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуден үнемі шеттетілумен болды. Жоғарыдағы бюрократтық аппарат барлығын да өзі шешіп отырды. Тіпті, «жерді қашан жырту» немесе «кімге дауыс беру», т.б. с.с. қажеттігі жөніндегі нұсқау жоғарыдан түсіп жатты. Еңбек ұжымдары үшін жоспарды орындау заңға айналды.

Жеке басқа табынуға байланысты туындаған проблемалар елдің тарихи тағдырына қауіп төндірді. Ол қоғамдық-саяси өмірдің барлық бағыттарында да терең өзгерістерге әкеліп соқты: билікті жүзеге асырудың әдіс-тәсілдеріне, заңдылыққа, жариялылыққа, адамгершілік-саяси аспектілерге теріс ықпалын тигізді. Барлық демократиялық институттардың қызметі партия мен үкіметтің шешімдерін қолдап отыруға жұмылдырылды. Осындай жағдайда қалыптасқан билік құрылымдары бұқараның басқару мүмкіндігіне сенбеді. Жеке басқа табыну социалистік заңдылықты әпербақан заңсыздықтың алаңына айналдырды.

Публицистер практикасында қатаң шектеу қойылды. Заман тарихын жазу жөніндегі лениндік талаптар өрескел бұзылды. Енді газеттер мен журналдар материалдары қоғам өмірінің шындығын талдаудан аулақтады. Жоғары тұрған органдардың мүдделеріне сәйкес қимыл танытуды бұлжымас дағдыға айналдыра бастады.

Журналист-публицистер күштеп таңылған ұғым, дәстүр, әдет аясында ғана қимыл жасады. Жылдар бойы нені және қалай жазу қажет екендігі жөнінде белгілі мөлшер белгіленді. Бұл, әсіресе, сын объектілеріне қатысты мәселелерде айқын көрінді. Күнделікті басылымдар материалдары

оқырмандар санасына догмалық түсініктерді терең сіңіре берді. Алайда, осы жағдайда да белгілі бір қайшылықтар қалыптасты. Мерзімді басылымды алатын болсақ, оны жобамен мынадай құлақсіңісті формула-түсінікпен сипаттауға болады: «Бұл солай ғой! Газеттен өзім оқыдым...» немесе «Газетке бәрін де жаза береді...».

Сол жылдарда күрделі қарама-қайшылықтарға қарамастан индустриаландыру мен ауыл шаруашылығын өркендету серпінмен жүріп жатты, қоғамның әлеуметтік құрылымы мен адамдардың рухани бейнесі терең өзгерістерге ұшырады. Жасыратыны жоқ, қазір сол тұстағы айтулы қайта құруларға, жетістіктер мен табыстарға теріс баға беріліп жатады. Бұл, негізінен алғанда, сол өзгерістердің сталинизм дәуіріне деген жиреніште көзқараспен ой елегінен өткізілуіне, жаппай қуғын-сүргіннің, «халық жауларына» қарсы саяси процестердің асқан қатыгездікпен жүргізілуіне, адамдар арасында екіжүзділік, салқындық секілді құбылыстардың өрши түсуіне, тағы да басқа сандаған қасиетсіздіктерге байланысты болып отырғаны ащы шындық. Дегенмен де ақиқатқа жүгініп, әділін айтар болсақ, одақтың барлық аймақтарында қуатты өндіріс күштері қалыптасты. Ұлттық республикаларда жұмысшы табының, ғылыми-техникалық және шығармашылық интеллигенцияның саны артты, жергілікті тұрғындардың сауаттылық деңгейі өсті. Ауыл тұрғындарының қалаларға қарай ағылу тасқыны басталды. Мысалы, 1926 жылы қалалардағы қазақ тұрғындары 2%-ды құраса, бұл көрсеткіш 1939 жылы 16%-ға жетті, олардың қала тұрғындары арасындағы үлес салмағы тиісінше 8,6%-дан 27,7%-ға көтерілді (1), ал жұмысшылар мен қызметкерлер қалалардағы еңбекке жарамды халықтың 90%-ын құрады (2).

Қазақстанда өнеркәсіп орындарын тұрғызуға елдің индустриалды орталықтарының өкілдері көмек қолын созды. Мысалы, Балқаш мыс балқыту комбинатының құрылысына Мәскеудің 687 метро құрылысшысы, Урал мен Закавказьенің мыс балқыту зауыттарынан 700-ден астам инженерлер, металлургтер мен техниктер келді. Ал, бүкілхалықтық екпінді құрылыс болып жарияланған Ақмола-Қарталы темір жолын төсеуге партияның ұранымен КСРО-ның бірқатар аймақтарынан – Полтава, Чернигов, Сумск, Воронеж, Курск облыстарынан жұмысшылар жетті. Комсомолдық жолдамамен 18 мың жас энтузиастар сап түзеді.

Қазақстанды ұзақ жыдар бойы басқарған Д.А.Қонаев 1930-жылдары елде болған құрылыстар жөнінде былайша еске алады: «Уақыт озған сайын дүние өзгеріп, алып құрылыстар бірінен соң бірі бой көтере бастаған. Күллі Орта Азия республикаларын Сібір аудандарымен жалғастырып жатқан күре тамыр – Түрксіб темір жолы жалпыхалықтық игілікке айналған. Қуаты жағынан

кешегі Кеңес Одағында үшінші отын көзі – Қарағанды, Шымкент қорғасын зауыты, Ащысай кеніші қанат жайып, республика индустриясының ірі ошақтарының бірінен саналады.

Біздер, аға ұрпақ өкілдері, Қазақстанда өнеркәсіп орталықтарының қандай жағдайда басталып, қалай салынғанын жақсы білеміз. Бұл күндері көкпен бой таластырып, бір шетінен бір шетіне дейін аттылы кісі әрең жеткендей алып құрылыстар республиканың меңіреу жатқан шөлді және жартылай шөлді аудандарында, таусылып айтсақ, жоқтан басталды...

Студент кезімде-ақ Ауыр өнеркәсіп халық комиссариаты Балқаш мыс балқыту комбинатын салу жөнінде шешім қабылдағанын білетінмін. Ол мөп-мөлдір Балқаш көлінің солтүстік жағалауынан бой көтере бастады: мыс шығару жөнінен еліміздің аса ірі комбинатына айналатындай етіп жоспарланған-ды. КСРО-ның еңбек және қорғаныс кеңесі комбинаттың құрылысы өзінің маңызы жағынан Магнитогорскіге пара-пар келетінін атап көрсеткен. Осыған орай, комбинатты салу бүткіл партия мен халық ісі деп саналды.

Құрылыс Халық Комиссариатының тікелей бақылауына алынды. КСРО Ғылым академиясы еліміздің барша ғылыми-техникалық қызметкерлеріне үндеу тастап, құрылысқа әркімнің өз үлесін қосуға шақырды. «За индустриализацию» газетінде «Барлық күш – Балқаш үшін!» деген ұран да көтерілді.

Біздің республикамызда ірі-ірі объектілер аз бой көтерген жоқ, қазақстандық студенттер Риддерде, Зырянда, Шымкентте, Текеліде, Жезқазғанда, республикамыздың алтын өндіретін кәсіпорындарында, түсті металдар көзін іздестіруде геологиялық барлау жұмыстарында қандай бетбұрыстың жасалып жатқанынан толық хабардар еді» (3).

«Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Большевик Казахстана», «Балхашский рабочий», «Балқаш жұмысшысы» секілді тағы басқа газеттер мен радиодағы насихаттық материалдарда интернационализмнің көп ұлтты елдегі халықтар арасындағы тығыз қарым-қатынастар мен ынтымақтастық аясында қанат жайып отырғаны бар дауыспен айтылды. Кремльдегілер аймақтар мен ұлттық-мемлекеттік құрылымдар дамуының әркелкілігі олардың алдына түрлі жоспарлар мен міндеттерді қоюда әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдану керек екенін түсінді. Айталық, ауыр өнеркәсіпті Оралда да, Орта Азияда да, Закавказьеде де бір мезгілде қатар құруға болмайтынын білді. Бұл, біріншіден, КСРО экономикасын біртұтас халық шаруашылығы кешені ретінде дамыту орталықтың позициясын әлсіретін еді, екіншіден, бұл үлкен күш жұмсауды талап етті, себебі ұлттар мен халықтардың заңдық теңдігі жария етілгенмен,

бұл әлі де болса шынайы теңдікті білдірмейтін еді. Сондықтан негізгі мәні КСРО халықтарының бауырластық өзара көмегі ретінде түсіндірілген интернационализм принципі көкейден шықты, бұл кез-келген республиканың экономикасын біржақты дамытуға мүмкіндік берді. Бұл ұран сонымен қатар кез-келген республикадан экономиканың негізін құрайтын дәстүрлі өндірісті арттыра түсуді (ал өзінде жоқты өзге республикалардан алатынын айқындауды) талап етуге жағдай туғызды.

Интернационализм принципі ұлттың да дамуына, қоғам өмірінің рухани саласының да өрістеуіне шешуші ықпал етті. Кезінде мәлімделген ұлттық өмір құрылымының жолдары мен формалары, өз тағдырын өзі шешу бостандығы кейінге шеттетілді, себебі экономика біртұтас организм принципі бойынша, ал ұлттар дербес дами алмас еді. Сондықтан мәдениет, өнер, әдебиет, тіпті қажет болса халықтардың күнделікті тыныс-тіршілігі формасы жағынан ұлттық, ал мазмұны бойынша социалистік болуы алға тартылды. Қазақ этносының жаңа жағдайда дамуы кеңес халықтарын қалыптастырып отырған қауымдастықтың жаңа цивилизациясымен байланыстырылды. Ал, бұл үшін қазақ этносы жай ғана ұлт ретінде қалып қоймай, социалистік ұлтқа айналуы тиіс болды. Сонымен, қазақтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан дәстүрлі құндылықтарын жаңа өмір талабына сай осы арнада қалыптастыра бастау қажеттігі туындады.

Сол жылдардағы партиялық функционерлердің тілімен айтқанда, осы жағдайлар ВКП (б)-ның барлық құрылымындағы идеологиялық, саяси-ағарту жұмыстарының басты бағыттарын айқындады. Бұқаралық ақпарат құралдарын олардың берген нұсқаулары бұл бағыттағы жекелеген фактілерді заңдылық ретінде ұсынып отыруға итермеледі, бір сөзбен айтқанда, ішкі сұраным шындыққа айналып жүре берді. Осылайша, кеңестік журналистік қиял-ғажайыптар дәуірі басталды.

Республика баспасөзі жүзеге асырған қазақ этносының сана-сезіміне белсенді ықпал этникалық біртұтастықтың бұзыла бастауына алып келді. Қазақ этносының даму ырғағына өзге этностар өмірінің ырғағы қосыла келе бұл процесс тереңдей түсті. Мұның бәрі қазақтарды шаруашылық және рухани тоқырауға жақындатты. Жергілікті тұрғындар өкілдері аралас қалалар мен қала типті поселкелер санының өсе түсуі этностың әлеуметтік құрылымын ғана өзгертіп қойған жоқ, сонымен қатар оларды екі бөлікке бөліп тастады. Олардың бір бөлігі – негізінен мал шаруашылығымен, бірқатары егіншілікпен айналысатындар – дәстүрлі өмір салтын жалғастырды. Ал, екінші бөлігі – өнеркәсіптегі жұмысшы және инженер-техникалық қызметкерлер санатындағылар бұл орайда тарихи тәжірибелері болмағанмен қалалық тұрғындардың салт-дәстүрімен өмір сүріп, көп

жағдайда өзге этностардың тыныс-тіршілігіне бейімделді. Бұл процесс баяу жүргізілген ассимиляция сипатында болды, себебі, қалалық тұрғындар арасында қазақтар саны әлі де болса оншалықты көп емес еді, дегенмен де оларға қалалық өзге этностардың мәдени ықпалы күшті болды.

Баспасөз бұл жөнінде айтпады. Журналистер алдарына ондай міндет қойылған жоқ. Керісінше, олар жаңа өмірдің өскіндерін іздеп тауып, Ұлы Даланың қаншалықты көркейіп келе жатқанын, мұнда кеңестік республикалар халықтарының бауырластық достығы мен өзара көмегі рөлінің мән-маңызын жалаулата жазуы тиіс еді. Солай болды да.

Баспасөз жоғарыда айтылғандардың негізінде жарқын болашаққа бастайтын жарық жұлдыздар – коммунистік ұлы ілім, ұлы Ленин өсиеттері жатқанын паш етумен болды. Осылайша, коммунистік ілім догмаға, кеңес дәуірінің қиял-ғажайыбына айналып жүре берді. Шындыққа жүгіне отырып айтар болсақ, ойдан жасалған бұл ілім аса тиімді болып шықты. Ол экономикалық өсіп-өркендеу астарында адамдардың ақыл-ойына күшті әсер етті, оған шүбәсіз сенді. Сондықтан да қалың бұқара қоғамдық өмірдегі келеңсіздіктерге сын көзбен қарауды қойды, осылай болуы тиіс деп ойлады.

Баспасөз материалдарында ұлттық мәселелер мен социалистік түбірлі өзгерістер арасында үзілмес өзара байланыс пен бірліктің бар екендігі жөніндегі идеялар тұнып тұрды. Басқашалай айтқанда, полиэтникалық елде социалистік құрылыстың табысты жүргізілуі осымен бір мезгілде ұлттық мәселелердің де шешілуінде жатқанына баса мән берілді. Коммунистік доктринаға жүгінер болсақ, оның шешімі тек социализм базасында ғана болатыны қадап айтылды. Орталықтың ұстанған позициясы осындай еді. Сондықтан да КСРО-да социализм құрылысында барлық ұлттар мен ұлыстардың даму деңгейін теңестіруге айрықша назар аударылып отырды. Бұл жоспарлар ұлттық республикалардың ғасырлық мешеулігін жою және олардың шынайы теңдігіне жету ұранымен жүзеге асырылды.

Кеңестік дәуірдің көрнекті философы И.П.Цамерян Кеңестер Одағының унитарлық сипаты жөнінде 1980-жылдары былай деп жазды: «Біртұтас Одақтық көп ұлтты Кеңес мемлекетін – КСР Одағы – құру жалпымемлекеттік ауқымда едәуір дамыған ұлттар тарапынан өз дамуында артта қалып келген халықтарға жан-жақты көмек беруді жақсы жағдайда ұйымдастыруға мүмкіндік берді, біздің елімізде тарихи қысқа мерзімде халықтардың шынайы теңдігіне қол жетті.

Социалистік ұлт социализм дәуірінде қоғамдық даму тарихи дамудың заңдылық формасына ие болды. Оның мәні социализм құрылысындағы әлеуметтік прогресс, халықтардың жан-жақты экономикалық, әлеуметтік

және мәдени дамуы олардың ұлттық тұтастығы, демек социалистік ұлттардың қалыптасу жолымен ғана мүмкін екендігінде жатыр.

Социалистік ұлттар мен ұлыстардың қалыптасуы заңды түрде ұлттық қатынастардың жаңа, социалистік типінің пайда болуына алып келді. Бұл қатынастардың маңызды сипатты белгілері барлық социалистік ұлттар мен ұлыстар арасындағы теңдік, жан-жақты ынтымақтастық, бауырластық достық пен өзара көмек болып табылады» (4).

1930-жылдары социалистік қоғам негіздерін нығайту және коммунистік идеологияны күшейту шараларының аясында осы идеологияның маңызды буыны саналатын интернационализм саясаты кең өріс алып, әрбір халықтың, оның ішінде қазақтардың да жаңа өмір құрылысында алатын өзіндік орнын, рөлі мен маңызын ой елегінен өткізу процесі жүріп жатты. Алайда, бұл процеске таптық тұрғыдан келу этнодифференциалды сипаттардың – тілдің, құндылықтар мен нормалардың, адамдардың тарихи жадының, туған жер туралы ұғым-түсініктің, бабалар жөніндегі наным-сенімнің, ұлттық мінез-құлықтың, өнердің коммунистік идеология нұсқауларына сәйкес келуін талап етті.

Сондықтан да осы жылдары «Социалды Қазақстан», «Еңбекші қазақ», «Ақ жол», «Тілші», «Ауыл тілі» газеттері мен «Қызыл Қазақстан» журналы «ВКП (б) тарихының қысқаша курсынан» алынған көтеріңкі көңіл күйдегі оптимистік пайымдауларды негізге ала отырып, үзбей материалдар жариялады. Оларда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі, ауыл-селолардағы, қалалардағы түбірлі өзгерістер мен қайта құрулар, дүниеге келіп жатқан өнеркәсіп алыптары, ұжымшарлардың дамуы мен өсіп-өркендеуі, тағы да басқа салтанатты социалистік құбылыстар жөнінде айтылып жатты (5). Бұл материалдардың бәрі де партиялық биліктің тарихи жағдайдың өзіндік ерекшелігіне орай асқан көрегендікпен әрі табандылықпен жүзеге асырып отырған терең өзгерістері, қазақ этносының жарқын болашағы жолындағы кеңестік ғажайыптармен өрнектелген іс-шаралар жан-жақты көрініс тауып отырды (6). Осы тұста насихаттық аппарат жақындасу, араласу және сіңісу негізінде пайда болатын жаңа ұлттық белгілер жөніндегі біртұтас қауымдастықтың рухани мәдени элементтерін жасауға мүмкіндік тудыратын идеяларды дүниеге әкелуі тиіс болды.

Халыққа білім беру, мәдениет және өнерді дамыту жөніндегі міндеттердің негізіне осындай мақсаттар қойылды. Осы орайда 1930-жылдары И.Тоқтыбаев «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Сауатсыздықты жою майданында» деген мақаласында былай деп жазды: «Кеңес Одағындағы сауатсыз ұлттық республиканың бірі Қазақстан болып табылады. 70 процент қазақтар мен 90 процент әйелдер сауатсыз. Төртеудің

арасынан тек бір ғана қалалық қазақ әрең оқиды, нашар жазады. Тіпті, кей жерлерде ең болмағанда хат жаза алатын бір де бір адам жоқ. Сауатсыздық әсіресе малшылар мен дикандар арасында күшті. Мұндай сауатсыздықпен социализм, социалистік қоғам құру мүмкін емес» (7). Бұдан әрі мақала авторы былайша күйінеді: «Сауатсыздықпен күрес – бұл таптық күрес, саяси күрес. Сауатсыздықты жою – үлкен әлеуметтік міндет» (8).

Қалай десек те сол жылдары сауатсыздықпен күрестегі саяси мақсат әлеуметтік міндеттерден биік тұрды (9). Бұл алға жаңа латын графикасына көшуде қазақ әліпбиін құру міндеті қойылғанда ерекшелене түсті (10). Мысалы, араб графикасы латынға, кейіннен кириллицаға көшірілді. Алфавит ауыстырудың мұндай реформасы қажеттілігінің туындау себебі, бұл артта қалып келген халықтың мәдениетте, ғылымда, білімде биікке көтерілуіне мүмкіндік туғызады деп түсіндірілді. Бір жағынан бұл жаңа тарихи қауымдастықты, оның дәстүрлерін, салттарын, өмір бейнесін қалыптастыру процесін жеделдеуге тиіс болды.

Шынтуайтқа келгенде, оның түпкі мәнінің қайда жатқаны жөнінде профессор М.Мырзахметов мерзімді басылымдарда жарияланған бірқатар публицистикалық мақалаларында нақты архив деректері негізінде айтты (11). «Бұрын еркін пайдаланылып, кейіннен А.Байтұрсынов жетілдірген қазақша әліпбиді кириллицаға көшірудің сыры қазақтарды діннен бездіріп, шоқындыру мақсатында жүргізілді, - дейді автор. - ... Қазан төңкерісінен кейін патшалық миссионерлік идеяны жүзеге асыруды бір кездері рухани семинария шәкірті болған Сталин өзіне тән суық ақылдың тезіне сала отырып әрекет етті, әсіресе орыс жазуын бірден алу түркі тілдес халықтардың қарсылығына ұшырауы мүмкін деп уақытша латын жазуын ендіре тұру керек деген кеңеске құлақ асып, 1930 жылы латын жазуын қабылдатты. 1940 жылы халықтың қалауы бойынша деген жасанды сылтаумен енді орыс жазуына көшірді».

Бір алфавиттен екіншіге, одан үшіншіге көшіру қоғамның ақпараттық қамтамасыз етілуі төмен күйде тұрған шағында жүргізілді. Бұл қоғамда сәйкессіздіктер туындатып, енді ғана сауаттанып келе жатқан халықты дағдарысқа ұшыратты. Араб графикасы қолданыстан шыққаннан кейін оған шамалы ғана адамдар ден қойды. Жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі жаңа латын графикасымен жазылғандардың бәрін де шынайы шындық тұрғысында бағалауға тиіс болды, олардың жаңа басылымдарды бұрынғы арабша жазылған дүниелермен салыстырып қарастыруға қабілеттері жетпеді. Бұрынғы қолжазбалардағы, журналдар мен газеттердегі қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік және философиялық ақпараттар жаңадан бой көтерген социалистік қоғам талаптарына сай болмай шықты.

Бұл жағдайда жаңа кеңестік билік қажет саналатын бұрынғы дүниелерді өз ыңғайларына қарай икемдеп отырды. Ал, пайда болып жатқан жаңа кеңестік оқулықтар тәрбие мен идеологиялық ықпалдың қуатты қаруына айналды. Мұның бәрі де бас шұлғуға бейімделген кеңестік адамдардың жаңа легін өмірге әкелді.

Баспасөз халық санасына ықпал етудің ең тиімді қаруына айналды. Айталық, «Әдебиет майданы» журналында қазақ ауылдарындағы сауатсыуздықты жою жөніндегі ғана емес, сонымен бір мезгілде социалистік құрылыс жетістіктері, жаңа өмірдің мұғалімдері, кеңестік жаңа мектептер, ерлер мен әйелдер арасындағы тепе-теңдік, тағы да басқа сан алуан қоғамдық құбылыстар тұрғысында да публицистиканың түрлі жанрындағы материалдар үзбей жарияланып тұрды. Осы журналдың бас редакторы Ілияс Жансүгіров осындай жарияланымдардың белді авторларының біріне айналды.

Баспасөз қандай тақырыпты көтерсе де кеңестік қоғамда болып жатқан өзгерістер мен қол жеткен табыстарды жаңа биліктің бағындырып отырған белестері ретінде бағалады. Тек соның ғана ұлттар мен ұлыстардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, бұрынғы патшалық Ресей аймағындағы артта қалған бұратана халықтардың өсіп-өркендеуіне дамыған ұлттар тарыпан түбегейлі көмек көрсетілуіне ұйытқы болып отырғандығына айрықша мән берілумен болды. Осындай көптеген жарияланымдардың негізінде кеңестік биліктің тек жаңа ғана емес, күллі адамзат тарихында жаңа дәуірдің бастауына айналып отырған билік екендігі жөніндегі ойлар жалыны алаулап тұрды. Міне, дәл сондықтан да кеңестік баспасөз жаңа типті баспасөз ретінде жария етілді, ал енді ғана қалыптаса бастаған кеңестік салт-дәстүрлер ұлы Кеңестер елінің барлық ұлттары мен ұлыстары арасындағы жаңа бауырластық қатынастарды орнықтыратын жаңа өмірдің символы ретінде бағаланды.

Сөз жоқ, қазақтың халықтық салт-дәстүрлері, баспасөзі де кеңес билігі жылдарында ғана пайда бола қалған жоқ, оның үлкен бөлігінің ғасырлар бойғы тарихы бар. Алайда, партиялық-кеңестік номенклатура оларды коммунистік идеология принциптері тұрғысында қайта қарастыру құқығы мен жауапкершілігін өз мойнына алды, олардың қайсысы жаңа өмірге сай келетінін, қайсылары патриархалды немесе зиянды екенін, олармен аяусыз күрес жүргізіп, жою жолдарын өзі шешуі тиіс болды.

Баршаға мәлім, көптеген ғасырлар бойы ежелгі салт-дәстүрлер қазақтар үшін өмір заңдылығына айналып келді. Қазақ салтындағы талаптар мен ережелерді орындамау, оларға салғырт қарау қалың көпшіліктің талқылауына түсіп, жазаланып та отырды. Салт-дәстүрлер тек тұрмыс-

тіршілікті реттеп қана отырған жоқ, сонымен қатар оның адамгершілік-этикалық, эстетикалық нормаларға, тілге, түсінік-танымға, қоршаған әлемді ой елегінен өткізіп отыруға да ықпал етіп отыратын қуатты күші болды.

Кеңестік билік олардың кейбіреуімен шешуші күрес жүргізді. Мысалы, 1920-жылдардың соңында Наурыз мейрамы діни деп жарияланды, «той», «қонақ асы», «шашу», «ерулік», тағы да басқа ежелгі халықтық дәстүрлер зиянды деп есептелді. Сондай-ақ ұзақ уақыт бойы исламдық ортада мұсылмандандырылған наным-сенімдерді жоюға, мұсылман дінін теріске шығаруға бағытталған күрес өршіді, құран оқу, намазға жығылу, мешітке бару сияқты тағы да басқа салт-дәтүрлерге тыйым салына бастады.

Қазақстандық газеттер мен журналдардың беттерінде дінге қарсы тақырыптағы материалдарға кең орын беріліп отырды. «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Еңбекші қазақ», «Әдебиет майданы» және тағы басқа басылымдар алдыңғы шепке шығып, исламның таптық және реакциялық сипаты жөніндегі материалдарды үзбей жариялап отыруды дәстүрге айналдырды (12). Авторлар оның ұлтшылдық табиғатын «ашып көрсетуге» барынша тырысып бақты, олар дінді жергілікті ұлтшылдардың этникалық топтар мен халықтар арасында жауласу мен жеккөрушілік сезімдерін қоздырушы құралы ретінде бағалады.

1930-жылдары кеңестік жаңа адам қалыптастыруға, тек исламның ғана емес, өзге конфессиялардың да әлеуметтік түп-тамырын жоюға бағытталған шаралар ауқымы кеңейе түсті. Айталық, жерлеу, ұлттық той, сүндеттеу, т.б. рәсімдер қатаң сынға алынды. Көптеген ғасырлар бойы көшпелі халықтың өмір бейнесін айқындап келген бұл патриархалды құбылыс-белгілердің «зияндылығы», «кертартпалылығы» ойдан құрастырылатын болды.

Күрт өзгерістерге ұшыраған қоғамдық өмір діни, сонымен бірге халықтық салт-дәстүрлерді мүлдем жоққа шығаруға тиіс еді. Алайда, қаншалықты қуғынға ұшыраса да бұлар тұрмыстық салада, жанұяда, туыстық қатынастарда сақталып, құдіреттілігін көрсетті. Нақтылай айтқанда, дін мен халықтық салт-дәстүр жойылып кетпеді, жанұялардың тыныс-тіршілігінде өміршеңдігін танытты. Халықтың сана-сезімінде орныққан түрлі діни наным-сенімдердің күшті болғаны соншалықты, жекелеген адамдар оны жасырын түрде болса да орындап отырды. Сондықтан да 1930-жылдары атеистік насихаттың қатты қысымына ұшыраған діни салт-дәстүрлер жасырын жағдайға көшуге мәжбүр болды.

Дінге және соған байланысты салт-дәстүрлерге, наным-сенімдерге қарсы күресте маркстік-лениндік идеялар, дәлірек айтқанда, кеңес халықтарының бауырластық достығы мен интернационализм идеяларын насихаттау аса маңызды факторға айналуы тиіс еді. Коммунистік идеология осы мақсатпен

әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамудың жоғары сатысында тұрған халықтардың қоғамдық дамуда артта қалып келген этностарға мәдени ықпалының нәтижесінде өз тарихына, мәдениетіне қызығушылығын оятып, ұлттық сана-сезімнің өсуін байқататын факторларды да есепке алуға тырысты. Осы арқылы адамдардың сана-сезіміне жаппай ықпал ете отырып, олардан жаңа социалистік қоғамның азаматтарын қалыптастыруға алғышарт жасалатынына кәміл сенім пайда болды. Бұл үшін ұлттың өткеніне, оның рухани мұраларын бағалаудың қатаң идеологияландырылған жүйесі жасалды. Дәл сол кезде жаңа өмір салты мен социалистік көзқарасты қалыптастыруға бағытталған көптеген клишелер, қиял-ғажайыптар мен қарама-қайшылықты құбылыстар өмірге келді. Бұл істе орталық басылымдардан бастап, көп тиражды газеттерге дейінгі елдің баспасөзі маңызды құралға айналды.

«Осы кезде журналистиканың көмегімен үгіт-насихат құралдары нығая түскен тоталитарлық жүйенің нұсқаулары іс жүзіне асырылды, - деп жазады ресейлік зерттеуші Р.А.Иванова. – 30-жылдары әлеуметтік құбылыс ретінде насихаттың сүйенер негізі нақты өмір шындығы емес, оның таптық принциптерге, қиял-ғажайыптар мен қарама-қайшылықтарға негізделіп, жаппай бұрмаланған идеологиялық процестер болды» (13).

Р.А.Иванова аталған мақаласында идеологиялық жұмыста А.Ждановтың «Правда» газетінің 1934 жылғы 20 тамыздағы нөмірінде жарияланған «Кеңес әдебиеті – әлемдегі ең идеялық, ең озық әдебиет» деген баяндамасындағы тұжырымдардың нұсқау ретінде пайдаланылғанын айтады. Онда еңбекшілерді социализм рухында таптық тұрғыда тәрбиелеу міндеттері алға қойылған болатын. «Әдебиет пен журналистикада шындықты көрсетудегі осындай партиялық ұстаным арқылы, - деген қорытындыға келеді автор, - адам мен қоғамның рухани байланыстары, адамның қоршаған ортаға, өмірге, адамдарға, жерге, еңбекке шынайы қатынастары бұзылды. Жеке адамның бойындағы барлық жоғары сападағы қасиет өшірілді. Жағымпаздық, екіжүзділік тәрбиеленді» (14).

Кеңестік республикалардың рухани өміріндегі процестерді ой елегінен өткізуде И.В.Сталиннің социализм тұсында мәдениетте ұлттық ретінде тек оның формасы, ал интернационалистікке оның мазмұны жататындығы жөніндегі тезисі ең басты әдістемелік принципке айналды. Бұл ой ешқандай да күмән тудыруға тиіс емес еді. Сондықтан да барлық насихатшылар, теоретиктер, журналистер қоғам өміріндегі өзгерістерге баға бергенде жаңа интернационалистік өскіндерді іздестіріп табуға және оны осы шаблонды қоғам өміріне мұқият енгізуге тырысты.

Сонымен, 1930-жылдар КСРО-ны мекендеген барлық халықтардың саяси, ұттық, діни және мемлекеттік бірегейлігі терең өзгерістерге ұшырап, қоғамдық-саяси дамуда күрт секіріс жасаған кезең болды және ол олардың өмірлік мүдделеріне тікелей әсер етті. Әлеуметтік байланыстар мен қатынастар құрылымы да түпкілікті трансформацияланып, кәдуілгі өмір бейнесінің терең өзгерістерге ұшырауына әкелді. Коммунистік идеология оның орнына даму әдістерінің бірі ретінде адамдардың жаңа қауымдастығының қалыптасуына әркімнің-ақ қатысы бар екендігі жөніндегі тезисті ұсынды. Бұл әлеуметтік тұрғыда сілкініске, сенімділік пен оптимизмге мүмкіндік берді. Олай болатыны, соғыстан, төңкерістен, әлеуметтік сергелдеңдерден қажыған халықтар жаңа мемлекеттің даму процесінде тұтас қоғам мен жекелеген адамдардың ұлттық бірегейлігін ой елегінен өткізуді аңсап отырған болатын.

Дәл сондықтан да Қазақстан журналистикасы республикада мемлекеттіліктің қалыптасуы туралы айта отырып, қазақ халқының маркстік-лениндік ілімнің аясында біртұтас ұлт ретінде даму жолына түскенін бұл істегі партиялық авангардтың рөлін, жергілікті ұлтшылдықпен күресті өрістете түсу қажеттігін қалың бұқараға асқақ үнмен жеткізіп отырды (15). Қазақстан баспасөзінде ҚАКСР-дің одақтас республика ретінде қайта құрылуы КСРО халықтарының интернационалдық көмегі арқасында қол жеткен тарихи жетістік ретінде бағаланып жатты. Газеттер мен журналдарда, радио хабарларында жас республиканың өсу кезеңдерін куәландыратын цифрлар мен фактілер келтірілді. Бұл жерде мұндай материалдардың бірқатар жағдайларда қазақ этносының ұлттық сана-сезімінің қалыптаса түсуіне игі әсері болғанын шындыққа жүгіне отырып айтуға тиіспіз.

Жергілікті тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жою, ғылымды, әдебиетті, өнерді, мәдениетті дамыту жөніндегі әлеуметтік бағдарламалар қазақтардың өзіндік ерекшеліктерін сезінулеріне мүмкіндік туғызды. Алайда, коммунистік партия бұл процестің тереңдей түсуін қалаған жоқ. Керісінше, ол ұлттық мәдениеттің мәнін өзгертуге қадам жасап, қазақтарды тарихи тамырларынан аулақтатуға күш салды. Социалистік құрылыс жоспарларын жүзеге асыруда коммунизм идеалдарына шексіз берілгендер қажет еді. Сондықтан да ұлттық сана-сезім мұқият өңделіп, тарихи өткен кезең қатаң сынға алынды. Осы орайда өз этносының өткеніне қарайлау жекелеген адамдар мен бұрынғы тарихты идеаландыруға алып келіп, ауқымы тар ұлттық шеңбердің жекеленуі мен томаға-тұйықтыққа бастайтыны алға тартылып отырды.

Ұлттық сана-сезімнің дамуына интернационализм идеясы альтернативті болды. Баспасөзде тарихты халық жасайтыны айтыла отырып, дүние жүзі

пролетариаты көсемдерінің ілімін мүлтіксіз жүзеге асырып жатқан басшылардың есімдерін барынша ардақтауға бағыт алынды. Уақыт өте келе осындай мадақтау сөздердің арқасында сол басшылардың өздері көсемдерге айнала бастады. Өмірдің нақты шындығының өзі осы еді. Ал, тарихты жасаушылар делінген халық бұқарасы соңғы орынға сырғытылды.

Барлық айтылған проблемалар мен қайшылықтарға қарамастан ұлттық журналистиканың серпінді дамуы, ұлттық публицистиканың гүлденуі, оның жанрлық табиғатының байи түсуі, сауатсыздықтың жойылуы, тұрғындардың мәдени деңгейінің артуы қазақ ұлттық интеллигенциясының пайда болуына жол ашты. Шынын айту керек, кеңестік жүйе оларды өздерінің мүддесіне сай қалыптастыруға ұмтылды. Дегенмен де бұған әрдайым қол жеткізіп отыру қиын болды, себебі, қоғамның бұл әлеуметтік тобы объективті түрде әрдайым өзіндік идентификациялануға, өздерінің ұлттық айырмашылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін танытуға ұмтылыс жасап отырды. Бұл бірінші кезекте шығармашылық интеллигенцияға тән болды, олар өз халқының тарихи санасы мен оның ұлттық өзіндік идентификациялануының маңызын терең сезінді. Баршаға белгілі, тарихи сананың астарында білімдер жүйесі, таным-түсінік, көзқарас, салт-дәстүр, идея жатады, осылар арқылы адамдар мен әлеуметтік топтарда, этностарда, ұлттарда өздерінің шыққан тегі, өз дамуының өзіндік кезеңдері, өзге халықтар мен күллі адамзат қауымдастығындағы өзіндік орнын сезінуі жөніндегі ұғым қалыптасады.

Тарихи сана өзінің өткенін оның түрлі ерекшеліктерін түсіне отырып, бағалауды талап етеді, кез-келген этникалық құрылым өкілі өзінің өткенін негізге ала отырып, кеңістік пен уақыт тұрғысында оның үш түрлі өлшемдерін естен шығармауы тиіс: өткендегі, қазіргі және болашақтағы. Ал, бұл өз кезегінде ұрпақтарды уақыт аралығында жалғастырып, өзін біртұтас халық ретінде нақты идентификациялануға мүмкіндік туғызады.

Түрлі қауымдастықтар мен ұлттардың, бұл жерде қазақ этносының, бірегейлігінің қалыптасу процесіне тікелей немесе жанама әсер ететін позитивті тарихи жады өткен тарихқа қызығушылықты туындатып, өз тарихының жаңа ұлттық концепциясын негіздеуді актуалды проблемаға айналдырды. Шындығында да XX ғасырдың 30-жылдарында дәл осындай қызығушылық пайда болды.

Дегенмен бұл қоғам дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде таптық күресті жария еткен маркстік теорияға қайшы келді. Ол адамзаттың күллі тарихын таптардың үзіліссіз күресі ретінде қарастыруды, сондықтан да ұлт-азаттық соғыстар, тіпті оның жеңісі, олардың пікірінше, ұлттар прогресіне жағдай туғызбайды делінді. Кеңестік партиялық номенклатура маркстік ілімнің жоғарыдағы тұжырымын догмалық тұрғыда түсінді. Бұдан шығатын

қорытынды сол, олар КСРО халықтарының дамуы үшін жағдай жасау қажеттігін жариялай отырып, іс жүзінде оларды түпкілікті мақсат жаңа қоғамдастық – кеңес халқын құру болып табылатын интернационалдық тәрбие міндеттеріне жұмылдырып, бағындырды.

Міне, дәл сондықтан да қазақ халқының 1917 жылғы Қазан төңкерісінің жеңісіне дейінгі тарихы жойылып кетпеу жолында тек қана трагедиялық күреспен өрнектелген болып шықты. Ал, коммунистік идеологияның таратушылары, большевиктер, өздерінің міндеті халықтарға шындыққа бастайтын әлеуметтік прогресс пен ұлттардың көркейіп, гүлденуін қамтамасыз ететін жол нұсқау деп білді, оның астарында өздерінің мақсат-мүдделері жатты. Осылайша, жаңа типті империяның негізі қаланды. Ол Ресей империясының тікелей жалғасы болған жоқ, дегенмен де ол халықаралық қатынастарды сақтау саласында көп ретте онымен үндесіп отырды.

А.Авторханов өзінің «Империя Кремля (Советский тип колониализма)» деген кітабында былай деп жазды: «Кеңестік империя ең алдымен – идеократиялық империя. Сондықтан оны ескі империялармен салыстыру тек қателікке ғана ұрындырып қоймайды, ол бізді адасуға бастайды: біз ескі империялардың ауқымы мен мүмкіндіктеріне шамадан тыс баға береміз және кеңестік империяның аса кең ауқымдағы – тек қана сыртқы дүниеде ғана емес, сонымен қатар Кеңес Одағының өз халықтары үшін де – идеократиялық бағдарламаның табысты жүзеге асуының астарында жатқан потенциалды мүмкіндіктер мен ғажайыптарға толы себеп-салдарды лайықты бағаламаймыз. Большевиктер өз мақсаттарын өз тұрғындарын құрбандыққа шалумен қатар өзге халықтарға геноцид жасаумен жүзеге асырды.

Империализмнің кеңестік типі өзге халықтарды бағындырып қана қоймай, олардың байлығын иемденуге де қол жеткізеді, ол сонымен қатар тізе бүккен халықтарды жаңа коммунистік сенімге кіргізіп, оларға коммунистік өмір бейнесін таңуды алдарына түпкілікті мақсат етіп қояды» (16).

Коммунистік идеология коммунистік дүниетаным мен коммунистік өмір бейнесінің шеңберіне сыймайтындардың бәрін де жалған деп жариялады. Барлығы да таптық теория сүзгісінен өткізіліп отырды, жақпағандары не көңілден шықпағандары кері сырылып тасталды, олай болатыны, партиялық және кеңестік номенкатура элиталарының пікірінше, бұл ұлттық сана-сезім толқуын басқарудың қиындай түсуіне, өткенді аңсауға, идеализациялануына, бұқара санасының «ұлтшылдықпен улануына» әкеліп соғатын болды.

Пролетарлық интернационализм туын жоғары ұстаған партия өз халықтарының өткенін қазбалай берумен айналыспауға және реакциялық

салт-дәстүрлер мен құндылықтарды дәріптемеуге бағытталған нұсқаулар беріп отырды.

Жаңа ұлттық интеллигенцияның ұлт тарихындағы елеулі фактілер мен оқиғаларға өз беттерінше баға берудің кез-келген саясаты билік пен ол құрған баспасөздің қатаң сынына ұшырап отырды. Ондай интеллигенцияға оппозиционер, ұлтшыл-ауытқушылар деген кінә тағылды. Оларды қазақ халқының мүддесін қорғауды бетперде етіп, социалистік қайта құруларға қарсы шығып отыр деп күстаналады. Баспасөзде бұлар артта қалып келген елдердің капиталистік даму жолын айналып өтіп социализмге өтуі жөніндегі лениндік идеяға қарсы келуде дегендей ойлар да қылаң беріп отырды. Олардың ұстанған позициялары, көзқарастары мен идеялары коммунистік баспасөз беттерінде тарих доңғалағын кері бұрып, халықты өткен феодалдық заманға қайтарудан басқа ештеңе де емес екендігі ұдайы қайталанумен болды. Осы тұста билік тарапынан өз бастарына төніп келе жатқан зауалды сезінген бірқатар жазушы-журналистер, қоғам қайраткерлері «қателіктерін» баспасөз беттерінде жария түрде мойындауға мәжбүр болды (18).

Дамудағы ұлттық өзіндік ерекшелікте ұлттық интеллигенциямен күрестің бір формасы республика журналистикасына кадр дайындау мәселесі болып табылды. Қалыптасқан тәртіп бойынша олардың қатары Мәскеу Мемлекеттік журналистика институтын бітірушілер есебінен толықтырылып отырды. Оның үстіне журналистік қызметке әдеби таланты бар, дарынды, теориялық және саяси әзірлігі мол, өмірлік тәжірибесі толыққанды партия қызметкерлері мен жұмысшы-село тілшілері жіберіліп отырды. Мәселенің мұндай шешімі Қазақстанда газеттер мен журналдар санының, радио хабарларын тарату сағатының арта түсуіне байланысты болды. Мысалы, егер 1933 жылы газет саны 233 болса, 1941 жылы 322-ге жетті (17).

1930-жылдары кең өріс алған еңбекшілердің ерік-жігері жұмысшы-село тілшілері қозғалысының қанат жая түсуіне алып келді. 1934 жылдың 11-15 наурызында Қазақстанда жұмысшы-село тілшілерінің I съезі өтті. Сол кезде республикада 16,5 мың жұмысшы, ауыл және село тілшілері болды.

Осы жылдары очерк, фельетон, жолсапар заметкалары, эссе секілді көркем-публицистикалық жанрлар толқыны басталды. Олардың авторлары танымал жазушылар, публицист-журналистер Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Ерубаев, А.Тоқмағамбетов, Ғ.Орманов, А.Алдан. Семенов, О.Бергольц, Н.Анов, П.Варламов және басқалары болды. Олар өз материалдарында бесжылдықтар ерлері, бұқараның саяси және еңбек өрлеуі жөнінде тынбай қалам сермеді. Сондай-ақ авторлар қазақ халқының КСРО-дағы бауырлас халықтармен рухани тұтастығы, достығы туралы шаттана баяндады.

Бұл дегеніңіз кеңес идеологтарының еңбектерінде ұлттардың гүлденуі мен жақындасуы деп аталған процестің басы болды. Оның үстіне бұл жақындасудың біртұтас интернационалдық мазмұнда өтетіні айрықша атап өтілді. Оның мәні бұл жақындасу күшейе түскен сайын ұлттық мазмұннан аулақтай түсетінінде жатыр еді, демек социализм баршаға ортақ мәдениетті, идеологиялық құндылықтар мен қондырғыларды ұстанды.

Сонымен, ұлттық өзіндік тұтастық пен ерекшелік бірте-бірте жоққа шығарыла бастады да барлық ұлттық айырмашылықтарды жою жүріп жатты... 1930-жылдары Кеңес Одағы өзінің әкімшілік-аймақтық құрылымы жөнінен полиэтникалық мемлекет бола отырып, тек өзіндік ерекшелігі мен өзіндік айырмашылығының ғана емес, сонымен бірге ұлттық сана-сезімнің де жойылуына алып келуі тиіс саясатты белсенділікпен жүргізе бастады. Нәтижесінде «ұлттық» түсінігі формалды сипат алып, «ұлттық бірегейлік» түсінігі мүлдем жойылып кетуі мүмкін еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Социалистическое строительство Казахской ССР за 20 лет. Стат. сборник. – Алма-Ата, 1940. – С. 11.

2. Казахстан в нерушимом союзе братских республик. – Алма-Ата, 1972. – С. 148.

3. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды (естелік, эссе). / Ауд. С.Әбдірайымұлы. – Алматы: Санат, 1994. – 29-30-беттер.

4. Цамерян И.П. Национальные отношения в СССР. – М.: Политиздат, 1987. – С. 47-48.

5. Қараңыз: Мұқанов С. Жазушылар өндіріске аттанды // Еңбекші қазақ 1931. 3 шілде; Рубцов-Риддер темір жолы ашылды // Социалды Қазақстан. 1936. 4 қаңтар; Сәтбайұлы Қ. Жезқазған темір жолын тез салу керек // Социалды Қазақстан. 1935. 6 маусым; Сонікі. Қарсақбай комбинаты – ұлт пролетариатының бір негізгі ордасы // Социалды Қазақстан. 1935. 16 маусым; Сонікі. Үлкен Жезқазған комбинаты // Социалды Қазақстан. 1938. 9 қаңтар; Рубцов-Риддер темір жолы ашылды. Редакциялық мақала // Социалды Қазақстан. 1936. 3 қаңтар; т.б.

6. Есова С. Ауылда қызыл отау жұмысы // Еңбекші қазақ. 1928. 8 наурыз; Пәренжіні жоймай, Шығыс әйелдері теңдік ала алмайды. Басмақала // Еңбекші қазақ. 1929. 27 ақпан; Жүсіпбеков К. Мәдениет майданындағы бір міндет // Еңбекші қазақ. 1928. 4 шілде; Жолдыбаев М. Төңкерістен кейін қазақ үйінде болған өзгерістер // Еңбекші қазақ. 1930. 17 қараша; Бүгін

қазақтың еңбекші әйелдерінің «қалың малға» сатылудан құтқарылған күні. Арнаулы бет // Социалды Қазақстан. 1935. 22 наурыз; Қазіргі қазақ әйелі. Арнаулы бет // Социалды Қазақстан. 1936. 8 наурыз; Бүгін Мәскеуде қазақ концерті болады. Бас мақала // Социалды Қазақстан. 1936. 26 мамыр; Жүргенов Т. Мектеп мәселелері // Социалды Қазақстан. 1935. 15 желтоқсан.

7. Тоқтыбаев И. Сауатсыздықты жою майданында // Еңбекші қазақ. 1930. 13 ақпан.

8. //Сонда.

9. Тоқжігітов Ш. Мәдениет төңкерісі // Еңбекші қазақ. 1928. 8 наурыз; Сейфуллин С. Мәдениет майданында // Социалды Қазақстан. 1934. 5 қараша; Момышұлы Б. Өлкеміздегі сауат ашу жұмысының барысы туралы // Социалды Қазақстан. 1935. 18 наурыз; Жүргенов Т. Мектеп мәселелері // Социалды Қазақстан. 1935. 15 желтоқсан; Кенжебаев Б. Қазақ тілінің грамматикасы туралы // Социалды Қазақстан. 1937. 24 сәуір; Хайруллин Р. Ана тілін білу қорлық емес // Социалды Қазақстан. 1940. 26 мамыр; т.б.

10. Жаңа әліпби – мәдениет құралы. Арнаулы бет // Еңбекші қазақ. 1929. 10 қаңтар; Нұғыманов О. Тіл мәселесінде – жергілікті ұлтшылдар //Еңбекші қазақ. 1931. 7 мамыр, Тоғжанов Ғ. Жаңа әліптің жасырын жауларының қарсылығын жояйық // Еңбекші қазақ. 1931. 7 мамыр; Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы. Қаулы // Социалды Қазақстан. 1938. 5 қаңтар; т.б.

11. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы: Атамұра, 1993. – 128 бет.

12. Қараңыз: Діннің шірік шырмауынан құтыламыз. Арнауы бөлім // Еңбекші қазақ. 1929. 25 желтоқсан; Өтепов Қ. Халық жауларының бір ұясы – дін // Социалды Қазақстан. 1937. 11 тамыз; Ибрагимов Г. Дінге қарсы пропагандаңы күйшейтейік // Социалды Қазақстан. 1938. 3 наурыз; т.б.

13. Иванова Р.А. Журналистика 30-х годов: особенности ее деятельности в условиях тоталитарного государства. В кн.: Неизвестные страницы отечественной журналистики. Сборник статей. – М., 2006. – С. 78-79.

14. Сонда. – С.78-79.

15. Қараңыз: Уәлиахметұлы Р. Әдебиеттегі ұлтшылдыққа қарсы // Социалды Қазақстан. 1934. 28 ақпан; Мұсаұлы Ә. Төңкеріс дұшпаны – ұлтшылдық сыры жеріне жеткізіле ашылсын // Социалды Қазақстан. 1934. 22 ақпан; Әлжанұлы Қ. Ұлт араздығын қоздыратын кітап // Социалды Қазақстан. 1935. 18 мамыр; Қазақ ұлтшылдығына және соған қарай ауа жайылған уклонға қарсы. Бас мақала // Социалды Қазақстан. 1937. 27 маусым; Кісі өлтірушілерге, шпиондарға, предательдерге мейірім жоқ. Бас

мақала // Социалды Қазақстан. 1938. 3 наурыз; Ұлтшыл фашистерге өмір сұрқия дейміз. Бас мақала // Социалды Қазақстан. 1937. 6 тамыз; т.б.

16. Авторханов А. Империя Кремля (Советский тип колониализма). – Вильнюс, 1990. – С. 8.

17. Многонациональная советская журналистика. – М., 1975. – С. 157-159.

18. Мысалы, қараңыз: Сейфуллин С. Менің қателерім // Еңбекші қазақ. 1929. 2 қыркүйек; Мұқанов С. Менің қатем қандай? // Еңбекші қазақ. 1932. 8 ақпан; т.б.

III ТАРАУ

1941-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ӨЗІНДІК ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Фашистік Германияның Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуылы ел халықтарының тұрмыс-тіршілігін түбірімен өзгеріске ұшыратты. Гитлердің мәлімдеуінше, бұл соғыс бірінші кезекте идеология мен нәсілдік айырмашылықтардың соғысы, сондықтан ол Кеңес Одағының көптеген халықтарын толық жойғанға дейін ешқандай да аяусыз қаталдықпен жүргізілуі тиіс болды.

Жасыратыны жоқ, КСРО басшылығы алып елдің басына төніп келе жатқан қауіпті алдын-ала сезді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ халық шаруашылығының барлық салалары армия мен майдан қажеттіліктерін қамтамасыз ету жағдайына көшірілді, республикалардың соғысқа жарамды да белсенді ер-азаматтары елді қорғауға жұмылдырылды. Мысалы, 6,2 миллион халқы бар Қазақстанның 1,2 миллион тұрғыны қан майданға аттанды.

Барлық мемлекеттік институттардың қызметі әскери жағдайға бейімделіп, олардың алдына жауға қарсы тұруды ұйымдастыруға ықпал ету, одан әрі оларды толық жою міндеті қойылды. Баспасөздің орталықтан бастап жергілікті жердегі тұтас жүйесі өзгерістерге ұшырады. Айталық, жалпы одақтық газеттер саны екі есеге дейін қысқарды. Сондай-ақ республикалық, облыстық және аудандық газеттердің де саны мен көлемі шектелді. Нақтылап айтқанда, республикалық, өлкелік және облыстық партиялық газеттер А2 форматында аптасына бес рет екі бет болып шыға бастады. Аудандық газеттер де екі беттік А3 форматында апталық басылымға айналды.

Қабылданған шешімдер бірінші кезекте солдаттар мен офицерлердің моральдық және жауынгерлік рухын көтеру мақсатымен әскери баспасөз жүйесін құруға бағытталды. Мысалы, соғыс жылдарында қазақ тілінде жиырмаға жуық майдандық, армиялық және дивизиондық газеттер шығып тұрды. Олардың кейбірі былай аталды: «Қызыләскер ақиқаты» (3-Белорусс майданы), «Отан намысы үшін» (1-Украин майданы), «Жауды жоюға» (Брянск майданы), «Отан үшін ұрысқа» (Волхов майданы) және басқалар (1). Кеңес халқы мен шетелге оперативті ақпарат жеткізіп отыру мақсатымен кеңестік ақпараттық бюро құрылды. Газет, радиохабарлары редакциялары мен ақпарат агенттіктеріне жүздеген журналистер, жазушылар, ақындар, суретшілер жіберілді.

ВКП (б) Орталық Комитетінің 1941 жылғы тамыздағы «Арнаулы тілшілердің майдандағы жұмысы туралы» және 1942 жылғы қыркүйектегі «Әскери тілшілердің майдандағы жұмысы туралы» қаулыларына сәйкес журналистер алғы шептегі армияға іс-сапарларға аттанып, қан майданның белортасында болды, өздерінің әскери борыштарын жанқиярлықпен адал атқарды. Олар соғыс қимылдары жүріп жатқан қайнаған ортада жүріп, кеңес жауынгерлерінің мұқалмас ерік-жігері мен ерліктерін өз көздерімен көрді, майдан оқиғаларымен өрілген материалдарды өздерінің әдеби және публицистикалық шығармаларына арқау етті.

Майданнан алыс жатқан тылда да өмір бұрқ-сарқ қайнап жатты. Еңбеккерлер барлық күш-қуатын майданға көмек көрсетуге жұмылдырды. «Барлығы да майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін» ұраны тыл еңбеккерлерінің тыныс-тіршілігін айқындаушы болды. Баспасөзде «Майдандағыдай жұмыс істейік!» лозунгісі алға тартылды.

Қазақстан майдан арсеналына айналды. Мысалы, осы жылдары республикада аса зор стратегиялық маңызы бар түсті металлургия қарқынды жұмыс істеуге кірісті. Бұл жерде, Қазақстанда, КСРО-да өндірілген қорғасын өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі, он оқтың тоғызы құйылып жатты. Қысқа мерзімде Қоңырат молибден рудниктері іске қосылды; Жезді, Ақтөбе, Хромтауда марганец шығару көлемі еселеп өсті; Ақшатау молибден-фольфрам және Текелі полиметалл комбинаттары өз жұмыстарын бастады. Кеңес Одағында шығарылып жатқан молибденнің 65%-ы, металлургиялық висмуттың 65%-ы, полиметалл рудасының 79%-ы Қазақстан еншісінде болды.

Осы тұрғыдан келгенде сол тұстағы КСРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы президиумының Төрағасы Қаныш Сәтбаевтың «Қазақстан интеллигенциясы Отан соғысы күндерінде» деген публицистикалық мақаласындағы төмендегі жолдар айрықша назар аударады: «Қазір Қазақстанның жер қойнауындағы орасан зор байлықтары түгелінен Отанымызды қорғау мүддесіне жұмсалып отыр, - деп жазады қазақстандық ғалымдар шоғырының жетекшісі Қаныш Имантайұлы. – Қазақстан қорғасын, молибден шығаруда Союздағы басты республикаға айналып, мыс қорыту жөнінен бірінші саптан орын алып отыр. Гитлершіл айуандарға ажал болып тиген оқтың оннан тоғызы Қазақстанда шығарылған қорғасыннан құйылады. Танктер мен өздігінен жүретін зеңбіректердің жартысынан көбіне жасалған бронда Қазақастанда қорытылған молибден бар. Патрондар мен снарядтар гильзасының, майдандағы армияның байланыс жасайтын аппаратурасының үштен бірінен астамы Қазақстанда қорытылған мыстан жасалған.

Қазақстанның жоғары сапалы марганец кендері уақытша жау қолында қалған Никеполь кендерінің орнын басты. Қазір бұл КСРО-ның құралды күшінің тірегі – Оралдың металлургия заводтарының жұмысын қамтамасыз етіп отыр. Стратегиялық маңызы аса зор вольфрам, қалайы, сүрме, никель және хром сияқты металдарды өндіру ісі де республикамызда өлшеусіз артты.

Қазақстанның кокстелетін көмірінің сарқылмас қоры қару шығару ісіне барған сайын көп пайдаланылуда. Ембі мұнайының аса жоғары сапалы бензині және бірінші сортты жағармайлары совет авиациясының табыстарынан көрнекті орын алып отыр.

Жұмысшылардың барлық жігерін салуы және буған жаңалықшыл инженер, техник интеллигенциямыздың белсене қатысуы арқасында республикамыздың жер қойнауындағы байлығы осы күннің өзінде социалистік отанымызды қорғау керегіне едәуір жұмылдырылды, онан гитлершіл қандыбалақ шапқыншыларға қарсы жұмсалған зеңбірек снарядтары, танктер мен самолеттер жасалуда» (2).

Тылдағы қазақстандықтардың жанқиярлық ерлікке толы еңбектерін мына фактілер де айқын дәлелдей түседі: Жезқазғанның төңірегіндегі Жезді руднигі бар-жоғы 37 күнде ғана іске қосылды. Қазақстанның әрбір төртінші тұрғыны қорғаныс объектілерінің құрылысына қатысты. Тыл өмірінің тыныс-тіршілігі мен жұмысы нағыз майдандағыдай жүріп жатты. Республика халықтарының асқан ерік-жігері мен қажыр-қайратының арқасында 460 завод, фабрика, рудник, шахта, оның ішінде 220 эвакуацияланған кәсіпорындар қатарға қосылып, өнім шығара бастады. Алғы шептегі армияны азық-түлікпен және ауылшаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ету негізінен алғанда әйелдердің, қарттар мен балалардың иығына түсті. Республика малшылары да жанқиярлықтың ерекше үлгісін көрсете білді: өздерінің төрт түлік малымен қатар олар Ресей мен Украинадан жүздеген мың бас ірі қараны, өзге де үй жануарларын қабылдап, бағып-күтті, соғыстан кейін иелеріне сонша көлемдегі малын қайтарып берді.

Қазақстандық тыл еңбеккерлері ерекше серпіліс таныта отырып, майданға 2,5 миллион дана жылы киім жіберді, қорғаныс қорына 4 миллионнан астам сом аударды. Осы қаржыға «Қазақстан колхозшысы», «Қазақстан комсомолы», «Кеңестік Қазақстан» әуе эскадрильясы құрылды. Сол тұста КСРО-да кең өріс алған қозғалыста жекелеген адамдар жеке өз қаржыларына танк не самолет құрастырып, майданға жіберді, ондай қазақтардың есімдері тарихта алтын әріптермен жазылды. Мысалы жеке өзінің қаржысына аты аңызға айналған қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов танк жасатса, ал колхозшы Қабаш Қозыбаев самолет жасатты.

«Советтер Союзының барлық халықтары сияқты қазақ халқы сүйікті анасы – Отанын қорғауға біркісідей болып аттанды, - деп жазады жоғарыдағы публицистикалық мақаласында Қаныш Имантайұлы. – Ұлы Отан соғысының майдандарында социалистік отанының бақыты мен бостандығы үшін орыстармен, украиндармен, белорустармен, грузиндермен, өзбектермен, тәжіктермен, Советтер Союзының басқа туысқандас халықтарымен бірге қазақ халқының батыр ұлдары да жауға қарсы ерлікпен шайқасуда. Отанының намысын аянбай қорғаған бұл батырлардың ішінде совет интеллигенттері аз емес. Интеллигенцияның соғыс даласындағы ерлігіне Советтер Союзының Батыры, ғылым қызметкері және жазушы Мәлік Ғабдуллиннің ісі айқын ыспаттама болады. Ол қазақ халқының мақтаны болып отыр.

Майданға көмекті күшейте беру жөніндегі творчестволық жарыста ғалымдар мен инженерлерден, дәрігерлер мен агрономдардан Қазақстанның мәдениет және искусство қызметкерлері де қалыспай келеді. Жазушылар, қазақтың халықтық поэзиясының алыбы қарт Жамбыл бастаған ақындар соғыс кезінде қазақ халқының батыр ұлдарының бейнесін жырлайтын бірсыпыра жақсы шығармалар берді. Бұл шығрамаларда Едігеден бастап XIII ғасырдағы батырлар, халық аузында жыр болған батыр Аманкелді Иманов, Советтер Союзының батырлары – ұлы отан соғысына қатысқан Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, тағы басқалары жырланады.

Жамбылдың Ленинград пен Сталинградты қорғаушы батырларға арнаған жалынды үндеулері Қызыл Армияның жауынгерлері мен офицерлерін отан үшін ерлік істеуге жұмылдырды. Соғыс кезінде «Намыс гвардиясы», «Сын сағатта» пьесалары, «Абай» романы (бірінші бөлімі), «Ұлы адам туралы жыр», «Қазақ концерті» кинофильмдері, тағы басқа шығармалар шақты. Бұлардың көркемдік жағына жалынды патриоттық рухы сай» (3).

Барлық күш-жігерді жауға тойтарыс беруге жұмылдыруда әскери жағдайға тез икемделген журналистиканың аса маңызды рөл атқарғанын айрықша атап өткен жөн. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап әскери тақырып барлық мерзімді басылымдарда ең басты орын алды, публицистиканың түрлі жанрларындағы материалдар жауынгерлік іс-қимылдарға, өшпес ерліктерге арналды.

Сұрапыл соғыс кезеңінде хат барлық Кеңес журналистикасындағыдай, ұлттық қазақ журналистикасында да кең өріс алған ықпалды жанрға айналды. Оны М.Әуезов, С.Мұқанов, К.Байсейітова секілді әдебиет пен өнер өкілдері, ақындар Жамбыл, Нартай, тағы басқалары, өнеркәсіп орындарының, ауыл шаруашылығының қарапайым еңбеккерлері, Қазақстан басшылары кеңінен

пайдаланды. Бұлар баршаға, сондай-ақ әр адамға арналған жоғары публицистикалық лептегі шығармалар болып табылды. Сондықтан да оларды оқыған не тыңдаған жандар бей-жай қала алмады. Бұлар тілек-хат, үндеу-хат, жолдау-хат еді. Олар ұжымдық та, жекешелік те сипатта орталық, республикалық, майдандық, армиялық, облыстық және аудандық газеттер беттерінен көрініс тауып, радиодан оқылып жататын.

Соғыс жылдарында республика еңбеккерлерінің майдан жауынгерлеріне арғалған 60-тан астам тілек-хаттары баспасөзде жарияланды, ұжымшарлар мен кеңшар еңбеккерлерінің буырқанған патриоттық сезімдері тұнып тұрған бұл хаттарды тебіренбей оқу мүмкін емес. Бір ғана мысал: республика малшыларына Мемлекеттік қорғаныс комитетінің ауыспалы қызыл туы тапсырылуына байланысты 1943 жылы сәуірде МҚК-ге жолданған үндеу-хатқа ауыл шаруашылығының 960390 еңбеккері қол қойды. Қазір сонау соғыс жылдарындағы республика газеттерінің сарғайған беттерін ақтарып отырғанда ел басына күн туған сын сағатта, елдің өмірі талқыға түскен шақта журналистика әлемінің қаншалықты құдіретті күшке ие бола алатынына тәнті болып, басыңды иесің.

Енді сұрапыл соғыстың алғашқы күндерінің бірінде жазылған үндеу-хаттардың бірінің мәтініне көз жүгіртіп көрейік: «Біздің Отанымыз қатерлі шақты бастан кешіруде, - деп жазады Қарағанды шахтерлары Батыс майданындағы Н. бөлімшесінің жауынгерлеріне, командирлеріне, саяси жетекшілеріне. – Совет халқы қанішер фашистік басқыншыларды жер бетінен жойып жіберуге барлық күшті жұмылдыруда.

Сіздерден біздерді мыңдаған километр бөліп отыр, біздің сезіміміз, ойымыз бен ерік-жігеріміз біртұтас. Біз Сіздердің ерлік істеріңізге тәнті болудамыз. Біздерді Сіздердің ерліктеріңіз, батырлықтарыңыз жігерлендіруде... Сіздердің әрбір табыстарыңыз біздің жүрегімізді өлшеусіз қуаныш пен мақтанышқа бөлеуде.

Біздің шахтада жүздеген шахтерлар екі-үш нормадан беруде..., үздік стахановшылар коллективі арттарынан ертуде...

Кеншілер демалыс күндерінен бас тартуда, біздің жауға қояр тосқауылымыздың күн сайын ғана емес, сағат сайын да өсе түскенін қалаймыз...

Біз көмір өндірудің айлық жоспарын 15 күнде орындайтын боламыз; күн сайын өнімнің өзіндік құнын үнемдеу есебінен 400 сом пайда табамыз; айына бір күн елімізді қорғау қорына жұмыс істейміз.

Біздің жүрегіміз фашистік жендеттерге деген өшпенділікке толы...» (4).

Газеттер беттерінде тұрақты түрде жарияланып отырған мұндай хаттар сол қиын-қыстау кезеңде журналистиканың қалың бұқараға

публицистикалық ықпалдың осы формасын тиімді пайдаланып отырғанын көрсетеді. Ол сол тұста кеңестік баспасөздің негізгі функцияларын – ұжымдық үгітшілік, насихатшылық және ұйымдастырушылық – мүлтіксіз атқарғанына қарамастан, барлық ұлт адамдарын XX ғасыр тажалы – фашизмге қарсы күреске жұмылдыра білді. Оның бұл міндетті табыспен атқара білгенін атап айтуымыз керек.

Соғыс жылдарындағы публицистика сөз құдіретінің адамдардың сана-сезіміне қаншалықты әсер ете алатынының жарқын үлгісі болды. Сол кезеңдегі жарияланымдардың әр жолында от-жалынға оралған көңіл-күй мен патриоттық сезім бар.

Оқып көрелік. «Социалистік Қазақстан» газетінің редакцияға түскен хаттарға шолуларының бірінде былай деп жазады: «Майдан өлкесінде әрқашан көк жиектен көтерілген күнге қараңдар да, туған жерлеріңді еске алыңдар. Селеуі теңіздей тербелген Арқаның адырлы кең даласын, алтын бұлағы сорғалаған Алтайдың асқар жоталарын, ақбас Алатаудың жеміске безенген сай салаларын, соншалық кең туған жерлеріңдегі аталарыңның қасиетті қабірлерін, туған-өскен үйлеріңді көз алдарыңа келтіріңдер. Соларды жауға таптатпаймыз деп ант етіңдер!» - деп жазды қазақ халқы өзінің майдандағы жауынгер ұлдарына.

Бүкіл қазақ халқы қол қойған бұл хат майдандағы қазақ жауынгерлері арасында, қала берді, бүкіл республикамызда үлкен оқиға болды. Неміс басқыншыларға қарсы күресіп жүрген қазақ жауынгерлері мен командирлеріне қайрат беріп, жаңа ерлік істерге бастады. Тылдағы қажырлы еңбекте жаңа жігер туғызды.

«Қазақ ұлы! Жаудың есін жыйдырмаңдар! Аямай соғыңдар жауды, соңғы демдерің тоқтағанша, тамшы қандарың қалғанша соғыңдар! Қолдан қуат, буыннан әл кеткенше соғыңдар дұшпанды! Жеңілу қорлығынан алысып өлген артық!... Тапжылмас табанды, қайыспас қайсар болыңдар. Туысқан орыс, грузин, украин, қырғыз, белорус, өзбек ерлерімен, ұлы совет елінің барлық халықтарымен қол ұстаса, жұп жазбай бірге қимылдаңдар!» деп тапсырған еді қазақ халқы.

Бұл тапсырманы неше жүз мыңдаған ержүрек жауынгерлер жанқиярлықпен адал орындап, неміс басқыншыларға күйрете соққы беруде» (5).

Қазақ халқының хаты майдан мен тылдың байланысын бұрынғыдан да күшейтіп, шыңдай түсті. Алып отан соғысының түрлі майдандарында жаумен шайқасып жатқан сан мың қазақ ұлдары туған еліне, партия мен үкімет органдарына, өзі өскен коллективтерге сансыз көп талай хаттар жазуда. Хатты қатардағы жауынгерлер мен командирлер, бөлім

командованиелері жазады, бүкіл дивизия, армия, майдан жауынгерлері болып жазады.

Антқа берікпіз. Сертті орындау ежелгі салтымыз. Атам қазақ жаудан қайтқан емес. Ата-бабаның ежелгі жауынгерлік дәстүріне кір келтірмейміз, даңқына дақ түсірмейміз. Отан үшін жан пида! Міне, хаттардың негізгі мазмұны осы.

Газеттің осы нөміріне Ленин орденді және Қызыл ту орденді Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Панфилов атындағы 8-ші гвардия атқыштар дивизиясының жауынгерлерінен, командирлерінен және саяси қызметкерлерінің Қазақ халқына хаты жарияланды. Айта кету керек, бұл хатқа қол қоюшылардың бірі гвардия подполковнигі Бауыржан Момышұлы болды. Патриоттық ұлттық сезім, рух мәселесінде терең мәні болғандықтан бұл хаттан ұзағырақ болса да үзінді келтіруді жөн көріп отырмыз: «Қазақ халқы Қызыл армияға таңдаулы ұлдарын беріп, оларды әкелік қамқорлықпен жорыққа жабдықтап, киіндіріп, қаруландырып, ұрысқа не керектің бәрімен қамтамасыз етті. Халық майданға жіберерде бізге:

– Фашист басқыншыларды аяусыз қырыңдар, зұлым оккупанттарды совет жерінен қуып шығыңдар! Біз сендерді жеңіспен ғана күтеміз! деп әмір берген еді.

Жүз жасаған жырау Жамбылдың сөзімен халық бізге:

Қырандарым көкке ұшарда
Сал қыяға көзіңізді,
Мен не көрем, көремісің?
Бахыт нұрды, жерімізді, - деді.

Я, Жәке! Майданға аттанып, туған өлкемізден кетіп бара жатқанда біз қарт Каспийдің жағасынан Алатаудың қарлы шыңдарына дейін, Бостандықтың мақталы даласынан Алтай тауларына дейін созылған жерімізді көрдік. Біз совет өкіметі жылдарында еңбек сүйгіш халқымыздың қолымен жасалған ұшан-теңіз байлықтарын көрдік.

Біз майданға кетіп бара жатып, Сталиндік Конституцияның нұр сәулесімен гүлденген, күш-қуатымыздың негізі – халықтардың мызғымас достығында нығайған бүкіл ұлан-байтақ отанымызды көрдік. Біз бахытты көрдік.

Я, Жәке! Біз нені қорғайтындығымызды, қанымыз бен жанымызды не үшін тартынбай қиятындығымызды жақсы білдік. Біз майданға халқымыз өзінің тағдырын, отанның тағдырын бізге сеніп тапсырғанын толық түсініп аттандық. Біз жауға долы борандай, лаулаған оттай болып қарсы тұруға, оны тоқтатып, жөнкілте қуып, қырып-жою үшін батысқа аттандық. Біз майданға

қазақ халқының ең жақсы досы, көсеміміз және ұстазымыз ұлы Сталиннің жалынды шақыруымен жігерленіп аттандық.

Біз сенің сенімдеріңді зая кетіргеніміз жоқ, қазақ халқы! Ленин-Сталин партиясының ісіне берілген сенің ұлдарың бүкіл осы жылдарда, өзінің аясында аймалап өсірген туған жерге сүйіспеншілігін қасиеттеп жүрегіне сақтады. Біз жауға деген жалынды өшпенділік уытын найзалардың өткір ұшында ұстадық. Неміс-фашист басқыншыларға қарсы қатты ұрыстарда біз Москваны қорғаушылар деген өшпес даңққа ие болдық.

Отанымыздың жүрегін қыспаққа алып, тұншықтыруға тырысқан жау, қызыл астананы жартылай қоршаған қаһарлы сағатта, Москваның тағдыры шешілер кезде, - совет адамдары соғыстар тарихында болып көрмеген ерлікпен жаудың аласұрған тегеурінін тойтарып, оны күл-талқан етті. Жаудың 50 танкының жолына ұлы тосқауыл болған 28 геройдың теңдесі жоқ қаһармандығын елімізде естімеген жан бар ма екен!

Ержүрек 16 геройдың басшысы, Алматының комсомол қызметкері Рәшит Жанғожин жүздеген фашист жауыздарға қарсы ақтық демі біткенше күрес жүргізіп, оқ тескен партиялық билетін қысқан қолын жоғары көтеріп, ұлы даңқпен от ішінде қаза тапты.

Төлеген Тоқтаровтай болу үшін отанды мейлінше қатты сүю керек, жауға барлық жан-тәнмен мейлінше қатты өшігу керек.

Қазақстан колхозшысы, қызыләскер Тілеуғабылов бір ұрыста жалғыз өзі жаудың 3 танкін қыйратты. Оқ атып жатқан жер шегіне төртінші танктің өтіп бара жатқанын көре салып, ол соңғы гранатын қолына алып, жау танкінің табанынан қарай ұмтылды, оның бұл қаһармандығы Севастопольді қорғаушы – 25 қаратеңізшінің қаһармандығынан да асып түсті...

Геройлар өзінің бағалы өмірін қара жүрек жауды жеңу жолында сарп еткенде, оларды орыс халқының өткендегі ұлы істері – Полтава, Бородино, Севастопольдағы ерлік істері рухтандырды. Олармен қатар қазақ халқының атақты геройлары – Амангелді, Исатай, Махамбет, азамат соғысының геройлары – Щорс пен Котовский, Чапаев пен Фрунзе рухтандырды.

Оларды біз хасиеттеп есімізге сақтаймыз. Таңертеңгі, кешкі түгендеулерде қаза тапқан геройдың аты аталғанда оң жақтағы бөлімшелер

– Ол отанды қорғауда ерлік өліммен қаза тапты! деп жауап береді...

Бізде ұрыстар талқысында отан соғысы тәжірибелеріне жетілген үздік командирлер өсті. Алматының бұрынғы ғылми қызметкері, Советтер Союзының Геройы Мәлік Ғабдуллин қатардағы жауынгерден майор болды. Бауыржан Момышұлы өзіміздің көз алдымызда үлкен лейтенанттықтан подполковник болды...

Отан үшін ұрыстарда жүздеген жауынгерлер өсіп, шынықты. Олар – Жамбыл облысының бұрынғы колхозшысы, құралайды көзге ататын мерген, 105 немісті өлтірген, мергендердің бүкіл бір тобын тәрбиелеп шығарған, біздің делегатымыз – Әбіл Нүсіпбаев. Олар – Нүсіпбаевтың шәкірті, Мақтаралдың бұрынғы мақташысы, бір өзі 259 немісті өлтірген Төлеуғали Әбдібеков; Оңтүстік Қазақстанның комбайнері винтовкамен 49 немісті атып өлтірген Тұраров. Олар – минометчик Әлібай Керейбаев, оның расчеты 410 гитлершілді ол дүниеге жөнелтті. Олар – талапты композитор, санинструктор Елебаев Рамазан, ол ауыр жаралы болған 60 жауынгер мен командирді қару-жарақтарымен ұрыс даласынан алып шықты. Олар – Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссариатының бухгалтері, бөлімшелердің бірінің штаб писарі – Тұрғанов, ол қол пулеметімен 20 немісті өлтірді. Олар – біздің алтын қорымыз, дивизиямыздың жан жүрегі – ондаған, жүздеген басқа да командирлер мен жауынгерлер.

Біз шешуші ұрыстарға әзірленудеміз!

Ата-аналарымыз, әйелдеріміз бен балаларымыз! Алда тұрған сұрапыл ұрыстарда халық сенімін, гвардеецтер деген даңқты атақты ақтап шығамыз деп сіздерге уәде береміз! Біз өзіміздің туған ордамызға тек жеңіспен ғана қайтамыз» (6).

Мұндай жарияланымдар лексикасының стилистикалық қанық бояуы орынды әрі өзін ақтап тұр, ол сол уақыттың «Жау жойылады, жеңіс біздікі» деген ұранымен астасып жатыр. Бұл үндеу-хаттар этникалық өзгешелігіне қарамастан патриоттық рухпен өріліп жатыр, ол әр халықтың өкіліне, оның ішінде қазақтардың да, бейбіт өмірдің тағдырында ұлт ретінде алатын орны мен маңызын терең сезінуге мүмкіндік туғызды.

Қазақстан баспасөзінде халықтың жауынгерлік рухын көтеріп, оларды ерлік еңбекке жігерлендіретін мақалалар тасқынына таң қаласыз. Оларда, негізінен алғанда, ұлттың өршіл рухы көрініс тауып отыратын сипат айрықша атойлап тұрды. Айталық, «Социалистік Қазақстан» газетінде «Даңқты жерлестер, сіздердің ерліктеріңіз – халқымыздың мақтаны!» атты шапкамен берілген арнаулы бетте «Майданға хат» деген айдарда Қазақ педагогикалық институттың бір топ ғалым-оқытушылары мынадай хат жолдайды: «Ардақты Мәлік, Әлі, Алексей, Әлшер, Кәрім, Загодский, тағы басқа жолдастар! Тепсе темір үзген тегеурінді ерлер, сіздердің жауды ертең-ақ талқан ететіндерің сөзсіз. Өйткені, сіздер жеңілмес елдің ұлысыздар. Немістің рыцар-төбеттерін жерге тыққан Александрдың, күнде бір сүңгі сындырған, ер көңілін тындырған, сүңгіге кісі міндірген Едігенің; құралай көрсе көзге атқан, құланды көрсе белге атқан, оң келгенін оң атқан, сол

келгенін сол атқан... Қобыланды, Тарғыннның; қанын судай төксе де, қабағын шытып көрмеген Махамбет пен Чапаевтың ұрпақтарысыңдар.

Қымбатты жолдастар, өздерің ұшқан ұяң – ҚазПИ, мұндағы жолдастарың тегісімен әскери ғылымды оқуда.

Бүгінгі ұран – жауды жеңу!» (7).

«Туысқан қазақ халқы! Тапсырған аманаттарыңды орындауға ант етеміз!» деген тақырыпта жарияланған Н. құрамасы жауынгерлерінің, командирлері мен саяси қызметкерлерінің жауап хатына капитан Қ.Шарипов, сержант Ә.Нұршайықов, тағы басқалар қол қойған. «... Мұның өзі біздің мақтаныш сезімімізді онан сайын күшейтті, - деп жазады олар жауап хатта. – ... қазақ байларына, патша үкіметінің отаршыларына, шетел басқыншыларына қарсы күрескен батыр Едіге, қолбасы Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, даңқты большевик батыр Амангелді Иманов сияқты ержүрек ата-бабаларымызды қалай мақтан етпессің.

Шоқан, Абай, Жамбылды қалай мақтан етпессің.

Отан соғысы күндерінде өздерінің ерлігімен, қаһармандығымен қазақ халқының даңқын онан сайын асырған қазақтың қаһарман ұлдары, Советтер Союзының геройлары Мәлік Ғабдуллинді, Төлеген Тоқтаровты, Әліпбай Қосаевты, Нұрсұлтан Есболатовты, Асқар Көжебергеновты, Сеңгірбаевты қалай мақтан етпессің» (8).

Сұрапыл соғыс кезеңіндегі қазақ журналистикасының сипатты ерекшелігі сонда, ол 1920-1930 жылдардағы таптық күрес теориясы мәжбүрлеп, оған халықтар тарихы жасандылықпен тықпаланған, өзінің этникалық ерекшелігін сақтап қалуға жанталасқан жандарды «халық жауы» атандырған тоталитарлық идеялық негіздерден уақытша болса да алшақтады. Дәл осы тұста орталықтағы бас басылым – «Правда» газеті республика мен оның халқының ұлттық ерекшелігіне жоғары баға бере отырып, былайша идентификацияландырды: «Қазақстан кеңес халықтарына өте жақын, әрі қымбатты, бізде тіке, ашық мінезді, жүрегі жарқын, байсалды да адал қазақты сүйеді» (9).

Осынау қолайлы сәтті пайдаланып қалуға тырысқан «Социалистік Қазақстан» газеті 1943 жылғы қазан айының екінші жартысынан бастап, бір топ ғалымдардың күш-жігерімен дүниеге келген, «Қазақ ССР-ның ерте заманнан бастап осы күнге дейінгі тарихы» деген кітаптан «Қазақ халқының батыр ұлдары» туралы тақырыпта халықтың бостандығы, тәуелсіздігі және бақыты үшін жанаямай күрескен халық батырлары, мәдени қайраткерлері жөнінде бірсыпыра материалдар беруге бел байлады. Ең алғашқы материал «Абылай» деген атаумен жарық көрді. – Газеттің осы нөмірінде «Қазақ халқының бостандығы жолындағы күресі» деген тақырыпта көлемді

анықтама мақала берілді. Бұл жарияланымда бұрын ашық айтылмай келе жатқан қазақ өміріне қатысты жайлар сол тұста қалың бұқараны терең ойларға жетелегені дау тудырмайды.

«Қазақ халқының өте ертедегі тектері де Қазақстан арқылы өткен және оның халқын өздеріне бағындырмақ болған көп шапқыншыларға қарсы үнемі күресумен болған, - делінеді мақалада. – Осылай қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі, салты өте ерте заманнан жасалып келеді. Қазақ халқы өзінің тәуелсіздігін қорғау жолында, өмір сүрген тарихи жағдайының орайына қарай, әрдайым, әр жерде аянбай күресіп келеді.

Қазақстанның бостандық сүйгіш халықтарының қай-қайсысының болсын – мейлі көшпелісі, мейлі отырықшысы болсын – ешуақытта өзінің бостандығынан, тәуелсіздігінен қол үзгісі келген емес, сондықтан олар ежелден әрбір сүйем жерін, әрбір шаңырағын қорғап келді. Ұлы қолбасшы Александр Македонский өзінің жорықтарында Орта Азия мен Қазақстанда кездестірген қарсылықтардай күшті қарсылықты еш жерде кездестірген жоқ – деп көрсетеді тарих мәліметтері.

Халықтың тәуелсіздігі жолындағы күрес көптеген ерлерді, батырларды шығарды. Олар өз халқының бостандығы, бақыты жолында бастарын құрбан қылды. Бостандық сүйгіш қазақ халқының арасынан Датұлы Сырым сияқты қаһарман батырлар, шаруалар соғысының көсемі, халқын шын сүйген Таймануұлы Исатай сияқты адамдар, революцияшыл ақын Өтемісұлы Мақамбет сияқты ержүрек жауынгерлер шықты.

Халықтың тәуелсіздігі жолындағы күрес Қасымұлы Кенесары сияқты ірі саяси қайраткерлер, ірі қолбасшыларды шығарды. Кенесары патша үкіметінің қазақ даласын жаулап алуға әрекет еткен, қару-жарағы сай армиясының күшті шабуылына қарсы он жыл бойы ерлікпен қарсылық көрсетті.

Халықтың тәуелсіздігі жолындағы күрес Иманұлы Аманкелді сияқты халық батырын да шығарды. Аманкелді патша үкіметіне қарсы күресті қазақ кедейлерінің совет өкіметі үшін күресімен ұштастырды.

Қазақстанға келген алдыңғы қатарлы орыс азаматтары қазақ халқының ұлт бостандығы үшін күресін қуанышпен қарсы алды, ол күреске барынша көмектесіп отырды. Украинаның демократ ұлы ақыны – Шевченко, Достоевский, петрашевшілер, халықшылдар мен Шелгунов, орыстың барлық демократияшыл интеллигенциясы, кейінірек Ресей пролетариатының алдыңғы қатардағы өкілдері – социал-демократтар – большевиктер орыс халқы мен қазақ халқының тарихи тағдырлары бір екендігін және олардың екеуін де езуші патша өкіметіне қарсы бірлесіп күресудің маңызы зор екенін білген еді. Мұндай бірлескен күрестің өте керек екендігін қазақ халқының

ұлы ағартушылары – Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин сияқты алдыңғы қатарлы адамдары да түсінген. Бірақ бұл бірлескен күрес көп уақытқа дейін бытыраңқы болып, оның саяси мәні жете ұғынылмай келді.

... Қазақ жауынгерлері, қазақ халқының жауынгерлік дәстүрін дамытып, отан соғысының майдандарында ерлік, батырлық, табандылық, тапқырлық көрсетіп, совет патриотизмінің жақсы үлгісін көрсетіп жүр. Мұндай ерлік-батырлықты, мұндай табандылық-тапқырлықты өзінің ғасырлар бойы күресіп жаулап алған бостандығын сақтау үшін күресіп отырған көркейген халық қана көрсете алады» (10).

Соғыс жылдарындағы баспасөз қазақтарды Отанның ержүрек қорғаушы-жауынгерлері ретінде ғана идентификацияландырып қойған жоқ, сонымен қатар олардың жауға қарсы күресте жеңісті жақындата түсу жолында еңбек тылында да жанқиярлық танытып отырғанын жеріне жеткізе жаза білді. Осы орайда басылымдар қалың бұқараға 1930-жылдардағы көтеріңкі көңіл күйдің ауанымен өз сөздерін арнай отырып, мұндай қасиеттің социалистік құрылыс жылдарында кең өріс алып келе жатқанына ерекше мән беріп отырды. Дегенмен де сұрапыл кезеңдегі жарияланымдар қанқұйлы фашистерді түпкілікті жоюға бағытталған халықтың ерік-жігері мен уақыт рухын білдірді.

Қазақстанның республикалық, облыстық және аудандық газеттер редакциялары соғыстың әр жылдарында алғы шептегі армия жауынгерлеріне тыл еңбекшілерінің ғана үндеу-хаттарын жариялап қойған жоқ, сонымен бірге осындай хаттар легі озат жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция және газет қызметкерлері атынан жұмысшыларға, колхозшыларға, интеллигенцияға, жастарға жолданып отырды. Мысалы, еліміздегі жетекші басылымдар – «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттері бастаған баспасөзде «Бұдан да өнімді, бұдан жақсы еңбек етейік!», «Қазақстанның өнер қызметкерлеріне», «Әр еңбекшінің міндеті – Қызыл Армияға жылы киімдер жинауға белсене қатысу», «Қазақстан жастарына» секілді тағы да басқа айдарлармен арнау-хаттар, үндеу-хаттар үзбей жарияланып жатты. Бұларда қазақ халқы кеңес халқының ажырамас құрамдас бөлігі ретінде идентификацияланумен болды, оның ең басты мәні мынада еді: алып елдің тұрғындары әр түрлі жағдайда болғанмен, осынау ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде бір мақсатпен, бір проблемамен тыныс алды.

Бұл жерде мына жайтты ескеру қажет: КСРО-ның батысындағы кеңестік аймақтардың оккупациялануы майдан мен елді тұтастай алғанда азық-түлікпен қамтамасыз ету шығыс аймақтардың иығына түсті. Сондықтан да

Орта Азия мен Қазақстан халықтары жанқиярлықпен еңбек етіп, қан майдандағы солдаттар мен офицерлердей асқан ерік-жігер таныта білді. Еңбек шеруінде әйел-аналардың, қыз-келіншектердің орны айрықша болды. Осы орайда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы Төрағасының орынбасары Ш.Ермағанбетова былай деп тебірене жазды: «Сталиндік вахтаға тұрған колхозшы әйелдер де еңбектегі ерлік үлгісін көрсетуде. Жамбыл облысындағы Шу ауданы артелінің колхозшысы Қабат Кашентаеваның есімі бүкіл облысқа мәлім. Ол мақта теруде күндік нормасын 500 процентten орындауда.

Ерлерін, аға-інілерін майданға аттандырарда совет әйелдері оларға былай деп тапсырды:

– Қарғыс атқан жексұрындарды құртыңдар, мейірімсіз қырыңдар. Жазықсыз өлтірілген қарттар, әйелдер, балалар үшін кек алыңдар. Біздің абыройымыз, бостандығымыз, тәуелсіздігіміз жолындағы күресте ешбір қиыншылықтан тайсалмаңдар. Ал біз тылдағы жұмыстарда сіздерді жоқтатпаймыз» (11).

Газеттерде ауылдардағы қазақ балаларының үлкендерше жұмыс істеп, ерлік еңбектің алғы шебінде жүргені жөнінде де жиі-жиі сан алуан жанрларда материалдар беріліп отырды. Бір ғана мысал, Мұқан Иманжанов «Қазақ балалары» деген суреттемесінде былайша толғанады: «Алдымызда «Мақталы» колхозының Жолдасбек, Әбдірахман деген екі баласы тұр. Бірі 14-те, бірі – 8-де. Жолдасбек учетчик, Әбдірахман қырманда көлік басына мінеді.

- Ұйқыларың келмей ме?
- Жоқ, келмейді, - дейді олар.
- Шындарыңды айтыңдаршы.

Олар үндемей сәл тұрды да:

- Ұйқы аздап келеді ғой, бірақ оны елемейміз. Ұйқыдан жұмысты жақсы көреміз.

... Олардың кіршіксіз жүрегі халқымен, майдандағы әкелерімен, бауырларымен бірге соғады.

Колхоздың бар баласы жұмыста» (12).

Сол сұрапыл соғыс жылдарында мектептерде жастар тәрбиесіне барынша көңіл бөлініп отырды. Бұл жөнінде сарғайған газет беттеріндегі материалдар сөйлейді. Қиын-қыстау кезеңнің алғашқы айларында-ақ осы мәселеге барынша назар аударылды. Әсіресе, әдебиет сабағын Отан соғысына бейімдеп жүргізу жайында нақты ой-пікірлер ортаға салынды. Айталық, Қажым Жұмалиев «Жастарды Отан сақтау рухында тәрбиелейік» деген мақаласында әдебиетті алып майданда жауды жеңудің күшті

құралының бірі ету жөніндегі өз ұстанымдары мен кеңестерін алға тартады (13).

Соғыстың алғашқы айларынан бастап-ақ газеттер өнеркәсіп орындары, ұжымшар мен кеңшар ұжымдарының еліміздің қорғаныс қорына аударып отырған қаржылары тұрғысында үзбей жазып отырды. «Социалистік Қазақстан» газеті 1941 жылғы 6 желтоқсандағы нөмірінде «Қорғаныс қорына» атты тақырыппен арнайы бөлім берді (14). Онда телеграфтық стильмен «Қазақстандықтар қорға 36639 мың қолма-қол, 92991 мың сом мемлекеттік займдардың облигациялары түрінде аударды...

Қазақстанның колхозшылары мен колхоздары қорғаныс қорына ауылшаруашылығының азық-түліктерімен қатар ақшалай да жарналар өткізіп, осы арқылы жеңімпаз Қызыл Армияның қуатты азық-түлік резервін жасауда», - деп хабарланды.

«Республиканың барлық облыстары, - деп жазды «Казахстанская правда» газеті «Қазақстан еңбекшілері Қызыл Армия жауынгерлеріне өз сыйлықтарын жөнелтуде» деген тақырыппен берілген арнаулы бөлімінде, - жауынгерлерге бір-бір эшелоннан сыйлық жіберуге дайындалуда. Таяу күндері майданға алғашқы 100 вагон жөнелтіледі... Ақтөбеден Оңтүстік-Батыс майданының жауынгерлері мен командирлеріне шошқа, қаз, үйрек, тауық еті мен май тиелген 20 вагон жолға шығуға дайын.

Каспий, Арал, Балқаш балықшылары жауынгерлерге бірінші сортты балық, икра ұсынады. Қызылорда облысы еңбекшілерінің сыйлық вагондарында 10 тонна күріш, 1,5 тонна қауынқақ бар... Облыстық өнеркәсіп одағы мен нан комбинаты 400 килограмм печенье, кептірілген шошқа етін, облыстық сауда мекемесі жеті мың қорап темекі жөнелтуде», т.б. (15).

Уақыт өте келе «Правда» газеті өз басмақаласында былай деп жазды: «Майдандағы қару-жарақтың, жабдықтың, азық-түліктің қандайын болмасын өндіруде ұлы Отан соғысының қуатты, сарқылмас қоры – Қазақстанның сіңірген үлесі бар.

Қазақстан еңбекшілері жауды талқандау қорына 3 февральға дейін 401.723.000 сом ақша, бір жарым миллион пұттан аса астық, 200 мың пұттай басқа ауыл шаруашылығы продуктыларын берді» (16).

Осы тұста соғыстың сарқылмас қорына айналып отырған Қазақстанның КСРО-ның туысқан республикалар одағындағы орасан зор рөліне кең көлемде тоқталған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат жөніндегі хатшысы М.Әбдіхалықовтың, Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы Н.Скворцовтың, т.б. материалдары айрықша назар аударады (17).

Сұрапыл соғыс күндерінде Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қазақстан, Қырғызстан өкілдерінің фашизмге қарсы митингісінің Өзбек,

Түркмен, Тәжік, Қазақ, Қырғыз Кеңестік республикалары халықтарына Үндеуі туысқан елдер ұлттарының мәңгілік бірлігі мен мызғымас достығының жарқын куәсі болды. «Қымбатты жауынгер ұлдарымыз! – деп, атап айтылады бұл Үндеуде. – Тәжікстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның, Түркменстан мен Қазақстанның халықтарын – адам емес, адам деп атауға лайықсыз «жасық нәсіл» деп атады. Қуатты соққы беріп, топас айуандардың басын мылжалаңдар, түркмендердің, өзбектердің, қазақтардың, қырғыздардың, тәжіктердің кім екенін оларға танытыңдар. Сіздердің соққыларыңыз неғұрлым күшті болса, халықтардың аттары жаудың есінде соғұрлым қатты сақталады» (18).

КСРО журналистикасы секілді Қазақстан баспасөзі де еліміздің халқын ұлтына қарамастан жауды тезірек жеңу мақсатына жұмылдыруда бар мүмкіндікті сарқа пайдалануға тырысып отырды. Бұл үшін газеттер жауынгерлер мен командирлердің тыл еңбеккерлеріне хаттарын да үзбей жариялап жатты. Мұндай материалдарда публицистиканың жанрларынан бастап, оның тілі мен стиліне дейінгі бай арсеналы жарқырай көрінді. Мысал ретінде «Казахстанская правда» газетіндегі «Рахмет, - дейді майдан» атты тақырыппен берілген корреспонденцияны келтіре кетейік. Бұл – жауынгерлердің атақты, рекордшы тары өсіруші қазақ Шығанақ Берсиевке хаты болатын.

«Бүгін таңертең бізге, алғы шепке далалық асхана таңғы асты әкелді, - деп хат жазады Батыс майданның пулеметшілері мен жауынгерлері. – Біз тары ботқасын жеп отырғанда үгітші газет ұсынды. Біз одан Ойыл ауданының «Құрман» колхозының звеношысы Шығанақ Берсиев әр гектардан 170 центнерден тары жинап, берген уәдесін орындады» деген жолдарды оқыдық.

Біз осы заметканы оқып отырғанда тары ботқасы бұрынғыдан да дәмді бола түсті...

...Майдан даласындағы ботқа – үлкен шаруа, жақсы тамақтанған, жылы киінген жауынгер күшті де батыл болады. Міне, біздің сізге айтарымыз: «Қамқорлығыңызға рахмет!» (19).

Мұндай адами құжаттың кез келген жанды толғандырып, тебірентетіні анық. Мұнда жауынгерлердің қарапайым еңбек адамына деген шынайы шындыққа негізделген жүрек жылылығы жатыр. Риясыз сенесің. Газеттер беттерінде жарияланған осы және осы тақілеттес өзге де хаттар сол жылдардың тыныс-тіршілігінен хабардар етіп, қазақ халқының фашистік басқыншыларды жою ісінде қаншалықты рөл атқарғанына баға беруге болады. Оларда туған елге деген шексіз сүйіспеншілік, еңбек адамдарына деген құрмет-қошамет, қазақ халқының даңқты ұлдарының өшпес ерлігі, т.б.

сандаған асыл қасиеттер тұнып тұр. Сондай хаттар арқылы қазақтардың ұлттық сипатын – өзге халықтарға деген дархан көңілін, жан жүрегін, адал пейілін айқын аңғаруға болады.

Сұрапыл соғыс жылдарында жауынгер-қазақтардың ерекше адами қасиеттері, ерлігі жөнінде көптеген көрнекті кеңес жазушылары мен публицистері қалам тербеді. Олардың сол тұстағы шығармашылық мұраларында қазақ халқы жөніндегі тебіреніс-толғаныстары, қан майдандағы ерліктері мен тылдағы жанқиярлық еңбектері жарқын көрініс тапқан. Жазушы-публицистер мұндай қасиеттердің күллі кеңес адамдарына тән екендігін, достық пен бауырластықтың оларды биіктерге көтеріп отырғанын мақтаныш сезімімен жеткізіп отырды.

Осы орайда соғыс жылдарында от-жалынға оранған шығармашылығы арқылы тек кеңес халқының ғана емес, шетелдіктердің де ыстық ықыласына бөленген атақты жазушы-публицист Илья Эренбургтің шығармашылығына ден қойып көрелік. Соншалықты қажырлылықпен жұмыс істеген ол күніне 3-4 материал жазып отырды. Соғыс кезеңінде газет-журналдарда автордың мыңнан астам шығармалары жарық көрді. Оның мақалалары, очерктері, заметкалары, фельетондары өзі қызмет ететін «Красная звездада» ғана емес, одақтық «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Красный флот», майдандық, армиялық «Красноармеец», «Пропагандист», «Смена», «Ленинград», т.б. газет-журналдарда, сондай-ақ көптеген шетелдік басылымдарда үзбей жарық көріп жатты.

Ол өзінің көптеген материалдарында неміс-фашист жендеттерімен аяусыз күресіп жатқан халықтар, олардың бойларындағы патриотизмнің қайнар көздері туралы тебіреніспен жазды. Оның жазбаларын барлық кеңес халықтары зор сүйіспеншілікпен қабылдады, материалдары жауға қарсы тасталған бомбадай әсер етті. Әскерилер Эренбург публицистикасының автомат қаруынан кем болмағанын, жауынгерлер шабуылға шыққанда гимнастеркаларының төс қалталарына сол материалдарды салып жүруді дәстүрге айналдырғандықтарын жиі-жиі айтатын болды. Оның публицистикасының жауынгерлік күш-қуатының ықпалды болғаны соншалық, Гитлер оны өзінің жеке жауларының тізіміне енгізді.

«Кеңестік патриотизм, - деп жазды И.Эренбург, – аса зор ішкі шаттық-қуанышпен өрнектелген, біздің халқымыз өзінің тарихи парызын орынды мақтан етеді. Советтік патриотизм сонымен бір мезетте қарапайым ғана, құдды бір құстың ауаға, балықтың суға таңылғанындай: біз сол қалыпты сүйеміз, онсыз бізге өмір жоқ.

Біз өз үйімізді, өз жерімізді қорғау үшін майданға шықтық, бұл әділетті соғыста біз әлемнің барлық халықтарының сүйіспеншілігі мен мойындауына

бөлендік. Өзіндік патриотизмнің осындай күш-қуаты, осындай сиқыры бар» (20).

Эренбург кеңес патриотизмі жөнінде айта отырып, ол оған абстракты түсініктерді пайдаланған жоқ, көпұлтты алып ел халықтарының нақты өкілдерінің мысалдары арқылы өзінің публицистикалық қорытындылары мен тұжырымдарын жасап отырды. Оның бастауларына тоқтала келе былайша толғанды: «... ұлттық сезімнің гүлденуі ұлттық шектеулерге алып келген жоқ, міне, сондықтан да орыс және украиндармен бір сапта тұрып қазақтар, қалмықтар, татарлар, өзбектер, якуттар, грузиндер, армяндар, біздің еліміздің барлық халықтары қазір Ленинградты қорғауда» (21).

Эренбург қан майдандағы жауынгерлерге мұқалмас жігер, күш-қуат беретін түп-тамыр жөнінде айта отырып, өз ойын былайша нақтылай түседі: «Ұлттық мәдениеттің гүлденуі, ғасырдың нығаюы адамзаттың жаңа буынын білдіреді... Алайда, біздің уақытымыздағы ұлттық ұмтылыс өткен ғасырдың басын еске салмайды. Біз өзімізді жеке дара, алып халық ретінде сезінбейміз, біз үшін ұлт – адамзаттың тірі бөлігі. Біз халықтар сезімінің де, халықтар тағдырының да қауымдастығын көріп отырмыз... біз халықтар бауырластығы жөніндегі асыл арманнан білмейтінімізді, өз деревняңды сүйе алмай адамзатты сүюдің қиын екенін түсіндік» (22).

Қаламынан осы және өзге де тамаша материалдар туындаған публицисті Қазақстанда жақсы білді. Оларды тек қана партиялық насихатшылар мен үгітшілер ғана емес, қарапайым адамдар да қызыға оқыды. Эренбургтің жалынды сөздері солдаттардың ғана жауынгерлік рухын көтеріп қойған жоқ, сонымен қатар кез-келген ұлт өкілінің санасына тегеурінді ықпал етті, олардың бойында өзі мен өз халқына деген мақтаныш сезімін оятты. Еңбек тылында жауға қарсы күресте жанқиярлық танытып жатқан Қазақстан халқы да жазушының осы жолдарынан шабыт алды. Сондай-ақ бұл материалдар қазақстандық журналистика үшін де шынайы сөз зергері мен шешенге тән асқан шеберліктің үлгісі болып, тың тақырыптарға жол ашты, асқақ идеялардың бастау көзіне айналды.

Ол «Өлімнен де күшті» тақырыбымен берілген публицистикалық материалдарының бірінде эсэстік «Шварце кор» газетінің 1942 жылғы 9 шілдедегі нөмірінде жарияланған басмақаладағы «Севастополь», «Ленинград», «Москва», «Воронец» қалаларын қорғаушылардың күші неде? Кескілескен шайқастағы осыншалықты қарсылықтың, қайтпас қайсарлықтың сыры неде? деген сауалдарға қазақ халқы өкілінің мысалында жауап береді.

«Мен бүгін қазақ жауынгерден хат алдым. Соны келтірейін: онда Гим№№№ газеті қойған сұраққа жауап дайын. Қызылармияшы Асқар Лекеров былай жазады: «Сіздің «Июнь» атты мақалаңыз менің ойыма көп

нәрселерді түсірді. Мен тар да дымқыл жертөледе отырғанмын, алайда дәл осы сәтте әлемнің үлкен театрында отырғандай әсерде болдым. Көз алдымнан қазақ халқының өмірі экрандағыдай өтіп жатты... 1941 жылғы июньді есіме түсірдім. Мен сол кезде өзімнің туған колхозымда едім. Революцияға дейін бұл жер Батпақ, яғни лайлы, балшықты жер аталды. Таудан жіңішке өзен ағатын, ол да Батпақ делінетін. Бұл жерде бұрын ешкім тұрған жоқ, - деп айтатын кейбіреулер, - тұруға болмайды да. Ал қазір осы өзеннің жағасында жаңа колхоз селосы қоныс тепкен, 130 үй, үлкен жеті жылдық мектеп, клуб бар. Әр үй бау-бақпен, бақшамен көмкерілген, төрт жүз гектар егістік алқап, он мың қой, алты жүз сиыр, жеті жүз жылқы бар – Батпақтың 1941 жылғы июньдегі көрінісі, міне, осындай еді.

Мен өзімнің туған өлкемді, туған жерімді, өзімнің Батпағымды сүйемін. Батпақ өзенінде шомылғым келеді... Мен өзім сізге, Эренбург жолдас, турасын айтайын: жауды жеңген соң өмір сүргім келеді. Алайда жаумен кескілескен шайқас кезінде мен бәрін де ұмытып кетем. Мені бір ғана ой толғандырады: қанқұйлы жендеттерді аяусыз қыру ғана. Қаным басыма шабады. Қарапайым ғана кішкентай қазақ жеңілмейтін алып жауынгерге айналады» (23).

«Осы қарапайым, жүрек сезімімен жазылған хат, - деп жалғастырады публицист, – біздің жауынгерлеріміздің күшін айғақтап тұр. Асқар Лекеров қарапайым қазақтың қасиетті де қиян-кескі шайқаста жеңілмейтін әрі мұқалмайтын күшке айналып кететінін жан-жүрегімен айтады. Бұл шындық. Қазақ, не орыс, не украин болсын – олардың бәрі де жеңілмейтін әрі мұқалмайтын біртұтас халыққа айналады. Бұл бізге жаңа сынақтың ауыр күндерінде «біздің халқымыз құрыштай берік, жеңілместей мығым» деп нық сеніммен айтуға мүмкіндік береді».

Қан майданның қайнаған ортасында жазылған материалдары алдымен «Комсомольская правда» газетінде жарияланып, қолдан қолға көшіп отырған жас қазақ публицисі, жауынгер Баубек Бұлқышевтің ойлары И.Эренбургтің ойларымен тығыз астасып жатты. Оның публицистикалық дүниелері республикалық қазақ және орыс тілді газеттерге де іле-шала көшіріліп, аударылып басылып жатты. Ол «Өмір сүргім келеді» атты тақырыппен берілген публицистикалық толғауында сүйген қызы жөнінде былайша толғанады: «... Мен де өзімнің сүйген қызымды ойлаймын. Шығыс қызы Жаннаны сағынам: Жаным, Жанна, сен тіпті алыстасың. Бірақ суретің қалтамда, ... менің жылы құшағымдасың. Жүрегімді сенің адал махаббатың жылытады.

Жанна, сен қайдасың қазір? Мүмкін екінші сменаға қалып, дәл қазір соғыс заводында жұмыс істеп тұрған шығарсың? Маған оқты көбірек құйып

берудің жолында шығарсың. Мүмкін ұзақ түн оқ құйып, қазір ұйықтап жатқан шығарсың? Түсіңде өзің құйған снарядтардың немістерді қалай талқандайтынын көріп жатқан шығарсың?

Тыныш ұйықта, жаным! Ұйқың бұзылмасын деп, күзетіңде біз тұрмыз мұнда. Мен оқымысты болуды арман етуші едім. Қазіргі күнде сені қорғайтын, өзіміздің Шығысты қорғайтын, өзіміздің Отанды қорғайтын солдатпын. Таңертең соғысқа кіргенде есімде сен боларсың, елім болар.

... Менің өмір сүргім келеді. Бірақ фашист неміспен бірге өмір сүре алмаймын. Фашист бар дүние мен үшін тар. ...Біз Шиллерді, Гетені сүйетінбіз, біз оларды қазір де жақсы көреміз» (24).

Жауынгер-публицист жиырмасыншы ғасырда, адам ұлының ой-өрісі ер жеткен мәдениетті ғасырда нәсілшілдік дертімен уланған фашист басқыншыларының адамдық бейнеден айырылғанына күйінеді.

«Біз қашан да гуманист болатынбыз, - деп жалғастырады жас қазақ жауынгері. – Біз адамды ерекше сүйеміз де, оның өмірі ең қымбат өмір дейміз. Мен адам өмір сүрсе екен, еңбек етіп, өнерін көрсете алса екен деймін. Ал ол Адам өмір сүру үшін, сол адам өмір байлығын жасап алу үшін керек нәрсе ол жаңағы айтқан – фашисті қыру! Осы тілек үшін біз талай құрбан шалармыз, бірақ бұл тілек орындалады да!

Мен жиырмадағы совет жасымын. Мен өмір жолының біразын жүріп тастасам да, алдымда талай қыр бар. Менің алтын жолым жиырмасыншы ғасырдың биік қырқасынан асып, алға қарай, жоғары қарай тартып барады. Ол жол менің ұлы Отанымның далаларынан өтеді. Жан жағымда сен сияқты миллиондаған совет жастары. Олар да өз жолдастарымен кетіп барады. Бірақ бәрінің жолы да сол биікке, сол алға тартып жатыр.

Міне, менің қалам, университетім, менің сүйетін Жаннам. Мен сендерге соғыс өртін қақ жарып өтіп келе жатырмын. Әрі асығам. Әрі алқынам. Мен сендерге жеткім келеді. Бірақ дәл жолымда көлденең тосып, автомат ұстаған неміс тұр. Ол мені өлтіргісі келеді. Ол менің жолымды бөгемек болады. Мен сақ болмасам, ол мені өлтіреді де. Онда ол менің барлық туған-туысқандарымды да өлтіреді. Қаламды қиратып, университетімді талқандайды.

Менің туысқандарым өз тағдырларын маған тапсырды. Ол тағдырға мен жауаптымын. Сол жауапты бере аламын да».

Лиризм тұнып тұрған философиялық ой-толғамдарға толы оның майдандық публицистикалық шығармаларын тебіренбей оқу мүмкін емес. Оның от-жалынға оранған дүниелері қазақ тіліне аударылып, баспадан әлденеше рет басылып шықты. Баубек публицистикасының отты үнімен жастардың әлденеше буыны тәрбиеленіп келеді. Осы орайда жиырма

жасында қан майданда ерлікпен қаза тапқан қазақ жауынгер-публицисінің соңғы жинағында жарияланған бірқатар публицистік дүниелерінен үзінділер беруді жөн көреміз (25). Сол тұстағы қазақ жасының жүрек дүрсіліне, жан толғанысына құлақ түріп көрелік:

«Біз 20-ғасырдың 40-жылдарының жастары ұлы постыны жауынгерлік дәуірде алып отырмыз. Ардақты миссияны атылған оқтың, жарылған снарядтың астында қанды майданда алып отырмыз.

О, жастар! О, құрбылар! Біздің заман таласта. Үлкен қауіп біздің алдымызда. Бірақ біз өз заманымызды ешкімге бере алмаймыз. Заман біздікі. Өз заманымыз үшін жан пида. О, жастар! О, құрбылар! Біз келешек ұрпақтардың алдында жауапты болмайық, біз оларға бересіміз. Біз қанды майданда күреспен жеңіп алған тамаша дәуірді мақтанышпен өткізуіміз керек.

Біз кеше ғана 20-ғасырды алтын ғасыр деп атап едік. Біз осы ғасырдың дәмін татқан жастармыз. Міне, қараңдаршы, жау алтын ғасырға оқ атуда. Алтын ғасырдың тұтас денесінде оқтың ізі. Ол ауыр соққыны бастан кешіруде. Бірақ алтын ғасырдың жастары тәкаппар, жау алдында арыстан жүректі, болат жүйкелі, көңілі көтеріңкі әрі шешімді. Алтын денесіне таңба түсіруі бар – шірімейді, болат сынуы бар – майыспайды, біздің жастар өлері бар – жау алдында бас имейді».

«Заман біздікі» - 6-8-беттер. Батыс майдан, 1942 ж., июнь.

* * *

«Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсыңдар! Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолында құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласыңдар.

Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де. Күресте тудық, сол күреспен өлеміз. Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!

Адам ұлы адамша өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын! Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз да! Өмір үшін күресте біз өлім дегеннен сескенуден жеркенеміз!

Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Өлім әр түрлі болады... Ал естігеніңде үлкен құрметпен, бас иетін өлім де бар! Ол – майданда ерлерше өлу!»

«Өмір мен өлім туралы» (Майдандағы қазақ жасының дәптерлерінен) – 9-12-беттер. Батыс майдан, 1942 ж., апрель.

* * *

«Кавказ, сен менің алдымда тұрсың. Сенің асқар шыңың көз алдымнан кетпейді. Мен сені окопта жатып көріп отырмын. Жүрегіңнің қалай соққаны маған естіліп тұр. Сенің басыңа қауіп төнгенін, сенің жауға зығырданың қайнағанын сеземіп мен...

Немістерді Кавказға қоя беруге біздің хақымыз жоқ. Оны тарих кешпес те еді. Мен Шығысты жақсы білемін. Ел аузында өлең-жыр болған меймандос, алтын Шығыс жауға қаһарлы да, рақымсыз да бола біледі. Шығыста күн күледі. Батыста жылайды. Бірақ Шығыстан көтерілген күн қатулана да біледі. Мен өзім Шығыс ұлымын, Кавказ ұлдары менің бауырым, сырласым. Қазір орыс, грузин Кавказдың тағдыры үшін қан төгіс ұрыста жүр».

«Тыңда, Кавказ!», – 12-14-беттер. Батыс майдан, 1942 ж., июль.

* * *

«Шығыс ұлы!

Біздің қазіргі уақыттағы орнымыз қанды майдандағы қызу ұрыста ғой. «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай» біздің ісіміз бітпейтін нағыз қызу кезең осы емес пе, Шығыс ұлы!

Мен саған осы хатты немістің блиндажында жазып отырмын. Жанымда бірнеше қазақ жігіті бар. Осыдан 40 минут бұрын бұл блиндажда немістер отырды. Біз оларды қамауға алып, үстінен басып қалдық. Тек аз ғана солдаттары қашып құтылды.

Сен біз «дәу қара» деп атайтын Қарағандының забойшигі Бейсенәліні білесің ғой! Ол қазір бізбен бірге. Өзі де дәу қара десең, дәу қара-ау! Бүгінгі ұрыста жұртты тым-ақ сүйсіндірген сол болды. Оның қимылы да қызық. Сонша ірі денесімен керіліп тұрып немісті найзаға түйреп алып, басынан асыра кейін лақтырады. Жау онымен қарсыласуға беттемей жалт береді. Жаңа оны командир шақырып алып, арқасынан қағып, алғыс айтты. Жауынгерлер оған Шығыс ұлы деп ат қойып алды. Менің есіме сен түстің сонда. Сондықтан саған хат жазуды дұрыс деп таптым.

Ел қорғауға ер намысымен аттанған біздің алдымызда үлкен бел жатыр, Шығыс ұлы! Туған елдің келешегін сақтауға біз міндеттіміз. Ендеше қазақ қыздарының ғасырлар бойы «Елім-ай» деп сары даланы күңірентіп салған зарлы әнін бүгінгі күні жаңа күймен ұрыс алдында біз шырқасақ, оның айып-шамы жоқ. «Елім-ай» – елін сүйген қыз жүрегінен шыққан ән. Елін сүйген ер

жігіт қазіргідей заманда «Елім-ай» десе, ол – ант! Ол – серт! Ұрыс алдында жауынгердің жүрегіне төтенше махаббат құймақ. Шығыс ұлы, кел, шырқатып «Елім-айды» салайық. Қайғымен емес, жауға бермейміз елімізді деп, жігерленіп салайық; қасіретпен емес, ел үшін, жер үшін өлімге қарсы жүреміз деп, серт бере салайық».

«Шығыс ұлына хат», – 16-19-беттер. Батыс майдан, 1942 ж.

Баубек Бұлқышев өзінің публицистикалық еңбектері арқылы өз Отанын, өз ұлтын шексіз сүйе білудің ғаламат үлгісін көрсете білді. Сондықтан да оның шығармалары халықтың үлкен ықыласын туғызып, оны зор құрметке бөледі. Шабуылдың алғы шебінде бара жатқан мәңгі жас күйінде қалды...

Соғыс жылдарында қазақ халқының асақақ гуманизмі әдебиет пен өнерде де астасып жатты. Жыр алыбы Жамбылдың қоршаудағы ленинградтықтарға арналған «Ленинградтық өрендерім» атты үндеу-жыры Ленинград көшелеріне ілініп, жауынгерлер мен халықтың рухын көтерді. Ал, Сталинградты қорғаушы қазақ жауынгерлері мен командирлері Қазақстанның халық ақыны Жамбылға хат жазды (26).

Республикалық, облыстық және аудандық газеттерде арнайы әдебиет пен өнер беттері беріліп, ақын-жазушылардың, публицистердің шығармалары үзбей жарияланып отырды. Мысалы, «Социалистік Қазақстан» газетінде «Тілесең жеңісті, өлтір немісті» деген шапкамен берілген бетте Сәбит Мұқановтың «Еділ үшін егесіңдер» публицистикасы, Нұрпейіс Байғаниннің «Қазақстан – майданға» толғауы, Жақан Сыздықов пен Диқан Әбіловтің жауынгерлерге арналған өлеңдері, т.б. жарық көрді (27). Сондай-ақ газеттің қыркүйек-қазан айларындағы нөмірлерінде М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің «Намыс гвардиясы» пьесасы берілді (28).

«Социалистік Қазақстан» газеті 1943 жылғы 4 желтоқсандағы нөмірінде халық ақындарының республикалық айтысы басталғанын хабарлап, Жамбыл бастаған халық ақындарының майдан мүддесі жолында елеулі еңбек сіңіріп отырғанын, Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Нұрлыбек Баймұратов, Нартай Бекежанов, Қуат Терібаев, Қалқа Жапсарбаев, Шашубай Қошқарбаев сияқты топтан озған халық ақындарын жұртшылықтың жақсы білетінін паш етті (29). Республикалық айтысқа жиналған ақын-жазушылардың Сталинге хатында былай деп атап көрсетілді: «... Біз ер патриот аталарымыз – Едіге, Қобыланды, Исатай, Махамбет, Амангелділердің жауынгерлік салтымен егес майданда өктем шыққан қазақ халқының батыр ұлдарын жыр еттік.

Біз орыс, украин, белорус және басқа совет халықтарының ұмытылмас Александр Невский, Дмитрий Донской, Кузьма Минин, Дмитрий Пожарский, Александр Суворов, Михаил Кутузов, азамат соғысының батырлары: Чапаев,

Пархоменко, Щорс сияқты батырларының ер абырой, қасиеттерін жыр еттік» (30).

Қазақ КСР Кеңес халық комиссариаты жанындағы өнер істері комитетінің бастығы С.Толыбековтың есеп-материалы назар аударады. «Қазақ республикасының таңдаулы артистерінен құрылып, майданға барған бригада, - деп жазды ол, - 18 августа Солтүстік-Батыс майданнан Алматыға қайтып келді. Бригада 16 июньнен 30 июльге дейін майданда жұмыс істеді. Бұл уақыттың ішінде ол майданда 64 концерт берді. Оның үстіне Москвада 16 концерт берді.

Артистердің, әсіресе, Күләш Байсеитова, Жамал Омарова, Манарбек Ержанов, Евгений Иванов, Елубай Өмірзақов, Үрия Тұрдықұлова және Әнуарбек Үмбетбаев жолдастардың берген номерлеріне зор баға берілді» (31).

Біз бүгін сұрапыл соғыс жылдарында қалам қаруымен ұлы жеңісті жақындата түсуге өлшеусіз үлес қосқан М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Әбішев, А.Тоқмағамбетов, Б.Бұлқышев, М.Ғабдуллин, Ә.Нұршайықов, Ж.Алтайбаев, С.Мәуленов, Ғ.Орманов, Қ.Жұмалиев, Қ.Сатпаев, С.Баишев, Б.Кенжебаев, Х.Бекхожин, Қ.Шарипов, М.Иманжанов, А.Лекеров, тағы да басқа сандаған асылдарымызды мақтанышпен еске алуға тиіспіз. Ал, осынау алып шоғырдың басында жыр алыптары Жамбыл мен Кенен тұрғанын ұмытуға болмайды. Өз шығармаларына қазақ жауынгерелерінің өшпес ерлігін арқау етіп отырған орыс жазушы-публицистері И.Эренбург, К.Симонов, М.Ритман, О.Огнев, З.Кедрина, тағы басқалардың шығармалары қазір де маңызын жоймақ емес.

Қазақ халқының асқақ рухпен өрілген гуманизмі қағаз жүзінде немесе майдан мен тылдың өзара қатынастарында ғана көрініс тауып қойған жоқ. Баспасөздің қалың бұқараны қажырлы еңбек пен соғысқа жігерлендірудегі күнделікті жұмысы өз жемісін беріп жатты. Қазақ халқының бойындағы қайырымдылық, ақжүректік, ашық-жарқындық секілді асыл қасиеттер эвакуацияланған бейбіт тұрғындар мен майданда жарақаттанған жауынгерлерге қатынаста ғана емес, сонымен қатар тағдыр тәлкегімен қазақ жеріне қоныс аударуға мәжбүр болған қарашай, қалмық, кәріс, шешен, ингуш, грек, поволжьелік неміс, балкар және тағы басқа ұлттарға деген қаяусыз қамқорлықта да жарқырай көрінді. Жасыратыны жоқ, кезінде бұл жөнінде жазылмады, себебі ол жабық тақырып еді. Сол жылдары кеңестік цензура бұған қатаң шектеу қойған болатын. Қарапайым халық мұның астарын жақсы түсінді.

Сұрапыл соғыс жылдары баспасөздің халықтың өзіндік идентификациялану проблемаларын қалай шешкенін, оның ұлт портретін

жасаудағы теңдессіз еңбегін ой елегінен өткізуге бай материал береді. Бір жайт айқын – оның қатысуынсыз жаумен қарсы алапат соғыста жеңіске жету мүмкін емес еді. Баспасөз бұл кезеңде «таптық күрес» деп аталатын проблемаларды жайына қалдырды, социализм дамуына қарсы келетін жаулар өз халқының арасынан іздестірілмеді, шыққан әлеуметтік тегіне немесе қоғамдағы алатын орнына қарамастан біртұтас халыққа бірігу, топтасу процесі зор ұйымшылдықпен жүргізілді.

Баспасөз өзінің бай тарихы бар ұлттардың тығыз топтасуы арқылы ғана жеңілмес ұлы күшке айналатынын терең түсінді. Тек осындай халықтың ғана қоғамдық дамуда өзінің лайықты орнын алатыны ақиқат. Бұған талайлы тағдырлы қазақ халқының өмірі куә бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Идрисов Р. Казахская военная публицистика. Автореферат дисс... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1970.
2. Сәтбаев Қ. Қазақстан интеллигенциясы Отан соғысы күндерінде // Социалистік Қазақстан. 1943. 21 желтоқсан.
3. //Сонда.
4. // Казахстанская правда. 1941. 10 июля.
5. // Социалистік Қазақстан. 1943. 4 шілде.
6. // Сонда.
7. // Социалистік Қазақстан. 1942. 18 сәуір.
8. // Социалистік Қазақстан. 1943. 10 наурыз.
9. // Правда. 1943. 6 ақпан.
10. // Социалистік Қазақстан. 1943. 17 қазан.
11. Ермағамбетова Ш. Қазақ әйелдері Отан соғысы күндерінде // Социалистік Қазақстан. 1942. 12 қаңтар.
12. Иманжанов М. Колхоз балалары // Социалистік Қазақстан. 1942. 23 тамыз.
13. Жұмалиев Қ. Жастарды Отан сақтау рухында тәрбиелейік // Социалистік Қазақстан. 1942. 1 ақпан.
14. Қорғаныс қорына. Арнаулы бөлім // Социалистік Қазақстан. 1941. 6 желтоқсан.
15. Трудящиеся Казахстана шлют бойцам Красной Армии свои подарки. Подборка материалов // Казахстанская правда. 1942. 17 февраля.
16. // Правда. 1943. 9 ақпан.
17. Әбдіхалықов М. Қазақстан ССР Союзының туысқан республикалар Одағында // Социалистік Қазақстан. 1942. 5 желтоқсан; Скворцов Н.

Қазақстан – Отан соғысының сарқылмас қоры // Социалистік Қазақстан. 1943. 11 ақпан; т.б.

18. Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қазақстан, Қырғызстан өкілдерінің фашизмге қарсы митингісінің Өзбек, Түркмен, Тәжік, Қазақ, Қырғыз Совет Республикалары халықтарына Үндеуі // Социалистік Қазақстан. 1943. 6 ақпан.

19. Спасибо, - говорит фронт. Корреспонденция // Казахстанская правда. 1942. 25 сентября.

20. Эренбург И. Сочинения в пяти томах. Т.5. Очерк, статьи. – М., 1954. – С. 756-757.

21. Там же. – С. 161.

22. Там же. – С. 193.

23. // Комсомольская правда. 1942. 22 ноября; аудармасын қараңыз, Социалистік Қазақстан. 1942. 29 қараша.

24. Булкышев Б. Я хочу жить // Комсомольская правда. 1942. 22 ноября; Бұлқышев Б. Өмір сүргім келеді // Социалистік Қазақстан. 1942. 29 қараша.

25. Бұлқышев Б. Заман біздікі: Проза мен поэзия. – Алматы: Атамұра, 2003. – 6-36-беттер.

26. Қазақстанның халық ақынына – Сталинградтың қорғаушыларынан. Майдандағы армия, 17 ноябрь // Социалистік Қазақстан. 1942. 20 қараша.

27. Тілесең жеңісті, өлтір немісті. Арнаулы бет // Социалистік Қазақстан. 1942. 28 қазан.

28. Әуезов М., Әбішев Ә. Намыс гвардиясы (пьеса) // Социалистік Қазақстан. 1942. №№229, 230, 235, 236. Қыркүйек-қазан.

29. // Социалистік Қазақстан. 1943. 4 желтоқсан.

30. // Социалистік Қазақстан. 1943. 7 желтоқсан.

31. Толыбеков С. Қазақстанның искусство қызметкерлерінің майданға барған бригадасы // Социалистік Қазақстан. 1942. 28 тамыз.

Екінші бөлім бойынша
бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Қазақ публицстикасы сталинизм алғышарттарының қалыптасу кезеңінде (1924-1929).
2. Әміршілдік-әкімшілдік жүйедегі демократия және қазақ баспасөзі.
3. Жеке басқа табыну идеологиясы – құлдық идеологияның өзегі.
4. Сталиндік «5 пайыздық шындық» теориясының мәні.
5. «Правда» газеті және қазақ баспасөзі.
6. Кеңестік цензураның пайда болуы және қалыптасуы.
7. Кеңестік интернационализм және баспасөз.
8. 1936 жылғы «қазақ» сөзін жазбаша дұрыс қолдану жөніндегі қаулы.
9. Қазақ публицист-жазушылары сталиндік қуғын-сүргін жылдарында.
10. Қазақ даласының қасірет мекеніне айналуы.
11. 1930-жылдардағы қазақ журналистикасындағы ұраншылдық.
12. Ұлттық бірегейлік пен интернационализм принципі 1930-жылдардағы қазақ баспасөзінде.
13. «Еңбекші қазақ» газеті сауатсыздықты жою майданында.
14. Араб графикасынан латыншаға (1930) және кириллицаға (1940 жылдан) көшу мәселесі.
15. Қазақ басылымдарының дінге қарсы күресі.
16. Ұлттық сана-сезім дамуына интернационализм идеясының әсері мен ықпалы.
17. Қазақ баспасөзінің ұлттық интеллигенцияның пайда болуындағы рөлі және өзіндік идентификациялану мәселелері.
18. 1930-жылдардағы жұмысшы-село тілшілерінің қозғалысы.
19. 1930-жылдары қазақ публицистикасының жанрлық түрленуі.
20. Отан соғысы жылдарындағы қазақ майдандық газеттері.
21. Қ.Сәтбаевтың «Қазақстан интеллигенциясы Отан соғысы күндерінде» публицистикалық мақаласы.
22. Қазақ қаламгерлері, өнер ұжымдары мен жыршы-жыраулары соғыс жылдарында.
23. Қазақ халқының қазақ майдангерлеріне хаттары.
24. Қазақ майдангерлерінің қазақ халқына хатары.
25. Одақтық басылымдар қазақтар туралы.
26. Тылдағы қазақ әйелдері мен балалары публицист-журналистер шығармашылығында.
27. Публицист Илья Эренбург қазақтар жөнінде.
28. Майдангер публицист Баубек Бұлқышев.

29. Баубектің «Өмір сүргім келеді», «Заман біздікі», «Өмір мен өлім туралы», «Тыңда, Кавказ!», «Шығыс ұлына хат» публицистикалық мақалалары.
30. «Социалистік Қазақстан» газеті соғыс жылдарында.

III БӨЛІМ
ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНУ «ЖЫЛЫМЫҚ», «ТОҚЫРАУ» ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДА

I ТАРАУ
ҰЛТТЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ХРУЩЕВТІК «ЖЫЛЫМЫҚ» КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНДЕ

Соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін КСРО алдында еуропалық аймақтың елеулі бөлігінде соғыстан қираған экономиканы қалпына келтіру мен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуын қамтамасыз ету міндеті тұрды. Бұл істе өнеркәсіп өндірісінің соғысқа дейінгі деңгейін аса күрделі жағдайда елеулі түрде арттыруға қол жеткізген Қазақстан үлкен орын алуы тиіс еді. Айталық, қысқа мерзімде Өскемендегі қорғасын-цинк комбинаты, Қарағанды көмір бассейнінің 6 жаңа шахтасы қатарға қосылып, Ақтөбе ферросплав, Қарағанды металлургиялық, Балқаш мыс балқыту зауыттары өндірістік қуатын арттыра түсті. Төртінші бесжылдық жылдарында өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі 1,7 есе, көмір өндіру 2,5 есе, түсті металл – 2 есе, электроэнергия өндірісі – 2,3 есе, машина құрылысы – 2 есеге дейін өсті (1). 1950 жылға қарай республикада жұмысшылар мен қызметшілердің саны соғыстан қайтқан жауынгерлер мен училищелерді бітірушілер есебінен 1.403 мың адамға жетті.

Қазақстандағы соғыстан кейінгі жылдардағы экономикалық өсім мен өнеркәсіптің дамуы адамдардың санасына өз әсерін тигізді, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсе түсуіне ықпал етпей қалған жоқ. Осы кезеңде республикада тұрғындарының жалпы білім деңгейін көтеру мен халыққа білім беру жүйесін дамыту процесінде елдің интеллектуалды потенциалы арта түсті. Мысалы, Қазақстанда жалпы және орта білімнің одан әрі дамуы республикада міндетті жеті жылдық білім алуға көшудің жүзеге асуы мен жалпыға міндетті сегіз жылдық білім беру жүйесіне көшуге әзірліктің аяқталуынан көрінді. 1949 жылға қарай халыққа білім берудің соғысқа дейінгі нәтижелері барлық көрсеткіштер бойынша асыра атқарылды. 1950-жылдары оқушылардың жалпы контингенті 1 миллион адамнан асты. Осы орайда мектептерде қазақ балаларының саны күрт өсті.

Сондай-ақ елде педагогикалық кадрлар даярлау жүйесі дами түсті. Көкшетау, Павлодар, Целиноград қалаларында педагогикалық институттар ашылды, ал Қостанай мен Петропавловскідегі мұғалімдер институттары педагогикалық жоғары оқу орындары болып қайта құрылды.

1950-жылдары ұжымшарлар мен кеңшарлардың қаржысына республикада мәдени-ағарту мекемелерінің құрылысы жөніндегі қозғалыс жаппай өріс алды, нәтижесінде 1048 клубтар мен мәдениет үйлері тұрғызылып, 1150 «қызыл бұрыштар» мен қызыл отаулар ұйымдастырылды. Сондай-ақ кітапхана ісі кең өріс алды, жаңа қоғамдық және жылжымалы кітапханалар, кітап беретін арнаулы орындар және т.б. пайда болды.

Жалпы білім беру мен мәдениет деңгейінің артуы қазақ халқының халықтық педагогикалық шығармашылығының кең қанат жая түсуіне игі әсерін тигізді, оның қазақтардың ұлттық сезімдерін тәрбиелеудегі рөлі арта түсті. Ерте замандарда қазақтар – жасы бар, кәрісі бар – ақын-жырауларын ортаға алып, олардың өткен өмір, батырлар, қайырымдылық, зұлымдық, салт-дәстүрлер және басқа да ұлттық қасиеттермен өрілген жырларын тыңдайтын. Осы ретте батырлық, ғашықтық жыр-дастандар, тұрмыс-салт жырлары айрықша маңызға ие еді. Бұл қазақ өмірінің, тыныс-тіршілігінің сан алуан қырлары, олардың табиғат, адам, қоғам жөніндегі таным-түсініктері тұнып тұратын. Жанрлық жағынан алуан түрлі болып келетін осындай ән-жырлар қазақ ауыз әдебиетінде үлкен орын алды және ол әдеби шығармашылықтың көптеген түрлерінің негізгі формасы болып табылады (2).

Орайы келгенде айта кетейік, қазақтың халық әндері батырлық жыр-дастандармен қатар өмір сүріп келеді. Осынау халық әндерінде қуаныш пен қайғы, мұң-зар, мөлдір махаббат, адамның асыл армандарға толы көңіл-күйі, сан алуан сезім қырлары тұнып тұрады. Халықтың шыққан тегі, рулық туыстық байланыстар, көшпелі тұрмыс-тіршілік, бір сөзбен айтқанда, ата тарихы, асыл шежіресі өлең-жырлар мен әндердің өзегі болды. Халық шығармашылығының көркемдік құндылығына баға беру қиынның қиыны. Бұлардың қазақтар тәрбиесінде және олардың ұлттық сана-сезімі мен менталитетін қалыптастыруда қаншалықты рөл атқарып келгенін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес...

Соғыстан кейінгі кезеңде қазақ әдебиетінің даму проблемаларын зерттеу, оқып-үйрену кең өріс ала бастады. Нақтылап айтар болсақ, Абайдың творчестволық биографиясы, Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері, XX ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық жазушылары, қазақтың революцияға дейінгі әдебиет тарихының очерктері және басқа да мәселелер жөніндегі кітаптар шыға бастады.

Бұлардың бәрі де тұтастай алғанда қазақ халқының өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық қасиеттерін терең сезінуге берік негіз қалап жатты. Сондықтан да қазақ интеллигенциясының өз халқының тағдыры мен тарихында үлкен орын алатын жекелеген ұлы тұлғаларын ой елегінен өткізуге деген ұмтылысы

заңды да еді. Оның үстіне соғыс жылдарында 1930-жылдардағы идеологиялық шектеу алынып тасталды да өткен тарихтағы қазақ батырларының, ұлыларының есімдері ресми насихатта кеңінен қолданылды, ұлы батыр бабалардың бейнелері мен рухтары қазақ халқын фашизмге қарсы қан майданда ұдайы жігерлендіріп отырды.

Фашистік Германияға қарсы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін 1945 жылғы 24 мамырда Кремльде Сталин даңқты қолбасшылардың құрметіне жасалған салтанатты қабылдау-отырыста «Кеңестер Одағындағы барлық ұлттар ішіндегі ең ерекше ұлт» болып отырған орыс халқының саулығына тост көтерді, «ұлы орыс халқы» деген тіркеске үлкен саяси мән бере отырып, әлденеше рет айтты, орыстардың майданда атқарған рөліне айрықша тоқталды (3).

Осыдан соң «Ұлы орыс халқы» деген тіркес кеңестік журналистиканың туына айналды. Ресей тарихы қайта қаралып, оны мадақтау, «ұлылығын» дәріптеу сипатындағы көзқарас белең алды (4).

Өткен тарихта Ресеймен соғысқан, жауласқандардың бәрі де орыс халқының, демек, халықтар достығының жауы деп бағаланды, патшалық Ресейге қарсы күрескен ұлт өкілдерінің бәрі дерлік «дұшпан» ретінде жария етілді. Ресей жаулаушылығы басталғаннан көп бұрынғы тарихи оқиғалар да дәл осындай сіреskен догматикалық тұрғыда қарастырылды. Бір мысал: XIV ғасыр мен XV ғасырдың шежіресінде елеулі орын алған даңқты би, қолбасы, мемлекет қайраткері Едіге де қараланды. Оның 1409 жылы ауыр әскермен барып Мәскеуді қоршағаны, орыстарға салық салып, айып алғаны алғы кезекке шығарылып, орыс халқының жауы деп көрсетілді.

Қазақ жерін патшалықтың құлдығынан сақтап қалу жолында арпалысқан Кенесары, Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысы кертартпа, монархист ретінде қаралады.

Республика Ғылым академиясының негізін қалаушы, әрі бірінші президенті, КСРО Мемлекеттік, Лениндік, Сталиндік сыйлықтарының лауреаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, халқымыздың аяулы перзенті, академик Қаныш Сәтбаевты Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің жабық мәжілісі 1951 жылғы 23 қазандағы шешімімен үш факті бойынша қаралағаны белгілі. Солардың бірі – 1927 жылы оның редакциялауымен және алғысөзімен шыққан Едіге туралы аңыздың қателігін 1945 жылдан кейін де айыптамағаны болды. Қ.Сәтбаев 1952 жылы 20 қаңтарда И.В.Сталиннің атына жазған хатында былай дейді: «Менің алғысөзіммен 1927 жылы кітапша болып шыққанша Едіге туралы аңызды Уәлиханов, Мелиоранский, Потанин, Диваев жинастырып, жариялаған, ал менің кітапшам шыққаннан кейін де Батырлар жырының 1-томының авторлары мен редакторларынан

бастап түрлі оқулықтардың, жинақтар мен пьесалардың құрастырушыларына дейін ол көптеген адамдардың еңбектерінде жарияланды. Едіге халық батыры ретінде Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің барлық секретарьлары және басқалары қол қойған белгілі «Қазақ халқының қазақ майдангерлеріне хатында» да ерекше атап көрсетілген болатын. Бұл деректер Едіге туралы реакциялық эпосты тұңғыш насихаттаушы мен емес екенімді, әсіресе, дәйекті насихаттаушы емес екенімді, дәлелдей түседі...» (5).

Осы орайда академик-публицист Қ.И.Сәтбаевтың тағдырына тек жеке тұлғаның тағдыры ретінде ғана қарамау керек, бұл республика ғылымының қалыптасу кезеңіндегі қиындықтарды, тосқауылдарды да көз алдымызға келтіргендей. Оның Қазақстан ғылымы тарихында да зор маңызы бар. Өкінішке орай, қай кезде де болмасын ірі таланттарға кедергілер көп болды, қара күйені баттастыра жағуға құлшынып отырушылар аз болған жоқ. Кезінде Қаныш Имантайұлының үстінен әр түрлі өкімет және партиялық орындар мен мекемелерге үздіксіз түсіп отырған домалақ арыз-хаттар тасқыны осы айтқанымыздың айқын дәлелі бола алады. Және оны ұйымдастырушылар өз маңайында жүрді. Қалай дегенмен де әділдік жеңді, 1955 жылдың ортасында академик Қ.И.Сәтбаев Республика Ғылым академиясының президенттігіне қайта келді.

Мына жайтқа назар аударған жөн. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң Сталиннің «Ұлы орыс халқы» деген тіркеске мән беруіне дейін ұлышовинистік империялық пиғыл бұрын-соңды осыншалықты дәрежеде ашық түрде бас көтере қоймаған болатын. Бұған дейін даңқты Едіге, Кенесары, т.б. батырлар есімдері басылымдар материалдарынан, өлең-жырлардан, әдеби-көркем, ғылыми еңбектерден түскен емес еді. Кеңес Одағында қазақ халқының беделі жоғары-тын.

Сұрапыл соғыс жылдарындағы республикалық газет тігінділерін ақтарып қарасаңыз қайтпас та қайсар халқымыздың майдан мен тылдағы мәңгі өшпес ерлігіне тәнті болып, бас иесіз. Басмақалалар, қазақ халқының қазақ майдангерлеріне немесе майдангерлердің қазақ халқына арналған хаттары, үндеулері публицистикалық отты сөздермен өріліп жатты. Қазақ халқының қазақ майдангерлеріне хаттары негізінен алғанда «Осынау қан майданда сендерді ұлы батыр бабаларымыз Едігенің, Бекеттің, Кенесары мен Наурызбайдың, Исатай мен Махамбеттің, халық батыры Иманұлы Амангелдінің аруақтары қолдасын! Өліспей беріспеңдер! Арттарыңда ұлы Отаның тұр!» деген аманат сөздермен аяқталып отырды.

«Социалистік Қазақстан» газеті «Қазақ халқының бостандығы жолындағы күресі» деген редакциялық мақаласында, «Халықтың тәуелсіздігі жолындағы күрес Қасымұлы Кенесары сияқты ірі саяси қайраткерлерді, ірі

қолбасшыларды шығарды. Кенесары патша үкіметінің қазақ даласын жаулап алуға әрекет еткен, қару-жарағы сай армиясының күшті шабуылына қарсы он жыл бойы ерлікпен қарсылық көрсетті» деп жазды (6).

«Казахстанская правданың» 1944 жылғы 11 қыркүйектегі «Азаттық сүйгіш қазақ халқының жауынгерлік рухы» деген арнаулы бетінде жоғарыдағы ойлар өріліп жатты. Сол сияқты КСРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, Қазақ филиалы президиумының председателі Қ.Сәтбаевтың «Қазақстан интеллигенциясы Отан соғысы күндерінде» деген мақаласында (7), тарих ғылымының кандидаты Е.Бекмахановтың «Қазақ және ұлы орыс халықтары достығының тарихи тамырлары» атты мақаласында (8), тағы да басқа көптеген материалдарда Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет секілді батыр бабалардың есімдері ұдайы аталып келді, бұлар қан майданда қазақ майдангерлерін жігерлендіріп отырды. Жыр алыбы Жамбыл бастаған халық ақындарының республикалық айтысы күндері олар Сталинге жазған хатта «Біз ер аталарымыз Едіге, Қобланды, Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет, Амангелділердің жауынгерлік салтымен егес майданда өктем шыққан қазақ халқының батыр ұлдарын жыр етеміз!» деп жар салды (9).

1943 жылдың ортасында «Ерте заманнан бүгінге дейінгі Қазақ КСР тарихының» жарық көруі орыс және қазақ ғалымдары ынтымақтастығының маңызды қорытындысы болып табылады. Кітаптың Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс жөніндегі тарауын жас тарихшы Ермұхан Бекмаханов жазып, дербес монографиялық зерттеуге айналдырды. Сол жылы осы тақырып бойынша КСРО Ғылым Академиясы Тарих институтының ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертация қорғады. Ұзамай-ақ осы негізде еңбектің әлеуметтік-экономикалық аясын кеңейте отырып, өзінің «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында» атты монографиясында XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы қазақ қоғамының жер проблемасын шешуге ұмтылысы, жер тоқырауынан орталықтандырылған феодалдық мемлекет құру арқылы шығу жөніндегі концепциясын алға тартты. Ол Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілістің пайда болуы мен кең көлемде қанат жаюын осымен байланыстырды. Оның үстіне ғалым орыс және қазақ халықтарының достық байланыстарының маңызына жете мән беріп отырды.

Осы орайда мынадай жайтты да естен шығармаған жөн. Революцияға дейінгі Мейер, Красовский, Добросмыслов, Терентьев, Середа, Смирнов сияқты тарихшылар Қазақстанға арналған өз зерттеулерінде тарихтың саяси астарларына баса назар аударып, экономикалық мәселелерге жүрдім-бардым қарады. Тек кейбір орыс зерттеушілері ғана Кенесары көтерілісінің барысы жөнінде біршама мәліметтер береді.

Негізінен алғанда олар патшаның колонизаторлық саясатын ақтауға тырысады, қазақтардың ұлт-азаттық күресін «заңға қайшы» іс-әрекет ретінде қарастырады. Олардың көтерілісшілерді «тобырлар», көтеріліс басшыларын «қарақшылар» және «жауыздар», ал көтерілістің өзін «бүліншілік», «бүлік» деп атауы да сондықтан болса керек.

Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін баспасөз беттері мен тарихи еңбектерде орыс халқының тек кеңес дәуіріндегі ғана емес, сонымен бір мезгілде одан бұрынғы кезеңдегі де жетекші рөл атқарғаны жөніндегі тенденцияға баса көңіл аударыла бастады. Соның нәтижесінде Ресейдің отар аймақтарындағы XVIII-XIX ғасырларда болған ұлт-азаттық көтерілістер осы аймақтардағы билеуші топтардың мүддесін көздеген феодалдық қозғалыстар ретінде бағаланды. Жекелеген халықтардың Ресейге ерікті түрде қосылуы тұрғысындағы қорытындылар мен оның жағымды тұстары патшаның отаршылдық саясатын қолдауға бағытталды, осылайша патшалық Ресейге берілген Лениннің «Халықтар түрмесі» сипаттамасынан ауытқу басталды.

М.Морозов дегеннің «Қазақ ССР-нің тарихы туралы» атты рецензиясында (10) жоғарыдағы «Қазақ ССР тарихы» қатты сынға алынды. Осылайша тарихшылардың шағын ғана тобының теріс пікірі ресми сипат алып кетті. Жер-жердегі қаскүнемдер осыны пайдаланып, Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында» деген монографиясын одан әрі талқылау барысында сын пікірлерді үдете түсті. Олар негізінен алғанда Кенесары Қасымов бастаған көтерілістің ұлт-азаттық және прогрессивті сипатын теріске шығарып, оны феодалдық монархистік қозғалыс ретінде бағалады. Мұндай көзқарас Шойынбаевтың, Айдарова мен Якунинниң «За марксиско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деген мақаласы (11) жарияланғаннан кейін тіпті бел алып кетті. Бекмаханов пен оның кітабын сын тезіне алған «Правдадағы» мақала мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің назарынан тыс қалған жоқ, бірқатар қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, ғылымының қайраткерлеріне саяси жағынан қара күйе жаққан іс қозғала бастады. Ғылым академиясынан оның президенті Қ.И.Сәтбаев, жазушы М.Әуезов кетуге мәжбүр болды.

Бекмаханов алдымен университеттен қуылды, ал 1951 жылы партиядан шығарылды, ғылыми атағы мен дәрежесінен айырылды. Ұзамай-ақ іс мүлдем насырға шауып, Бекмаханов ісі сотқа берілді. Қазақ КСР Жоғарғы сотының коллегиясы 1952 жылы 2 желтоқсанда Бекмахановты РСФСР Қылмысты істер кодексінің 58-бабының 10-тармағына сәйкес 25 жылға бас бостандығынан айыру жөнінде үкім шығарды.

Партияның XX съезінен кейінгі елдегі жағдай жеке басқа табыну кезеңінде репрессияға ұшырағандардың ісін қайта қарауға мүмкіндік туғызды, жазықсыз жазаға ұшыраған Бекмаханов 1954 жылы ақталды.

Жанкешті тарихшы Ермахан Бекмахановтың басты еңбегі «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» кітабы 41 жыл бойы жабық күйде жатып, 1992 жылы ғана өз оқырмандарына жол тартты. Автор ақталғанмен еңбектің жарыққа шықпауын коммунистік қуғын-сүргіннен зәрәзап болғандардың бас көтере алмай, тұншығып келуінен деп түсінген жөн болар.

Сонымен не керек, 1943 жылы жарық көрген «Ерте заманнан бүгінге дейінгі Қазақ КСР тарихы» 1951-53 жылдардағы саяси қуғын-сүргінде қазақ зиялыларын жаппай жусатуға басты айғақ болды. Осы шерлі мәселені ұзақ жылдардан бері жеріне жеткізе жазып келе жатқан жазушы Медеу Сәрсеке ағамыз 2012 жылы Астанадағы «Фолиант» баспасынан қазақша-орысша жарық көріп, осы жылы Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан әйгілі «ЖЗЛ» сериясынан шыққан «Бекмаханов» ғұмырнамасында «Қазақ КСР тарихының» алғашқы екі басылымының жазылу және жойылу тарихын, оған қоса тарихшы Е.Бекмаханов жазған «Қазақтардың Кенесары Қасымовтың басшылығымен 1837-1847 жылдардағы бостандық күресі» тарауының айтыс-тартыс туғызған даулы жағдаяттарынан жан-жақты хабардар етті. Сондай-ақ жазушының «Егемен Қазақстан» газетінің үстіміздегі жылғы 15-19 мамыр аралығындағы нөмірінде жарияланған «Ел тарихы тартқан қасірет» деген тақырыппен берілген сүбелі материалын толғанбай оқу мүмкін емес (12). Автор бұл еңбегінде ел «тарихының» қолданылыстан шығарылған себебін Мәскеу мұрағатынан алынған тың деректер арқылы, басылымның редакциясын басқарған көрнекті орыс тарихшысы А.М.Панкратованың (қосымша редакторлары – Қазақстан К (б) ПК ОК хатшылары М.Әбдіхалықов пен І.Омаров) 1944 жылы БК (б) П ОК хатшылары А.Жданов, И.Сталин, Г.Маленков, және А.Щербаковке жолдаған (бұған дейін жабық мұрағатта сақталған) үш хатын пайдалана отырып, бұдан 67 жыл бұрын болған келеңсіз оқиғаларды қайта жаңғыртады. Автор Отан соғысының қиын күндерінде және одан кейінгі ауыр жылдарда қазақ зиялыларының жанкешті әрекетімен дүниеге келген, сол қиын-қыстау кездің өзінде туған халқының көне тарихын жаңғырту арқылы Қазақ елін өркениетті мемлекеттер қатарына жеткізуді армандаған, өз ұлтын шексіз сүйген халқымыздың асыл ұлдары Мұхамеджан Әбдіхалықұлы мен Ілияс Омарұлының тартқан жан азабын, қазақ халқына шынайы дос бола білген атақты орыс тарихшысы Анна Михайловна Панкратованың қайтпас қайсарлығын паш етеді. Сөз реті келгенде айта кету керек, Анна Михайловна өзі бас болып, жалпы редакциясын басқарған «Қазақ КСР тарихын», оның

авторларын жан-дүниесімен қорғай білді. «Кенесары Қасымов қозғалысы – халықтық емес, көтеріліс басшысы мұрагерлік құқын жоқтап, хан тағын иеленуді көксеп ат жалын тартқан. Сол себепті оның бұзық мүддесін бұқара халықтың азаттық тілеген талабынан даралап талдау қажет» деген тұжырым айтып жүрген тарихшы Якунинге қарсы болып, одан бұл тақырыпты алып, Кенесары хан жөніндегі тарауды тыңнан қайта жазуды жас қазақ тарихшысы Е.Бекмахановқа тапсырады. Кенесары хан ұрпақтарының бірі – Ермұхан, әрине, бұл тарауға бел шеше кіріседі. Тегіне тартып туған текті ұл бабалар рухынан от алып, құлашын кеңге сермейді. Оның ғылым жолындағы жанкештілігі мен қайтпас қайсарлығының түп-тамыры осында жатса керек!..

А.М.Панкратова Е.Бекмахановты түрмеден шығару жолында қаншалықты жанталасты десеңізші! Сол үшін академик тарихшы 1954 жылдың қаңтарында КОКП ОК бірінші секретары Н.С.Хрущевтің қабылдауында болды, осыдан соң арада бір айдай уақыт өткенде Бодойбаның 60 градус аязында жаурап-жасынап жүрген Е.Бекмаханов түрмеден шығарылып, ұшақпен Мәскеуге әкелінді. Ерінің бостандыққа шыққан күні туралы Халима Адамбекқызы өзінің естелігінде Анна Михайловнаның Ермұханға бір дорба ақша беріп, шыттай киіндіргенін, сол күні тілеулес 12 тарихшының Ерекеңнің бостандыққа шыққан күнін «Арагви» ресторанында тойлағанын сезім моншақтарын тамшылата отырып айтады...

Патша үкіметінің тартып алған жерлерін халықтың өздеріне қайыру, жаппай салынып жатқан бекіністерді жою, ешкімге де жалтақтамайтын тәуелсіз ел болу сияқты ұлы мұраттар жолында қанды жорыққа елін бастап шыққан қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымовтың есімі мен ұлы ерлігі ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан-ақ туған халқымен қайта қауыша бастады. 1993 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар» атты жинақта Кенесарымен қатар Абылай хан ұрпақтары – Наурызбай батыр, Сыздық сұлтан және басқа қазақ сардарларының асқақ рухы сөз болады (13). Кітаптағы Нысанбай жыраудың, Жамбылдың, Досқожа мен Жүсіпбек қожа Шайхисламұлының отпен өрілген жыр-дастандары, М.Әуезов пен Е.Бекмахановтың дүниелері өткен тарихтың айшықты бояуларын көз алдыңа әкеліп, кең-байтақ қазақ сахарасын дүбірлеткен ұлы бабаларымыздың киелі рухына бас игізеді. Ел, жер тарихын тереңнен толғап, түсіне білу бүгінгі ұрпақтың қанды жорықтарда жауына атойлап шауып, білектің күшімен, найзаның ұшымен кең-байтақ Ұлы Даланы ұрпақтарына мұраға қалдырған ата-бабалар алдындағы парызы болса керек-ті...

Сонымен, 1940-жылдардың соңында КСРО-да әміршілдік-әкімшілдік жүйе әдебиетке басшылықты белсенді түрде өз қолына алып, әдеби процесті

өзіне қажетті арнаға бағыттады. Мысалы, 1949 жылы Мәскеуде қазақ әдебиетінің онкүндігі, ал 1954 жылы Қазақстан жазушыларының III съезі өтті. Осы форумдарда алдағы кезде республика әдебиетінің макстік-лениндік методологияның негізінде социалистік реализм әдісімен партиялық және халықтық принциптерді басшылыққа алып отыруы тиіс болды.

1940-жылдардың екінші жартысы мен 1950-жылдары шоқтығы биік бірқатар прозалық шығармалар дүниеге келді, олардың ішінде М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, С.Мұқановтың «Сырдария», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке», Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» және «Қарағанды» романдары және басқа да авторлардың кең ауқымды еңбектері жарыққа шықты. Осы кезеңде қазақ кеңес әдебиетінде роман, повесть және әңгіме жанрлары қарқынды дамыды. Қазақ публицистикасы өз дамуының биік белесіне беттеп келе жатты.

Қазақ кеңес әдебиеті дамуының осы кезеңіндегі шығармаларда, негізінен алғанда, коммунистік идея өрілді, социалистік идеологияға адалдық нығая түсті, Кеңес билігінің жаңа өмір құрылысындағы жеңістерінің нәтижесі болып табылатын лениндік ұлт саясатының салтанаты, оның қазақ халқының шаттыққа толы тыныс-тіршілігіндегі рөлі барынша ашып көрсетілді. Әдебиет шенеуніктері жазушылардың ой «тазалығын» қатаң қадағалап отырды, өмір шындығын тек партиялық-таптық тұрғыда ғана көрсету міндеті алға тартылды. Осы ретте көрнекті журналист Мыңбай Ілестің «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған тарихшы Айжан Қапаеваның орыс тілінде жарық көрген «Культура и политика» («Мәдениет және саясат») деген ғылыми монографиясына жазған рецензиясында айтылған жайлар назар аударады (14): «Монографияда басқа да көптеген нақты деректермен қатар 1953 жылдың 11-12 тамызында жоғарыдан алдын ала берілген тапсырма бойынша Қазақстан Жазушылар одағында Мұхтар Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдарына «талқылау» өткізілгені, ол дискуссияға С.Досалиев деген аты белгісіз біреудің қатысқаны, соңынан оның сөзі орталық газеттердің бірінде жоғарыда аталып көрсетілген романдардың идеялық тұрғыдан зиянды екені туралы көлемді сын мақала болып жарық көргені туралы айтылады.

...Тоталитарлық тәртіп кезінде кез келген әдеби шығармалардан ұлтшылдық сарын іздеу әдетке айналды, ұлтшыл деген кінә тағылмаған жазушы, ақын, драматург қалған жоқ деуге болатын еді. Ал Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының 1956 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған «Қазақ әдебиеті» газетінің республикада мәдениетті дамытудың кейбір мәселелерін жазуда жіберген қателіктері туралы» деген қаулысында қазақ тілінің қолданылу аясының тарлығын, ана тілімізге деген жанашыр

қамқорлықтың жоқтығын жазғаны және басқа да маңызды мәселелерді өз бетінше көтергені үшін «Қазақ әдебиеті» газетіне өрескел саяси қателіктерге жол берді, лениндік ұлт саясатын бұрмалады, ұлтшылдыққа бой ұрды деген ауыр айыптар тағылды.

Партиялық басшылық пен қатаң бақылау жағдайында әдебиеттің де, киноның да, кез келген өнер саласы туындыларының да жарық көрмей, тоқтатылып тастауы жиі-жиі ұшырасатын. Көптеген кітаптар жойылып кетті, түбірінен қайта өңдеп жазуға кері жіберіліп жатты. Сталиннің қылышынан қан тамып тұрған кезеңде Одақ бойынша 100-ге жуық фильмнің экранға шығуына қатаң тыйым салынды. Қазақ киносының тағдыры Мәскеуде ғана шешілетін. Саз өнері мен бейнелеу өнерінде де партиялық басшылық пен қатаң бақылау орын алды. Мұның бәрі де зерттеуде нақты дәлелдермен жүйелі баяндалған.

А.Қапаеваның монографиясындағы ерекше назар аударуға тұрарлық жаңалық деп «Қазақстандағы саяси цензура» деген тарауды айтуға болады. Өйткені, бұл тақырып бізде ғылыми тұрғыдан бұрын-соңды зерттелмеген. Автор Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Әдебиет және баспа істері жөніндегі бас басқармасының, КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Баспасөзде әскери және мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі бас басқарма (КСРО Главлиті) жүйесінің өз кезінде «қырағылықпен» жұмыс істегенін атап көрсетеді».

Соғыстан кейінгі жылдары СОКП Орталық Комитетінің қаулылары мен шешімдерінде партия ұйымдарының міндеттері мерзімді басылымдарды тұрғындар арасында саяси-ұйымдастырушылық және мәдени жұмыстарды жүргізу орталығына айналдыру екендігі тұрақты аталып отырды. 1946 жылы республикалық жастар және пионер газеттері қайтадан шыға бастады. 1946-1958 жж. республикада мерзімді басылымдардың төмендегідей құрылымы жасалды (15). (Бұл құрылым Кеңестер Одағы ыдырап, еліміз тәуелсіздік жолымен дами бастаған 1991 жылға дейін жұмыс істеді. – С.С.).

1. Республикалық жалпы саяси-бұқаралық газеттер мен журналдар – қазақ тілінде («Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан коммунисі»), орыс тілінде («Казахстанская правда», «Ленинская смена», «Коммунист Казахстана»), ұйғыр тілінде («Коммунизм туги»), корей тілінде («Ленин кичи»).

2. Салалық, ведомстволық және арнаулы қалың бұқаралық газеттер мен журналдар – қазақ тілінде («Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері», «Қазақстан мұғалімі», «Теміржолшы», «Қазақстанның ауыл шаруашылығы», «Сталин жолы», «Әдебиет және искусство», «Ара», «Балдырған»), орыс тілінде («Дружные ребята», «Учитель Казахстана», «Сельское хозяйство

Казахстана», «Сельское животноводство Казахстана», «Литература и искусство Казахстана», «Шмель», «Здравоохранение Казахстана», «Лечебное дело»), ұйғыр тілінде («Уйгур авази», «Жана омір»).

3. Жергілікті жалпы саяси-бұқаралық газеттер – облыстық, қалалық, аудандық газеттер (қазақ, орыс, өзбек тілдерінде).

4. Төменгі салалық газеттер – өнеркәсіп орындарының, құрылыс, теміржол, жоғары оқу орындарының, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің көп тиражды газеттері (қазақ және орыс тілдерінде).

Соғыстан кейін Кеңестік Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының жағдайы ауыр күйде болды. БКП(б) Орталық Комитетінің ақпан пленумы «Соғыстан соңғы кезеңдегі ауыл шаруашылығын көтеру шаралары туралы» шешімінде ұжымдық шаруашылық құрылысының бұдан былайғы ұйымдық шаруашылық басқару ретіндегі басты міндеттері белгіленді. Қазақстан журналистикасы оны дәйектілікпен жүзеге асыруға жұмыла кірісіп кетті.

Мал шаруашылығы мәселелері де мерзімді басылымдардың басты назарында болды. Озат малшылардың еңбек жетістіктері кеңінен насихатталып жатты. Осы кезеңдегі күнделікті баспасөз беттерінде «Қоғамдық малға – берік жем-шөп базасы», «Малды ауылда», «Малды ауылдан хат», «Мал шаруашылығының маңызды мәселелері» деген тақылеттес айдарлар мен мұндалап тұрды.

Коммунистік партия ел мен халықтар өмірін темір құрсауда ұстады, экономикалық және әлеуметтік қайта құруларды өз қалауынша жүзеге асырып жатты. 1950-жылдары ол өзінің ауқымының аса кеңдігіне қарамастан, мұнда да партия қызметінің кезінде талқыға түсіп көрмеген басты кемшілігі айқын сезілді. Бұл орайда билік басындағы Н.С.Хрущевтің мінез-құлқындағы кейбір өзгешеліктер де көзге түсе бастады. Ол кей жағдайларда білімсіздігін көрсетіп, барлық істе өзінің шаруалық интуициясына иек артты, қарсы келгендермен ашық айқасқа шығуға дайын тұрды, тек өзінің ұстанған бағытын дұрыс деп санады. Ол үшін ең бастысы бәрін де түбірімен өзгертіп, қайта құру, жаңалау болды (16). Оның қолында бұл істерді құлдық ұра атқаруға бейімделген идеологиялық құрал – әдебиет, өнер, журналистика – болды.

Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеру жөнінде шешім қабылданғанда Кеңес Одағының қуатты журналистер армиясы жұмыла іске кірісіп, мұның еліміз бен Қазқақстанға берерін, Ұлы Даланың қаншалықты өзгеріске ұшырайтынын шаттана жазып жатты, ал оның қазақ халқы үшін қаншалықты қайғы-қасірет әкелетіні ешкімді де ойландырған жоқ.

Тың игеру Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Ең алдымен оның қазақ халқының өзіндік идентификациялануы мен ұлттық сана-сезімінің дамуында терең із қалдырғанын айтуға тиіспіз. Тың және тыңайған жерлерді игеру республикада әлеуметтік қайта жаңғырулардың қайнар көзіне айналды. Кеңестік одақтық қорға қосымша миллиардтаған пұт астық, мыңдаған тонна ет, сүт, жүн, тері өнімдері, т.б. игіліктер қазақ жерінен құйылып жатты. Бұрын табан тимеген, құлазып бос жатқан мекендерде тұтас аудандар, ғажайып қалалар, селолар бой көтерді. Мұны жоққа шығара алмаймыз. Сонымен қатар осынау игіліктер қазақ халқы үшін ұлттық трагедияға дейін көтерілген орны толмас өкінішті проблемаға айналғанын тәуелсіздік жылдарында ғана бар дауыспен айтатын болдық. Бір жайт айқын: ұлттық мәселелер деңгейлес құрылымдарды ретке келтірумен, бірқатар бағыттарда оңды өзгерістер жасаумен ғана шешілмейді, осы ретте ең алдымен әрбір ұлт пен ұлыстың өзі қалағандай өмір сүруіне жағдай туғызу қажет. Кеңестік дәуірде тың және тыңайған жерлерді игеру жергілікті ұлт өкілдері – қазақтардың бағзы замандардан бері қалыптасқан салт-дәстүрлерінің түбіріне балта шабумен бірдей болды. Қазақ халқы ғасырлар бойы негізінен мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі ғұмыр кешіп келді. Реті келгенде айта кету керек, әлеуметтік психология саласының зерттеушілері нақты өндірістік қызмет түрлеріне әртүрлі ұлттардың түрлі деңгейде бейімделетінін бұрын да дәлелдеп келген (17). Солай да шығар. Мүмкін, орыстың, украиннің, латыштың, немістің көзқарасымен қарасақ, отырықшылық ешбір талассыз игілік-ақ болар, ал қаймана қазақ үшін бұл дегеніңіз зорлық пен күштеумен тең, бұл еркіндіктің қадірін айрықша бағалайтын адамды өмірлік тұтқында ұстаумен бірдей. Осылай десек, тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесінің қазақ үшін қаншалықты дәрежеде таргедияға айналғанын айқын бағамдай аламыз.

Тың мәселесі мұнымен ғана бітпейді. Бұл арқылы қазақ халқының ұлттық сана-сезіміне айықпас жара салынғанын түсіну үшін психолог болудың қажеті жоқ. Тұтас халықтың үлкен бөлігі байырғы өмір сүру дағдысынан айрылды.

Тыңды игеру – шынтуайтқа келгенде кеңестік өкіметтің қазақ жерін еркін билеп-төстеуінің айқын көрінісі, заманның аса күрделі құбылысы болды. Қазақ халқының ұлттық мүддесі, тіршілік қалпы ескеріліп жатпады. Онымен санасқан да жоқ. Тың игерудің 1954-1960 жылдарында республика бойынша 25 миллион 484 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. Осы жылдар аралығында тыңды игеруге сырттан екі миллионға жуық адам келіп, қоныстанды. Дала тұрғындарының жаңа типі қалыптасып, тыңгерлердің жаңа ұрпағы дүниеге келді. Тыңды игеру барысында

қоныстанушылар тамырын тереңге жайып, осы жердің байырғы тұрғындарымен бірдей иелік етіп, билік жүргізді. Бұрын бұл аймақты емін-еркін жайлаған қазақтар қысылып-қымтырылып, үйреншікті тұрмыс қалпы бұзылды.

«Тыңды игерудің салмағы қазақтарға ауыр тиді, - деп жазады публицист-жазушы Ақат Жақсыбаев тың игерудің қырық жылдығы салтанатына қатысудан туған мақаласында. – Тыңның екпіні қатты еді. Қарсылықты көтермей, бәрін өз дегеніне бағындырды. Бұған қоса барлық салада орыс тілі үстемдік етіп, қазақ тілінің қолданылу аясы тым тарылып кетті. Осы өлкедегі қазақ мектептері жабылуға айналды. Қазақтар өз балаларын орысша оқытуға мәжбүр болды. Егер біз біраз жылдар бұрын республикада 700-ге жуық қазақ мектептері жабылды десек, соның көбісі тың игеру кезінде осы өлкенің үлесіне тиді. Бұл аздай, 60-жылдары республиканың солтүстігіндегі тың игерген бес облыста барлық облыстық және аудандық қазақ газеттері жабылып, бір ғана «Тың өлкесі» газеті ғана шығарылды. Бұл жағдай да елді күйзелтті. Әдебиеттің, өнердің ұлттық таланттары да кеми түсті. Себебі өрістететін тілдік орта болмаған соң талант та тұмшаланып, тоқырайды. Ұлттық салт-дәстүр, тұрмыс сәнін шектеумен қатар жергілікті тұрғындар ежелгі дағдысынан ауытқып, басқа жұрттың тұрмыс ыңғайына қарай бейімделді.

Міне, тыңды игеруді айтқанда, көбіне, осы жағдайлар еске түседі. Тыңның елге тоқшылық әкелуімен бірге рухани жүдеушілік туғызғанын ұлттық ерекшелікке қысым жасалғанын ұмыта алмаймыз» (18).

Көппен бірге қазақтар да тың игеруге аттанды. Ең бастысы – басқа жаққа қоныс аударған жоқ. Өз жерінде, ата мекенінде отырды. Публицист сыпайылап жазғандай, алыстан келіп, іргеден қоныс тепкен басқа ұлттардың өкілдерімен бірден тіл табысып, сиысып тұру оңайға түспеді. Жергілікті тұрғын қазақтарға кей-кейде күш те көрсетілді, зорлық та жасалды, қиянат та болды. Талай тағдырлар тәлкекке ұшырады. Әсіресе, тың игерудің бастапқы жылдары кейбір шиеленіскен, драмалық оқиғаларға толы болды. Бұның бәрі де тіршілік үшін күрестің көріністері еді.

Көпке қарсы тұра алмасына көзі жеткен соң жергілікті тұрғындар жерім, елім деген пиғылдан арылуға мәжбүр болды. Көптеген қақтығыстың, шиеленістің бетін оңай-ақ қайтарып, өз тіршілігін де ойлау керектігін ерте түсінді. Сөйтіп, қазақ төзімді халық екенін бұл жолы да дәлелдеді, өзінің қазақи қалпын сақтай білді...

Дегенмен де Кеңес Одағы мен Қазақстан баспасөзі тың және тыңайған жерлерді игеру барысын кеңінен жазып жатты. Мысалы, «Комсомольская правда» газетінде жас тың игерушілерге арналған тұтас беттер сериясы

берілді. «Правда» газетіндегі И.Шуховтың «Покорители целины» очеркінде тағдырлас кеңес адамдарының қандай қиындықты болмасын жеңе алатынына айрықша мән беріле отырып, Қазақстандағы жаңадан бой көтерген 93 тыңгер астық кеңшарларында ұлы дүбір басталғаны мақтанышпен айтылады (19).

Бұрын басылымдары болмаған тың аудандарында өз газеттері пайда болды. Мысалы, егер 50-жылдары 41 аудандық газет шығарылды десек, оның 32-і тың жерлерді игеру басталғанда дүниеге келді. Осының үшеуі ғана қазақ тілінде шықты (20).

Кезінде СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы болған Л.И.Брежнев «Тың» кітабында «Қазақтар тұтас алғанда, басым бөлігі партияның ен даланы жырту жөніндегі шешімін үлкен энтузиазммен құптай қарсы алды» деп жазды (21).

Тың тақырыбына Қазақстанның әдеби-көркем басылымдары айрықша ден қойды. Айталық, республикалық газет-журналдарда М.Әуезов бастаған қазақ жазушылары мен публицистерінің шоғыры очерктер, публицистикалық мақалалар жариялап жатты (22). «Қазмембас», «Қазақстан» баспаларынан очерктер мен мақалалар жинақтары үзбей шығып тұрды (23).

Бұл шығармалардың ерлері өздерін әртүрлі жағдайларда көрсете білген әртүрлі адамдар болатын. Сөз зергерлерінің алдында тұрған басты міндет еңбек ерлерін көрсету, түрлі ұлт өкілдерінің күш-жігерімен кең-байтақ қазақ даласында жүзеге асып жатқан істерді суреттеу еді. Турасын айту керек, жазушылар мен публицистер сол кезде партиялық тапсырманы мүлтіксіз орындауға күштері мен таланттарын аянып қалған жоқ.

Тың игерудің ұлан-асыр жоспарларын жүзеге асыруға жұмылған кеңестік адамдардың бейнесі жасалып жатты. Алда тұрған аса ауқымды партиялық міндетті орындауға халықты жаппай жұмылдыруда олардың бейнесін идеаландырмайынша мүмкін емес болатын. Бұл іске көмекке уақыт сынынан социалистік реализмнің әдіс-тәсілдері – жаңа адамды іздеу, оларды ынталандыру, олардың қалыптасуы мен өсуін көрсету келді. Ал, бұл дегеніңіз оларды идеаландырмайынша, романтикалық асқақтықты қолдан жасамайынша мүмкін емес еді. Бұл әдісті социалистік реализм әдісі негізінің бастауында болған пролетариат жазушы Максим Горький «Макар Чудра», «Старуха Изергиль», тағы басқа өзінің ертеректегі әдеби шығармаларында тиімді қолданды. Кеңес жазушылары осы дәстүрмен уақыт пен адамды романтикаландыруды жалғастырды. Тіпті, «еңбек күндерінің романтикасы» деп аталған арнаулы термин пайда болды.

Осы негізде енді жаңа қиял-ғажайыптар басталды, мұнсыз партияның жеке идеялары мен қалың бұқараның энтузиазмын қолдап отыру мүмкін емес еді. Бұл эмоционалды көңіл-күйді тұрақты демейтін күш-құралдың

қажеттілігі туындады. Бұл энергияны бұқараға бұқаралық ақпарат құралдары жеткізіп отыруы тиіс болды. Олар барлық қиындықтар мен келеңсіздіктерге қарамастан тың жерлерді белсенділікпен, асқан ерік-жігермен игеріп жатқан дәуір ерлерін іздестірді. Тың игерудің адамдарды сынаққа алған 1955 жылы журналистер материалдарды ерекше екпінмен жазды. Редакциялардың шығармашылық қызметкерлерінің жоғары пафоспен, оптимизммен жазған осындай материалдары тың игерушілердің жүрегіне үлкен сенім ұялатып, алдағы жарқын болашақтан үміт күтті, осы жолда уақытпен санаспай еңбек етті.

Бұрын адам табаны тимеген жаңа аймақтарда көп жағдайда осылай болды да. Баспасөз кеңінен насихаттаған табыстар да, жетістіктер де тың өлкесінің көркейе түсуіне бастады. Кең-байтақ қазақ жеріне қалалар салынды, ауыл-селолар, поселкелер тұрғызылды. Кемшіліктер де аз болмады. БАҚ бұлар жөнінде айтпады, айтса да жекелеген кемшіліктердің көрінісі ретінде ғана баға беретін болды. Көзбояушылық, алдағы үлкен табыстар жөнінде жалған рапорт беру, тағы да басқа келеңсіздік айтылмады.

Тоқырау саяси және идеологиялық қатынастарда жеке басқа табынудың жанталасы, сталинизмнің жаңа тарихи жағдайдағы кезеңі еді. Елде бір-біріне қарама-қарсы процестер жүріп жатты: экономикалық жағдай күрт төмендеп кетті, сонымен қатар жүгенсіз даңғазалық шырқау шегіне жетті. Кемшіліктер жасырылып, қай салада болмасын асыра сілтеушілік, көзбояушылық орын алды. (Сол кездегі өмір салтын сипаттайтын мынадай күлкілі жайттарды халық ұзақ уақыт жыр қылып айтып жүрді. 60-жылдар болса керек. СОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы Н.С.Хрущев қыс айында тың өлкесіне – Ақмола қаласына келетін болады. Оның келу құрметіне қызу дайындық жүріп жатады, қалайда жақсы жағынан көзге түсіп қалудың барлық айла-шарғылары жасалады. Әпербақан асыра сілтеушілер не істемейді дейсіз? Сол кездегі аймақтағы бірден-бір қалалық паркте өсіп тұрған ағаштар қырқылып, бірінші жүретін көшенің екі жағынан қарға отырғызылады да, мұзбен қатырылып тасталады. Мұндай көзбояушылық одан кейінгі брежневтік кезеңде тіптен шырқау шегіне жетті. Осы жолдардың авторы 80-жылдардың басында Алматы облысының Үйғыр ауданындағы Ақтам селосына журналистік іссапармен барған кезде басты автомобиль магистралінен селоға дейінгі 6 шақырым жерге бір аптада тас жол салынғанына куә болды. Бұл жерден Қытай шекарасына қарай СОКП Орталық Комитетінің хатшысы өтуі тиіс екен... – С.С.).

Баспасөз 1960 жылы республикада болған толқулар жөнінде жұмған аузын ашпады, осы тұста Қазақстанның солтүстігіндегі тың жерлер РКФСР құрамына беріледі деген сөз желдей есіп тұрды. Елдің де жағдайы қиындап

кетті. Азық-түлік тапшылығы белең алды. Басқасын айтпағанның өзінде адамдар дүкендерде нан кезегінде сағаттап тұратын болды. Бидай ұны болмағандықтан жүгері нанын жеген халық мұны әлі де ұмыта қойған жоқ.

Міне, мұның бәрі СОКП-ның XX съезінен кейін КСРО-да болған ауыр жағдай еді. Елдегі өзгерістер И.В.Сталин қайтыс болған 1953 жылдың ортасынан басталды. Көсем сеніміне әбден кірген Л.П.Берия тұтқындалып, ұзамай-ақ атылды. Жазықсыз тұтқындалғандар лагерьлерден қайтарылды, идеологиялық қысымның күші әлсіреді. Сталиндік темір тәртіптен ауытқу, әрине, кейбір оңды нәтижелер бере бастады. Еліміздің рухани-мәдени саясатындағы алғашқы түзетулер қоғамдық-саяси ақыл-ойдың жандануына алып келді.

Ел басшылығындағы диктаторлық әдісті жоюға бағытталған шешімдер қабылданды. Қоғамдық жүйедегі өктемдікті жою мен «социалистік демократияны» кеңейту қоғам тарапынан белсенді қолдау тапты. Бұл, бірінші кезекте, интеллигенция, шығармашылық иелері тарапынан айқын байқалды. Республикада өткен жылдары жіберілген кемшіліктерді түзетуге бағыт алынды, бірқатар жазушылар, ғалымдар мен журналистерден буржуазиялық ұлтшылдықты, өткен феодалдық-патриархалдық қоғамды насихаттады деген айыптаулар алынып тастала бастады.

Мысалы, жазушы М.Әуезов пен академик Қ.Сәтбаев Қазақстанға қайта оралды, қазақтың бұл екі ұлы тұлғасы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Тіл мен әдебиет институтының қателіктері туралы» деген қаулысынан кейін республиканы тастап шығуға мәжбүр болған еді. Оның алдында елдің кейбір ғалымдары Қазақстанның революцияға дейінгі кезеңіне арналғандардың бәрін де қаралаған болатын. Айталық, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы қатты сынға алынды, онда көшпелі ауыл идеализациясы тұнып тұр, «патриархалдық өткеннің орыстарға қарсы, реакциялық-консервативтік және пантүркілік көзқарастары» насихатталады делінді (24).

«Қазақ КСР ҒА-ның хабаршысында» С.Нұрышев дегеннің «Абай шығармашылығын оқып-үйренудегі буржуазиялық-ұлттық бұрмалауларды түбірімен жою керек» атты мақаласы шыққаннан соң іс тіпті насырға шапты. «М.Әуезов, - деп жазды мақала авторы, - көркем әдебиет пен әдебиеттану саласында бұрмалау жұмысын жүргізген. Ол ескіні аңсайды, Алашорда басшыларын мақтай отырып, совет шындығына жала жабады, ұлы орыс халқына жеккөрушілік сезімін тудырады және совет билігіне қарсы тікелей жала жабады» (25).

Кезінде ұлы жазушыға қарсы ұйымдастырылған науқанға, кейіннен уақыт келе баспасөзде оны ақтаған материалдар шыға бастады: идеологиялық жұмыста істі жақсартуға емес, «қайсыбір адамдардың аяғынан

шалуға, құртып жіберуге дайын тұрған адамдар болды» (26). Сондай солақай саясаттың нәтижесінде қуғын-сүргінге ұшыраған академик Қ.И.Сәтбаев та республиканы тастап шығуға мәжбүр болған. Ол «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы былай деп жазған еді: «Роман тақырып ауқымының кеңдігі, тереңдігі және оның көркемдігі жөнінен қайта туған қазақ халқының әдебиетінде үлкен құбылыс болып табылады және Кеңес Одағы халықтары әдебиетінде ұлы орын алуға құқылы» (27).

Тағдыр тәлкегімен қуғын-сүргінге ұшыраған М.Әуезовтің аман-сау қалуына орыс жазушылары А.А.Фадеев, Н.С.Тихонов, Л.С.Соболев, Б.Горбатов, В.В.Иванов және тағы басқалар көмектесті. Ол Мәскеуге орнығып, Мәскеу Мемлекеттік университетінің филология факультетінде КСРО халықтары әдебиетінен дәріс оқыды.

Жеке тұлғалар ғана емес, тұтас әдеби бағыттар да қуғындалды. Айталық, 1950-ші жылдары қазақ эпостарының шығу тегі жайлы талқылаулар жүріп жатты. Сол тұста «Халық ауыз әдебиеті шығармашылығының барлығы бірдей социалистік идеологияға сай келмейді және сондықтан да халыққа қарсы сипатқа ие» делінді (28).

Сондықтан Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Фрунзе қалаларының партия-кеңес қызметкерлері мен ғалымдарының қатысуымен кең түрде қоғамдық ғылыми талқылау ұйымдастыру жобаланды (29). Алайда, пікір алысу жаппай сынға ұласты; олай болатыны кейбіреулердің ұстанымы ресми партиялық көзқараспен үйлеспеді. Осы «ғылыми талқылаудың» нәтижесінде қазақ эпосы «реакциялық» және «халықтық» деп екі топқа бөлінді. «Едіге», «Орақ-Мамай», «Шора батыр», «Базар батыр», «Ер Сайын» поэма-дастандарын реакциялық деген қаулы қабылданды да, М.Әуезовтің, Ә.Марғұланның, Б.Кенжебаевтың, С.Мұқановтың еңбектеріндегі оларға берілген оңды бағалар марксистік емес, үлкен қателік делінді. Ал, «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастан-поэмалары халықтық деп танылды (30).

Әрине, Қазақстанда барлығы да осы партиялық ұстанымдардың аясында ойсыз күйде болған жоқ. Қазақ интеллигенциясының арасында ұлттық өзіндік ерекшеліктерді сақтауды, өз этносының күнделікті тыныс-тіршілігінде көрініс табуын талап еткендер болды. Дегенмен де мұндай ұстаным мәдениет, өнер, әдебиет, бар өмір ағымы формасы жөнінен ұлттық, ал мазмұны социалистік болуы тиіс деген қатаң талапқа қарсы келді. Кеңестік құрылыс осылайша жаппай коммунистік көзқарас қалыптастырып, халықтардың менталитеті мен өмір бейнесін өзгертуге күш салып отырды. Ұлттық рухани бастауларды түбірімен өзгертіп, осының астарында ұлттық сана-сезім мен ұлттық ойлау машығын тұншықтыруға әрекет жасады.

Бұл барлық ұлттық айырмашылықтарды халықтың өзіндік өмірлік ұстанымында жойып, ең басты мақсатқа жету үшін қажет болды. Кеңес мемлекеті, шын мәнінде, өзінің құрамы жөнінен ғана көп ұлтты мемлекет саналды, ал өз саясаты жөнінен олай болған емес. Ұлттық өзгешелікті сақтап қалуға деген кез-келген ұмтылыс жекешеленушілік деп қаралды. Ал партиялық басшылық оны ұлтшылдық көрінісі деп бағалады. Мұндай саясаттың идеологиялық негізі өз ішінде ешқандай да ұлттық өзгешелік болмайтын біртұтас кеңес халқы идеясы жөнінде ресми қабылданған құжаттар болып табылады.

Қазақстанда да дәл осы саясат жүргізілді. Оның өзіндік себептері болды: Л.И.Брежнев жазғандай, 50-ші жылдардың екінші жартысынан бастап республикаға адамдардың көп бөлігі қоныс аударды, көпұлтты ұжымдар пайда болды (31), бұл мемлекет пен қоғам алдына мынадай альтернатива ұсынды – не ұлттық ерекшелікті сақтап қалу үшін жағдай жасау керек, не унифирланған жаңа қауымдастық керек. Осылайша, Қазақстан осы бағытпен жүретін республикаға айналды.

Ұлттық интеллигенция осы процестерді жан-жүрегі қан жылай отырып бақылады. Кейде баспасөзде болып жатқан оқиғаларға ұлттық бірегейлік және оның дамуы тұрғысында баға беруге бағытталған материалдар да жарияланып қалып жатты. Айталық, мысалы, «Көкшетау правдасы» газеті Р.Бердібаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» деген материалын жариялады, онда ұлттық мәдениет, өнер және әдебиетті өркендетудің бірқатар актуальды мәселелері сөз болған. Автор бірқатар идеологиялық догмалардың күшімен қазақтың аса бай ауыз және жазба әдебиетінің жекелеген бөліктерге бөлініп кеткенін қынжыла отырып баяндайды. «Мысалы, - деп жазады автор, - егер шығармада орыс отаршыларының теріс әрекеттері жөнінде ой-пікірлер айтылса, бұл шығарма халықтар достығын нығайтуға зиянды дейді. Кезінде ресми кеңестік насихаттың өзі патшалық Ресейді халықтар түрмесі демеп пе еді».

Елде басталған «жылымық» өз ойларын еркін айтуға біршама мүмкіндік бергеніне қарамастан бұл сын мақала облыстық партия номенклатурасындағылардың теріс реакциясын туғызды. 1957 жылғы 17 ақпанда Көкшетау облыстық партия комитетінің бюросы «Облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің қателіктері жөнінде» Р.Бердібаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері туралы» мақаласын жариялауға жол беруден туындаған қателіктердің аясында мәселе қарады. Бұл жөнінде қабылданған қаулыда жоғарыдағы мақаланың кеңес құрылысына теріс келетін «біртұтас тасқын» теориясын ұсынып, әдебиетті саясаттан тыс қоюға тырысқанын, қазақ әдебиеті тарихын қайта қарастыруды талап ететінін,

сөйтіп қазіргі қазақ әдебиеттануын теріске шығаратынын айтады. Бюро аталмыш мақаланың жарияланғаны саяси қателік екеніне тоқтала келе газеттің бас редакторы мен оның орынбасарына қатаң сөгіс жариялайды.

Кеңестік қоғамда демократиялық қайта құрулар мен жаңғырулар басталған 50-жылдардың басы мен СОКП-ның XX съезі тарихта ерекше орын алады. Социалистік заңдылықты, құқықтық тәртіпті нығайтуға айқын бағыт алынды, жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырағандар ақтала бастады. Ауыл шаруашылығын қалпына келтірудің, өнеркәсіпті техникалық жағынан қайта жарақтандырудың, қарттар мен мүгедектерді пенсиямен қамтудың, ең төменгі жалақы мөлшерін көтерудің кең бағдарламасы жасалды. Қоғамды демократияландырудың шаралары қабылданды. Дегенмен де жеке басқа табыну принципі мен идеологиясын айдай әлемге әшкерелеп берген Хрущевтің қоғамды демократияландыру бағытындағы көздеген мақсаттары жартыкеш қалпынада орындалмай қалды. Жеке басқа табынушылық әшкере болғанымен оның тереңде жатқан тамырының өн бойында тіршілік бар еді. Бұрыннан мұра болып қалған насихат аппараты қоғамды саяси және идеологиялық қамтуды тек жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ғана өзгертіп, өңін айналдыра қойды. Әміршілдік-әкімшілдік жүйенің алып бюрократтық машинасы алға тоқтаусыз зымырап келе жатты. Қалай десек те, сол кезеңде қоғамды жаңарту мен демократияландыруда түбірлі өзгерістер жасалмай қалды.

Дегенмен де ең негізгі себеп, жаңартулар мен өзгерістердің ғылыми концепциясы жасалмағандығында, алға қойған мақсаттарға басты күш – халықтың жұмылдырылмағандығында деп есептеген жөн. Қоғамды жаңартудың алғышарты болып есептелетін демократияландыру процестері оның рухы, ішкі қажетті маңызы тұншығып жатты. Осылайша жеке басқа табыну айыпталғанмен, оның тереңге кеткен тамырлары соғып тұрды.

Бұрыннан Сталинді мадақтауға, асқақтатуға әбден үйреніп келген, түпкілікті өзгерістерге ұшырамаған насихат аппараты – баспасөз енді Сталин дәуірінен кейін билік басына келгендерді бұрынғысынша асқақтатып, мадақтай бастады.

Бюрократия Сталин өлшеусіз билік басында болған уақытта өз көрінісінің түрлі кезеңге лайық саяси және идеологиялық әдіс-тәсілдерін игерді. Мысалы, 1953-1965 жылдарға тән болған жиі-жиі қайта құрулар, орын ауыстырулар, шаруашылық міндеттерінің өзгерістері тұсында да бюрократия үстемдігін жойған жоқ. Бюрократтық машина әміршілдік-әкімшілдік жүйеге қауіп төндіретін идеялар өрісіне қатаң тосқауыл қоя алатын болып шықты. Осылайша, әміршілдік-бюрократтық жүйенің күшімен 1965 жылғы шаруашылық реформасы да сәтсіздікке ұшырады. Бюрократия

бастапқы кезеңде реформаға қолдау көрсетті, көп уақыт өтпей-ақ мазмұнына дендеп еніп, кәсіпорындардың мүмкіндіктерін елеулі түрде шектеді. Мұндай «реформаның» алынған нәтижелері реформаның өзінің сынға ұшырауына себеп болды. Мұның бәрі ведомстволылықтың күшеюіне әкеліп соқты. Дәл осылайша қайта құру кезеңінде бюрократия қазіргі реформаны аяқтан шалуға әрекет етті.

Бұл орайда СОКП Орталық Комитетінің наурыз (1965) пленумы айрықша маңызға ие. Партиялық құжатта нақты көрініс тапқан түбірлі өзгерістер негізінде шаруашылықтың жаңа әдістеріне күрт бетбұрыс алынған болатын. Үлкен өкінішке орай, жерді тиімді пайдаланудың кең көлемді жоспары басқарудың әміршілдік-әкімшілдік әдістерінің себептеріне байланысты жүзеге асырылмады: даму процестері тежелді, қоғамның әлеуметтік құрылымдары қирай бастады, дегенмен, экономиканың аграрлық секторындағы «табыстарды» паш ететін даңғазалыққа толы ұрандар атойлап тұрды. Осы тұста қазақ публицистикасы феодализмнен социализмге капитализмге соқпастан ырғып өтіп, ғасырлық артта қалушылықты жеңгенімізді, экономика мен мәдениеттегі тамаша табыстарымызды тынбастан жырлап жатты.

Алпысыншы жылдары қазақ басылымдарының ұлттық сананың қалыптасуы мен өсуіне едәуір ықпал жасағанын да айтуымыз керек. Дегенмен, коммунистік партия республика баспасөзінің дамуын, оның беттерінің немен, қалай толтырылып жатқанын, материалдардың идеялық мазмұнының қай дәрежеде екенін бақылап отырды. Партия ұстанымының шеңберінен шығу бірден-ақ басқарушы органдар тарапынан қатаң бағаланып жатты. Мысалы, партия органдары мен өкімет мүшелерінің әдебиет пен өнер қайраткерлерімен, бұқаралық ақпарат қызметкерлерімен кездесулерде, нақтылап айтқанда, «біздің кейбір жас жазушыларымыздың қаламдарынан азаматтық асқақ үн аңғарылмайтын шығармалар туындап жататын болды. Бұл орайда республикалық жастар газеті «Лениншіл жас» көзге түсіп, өз беттеріне әлі пісуі жетпеген жас авторлардың шығармаларын жариялап жүр. Батыс Қазақстанда болып қайтқан жас ақын Әбіш Кекілбаев таяуда өз ойларымен бөлісті. «Лениншіл жас» ақын көрген дүниелерді жариялады. Ұйқыдағы қорғандар, үнсіз тұрған бабалар зираттары... Ол өткенді аңсайды, өзінің қайғы-мұңын жасырмайды – пессимистік поэзия» (32).

Жоғарыда келтірілген жолдар партиялық биліктің мәдениет пен әдебиет мазмұнының социалистігі жөніндегі ұстанымының ұлттық сана мен менталитетті теріске шығаратынын көрсетеді. Осы орайда айта кету керек, көптеген түркі халықтары, оның ішінде қазақтар да қазіргі жайды көркем-философиялық тұрғыда ой елегінен өткізуде жазушылар, ақындар,

публицистер де қорғандарға, зираттарға, тағы басқа образдарға жүгініп отырады. Бұл ұрпақтарды тұтас бір халыққа байланыстырып отыратын өз бабаларына, оларды құрметпен еске алуға, олардың рухына деген құрмет сезімімен өрнектеледі. Партиялық номенклатураның айқындауынша бұлардың бәрі де пессимистік поэзияға жатады және біртұтас социалистік ұлт – кеңес халқын құрудың міндеттеріне сәйкес келмейді.

Бұл Н.С.Хрущев жүзеге асырған саясаттың нәтижесі болып табылды. Оның тапсырмасымен М.С.Суслов бастаған СОКП идеологтары «ұлттың гүлденуі мен жақындасуы» бағдарламасын жасаумен айналысты. Қазір көптеген ғалымдар сол туралы айта отырып, «гүлденуді» орыс емес халықтарға орыс мәдениетін енгізу, ал «жақындасу» – олардың бірігуі деп сендіруге тырысады. Н.С.Хрущевтің идеялары СОКП-ның үшінші Бағдарламасында бекітілді, онда КСРО-да коммунизм құрылысының нақты мерзімі көрсетілді. Ол билік басынан кеткен соң, арада жылдар өткенде, бұл идеялар волюнтаризм мен субъективизмнің көрінісі ретінде бағаланды. Адамдар сол жылдардың өзінде-ақ коммунизм құрылысы мәселесінің таза утопия екендігі жөнінде сыбырласып жүрді. Алайда 1950-жылдардың аяғы мен 1960-жылдардың басында партиялық аппарат оны жүзеге асыруға шындап кірісті.

Қазір мына сауалға жауап беру мүмкін емес: сол кезде мемлекеттің бірінші адамы өзінің бағдарламаларының жөнсіздігін сезінді ме? Аздап болса да түсінігі бар адам оның идеяларының қайшылықтарға толы екенін түсінді. Ол нақты мерзімді атап айтты, алайда «қалай?» деген нақты сұраққа нақты жауап бере алмады. Айталық, мысалы, ол жаңа әлеуметтік қауымдастық – кеңес халқы туралы айта отырып, бұдан біртұтас коммунистік ұлт пайда болатынына сендірді, алайда қашан және қалай болатыны жайлы ештеңе де айта алмады. Сол кездегі басты ұран: «Кеңес адамы – коммунизм құрылысшысы».

Бұл мәселелерді сол Н.С.Хрущевтің өз сөзімен айтқанда, партияның қолқанаты және директивалы органдардың идеяларын жүзеге асырушы бола тұра, баспасөз алға қойған жоқ және қоя алмайтыны түсінікті де еді. Ол КСРО халықтарының өмірін интернационалдандыруға бағытталған ресми саясатты насихаттады. Баспасөз, бір жағынан, этностардың ұлттық жекешелігіне қарсы әрекет етті, бұл жерде олардың дербес дамуын қорғағандай қалыпта болды, екінші жағынан, бастауы кеңес болып табылатын алдағы ұзақ мерзімде коммунистік ерекше ұлтты қалыптастыру идеясын насихаттады. Әрине, кеңес халқының қауымдастығы мен бауырластығы болды. Олар іс жүзінде достықтары мен бір-біріне бауырмалдық көрсетуге әзірліктерін талай рет дәлелдей білді. Алайда дәл

осы жағдайдың өзінде олардың қай-қайсысының болмасын өздерінің этникалық түп-тамырларынан, өмір салтынан, мәдениетінен бас тарту құқы болған жоқ.

Партия-кеңес баспасөзі ұлттардың этникалық құндылықтарын дәріптей отырып, іс жүзінде оларды жоққа шығаруға, жіктеуге тырысты. Бұл, әсіресе, атаулы оқиғалар кезеңдерінде айқын аңғарылды. Мысалы, тың және тыңайған жерлерді игеру, 1957 жылы Мәскеуде өткен жастардың Бүкілдүниежүзілік фестивалінде, әлемде бірінші болып жердің жасанды спутнигін ұшыруда, Ю.А.Гагариннің космосқа ұшуы кезінде және т.б.

Алайда, Кеңес Одағындағы барлық ұлттар мен ұлыстардың ұлттық сана-сезімінің өсуі адамдарды «ұлттың гүлденуі мен жақындасуы» дегеннің не екені төңірегінде ойлауға итермелеп отырды. Республикалардағы көптеген зиялылардың қорытындылары партияның бағдарламалық нұсқаулары мен ұстанымдарына тікелей қарама-қарсы болды. Бұл жерде мына жайтты айта кету керек, түрлі ұлттар интеллигенцияларының өкілдері халықтардың ынтымақтастығы мен өзара көмегі нәтижесінде жүзеге асып жатқан барлық жағымды іс-шараларды жоққа шығарған жоқ, бірақ ешқайсысы да «ұлттардың толық жақындасуы» идеясын қолдаған жоқ, мұнымен келіспеді, бұл түптің түбінде халықтарды ассимиляцияға ұшыратады, демек, ірі ұлттардың аз ұлттарды жұтып жіберуіне әкеліп соғады деп қауіптенді.

Сондықтан партия-кеңес баспасөзі – мұны терең түсінді ме, жоқ па – ұлттық гүлдену, экономиканың қарыштап өсуі, ғылым мен мәдениет жетістіктері туралы айта отырып, осы арқылы ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиеледі, әркімнің өзінің ұлттық ерекшеліктері жөніндегі ойларға жетеледі, өзіндік идентификациялық танымын қалыптастыра білді.

Сонымен, Н.С.Хрущевтың мемлекет басқарудағы соңғы кезеңін баспасөз ұлы онжылдық деп атады, ал бұл дегеніңіз өмірдің барлық салаларындағы – өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, мәдениетте, өнерде, әдебиетте, т.б. жасалған қарама-қайшылықтарға толы күмәнді эксперименттерден алынған болатын. Біздің пікірімізше, оның бір ғана ерлік қызметіне лайықты баға беруге болады, ол – В.И.Сталиннің тирандық іс-әрекетін әшкерелеуі және демократия мен бостандықты шамалы болса да қалпына келтіруі, осыған байланысты бұл тарихи кезең «жылымық» уақыты деген айқындамаға ие болды.

Оның үстіне кеңестік құрылыс барлық халықтар мен барлық мәдениетті біртұтас стандарт шеңберінде ұстады. Бұл унификацияландырудың сипаты мынаған келіп сайды: аз халықтар өздерінің этникалық бірдейлігін жоғалтып, өз мәдениеттерінің тамырынан ажырап қалды да, кеңес халқының қалың шоғырына сіңіп кетті. Мұндай «интернационализмнің» өзге халықтарды,

соның ішінде қазақтарды да неліктен қанағаттандырмағаны түсінікті, себебі 1950-жылдар мен 1960-жылдардың басындағы процестер оның ұлттық дамуына аса үлкен қатер төндірді: ол өзінің ұлттық-мемлекеттік құрылымында азшылыққа айналды, ұлттың басына баяу ассимиляциялану қаупі туды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Казахская ССР. Краткая энциклопедия в 4-х томах. Т.І. – Алматы, 1985. – С.211.

2. Амандосов Т. Публицистика – дәуір үні. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 147 бет;

3. // Правда. 1945. 25 мая.

4. Великий русский народ. Передовая статья // Правда. 1945. 27 мая; Ұлы орыс халқы – ерекше ұлт // Социалистік Қазақстан. 1945. 27 шілде; т.б.

5. Сәтбаев Қ. Жазықсыз кінәлі болғаным ба? // Қазақстан коммунисі. 1989. №4. – 77-80-беттер.

6. Қазақ халқының бостандығы жолындағы күресі. Редакциялық мақала // Социалистік Қазақстан. 1943. 17 қазан.

7. Сәтбаев Қ. Қазақстан интеллигенциясы Отан соғысы күндерінде // Социалистік Қазақстан. 1943. 21 желтоқсан.

8. Бекмаханов Е. Қазақ және ұлы орыс халықтары достығының тарихи тамырлары // Социалистік Қазақстан. 1945. 12 қыркүйек.

9. Қазақ халық ақындарының республикалық айтысы күндерінде Сталинге жазған хаты // Социалистік Қазақстан. 1943. 7 желтоқсан.

10. Морозов М. Қазақ ССР-нің тарихы туралы // Социалистік Қазақстан. 1945. 15 шілде.

11. Шойынбаев, Айдарова, Якунин. За марксиско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана // Правда. 1950. 26 декабря.

12. Сәрсеке М. Ел тарихы тартқан қасірет // Егемен Қазақстан. 2012. 15-19 мамыр.

13. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993.

14. Ілес Мыңбай. Мәдениет және саясат немесе ұлттық рухани байлығымыздың кеңестік билік кезеңінде бастан кешірген тар жол, тайғақ кешулері туралы шындық // Егемен Қазақстан. 2004. 18 мамыр.

15. Аргынбаев М.Ж. Особенности развития национальной печати в послевоенные годы (на опыте печати Казахстана 1946-1958 гг.). Дисс. доктора исторических наук. – Алматы, 1979. – С. 149.

16. Бурлацкий Ф. Хрущев: штрихи к политическому портрету // Лит. газета. 1988. 24 февраля.

17. Бромлей Ю.В., Шкоратин О.И. Национальные трудовые традиции – важный фактор интенсификации производства // Социологические исследования. 1983. №2. – С. 16.

18. Жақсыбаев А. Шындық және саясат // Қазақ әдебиеті. 1994. 4 наурыз.

19. Шухов И. Покорители целины. Очерк // Правда. 1954. 3 ноября.

20. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1961. - 404 бет.

21. Брежнев Л.И. Целина. – М.: Политиздат, 1980. – С. 14.

22. Әуезов М. Түркістан солай туған (Директор туралы очерк) // Социалистік Қазақстан. 1955. 7 қараша; Сонікі. Соңғы жаңалықтар. Очерк // Қазақ әдебиеті. 1956. 2 қараша; Сонікі. Қайтыс сапар (очерк) // Қазақ әдебиеті. 1956. 16 қараша; Сонікі. Оңтүстік сапарынан (очерк) // Социалистік Қазақстан. 1959. 22, 23, 25, 27 қазан; Мұстафин Ғ. Партия қашан да көмектеседі // Қазақ әдебиеті. 1956. 2 наурыз; Қабдолов З., Нұрпейісов Ә. Орақ үстінде // Социалистік Қазақстан. 1958. 17 қыркүйек; т.б.

23. Советский человек – интернационалист. – Алматы, 1963; Они – гордость Казахстана. – Алматы, 1963; Габдуллина Н. Песня жизни. Очерки. О передовых людях Казахстана. – Алматы, 1961; На новом рубеже. Сборник очерков. – Алматы, 1961.

24. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының мұрағаты. – Ф.2., Оп.1, Іс.526., П.6.

25. // Қазақ КСР ҒА хабаршысы. Алматы, 1953. №3. – 117 бет.

26. Аргынбаев М.Ж. Печать Казахстана на завершающем этапе социалистического строительства. – Алматы, 1977. – С. 180.

27. Сатпаев К.И. Избранные труды. – Алматы, 1989. – С. 304.

28. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының мұрағаты. – Ф.2., Оп.1., Іс. 543., П.3.

29. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының мұрағаты. – Ф.708., Оп.31., Іс. 1513., П.28.

30. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының мұрағаты. – Ф.2., Оп.1., Іс. 543., П.42-43.

31. Брежнев Л.И. Целина. – М.: Политиздат, 1980. – С. 57.

32. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. – Ф.708., Оп.36., Іс.234., П.57.

II ТАРАУ

ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ «ТОҚЫРАУ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНДЕ

СОКП Орталық Комитетінің қазан (1964 ж.) пленумы Н.С.Хрущевты партия ОК Бірінші хатшысы міндетінен босатты. Оның орнына келген жаңа күш жаңа басшылыққа Л.И.Брежневті сайлады. Сонымен бір мезгілде КСРО үкіметі Төрағасының босатылған орнына А.И.Косыгин тағайындалды. Ел басшылығының ауысуы алып елдің ішкі және сыртқы саясаттағы бағытының өзгеріске ұшырайтынын аңғартты.

Ол елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жаңғырту жолдарын іздестіруді білдірді. Айталық, Орталық Комитеттің 1965 жылғы наурыз Пленумы ауыл шаруашылығындағы жағдайды түзету жөніндегі шараларды белгілесе, осы жылғы қыркүйек айында өткен Пленум өнеркәсіпті дамыту мәселелерін талқылады. Осы шаралар ел экономикасының қысқа мерзімде жандануына алып келді. Бұл процесс 8 және 9-бесжылдықтарда байқалды.

Алайда реформалар әміршілдік-әкімшілдік жүйенің өзінің негіздерін жанап өтті. Қалай дегенмен де хрущевтік келеңсіздіктер мен жайсыздықтар талқыға салынғанмен, оның мәні сол бұрынғы күйінде қалды: әміршілдік пен әкімшілдік практикасына тосқауыл қойылмады. Оның үстіне кейбір сталиндік басқару тәсілі бас көтере бастады. Әрине, жаппай қуғын-сүргін жөнінде сөз болуы мүмкін емес еді, дегенмен жаңа сталиншілдер ескі «темірдей тәртіпті» аңсады.

Осы жылдары әкімшілдік-әміршілдік аппарат құрылымында бірқатар «сапалық» өзгерістер болып өтті. Оның негізі Н.С.Хрущев кезіндегі басқарудың сенімді қанатынан құрылды, ұзамай-ақ олар либералды-консерватив терге айналды. Бұған орталықтың, аймақтар мен республикалардың жағымпаздыққа икемді шенеуніктері, прагматикалық карьеристер мен жүйенің ғылыми-идеологиялық қызметшілері қосылды.

Экономикадағы жекелеген алға басушылыққа қарамастан, бұған Батыс Сібірдегі көмірсутегі өндіру есебінен алынған мұнайдолларлы құйылым, сондай-ақ өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының кейбір өсіп отырған потенциалы үлкен ықпал жасады, КСРО-ның дамыған елдерден экономикалық артта қалушылығы кейінірек «тоқырау кезеңі» деген анықтамаға ие болғызды.

Алып елде үлкен мүмкіндіктер болды, алайда жаңа басшылықтың саяси ерік-жігерінің болмауы салдарынан бар потенциалды іске қосып, оны қозғалысқа келтіруге қабілетсіздік белең алып кетті. Даму қарқыны жылдан-

жылға елеулі түрде баяулап, жүйедегі дағдарыс құбылысы өсе түсті де, бұл өз кезегінде қоғамның әлеуметтік және рухани-адамгершілік жай-күйіне кері әсерін тигізе бастады.

Бұл жылдары Қазақстан бірте-бірте КСРО-ның қара және түсті металлургиясы мен химия өнеркәсібінің орталығына, сондай-ақ сан-салалы ауыл шаруашылығы ауданына айнала бастады. Алайда орталықтандырылған унитарлы мемлекет шеңберіндегі республиканың әлеуметтік дамуы қазақ халқының ұлттық дамуы мен ұлттық сана-сезімінің өсуін елемеді. Қазақстанның дербестігі өзге де республикалар сияқты шектеулі болды, ал суверенитеттілігі формальды сипатқа ие еді. Бюрократтық, тар ауқымдылық бәрінде де бел алып тұрды: өндірістік күштерді орналастырудан бастап, білім, мәдениет пен тіл, т.б. 70-жылдардың екінші жартысынан басталған әлеуметтік саладағы дағдарысты жағдай келеңсіздік процестердің шешілуден бұрын пайда болуына алып келді.

Әміршілдік-әкімшілдік жүйе, оған әбден орныгып алған бюрократизм ақыр соңында қоғамның саяси негізін деформациялады да бұл қоғамның рухани өмір саласында догматизм мен идеологиялық төзімсіздіктің мықтап орныгуына әкеліп соқты. Сондықтан, тіпті, интеллигенцияның халықтардың тарихи және мәдени мұраларын жалғастыруға жол ашу жөніндегі жекелеген әрекеттері партия аппаратының қатаң сынына ұшырап отырды. Оның үстіне бұл орталықтың да, жергілікті басшылықтың да күшімен жүзеге асырылатын болды. Қазақстанда да жағдай дәл осылай еді.

1977 жылы КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданды. Осының ізін ала 1978 жылы одақтас республикалар, соның ішінде Қазақ КСР-і де өздерінің Конституцияларын қабылдады. Өкінішке қарай, бұларда ұлттық республикалардың ерешеліктерін сипаттайтын айқындамалар болмады, жария етілген демократиялық бостандық пен адам құқығы декларациялар күйінде қалды, мәселенің шынтуайтына келгенде, бұлардың одан әрі жүзеге асыру механизмі жұмыс істемеді. Конституцияда бекітілген СОКП-ның жетекшілік рөлі партиялық өктемдікті біржолата заңдастырды және бұл партиялық аппаратқа барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарды ауыстыруға, яғни соларға өз әмірін жүргізіп отыруға мүмкіндік берді.

Бұл баламасы жоқ жүйені әлеуметтік-экономикалық саясатта қателіктер жіберуіне әкеліп соғып отырды және қоғамдық өмірдің барлық саласын, соның ішінде ұлтаралық қатынастарды да деформацияға ұшыратуға жол ашты. Осы тұрғыдан келгенде пайда болатын өзекті проблемаларды байыптылықпен талдау шындықты боямалаумен және лениндік ұлт саясатының салтанаты жөніндегі жеңісті ұрандармен ауыстырылды.

Интернационалдық факторлардың белең алуы ұлттық мүдделерді, салт-дәстүрлерді, ұлттық психологияны теріске шығаруға бастады.

Қазақстанның шын мәнінде республиканың демографиялық саясатын реттеп отыруға, еңбек ресурстарын бөлуге қатысуға, тіл саясатында дербес болуға мүмкіндігі болмады. Интернационалдық тәрбие ұлттық тәрбиені ауыстырды. Нәтижесінде «шовинизм», «ұлттық», «патриотизм», «интернационализм» түсініктері түпкі мәнін жоғалта бастады. Идеологиялық жұмыста ұлттық бастауларды теріске шығару интернационализмге келіп сайды, ал ұлттық сана-сезім, ұлттық өзіндік ерекшелік көріністері мен этникалық жаңғырудың өзекті мәселелері ұлтшылдық ретінде бағаланды.

Міне, бұлардың бәрі де Қазақстан баспасөзі үшін басты ұстанымға айналды, ұлттық тақырып мәселесі қозғалғанда ол міндетті түрде интернационализм идеяларының салтанаты ретінде ұсынылды. Мақалалар дәстүрге айналған айдарлармен жарияланатын болды. Айталық, бұл «Казахстанская правда» газетінде былайша жазылды: «Интернационализм – наше знамя», «В братской семье народов»; «Социалистік Қазақстан» газетінде – «Интернационализм – біздің туымыз», «Лениндік ұлт саясатының ұлы жеңісі», «Миллиондардың лениндік университеті», «Лениндік оқулар», т.б.; республикалық жастар газеті «Лениншіл жаста» – «Көсем өсиеттеріне адалмыз», «Ленин айтты, комсомол орындады», т.б.

Идеялық қатынаста дәл осындай сапалық нәтиже аса қауіпті болып шықты. Сырттай қарағанда әрдайым дұрыс көрініп тұрғанмен ол идеологиялық майдан жауынгерлерінің ақыл-ойы мен жүрегінде бүлдіргі іс-әрекетке жол ашып тұрады. Көпшіліктің көз алдында баспасөздің өңі айналдырылып, айқын мақсаттар мен идеяларда сенімсіздік ұрығын шашты да сөз құдіретінің тиімділігі мен нақты шындықты нөлге әкеліп тіреді.

Баспасөз қызметі жөніндегі ұғым-түсініктердің акценті қаншалықты дәрежеде сапырылысып кеткенін түсіну үшін 70-80-жылдардағы мерзімді басылымдар тігінділерін ақтарып көру қажет. Бұл кезеңдегі баспасөз беттері көбіне-көп еңбек ерлері, озаттар жөніндегі сала-құлаш очерктермен, суреттемелермен, корреспонденциялармен, партия конференциялары мен пленумдарынан берілген есептермен, саяси мақалалармен, тағы басқадай материалдармен толып жатты. Қай басылымды алып қарасаңыз да бірізділікті, бірсарындылықты аңғару қиын емес.

Қай материалды қай жерге берудің өзіндік дәстүрі әбден қалыптасқан болатын: әдетте, газеттердің бірінші беттері, кейде тұтас екі-үш беті «ураға» толы салтанатты жиындардың ресми материалдарына, науқандық бөлімдерге, еңбек рапорттарына, партия тұрмысы мәселелеріне, жер-жердегі шаруашылық, өнеркәсіп, транспорт, т.б. жетістіктеріне толы болып келді.

Қай газеттің болмасын, негізінен, үшінші беті тұтастай немесе жартысы шетел хабарларына арналды. Олардың дені дерлік әлемдегі «ең тамаша өмір» - кеңестік өмір салтына қарсы «бағытталған» болып шығатын. Бұл әсіресе кеңестік және капиталистік елдердің экономикалық көрсеткіштерін салыстыру кезінде айқын аңғарылатын. Ал газеттің төртінші беті мәдени-тұрмыстық өмір жаңалықтарына, спорт хабарларына, тағы басқаларына арналып жататын. Аптасына бір рет көгілдір экран апталығы осы бетке берілетін. Қарап отырсақ, бәрі де соқырға таяқ ұстатқандай болып шықты. «Капиталистік дүниенің сиқы» деген айдарды оқысақ, қаптаған қайыршылық, аштық, жалаңаштық. «Советтік өмір – бұл тамаша өмір! Алдымызда күндей нұрлы болашақ – коммунизм! Алға!» деп аттандайтын баспасөз, «Тек алға!», «Еңбек, еңбек, тағы да еңбек!». Осылайша көгілдір «коммунизмге» қарай жетпіс жылдан астам уақыт бойы аптыға ұмтылдық. «Американы қуып жетіп, басып озбақ» болдық.

Нақты бір мысал: Тың – қарапайым адамдар тағдыры. Осының өзі нағыз қаламгерлер қаузайтын тақырып болғанмен оның бейнеленуі шындықтан алшақтап, өзгеше жасанды сипат алды. Бұл, әсіресе, публицистика жанрында үнемі көрініп отырды. Коммунистік идеологияның тұтқасын ұстап отырғандар әдебиет пен өнер адамдарына өз дегенін істетіп, өмір шындығын әсірелеп, бұрмалап көрсетуді талап етті. Партияның саясатын тез түсініп, ұранына үн қатып отыратын жазғыштар да көбейді.

Жарияланымдардың үлкен тобы кеңестік қоғамның күнделікті жағымды жаңалықтары мен оқиғаларынан хабардар ететін алдын ала іріктеліп алынған фактілерді тізіп шығумен сипатталатын. Бұл спорт, мәдени өмір салалары, әлеуметтік-экономикалық жағдай жөніндегі арнаулы бөлімдерден айқын аңғарылып тұратын. Газеттердің кез келген нөмірінде сын материал жарияланатын. Алайда, талдаулар мен қорытындылар шындық ауылынан алыс жатты. Олардың дені баршаға белгілі жайттарды қайталап, тар шеңбердің аясынан шыға алмады. Көбіне-көп қоғам күнгейіндегі келеңсіздіктерді сылап-сипап сынау дағды болды. Қоғам мерезіне айналған жалпыға мәлім құбылыстарға жан-жақты талдау жасалмады. Сынауға болмайтын объектілер республикалық деңгейді айтпағанның өзінде аудан, облыс көлемінде де аз болған жоқ.

Мына жайт та назар аударуды қажет етеді. Әр басылым сөз құдіретінің күшін айғақтап, өз қызметтерінің ықпалдылығын қалың жұртқа көрсету мақсатымен жоғары орындардың сын материалдарға берген жауаптарын жедел жариялап отырды. Енді оның «ықпал» ауқымына зер салайық. Газет жағдайды өзгерткен сын мақалалар бойынша қабылданған шараларды емес,

партия, кеңес органдарының шешімдерін немесе кадрлар құрамындағы орын ауыстыруларды өз қызметтерінің нәтижесі ретінде хабарлап отырды.

Редакция ұжымдарының қоғамдық саладағы қызметі де ерекше көңіл аударады. Оқырмандар хаттарының едәуір бөлігінде жекелеген адамдардың (айталық, дәрігердің, қызмет көрсету салаласының) атына алғыс айтылып немесе сапасыз, немқұрайды іске реніш білдіріліп жатады. Осылайша, талқыға тұтас құбылыстың өзі емес, осы құбылыстың жекелеген мысалы ғана түседі. Кеңестік кезеңдердегі мерзімді баспасөз материалдарында адамның ішкі жан дүниесі, оның бойындағы адамгершілік, ізгілік қасиеттері коммунистік ұрандар мен декларациялар деңгейінде сипатталды. Жарияланымдарда бас қаһарман ретінде еңбек адамы емес, әлеуметтік құбылыстардың нәтижесі көрсетілді. Газеттер Байкал-Амур магистралі, Павлодар трактор заводының алып құрылысы, миллиард пұт астық, екінші тың ерлерінің елу миллиондық межесі, Байқоңырдан старт алған ғарыш кемелері, комсомолдық алып құрылыстар, «кемелденген социализмнің» сандаған «кереметтері» жөнінде жарыса жазып жатты. Осынау ғаламаттарды өз қолдарымен жасап жатқан жекелеген адамдар, заман қаһармандары тұлғасы екінші кезекте қалып қойды. Басқалай айтсақ, адамның ішкі жан дүниесі, адамгершілік проблемалары біртұтас түрге еніп, қоғамға лайықты мінезбен сипатталды, осылайша, жеке тұлғаның мәселелері шешілмеген күйінде қалды. Адам жеке тұлға ретінде мерзімді басылымдар беттерінен жоғалып жатты. Жеке адам түсінігі сұйыла келе қоғамға аса қажетті моральдық-адамгершілік құндылық ретіндегі маңызынан айрылып қалды. 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында құдіретті істі жасаушылар, қаһармандар қоғамы қайыршылар қоғамына айналып бара жатқаны айқын аңғарыла бастады. Абырой, ар-ұят, үлгілі тәртіп жөніндегі ұғым-түсініктер нақты өмір шындығын күнбе-күн тоқтаусыз қайталаумен ауыстырылды. Әлеуметтік марғаулық саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайларға сүлесоқ қараудың нәтижесіне айналды. Осылайша, қоғамның қай саласында болмасын ірі кесіп, кесек турау (гигантомания) заңды құбылысқа айналды да, қарапайым халыққа қамқорлық кейінге сырғытылды. Кеңестік дәуірдің жан тәсілім алдындағы ақырғы кезеңінде халықты қайыршылық халге жеткізген де осындай солақай саясаттың салдары демеске лажымыз жоқ. Қоғам дамуының заңдылығы бұзылған жерде қалың бұқараның қайғы-қасіретке душар болатынын кеңестік жүйенің тәжірибесі дәлелдеді.

Бұл – проблеманың бір қыры ғана. Оның екіншісін жеке басқа табыну, тоқырау кезеңдерінде журналист-публицистердің «идеялық ұстамдылық» ұраны қамшысының астында болуымен түсіндірген жөн. Бұл көптеген бұқаралық ақпарат құралдарында бас шұлғуға бейім редакторлар мен

журналистерді әзірлеуге әкеліп соқты. Публицистер қалың бұқараға жеткізуі тиіс саяси ілім жартыкеш күйде болды. Оның басты себебі, бұл аса маңызды іске жауапты аймақтар есігінің сын мен өзара сынға тарс жабық екендігінде болатын. Жоғарыда айтқанымыздай, қоғамдық өмір шындығының фактілері бюрократизмнің, жершілдіктің, тағы басқалардың ыңғайына қарай түрлі-түсті бояуларға боялып көрсетілді. Журналистер қоғамдық пікірге толық арқа сүйемеді, оны объективті түрде ашып көрсетпеді. Редакторлардың негізгі мақсаты «жоғарыдағылардан» ескерту алмай, бейқам, тыныш жұмыс істеп, өмір сүру болды. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының кеңестік дәуірден қалған мұрасы кәсіптік жалтақтықпен, бассауғалаумен, икемділікпен, тағы да басқа толып жатқан қасиетсіздіктермен сипатталады.

Сонымен, бұқаралық ақпарат құралдары органдары қоғамдық іс-әрекет жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға толық пайдаланылмады. Мұндай жағдайда журналистің жеке басы белгілі бір кедергілерге тап болды. Алып бюрократтық аппарт оны ондаған жылдар бойы қалың бұқараның мүдделерін қорғаудың жаршысы, саяси күрескер емес, бас шұлғуға үйренген шенеунік, айтқанын екі етпейтін қызметкер ретінде тәрбиеледі. Некен-саяқ болса да қоғамның саяси сұранымын дәл бағдарлай алатын, әділдік жолында күрестен талмайтын журналист-публицистер болды. Олардың материалдары жарияланбады, жариялана қалған күннің өзінде бұл олар үшін тым қымбатқа түсіп жатты. Көрнекті ғалым, публицист, марқұм Е.Букетовтің тағдыры соның жарқын дәлелдерінің бірі ғана. Республиканың партия комитеттері, мемлекеттік органдар оның сөздерін теріске шығаруға тырысты. Кезінде әділетсіздікке, марғаулыққа қарсы тұрған азаматқа қастандық ұйымдастырылды. Бұл ақыр соңында күтпеген зардапқа әкеліп соқты. Қайта құрудың алдында Е.Букетов қасіретті қайғыға ұшырады (1).

Жасыратыны жоқ, сын материалдардың күші мен ықпалы әрдайым принципшілдік пен әділдік тұрғысында бағаланып отырмады. Жекелеген жарияланымдарда субъективті бағалау, шындықты бұрмалау бел алды. Міне, бұлардың бәрі де газет беделінің төмендеп кетуіне әкелді.

Кей жағдайда баспасөз экономикалық проблемалар жөнінде сөз қозғай отырып, шектен тыс әсіре қызыл әсерге беріліп кетті. Редакция сын немесе проблемалық материалдарды жариялай отырып, жауапты адамдардың қолдауына арқа сүйеуге тырысты. Алайда, журналистер әрдайым ұстамдылық танытты ма, істі аяғына дейін жеткізіп отырды ма? Үн қосудың, қолдаудың мысалы ретінде республикалық «Социалиситік Қазақстан» газетінен бастап барлық облыстық және аудандық газеттерде тиісті органдардың формальды жауаптары «Сынап едік, жауап келді», «Газет

сынынан кейін» деген сияқты айдарлармен жарияланып жатты. Басқалай айтсақ, демократияның формальды жағы бой көрсетті.

Көптеген жарияланымдарда мазасыздық белгілері байқалып тұрды. Бұл жағдайда жаңалықтың жасырын немесе ашық астары көрініс берсе, кей жағдайда автор позициясы мүлдем аңғарылмады. Жолдар арасында журналистің өзін принципті, батыл, саяси белсенді етіп көрсетуге деген ұмтылысы аңғарылып қалатын. Алайда, мұндай материалдарда мәселелерді айқындауда ерекшелік сезілмеді, байыпты талдаудың орнына даурықпа сөзуарлық үстемдік етті. Мұндай материалдар оқырмандардың назарына ілікпейтін еді.

Тарихқа жүгінейік: айталық, Кеңестер елінің аграрлық секторында қалыптасқан жағдай ежелден аграрлық ел саналатын Қазақстан ауыл шаруашылығына да тән болып келді. Аграрлық саясаттың лениндік жоспары, жаңа экономикалық саясаттағы бұрмалаушылықтар, соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл шаруашылығы дамуының негізсіз теңдестірілуі, ұжымдық шаруашылықтар секторындағы бөлу қатынастарындағы қателіктер, егіс алқаптарынан бағалы мал азығы дақылдарының шеттетілуі, жеке қосалқы шаруашылықтардың жеке меншіктің бір түрі ретінде жариялануы, ұжымдық шаруашылықтардың жаппай кеңестік шаруашылықтарға көшірілуі, жер-жерде комплексті жағдай жасалмай мал шаруашылығы комплекстері құрылыстарын тұрғызу, селолық, ауылдық елді-мекендердің «болашағы жоқ» деп бағалануы, тек ірі істерге назар аударушылық (гигантомания), кезінде игеруге тұтас кеңес халқы жұмылған тың мәселесінің республика тағдырында алған орны, бір сөзбен айтқанда, Қазақстан ауыл шаруашылығы өндірісі дамуының күнгейі мен көлеңкесі қазақ публицистикасында қаншалықты дәрежеде көрініс тапқанын нақты көрсету үлкен маңызға ие екенімен ешкім де дауласа қоймаса керек.

Қазақстан баспасөзі шығыс халықтарының әлеуметтік және мәдени дамуында күрт секіріс жасады, ол капиталистік формацияны айналып өтіп, социалистік құрылысқа бірден өтумен түсіндіріледі. Кеңестік қазақ публицистикасының өзі осындай күрт өзгерістің нәтижесі болып табылады. Сонымен бір мезгілде публицистика осы өзгерістердің қаруына айналды. Осындай жағдайда социалистік өмір дегеніміздің өзі феодалдық мұралармен тікелей байланыста қалды. Өкінішке орай, қоғам дамуының кеңестік кезеңінде ғалымдар осыған байланысты туындаған мәселелерді зерттеу объектісіне айналдырмады. Кеңестік зерттеулер мен оқулықтарда барынша дәріптеліп келген феодализмнен социализмге ырғып өтудің, арада тұтас бір формацияның – капитализмнің үзіліп қалуы зардаптарының тұтас бір ұлттың тағдырында, оның өсіп-өркендеуі жағдайында қаншалықты орын алғанын

байыппен ой елегінен өткізу лазым еді. Баршаға мәлім, феодализмге экономикалық артта қалушылық қана тән болған жоқ. Қазан социалистік төңкерісінің әлеуметтік нәтижелеріне байланысты капиталистік дамудың ұзақ мерзімді кезеңінен өткен өзге халықтардың дүниетанымы, сана-сезімі күрт терең өзгерістерге ұшырады. Ал, қазақ халқы мұндай күйді бастан кешірген жоқ.

Қазақстанда кеңес өкіметінің қалыптасуы алдымен орыс, қазақ, бертін келе республика территориясында тұратын өзге де ұлттар тіліндегі басылымдардың пайда болып, өсе түсуімен сипатталады. Жергілікті көпұлтты баспасөз Қазан жетістіктерін нығайта түсу жолындағы күреске жұмыла кірісті. Баспасөздің үштік бірліктегі біртұтас ұжымдық үгітшілік, ұжымдық насихатшылық және ұжымдық ұйымдастырушылық міндеттері халықтардың саяси және мәдени тыныс-тіршілігі мен әлеуметтік-экономикалық дамуындағы атқарылуға тиіс істердің бағыттарын белгілеп берді. Сауатсыздықты жою, саяси білімді көтеру, әлеуметтік белсенділік тәрбиесі, халық шаруашылығы құрылысындағы жоғары жетістіктерді, инициативаны, жаңашыл бастама мен озық тәжірибені күнделікті қолдап отыру – міне, осылардың бәрі қазақ публицистерінің негізгі міндеттері мен күнделікті істеріне айналды.

Кеңестік Қазақстан еңбеккерлерінің табысына көпұлтты баспасөз бен публицистер орасан зор үлес қосты. Сонымен қатар, қалың бұқараның дүниетанымына осы қуатты құрал – баспасөз арқылы ықпал етіп отырған коммунистік партия бастан кешірген барлық кемшіліктер мен олқылықтар публицистикаға да тән болды.

Әлеуметтік дамудың барысы, экономика мен саясаттағы қайшылықтар баспасөздің де бет-бейнесін өз ыңғайына қарай қалыптастырды. Замана шежірешілері – публицистер осы шеңберде қызмет етті. Оның себеп-салдарын ешбір боямасыз қалыпта ұғынып, түсіну маңызды болмақ. Осы орайда, ең алдымен, кеңестік қазақ баспасөзінің қоғамдық-саяси проблемаларды шешуге қалай атсалысқанына назар аударайық.

Біріншіден, жарияланымдардың саяси бағытында күнілгері өлшеніп, пішілген тар ауқымның болуы. Ауылшаруашылығы өндірісін алар болсақ, оның тұтастай идеологияландырылуы заңды құбылысқа айналды. Әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі баспасөз арқылы ауыл еңбеккерлеріне күшті қысым жасап отырды. Жер-жердегі шаруашылық шешімдеріне берілген саяси баға аймақ пен шаруашылық салаларының ерекшеліктері есепке алына отырып, экономикалық тетіктер арқылы нығайтылды. Осынау күштеу әдістерінің негізіне лениндік принциптерді догмалық тұрғыда

түсіндіру, баспасөздің партиялылығын, аясы тар ведомстволық және жеке мақсат-мүддеге байланыстыру, саяси талаптар қою алынды.

Екіншіден, кез келген саланың жарияланымдық тақырыбы қалыптастырылды да, одан кейін ғана жанрлық, тақырыптық, саяси, экономикалық, әлеуметтік қайшылықтар мен дәстүрлерді орнықтыру жүргізіліп жатты.

Публицистер практикасында қатаң шектеу қойылды. Заман тарихын жазу жөніндегі лениндік талаптар өрескел бұзылды. Енді газеттер мен журналдар материалдары қоршаған ортаның нақты шындығын талдаудан аулақтап кетті. Жоғары тұрған органдардың мүдделеріне сәйкес қимыл танытуды бұлжымас дағдыға айналдырды.

Мұндай жағдайда журналистен терең экономикалық дайындық талап етілмейді, кәсіптік икемділіктің де қажеті жоқ. Публицист қалыптасқан ұғым, дәстүр, әдет аясында ғана қимыл жасады. Жылдар бойы нені және қалай жазу қажет екендігі жөнінде белгілі мөлшер белгіленді, қабыл алуға, ол жайлы мүлдем ойлауға болмайтын тақырыптар көп еді. Бұл, әсіресе, сын объектілеріне қатысты мәселелерде айқын көрінді. Күнделікті басылымдар материалдары оқырмандар санасына догмалық түсініктерді терең сіңіре берді.

Әлеуметтік психология тұрғысынан алар болсақ, қоғамдық ортаның ерекшелігі жеке адамның қалыптасуына әсерін тигізбей қалған жоқ. Мерзімді баспасөз беттеріндегі психологиялық контекстер істің шын мәніндегі қалпын бұрмалай отырып, қалың бұқараның сана-сезімін уландырды. Міне, бұл ең алдымен публицистің ішкі жан дүниесіне, қорытындысында баспасөздің бет-бедеріне кері әсерін тигізді. Публицист саналы түрде лозунгтардың, аттандаған ұрандардың жетегінде кетіп, соның ауасымен тыныстады, осы тұрғыда ой қорытатын болды. Ал аттандаған ұрандар дегеніміздің өзі әрқашанда дұрыс саналып келген идеялардың өзі болатын…

Қоғамның әлеуметтік өмірінде кәсіби публицист-журналистер мен басылымдар позициясының қалыптасу процесі біржақты болмай шықты. Сталиндік қуғын-сүргін жылдарында, біріншіден, адам ойына ерік берілмеді, мұны уысынан шығармау жоғарыдағы басшылықтың функциясына кіретін еді: журналистер болса, халықты жоғарыдан берілген нұсқаулар мен жарлықтарды орындауға жұмылдырушы болды. Екінші жағынан, қалыптасқан бұл жағдай саяси жалтақтықтың кең орын алуына әкеліп соғып, оны нығайта түсті. Коммунистік догматизмнің шеңберінде қалып, өңі айналдырылған «шындықты» ғана айтуға мәжбүр болған баспасөз қызметкерлері өз сана-сезімдерінде бірте-бірте құлдық психологияның қалыптаса бастағанын аңғарған да жоқ. Ал, құлдық психологияның күштеу

психологиясы екені ежелден мәлім. Әдетте, үнемі аласарып жүрген адамның қолайлы жағдай туа қалса, аяусыз өктемдікке ұмтылары сөзсіз. Сондықтан, журналистің де басшылыққа тәуелсіз ортада ең алдымен күштеу әдісіне жүгінуі заңды. Осыдан келіп адамға деген гуманистік қатынастан жұрдай, эгоистік сипаты басым дөрекі сын материалдар жарияланып жатты.

Біздің жоғарыда айтқандарымыздан баспасөз әміршілдік-әкімшілдік жүйеге қолайсыздық туғызатын құбылыстар мен фактілерді түгелдей теріске шығарып отырды деген ой тумаса керек. Материалдарында белгілі бір тақырып төңірегінде сөз қозғай отырып, орын алған өзекті мәселелерде астарлап болса да ойын жеткізуге тырысатын авторлар болды. Дегенмен де мұндай жағдайда ресми талап шеңберінен шығып кете алмады. Бұл жерде олардың әдеби-көркем және публицистикалық көзқарас тұрғысынан алғанда жоғары кәсіби деңгейде жұмыс істей алғанын айтуымыз керек. Журналистер тарих, ұлттық мәселелер теориясы төңірегіндегі материалдарында өзге әлеуметтік құбылыстарға баға бергендей стандартты ұстанды. Полиэтникалық мемлекет жөніндегі лениндік көзқарас ешқандай да күмән тудырмауы тиіс болды, оның жан-жақтылығы жария етілді, ал жүйеде пайда болған барлық күрделі де қарама-қайшылықты процестерді жария етуге қатаң тыйым салынды.

Айталық, мысалы, 1979 жылы Целиноградта неміс ұлттық автономиясын құру жөнінде болған ұлттық толқу баспасөзде лайықты бағасын алмады, бұл туралы жазылған жоқ. Алайда, кеңестік жүйені асқақтатуға келгенде ешқандай да шектеу қойылмады, журналистерге КСРО-ғы ұлттық құрылысты ардақтауға шексіз құқық берілді. Мұның бәрі журналисті қалыптастыруда күшті ықпал етті. Олар өз жарияланымдарының болып жатқан құбылыстарға сәйкес келмейтінін көпшіліктің білетінін, мұның мақсаттар мен идеяларға сенімсіздік ұрығын себетінін, осыдан келіп қалың бұқараның ой-пікірінде екіұдайылық қалатынын түсінді. Міне, дәл сондықтан да олардың арасында екіжүзділік, принципсіздік жайлап, осы қасиетсіз күнкөріс құралына айналды.

Журналистерді бұл проблемалар толғандырмады деуге болмайды. Шығармашылық қызметкерлері тоқырау кезеңінде өздерінің көптеген конференцияларында, пленумдарында, т.б. өз жұмыстарының ықпалдылығын арттыру жолдарын талқылады. Алайда, олар бұл проблемаларға таза кеңестік тұрғыда келді, негізінен идеологиялық жағдайларға басымдық берілді де өмірдің материалдық бастауына лайықты баға берілмеді немесе оны теріске шығарды. Айталық, мысалы, Алматы облыстық «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары Н.Гарифуллина советтік өмір салты тақырыбы төңірегінде жазатындар «көп ретте оның

негізгі сипаты мен белгілерін білмейді, сондықтан «өмір салты» деген түсінікті «өмір деңгейі» түсінігімен ауыстырады» деп жазды. Бұдан әрі ол «Сондықтан да жекелеген басылымдарда жасық, нашар дүниелер шығып жатады, бұлар стилі мен рухы жөніне келгенде өндіріс тауарлары реестрін еске түсіреді» (2).

Бұл цитата Н.Гарифуллина сияқты бірқатар журналистердің материалдық және руханилық арасындағы байланыстың маңызына жете мән бермейтінін көрсетеді. Олардың пікірінше, материалдық жеткіліктіліктің деңгейі өмір салтын айқындай алмайды екен. Бұдан аңғарып отырғанымыздай, алынған материалдық игілік өмір салтына әрдайым әсер етпесе, жоғарыда айтылғандай, қоғам мен адамның рухани құлдырауына алып келуі ықтимал. Сол тұста нұсқау мынадай болған: ең басты басымдық идеялық бастауларға берілді. Осыдан келіп, 70-жылдардың екінші жартысынан бастап кеңес халқының материалдық игілігінің өсім деңгейі күрт төмендей бастады, тұрғындар күнделікті қажетті азық-түліктің тапшылығын тартумен болды. Оныншы бесжылдықтың басынан бастап еліміз бойынша алғанда Қазақстан еңбек өнімділігі, қаржы қайтарымы, әр жанға шаққандағы кіріс өсімі, өзге де бірқатар көрсеткіштер жөнінен ең соңғы орынға құлдырап кетті, ал республика басшылығы бұрынғысынша экономика мен мәдениеттің «космостық» самғауы жөнінде айтумен болды, ұшы-қиырсыз аймақта таңғажайып істердің, жасампаздыққа толы қуаныш пен бақыттың асқақ пафосы шарлап бара жатты (3).

Шын мәніндегі Қазақстанның осы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайын ой елегінен өткізіп көрейік. 70-жылдар шебінде партия органдарының бағалауы бойынша елдің біртұтас халық шаруашылығы комплексіндегі Қазақстанның үлесі оның өсе түскен экономикалық және ғылыми потенциалына барған сайын сәйкес келмей отырған (4).

1975-1985 жылдар кезеңінде экономика мен әлеуметтік салалар дамуында күрт төмендеу процесі жүріп жатты. Оныншы және он бірінші бесжылдықтарда пайда табу жоспары 17-18 пайызға кем орындалды, қоғамдық еңбек өнімділігі оныншы бесжылдықта бар-жоғы 2,5 пайызға ғана көтерілді, ал он бірінші бесжылдықта 0,4 пайызға төмендеді.

Әсіресе ауыл шаруашылығында, оның ішінде мал шаруашылығында төзгісіз жағдай орын алды. Мемлекетке жылма-жыл миллиард пұт астық тапсыруға жанталаса ұмтылу мал шаруашылығы жем-шөп базасының жай-күйін әлсіретіп отырды. 1980 жылмен салыстырғанда әр сиырдан сауылатын сүт мөлшері 100 килограмға кеміп кетті, ірі қараның орташа салмағы -54, қойдың салмағы 3 килограмға төмендеді, соңғы екі бесжылдықта әр тұрғынға шаққанда ет тұтыну мөлшері 1 килограмға ғана өсіп, сүт 270 килограмнан

260 килограмға түсті (5). Қоғам дамуында бұрынғы кезеңдердегідей орталықтың қамқорлығының енді келмеске кетіп бара жатқаны айқын сезілді, бұрынғы прогрессивті маңызын жоғалта бастады, одақтас республикалардың дамуы тежелді. Себебі олардың өсуінің ішкі механизмдерінің тетіктері істен шыға бастаған еді. Орталықтан экономиканың дамуына ықпал ететін халықтардың өзіндік мәдени белгілерін, қоршаған орта мен аумақ, т.б. ерекшеліктерін айқындап, ескеріп отыру мүмкін болмады. Мұның бәрі тоқырау жылдарында ашық бой көтере бастады, экономикаға басшылықтың орталықтандырылған әміршілдік әдістерінің нәтижесінде ел дамуының аймақтық, әсіресе, республикалық шеңберінде белгілі бір мөлшерде теңестіру байқалды. Бұған ең алдымен республикалар арасындағы еңбек өнімділігі өсу қарқынындағы елеулі айырмашылықтар жатады. Осындай жағдайда СОКП XXVII съезінде атап өтілгендей, мысалы Қазақстанда халық шаруашылығы бойынша орта есеппен негізгі өндірістік қорлар өлшемінен ұлттық табыс үштен бір есе кем алынды.

Тоқырау көріністері ауыл шаруашылығы дамуында да белең алып тұрды. Қазақстанда оныншы (1974-1980 жж.) және он бірінші бесжылдықтарда мал өнімділігі өспеді, өлім-жітімге ұшырау көбейді, республика тек бір рет қана мал мен құс сату жоспарын орындады. 22 миллиард сомның мал өнімдері жоспардағыдан кем алынды (6).

Осымен бір мезгілде өнімділік айырмашылықтарына байланысты жекелеген аймақтардағы ауыл шаруашылығы дамуының ерекшеліктерін ескеру қажет. Дифференциалды рентаның міндетін орындауға тиіс жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы салығы негізделмеді, ол бір шаруашылыққа шаққанда орта есеппен небары 10-15 сомнан ғана келді. Экономикалық заңдардың логикасы бойынша әлеуметтік әділеттілік талаптары тұрғысынан алғанда жеке қосалқы шаруашылық иелері емес, жер қожасы ретінде мемлекет осы рентаны бөлуі тиіс еді. (Жердің табиғи құнарлылығы мен санына теңдестіріле отырып, мөлшері айқындалатын жер салығы түрінде). Жеке шаруашылық учакелері көп жағдайда жоғары табыс алып отырды. Бұл жағдайдағы сату бағасының жүйесі еңбек ресурстарына қоғамдық шаруашылықтан қосалқы шаруашылыққа ауысуға мүмкіндік береді. Бұл қоғамдық аграрлық сектордағы еңбек тиімділігін төмендетеді, селолық аудандардағы шоғырлануды тежейді, қала тұрғындарының табыс құрылымын бұзады, қызмет көрсету, білім, денсаулық, т.б. салаларда жекелеген өкілдердің қызмет бабын пайдалану есебінен көлденең табыс табуына жол ашады.

Сексенінші жылдардың ортасында, кеңестік қайта құруға бағыт алынған тұста, талантты публицист-жазушы Камал Смаилов бейнелеп айтқандай, тұс-

тұсында алып карьерлер мен қуатты комбинаттар, ғажайып космодром мен қатерлі полигондар орнаған, бірақ халқында XX ғасырға лайық тұрмыстық ғажайып әлеуметтік, мәдени жағдайы жоқ, «Луврлері жоқ бес Францияға тең», РСФСР-ден басқа 13 республика еркін сиятын байтақ, жері жомарт та кең, бірақ көлі азайып, шөлі көбейіп бара жатқан, соншама жомарт қазына сандығы, бірақ диқандарының алғанынан гөрі салғаны, мыңғырған мал өңірі, бірақ малшыларының зейнетінен гөрі бейнеті басым – міне, Қазақстан диалектикасы дәл осындай болды.

Экономикалық қуаты, өнеркәсіп потенциалы Одақта үшінші орын ала отырып, республикамыз халыққа қажет игіліктер, адамдардың әлеуметтік тұрмысын қамтамасыз ету жөнінен 8-12-орындарды алып, біраз республикалардан, еліміздегі орташа деңгейден кейін, кенже қалып қойған.

Мысалы, Қазақстан елімізде балалар мекемесі жағынан – 8, тұрғын үймен (жан басына) қамтамасыз ету жөнінен – 9, тұрмыстық мекемелерден – 10, демалатын мекемелер санынан – 12, асханалар жүйесінен – 13-орын алған екен!

Республикада 250 елді мекен суды тасып әкеп ішеді, 450 жерде монша, 1648 мекенде ауруxана, 2090 жерде – мектеп, 3800-інде балалар мекемелері болмаған. Орталық ведомстволардың қарауындағы игілік – байлықтарды қолымен ұстап, көзімен көріп отырса да халық пайдалана да, қызығын көре де алмайды. Мысалы, республика жерімен айқыш-ұйқыш өтетін газ құбырларының бойында отырған 2 мың елді мекеннің 78-і ғана сол құбырдағы газдан пайдалана алады екен. Сол секілді селодағы электр жүйелерінің де тең жартысынан да ешкім ештеңе де ала алмайды.

210 селолық ауданның 71-інде жағдай қанағаттанғысыз, ал 30 алыс аудандарда (оларда 1 миллион қазақ тұрады) адам төзгісіз. Содан да арнайы қаулы алынып, шұғыл шара қолданыла бастауы тегін емес қой!..

Әр адамға 75 сомнан кем табыс келетін жанұялар еліміз бойынша бар халықтың 15 проценті болды. Балтық республикаларында бір ғана проценті болса, Орта Азия мен Қазақстанда ондай кедей семьялар саны 50 процентке жеткен. Мұның сырын кейбір экономистер осы аймақтағы жанұялардың көп балалы болғанынан көрді. Ал ендеше, қолынан жұмыс келетін, жұмыс істегісі келген қаншама еңбек жасындағы адамдар неге жұмыссыз қарап жүрді? Соларға жұмыс тауып берсе, олар еңбек етсе, жарлы семьяларға тиетін табыс та өзгерер, көбейер еді ғой?.. Бұл әрі экономикалық, әрі әлеуметтік те мәселе есеп пе?

«Осындай деректерді біз осыған дейін ашық айтпай, айта алмай, өнебойы жаппай гүлдену, түгелдей құлпыру, бәрі де жетерлік деп келдік қой. Қайта құру заманы ащы шындықты ашық айтып, айтқызып отыр!

...Біздің елімізде кәзір барлық дүние-құралдардың 88 проценті мемлекеттік меншік қарауында болып, 14 проценті ғана адамдардың жеке меншігінде қалған. Осы қаншалық тиімді?.. Барлық пайдалы жердің 3 процентіне ғана ие жеке меншік еліміздегі ет пен сүттің 30, картоптың 50 процентін, ал 97 процент жерге ие болып отырған қоғамдық меншік бар өнімнің 50-60 процентін ғана береді. Өйткені біз қазір нан пісіретін астықтың жартысына жуығын, майдың үштен бірін, қанттың төрттен бірін шетелден сатып аламыз... Әлем халқының бес жарым процентін ғана алатын Совет елі жер бетіндегі, жер қойнауындағы бар қазына-байлықтың 20 процентіне ие бола отырып, өзінің тұрмыс-әлеуметтік халі, дамуы жағынан көп елдерден кейін қалып, кедейшілік, таршылық кешіп отырғаны түсініксіз де түсіндіргісіз жәй!

Басшыларды да, басқаларды да ойландырып, қиналдырып тұрған мәселе бүгін осы: «Қайтсек дүкендердің қаңыраған сөрелерін толтырамыз, осы бір XX ғасыр аяғында, бүкіл әлем алдында ыңғайсыз, қолайсыз жәйді мұрсат-ұлықсат сұрап алған бір-бір жарым жыл ішінде қалай шешеміз, реттейміз, орнына келтіреміз?»

Мұның кәзір басты жолы, әдісі, рычагі – республикаларды, аймақтарды, аудандарды, коллективтер мен адамдарды бәрі-бәрін ынтасын оятып, іске жұмылдыру, жұмысқа құлшындыру жолын табу. Ол үшін әрбір еңбек адамы, коллектив, аймақ-республика қолындағы құрал-қазынаның қожасы, иесі болуға тиіс» (7).

Публицист еліміз экономикасын терең зерделей отырып, кез келген жанды селт еткізетін мынадай мысалдар келтіреді: «Қазақстанның бір килограмм жүні (жылына 60 мың тонна!) орта есеппен 15 сом тартады (мұның өзі дүниежүзілік бағадан едәуір төмен). Сол жүннің әр килограмынан жасалған үш костюмнің біреуі ғана 150 сом тұрады. Сондай-ақ Ақтөбенің хромит рудасын комбинаттан тоннасын 27 сомнан сатып алады да, шетелдерге 100 сом валютаға, яғни ақшалардың арасындағы айырманы есептегенде 23 есе қымбатқа сатады. Ал Балқаштың мысы 16 есе қымбатқа сатылады.

Арзанға сатып, қымбатқа алу қазаққа баяғыдан тән болған ба дейсің?! Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы: «Қазақ биыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайтып сатып алады. 10-11 сомға бүгін сатып алып отырған былғары былтырғы 5-4 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5-6 сомдық шұғалар, торқалар қазақтың бір пұтына 3-4 сом алып бұрын өзі сатқан малының жүні,» - деп жазған екен. Сол жағдай әлі де сақталған екен-ау! Оны ұстап, сақтап келген сол әміршіл-әкімшілдік, орталықтан билеп-төстеушілік қой!»

Публицистің келтірген деректеріне жүгінсек, аса ірі ауыл шаруашылық елі саналатын республика Кеңес елі халқының 6 пайызын құрай отырып, Одақ бойынша бидайдың бестен бірін, қой жүнінің үштен бірін, еттің 8-10 пайызын өндіріп келген. Сол өнімдер басқа жаққа өңделмей шикі, демек арзан күйінде жөнелтіледі. Егер сол өңделмей кететін астықтың (жылына 10 миллион тонна), жүннің (60-70 мың тонна), мал терісінің (40 пайызы), ең болмаса жартысын өзімізде іске жаратып, дайын бұйым, киімдер шығарсақ, онда осының өзінен республика бір жылда 3 миллиард сом қосымша өнім алар еді.

Осыдан келіп, Қазақстан өзіне қажет бұйым-заттардың жартысына жуығын басқа жақтардан тасып әкеледі.

Соның салдарынан республика бір жылда 5,5 миллиард сомның тауар-бұйымдарын сырттан әкеледі де өзі бір миллиард сомның ғана дайын өнім-бұйымдарын шығарады.

Сексенінші жылдардың соңында Қазақстан жылына 26 миллиард сом көлемінде ұлттық табыс тауып, 31 миллиард сом жетпеді. Оның себебі неде?

Республикада, жоғарыда айтқанымыздай, негізінен, отын-химия, энергетикалық салалар, кен өндіру, қара және түсті металлургия, оның да шикізат өндіретін салалары басым дамыды. Минералдық байлықтың түрлері мен жалпы қоры жағынан Қазақстан Ресейден кейін екінші орын алды. Қазақстан Кеңес Одағындағы бар мыстың 30 пайызын, мырыштың – 50, қорғасынның – 60, титанның 40 пайызын, шетелдерге шығарылатын хромның 95 пайызын, сары фосфордың 96 пайызын беріп келген. Кеңестер Одағы ғана емес, дүниежүзі бойынша мыс пен күмісті, мырыш пен қорғасынды, алтын мен платинаны, титан мен магнийді, молибден мен вольфрамды, ваннадий мен ренийді, уран мен хромит, фофоритті, кокстелетін көмір мен сапалы темір рудасын, мұнай мен газ конденсатын өндіретін, қыруар қоры бар Қазақстан секілді бай аймақтың бағы ашылмай-ақ қойды! Республикадағы барлық шикізат, отын өнімдер көтерме сауда бағасымен – өте арзан бағамен сатылып келді! Әділетсіздіктің бір көрінісі осындай-ақ болар!

Барлық жердегідей Қазақстанның халық шаруашылығы да осы кезеңде көп жағдайда Одақтық экономика проблемаларымен белгіленді. Экономика өндіріс, айырбас, тұтыну және бөлу процестерінің бірлігімен сипатталады. Басқарудың әкімшілдік-әміршілдік әдісі шаруашылықтың технологиялық, табиғи байланыстарын енгізді. Бұл құн параметрлерінің – баға, несие, салық пен ақша маңызының күрт төмендетілуімен түсіндіріледі. Бұған дейін нарықтық қатынастар жөнінде толық түсінік болмады. Ол жөнінде айтылса да тек залалды, кереғар тұрғыда түсіндіріліп келді. Нарық қана ресурстарды

тиімді бөлуді қамтамасыз етіп, экономиканы шоғырланған шаруашылыққа айналдыратынына көз жете бастады.

Тек Қазақстанда ғана емес, алып Одақта кең қанат жайған әлеуметтік-экономикалық құлдырау кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарында – баспасөзде, радио мен телевизияда кеңес адамдарының салауатты өмір салты, мұндағы рухани бастаулардың рөлі жөнінде үзбей беріліп отырды. Сол тұстағы республикалық, облыстық газеттер беттерінен «Советтік өмір салты», «Замандас бейнесі», «Осындай совет адамы» сияқты айдарлармен берілген очерктерді, корреспонденциялар мен суреттемелерді, т.б. көптеп ұшыратуға болады.

Осылайша нақты өмір шындығы боямаланып көрсетілетін болды. Нәтижесінде қоғам дамуының проблемалары қордалана берді. Мысалы, Қазақстан оныншы бесжылдықтың басында әр адамға шаққандағы ұлттық табыстың өсімі, еңбек өнімділігі, қор қайтарымы, өзге де маңызды көрсеткіштер жөнінен Кеңестер Одағында ең соңғы орынға түсті. Ал, осы тұста республика басшылары әдеттегіше экономика мен мәдениеттің «космостық» дамуы, тамаша жетістіктер жөнінде биік мінбелерде тұрып, мақтанышпен айтудан танбады.

Әміршілдік-әкімшілдік жүйе жағдайында республика басшы кадрларының басым бөлігі өзімбілермендік жалған түсініктің жетегінде жүрді. Шынайы демократиялық процестерді іс жүзіне асыру нақты қолға алынбады.

Принципті проблемалардың бірі түрлі буындар арасындағы үйлесімділік, құқықтар мен міндеттердің сәйкестігі мәселелері болып табылады. Практика көрсеткендей, жауапкершілігі аз үлкен құқық әміршілдік өктемдіктің, субъективизмнің қанат жаюына жағдай туғызады. Құқығы аз адамға үлкен жауапкершілік жүктеу де опа бермейді. Бұл проблемалар партияның назарында болып келсе де теориялық айқындыққа қол жетпеді, ал істің практикалық шешімі партаппараттың сайланбалы органдарын ұдайы ауыстырып отыруы жолымен жүргізілді. Партия комитеттерінің міндеттері олардың мүмкіндіктері есепке алынбай белгіленетін болды. Партия құрылымдары ең бастысы басшы партия органдары мен олардың аппараттарын сандық жағынан өсірумен дамып отырды. Централизмді күшейтуге бағыт ұсталды: партаппарат негізінен облыстық, республикалық комитеттерде штаттағы қызметкерлердің санын өсіру есебінен өсіп отырды. Бір ғана мысал: Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде 1966-1980 жылдар аралығында 168-ден 250 адамға өсті (8).

Қазақ публицистикасы соцалистік догматизм шылауында қоғам дамуының күнгейін жеріне жеткізе жырлап келді, көлеңкелі жағына назар аударылмады. Ұлттық қайғы-қасіретке айналған жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ашаршылық, сталиндік респрессияға ұшыраған ұлт зиялыларының талайлы тағдыры, Ұлы Отан соғысы мен оның ауыр зардаптары, тың трагедиясы, кең байтақ қазақ жерін жаппай жайлаған экологиялық трагедия... соры ашылмаған қазақ елінің империялық пиғылдағы Орталық – Мәскеудің тұрақты тәжірибе алаңына айналып келгенін айқын көрсетеді. Империялық идеологияның жетегінде болған республика мерзімді басылымдарының, ұлттық публицистиканың ең кедей адамдар тұратын бай елді қалыптастыруда қаншалықты рөл атқарып келгені терең ойларға жетелейді.

Айтуымыз керек, ұлт өмірі мен ұлтаралық қатынастар тақырыптарына арналған материалдарға да жоғарыда айтылған кемшіліктер тән болды. «Кемелденген социализм» аталған кезеңде баспасөз совет халқын жаңа тарихи қоғамдастық ретінде масаттана айтатын болса, ал партия басшыларының баяндамалары мен сөздерінде ұлттардың жақындасуы ғана емес, сонымен қатар қосылуы жөнінде де ойлар айтылумен болды. Газеттер бұл тақырыпқа арнаулы беттер, бөлімдер, тіпті тұтас нөмірін арнады, социалистік ұлттардың жетістіктерімен өрнектелген цифрлар, фактілер, т.б. беріліп жатты (9). Бұл материалдарда қазақ халқы кеңес халқының ажырамас бөлігі ретінде бейнеленді.

Сондай-ақ оларда қазақ халқының ұдайы даму үстіндегі мәдениеті, оның құрамдас бөлігі іспетті білім, өнер, әдебиет жаңа социалистік сипат алуда, ал ұлттық бейнесі мазмұны жөнінен социалистік қалыпқа ие болуда, бұл процесс КСРО халықтарына ортақ, демек, интернационалдық баршаға ортақ, т.б. дегендей ойлар тереңнен қазбаланып жатты. Сондықтан кеңестік Қазақстан баспасөзінде, өзге де республикалардың басылымдарында кеңестік өмір салты туралы, кеңес халқы туралы, жаңа әлеуметтік қоғамдастық туралы, т.б. кең көлемде жазылумен болды (10).

Сондықтан сол жылдары Қазақстан баспасөзінде қазақ этносын идентификацияландыру, оның ұлттық дамуының перспективалары туралы әңгіме ету мүмкін емес еді. Мұны бұрын өзіміз өткен тарауда әңгіме арқауы еткен «жылымық» кезеңіндегі «жақындасу арқылы гүлдену мен гүлдену арқылы жақындасу!»тақырыбынан да айқын көруге болады. Қалай болғанда да осы жағдай өте жиі ауызға алынып, материалдарға арқау болды, себебі осы жылдары партияның идеологиялық аппараты жаңа әлеуметтік және тарихи қауымдастық – совет халқы туралы идеяны жан-жақты негіздеген болатын (11).

«Этникааралық шоғырлану – біздің еліміз халықтарының барған сайын арта түскен тұтастығының, - деп жазды академик Ю.Бромлей партияның басты теориялық журналы «Коммунистке», - біздің қоғамымыздың, кезінде Ленин айтқандай, демократиялық жолмен, ұлттардың қосылуымен алға қарай жылжуының маңызды қауымдастығы» (12). Бұдан сәл бұрын бұл ой СОКП ОК Бас хатшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы Ю.В.Андроповтың КСРО құрылғанына 60 жылдығына арналған баяндамасында айтылған болатын. Осы орайда ол былай деп қадап тұрып айтқан еді: «Біздің ақтық мақсатымыз айқын. Бұл, В.И.Лениннің сөзімен айтқанда – ұлттардың жақындасуы ғана емес, сонымен қатар олардың қосылуы» (13).

Міне, осы ойлар барлық кеңес баспасөзінің басты ұстанымы болды. Бұл теориялық негіздің әртүрлі аспектілері «Правда» газетінің бас мақалаларында дамытылып отырды. Бұл шеңберден ұлттық республикалардың, оның ішінде Қазақстан баспасөздері секілді осы жаңа адамдардың тарихи жаңа қауымдастығы көзқарасына сәйкес Кеңес Одағы аймағында тұратын этностарды идентификацияауды бастады. Бұл этностың прогрессивті дамуына кедергі келтіретін ескіліктерден арылып, шынайы халықтық, ұлттық болып табылатын айқындықтың өлшеуіші болып есептелді.

Сондықтан 1970-жылдары да қазақ халқының ғасырлар бойғы салт-дәстүрлері саналып келген наурыз мейрамы, ұлттық үйлену тойы, жерлеу рәсімі және тағы басқалармен қарсы күрес жалғасын тауып келді. Баспасөзде бұлар жөнінде айтылмай қалған жоқ, дегенмен де олардың қай-қайсысын болмасын жаңа коммунистік мазмұнмен байыту қажет екендігі жөніндегі ойлар астарлап болса да жеткізіліп жатты. Осы мақсатпен партия және комсомол комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдерінің жанынан жұмысшы топтары құрылып, бұлар әртүрлі бұқаралық ұлттық іс-шаралардың сценарийлерін жасады. Сол сияқты жастарға төлқұжат тапсыру, сайлауда тұңғыш рет дауыс беру және т.б. оқиғаларды баспасөз тек азаматтық көрінісі ретінде ғана емес, сонымен қатар кеңестік өмір салтымен байланыстыра отырып, ой елегінен өткізуі тиіс болды.

Жаңа тарихи қауымдастық – кеңес халқы жөніндегі материалдар тасқыны елдің ішкі саясатындағы міндеттермен ғана байланысты болған жоқ. Дегенмен де тоқырау кезеңінде бұл үшін формальды жайттар аз болмайтын. Айталық, мысалы, Қазан социалистік төңкерісінің 50 жылдығын, В.И.Лениннің туғанының 100 жылдығын, республика мен оның коммунистік партиясының жарты ғасырлық юбилейін, КСРО-ның құрылуының 50 және 60 жылдығын, Тың және тыңайған жерлерді игерудің 20 жылдығын атап өту кезінде баспасөз лениндік ұлт саясаты салтанаты жетістіктерін, Кеңес Одағы

халықтарының мызғымас достығын шаттана отырып, үлкен белсенділікпен жазды.

Баспасөз осы мәселелерді көрсету кезінде материалдарды берудің жаңа әдіс-тәсілдерін іздеп табуға тырысып отырды. Мысалы, Қазақстанда ұлтаралық қатынастар мен интернационализмнің нақты көрініс формаларына арналған газеттердің біріккен нөмірлерін беріп отыру тәжірибеге енгізілді. «Социалистік Қазақстан» газеті «Лениндік экономикалық оқулар», «Насихатшыларға, үгітшілерге және саяси хабаршыларға көмек», т.б. айдарларын тұрақты түрде жүргізіп отырды, мұнда негізінен ғалымдардың, партия-кеңес қызметкерлерінің, т.б. көлемді материалдары жарияланып жатты. Бұларда, мысалы, айтар болсақ, қазіргі кезеңде республикалар мүдделері барған сайын тығыз топтасуда, халықтардың өзара көмегі жемісті болуда, әрбір ұлттың жан-жақты дамуы оларды барған сайын жақындастыра түсуде дегендей ойлар ашып көрсетілді.

Жаңа тарихи қауымдастықтың пайда болуы мен дамуы жөніндегі идеяларды насихаттауды барынша күшейте түсу сыртқы факторларға да байланысты болды. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі (Хельсинки, 1975 ж.) Кеңестің Қорытынды актісіне қол қойылғаннан кейін Кеңес Одағы мәдениетті дамыту, оның ішінде елдердің келісім-шарт арасындағы ақпарат алмасу бойынша өз міндеттемелерін орындай бастады. Бұл кеңестіктердің өздерінің халықаралық журналистері арқылы ғана емес, өзге де бастау көздер арқылы шетелдерден көбірек ақпарат ала бастағанын білдіреді. Оның үстіне КСРО-ға әлемдік «Голос Америки», «Свобода», «Би-би-си», «Дойче Велле» және т.б. радиостанциялардың таратып отыратын хабарларының көлемі ұлғая түсті. Оның үстіне олар өз хабарларын тек орыс тілінде ғана емес, сонымен бірге елдің өзге де халықтарының тілдерінде тарата бастады.

Әрине, олар өз елдері туралы ғана айтып қойған жоқ, сондай-ақ КСРО-ның ішкі саясатына да баға беріп отырды, елдің ішіндегі оқиғаларға да көңіл аударды. Идеялық оппоненттер ретінде олар шиеленісті жайлар табуға тырысты. Осы орайда олардың адамдардың жаңа әлеуметтік және тарихи қауымдастығы – кеңес халқы туралы хабарларында сын көп болды. Бұл тұрғыдағы кеңестік ұстаным Батыста түсінбеушілік туғызып отырды. Сондықтан да кеңестік насихат машинасы әңгіме жаңа әлеуметтік-этникалық қауымдастық – кеңестік ұлттың құрылғанында болып отырған жоқ дегендей материалдар беріп отыруға мәжбүр болды. Дегенмен де, жоғарыда айтылғандай, Ю.В.Андропов пен академик Ю.Бромлейдің сөздерінен алынған үзінділерге сүйенер болсақ, алдағы таяу уақытта бұл жүзеге асуы тиіс болатын.

Кеңестік идеологтар советологтардың сынына орай жауап ретінде «совет халқы» түсінігіне ұдайы түсінік беріп отыруға тиіс болды. Мысалы, «Правда» газеті бас редакторының орынбасары И.Д.Лаптев ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «Тарихта адамдар қауымдастығының түрлі формалары белгілі – ру мен тайпа, халықтық пен ұлт. Кеңес халқы – пайда болу шарты бойынша да, адамдар қауымдастығының табиғаты бойынша да бөлек сапада. Бұл кейбір Батыс «теоретиктері» айтып жүргендей, «бірнеше ондаған ұлттарды совет-орыс типті біртұтас ұлтқа» күштеп біріктірген қырық құрау ұлттар мен халықтар емес» (14).

«Известия» газетінің бас редакторы П.Ф.Алексеев өз әріптесінің ойын дамыта келе былай тұжырымдады: «Біз кірісіп отырған коммунистік қоғам құрылысы, ұлттық... мәселеге ешқандай да салқынын тигізбей бірінші кезекке интернационалдық бастауды шығарып отыр. Тек біздің жауларымыз – антикоммунистер, антисоветшілер халықтар өмірінің ұлттық сипаты жаңа тарихи қауымдастық – совет халқын құру социализмге қарама-қайшы келеді деп сендіруге тырысады». Автор бұдан әрі ойын былайша жалғастырады: «Біздің Одақтың халықтар өмірі, біздің басылым тұрақты түрде жариялап отырған материалдар да олардың ой-пікірлерін теріске шығарады» (15).

Бұл сөз, оның астарына үңіліп қарар болсақ, баспасөз басшылыққа алып отыруы тиіс ұстанымды айқын көрсетеді. Біріншіден – бұл социалистік ұлтқа айналуы тиіс ұлттық жаңа қауымдастық құруға қайшы келмейді. Екіншіден – баспасөз халықтар өмірінен идеялық қарсыластардың «ойын» теріске шығаратын «фактілер» іздеп табуы тиіс.

Осыған байланысты еліміздің, Қазақстанның да баспасөзі халықтар достығын дәріптеп, кеңестік қиял-ғажайыптарды жасауға құлшына кірісті. Айталық, ұлттық даму туралы материал тек интернационалдық астарда болуы тиіс дегендей... (16). Кеңес халықтарының достығын, ынтымақтастығы мен өзара көмегін теріске шығаруға болмас еді, дегенмен ешқандай да ұлт толық сіңісіп кету жөніндегі ұстанымды қолдаған емес. Міне, бұл баспасөз алдына күрделі проблемалар туғызып отырды...

Қазақстан баспасөзі егер буржуазиялық идеология индивидуализмді ұстанса, социалистік дүниетаным коммунистік қоғам құрылысының гуманистік бастауларын негізге ала отырып шындықты, іскерлік гуманизмді насихаттайды деген ой-пікірге ден қойып отырды. Бұл бастаулардың социалистік құрылыстың берік іргетасы және Кеңес Одағын мекендейтін ұлттар мен халықтардың, жекелеген адамдардың өзара қарым-қатынастарын айқындап отыратындығы алға тартылумен болды. «КСРО-да достық пен туысқандық, социалистік интернационализм мен кеңестік патриотизм өмір

заңына айналды, бұл лениндік ұлт саясатының жүзеге асуының нақты нәтижеге айналғанын айқын дәлелдейді», - деп жазады тарих ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Абишев «Казахстанская правда» газетінде жарық көрген «Халықтар достығының лабораториясы» атты мақаласында (17). Ол бұл тезисті тың игеру мысалында келтіреді. Бұдан әрі автор Кеңес Одағы халықтарының ерлік күш-жігері арқылы ондаған миллион гектар жаңа егістік алқаптардың шаруашылық айналымға келгенін, осының арқасында Қазақстанның дамыған экономикалық және жоғары мәдениетті елге айналып, тың өлкесінде түрлі ұлт өкілдерінің ұлы мақсат жолында мызғымас достықтың жарқын үлгісін көрсетіп жатқанын айтады. «Біздің халқымыздың интернационалдық сипаты, - дейді автор, - тың совхоздарының атауларынан-ақ көрініп тұр: «Московский», «Ленинградский», «Киевский», «Минский», «Воронежский», «Краснопресненский», «Ярославский», «Харьковский»...

Әрине, автордың бұл сөздері сол кездің шындығын көз алдыңа келтіреді және партия мен мемлкет саясатына және ресми нұсқауларға сай келеді. Алайда қазақ этносы арасында бұл процестер әртүрлі қабылданды, әлі де осылай болып отыр. Біз жоғарыда тың трагедиясына арнайы тоқталғандықтан, бұл жерде тағы да қайталап жатудың реті жоқ.

Осы жерде мына жайларға да тоқтала кетудің артықтығы болмас: рас Ресей қалаларында, оның ішінде Мәскеуде де, КСРО-ның өзге де республикаларында қазақ қаларының, ұлттық батырларының, ұлы тұлғаларының, ақын-жазушыларының аттары көшелерге, кинотеатрларға, т.б. берілді. Және бұл кеңестік өмір шындығы, халықтар достығының көрінісі болды, мұны жергілікті жерлерде дұрыс қабылдады. Алайда, бұл Қазақстанда бұқаралық сипат алып кетті де, қазақтар арасында елеулі алаңдаушылық туғызды, мұның түбі жергілікті халықтың ассимиляцияға ұшырауына қауіп төндіруі мүмкін деген әңгіме басталды. Иә, сол тұста қазақтар саны республика тұрғындарының жартысынан да кеміп кетті. Кейбіреулер бұл процесті былай түсіндірді: Қазақстан, шын мәнінде, жаңа социалистік ұлт құраудың моделін сынақтан өткізудің лабораториясына айналды. Иә, сол тұста одақтық партия-кеңес баспасөзінің өзінде Қазақстанның халықтар достығының лабораториясы екендігі ұдайы еске алынумен болды.

Сондықтан да баспасөзде насихаттық міндет атқарған теориялық мақалаларға үлкен орын берілді. Солардың ішінен мысалға философия ғылымының кандидаты Ә.Қалмырзаевтың «Казахстанская правда» газетінде жарияланған «Интернационалистік сананы қалыптастыру – қоғамдық прогресс қажеттілігі» тақырыбымен берілген мақаласын алайық (18). Мақала газеттің ішкі подвалын тұтас алып жатыр. Оның мазмұны бағдарламалық сипатқа ие. Тақырыптың өзі оқырманды партия нұсқауын қабылдауға үндеп

тұрғандай: қоғамдық прогресс интернационалистік санамен ғана қамтамасыз етілуі мүмкін, бұл шарт емес, қажеттілік.

Автор интернационалистік сананың қалыптасуы экономикалық, саяси және кеңес қоғамының рухани дамуы жөніндегі біртұтас кешенді шараларға байланысты екенін алға тартады. А.Қалмырзаев өмір салтындағы тарихи, этникалық, экономикалық, географиялық және рухани ерекшеліктердің ұлттық санаға әсерін айта отырып, бұлар тек қоғамның рухани өмірін толықтырады, оны ұлттық сана-сезімге немесе ұлттық психологияға телімеу керек деген қорытындыға келеді.

Мақала авторының пікірінше, «ұлттық сана-сезім тарихи құбылыс бола тұрып, мәңгілік немесе өзгермейтін категория бола алмайды» екен. Автормен ұлттық сана-сезімнің өзгермейтін категория емес дегенімен келісуге болады. Әрине, ол тиісінше өзгеріп отыруы мүмкін. Егер оның «мәңгілік емес» тарихи құбылыс деген пікіріне қосылар болсақ, онда уақыты келгенде оның жоғалып кететіндігі жөнінде логикалық қорытындыға келуге мәжбүр боламыз. Бұдан келіп туындайтын мәселе сонда, егер ұлттық сана не сана-сезім жоқ болса, онда ұлттың да жоғалып кеткені. Ұлттық сана-сезім – адамның әлеуметтік мазмұнының басымдылығы, онсыз «ұлттық бірегейлік» түсінігі өзінің мәнін жоғалтады.

Біз мысалға келтірген жоғарыдағы мақала сол тұстағы, тоқырау кезеңіндегі теориялық материалдардың үлгісі болып табылады. Олар қай тілде жазылып, орталық, республикалық, облыстық газеттерде жарияланса да бір-бірімен екі тамшыдай ұқсас келетіні аңғарылады. Бұл қоғамдық ойдағы ұлт мәселесінің догмаға айналғанын айқын дәлелдейді.

Ел басшыларының баяндамаларында, сөйлеген сөздерінде, саясат пен ұлт мәселелері жөніндегі газеттер материалдарында кез келген ұлттың дамуы коммунистік теорияға сәйкес жүруде деп сендірілді, ал тоқырау кезеңіндегі кеңестік шынайы шындығы мұның талай-талай кері мысалдарын нақты көрсетіп берді. Объективті түрдегі ұлттық психология өз арнасымен дами отырып, өмір мазмұнын өз заңымен айқындауын бір сәт те тоқтатқан жоқ. Баспасөзде қазақ ұлты, КСРО-дағы өзге ұлттар секілді, дербес этникалық құрылым емес, адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы – кеңес халқының құрамдас бөлігі ретінде идентификацияланумен болды!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Брагин А. И все-таки он победил, потому что был интернационалистом в большом и малом // Казахстанская правда. 1987. 19 июля.

2. Горизонты публицистики: опыт и проблемы. – М., 1981. – С. 225.

3. КПСС XXI съезінің материалдары. – Алматы, 1981.

4. // Егеменді Қазақстан. 1991. 5 қазан.

5. // Социалистік Қазақстан. 1990. 17, 22 мамыр.

6. Республика халық депутаттары Кеңестерінің демократияландыру мен жариялылық жағдайында мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі міндеттері туралы. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н.Ә.Назарбаевтың 1989 жылғы 27 шілдеде он бірінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он үшінші сессиясында жасаған баяндамасы // Социалистік Қазақстан. 1989. 28 шілде; Республика партия комитеттерінің қайта құруды тереңдету жағдайындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмысы туралы. Н.Ә.Назарбаевтың 1989 жылғы 18-19 тамызда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде болған кеңесте жасаған баяндамасы // Социалистік Қазақстан. 1989. 20 тамыз.

7. Смаилов К. Қазыналы Қазақстан қаржыға қарыз. Бұл жағдай республиканы өзін-өзі басқару мен қаржыландыруға көшіргенде реттеледі. Терезе тең болсын десек... // Қазақ әдебиеті. 1990. 26 қаңтар.

8. Козлов Г. Застой // Казахстанская правда. 1989. 3 февраля.

9. Ордабаев П. Коммунистік қоғам мүшесі – жан-жақты жетілген адам. Публицистика // Жұлдыз. 1962. №9; Алыптар достығы. Арнаулы номер. Донбасс пен Қарағанды шахтерларының достығы // Социалистік Қазақстан. 1972. 20 қараша; Қазақстан – Ұлы Одақтың бір жұрты. Арнаулы номер // Социалистік Қазақстан. 1971. 20 қараша; т.б.

10. Достықпен арайланған айқын жол. Арнаулы бет // Социалистік Қазақстан. 1974. 2 наурыз; Тілекметов П. Достық құймасы // Социалистік Қазақстан. 1972. 19 наурыз; Шакенов Н. Ғасырдың ұлы құрылысы // Жұлдыз. 1977. №11; т.б.

11. Идеологиялық жұмыс жаңа міндеттер биігінде // Социалистік Қазақстан. 1979. 29 шілде.

12. // Коммунист. 1983. №5. – С. 64.

13. // Коммунист. 1983. №1. – С. 6.

14. Лаптев И.Д. Мы – советский народ. В кн.: Мы дружбой ленинской сильны. – М.: Политиздат, 1982. – С. 17.

15. Алексеев П.Ф. Интернационализм в действий. В кн.: Мы дружбой ленинской сильны. – М.: Политиздат, 1982. – С. 15.

16. Луч дружбы (Сб. очерков). – Алматы: Казахстан, 1974; Тың планетасы (очерктер, док. әңгімелер). – Алматы: Жалын, 1984; Букетов Е. Алыптың адымы. Публицистика // Жұлдыз., 1977. №11; Жұмабаев Ә. Социалистік мәдениеттің гүлденуі // Социалистік Қазақстан. 1966. 6 қаңтар; т.б.

17. Абишев Г. Лаборатория дружбы народов // Казахстанская правда. 1980. 5 августа.

18. Калмырзаев А. Формирование интернационалисткого сознания – необходимость общественного прогресса // Казахстанская правда. 1982. 11 июля.

III ТАРАУ.

ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНДЕ

1980-жылдардың ортасына қарай КСРО-да түрлі объективтік және субъективті факторлардың күшімен шешімін таппай қордаланып қалған проблемалар экономиканың даму қарқынының жоғалуы секілді келеңсіз құбылысқа әкеліп соқты. Әлеуметтік коррозия мен жүйенің деформациясы елдің дағдарыс жағдайы алдында тұрғанынан хабардар етті. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы ұзаққа созылған тоқырау тауарлар мен бірінші кезекте қажетті азық-түлік тапшылығының барған сайын өсе түсуін туындатты.

1985 жылы наурызда М.С.Горбачевтің билік басына келуі елді модернизациялау жөніндегі міндеттерді жүзеге асырудың басы болды. СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумы барлық салаларды түбірімен қайта құру жолымен кеңес қоғамын жаңғырту бағыттарын белгіледі. Ел басшылығы жүргізген талдау жұмыстары кеңес мемлекетінің қоғамдық-саяси өміріндегі экономикалық, әлеуметтік және рухани проблемаларды шешуде түбірлі жаңа амалдар қажеттігі жөніндегі ойларға жетеледі.

Бұл мәселелер жөнінде «Правда» газеті өз басмақаласында он екінші бесжылдықтың өн бойында және 2000 жылға қарай «осы жылдарға дейін жинақталған көлемде тең өндірістік потенциал жасау қажет, ал ұлттық табыс екі есеге жуық өсуі тиіс» деп жазды (1).

Тоқырау процестерінің одан әрі өсе түсуінің қаншалықты зардаптары болатынын жақсы түсінген идеология қызметкерлерінің отряды, журналистер, халықтың едәуір бөлігі қоғамдық өмірді қайта құруға бағытталған шақыруларды қызу қолдады. Сонымен бірге тоқырау кезеңінің көрінісі ретінде талқылауға ұшыраған келеңсіз процестер осы идеологиялық қызметкерлер отряды жауынгерлерінің бойына бұдан көп ілгері, қоғам дамуының сонау жеке басқа табынудың алғашқы қадамдарынан бастап, бюрократизм, волюнтаризм, субъективизм кең жайылған кезеңдер аралығында сіңіп кеткен болатын.

Қайта құрудың алғашқы кезеңінде дімкәс қоғамның кеселдері нақты айқындалып, оны таратушыларды анықтауға әрекет жасалды. Сол тұста айқындалғандай, бұқара санасын коммунистік идеологиямен улап келгендердің алғы шебінде журналистер де жүрген болып шықты. Кейіннен қоғам дамуына кедергі келтіріп отырған осы кеселді құбылыстарды ой

елегінен өткізіп, таразылау арқылы «жаңаша ойлау» деген тіркес пайда болды. Қайта құрудың бастапқы кезеңінде саяси-әлеуметтік ортадағы алғашқы өзгерістер ескі тәсілдермен жүргізілді: газет беттерінде тағы да сол жаттанды догматизмге негізделген ұрандар мен шақырулар атойлады. Мысалы, сондай жаттанды әдістің бірі ретінде идеологиялық практикада баяғы 20-жылдары-ақ берік орын алған «ішкі жау» жөніндегі ұғым-түсініктің қайтадан бас көтергенін алуға болады. Осылайша, «қайта құру қарсыластары» аталған топтар бас көтеріп, бітіспес идеологиялық майдан басталды. Газет-журналдар беттері бір-бірімен кереғар идеялар сайысы алаңына айналды. Жетпіс жылға жуық уақыт бойы өңін әртүрлі формада өзгертіп, дамып келген кеңестік жүйенің бір-бірімен сабақтасып жатқан сталиндік, хрущевтік, брежневтік догматизмдері жан тәсілім алдындағы соңғы тыныстарын алып жатты. Осы тұста идеялар қақтығысы күшіне міне бастады да, олардың арасында бітіспес күрес жүріп жатты.

Республикалық ұлттық газеттердің тігінділерін ақтарып отырсаңыз, олардың бағыт-бағдарының түбірлі өзгерістерге ұшырағанын аңғару қиын емес. Материалдарда тоқырау жылдарындағы керенаулық, бірсарындылық жоқ, өзекті мәселелер кесек-кесегімен көрініс тапты. Қалай дегенмен де журналист сөзі бұрынғы қай кездегіден асқақ естілді, баспасөз беттері талас-тартыстың алаңына айналды. Осы ретте кейбір жанрлар мазмұнының өзгерістерге ұшырағанын да айта кеткен жөн. Айталық, республикалық ұлттық газеттер енді схематизм, формализмге тән бас мақалаларды бермейтін болды. Нақты проблемалық немесе сын мақала қазақ публицистикасының негізгі формасына айналды, ол қордаланып қалған келеңсіздіктермен қарсы күресте баспасөздің маңызды функциясын атқарды. Консерватизм, бюрократизм негізгі сын объектісіне айналды. Жариялылық, қоғамдағы терең өзгерістер мерзімді басылымдар беттеріндегі ескі шаңды тазарта бастады. Азаматтық үн аңғарылатын хаттар тасқыны оқырмандар белсенділігінің айқын куәсі болды. Газеттер беттеріндегі жаңа айдарлармен жарық көріп жатқан сын материалдар демократия мен жариялылықтың өріс алып келе жатқанын дәлелдеді. (Мысалы, қараңыз: «Социалистік Қазақстан» газетінде 1986, 1987, 1988, 1989 жылдарда «Партия тұрмысы: қайта құру қадамдары», «Ашық әңгіме: қайта құру қалай жүруде?», «Қайта құру – уақыт талабы», «Партия тұрмысы: қайта құру барысы», «Партия тұрмысы: адам факторы», «Қоғамдық пікір» атты айдарлармен берілген материалдар легі – С.С.).

Уақыт өте келе М.С.Горбачев сөздерінің бірінде қайта құрудың бастапқы кезінде ел басшылығының экономикада, саясатта, әлеуметтік салада, ұлт мәселесінде қаншалықты қиындықтардың бар екенін, олардың түбінде қандай зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін екенін жете түсінбей-ақ

қойғанын айтты. Дегенмен де ол XIX партия конференциясында жасаған баяндамасында ұлт саясатына қатысты тоқтала келе, бұл бағытта проблеманың жоқтығына кәміл сенетінін жария етті (2). Демек, тәжірибелі партиялық функционер ретінде оның санасында жылдар бойы айтылып келген «елде ұлттық мәселе түбірімен толық шешілген, бұл социалистік қоғамдық құрылыстың ұлы жеңістерінің бірі» дегендей қорытынды ойлар мызғымастай орын тепкен (3).

Алып елде ұлтаралық қатынастардың шиеленісіп тұрғаны байқалғанмен, бұл салада ұзақ жылдар бойы шынайы шындық проблемаларды әсіре қызыл сөздермен бүркемелеп отыру белең алған болатын. Терең ойластырылған іс-қимыл орнына бұрқ-сарқ қайнаған қоғамдық өмірдегі тыныс-тіршілік, ұлттық бұлқыныстар схематизмге негізделген фразалармен ауыздықталып келді.

КСРО-да ұлтаралық қатынастар саласы мен ұлттық саясатта орын алып отырған жағдайдың мәз емес екендігі тұрғысындағы қоңыраулар үні қайта құрудың алғашқы жылдарында-ақ естіле бастады. Егер 1985 жылғы Якутиядағы студенттер толқуларына байланысты оқиғалар баспасөзде ескерусіз қалса, ал 1986 жылғы 16-18 желтоқсандағы Алматыдағы оқиға кең түрде жария етілді. Егер якутиялық оқиға әлеуметтік проблемаларға ғана байланысты болса, Алматыдағы тек оқиға ғана емес, ұлттық сипат алған көтеріліске ұласты.

Орталықтың ұлттық өзіндік ерекшеліктерге селкеу көзқарасы, ұлттық дамудың көптеген проблемаларының шешімін таппауы ұлттық санаға салқынын тигізіп, халықтың болашағына алаңдаушылық сезімін туғызумен болды. Бұл қордаланған қарама-қайшылықтардың ушыға түсуіне әкеліп, қауіпті жарылыстық сипат алды. Орталық тұтас халықтың ой-пікірімен санаспай-ақ Қазақстан басшылығына бұрын есітіп-білмеген мүлдем бейтаныс Н.В.Колбинді алып келгенде сол жарылыс болды да. Мұндай жағдайда, жергілікті халықтың ар-намысын аяқ асты еткенде эмоцияның буырқанған күшінің қаншалықты тегеурінді болатынын тәкаппар да момын қазақ халқы сол күндері айқын дәлелдеді.

Бұл оқиға-көтеріліс жөнінде шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары жаппай жазып жатты. Қазақстандық зерттеуші Н.Кенжеғұлова шетелдік баспасөздің Алматыдағы оқиғалар туралы жеделдікпен жазғанын айтады. Бастапқыда реакцияның тез болғаны соншалықты, фактілер ешқандай түсіндірмесіз-ақ жарияланып жатты. Бұл суыт хабарды әлемдегі барлық ірі ақпарат агенттіктері мен көптеген баспасөз және аудиовизуалды бұқаралық ақпарат құралдары жарыса берумен болды (4).

Бұл кеңес баспасөзін оқиғаға байыппен қарауға мәжбүрледі. Алматы оқиға-көтерілісі қазақ халқының ұлттық сана-сезім дәрежесінің қаншалықты

көтерілгенін, өзін дербес те нағыз ұлт ретінде идентификацияландырғанын, кеңестік Конституция шеңберінде болса да тұтас халық ретінде республика басшылығына жергілікті кадрдың кандидатурасын ұсынуға құқылы екенін жете түсінгендіктерін көрсетіп берді.

Жасанды саясат жүргізу арқылы халықтардың сана-сезімін улап, көздеген мақсаттарына жетіп келген империялық өктем күштерді Кеңес Одағын ғана емес, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қатты сескендіріп, тіксіндірді. Бұл тек жастар ғана емес, тұтас қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің орталықтың жылдар бойы қалыптасып келген әділетсіздігіне, империялық өктемдікке негізделген орыс шовинизміне қарсы бағытталған бұлқынысы еді. Ұлттық ар-намыстың оянуы, кемерінен асып, шиыршық атуы заңды құбылыс болатын. Халқымыздың тарихында өшпес із қалдырған Желтоқсанның қасірет-қайғысы жөнінде аз жазылған жоқ, сол қанды оқиғалардың әлі де талай-талай томдарға жүк болары да ақиқат. Мұны тарихшылардың үлесіне қалдырайық. Осылай десек, біз үшін қазақ халқының тарихында үлкен орын алатын Желтоқсан ақиқаты турасында орталық басылымдар тегершігінің қалай айналғаны жөнінде шама-шарқымызша талдау жасау арқылы империялық өктемдіктің кезекті құйтырқы әрекеттерін паш ету маңызды болмақ.

Желтоқсан оқиғасы былай басталды. Орталық және республикалық газеттердің 1986 жылғы 17 желтоқсан күнгі нөмірінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің кезекті Пленумы туралы хабар беріліп, онда «16 желтоқсанда Қазақстан КП Орталық Комитетінің ұйымдық мәселе қарастырған V пленумы болып өтті. Пленум Д.А.Қонаевты зейнеткерлікке кетуіне байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатты. Оның орнына СОКП Орталық Комитетінің мүшесі, Ульяновск обкомының бірінші хатшысы Г.В.Колбин сайланды» деп көрсетілген (5). Бұл хабар республика жұртшылығын дүр сілкіндіріп, наразылық толқынын туғызды. Ол Алматыдағы алаңда басталды.

Ал, 1986 жылғы 19 желтоқсанда Кеңестер Одағы телеграф агенттігінің таратуымен барлық газеттерде Алматыдағы оқиға туралы «Сообщение из Алма-Аты» деген тақырыппен төмендегідей хабар жарияланды: «Алматы. 18 желтоқсан. Кеше кешке және бүгін күндіз Алматы қаласында ұлттық шиеленіс туғызатын элементтері бар жастар тобы көшелерге шығып, Қазақстан Колмпартиясының Орталық Комитетінде болып өткен V пленумның шешімдерімен келіспейтіндіктерін айтты. Олар құқық қорғау өкілдеріне қарсылық көрсетіп, бұзақылық, антиқоғамдық, паразиттік әрекеттер жасады. Және дүкендер мен жеке автомобильдерді өртеді. Алайда, барлық кәсіпорындар, қалалық транспорт, оқу орындары қалпында» (6).

Орталықтың нұсқауымен бұл суыт хабар тек орыс газеттерінде ғана емес, жергілікті қазақ газеттерінде жедел түрде жарық көрді. Елде демократиялық бұлқыныс ширығып, арнасынан тасып жатты. Орталық бұл бас көтеруге себешілерді ең алдымен жастар емес, ірі зиялы топтардың арасынан іздестіріп, соларды кінәлайтындай кейіп танытты.

Бұл оқиға-көтеріліс жөнінде СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Д.А.Қонаев өз мемуарында толық сипаттап жазды. Оның жазбалары желтоқсан толқуының шынайы шындықтарын толыққанды күйде алға тартатын болғандықтан біршама үзінді келтіре кетуді жөн көрдік (7).

Міне, алдарыңызда ұлы тұлға жазбалары:

«...1986 жылы желтоқсанның 11-күнгі Саяси Бюроның мәжілісінде зейнетті демалысқа шығуыма байланысты мені қызметтен босату туралы шешім қабылданды. Ал, желтоқсанның он алтысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды... Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына Г.Колбинді сайлады.

Желтоқсанның он жетісі күні сағат 11-ге қарай маған Қазақстан Компартиясы Орталық Комтетінің екінші хатшысы О.С.Мирошхин телефон соқты. Орталық Комитетке келуімді өтінді.

– Жайшылық па? Мен зейнетті демалыстамын ғой, - деп едім, ол:

– Алаңға бір топ жастар жиналды. Олар кеше өткен Орталық Комитеттің пленумының шешімін дұрыс-бұрыстығын білгісі келеді. Талабы сол. Жиналғандардың алдында сөйлеп, істің мән-жайын түсіндіріп берсеңіз дұрыс болар еді, - деп жауап берді.

– Жақсы, - деп және мынаны сұрадым. – Колбин келісе ме бұған?

Мирошхин телефон тұтқасын Колбинге берді. Ол Орталық Комитетке келіп, жастар алдында сөйлеуімді өтінді. Мен келісімімді бердім. Табан астынан жиналып, айтқан жерге бардым. Бірінші хатшының кабинетіне кірсем, Бюро мүшелері түгел жиналып, алаңға жиналғандарға не істеу керектігін ақылдасып отыр екен. Колбиннің кабинетінде бақандай екі сағат, тіпті одан асық уақыт тапжылмай отырдым. Басын аша кетейін, менің сөз сөйлеуім туралы әңгіме көтерілген жоқ. Сосын Колбин Мәскеумен байланысып, әдекіммен сөйлесе бастады. Әңгімесіне кедергі болмайық деп, Мирошхиннен басқамыз сыртқа шығып кеттік. Араға аз-кем уақыт салып, Колбин барлық бюро мүшелерін жинап, оларға қосып мені де шақырды. Кірген бойда ол маған:

– Сіз боссыз, демала беріңіз. Біз өзіміз-ақ тиісті шара қолданып, тәртіпке келтіреміз, - деді.

Мен шығар алдында Мирошхиннен:

– Не үшін шақыртты, неге сөйлетпедіңіздер? – деп сұрадым.

Ол былай деп жауап берді:

– Ақылдаса келіп, сізге алаңға шығып сөйлеуіңіздің қажеті бола қоймас деп шештік.

1987 жылы маусым айында Мәскеуде өткен КОКП Орталық Комитетінің пленумында маған алаңға шығып, сөз сөйлеуге рұқсат етпегенін Мирошхин тағы да растады.

Күндізгі сағат бірден аса Орталық Комитеттен оралдым. Дәл сол кезде Горбачев телефон шалып:

– Жастардың бұлай алаңға шығуын немен түсіндіруге болады? –деп сұрады.

– Қазір республика басшылары Орталық Комитетке жиналып, кеңесіп жатыр, - дедім. – Олар сізге баяндайтын болар.

– Бұны кімдер ұйымдастыруы мүмкін?

– Маған ұйымдастырушылар белгісіз.

– Жақсы, біз реттеп шара қолданамыз. Тәртіп орнатамыз.

Горбачевтің соңғы сөзі осы. Ал, белгілі ақын Мұхтар Шахановтың комиссиясының деректері бойынша 1986 жылы 17 желтоқсанда жастарды ұрып-соғу тәулік соңына қарай басталып, ол желтоқсанның 18-і күні де жалғасқан.

Әйтсе де арада біраз уақыт өткен соң Колбин сөз сөйлеген жерінде аузы-басы қисаймай мені алаңға жиналғандар алдында сөйлеуден үзілді-кесілді бас тартты деп, айыптаумен болды. Кейін анық көз жеткізгеніміздей, Алматыдағы желтоқсан оқиғасы ешкімнің арандатуынсыз болған және одан ұлтшылдық ауылы алыс жатыр еді. Мен имандай сенетін бір жай – жастар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына республикада жан баласына белгісіз және беделі шамалы біреудің сайлануына қарсы шықты, одан басқа зәредей бөтен ой болған жоқ оларда.

Менің естуімше, республиканың бірде-бір басшысы алаңға шыққан жастарға пленумның мән-жайын дұрыстап түсіндіріп бере алмаған. Оның орнына олар «мұздай қаруланған» милицияны, әскерді қарсы қойып, жиналғандарды аяусыз жазалаған. Қаншама студенттер мен жұмысшылар жазықсыз жапа шекті. Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің мәліметіне қарағанда, оқиғаға қатысқаны үшін немесе оларды қолдағаны үшін бірнеше мыңдаған студенттер оқу орындарынан шығарылған, көбісі оқуды тастап кеткен. Комсомолдар мен коммунистердің қалың тобына жазалау сипатындағы шаралар қолданылған.

Енді бәрі алақанға салғандай, жағдайды бақылап, тәртіпке келтіру міндеті жүктелген жауапты адамдардың шалағайлығынан халық осындай қасіретке душар болды.

Ешқандай қатысым болмағанына қарамастан «Алматы оқиғасын» басты ұйымдастырушылардың бірі деп мені нысанаға алды. Түп етектен шап беріп ұстаудың не бір айла-шарғысы жасалды. Алақанына түкіріп қойып «Әп, бәлем, қолға бір түсерсің» деп, емексігендердің бірі Колбиннің өзі. Оқиғаның өршіп, осыншалықты белең алуына ең басты себеп Қонаевтың алаңға барып, жастар алдында сөйлемеуінен дегенге иек артумен болды.

Жоғарыда айтқанымдай, 11 желтоқсанда Саяси Бюро менің зейнетті демалысқа кетуім туралы шешім қабылдады. Дәл осы күндері мен Алматыда едім. Соған қарамастан Колбин өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай ғып бөспесі бар ма. Оның айтуына қарағанда, мен Саяси Бюродан Қазақстанға қалайда Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына ұлты орыс адамды ұсынуды және оны тек республикадан тысқары жерден алып баруды сұраппын.

КОКП Орталық Комитетінің атышулы: «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы» қаулысын (8) бетке ұстап, ілік табар жерге түгел жармасты.

Менің Қазақстан Компартиясының да, КОКП-ның да Орталық Комитеттерінің құрамынан шығып қалуыма ең басты себеп – 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы. Осы оқиғаға байланысты КОКП Орталық Комитеті асығыс әрі шикі қаулы қабылдады. Қазақстанда естіген ел күлгендей – ешқандай ұлтшылдық болған жоқ және оған еш негіз де жоқ еді. Сондықтан, республика жұртшылығы, біз ғана емес, біздің халқымыздың табиғатын түсінген барша ел аталмыш қаулыны қолдамады. Неге десеңіз, Қазақстандағы жағдайды әділетсіз бағалағаны үшін ғана емес, сондай-ақ қазақ халқын қорлағаны үшін мойындамаған-ды. КОКП Орталық Комитетінің бұл қаулысы жұртшылықтың заңды талап етуімен, дәлірек айтқанда, елдің қысымымен 1990 жылы сәуір айында өз күшін жойды. Орталық Комитеттің идеология бөлімінің меңгерушісі басқарған КОКП Орталық Комитетінің комиссиясы атап көрсеткендей: «Қабылданған қаулыда жекелеген тұжырымдар мен саяси бағалар шын мәнінде қате және өткен оқиға қазақ ұлтшылдығы бола алмайды». КОКП Орталық Комитеті өзінің қателігін ресми түрде мойындап, тұтас бір халықтан әділетсіз айыптауын алып тастады. Ел бетіне шіркеу болған қаулы іс жүзінде орталық және республикалық газеттердің барлығында жарияланған еді, ал оны жоққа шығарған шешім туралы тек «Известия ЦК КПСС» журналында қысқа хабар берумен шектелді.

Желтоқсан оқиғасы өткеннен кейін үш жыл бойына мені және менің жақындарымды қуғындаумен болды. Ол үшін ар-ұяттан безген журналистсымақтар мен ғалымсымақтарды айдап салып, екі кісі бас қосқан жерде жамандап, сөз сөйледі, газет беттерінде құлаш-құлаш «сын» материалдар жариялады. Қолынан келген қонышынан басадының керін келтірді. Олар шімірікпестен тілдеуге дейін барды. Мені «таптап» өтіп, күллі республика тарихына қара күйе жақты. Шынтуайтына келгенде, республикада тамаша істер мен ерлікке толы жеңістер жетерлік еді...»

Уақыт өте келе орталық газеттердің республикадағы меншікті тілшілерінің желтоқсан көтерілісін жан-жақты беруге тырысқан, орталықтың өктемдігі айқын аңғарылып тұрған сыңаржақ материалдары беріле бастады. «Уақыты келгенде Алматыдағы оқиғаны ұйымдастырушылардың кім екенін білетін сәттің туатынына мен сенемін, шүбәсіз сенемін... Республикада тұратын қазақтар мен басқа да халықтардың арасына баспалап келіп, сенімсіздік ұрығын сепкісі келгендердің түрін де, аты-жөнін де білуге тиіс. Біздің балаларымызды кімдердің алдағанын білетін күн де келеді. Өтірікпен, өсекпен оларды студенттік жатақханалардан алып шығып, қолдарына дұшпандық, сауатсыз транспоранттар ұстатып, өздері бас сауғалап қалғандарды әлі білетін боламыз», - деп жазды «Литературная газетада» жарияланған мақалада. Материал авторы, газеттің Қазақстандағы меншікті тілшісі А.Самойленко «Көп жастар жазасын алды, комсомолдан шығарылды, правоға қарсы әрекеттері үшін оқу орындарынан қуылды, біразының бұзақылығы, жаппай тәртіпсіздік жасағаны үшін істері сотта қаралатын болды. Әрине, тәртіпсіздіктердің басшыларын, ұйымдастырушыларды іздестіруді табанды түрде жедел жүргізу керек», - деп орталықтың өктемдік пиғылын ашық білдірді (9). Ал, одан одақтық жастар газеті «Комсомольская правда» да қалысқан жоқ. Басылымдағы «Ащы сабақ» атты материалдың мына жолдары ерекше назар аудартады: «Біршама уақыт өтіп, ұлтшылдық пиғылдағы желтоқсан оқиғаларындағы іс-әрекеттердің себебі айқындала түскен шақта бұған не деп жауап беруге болады?.. Жастардың бір бөлігінің ұлтшылдық көзқарастары кеше ғана қалыптасқан жоқ. Олар баршаның көз алдында, уақытымен оталмаса қаулап өсетін арамшөп сияқты өскен болатын.

Республикада жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұратынына қарамастан қазақ астанасында, қаланың жоғары оқу орындары мен техникумдарында оқитындардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдері екендігіне назар аудармады. Жатақханада студенттердің ұлттық белгісіне қарай орналасуы ұсақ-түйек деп қарады» (10).

Осылайша, журналист бар мәселені сайып келгенде өріс алған ұлтшылдыққа әкеліп тірейді. Шындығында солай ма еді? Бұл сыңаржақ

ұшқары пікір болатын. «Өйткені сол тұста партияның сенімді идеологиялық қарауына айналған бұқаралық ақпарат құралдарында «ұлтшыл» жастардың оқу орындарында өз ана тілінде оқи алмайтыны, астана зауыттары мен фабрикаларында ең аз ақылы жұмысқа қолдары әрең жететінін, мүмкіндіктері толық жоқтығы, пәтер зардабын шеккендер тек қазақтар екендігін, қазақ тіліндегі мектептердің, балабақшалардың жыл санап жоғалып бара жатқандығын, ұлт тағдырына, тіл тағдырына қатысты көкейкесті, күрделі мәселелердің, проблемалардың шешімін таппай келе жатқандығы жөнінде, жергілікті ұлт өкілдерінің көп жерде кемсітушілікке ұшырап, өзінің азаматтық құқын тіпті қорғай да алмай қалатыны жайында бір ауыз сөз айтылған жоқ» (11).

Кеңестер Одағының бас басылымы «Правда» газеті Желтоқсан оқиғасына оралып соғып отырды. Демократиялық бұлқыныстың себеп-салдарына талдау жасалып жатты. Осылайша отқа май құюмен болды. Материалдарда тұтас ұлтты және ұлтшылдықты кінәлау, ешбір негізсіз қара күйе жағу пиғылы негізгі өзек болып, өріліп жатты. Кезінде газетте жарияланған «Мардамсудың салдары» деген мақала халықтың орынды ашу-ызасын туғызды (12). Автор ешбір ғылыми негізсіз қазақ ұлтшылдығын дәлелдеуге тырысып, өз ұлтына өз қолымен қара күйені баттастыра жақты.

Енді осыған аз-кем тоқтала кетейік.

Одақтық бас басылымның Қазақстандағы меншікті тілшісі Т.Есілбаев «Вечерняя Алма-Ата» газетінің Алматыда ашылған оқушыларға арналған тәрбие мекемесінен жариялаған репортажына түсініктеме бере келе газеттің «бұл жерде тәрбие мен оқу қазақ тілінде жүргізілетін болады, мұның өзі балалардың қалауы» деген сөздеріне назар аударады да «газет таза ұлттық мәселені насихаттап отыр» деген айып тағады (өктемдіктің шегі болмағандығының бір көрінісі осы еді. Әйтпесе, бір миллион халқы бар республика астанасы – Алматы қаласында мұның ұлттық екінші балалар бақшасы екенін еске салар болсақ, істің қаншалықты насырға шауып тұрғаны айқындала түседі. – С.С.)

Бұдан әрі мақала авторы Т.Есілбаев «Социалистік Қазақстан» газетінің бұл фактіні тарихи құбылыс ретінде бағалап отырғанын айтады. «Правданың» қазақ тілшісі «Лениншіл жас» газетінің Алматы мен тың облыстарындағы қалаларда қазақ тілінде оқытатын мектептер мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін көбірек ашу керек деген ұсынысын келтіре отырып, «республикада қазақ тілінде тәрбие беріп, оқытатын мектептер мен балалар бақшалары аз емес» дей келе «Адамдарды біртұтас социалистік Отанға шексіз берілгендік рухта тәрбиелеуден артық мәртебелі міндет болуы мүмкін емес» деген тұжырым жасайды.

Сонда қалай, автордың қазақ тілінде біртұтас Отанға берілгендік рухында тәрбиелеуге болмағаны ма?! Демек, тілшінің жазған сөздерінің астарына үңілер болсақ, маңызы жөнінен орыс тілі интернационалдық, ал қазақ тілі ұлтшылдыққа апарады екен!

Бертін келе орталықтың тағы бір басылымы – «Молодая гвардия» журналының тілшісі Ж.Г.Головоткин өз мақаласында желтоқсан оқиғасының әлеуметтік-саяси тамырларын өзінше «қазбалады» (13). Журнал тілшісі «Бұл орталық мемлекеттік органдар бақылауының әлсіздігінің нәтижесінде болған, содан келіп, біріншіден, белгілі бір ру не жүзге жататын қандық туысқандық принциптері бойынша бірлестіктер пайда болған; екіншіден, жергілікті ұлт өкілдері бірқатар артықшылықтарға ие болған; үшіншіден, жоғары оқу орындарында қазақ жастарының саны күрт өсіп кеткен» дей келе, «мұның бәрі ұлттар теңдігі принципінің жергілікті этностың пайдасына қарай бұзылуына (!!! – автор ескертпесі) әкеп соқты» деген пікір айтады.

Орталықтың тағы бір басты басылымдарының бірі – «Известия» газетінде жарияланған «Шырмауық» атты мақала негізінен республика оқу орындарының басшылықтарына тиісті, Желтоқсан оқиғасына тікелей соларды кінәлі етіп көрсетуге тырысып-ақ бақты (14). Материалда аттары аталған бірқатар қазақ зиялылары Желтоқсанның «құрбаны» болды.

Сол жылдары Желтоқсан оқиғасы орталық газет-журналдардың негізгі тақырыптарының біріне айналды. Оларда жарияланған материалдар ізінше-ақ қазақ тіліне аударылып, жергілікті басылымдарда жарық көріп жатты. Ал, жергілікті қазақ баспасөзінің Желтоқсан ақиқатын шынайы талдауға, тіпті бұл жөнінде нақты кесімді ой айтуға құқығы болмады. Тек «Қызыл империя» құлап, коммунистік партия аренадан кеткеннен соң ғана тәуелсіз еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары Желтоқсан оқиғасы жөніндегі шындықты бар дауыспен айту мүмкіндігіне ие болды. Бұған жету жолында, яғни бес жылға жуық уақыт ішінде ғана Желтоқсан ақиқатын айтуға бел байлаған талай-талай азаматтарымыз жазықсыз жапа шекті. Қалай десек те, Желтоқсан шындығы құнының тым қымбатқа түскені ақиқат. Дегенмен де халқымыздың Мұхтар Шаханов, Хасен Қожахметов сияқты ұлдары Желтоқсан шындығын іздеп шарқ ұрды, бастарын қауіп-қатерге байлады.

Үлкен өкінішке қарай, сол тұста «Литературная газетадағы» мақаласында белгілі қазақ жазушысы Ә.Әлімжанов та біржақтылық танытты (15). Ол насихаттық әдістің ауқымынан шыға алмай, бәрін де патриоттық және интернационалдық тәрбиедегі кемшіліктерге, экономика мен кадр саясатындағы, т.б. келеңсіздіктерге әкеліп тірейді.

«Правда» газеті бастаған орталықтағы газет-журналдарда жарияланған материалдар республика бұқаралық ақпарат құралдары үшін басты

ұстанымға айналды. Олар өзіндік пікір айтуға, айтыс-тартысқа бара қойған жоқ. Оның үстіне Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбин 1987 жылы 15 қаңтарда республика бұқаралық ақпарат құралдары мен насихат басшыларымен, орталық басылымдар журналистерімен кездесуінде қазақстандық баспасөз алдына қатаң міндет қойды. «Бұқаралық ақпарат құралдары мен насихат, - деді ол, - тәрбие жұмысын бұрынғыдан да күшейте түсіп, кеңестік патриотизм мен социалистік интернационализм идеяларын барынша ашып көрсетуі, ұлтаралық қатынастардың өзекті мәселелерін батыл көтеруі тиіс» (16).

Осыдан кейін республикалық баспасөз беттерінде желтоқсан толқуларына авторлар «өзіндік баға берген» материалдар көріне бастады. Бұлар партия органдары белгілеп берген шеңберде бірізді шаблонмен жазылды. Бәрі де «өз ұясына» қайта оралғандай болды. Мақалалардағы штамптардан, клишелерден көз сүрінді: «жастардың рухани дүниесіне интернационализмді мақсаткерлікпен қалыптастыру», «жіберілген қателіктер мен келеңсіздіктер жөнінде ашық әңгіме болды», «қоғамдық тәрбиенің резервтері туралы», «интернационализм рухы жоғары оқу орындарының өмір салтына айналуда», «ұлттық пен интернационализмнің диалектикасы», «ұлттық әлеуметтік құрылымды сауықтыруға білім деңгейінің ықпалы», «Бірлескен еңбек, мызғымас достық ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге мүдде ортақтығын туғызады, ұлтаралық байланыстарды күшейтуге мүмкіндік береді», т.б.с.с.

Қазақстан партия ұйымының бірінші хатшысы Г.В.Колбин басшылығының бастапқы кезінде басты назарды кадр саясатының барлық тұстарын демократияландыруға аудара келе, республикада кадр мәселесін шешуде жеке басқа берілгендік, тамыр-таныстық, жерлестік, т.б. принциптерінің кең пайдаланылғанын мәлімдеді. (Кейін айқындалғандай, республика партия ұйымы жаңа басшысының сол кездегі шақырулары тұтастай алғанда өз ісінен тым алшақ жатты. – С.С.).

Әдебиеттер мен партиялық құжаттарда жылдар бойы мемлекеттік аппараттың кадрларын іріктеумен және орналастырумен партияның айналысатыны айтылып келді. Іс жүзінде бұл міндетті орындаумен көп жағдайда қатардағы коммунистер мен қалың бұқарадан қол үзген партиялық аппарат айналысты. Шын мәнінде, партиялық аппарат мемлекеттік аппаратты құрды. Аппаратқа таңдау ресми түрде адамдардың іскерлік, саяси және моральдық сапалық белгілерімен түсті. Ал іс жүзінде, бұл принциптер есепке алынбады (17).

Партия қызметкерлерінің практикалық қызметінде кадрларды үміткердің іскерлік сапасына емес, анкеталық мәліметке, мінездеменің қай тұрғыда

жазылуына қарай орналастыру әдісі кеңінен қолданылатын болды. Адамның кейбір кері сапасы міндеті түрде көрсетілетін жартыжылдық немесе жылдық аттестациялар кеңінен таратылып жатты. Осы жерде берілетін мінездеменің объективсіздігі аңғарылады. Егер адамның бойында жағымсыз қасиет болмаса, онда оны ойдан құрастыра салатын болды (Бұл жерде де адамдардың есінде сақталған сонау отызыншы жылдардың аса қауіпті белгілері мен оспадарлықтар байқалды. – С.С.). Республикалық мерзімді басылымдарда басшыларға берілген мінездемелер тұрақты түрде жарияланатын болды (1987 жыл бойы Қазақ телеграф агенттігі республикалық газеттерге «мінездеме бекітілді», «мінездеме жаңартылды» және т.б. тақырыптармен материалдарды толассыз жіберіп жатты және олар түгелдей жариялануымен болды. – С.С.).

1988 жылғы жаз айында өткен XIX Бүкілодақтық партия конференциясынан кейін жағдай өзгере бастады. Онда қайта құру бағытымен алға басу қажеттігі жария етілді (18). Ал бұл үшін социалистік қоғамға кесел болып жабысқан жеке басқа табыну мен тоқырау жылдарындағы кедергілерді жою қажеттігі туындады. Бұлар қоғам дамуын ондаған жылдарға шегеріп, адамдық, адамгершілік және идеялық селкеуліктерді туындатты. Форумға қатысушылар елді жаңғыртуды екі бағытта жүргізу қажеттігіне баса назар аударды. Біріншісі – экономикалық сауықтыру, екіншісі – кең көлемде демократияландыру. Соңғысы кеңес адамының құқығын қамтамасыз ету, биліктің қоғам алдындағы әлеуметтік және адамгершілік жауапкершілігін арттыру және шынайы халықтық билікке көшу арқылы ғана мүмкін екендігін білдірді.

Өткен кезеңдерде артта қалып келген республикалардың жедел қарқынмен дамуына мүмкіндік беретін кең көлемді шаралар жүйесінде жеңілдетілген бюджет және салық саясаты ерекше рөл атқарды. Мысалы, отызыншы жылдары мынадай жалпы көрініс қалыптасты: орталықтандырылған көздерден алынатын дотация есебінен көптеген одақтас республикалардың бюджеттен шыққан шығынының 60 пайыздан астамы жабылып отырды. Осылайша, мемлекет бюджет каналдары арқылы көптеген халықтардың мүддесіне сай ұлттық табысты қайта бөлуді жүргізді. Мұндай саясаттың нәтижесінде еліміз 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында көптеген мәселелерде ұлттардың шын мәнінде теңдігіне қол жеткізді. Осындай өзекті міндеттердің шешілуімен бірге көптеген жеңілдіктер мен артықшылықтарға мұқтаждық қажет болмай қалды. Өзге де әртүрлі себептерге байланысты мұндай тәжірибе 90-жылдарға дейін сақталып келді. Мысалы, 1989 жылы Орта Азия республикаларына одақтық бюджеттен бірнеше миллиард сом көлемінде дотация бөлінді (19). Кеңестер

Одағының ыдырау қарсаңына дейін құпия сақталып, айтылмай келген осындай жағдай, бір жағынан, жергілікті басшылық арасында масылдық пиғылдың кең өріс алуына жол ашты. Екінші жағынан, бұл жергілікті халық арасында өз республикасының жалпы одақтық саясаттағы өлшеусіз үлкен үлесі жөніндегі сенімнің кең етек жаюымен түсіндіріледі. Басшылықтың емеурінін ұққан ұлттық интеллигенцияның бір бөлігі бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен республиканың одақтағы «ерекше» рөлі жөнінде аңыз-хабарлар таратып жатты.

Бұған Қазақстан мысал бола алады. 1987 жылы 17 наурызда өткен VIII Пленумда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының баяндамасында өздерінің жеке жұмыстарындағы олқылықтар жөнінде ауыз ашпаған басшылық «Қазақстан өз нанымен Ресейді де, Украинаны да және бірқатар әскери округтерді де, т.б. асырап отыр» деп сендірді. «Шын мәнінде», деп аталып өтті баяндамада «экономика жөнінде тұтастай айтатын болсақ, біз бұл кезеңде жалпыодақтық қорға өзіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуымызға алғандағымыздан едәуір аз мөлшерде үлес қостық.

Халық шаруашылығының тиімділігін арттыруға, демократия принциптерін дамытуға, тиімділікті нығайтуға бағытталған қайта құру сонымен қатар халықтар мен әртүрлі ұлттар арасындағы әлеуметтік әділеттілікті де қамтамасыз етуге жұмылған еді. Осыған байланысты әлеуметтік әділеттілік принциптері негізінде жекелеген республикалар мен елді тұтас алғанда ортақ мүдделердің тығыз астасуына кең мүмкіндіктер ашатын түбірлі экономикалық реформалар шешуші маңызға ие болатын. Осы тұрғыдан келгенде бүкілодақтық байланыстар мен еңбек кооперациясы артықшылықтарын толық жүзеге асыру, экономикалық өзара байланыс, шаруашылық есеп негізінде республикалардың экономикалық потенциалын пайдалануды жақсарту, республикааралық әртүрлі кедергілерді жою бағыттарында қыруар істер күтіп тұр еді (20).

Кеңестік жүйенің тәжірибесі экономикалық өмірдің объективті талаптары ретіндегі шоғырландыру мен оны жүзеге асырудың орталықтандырылған бюрократтық формалары арасындағы қайшылықтардың бар екенін көрсетіп берді. Сондықтан, жалпыодақтық орталықтандырылған басшылықтың интернационалдық, жалпыхалықтық маңызға ие мәселелерінде және сонымен қатар жалпыодақтық, сондай-ақ арнайы міндеттерді, жедел тапсырмаларды жүзеге асыруда республикалардың құқықтары мен міндеттерін орындау, дербестікті кеңейту жөніндегі екіжақты процесс кең перспективалы болып есептелді. Тәжірибе құқықтар мен міндеттердің, дербестіктің ғылыми негізделген ауқымын

кеңейту, бір жағынан, республикалар мен жергілікті органдардың инициативасы мен белсенділігін арттыратынын, екінші жағынан, өкіметтің жоғары эшелондағылардың республикалық немесе жергілікті жерлердің өзінде-ақ ойдағыдай жүзеге асырылатын, өздеріне тән емес міндеттер мен функцияларды орындаудан басталатынын көрсетіп берді. Бұл стратегиялық жалпыодақтық маңызға ие мәселелер орталықтандырылған басшылықты тереңдетіп, жетілдіруге мүмкіндік туғызады деген сенім пайда болды. Бүкілхалықтық XIX партия конференциясының «Ұлтаралық қатынастар туралы» қарарында атап көрсетілгендей, «Әңгіме СССР одағы мен Совет республикаларының компетенциясын шектеу, жергілікті жерлерге бірқатар басқару функцияларын беру, экономика, әлеуметтік және мәдени даму, табиғатты қорғау салаларында дербестік пен жауапкершілікті күшейту жолымен одақтас республикалар мен автономиялық құрылымдардың құқығын кеңейту жөнінде болып отыр».

Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық дамудағы айырмашылықтарды жою мақсатымен жалпы мемлекеттік сипаттағы шаралар қабылданды. Бұл, ең алдымен, республика экономикасына инвестиция тартуды одан әрі жетілдіруде көрініс тапты. Елдің 1986-1990 жылдарға және 2000 жылғы кезеңге дейінгі экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарында Қазақстанда жалпыодақтық дамумен салыстырғанда материалдық-техникалық базаны сапалық жаңарту қарқынын едәуір арттыру және өндірістік күштердің қазіргі талаптарына сәйкес жаңа құрылымын құру қарастырылды.

Бүкілодақтық XIX партия конференциясында ұсынылған реформаларды жүзеге асыру жолындағы басты міндеттердің бірі «Аймақтар дербестігін кеңейтуге, әрбір республика өзінің шаруашылық қызметінің ақтық нәтижелерінде қызығушылық танытатын ынтымақтастықтың осындай формаларын жүзеге асыруға жағдай туғызу» болып табылатындығы атап көрсетілді.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде олардың рөлін елеулі түрде арттыра түсетін республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастырудың жаңа механизмі жасалып жатты. Бұл ретте негізіне аймақтық-әкімшілік өлшемдер статусы емес елдің халық шаруашылығына республиканың қосар нақты үлесі жатқанына назар аударылды. Шындығында да, егер ұлттық құбылыстардың этно-мәдени астары негізінен адамдармен, яғни тұрғындардың ұлттық құрамымен байланысты болса, экономикалық жағынан аймаққа, бірінші кезекте, оның ресурстарына тәуелді.

Сонымен қатар, ведомстволық, әкімшілік-аймақтық салаларда ең алдымен ұлттық қатынастардағы бірліктер арасындағы байланыстарды орнату маңызды болатын. Бұл орайда салалардың ресурстарды пайдаланғаны үшін әкімшілік-аймақтық өлшемдер пайдасына арендалық төлем төлеп отыратыны есепке алынды. Сөйтіп, бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалды.

Өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыру ауыл шаруашылығы өнімдерінің маңызды түрлерін сатып алу бағасының түрлі табиғи жағдайларда оларды өндіруге жұмсалатын еңбек шығынының нақты есебі жағдайындағы негізділігін жан-жақты қарастыру қажеттілігін айқындап берген еді. Әлеуметтік-экономикалық салалардағы жинақталып қалған мәселелер көп ретте ұлттық қатынастарға сайып жатқанда ғана тиімділікке жол ашатыны айқын бола бастады.

Барлық ұлттардың мүддесін айқындауға ықпал ететін саяси жүйе институттарының белсенділігін арттыру міндеті елеулі практикалық маңызға ие еді.

80-жылдардың аяғында, яғни ел тәуелсіздігінің қарсаңында республикада жүріп жатқан терең өзгерістер, қалыптасып отырған жағдайлар «Одақтық және автономиялық республикалар, автономиялық облыстар мен округтер туралы заңдарды олардың құқықтары мен міндеттерін, өзін-өзі басқару принциптері мен орталық пен жергілікті жерлердегі билік органдарындағы барлық ұлттар өкілдіктерін жаңғырту мен дамыту негізінде» жүзеге асырудың қажеттілігін айқын көрсетті. (Бүкілодақтық XIX партия конференциясы...) Бұл заңдарды жаңарту мен дамыту саяси жүйені реформалаудың, құқықтық мемлекет құрудың аса маңызды құрамдас бөлігіне айналуы тиіс еді.

Экономикалық қайта құрулар жоғарыда айтып өткен бағыттар мен проблемаларға негізделуі тиіс болатын. Осы ретте республиканың ауыл шаруашылығында 90-жылдардың басына дейін тұтынушы мен өндірушінің өндірістің өндіргіш күш көлемін сақтау және кеңейту үшін қаншалықты қажеттігіне байланысты жағдайда ғана өзара бірлікте іс-қимыл танытатынымен сипатталып жүрді. Әміршілдік-әкімшілдік жүйе, мысалы, астық дақылдарын жинау науқанына қанша комбайн, автотранспорт, т.б. құрал-жабдықтар қажет екенін өздері белгілеп отыратын жағдай қалыптасты. Жоспарлау органдары нақты баланстар көмегімен (мысалы, автотранспорт кәсіпорындары министрлігіне астық жинау науқанына қажетті машиналардың саны көрсетілген нақты жоспар беріледі) автомобилшілер мен диқандардың өзара бірліктегі іс-қимылын ұйымдастырумен айналысты. Басқалай айтсақ, жоспарлы тапсырмаларда дерективалық бөлу, яғни әміршілдік күшіне енеді: оның астарында не, қашан, кімге, қанша өндіру

керек, қайда апару керек, ресурстарды қайдан іздестіру керек... т.б. жатады. Тапсырмалардың негізінде тонна, дана, гектар, өнімділік, т.б. көрсеткіштермен көмкерілген әміршілдік атой салып тұрады.

Әкімшілдікпен орталықтандырылған мұндай жүйенің тіптен тиімсіз екені экономикалық дамудың кеңестік кезеңінде айқын дәлелденді. Бұл жағдайда экономикалық буындар өзара ықпал етуден қалды. Әр буын жоғарыдан келген жоспарды орындады. Оның үстіне өндірісті осылай ұйымдастыру орталыққа маңдай термен тапқан табыстың негізгі бөлігін беріп отыруға мәжбүр етті.

Кеңестік қоғамтанушылар – бұл жерде олардың партия мен елдің жоғары басшылығының кеңшілік жасауы арқасында нақты іске көшкенін айту керек – маркстік-лениндік теорияның сенімділігіне, ары кеткенде қазіргі қоғамға жарамдылығына күмән келтірді. Олар адамзат дамуының тәжірибесі көрсетіп отырғандай, кезінде коммунизм классиктерінің адамзат болашағын алдын ала болжағандай болмай шыққанын мойындай отырып, түсіндіруге тырысты.

Нақтылап айтқанда, жұмысшы табы мен буржуазияның антагонистік қарама-қайшылығы жөніндегі идея іс жүзінде дәлелденбеді, ал империализм капитализмнің жоғары стадиясы ретінде елдер арасындағы шиеленісті қарама-қайшылықтарға бармады. Бәсекелестік ұлттық монополиялар мен әртүрлі мемлекеттердің ұлттық мүдделері арасындағы қайшылықтарға қарай ойысты.

Объективті түрде қоғамның авангарды болуы тиіс саналатын социалистік елдердің жұмысшы табы жоғары саналылық, темірдей тәртіп, жоғары ұйымшылдық көрсетпейді, ал ең бастысы – өздерін қоғамның шынайы төңкерілісшілері ретінде сезінбейді. Бұл тақырып жұмысшы табының өзін де ойландырды, шынтуайтына келгенде олардың жеке мүдделері не сонда? Осы тақілеттес сауал төңірегінде кеңестік қоғамның шаруалары мен интеллигенциясы да ойлана бастады.

Осындай сауалдар партиялық басылымдарда талқыға салына бастады. Айталық, партияның басты теориялық органы «Қазақстан коммунисі» журналында өткір пікірталас жүрді. А.Қалшабековтің «Ленинизмнен бас тартайық» және А.Айдосовтың «Ленинизмді қорғайық» атты бір-бірімен кереғар мақалаларда (21) авторлар ашық пікір сайысына шығып, өз позициялары тұрғысында бірқатар мәселелерді қозғайды, ұлттар мәселелері бойынша бағдарламалық жайларға да тоқталады. Егер бірінші автор «қуырылған фактілерге» иек артса, екіншісі лениндік ілімнің өткені мен бүгінін ой елегінен өткізе отырып, әртүрлі келеңсіздіктерден қорғауға үндейді. Бұл пікірталас идеялардың күресі сипатында болып, қоғамды

радикалдар мен консерваторларға бөлді. Біз бұл жерде шындықтың қай жақта екеніне тоқталып жатпай-ақ қоялық, дегенмен осы фактінің өзі-ақ қайта құру кезеңінің тынысын айқындай түседі.

«Қайта құру идеяларын дамытуда, - деп жазды профессор Я.Н.Засурский, - жариялылық концепциясының таратушылары болған бұқаралық ақпарат құралдары теңдессіз рөл атқарды... Жариялылық, саясаттағы, экономикадағы, мәдениеттегі демократияландыру қоғамымыздың барлық қабаттарына сіңді және журналистиканың халық өміріндегі маңызын жаңаша ой елегінен өткізуге алып келді» (22).

«Жариялылық – бұл түпсіз қорлыққа қарсы жарияланған соғыс, - деп жазды Е.Евтушенко. – Жариялылық – бұл адамның әлеуметтік адамгершілігі үшін соғыс. Жариялылық, құдды бір «найзағай дауылпазындай» халықтың азаматтық ар-намысын оятады» (23). Ал, Шыңғыс Айтматов «жариялылық – бұл баршамыз үшін жариялылық, шынайы демократияны, халықтық өмір салтын асқақтататын уақыт жетті» деп тұжырымдады (24).

Жариялылық бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің алдыңғы орнына қоғамда орын алған қат-қабат кедлеңсіздіктерді ашып көрсетуге негіз болатын қоғамдық пікірді кең өрістетуді шығарды (25).

Алда тұрған міндеттер баспасөз қызметін түбірімен жаңартуды талап етті. Әңгіме жариялылық, сын мен өзара сын, журналистердің жұмыс сапасын, олардың кәсіптік деңгейін көтеру жөнінде еді. Бұл орайда жаңаша ойлау концепциясы маңызды рөл атқаруы тиіс болды.

Сексенінші жылдардың соңына қарай кеңестік журналистика алдында өзекті проблемалар бой көтерді. Олардың негізі, біріншіден, коммунистік партократия мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы шиеленістің күшейе түсуіне, екіншіден, журналистиканың мемлекетпен, қоғамдық ұйымдармен және оқырмандармен арақатынасындағы өзгерістерге және үшіншіден, баспасөздің ішкі мазмұнынан, яғни көзге айқын шалына бастаған белсенді позициясына келіп саяр еді.

Сонымен, қоғам өмірінің жаңару кезеңінде журналистикаға партиялық басшылық проблемасын талқылау – тартыстың ең өткір тақырыбына айналды. Бірқатар принципті мәселелерде партия органдары мен бұқаралық ақпарат құралдары арасында шиеленісті жағдай қалыптасты. Ол, ең алдымен, баспасөз беттерінде жиі-жиі бой көтере бастаған өткір сын материалдарға жергілікті партия органдарының қарсылығынан туындады. Олардың көпшілігі-ақ журналистерді партиялық темір тәртіппен бұрынғысынша ауыздықтауға барынша тырысып бақты. Мұны партиялық функционерлердің жантәсілім алдындағы жанталасы ретінде бағалауға болар еді. Дегенмен, қалың бұқараның бір партиялық басшылық формасынан бас тартуға,

әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі машинасын қиратуға, өзін-өзі басқаруға ұмтылысы жаңа қоғамды, қоғамдық институттарды ұйымдастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы мен алатын орнын түбірімен өзгертіп жіберді. Еркіндікке ұмтылған кеңестік журналистика партиялық-мемлекеттік аппараттың қатаң қарсылығына тап болды: бұқаралық ақпарат құралдарының жылдар бойы қалыптасып келген үстемдіктен оңайлықпен құтыла алмайтыны мәлім еді. Баспасөз еркіндігі жолындағы күрес өрши түсті. Бір жайт айқын болды: баспасөз қызметкерлері партиялық аппараттан қайрымдылық күтуге бомайтынын айқын түсіне бастады. Себебі, іс жүзінде партияның ең алдымен өзінің жағдайын жасауға ұмтылатыны ешбір құпия болмай шықты: ол журналист-публицистердің интелектуалдық меншігін, маңдай терін, жан толғанысын пайдаланып келді. Қоғамдағы бар артықшылықтар – жоғары еңбекақы, жайлы пәтер, жақсы тұрмыс соларда болды. Қоғам өзгерісі, демократия қарапайым журналистің бейнесі, беделі, мәдениеті, қам-қарекеті мәселесінде оңды көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік туғыза бастады. Бұл тұрғыда ащы шындық айтылатын болды (26).

Кеңестік кезеңдегі сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басында экономикада жүрген түбірлі өзгерістердің халықтың басым көпшілігіне түсініспестік туғызғанын айту керек. Бұған сол кезде бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларына ағылып келген хаттар легі айқын дәлел бола алады. Бұрынғы қалыптасып келген шаруашылықты жүргізу әдісін күл-талқан етудің неге қажет болғаны түсініксіз болды. Экономикалық дамудың перспективаларын байсалдылықпен ой елегінен өткізе отырып, шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын енгізу процесінің неліктен осыншалықты қарама-қайшылықты жағдайда өтіп жатқанын терең ұғына білу қажет еді.

Егер сол тұстағы өзгерістердің мән-маңызына қысқаша сипаттама беруге тырысып көрер болсақ, онда алдымен бұл қайта құрулардағы ең басты шарттың қоғам тыныс-тіршілігінің барлық салаларында қатаң объективтілік пен ғылыми негізге, реализм сабақтастығына қарай қозғалыс болғанын айтуға тиіспіз. Бұл қозғалыс еліміздегі бірқатар қоғамтанушылардың экономикаға, әсіресе, аграрлық секторға ойлы қатынасқа жетуге деген ұмтылыстарымен айқындалды. Бұған дейін республика ауыл шаруашылығын дамыту проблемаларындағы жағдай осыншалықты қарама-қайшылықты болмаған еді. Бір жағынан, ауыл шаруашылығы өнімділігін арттырудың барлық мүмкін резервтерін пайдалану сұранымы өзекті бола түсті, алайда, екіншіден, осы резервтерді идеологиялық тоқырауға ұшырату әрекеттері де жүріп жатты. Бұл күрделі жағдайдан шығу үшін дүкендердің бос сөрелерін

толтырып қана қоймай, адамдарға олардың өз еңбектерінің адалдығына деген сенімін қайтару керек еді. Елімізде ауыл өмірінің барлық қырын жаңғырту адамдардың ойлау жүйесін түбірімен өзгертуді талап етті. Сонымен бір мезгілде осы процесті ойдағыдай жүзеге асыру жолында оның механизмін жасау керек болды.

Сол өтпелі кезең республикада күрделі де сан қырлы процестермен сипатталады. Мысалы, осы кезде дүкендерде, қоймаларда, ет комбинаттарында, дайындау орындарында қылмысқа қарсы күрес органдарының қызметкерлері қаптап кетті. Республикада бірқатар сот процестері жариялы түрде жүріп жатты (Бұл сталиндік кезең тарихын еске түсіреді. Айырмашылығы, бұл процестердің қайта құру ұранымен жүруінде. – С.С.). Рас, жалпы алғанда, кінәлі адамдар сотталды. Бірақ, негізгілері емес. Нысанаға алынып, қолға түскендер, баспасөз арқылы жария етілгендер, негізінен, әлдекімдердің тапсырмасын орындағандар немесе ұсақ ұрлық жасаушылар, т.б. еді. Ал, нағыз қылмыскерлер, тапсырма берушілер, әдеттегідей, көзден таса қалумен болды.

Сол жылдары баспасөз кезекті қоғамдық науқаншылдық ауанына берілгенін танытып жатты. Әрине, кінәлілер жазасын алуы тиіс болатын, дегенмен, басты мәселе назардан тыс қалды. Ұсақ-түйек қылмысқа қарсы күреске қоғамдық айыптаушылар тартылуы тиіс болатын. Ал, құқық қорғау органдары мен ұрлыққа қарсы күрес бөлімінің қызметкерлері дүкендерді, қоймаларды, дайындау орындары мен ет комбинаттарын, т.б. тексеріп, жұмыс кезінде моншаларда, мейрамханалар мен сыраханаларда, т.б. адамдарды аулағаннан гөрі ұйымдасқан қылмыстың кең жайылған жүйесін айқындау бағытында мақсаткерлікпен іс жасау керек еді.

Жоғарыда құқық қорғау органдары мен сауда саласында орын алған мысалдардың бірін ғана тілге тиек еттік. Ал, қайта құрудың қайшылықтары жеке адамның адамгершілік негізін қалыптастыруда, ауыл шаруашылығы өндірісінде және бұқралық ақпарат құралдарының өмір шындығын бейнелеуінде, т.б. да көрініс тауып жатты ғой.

Жоғары эшелонда баяу басталған әлеуметтік қайта құрулар өз құқығын сеніммен мәлімдей бастады. Осы орайда мына жайтқа ерекше назар аударуға тура келеді: «Жоғарыдағы қайта құру» теориялық әдістерге маңыз беруге ынта білдірген еді. Бұл орталық және республикалық мерзімді басылымдар материалдарында айқын көрінді. Алайда, осы ынтаның қайта құру концепциясына кіріге қоймағаны тұрғысында күдік болды.

Сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басында республикамыздың жоғары эшелондағылары, сондай-ақ жергілікті жердегі партия, совет және шаруашылық басшылары негізінен өз адрестеріне

айтылған сынға оң қабақ танытты. Редакцияға берген жауаптарында сынның әділдігін мойындап қана қойған жоқ, жіберілген кемшіліктерді жою бағытында белгіленген шаралар жөнінде де нақты хабарлап отырды. Осылайша екі жақтың ортақ игілікке бағытталған бейбіт те іскер байланысы болды. Уақыт өте келе басшылардың сынға деген көзқарасы өзгере бастағаны аңғарылды.

Сонда қалай болғаны? Газет беттеріндегі сын тасқыны басшылардың жүйкесін тоздырғаны ма? Жоқ, оның сыры басқада екен. Біздің оппоненттеріміз өткен жылдарда жіберілген кемшіліктер жөнінде әңгіме қозғалғанда қабақ шытқан жоқ. Осы тұста басқарудың буындарында кадрлардың ауысуы жүріп жатты. Ал, бүгінгі кемшіліктер әңгіме болып, сын тезіне алына бастағанда бұған басшылар төзе алмай, шамшыл көзқарас танытты.

Одақтық дәрежедегі биік мінберлерден журналистер атына өкпе-наз ашық айтылып жүрді. Оның өзіндік терең мәні бар еді. Жариялылықтың сол алғашқы жылдарында тәуелсіздіктің жөні осы деп, қызды-қыздымен әділ сынның шеңберінен шығып кеткен журналистер де аз болған жоқ. Идеологиялық тәжірибеде бұрыннан мәлім шыдамсыздық көріністері тағы да белгі берді. Бұл шыдамсыздықтың астарында саяси мәдениет дәрежесінің төмендігі айқын сезілді, ол қайта құрудың инициаторы – СОКП-ның, партия басшылығындағы жекелеген тұлғалардың аттарына сын айтудан, орынсыз кінәлаудан аңғарылды. Журналистік этикадан аттап кеткен қадамдар маңдайға таяқ болып тиіп жатты. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің аттарына сол жылдары айтылған сындар да аз болған жоқ.

Мысалы, 1989 жылы 18 шілдеде СОКП Орталық Комитетінде болған Кеңесте Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы А.Масалиев былай деді: “Біздің кейбір бұқаралық информация құралдарының партиялық бақылаудан шығып кетуге ұмтылатынын айтпауға болмайды. Өткенде жіберілген кемшіліктерді сынау деген желеумен біздің қоғамдық-саяси құрылысты қаралаумен, осы орайда адамдардың ақыл-ойына үстемдік етумен шұғылдануда. Баспасөз, телевизия біздің жетістіктерімізді жоққа шығару, халықты партияға қарсы қою үшін толып жатқан жанрларды пайдаланып жүр. Белгілі дәрежеде бұл әрекеттері сәтсіз де емес. Мұны айтпауға болмайды”.

Сол кеңестегі СОКП Свердлов облыстық комитетінің бірінші хатшысы Л.Ф.Бобыкиннің сөзіне де ден қоймау мүмкін емес. “Адамдарға идеологиялық ықпал жасаудағы басты күш бұқаралық информация құралдары болып отыр. Бірақ егер қазір сынаудан аулақ “аймақ” бар десек, ол сол бұқаралық информация құралдарының өздері, олардың қызметкерлері.

Титтей ескертпе жасалса немесе келіспейтіндік білдірілсе болды, партия комитетінің соңына түсіп береді. Бұқаралық информация құралдарының жұмысы кейде күшті біріктіруге емес, керісінше, шашыратуға, қайта құру бағытын бұрмалауға әкеп соғып жүр".

Сол сияқты өз республикамызда айтылған кейбір реніштерге де құлақ түрген жөн. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде 1989 жылғы тамыз айында өткізілген аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшыларының кеңесінде мынадай пікірлер болды. Семей облысы, Новошульба аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы А.В.Рыбченков: "Бұқаралық информация құралдарының партия органдарының жұмысына сыңаржақ беріп жүрген бағалары кері әсерін тигізуде. Реті келсін, келмесін, аудандық, облыстық партия комитетерін бас салып сынау сәнге айналып барады".

Қызылорда облысы, Тереңөзек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Ердешбаев: "Қазір партияның рөлін, беделін көтеру жөнінде мәселе қатты қойылып жүр. Сол беделді төмендетіп алуға үлкен үлес қосқан өзіміз емес пе, әсіресе бұқаралық информация құралдары. Қайта құру қирату емес, бұл ақиқатты ол органдардың ескергені абзал».

Иә, журналистер кезінде өз аттарына айтылған сындарға тиек болатын ағаттықтарды жіберіп алды. Демократия дәуірі туып отыр. Алуан пікірлер айтылуы тиіс. Оның ішінде артық кететіндер де болады. Қалай дегенде де, қоғамдық пікір бір кездердегідей бір қалыптан шыққан кірпіштердей болмауы керек. Дегенмен, осы орайда мына ащы шындықты мойындауымыз қажет. Журналистердің сонау жеке басқа табыну, тоқырау жылдарында сыпыра мақтауға бой алдырғаны айдан анық, ол ешкімге де құпия емес.

Сол жылдары республикалық газеттердің сын материалдарына ашықтан-ашық қарсы шығушылар да пайда болды. Мұның мысалын республикалық ұлттық газеттердің беттерінен де аз кездестірмейміз. Айталық, халық депутаттары Державин аудандық кеңесінің төрағасы С.А.Богачевқа республиканың егемендігі мен ұлттық өрлеуі үшін қадам қарымын танытып жүрген "Қазақ әдебиеті" мен "Шалқар" газеттері қатты ұнамай қалыпты. Облыстық бір жиынның мінберінде ол бұл басылымдардың "Қазақстанда өмір сүрген және де тұрып жатқан түрлі ұлттардың тарихи түбірі мен тегіне шын мәнінде көз жеткізбей-ақ, олардың қарым-қатынасындағы нашар жақтарын қоюлатып көрсетуде…" деп жала жапқан. Төрағаның биік мінберде тұрып айтқан бұл сөзін өзге ұлттың тілін білмей тұрып, сол ұлттың рухани байлығын, тілін, тарихын, дәстүрін менсінбеушілігі деп ұққан жөн. Ұлт араздығын да қоздыратын осындай сыңаржақ пікірлер.

Қайта құрудың алғашқы кезеңінде бір жағынан нақты бағыттар белгіленді, екінші жағынан өзіне елеулі түрде қарсы шығатын, бірақ мұнсыз қайта құруды жүзеге асыру мүмкін емес шараларға баруға тура келді. Бұл жерде әңгіме жариялылық, демократия, көзқарастар еркіндігі, өткенге салыстырмалы баға беру жөнінде болып отыр.

Жазушы Сафуан Шаймерденовтың жазушылық даңқын шығарған шығармалары ғана емес, оның қайта құру жылдарында намысқа, тегеурінділікке толы, уытты публицистік мақалалары мен жұртшылық алдында сөйлеген сөздері де аса мәнділігімен есте сақталады (27). Әсіресе жазушының публицистік дарыны сексенінші жылдардың соңында жарқырап көрінгенін айтуымыз керек.

1987 жылдың мамыр айында Жазушылар одағында Қазақстанның сол кездегі партия мен үкімет басшыларымен кездесу болды. Желтоқсанның қасіретті оқиғасының дүрбелеңінен кейін елдің көкейінде түйткіл туғызып, бітеу жара болып жүрген өкініштер мен наразылықтар мол еді. Қазақтан шыққан кейбір басшылардың “Тарихи тақырыпты шығармалар көбейіп кетті” деп әдебиетіміздің неғұрлым өміршең туындыларына, тарих, этнография саласында көрінген бірен-саран ғылыми еңбектерге шүйіліп тұрған кезі болатын. Әсіресе шаруашылықтың барлық саласындағы кадрларды әрбір ұлттың санына шағып “іріктейтін” бірінші басшы Колбин нұсқауының зардабы халықтың жанына батып жүрген еді. Сондай-ақ оның республикада қазақ санының аздығын тілге тиек етіп, қазақ студенттерінің санын күрт азайтуды қолға алғаны, қазақтың өз ішінде жік салғаны, ғылымға еңбегі сіңген қаншама ғалымдарды “географиялық” белгісіне қарап жұмыстан шығарғаны, талайларды масқаралап көрсететін мақалаларды әдейі ұйымдастырып отырғаны әмбеге аян. Зұлымдықтың көзі Мәскеудің имансыз өктем саясатының жүргізушісі Колбин екенін, азаматтығы қалыптаспаған қазақ басшыларының көбі оның айтақшылары екенін ел қапысыз танып отырған… Міне осы жиналыста тарихи деп айтуға болатын іргелі де күрделі ойларды қазақ қаламгерлері алғаш рет ашық та анық айтты.

«Осы кездесудегі сөздердің “патшасы” Сафуандікі болды, - деп еске алады публицист Р.Бердібаев. - Ол партияның ресми документтерінде қазақ халқының атына жабылған жаланы әшкерелеп, бір халықтың өкілетті ұлы сипатында көрінді, ел намысының сұраушысы бар екенін таныта білді. Қазақстанды бір шыбықпен айдап отырған Колбин Сафуанның сабырлы әрі салдарлы дәлелдерінің бірде біреуіне пәлен дей алмай, айыпталушы секілді мыштай болып отырды. Кездесуге жиналғандар, оның ішінде жазушылардың өздері де Сафекеңнің азаматтық тұлғасы биік тұрғанын мойындағандай еді. Өзінің жауап, қорытынды сөзінде Колбин телевидениеде қазақ тілі жөнінде

өрескел мінез көрсеткенін мойындап, кешірім сұрады… Халықтың иілген еңсесін көтеріп тастайтын, санасын, азаматтығын қайрайтын “дуалы сөз” осылай айтылған еді».

Публицист санасы мен ішкі әлемінде шынайы шындық рухы үнемі болуы керек. Алайда, баспасөз бұл жалпыға ортақ қасиетті ашып көрсетуде дәрменсіздік танытты. Тұтас әлемде қым-қиғаш сапырылыс жүріп жатты. Бұл құбылыс белгілі бір дәрежеде республика тәуелсіздігі мен ұлттық сана-сезімнің қалыптасу проблемаларына тікелей қатысты болды.

Қандай жағдайда болмасын консерваторлармен және арандатушылармен бітіспес күрес жүргізбейінше сталиндік өктемдік пен брежневтік көзбояушылықтан арылу, қоғамның оңды өзгерістеріне жету мүмкін емес екендігін өмірдің өзі көрсетті. Қайта құру шектеусіз билікке негізделген жүйені жойып, құқықтық мемлекет құруға ғана бастап қоймады, сонымен бір мезгілде қарсы күштердің еркін тыныстауына да жол ашты. Демократиялық процестерге терең демократиялық дәстүрлердің тән болмауы, көпшіліктің мәдениет деңгейінің төмендігі, қоғамның адамгершілік потенциалының ұзақ уақыт бойы бұзылып келуі кері ықпалын тигізді.

Жоғарыдағы айтылғандардан демократия мен өзімшілдіктің арасындағы кеңістіктің тұтасып кетуінің, митингілердегі көзсіз өлермендіктің жанығуының, ұлтаралық шиеленістердің өрши түсуінің, қылмыстың етек жаюының қайнар көздерінің қайда екенін аңғаруға болады. Осыдан келіп мұндай күрделі жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының позициясы туралы мәселе тағы да алға тартылады.

Идеологиялық тұрғыдан келгенде, құрғақ уәделердің ескі механизмі мен ойға алған істі шындық түрінде көрсетушілік келеңсіз рөл атқарды. Осылайша болжамдар мен қайта құрудың нақты нәтижелері арасындағы сәйкессіздік жүріп жатты. Бастапқыда экономикадағы өсіп бар жатқан тұрақсыздық процестері мен әлеуметтік-саяси тоқырау құбылыстары жөнінде ашып айтылмады. Журналистер алдына қайта құру процестері алдағы үш-бес жылдың ішінде жүзеге асатын жай ғана бір мерзімді акт ретінде қойылды.

Қоғамның белсенді қолдауына ие болған демократия мен жариялылықтың арқасында ұзақ уақыт өтпей-ақ еліміздің экономикасында, оның ішінде аграрлық салада да таяу жылдар арасында оңды өзгерістер бола қоймайтынына халықтың көзі жетті.

80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында қазақ баспасөзі материалдарының үні отан соғысына дейінгі және соғыстан кейінгі жылдардағымен, тіпті 80-жылдардың ортасына дейінгі қалыптасып келген бірізділікпен салыстырғанда ерекше естіле бастағаны ақиқат.

Кеңестік қайта құру дүрмегімен демократия дәуірлеп, жариялылық салтанат құрған сексенінші жылдардың соңына қарай нақты өмір шындығы сол қалпында айтыла бастады. Ұлттық намысы жоғары, ар-ожданы биік жазушы-публицистеріміз ақиқатты айту үшін ештеңеден де тайынбайтындықтарын танытып, күрестің алғы шебіне шықты. Кеңестік дәуірде үш рет аяусыз қудалауға ұшыраған ұлттық интеллигенциямыздың талайлы тағдырлары әңгіме өзегіне айналды. “Совет өкіметінің алғашқы жылдарында айқын бағыт алған таптық күрес, - деп жазды талантты публицист, қоғам қайраткері М.Есенәлиев, - ат төбеліндей қазақ интеллигенциясын екіге бөлді. Бірсыпыра зиялыларымыз “Алаш” ұйымына бірікті. Бұлардың ішінде аса талантты, дарынды оқығандарымыз аз емес еді… 20-жылдардағы таптық күрестің қатал логикасы мынаған алып келді: социализмнің мән-маңызын түсіне алмаған интеллигенция қатты қудаланды, қоғамдық-саяси өмірден шеттетілді, қателіктері, адасқаны үшін оларға кешірім жасалмады…

Таптық күресте шыңдалған, коллективтендіру мен индустрияландыру кезеңдерін бастан өткерген, халықтың мұң-мұқтажын терең түсінетін ардагер ұлдарымыздың басым көпшілігін 37-38 жылғы репрессия жалмады.

…Ұлттық интеллигенциямыздың үлкен бір тобына 50-жылдары тағы да “Ұлтшыл” деген айып тағыла бастады. Республикамызда “Қазақ ұлтшылдығының” бір көрінісі ретінде бағаланған “бекмахановшылдыққа” қарсы науқан “өрістетілді”.

Иә, осы оқиғадан соң 30 жыл бойы республика халқы “Ұлтшылдық” деген айыптауды естіген жоқ. Осы орайда еріксіз “Ұлы Октябрь революциясының 70 жылдығы” аталып өткен жылы КОКП Орталық Комитетінің ұлтшылдық сипаттағы ашық бой көрсетулерге байланысты «Қазақ республикалық партия ұйымының интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы арнайы шешім қабылдауы қалай?» деген сауал көкейге оралады. Бұл қаулыда республикамыздағы шовинизм көріністері, қазақ ұлтшылдығы, ұлтшылдық пиғылдар туралы айтылады. Және қаулыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1979 жылғы Целиноградта орын алған ұлтшылдық бой көрсетулер мен қазақ ұлтшылдығының көрінісі болған Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсандағы тәртіпсіздіктерге өткір саяси баға – тек республикалық партия ұйымына ғана емес, қазақ ұлтының да атына айтылған сын еді. Мұндай саяси қатқыл тұжырым Қазақстан туралы партиялық документтерде отыз жылдан бері, яғни тың игеру жылдарынан бастап бой көрсетпеген-ді…

1960 жылы Қазақстандағы тың өлкесін РСФСР-дың құрамына береді екен деген сыбыс шыққан кезде студенттердің наразылық білдіргені рас.

Сондай-ақ Оңтүстіктегі үш ауданымызды Өзбекстанға беріп, оны қайтып алғанға дейін біраз жұртшылықтың наразы болғаны тағы да шындық. 1979 жылы неміс автономиясы туралы сөз шыққанда да наразылыққа жолықтық.

Мұндай шешімдер өз-өзінен халықтың наразылығын тудырмақ. Ал бірақ осындай наразылықтың қазақ ұлтшылдығының көрінісі ретінде бағалануы орынды ма?" (28).

Публицист бұдан әрі қазақстандықтардың әр кезеңде сыналған шынайы, адал интернационализмін тілге тиек ете отырып, республикамыздағы тың игеру жылдарына тоқталады. Тыңның тұсына қазақ халқы өзге республикалардан келген тың игерушілерді түріне, ұлтына, тіліне қарамай құшақ жая қарсы алды. Бауырмалдық көрсетті. Тың және тыңайған жерлерді игеру Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуын өркендетумен қатар, қазақтардың ұлттық санасын да өсіргенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Ұлттық сананың өсуіне орай жастар арасында интернационалдық тәрбие белсенді жүргізілуі керек еді. Бірақ бұл олай болмады. Жергілікті ерекшеліктер ескерілмеді. Құрғақ уағыз, даңғазашылдық етек алды.

Кадр мәселесін шешу ісі партия комитеттерінің бірінші хатшыларының жеке шаруасына айналды, кадрларды іріктеу мен жоғарылату кезінде партиялық принцип бұзылды, басшы қызметкерлерді тағайындауда көбінесе олардың саяси, іскерлік, адамгершілік қасиеттері емес, жерлестік, рулық, тамыр-таныстық белгілері ескерілді.

Күннен күнге сөз бен істің арасы алшақтай берді. Әлеуметтік-экономикалық және кадр мәселелерінде ұлттық саясат өрескел бұрмаланды. Халықтың сенімі азайды…

Тек қана кінәратты моральдық-саяси ахуал ғана емес, сонымен бірге республиканың экономикалық дамуындағы елеулі кемшіліктер де халықтың наразылығын туғызды. Кеңестер Одағының басшылығы қайта құру жүріп жатқан кезде Қазақстанның экономикасы "Ұсқынсыз түрде дамып келе жатқанын" айта бастады.

Ұзақ уақыт бойы әміршілдік-әкімшілдік аппараттың ықпалында болып келген баспасөз қайта құру қарсыластарына шындық көріністерін өз пайдаларына қарай бұруға мүмкіндік берді. Қазақстанда, мысалы, басшылықтың әміршілдік-әкімшілдік әдістеріне қарсы шыққан халық еркі ұлтшылдық деп жарияланды. (КСРО халық депутаты, ақын Мұхтар Шаханов басқарған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі комиссиясының жұмыс қорытындылары бойынша Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары, ақыр соңында, объективті бағасын алды. Халықтан ұлтшылдық қамыты алынып тасталды. – С.С.) (29).

Тәуелсіздік қарсаңында қабылданған Тіл туралы Заң мен Ата Заңда айқын жазылып, қазақ тіліне жеке-дара мемлекеттік мәртебе берілуі орыс тілінің өктемдігін сақтап қалуды мұрат тұтқандардың шамына қатты тигені жасырын емес. Қазақ тілінің құлдырауына негізінен сыртқы күштердің ықпалы ерекше болды. Шовинистік пиғылдағы топтар орыс тіліне мемлекеттік мәртебе әперу үшін жанталаса күрес жүргізумен болды, оларды Ресей саясатшыларының ашық та жасырын да қолдап отырғанын жасырмауымыз керек. Сол тұста Қазақстандағы ақпарат құралдарының көпшілігін қолына ұстап отырған орыс тілділер өз мақсаттарына жету үшін өз тілінің өктемдігін қорғап дауыс көтеріп жатқанда оларды Парламентте де, билік басында отырғандар арасында да жақтаушылар аз болғандықтан жалпақ жұртқа тигізген психологиялық әсері соншама, жаңа-жаңа бауырын көтере бастаған қазақ тілі қайтадан қорғансыз, қолдаусыз қалды. Әртүрлі сатыдағы билік тұтқасын ұстап отырған көптеген басшылар ежелгі әдеттерінше әсіре сақтықпен жалт етіп, сөз жүзінде қолдағансығанымен іс жүзінде тіл Заңын жүзеге асыру үшін іс- қимыл танытқан жоқ. Дес бергенде, Президенттің табанды саясатының нәтижесінде ғана Конституциямызда бір ғана мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесі сақталып қалды. Осыған дейін-ақ республикалық “Қазақ тілі” қоғамы құрылып, оның жергілікті аудандарда бөлімшелері пайда болды. Жоғары, арнаулы оқу орындарында қазақ бөлімдері дүниеге келіп, орыс бөлімдерінде де қазақ тілі оқытыла бастады. Республикалық “Ана тілі ” газеті, облыс орталықтарындағы “Қазақ тілі” қоғамы бөлімшелерінің, жүйелі болмаса да, өз газеттері жарық көріп жатты. Алайда республиканың барлық жерінде қазақ деген халықтың елінде жүргенін әр адам сезінетіндей жағдай бола қойған жоқ. Ең алдымен жергілікті ұлттың басым көпшілігінің буын-буынына сіңіп қалған “орыс тілін білмеген адам адам болмайды” деген жылдар бойғы қағидадай қалыптасқан пікір жойылмай тұрғанда, “қазақ тілін оқы, үйрен” деген жалаң үгіттен ештеңе шықпайтыны ақиқат еді.

Публицистерге қайта құру ең бірінші кезекте әркім өзінің кім екенін және қандай жолмен жүру қажет екенін белгілеп алуына мүмкіндік туғызды. Бұған дейін тоқырауға ұшырап, өткір де ұшқыр сөзді аңсап келген журналистиканың жариялылық пен пікірлер әралуандығы туған қолайлы шақта көңілдегіні ашық айтуға ашқарақтана ұмтылуына таң қалуға болмайтын еді. Осы жерде журналист-публицистердің дүниетанымы, көзқарасы көп жайды айқындап берді. Қайта құрудың алғашқы қадамдарынан-ақ журналистика екі лагерьге бөлініп кетті: алғашқылары өз сөздерін айтуға, қармап қалуға асықты. Бұл “қуырылған фактілер” жақтастарының ағымы болатын. Екінші топтағылар өткенді объективті түрде

ой елегінен өткізуге тырысты. Газеттер мен журналдар беттерінде айтыс-тартыс, идеялар мен ақыл-ой қақтығысы жүріп жатты. Радикалдар мен консерваторлар айқындалды, басылымдар талас-тартыстың, жанжалдың алаңына айналып кете барды. Кезінде республика журналистика әлемін дүр сілкіндіріп, талайларды терең ойға қалдырған мына факт осының айқын айғағы: Алматы облыстық "Жетісу", "Огни Алатау" газеттері мен республикааралық "Коммунизм туғи" газетінің 1987 жылғы 19 мамырдағы нөмірлерінде Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың сот залынан түсірілген суреті жарияланды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Алматы облыстық партия комитеті мен Фрунзе аудандық партия комитетінің осы оқиғаға байланысты жедел түрде өткен бюроларында бұған қатаң баға берілді. Аталмыш басылымдардың редакторларына кәсіптік деңгейі төмен, идеялық ұстамсыз, жауапсыз деген ауыр кінә таңылды, барлығы СОКП мүшелігінен шығарылды, қызметтерінен шеттетілді. Қайта құрудың инициаторы, жолбасшысы болған партияның өзі күтпеген жерден публицист-журналистер тарапынан сын объектісіне айналды (30).

Журналистердің адамгершілік көзқарастарының мәселелері де шиеленісе түсті. Қайта құру кезеңінде журналистің жеке басының әлеуметтік, психологиялық, саяси және тағы басқа қырлары ерекше маңызға ие бола бастады.

Қайта құру қоғамды қайта жаңғырту жолындағы күресте саяси бағыттардың айқындалуымен және идеялардың таралуымен сипаталады. Сан түрлі басылымдар – бюллетеньдер, газеттер, апталықтар, журналдар, т.б. бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда шектеусіз шығып жатты. Тағы бір проблема – белгілі бір саяси концепция қатынастарында нақты және принциптік позицияны ұстана отырып, өзге пікірлерге зер салу проблемасы көлденеңдеді.

Сондықтан кез-келген газет материалы, егер ол мазмұны жөнінен демократиялық сипатқа ие болса және қоғамда демократияның күшейе түсуіне бағытталса, бұл тек автордың ғана жеке пікірі емес, сонымен бір мезгілде баспасөз органының теориялық және идеялық позициясы болып табылады.

Қайта құру ең соңғы кезеңіне қадам басқанда, яғни 80-жылдардың аяғында алып держава – Кеңес Одағы тұншыға тыныстап, соңғы демін алып жатқанда кеселді қоғам батыл ізденістер мен өзгерістерді талап етті. Республикада демократиялық заң шығарушылық кең құлаш жая бастады. Мұны қалайда тығырықтан шығуға бағытталған жанталас ретінде сипаттауға болар еді. Осындай жағдайда адам мүдделері бірінші кезекке қойылды. Тоқырау жағдайынан шығуға, халықтың өмір сүру дәрежесін көтеруге

бағытталған қоғамның барлық салаларын жаңарту процесі жүріп жатты. Билік шын мәнінде кеңестердің қолына көшті, бұл билік құрылымдарындағы қатынастардың өзгеруіне бастады.

Жариялылықтың кең қанат жаюына байланысты партия мен өкіметтің әміршілдік-әкімшілдік күшіне сүйеніп келген кеңестік баспасөздің үгітшілік, насихатшылық және ұйымдастырушылық рөлінің төмендеуінің нәтижесінде оның ескі механизмі істен шықты. Осы тұста еліміздің түкпір-түкпірінде партиялық өктемдіктен арылған, түрлі саяси қозғалыстардың туын көтерген тәуелсіз басылымдар шыға бастады. Олардың бірқатары қалың бұқара арасында лайықты қолдауға ие болды. Айталық, сексенінші жылдардың соңында латвиялық "Атмода", литвалық "Согласие", тағы да басқа газеттер одаққа кеңінен тарады. Кеңес журналистикасындағы бұл өзгерістер қазақ баспасөзіне де ықпалын тигізбей қалған жоқ. Республикада осы тұста Қазақстан азаматтық қозғалысының "Азат", "Алаш" ұлт-азаттық партиясының "Алаш", Қазақстан жастары "Азамат" ұйымының "Қазақ" сияқты бірқатар тәуелсіз басылымдары дүниеге келді. Аталмыш басылымдардың ұстанған саяси бағыттары өз алдына үлкен әңгіме етуге тұрады. Осылайша, республикамызда тәуелсіз басылымдар пайда болды.

Қоғам бір-бірімен кереғар идеялар мен пікірлер тайталасының аренасына айналды. Өкімет билігін бөлісуге ұмтылған күштердің бой көтеруі даму заңдылығынан туындаған көрініс ретінде мойындалды. Осы орайда, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері құрылымдарының ара қатынасы мен шекарасы бұрынғыдан да айқындала түсті.

...Сол кездегі дағдарыстың бар себебін қоғамдық жүйеге сүйей салуға болмайды. Дағдарыстың басты себебі үкімет жіберген қателіктерде еді.

...Демократияның дамытылу қарқынында да асығыстық орын алғаны анық... Горбачевтың қайта құру саясатының сәтсіздігі – саясатты экономиканың алдына шығарудың қандайлық зардаптарға соқтыратындығының айқын айғағы.

Осы орайда әбден күшіне мініп алған әміршілдік-әкімшілдік жүйенің ауыр зардаптары жөнінде ашық айтыла бастаған болатын.

«Горбачев Кеңес Одағының бұрынғы қалпында тұра алмайтынын ақыры толық түсінбей-ақ қойған сияқты, - дейді Қазақстан Президенті Н.Назарбаев журналист С.Абдрахмановқа берген сұхбатында. – Басқасын былай қойғанда, КСРО-дай алып елді бір орталықтан басқару ендігі жерде мүмкін еместігі анық болатын. Мен жаңарған Одақтың ендігі жерде федерация күйінде қала алмайтынын әу бастан-ақ ескерткенмін... «Қазақстан ешқашан да бірде-бір аймақтың айыл-тартпасы болмайды, ешқашан да оның «кіші інісі» болмайды», деп те басын ашып айтқанмын... Кеңес Одағы ең әрі барғанда

конфедерация түрінде ғана сақтала алатын еді. Горбачев конфедерация идеясын да қолдамай, ақыр аяғында федерациядан да айырылды. Біз ел бірлігін одақты қалайтындармен болса да, сақтап қалғымыз келген еді. Оның бел ортасында Ресей бар... Михаил Сергеевич тіпті көнбей қойды...».

Саяси дағдарыс күшейген үстіне күшейе берді. Горбачев билігіне Ресей басшылығы тарапынан орасан мықты соққы жасалды. Одан кейін Ресейде президент сайлауы өтті. Ельцин жеңіске жетті. Сайлау алдында елді аралау кезінде Ельцин Ресейдің одақтық құрылымдардың бәрінен, одақтық министрліктердің бәрінен бас тартатынын мәлімдеді... Ресейдің халықаралық қатынастар субъектісі ретіндегі тәуелсіздігін жақтады...

Көктем, жаз бойы жаңа Одақтық Шарттың төңірегінде дау-дамай қызып жатты. Сәуірде Ново-Огаревода тоғыз республика басшыларының КСРО президентімен кездесуі болды. Республикалар нақты құқықтар мен өкілеттіктер талап етті, орталық болса биліктің бар тетіктерін өз қолында қалдыруға жанталасты. Ақыр аяғында солар елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы ортақ хаттамаға қол қоюмен тарасады...

«Одақты сақтау, жаңа мәртебесін айқындау, құрылымын анықтау мәселелерінде Горбачев пен Ельциннің ұстанымдарын жақындату жөнінде талай әрекет еткенімді айтқанмын, - деп сөзін жалғастырады Президент. – Сондай бір кездесуіміз шілденің аяғында өтті... Бұл кездесу өте құпия өті. Біз күні бойы, одан кейін түннің бір уағына дейін көп мәселені талқыладық. Мынадай жоспар жасалды. Одақтық шартқа қол қойылғаннан кейін іске батыл кірісуге бекіндік...».

Осы кездесу жөнінде өз естелігінде М.С.Горбачев былай деп жазады:

«Шілденің дәл аяғында, мен демалысқа кетердің алдында Ново-Огаревода Ельцинмен және Назарбаевпен кездестім. Әңгіме Одақтық Шартқа қол қойғаннан кейін қандай қадамдар жасайтынымыз жөнінде болды. Шарттың республикалар үшін де, Одақ үшін де жасайтын мүмкіндіктерін барынша пайдалануға келістік. Кадрлар туралы әңгіме қозғалды. Әрине, алдымен Егемен мемлекеттер одағының Президенті туралы сөз болды. Ельцин бұл қызметке Горбачевты ұсынды. Пікір алысу барысында Назарбаевты Кабинет басшылығына ұсыну жөнінде ұсыныс туды. Ол егер одақтық Кабинеттің дербес жұмыс істеу мүмкіндігі болса, бұл жауапкершілікті өз мойнына алатынын айтты. Атқарушы биліктің жоғарғы эшелонын едәуір жаңарту – премьердің орынбасарларын, әсіресе, түйінді министрліктердің басшыларын ауыстыру қажеттілігі жөнінде мәселе қозғалды. Әлі есімде, Ельцин бір түрлі тынышы кетіп отырды: тап жанында

біреу тың тыңдап тұрғандай. Тынышы кеткені сондай, ол тіпті бірнеше рет дәлізге шығып, жан-жағына қарағыштап та келді» (31).

Бұл туралы М.Вече де өз жазбаларында былай дейді:

«1991 жылдың 20 тамызында жаңа Одақтық шартқа қол қойылады деп белгіленуі консерваторларды шешімді әрекеттерге итермеледі, өйткені келісім СОКП басшылығын нақты биіктен, қызметтер мен артықшылықтардан айыратын еді. М.Горбачевтың Б.Ельцин мен Қазақстан Президенті Н.Назарбаевпен МҚК төрағасы В.Крючковқа белгілі болған құпия уағдаластығы бойынша, шартқа қол қойылғаннан кейін КСРО премьер-министрі В.Павловты Н.Назарбаевпен алмастыру ойластырылды. Қорғаныс министрін, Крючковтың өзін, басқа да бірқатар жоғары лауазым иелерін осындай тағдыр күтіп түрды» (32).

Енді осы орайда журналист С.Абдрахмановтың «Сергелдеңнің соңы» сұхбатында Президент Н.Назарбаевқа қойған сұрағының толық мәтіні мен Елбасының нақты жауабын келтіре кетуді жөн көреміз (33):

«– Нұрсұлтан Әбішұлы, Кеңес Одағының үлкен қантөгіссіз тарағаны бәріміздің бағымыз. Дегенмен, оның финалында да драмаға толы беттер бар. Енді 1991 жылғы атақты тамыз бүлігіне қарай ауыссақ деймін. Сонымен Горбачев, Ельцин үшеуіңіздің құпия әңгімелеріңіз жазылып алынып, тасқа басылып, КГБ басшысы Крючковтың алдына жетті. Сіздер үшеуара әңгімеде Одақтық шартқа қол қойылғаннан кейін премьер-министрден бастап, әлеуметтік құрылымдардың бәрінің басшылары ауыстырылатынын ойластырдыңыздар. Дәл сол адамдар түгелдей дерлік бірнеше күннен кейін құрылған Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің құрамына кірді. Ельцин құпия кездесудегі әңгіме тамызда атылған мылтықтың шүріппесін басуға итермеледі деп жазды.

– Кез келген оқиғаға бір нәрсе түрткі болуы керек. Құпия әңгімеміздің КГБ басшысына жетуі ондағы жоспарларды орындатпауға итермелеуі көкейге қонады. Бірақ бұл түрткі ғана. Негізінде, КСРО-дай елдің тарауы тым жаймашуақ жүзеге асуы мүмкін емес еді. Сондықтан, егер нақты қарасақ, ақыры болмай қоймауға айналған үдерістің тездеуіне осы оқиғаның қозғау салуы ненің не екенін, кімнің кім екенін айқындауға да мүмкіндік бергенін айтуға тиіспіз.

Жалпы, ГКЧП бүлігі арада жиырма жыл өтсе де, талай кітап жазылса да әлі күнге ақиқаты толық ашылмаған жайлардың бірі.

– Горбачев Форостан келгеннен кейінгі алғашқы баспасөз мәслихатында: «Всего я вам не скажу. Всего я не скажу никогда» деген болатын журналистерге.

– Қалай дегенде де бұл қадамның арғы жағында бес-алты жыл бойғы бітпейтін де қоймайтын көпсөзділіктен әбден шаршаған, төзімі сарқылған, түңілуге айналған халықтың ыза-кегін өз мақсаттарында пайдаланып қалуға тырысқан шағын топтың заңсыз әрекеті тұрғаны анық. Олар өз мақсатына жету үшін айла-шарғыдан, ашықтан ашық өтірік айтудан да тайынған жоқ».

ГКЧП бүлігіне қозғау салған негізгі жай – Горбачевтың 20 тамыз күні жаңа Одақтық шартқа қол қойылатынын жариялауы. Оны ұйымдастырушылар ең алдымен республикалардың жаңа мәртебеге ие болуына қарсы шығуға тырысты. Сондықтан бұл бүлікті ең алдымен одақтас республикалардың егемендік жолындағы күресіне қарсылық деп бағалаған орынды.

Мәскеудегі 1991 жылдың 19-21 тамыз аралығында болған тамыз оқиғалары партиялық өктемдікке біржолата нүкте қойды. Мұндай оқиғалар кез келген публицист-журналистің ұстанымын, саяси ойлау машығын айындауда маңызды рөл атқаратындықтан бұған кеңінен тоқтала кеткен жөн секілді. Тамыздың 19 күні таңертең радио елімізді дағдарыс күйден шығару, елде қатаң тәртіп орнату мақсатын «көздейтін» төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет деген құрылып, Президент М.С.Горбачев денсаулығының нашарлауынан өз міндетін атқара алмайтынына байланысты президент билігі вице-президентке ауысады деп хабарлады.

Әдеттегідей, барлық газеттер сол төтенше комитеттің алғашқы құжаттарының бәрін жариялады. Соның ішінде Кеңес басшылығының (үш адам Г.Янаев, О.Бакланов, В.Павлов қол қойған) Кеңес халқына үндеуі дегенді, оның №1 қаулысын, шетелдерге арнаған мәлімдемесін (кәдімгі үкімет өзгерісі болғанда айтатындай – бұл біздің ішкі ісіміз, ешкім бұған араласпасын, ал біз басқа мемлекеттер алдындағы борыш-міндеттемелерімізді қалтқысыз орындаймыз дегендерді айтты) жариялады. Олардың №2 қаулысы (небары үш қаулы қабылдап үлгерді, оның үшіншісі радиомен берілді де баспасөзде жарияланып үлгермеді) бойынша орталықта тоғыз газеттен басқа газеттердің барлығы тоқтатылып, қайтадан тіркеуден өтуге тиіс болды.

Қазақ КСР Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына үндеу жолдап, ол 20 тамыздағы газеттерге Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің мәлімдемесімен қатар жарияланды. Елбасы ақыл-парасатты, халық алдындағы жауапкершілік сезімін басшылыққа алу маңызды деп республикада төтенше жағдай енгізілмейтінін шегелеп тұрып айтты. Әсіресе, үш адам құрған республикалар қатыспаған комитет егемендік туралы декларацияларды аяқасты етуде деп ашық мәлімдеді. Осы тарихи үндеудің мәтіні төмендегідей еді:

«Еліміз үшін осынау жауапты сәтте сіздерді байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға шақырамын. Қазір бұл ерекше қажет, өйткені әрқайсымыз тарапынан жасалған қандай да болсын қызбалық, ойластырылмаған іс-әрекет аса ауыр әлеуметтік сілкіністердің бастамасына айналуы мүмкін.

Мен сөзімді барлық азаматтарға, біздің көпұлтты республиканы мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдеріне арнаймын. Бұл күндері біз өзіміз үшін әрқашан да бірлік пен өзара түсіністіктің негізі болып келген халықтар арасындағы достықтың ғасырлар бойына жинақталған тәжірибесіне арқа сүйеуге тиіспіз.

Қазақстан территориясында төтенше жағдай енгізілмейтінін, бүкіл өкімет билігі Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы қабылданған Декларациясына және Конституциясына сәйкес толығымен совет органдарына тиесілі екенін ерекше атап көрсеткім келеді.

Мен республиканың егемендігін нығайту саясатына және демократия, Одағымыздың бірлігі принциптеріне адалдықты қуаттаймын, басталған реформаны жүзеге асыруға бекемдік білдіремін. Қазақстан халқы жоғары саналылық, қырағылық пен топтасқандық танытады деп кәміл сенемін».

Қазақстанда жағдай қалыпты болды.

Әрине, 20 тамыз күні барлық газеттер бұрыннан орнап қатып қалған тәртіпті сақтап, ресми құжаттардың барлығын да жариялады. Қарсы жақтың құжаттары бізге жетпеді.

21 тамызда газеттер өздерінің көзқарас-қимылын айқындай бастады. «Егеменді Қазақстан» төтенше комитеттің көп құжаттарын жарияламай қойды. «Лениншіл жас» пен «Ленинская смена» да ресми материалдарға орын берген жоқ. «Казахстаская правда» сол құжаттың кейбіреуін беріп отырып, онымен қатар өздерінің түсініктемесін (ол төңкерістің түсініксіз, заңсыз екенін ашық айтқан) жариялады. Қарағандының «Орталық Қазақстан» газеті сол алғашқы күннің өзінде төңкеріске қарсы, әшкерелеген, ашынған мақалалар берді. Сөйтіп, газет редакторы Нұрмахан Оразбеков теңдессіз ерлік жасады (34).

Көпшілік облыстық газеттер, республикалық радио мен телевизия сол ресми хабарлардың аумағынан шыға алмай, өздерінің көзқарас-пікірлерін батыл айта алмады.

Тамыз оқиғасы Кеңес Одағындағы саяси үдерістерді жеделдетіп жіберді. Енді Одақтың ыдырауын тоқтату мүмкін болмай қалды...

Осы ретте кеңестік дәуірдің соңғы кезеңінде КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы болған Н.И.Рыжковтың мына лебізін келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз: «Мен, - деп еске алады ол, - Н.Ә.Назарбаевпен ол Қазақ

ССР-і Министрлер Кеңесін басқарған кезде де, кейіннен республиканы басқарған кезде де бірге жұмыс істедім. Сондағы кездесулер барысында-ақ менде оны үлкен саяси болашақ күтіп тұр деген кәміл сенім қалыптасты. Байсалды, ұстамды мәнері, әңгімедегі ең басты нәрсені қас қағым сәтте қағып алып, даралай қоюы, алғыр ақылы, ой-өріс кеңдігі, шығыс адамдарына тән дарқандығы – Нұрсұлтан Әбішұлын елден ерекшелеп тұратын қасиеттерін осылай жалғастыра беруге болады. Бұған республиканың экономикалық және әлеуметтік проблемаларын тамаша білетіндігін қосу керек, бұл оған ең күрделі мәселелерді де тиімді шешуге дейін мүмкіндік беретін».

Кеңестік жүйенің соңғы кезеңінде Қазақстанда экономикалық дағдарыс жайлады. Экономикалық қуаты, өнеркәсіп потенциалы одақта үшінші орын ала отырып, республика халыққа қажет игіліктер, әлеуметтік тұрмысты қамтамасыз ету жөнінен 8-12 орындарда болды. Елде 250 елді мекен суды тасып ішті, 1648 мекенде аурухана, 2090 жерде мектеп, 3800-інде балалар мекемелері болмаған. Республика жерінен өтетін газ құбырларының бойында отырған 2000 елді мекеннің 78-і ғана сол құбырдағы газды пайдаланды. 210 селолық ауданның 71-інде жағдай қанағаттанғысыз, ал 30 алыс аудандарда (оларда 1 миллионнан астам қазақ тұрды) адам төзгісіз еді...

Тәуелсіздік қарсаңында Қазақстанның өзіндік конституциялық заңнамасын қалыптастырудың басы уақыт жағынан Кеңестер Одағының ыдырауына сәйкес келді. Тәуелсіздікке қарай барар жолдағы алғашқы қадам 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы болды.

Ал, 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық акт Заңы қабылданып, Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялады.

Елбасы тәуелсіздік жарияланған күндерде былай деді: Біздің республикамыз бен халқымыз қиын да қайғылы жолдан өтті. Сталинизм жылдарында Қазақстанда концентрациялық лагерьлер орналасып, оған кейбір халықтар тұтасымен жер аударылды, атом сынақтары жасалды. Космодром мен сынақ алаңдарының да көбі осында. Сырттан 2 миллион адам күштеп көшірілгендіктен көп ұлтты елге айналдық. Тағы да 2 миллиондай адам тың көтеруге жіберілді. Бұл - әрине, демографилық естен тандыру еді.

Ұлт ретінде жұтылып кетудің қасіретті қаупі қара бұлттай торлаған ауыр саяси-экономикалық жағдайда еліміз өз тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қадам басқан болатын. Міне, осындай ауыр сын кезеңде тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев ел тұтқасын қолына алды.

Ұзақ жылдар бойы адамзат көшінен көз жазып, азаттық, еркіндік дегеннің, иелік, қожалық, егемендік дегеннің байыбына барып көрмеген ұрпақ ойламаған жерден империяның казармалық бұғауынан босап, бостандық әлеміне шыққанда, қайда бет аларын білмей абыржып қалған-ды. Жуық арада іргесі ыдырамастай көрінетін қызыл империяның күрт күйрегені сонша, жұртшылық түсінбестей беймаза күйге ұшырады.

Сонау, 1909 жылы халқымыздың ұлы перзенті Міржақып Дулатов: «Оян, қазақ!» деп ұрандап еді. Арадан сексен жылдан астам уақыт өткенде Қазақ елі тәуелсіздігінің нұрлы таңы енді-енді атып келе жатқанда қазақ қалың ұйқысынан оянып қана қойған жоқ, жан-жағына қарап, көпті көріп, көп нәрсені көңілге түйіп, ұлт мүддесі жолындағы ұлан асу, ұлы жорыққа аттануға тас-түйін болып, дайын отыр еді. Дәл осындай тарихи тұста публицист-жазушы С.Досанов мынадай ұран тастады: «Ойлан, қазақ! Халқымның көсегесі көгерсін десең, ойлан! Ойланып қана қоймай, белінді бекем буып, әрекет істе, уақытты босқа өткізбей, ұлтың үшін ұлы іс тындыр! Адамзат көшінің соңында қашанғы қала бермекпіз?! Басыңды біріктірер күн туды. Ерлігіңді танытар, елдігіңді сақтап қалар сын сағаты жетті. Қазақтың дауылдардан ықпаған, ерлік туын жықпаған ер-азаматы, сен болмасаң; халықтың ақылгөй қарты, қайсар жігіті, намысты ұланы, қиянға жұмсар қыраны, сен болмасаң; ер-азамат серігі – қазақтың сүйкімді аруы, сен болмасаң; аяулы абзал ана, сен болмасаң... қазақтың қамын кім ойлар? Қазақтың қамы әр қазақтың жүрегінде жүрер, көкейін тесер, кеудесін қарыр күн бүгін.

Ұлтым тарих тасасында ұмыт қалмасын, ұрпағым өссін, халқым өркендесін деген кеудесінде намыс оты бар әр қазақ өз ортасында халыққа пайдалы әйтеуір бір іс тындыруға міндетті. Біз ... жол айрығында тұрмыз...» (35).

Ұлт ретінде жұтылып кетудің қасіретті қаупі қара бұлттай торлаған ауыр саяси-экономикалық жағдайда еліміз өз тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қадам басты. Осылайша, әлем картасында дербес елге айналдық, кең байтақ жеріміздің қазба байлығы, потенциалы еншімізге берілді. Қазақ елінің алдында ұлы тарихи міндеттер бой көтерді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Стратегия партии. Передовая статья // Правда. 1985. 10 ноября.

2. Горбачев М.С. О национальной политике партии в современных условиях. – М.: Политиздат, 1989. – С. 14.

3. Брежнев Л.И. О пятидесятилетии Союза Советских Социалистических Республик. Доклад на совместном торжественном заседании Центрального Комитета КПСС и Верховного Совета СССР и Верховного Совета РСФСР в Кремлевском Дворце съездов. 21 декабря 1972 г. Ленинским курсом. Речи и статьи. Т. 4. – М.: Политиздат, 1974. – С. 50.

4. // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. 1999. №7. – 12-13-беттер.

5. // Правда. 1986. 17 декабря; Социалистік Қазақстан. 1986. 17 желтоқсан.

6. Сообщение из Алма-Аты // Правда. 1986. 19 декабря; Алматыдан хабар // Социалистік Қазақстан. 1986. 19 желтоқсан.

7. Қонаев Д.А. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе) / Ауд. С.Әбдірайымұлы. – Алматы: Санат, 1994. – 427-433-беттер.

8. Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы КОКП Орталық Комитетінің 1987 жылғы шілдедегі қаулысы // Қазақ әдебиеті. 1987. 17 шілде.

9. Самойленко А. Уроки правды // Лит. газета. 1987. 10 января.

10. Лапин А. Горькие уроки // Комсомольская правда. 1987. 10 января.

11. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 217-бет.

12. Есильбаев Т. Цена самолюбования // Правда. 1987. 11 февраля.

13. Головоткин Ж. Что стояло за событиями в Алма-Ате? // Молодая гвардия. 1989. №6. – С. 58.

14. // Известия. 1987. 26 марта.

15. Алимжанов А. Что же произошло в Алма-Ате? // Лит. газета. 1987. 7 января.

16. // Социалистік Қазақстан. 1987. 16 қаңтар.

17. Журавлев В., Кодин М. Аппарат – для политики // Правда. 1989. 22 сентября.

18. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының материалдары. – Алматы, 1989. – 133 бет.

19. // Правда. 1988. 29 октября.

20. Жастармен ашық әңгіме. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаевтың республика астанасы жастарының өкілдерімен кездесуі // Социалистік Қазақстан. 1990. 17 қаңтар.

21. Қалшабеков Ә. «Ленинизмнен бой тартайық» және Айдосов А. «Ленинизмді қорғай білейік». Кереғар екі хат, екі түрлі сын-сипат // Қазақстан коммунисі. 1991. №4. – 54-59-б.

22. Засурский Я.Н. Научное исследование журналистики – важный фактор развития гласности // Вестник Московского университета. Серия 10. Журналистика. 1989. №5. – С. 3.

23. // Литературная газета. 1988. 11 мая.

24. Айтматов Ч. Не подрываются ли основы? // Известия. 1988. 24 мая.

25. Қараңыз: Қозыбаев М. Тарих және әдебиет // Қазақ әдебиеті. 1988. 15 қаңтар; Нұржекеев Б. Ашық айту – арға сын // Қазақ әдебиеті. 1988. 29 қаңтар; Елубаев С. Нәубет. Мезгіл мінбесінен // Қазақ әдебиеті. 1988. 18 наурыз; Нұршайықов Ә. Қайта құру туралы ойлар // Жұлдыз. 1988. №6; Сең бұзылса, сел жүрер. Т.Қаупынбаевтың Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы С.Мұратбековпен сұхбаты // Жұлдыз. 1988. №7; Мәуленов С. Жазушы толғанысы // Жұлдыз. 1988. №8; Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер түзетілсе (пікір алысу ретінде) // Жұлдыз. 1988. №11; Ақиқатын айтар болсақ... Журнал тілшісі С.Тұрғынбековтің ақын-публицист Қ.Мырзалиевпен сұхбаты // Жұлдыз. 1988. №6; Жүнісов С. Шындықтың шырайы кірсін // Жұлдыз. 1988. №6; Әділет салтанат құруда. Жазушы-публицист Б.Қойшыбаевтың Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы Т.Аймағамбетовпен сұхбаты // Қазақ әдебиеті.. 1988. 9 желтоқсан; Кәкішев Т. Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы // Қазақ әдебиеті. 1989. 19, 26 мамыр; Демократия тағылымдары. КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, КСРО Халық депутаты Мұхтар Шахановпен әңгіме. Әңгімелескен К.Тәбеев // Қазақ әдебиеті. 1989. 14 шілде; т.б.

26. Бөкеев О. Партия дегеніміз... Мезгіл мінбесінен // Қазақ әдебиеті. 1990. 2 наурыз; Ахметов Қ. Партократия мен демократия // Қазақ әдебиеті. 1991. 5 наурыз.

27. Қараңыз: Бердібаев Р. Имандылық // Қазақ әдебиеті. 1991. 15 наурыз; Өзіңнен бастау оңай ма? Журнал тілшісі Т.Қаупынбаевтың публицист-жазушы С.Шаймерденовпен сұхбаты // Жұлдыз. 1988. №2; Нұрмұхамбет Д. Адалдықтан айнымаған адам. Көрнекті жазушы С.Шаймерденовтың азаматтық бейнесінің бір қыры туралы толғау // Қазақстан-Zaman. 2003. 12 желтоқсан; т.б.

28. Есенәлиев М. Қалыпқа салма, халыққа сал. КОКП Орталық Комитетінің Пленумы қарсаңында // Қазақ әдебиеті. 1989. 14 шілде.

29. Қараңыз: Шаханов М. Бес ғасырлық арман немесе Желтоқсан тағылымы (Желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан» атты ғылыми-теориялық конференцияда жасалған баяндама) // Қазақ әдебиеті. 1996. 17 желтоқсан; Мәселе – әділеттілікте. Публицист Ж.Қорғасбектің «Қазақ әдебиеті» газеті жанынан құрылған ақылдастар алқасының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеология

бөлімінің меңгерушісі Қ.Сұлтановпен сұхбаты // Қазақ әдебиеті. 1990. 20 шілде; т.б.

30. Садықұлы С. Қоғам және журналист. – Астана: Елорда, 2000. – 83-88-беттер.

31. Горбачев М.С. Жизнь и реформы. 2-книга. – М. – С. 556-557.

32. Вече М. Сто великих событий XX века. – М., 2006. – С. 455-456.

33. Сергелдеңнің соңы. Президент Н.Назарбаевтың журналист С.Абдрахмановқа берген сұхбаты // Егемен Қазақстан. 2012. 19 тамыз.

34. Смайылов К. Дүниені дүрліктірген үш күн (1991 жылдың 19-21 тамыз аралығында не болды?) // Қазақстан коммунисі. 1991. №10.

35. Досанов С. Қазақтың қамын кім ойлар? Мезгіл мінбесінен // Қазақ әдебиеті. 1991. 21 маусым.

Үшінші бөлім бойынша
бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Қазақ журналист-публицистері соғыстан кейінгі жылдарда.
2. «Ұлы орыс халқы» тіркесінің кеңестік журналистиканың туына айналу негізі.
3. Қаныш Сәтбаевтың «Сталинге хаты».
4. 50-жылдардың басындағы қазақ қаламгерлері мен ғалымдарының кезекті қуғын-сүргіні.
5. Тарихшы-публицист Ермұхан Бекмахановтың талайлы тағдыры.
6. 1946-1958 жж. Республикалық мерзімді басылымдардың құрылымы.
7. Хрущевтік «жылымық» кезеңіндегі Қазақстан баспасөзіндегі ұлттық мәселелер.
8. Қазақ журналист-публицистері тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарында.
9. Тың игерудің көлеңкесі мен күнгейі.
10. Баспасөзде «тың игеру романтикасы» тақырыбы.
11. 60-жылдардағы қазақ баспасөзінің ұлттық сананың қалыптасуына ықпалы.
12. «Ұлттардың гүлденуі мен жақындасуы» бағдарламасының мәні жіне журналистика рөлі.
13. «Тоқырау» жылдарындағы ұлттық идентификациялану проблемалары баспасөз бетінде.
14. Партиялық өктемдіктің заңдастырылуы және журналист-публицистердің ахуалы.
15. Ұлттық тәрбие және интернационалистік тәрбие: мәні мен мақсаты.
16. «Тоқырау» жылдарындағы газет-журналдардың негізгі тақырыптары және айдарлары.
17. Журналист-публицистер «идеялық ұстамдылық» ұраны аясында.
18. Кеңестік газеттердегі сын материалдар және жергілікті органдардың жауаптары.
19. Кеңестік журналист-публицистер мен басылымдар позициясы.
20. Кеңестік тоқырау кезеңінде газет-журналдардағы экономикалық тақырыптар және адам факторы.
21. Камал Смайыловтың тоқырау жылдарындағы публицистикасы.
22. Тарихи қауымдастық – кеңес халқын қалыптастырудағы публицистер алдына қойылған міндет.
23. Қайта құру және ұлттық идентификация мәселелері Қазақстан баспасөзінде.
24. Қайта құру кезеңінде газет-журналдардың бағыт-бағдарындағы түбірлі өзгерістер.
25. Журналист-публицистің жаңаша ойлау машығы, жариялылық пен демократия.
26. 1986 жылғы Желтоқсан оқиға-көтерілісінің негізі.

27. «Правда», «Известия», «Литературная газета» газеті және «Комсомольская правда» т.б. орталық басылымдар тілшілерінің Желтоқсан көтерілісіне арналған материалдары.
28. Д.А.Қонаев Желтоқсан жайында.
29. КОКП ОК-нің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы» қаулысындағы «Қазақ ұлтшылдығы» мәселесі.
30. 1991 жылғы тамыз оқиғалары кезеңінде журналист-публицистердің ұстанымы.
31. ГКЧП бүлігі. Президент Н.Назарбаевтың журналист С.Абдрахмановқа берген «Сергелдеңнің соңы» атты сұхбаты.
32. Публицист-жазушы С.Досанов: «Ойлан, қазақ!».

ІҮ БӨЛІМ
ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

І ТАРАУ
ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің пайда болуы оның алдына қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуына қуатты серпін беретін, мемлекет егемендігін қамтамасыз ете алатын, ел халықтарының одан әрі өсіп-өркендеуіне жағдай туғызып, оларды ортақ іске жұмылдырушы күшке айналдыра алатын ұлттық идея туғызу міндетін алға тартты. Бұл ұлы міндетті орындау жолындағы ізденісте оны қандай бағытта жүзеге асырып, қалыптастыру қажеттігі ең негізгі мәселелердің біріне айналды. Осы орайда Президент Н.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында былай деп жазады: «Тоталитаризм ұлттық тарихтың қалың-қалың қабаттарына кереметтей бір зұлымдық әдісті қарсы қойды – ұлттың өткен тарихының біртұтас жанды тасқынын тап күресі дейтін мұқыл ұғыммен мылжалап тастады. Индустриялық үлгіде қалыптасқан таптық қоғамның көрінісін қазақ қоғамына әкеліп қондыра салу қазақтарды көз ілеспейтін қас-қағым сәтте үш ұйықтаса түстеріне кірмейтін, табиғатына жат бөгде бір құбылыстардың сүреңсіз сүлдесіне айналдырды да жіберді...

...Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр...

Ал осы міндет біздің алдымызға тек қана, бір ғана ұлы мүмкіндік түрінде емес, қатал қажеттілік түрінде де қойылып отыр. Оны шешсек, біз тарихтың өзімізге шақталған мезгіліне сәйкес боламыз, тарихи болымсыздықтың бос қуысында босқа қарманып жүрмейміз» (1).

Осы тұрғыдан келгенде шешуі қиын аса күрделі жағдайдың мәні мынада еді: көптеген қоғамтанушылар мен саясаттанушылар бұл орайда XIX ғасырдағы буржуазиялық қоғамның даму кезеңі мен XX ғасырдағы саяси-демократиялық және коммунистік идеологияның даму кезеңінде қалыптасқан түсініктер мен қайшылықтарды алға тартады. Олардың пікірінше, ұлт дегеніміз этнос қалыптасуының едәуір жоғары дәрежесі. Сондықтан да олар полиэтникалық мемлекетте біртұтас ұлтты қалыптастыру мүмкін емес деп есептейді, себебі адамдардың этникалық бәсекелестігі, пара-парлыққа ұмтылысы мемлекеттік бәсекелестік пен пара-парлыққа ұмтылыстан әрдайым жоғары тұрады. Бұдан полиэтникалық мемлекет пен көпұлтты мемлекет арасындағы мүдделер алуандығы аңғарылады. Бұл айқындамалардың сәйкестігі жөнінде сөз болуы мүмкін емес. Қоғамтанушылар осы жайларды еске ала отырып, Қазақстан жағдайында қазақтар жөнінде сөз болғанда «ұлт» деген анықтаманы, ал республикада тұратын өзге ұлт өкілдеріне «диаспора» анықтамасын қолдану қажеттігіне назар аударады. Осының нәтижесінде Қазақстанның ұлттық идеясын қазақ

ұлттық идеясы деп ұғыну қажеттігі туындайды. Ол қазақ халқының ұлт ретіндегі қайта өрлеуінің, жаңғыруының негізіне айналуы тиіс.

Бұл ғылыми еңбектерде және қоғамтанушылардың санасында «титульды ұлт» анықтамасының пайда болып, орнығуына алып келді. Мұны бірқатар посткеңестік жас мемлекеттер мен қоғамтанушылар өз жағдайларына белсенді түрде қолдануда. Ұлт мәселесі және ұлттық саясат жөніндегі бұл зерттеулерде «ұлттың этномәдени түсінігі» деген ұғымға ие болып отыр.

Осындай ұстанымды бірінші кезекке өздерінің этникалық мәдениетін қоятын жергілікті ұлт элитасы қолдайды және бұл элита мемлекеттен оны өзге мәдени ықпалдардан сақтауды талап етеді, сонымен қатар көпұлтты мемлекет мәдениетінің негізі ретінде оның дәрежесін арттыру міндетін алға тартады.

Бұған қарама-қарсы көзқарасты ұстанатын қоғамтанушылар да бар. Олар полиэтникалық мемлекетте ұлттық идея бір ғана этностың идеясы бола алмайды деп есептейді. Қазақстанда, дейді олар, ұлттық идея негізінен алғанда көпұлтты қоғамның идеясы болуы тиіс. Осы жағдайда ғана ол этникалық шығу тегіне қарамастан елдің барлық азаматтарын біртұтас халық ретінде біріктіре алады. Ол қазіргі этносаясаттануда азаматтық ұлт ретінде түсіндіріледі.

Қазақстандық қоғамдық ой жүйесінде ұлттық идеяның осы екі теориялық пайым-түсінігі бел алып отыр. Бірінші теорияның жақтастары қазақтардың өздері болып табылады. Ал олардың оппоненттері – жергілікті емес этникалық топтардың өкілдері, алайда олардың арасында қазақтар да аз емес.

Осы екі жағдайдың әркилылығы олардың қарсыластары арасында идеялық шиеленістер, қарама-қайшылықтар туғызады. Міне, бұлар республика баспасөзінде көрініс тауып келеді. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары осы аса өзекті мәселелер тұрғысында пікір алуандығын бүкпесіз көрсете отырып, ұлттық идеяның академиялық орталарда ғана пісіп-жетілуіне, жоғарыдан күштеп таңылуына қарсылық көрсетеді, мұның адамдар санасында орнығып, өркен жаюын қолдайды. Бұлай етпеген жағдайда қазақстандық жалпыұлттық идеяның кезекті коммунистік догмаға айналып кетуі әбден мүмкін. Республика баспасөзі қазіргі Қазақстан қоғамын барынша нығайта түсуге ұмтылыс жасауда, бұрынғы саяси практиканың қарама-қайшылықты құралдары түкке алғысыз болып қалды. Қазақ елі ұстанып отырған саясаттағы басты ұстаным «Ұлтаралық келісімді нығайтумен қатар, Қазақстан қоғамының бірлесуі идеясын жүзеге асыра отырып, ұлт ішіндегі бірлікті нығайту... Қазір осы мәселе орын алып отыр, сондықтан міндет ұлттық идеяның біріктіруші, сындарлы рөл атқаруында жатыр» (2).

«Практикалық тұрғыдан алғанда, - деп жазды «Казахстанская правда» газеті «Ұлттық идея: азаматтық әлде этникалық?» деген мақалада, - барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттердің алдында мультиэтникалық тұрғындарды жоғары деңгейдегі пара-парлыққа бірлескен біртұтас қауымдастыққа ұлттық шоғырландыру міндеті тұр. Көптеген мемлекеттерде ең ірі этностар (ең ірі

этностық топтар) мен өзгелер, едәуір аз этностар арасында әр түрлі қарама-қайшылықтар сақталып отыр. Мультиэтникалық тұрғындар құрамы бар қазіргі көптеген мемлекеттердің өкіметтері алдында принципті мәселе тұр: азаматтық және этномәдени түсінігіндегі ұлттар мен ұлттық идеялар арасындағы қайшылықты қалай шешуге болады?» (3).*

Жарияланым авторлары Ә.Нысанбаев пен Р.Қадыржанов осындай сауалдар төңірегінде сөз қозғай келе, Қазақстанда жалпыұлттық идеяны қалыптастыруда ұлттық идеяны құрайтын азаматтық та, этномәдени де құндылықтарды пайдаланудың маңызды екенін атап өтеді. Олар бұл үшін қазақ этносының төңірегіне азаматтық қауымдастық ретінде біртұтас халықты қалыптастыру қажет деп есептейді.

Мұндай жағдайда бір жағынан қазақ элитасы мен екінші жағынан орыстілді элита арасындағы шынайы келісімді нығайта түсуге әрдайым қолдау көрсетіп отыруға мүдделілік танытатын мемлекеттің позициясы үлкен маңызға ие. Ол құндылықтар шиелінісі қоғам үшін аса қауіпті саналатын мүдделер шиеленісіне айналып кетпеуі үшін идеялық-саяси принциптердің қақтығысына жол бермеуге барлық мүмкіндікті жұмылдырады. Қазақстанда, деп жазады одан әрі газет, мультиэтникалық қоғамдағыдай ұлттардың титульды этномәдени де, азаматтық та концепциясының қатар өмір сүруіне объективті сұраным бар. Авторлардың көзқарастары бойынша, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығын сақтау үшін азаматтық ұлттық бәсекелестік пен пара-парлыққа ұмтылысты да, қазақтардың этномәдени бәсекелестігі мен бірегейлікке ұмтылысын да нәрлендіріп, нығайта түсу қажет. Сондықтан жалпыұлттық идеяны түзу барысында оны азаматтық ұлт идеясымен де байыта түсу үлкен маңызға ие. Бұл олардың этникалық өзгешеліктеріне қарамастан, барлық қазақстандықтардың ұлттық тепе-теңдігіне, пара-парлығына оңды ықпал етеді. Біртұтас Қазақстан халқы «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» деген қасиетті ұғым-түсінікті шынайы түрде жүзеге асыра алады. Қазақстандық патриотизм мен жоғары моральдық рух азаматтық ұлттың шын мәніндегі атрибуттары ретінде мығым әлеуметтік-саяси күшке айналады. Қазақ еліндегі сан алуан ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті тіршілігі, өзара сыйластығы мен мамыражай бейбіт өмірі Елбасы ұстанып отырған саясаттың нақты жемісі болып табылады.

Азаматтық ұлтты қалыптастыруда толыққанды азаматтық қоғам маңызды орын алады. Азаматтық ұлт пен азаматтық қоғам – біртұтас, бір-бірін ұдайы толықтырып тұрады. Алайда, этномәдени концепцияны жалпыұлттық идея құрамына қосу жөнінде айтқанда, деп жазады мақала авторлары, біртұтас Қазақстан халқын мемлекет құраушы этнос – қазақтардың төңірегіне топтастыру олардың азаматтық ұлт құрылымында ерекшеленіп тұруын талап етеді. Әңгіме азаматтық концепциямен сайма-сай келетін, бір-біріне кереғар емес, этномәдени концепцияның іске қосылуы жөнінде болып отыр.

---

*Оқу құралындағы орыс тілінде жарық көрген кітаптардан, газет-журналдардан, құжаттардан, т.б. алынған үзінділер мен сілтемелер автордың аудармасымен беріліп отыр. – С.С.

Авторлар Қазақстанда біртұтас халықты қалыптастыру сипатының этникалық және тарихи тамырлары тереңнен нәр алатынына, олардың бірінші кезекте қазақтармен тығыз байланысты болатынына және бұл астардың жалпыұлттық идеяда өзіндік орны болуы тиіс екеніне баса назар аударады. Және бұл компонент оның тарихи-мәдени сабақтастығын негіздеуде принципті маңызға ие. Бұл жолда Қазақстан барлық қазақстандықтарға ортақ ұлттық идеяны ұстануда.

Бұдан бұрынырақта осы газетте «Пікірлесу» айдарымен «Ұлттық идея: талқылауға ұсыныс» атты көлемді материал жарық көрген болатын, онда жас мемлекет үшін ұлттық идеяның зор маңызы бар екендігіне баса назар аударылды. Бұл мәселедегі келісім жетістіктері Қазақстан үшін қоғамды біртұтас ұлтқа біріктіруді білдіреді, онсыз нәтижелі мемлекеттік құрылысқа қол жеткізу оңай емес. Сондықтан ұлттық идеяның қажеттілігі қоғамның субъективті сұранымдарымен қатар объективті жағдайларымен де тығыз байланысты.

Мәселенің күрделілігі мынада: ұлттық идея өз тәуелсіздігін енді ғана алған мемлекетте бірден жасалып, қабылданбады. Оған қажеттілік халықтың шынайы тыныс-тіршілігі мен шындық тәжірибесі процесінде пайда бола бастады, бұл ұлттық идеяның аса маңызды өзіндік сипатқа ие екенін айқындай түсті (4).

Бұдан әрі мақалада бұл міндетті шешудің төмендегідей бірқатар факторларға байланысты екеніне баса назар аударылады: бұлар Қазақстан тұрғындарының этникалық, саяси, діни сана-сезімдеріне тікелей байланысты. Бұл құндылықтар ел азаматтарының санасында берік орын алмағандықтан олардың әлеуметтік белсенділігі де әрқилы келеді. Қазіргі жағдайда оны жеңіп шығуға өткенді аңсау сезіміне бой алдыратын этникалық идентификациялану кедергі келтіреді. Алайда, өткеннің бар құндылықтарына қарамастан бұл идентификация жаңа уақыт талаптарының алдында дәрменсіздік танытады.

Сондықтан ұлттық идея ұлтты ұйыстырудың міндеттерін шешуге бағытталуы тиіс. Мұнсыз қоғамдық сананы қалыптастыруға мүмкіндік беретін мақсаттар мен құндылықтардың икемсіздігін қалыпқа түсіру мүмкін емес. Шынтуайтын айтар болсақ, ұлттық идеяның Қазақстанда алда тұрған міндеттерді модернизациялауға мүмкіндік алуға сара жол ашудағы рөлі орасан зор, мұнсыз жас мемлекет дамушы елдердің сапында болуы екіталай. Мұның жарқын мысалын еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жүріп өткен жолынан айқын көруге болады. Осы орайда профессор Е.Ертісбаев былай деп жазады: «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің таңы атқанда саяси басшылық алдында басқарудың әміршілдік-әкімшілдік әдісінен кемелденген демократиялы елдердің озық жетістіктеріне негізделген технологияны қамтамасыз етуге қабілетті мемлекеттік құрылыстың жаңа жүйесін қалыптастыру мәселесі бой көтерді.

Осыған орай елдің кезең-кезеңді, логикалық тас-түйін қалыптағы саяси модернизациялау бағдары ел Президенті Н.Ә.Назарбаев жариялаған

«алдымен экономика, сонан соң саясат» реформасының моделінің негізінде өтті. Экономикалық реформалардың бүкіл барысында саяси жаңғырту мәселелері қоғамдық-саяси тұратылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету жағдайында өтті.

Қазір біз Мемлекет басшысының «Қазақстан-2030» Стратегиясында Қазақстанның әлемнің бәсекеге айрықша қабілетті 50 елінің қатарына ену Стратегиясы мен Президенттің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында тұжырымдалған ел дамуының ұзақ мерзімді бәсекелестігіне толық жауап беретін саяси модернизациялаудың логикалық тұрғыдағы бекем процестерінің куәсі болып отырмыз. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүргізіліп отырған саяси реформалар кешені – бұл одан әрі демократияландыруға негіз қалайтын елдің саяси жүйесі эволюциясының заңдылық кезеңі» (5).

Сонымен, ұлттық идея елдің дамуының локомотиві болуы тиіс. Бұл идея осы кітап авторының монографияларында және еліміздің жетекші журналдары мен шетел журналдарында жарияланған бірқатар ғылыми мақалаларына арқау болды (6).

Қазіргі таңда Қазақстан дербес дамудың бірқатар тәжірибесін жинады, енді қоғам алдында терең ұғынылған қыруар міндет тұр. Біртұтас қазақстандық ұлттың нақты кескінінің түзілгені де нақты өмір шындығы. Сондықтан дәстүрлі мәдениет пен өткеннің таным-түсінігінің мазмұн-мәні жөнінде мақтаныш сезіммен, бар дауыспен айтуға болады. Осы орайда Елбасының төмендегі жазбалары әр қазақтың жүрегінің төрінен орын алары даусыз:

«Қарапайым ақиқатты түсінетін мезгіл жетті, жаңғырған сана әсте ұлттық аңсарға қайшы келмек емес. Керісінше, ұлтымыздың «Мен» дегізерлік қасиетін сақтауға жаңғырған ұлттық сана ғана кепіл бола алады...

Қазақтың ұлттық сана-сезімін дамыту, «қазақ» деп аталатын таңғажайып әрі бай тарихи және мәдени байтаққа өз қатысының бар екенін сезіну – міне, бұл этникалық ең басты артықшылық. Бұл арада дипломатиялық түсініктемелерді жасырудың да, ойдан шығарудың да қажеті жоқ. Бұның өзі барынша қалыпты құбылыс» (7).

Бүгінгі таңда Қазақстанның қоғамдық ойы ұлттық идеяны қалыптастыра отырып, қазіргі жағдайда оған қойылатын талаптарға байланысты мәселелерді қарастыруда, оның мазмұны мен бағытын байыта түсетін әлемдік тәжірибені зерттей отырып, оның қалыптасуына жаһандану процесінің тигізер ықпалын сарапқа салуда. Осыған байланысты «Біз кімбіз?» деген сауал қоюмыз заңды. Оған төмендегідей жауап беруге болады. Біріншіден, Қазақстанда ұлттық идеяны қалыптастырудың экономикалық негізі принципті түрде айтқанда қаланды деуге әбден болады. Екіншіден, ұлттық идеяны жүзеге асырудың қажетті материалдық негізін қамтамасыз ете алатын нарықтық қатынастар берік орнады. Үшіншіден, ел тұрғындарының басым бөлігінің демократиялық ашық қоғам құру қажеттігі бағытындағы қолдау-қозғалысы қазақстандық ұлттық идеяның саяси негізіне айналды. Алайда, әлі де болса әлеуметтік-саяси институттардың лайықты деңгейге

көтеріле алмауы, сондай-ақ олардың экономикалық саладан кенжелеп қалуы, елдегі саяси процестердің күрделене түсуі саяси сфераны жандандыра түсуді талап етеді.

Мемлекеттілікті нығайта түсуге жұмылған халық жоғары этникалық қауымдастық – қазақстандық ұлт ретінде қалыптасу бағытындағы жақсы мүмкіндіктің бастауында тұр. Қазақстандағы қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, т.б. тілдерде шығатын баспасөз материалдары қоғамдық пікірді қалыптастыруда үлкен рөл атқарып, елде болып жатқан процестерді ой елегінен өткізуге көмек көрсетуде, бір жағынан, әр түрлі этностардың өзін-өзі идентификациялануына, екінші жағынан, біртұтас қазақстандық ұлт ретінде өзіндік идентификациялануына мүмкіндік туғызуда.

Республикадағы бұқаралық ақпарат құралдарына ұлт мәселесіндегі, ұлтаралық қатынастар тұрғысындағы, т.б. өзекті тақырыптардағы ой еркіндігіне ашық пікір алысуға мол мүмкіндік берілген. Елбасы Н.Назарбаев қадап тұрып айтқандай, «Біз цензураға конституциялық тұрғыда тыйым салып, сөз бостандығын жария еттік. Біз ашық плюралистік қоғам қалыптастырдық. Біздің елімізде болып қайтқан мыңдаған шетел журналистерінің ешқайсысы өзінің кәсіптік қызметін атқаруда ешқандай кедергіге кезіккен емес. Сырттан көз салған оларға біздің «оң-терісіміз» тайға таңба басқандай айқын көрінгеніне сөз жоқ. Алайда біздің елімізден алған әсерлері жайында менімен пікір алысқан кездерінде әлемдегі ең әйгілі деген бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері біздің адамдарымыздың ашықтығын, әлемнің көптеген, тіпті ең бір дамыған елдерінің өзінде мұндай емен-жарқындықтың ұшыраспағанын талай мәрте айтқан еді» (8).

Еліміздегі қазақ және орыс тіліндегі баспасөз материалдарындағы жоғарыдағыдай ой-толғамдар, ұсыныс-пікірлер Елбасының ұлт саясатын әзірлеу мен оны жүргізуге ықпал ететін, этносаралық келісім мен жарасымдылықты қамтамасыз ету бағытын ұстанған, бүкіл әлемде бірегей институт болып танылған мемлекеттік құрылым – Қазақстан халқы Ассамблеясының дүниеге келуіне игі ықпал еткенін нық сеніммен айтуға болады. Көпұлтты, көпэтносты талай-талай алпауыт елдер, оның ішінде Ресей Федерациясы да бар, бұл құрылымның тәжірибесіне назар аударып, лайықты бағалауда. Бұл Ассамблеяның қалай пайда болғаны жөнінде «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті, филология ғылымының докторы, профессор Сауытбек Абдрахманов былайша еске алады: «Ассамблеяның қалай өмірге келгені сол кездегі қызметіме байланысты менің көз алдымда, - деді ол Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі, саяси ғылымдар докторы Ералы Тоғжановпен басылым журналистерінің кездесуін жүргізе отырып. – 1992 жылғы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан кейін Қазақстан халықтарының форумы өткізілді. Осыдан кейін Президент Н.Назарбаев Ассамблея құру туралы идеяны тұңғыш көтерді. 1994 жыл бойы бұл идея әбден пісіп-жетіліп, таразыланып, жан-жақты сарапталып, ақыры 1995 жылы Ассамблея құрылды» (9).

Кезінде Президент Н.Назарбаев 1995 жылғы 24 наурызда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының бірінші сессиясындағы баяндамасында былай деген болатын: «Ұлттық мәселені шешуде үш тәсіл бар деп есептеймін. Біріншісі – кейбір елдер ұлты басқа халықты «күштеп көшіру» саясатын жүргізуінде. Бұл көшіп келген халықты туысқаншылықпен қарсы алған қазақ халқына ешқашан тән болған емес. Мен бір халықтың екінші халыққа қоятын кез келген талаптары еш мағынасыз және өзінің салдары бойынша қауіпті деп ойлаймын. Тайталасу жолы орасан зор сілкіністе және сан мыңдаған адам құрбанына әкеліп соғады. Екіншісі – ұлттық мәселеге жалпы мән бермеу, сөйтіп бұл проблемалар өзінен-өзі шешіледі деп сену. Бұл жайлы жол емес. Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл – түйісу нүктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқашан міндеттерді шеше алмаймыз.

Біздің басты бағытымыз мәмілеге келу және біріктіретін бастауларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтардың дамуына негізделуге тиіс. Біздің қоғамды біріктіретін тұтқалардың бірі Қазақстан халықтарының Ассамблеясы болуға тиіс.

Мен, еліміздің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын» (10).

Сонымен, уақыт өте келе Президенттің 2002 жылғы 26 сәуірдегі «Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы туралы және Қазақстан халықтары Ассамблеясының жағдайы жөніндегі» Жарлығына сәйкес Ассамблеяға жаңа конституциялық мәртебе беріліп, көпұлтты халық мүддесін Парламентте білдіру құқығына ие болды. Осы орайда мәселенің мына қырына да көңіл аударған абзал. Ассамблея төңірегінде жергілікті ұлт – қазақтар арасында бұл қандай мекеме, ол қазақтың мүддесін қорғай ма, осының керегі бар ма деген тақілеттес сауалдардың болғаны жасырын емес. Жоғарыдағы кездесуде Ассамблеяның Қазақ еліндегі ұлтаралық келісімді үйлестіруге ықпал ететініне байланысты ол ең алдымен исі қазақтың мүддесін қорғайтындығы нақты дәлелдермен жан-жақты сөз болды. Қазіргі таңда оның сапындағы қазақ ұлтының өкілдері 34 пайыз. Өткен жылы ғана 14 мемлекеттің өкілдері келіп, Ассамблеяның іс-тәжірибесімен танысқан. Оның ішінде американдықтар, испаниялықтар, германиялықтар, ағылшындар, түркиялықтар, қытайлар, т.б. болған. Қазақ тілін оқып-үйренуге байланысты Ассамблеяның аясында арнайы лингвоорталықтар жұмыс істеуде. Этномәдени бірлестіктердің алдына мемлекеттік тілді білу талабы қойылды. Ассамблея жұмысына тартылған жастардың арасынан қазақ тілін толық меңгергендер – 420135 адам. Ең бастысы, Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлттың ұпайын да, мемлекеттің мүддесін де түгендейтін бірегей құрылымға айналып отыр.

КСРО ыдыраған тұста 120-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекен ететін Қазақстан жағдайын ой елегінен өткізе отырып, көптеген шетелдік

эксперттер, саясаткерлер елде ұлтаралық мәселеде шиеленістің орын алуы мүмкін екендігі жөнінде әр түрлі болжамдар айтып жатты. Елдің саяси басшылығы мен Қазақстан Президенті Н.Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы қадамдарынан бастап ұлттық толеранттық қасиеттерге арқа сүйей отырып, ұлтаралық қатынастардағы өзекті мәселелерді шешуге айқын бағыт ұстады. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясында (Негізгі Заңда) қазақ халқының өзіндік айқындаушы формасы барлық азаматтардың тең құқығын қамтамасыз ету болып табылатындығы айқын көрсетілді. Бұл сипат осыған дейін қабылданған мемлекеттік егемендік жөніндегі Декларация мен Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңда да көрініс тауып, қазақ халқының айрықша статусы белгіленді. Мемлекеттілікті орнықтырудың бастапқы кезеңінде бұл нормативті құжаттар қазақ халқының бірігіп, нығая түсуінде аса зор маңызға ие болды. 1995 жылғы Конституцияда Қазақстан Республикасы қайнар көзі тұтас Қазақстан халқы болып табылатын демократиялық республика ретінде айқындала түсті. Қазіргі Конституцияда Қазақстан Республикасындағы ұлттық саясат пен этникааралық келісімнің негізгі принциптері айқын көрсетілген: бұл – азаматтардың заң мен сот алдындағы тең құқықтығы; қандай да бір ұлттың артықшылықтарының болмауы; әркімнің ұлттық абыройын құрметтеу; ана тілі мен мәдениетін пайдалану, қарым-қатынас тілін еркін таңдау құқығы және т.б. (11). Осы орайда тағы да Президент Н.Назарбаевқа жүгіну артықтық етпес деп ойлаймыз: «Ұлтаралық келісім, - деді Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының бесінші сессиясындағы баяндамасында, - бұл тәуелсіздігіміздің бірінші және екінші бесжылдығының мәселесі емес және жалаңаш саяси прагматизмнің мәселесі емес. Біз қарапайым екі ақиқатты игеріп, келесі ұрпаққа беруге тиіспіз: Қазақстан әрқашан да көпұлысты мемлекет болды және ешкім, ешқашан да қандай да бір ұлттық тазартуды жүргізбейтін экономикалық және саяси ресурс. Алдымызда қарапайым міндет тұр – біздің бәріміз азаматтық ортақтығымызды сезінуге тиіспіз. Бірақ осындай қарапайымдылықтың ту сыртында орасан зор күрделіліктер бой тасалауда: өткенді аңсау да, мен ағамын, сен інісің деген сияқты жаман әдет те бар. Біз жаңа саяси болмысты – тәуелсіз Қазақстанды тезірек сезінсек - әркім өзінің оның тағдырына қатыстылығын тезірек сезінсе, біздің ұлтаралық татулығымыз да одан бетер бекем бола түседі.

Мұндай тағдыр жер бетіндегі халықтардың бәрінің маңдайына жазыла бермейді, қысқа ғана уақыт аралығында осыншама күрделі міндеттерді шешу де кез келген халықтың қолынан келмейді. Өзіміздің қуатты мемлекеттігімізді құра отырып, тиімді экономиканы қалыптастыра отырып, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап қалу – XXI ғасырдың табалдырығындағы біздің міндетімізді осылайша тұжырып айтуға болар еді» (12).

Қазіргі қоғамдағы дүниетанымның ерекше сипаты ұлттық сана-сезімнің жедел дамуы болып табылады. Бұл дүниетаным ұлттық идеяның негізі іспеттес. Ол ұлттық мінез-құлық пен ұлттық психологияның ерекшеліктерін ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Оның астарында халықтың

қайталанбас өзіндік құндылықтары жатыр. Осы ретте тіл – ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудың аса тиімді құралы әрі ұлттық психологияны дамытудың факторы. Ол этносты топтастырып, біріктіретін құдіретті күшке ие. Тіл халықтың интеллектуалды және рухани дамуында теңдессіз рөл атқарады. Ал бұл, бірінші кезекте, мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында қаншалықты орын алатынына тікелей байланысты болмақ.

Сондықтан да ұлттық идея аумағында қазақ тіліне – оның статусына, оның мәдениетті дамытудағы рөлі мен этнос эволюциясының өзекті факторына маңызды орын беріледі. Қазақстанда тіл мәселесін шешудің өзіндік өткір проблемалары жетіліп-артылады. Ол қоғамның этникалық құрамының өзіндік сандық көрсеткіштеріне байланысты болып отыр. Бұл мәселедегі ресми статистика берген көрініс төмендегідей болып келді: орыстардың ұзын саны қазақтармен тең еді. Егер орыс этносының өкілдері мен орыс тілді басқа да ұлт өкілдерін (оның ішінде орыс тілді қазақтар да аз емес) қосқанда қазақтар өз елінде азшылыққа айналып шыға келді. Сондықтан да орыс тілі жетекші орынға ие болды. Оны республика тұрғындарының басым бөлігі туған тіліндей ғана емес, сонымен бір мезгілде ресми және ұлтаралық қатынас құралы ретінде де пайдаланды.

Халқымыздың тарихына көз жүгіртсек, ұлт бостандығы үшін күрестің барлығы да тіл үшін күреспен астасып отырғанын бағамдаймыз. Ол қазақтардың рухани алтын діңгегі, ортақ еншісі, қалың жұрттың басын қосқан дәнекері бола білді. Халық та, оның зиялы азаматтары да тіл тағдырына бейтарап қараған емес.

«Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ, - деді М.Жұмабаев сталинизм әлі толық күшіне кірмей тұрған 1922 жылы қазақ тілінің болашақта тартатын тауқыметін сезгендей. – Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең. Тілі де бай» (13).

Тәуелсіздік қарсаңында қабылданған Тіл туралы Заң мен Ата Заңда айқын жазылып, қазақ тіліне жеке-дара мемлекеттік мәртебе берілуі орыс тілінің өктемдігін сақтап қалуды мұрат тұтқандардың шамына қатты тигені жасырын емес. Қазақ тілінің құлдырауына негізінен сыртқы күштердің ықпалы ерекше болды. Шовинистік пиғылдағы топтар орыс тіліне мемлекеттік мәртебе әперу үшін жанталаса күрес жүргізумен болды. Сол тұста Қазақстандағы ақпарат құралдарының көпшілігін қолына ұстап отырған орыс тілділер өз мақсаттарына жету үшін өз тілінің өктемдігін қорғап дауыс көтеріп жатқанда, оларды парламентте де, билік басында отырғандар арасында да жақтаушылар болғандықтан жалпақ жұртқа тигізген психологиялық әсері соншама, жаңа-жаңа бауырын көтере бастаған қазақ тілі қайтадан қорғансыз, қолдаусыз қалды. Әр түрлі сатыдағы билік тұтқасын ұстап отырған көптеген басшылар ежелгі әдеттерінше әсіре сақтықпен жалт

етіп, сөз жүзінде қолдағансығанымен, іс жүзінде тіл Заңын жүзеге асыру үшін іс-қимыл танытқан жоқ. Дес бергенде, Президенттің табанды саясатының нәтижесінде ғана Конституциямызда бір ғана мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесі сақталып қалды. Осыған дейін-ақ республикалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, оның жергілікті аудандарда бөлімшелері пайда болды. Жоғары, арнаулы оқу орындарында қазақ бөлімдері дүниеге келіп, орыс бөлімдерінде де қазақ тілі оқытыла бастады. Республикалық «Ана тілі» газеті, облыс орталықтарындағы «Қазақ тілі» қоғамы бөлімшелерінің, жүйелі болмаса да, өз газеттері жарық көріп жатты. Алайда ресубликаның барлық жерінде қазақ деген халықтың елінде жүргенін әр адам сезінетіндей жағдай бола қойған жоқ. Ең алдымен жергілікті ұлттың басым көпшілігінің буын-буынына сіңіп қалған «орыс тілін білмеген адам адам болмайды» деген жылдар бойғы қағидадай қалыптасқан пікір жойылмай тұрғанда, «қазақ тілін оқы, үйрен» деген жалаң үгіттен ештеңе шықпайтыны ақиқат еді. Бұл жағдай зиялы қауымды ойландырып, шамына тие бастағанын айтуға тиіспіз. Сол тұста арқалы ақын, публицист Фариза Оңғарсынова ақиқатқа жүгініп, дауыс көтерді (14).

«Қазақ тілінен басқа тілді білмейтін адам, - деді қазақтың жалынды қызы күйіне, - он екі мүшесінің біреуі жоқ мүгедектей кібіртіктеп, өз-өзінен қорсынып, шет елде жүргендей тілін тістеп жүретін жағдай барда, қазақтар бәрібір аборигендер секілді күй кеше бермек. Өйткені, біз жұртқа жағынумен, өзіміз өлімсіреп жатсақ та біреудің бабын табуға тырысумен келе жатқан халықпыз. Ал, өзін сыйлата алмағанды өзге ешкім де сыйлап жарытпайды. Қазақ тілі туралы, қалалардың, кейбір көшелердің аттарын өзгерту жайлы сөз болғанда өзге жұрттың әкесінің құны қалғандай бұрқан-тарқан болуы да сондықтан. Тіл туралы Заң алғаш сөз болған кезде құрдай жорғалай бастаған республиканың өзге тілді тұрғындары бүгін қайтадан тайраңдап, «Сенің тіліңді қайтем» деген қылық көрсете бастады».

Тіл - әрқашан қоғаммен бірге дамып отыратын құбылыс. Яғни, қоғамда қалыптасқан жағдай, саяси көзқарастар, халықтың әл-ахуалы тілге де өз сәулесін түсіріп отырмақ. Сондықтан тілдің тағдырын, оны дамытуды қоғамдық ортадан бөле-жара қарауға болмайды. Сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басындағы саяси өзгерістер, ұлттық сананың күрт өрлеуі қазақ тілінің дамуына да ерекше ықпалын тигізді. Ал арадан көп уақыт өтпей-ақ қоғамда өз өктемдігін жүргізген нарықтық қатынас, экономикалық аласапыран, дағдарып қалған интеллигенция, қазақ тілінің алтын діңгегі саналатын ауылдардың іргесі ыдырап, жоқшылыққа ұшырауы, ұлттың рухани қазынасын сақтауға деген үкіметтің салғырт саясаты, қабылданған заңдардың орындалмауы қазақ тілінің қайтадан құлдырауына әкеп соқты. Бұл дегеніңіз ұлт мүддесін жоғары қоятын зиялы қауымның, журналистердің, публицист-әдебиетшілердің ашу-ызасын туғызды. Сол жылдары ұлттық басылымдарда ана тілінің мәртебесін қорғау мақсатындағы жарияланымдардың көптеп жарық көруі де сондықтан (15).

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тұрғысында дамылсыз дабыл қағып, шовинистік пиғылдағылармен бітіспес майданға шыққан қазақ

публицистерінің алға қойған мақсаттары, талап-тілектері негізінен мынадай: Мемлекеттік тілді күнделікті қолданысқа енгізу; қазақ тілін мемлекеттік басқару тіліне көшіру; қазақ тілін халықаралық қатынастар тіліне, Қазақстанның шет мемлекеттермен байланыс жасау тілі дәрежесіне көтеру; қазақ тілін ғылымның сан-салалы күрделі түрлерін игеретін тілге көшіру; қазақ тілін заң шығару, құқық қорғау орындарында еркін қолданылатын тілге айналдыру, т.б. Мықтап тұрып ескеретін ең басты жағдай мынау: Қазақстан – тәуелсіз мемлекет, қазақ халқы – азат ұлт. Соған сай оның заң жүзінде мемлекеттік деп құқықтандырылған Ана тілі де тәуелсіз, азат болуы міндет. Бір ұлттың басқа бір ұлттың тілінде жаппай сөйлеуі тек қана мәжбүрліктен болатын әрекет. Ол бұғауға, тәуелділікке түскен ұлттың, езгідегі халықтың көретін құқайы, жау басып алған елдің тартатын азабы. Ғасырлар бойы бодандыққа қарсы күрестің ошағына айналып келген Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткіздік деген дәл қазіргі шақта да мазасыз күй кешіп отыр. Біздің саясаткерлеріміздің де, үкіметіміздің де ұлтқа деген оң қабағы болмайынша ел оңбайды, қазақ оңалмайды. XXI ғасырда ұлт санатында қалу мүмкіндігінің қаупі сейілмейді. Бұл ең алдымен тілді кіршіксіз күйінде сақтап қалуға байланысты болмақ. Сондықтан да ұлт мүддесін жоғары ұстаған рухы күшті қазақ публицистері осы күрес жолында келеді.

Мемлекеттік тіл мәселесіне орай 2000-жылдардан бастап негізінен республикалық орыс тілді газеттерде «Қазақ тілін кім үйренеді?» деген тақырыптағы жоба бойынша жарияланымдар пайда болды. Бұл еліміздегі өзге де ұлттардың жергілікті ұлт тіліне деген құрмет сезімінің аясында қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарының арта түсуіне игі ықпал етті. Ұлты орыс, украин, кәріс тележүргізушілердің қазақ тілінде хабар жүргізуіне қалың көрерменнің көзі үйрене бастады. Міне, бұлар қалыпты, үйреншікті жайт ретінде қабылданды. Жоғарыдағы аталмыш жобаға мемлекеттік тілді үйренуге ынта-ықылас білдірген өзге ұлт өкілдері тартылып отырды.

Сол тұстағы баспасөз материалдарын талдай келе, Қазақ елінің ұлттық дамуындағы ең басты проблема тілге қатынас мәселелері екендігіне айқын көз жеткізуге болады. Негізінен алғанда қазақ элитасы тек қазақ тілінің ғана басымдығын қолдаса, бәз-біреулер оған орыс тілі тең дәрежеде болуы керек деп тайталасты. Ұстанымдағы мұндай кереғарлық ұлттық құрылыс жөнінде әңгіме болғанда анық байқалды, біріншілер, «қазақ ұлты» десе, екіншілер «қазақстандық» деген ұғымды көлденең тартты. Сондықтан да бұл тақырыпқа баспасөз айрықша көңіл бөледі, қазіргі қоғамды ұлт ретінде идентификацияландыруға тырысуда және оның параметрлерін айқындауда қиын жағдайға тап болады.

Бұл Қазақстан ұлттық мемлекеттілігінің өркендеу жолындағы басты кедергілердің біріне айналып отырғанын ешкім де теріске шығара алмаса керек. Міне, осы проблема төңірегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты Мехлис Сүлейменов «Мемлекеттік тіл» айдарымен берілген «Қазақ тілін үйренер едім...» деген көлемді мақаласында өзін толғандырып жүрген ой-пікірлерді бүкпесіз ортаға салды (16). Автор

мемлекеттік тіл статусын көтерудің өмір қажеттілігінен туындап отырғанын, себебі, оның кең көлемде орныгуы егемен ел дамуының негізгі шарты, одан әрі тереңдете айтқанда мемлекет тәуелсіздігінің деңгей-дәрежесі екенін ешбір бүкпесіз, ашық айтады. Академик М.Сүлейменов мемлекеттің қазақ тілін жан-жақты қолдау қажеттігіне баса назар аудара отырып, былайша толғайды:

«Мемлекеттік тілдің шынайы статусын көтеру ісі ана тілін жақсы-ақ білетін, алайда бұған тиісті дәрежеде мән бермейтін адамдардың қолында. Олардың алдындағы бұдан да гөрі маңызды шаруа өз жанұясында туған тілінде сөйлесуді ұдайы қолдап отыру болып табылса керек...

...Әр қазақтың үйінде ана тілінде кітаптар мен газеттер болуы тиіс, ата-аналар балалары орыс не ағылшын мектептерінде оқыса да олардың бойына ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін терең сіңіруге барынша ден қойса нұр үстіне нұр...

...Өз тілінде еркін сөйлейтін қазақтардан тілді енді ғана үйреніп жүргендерге барынша көмектесулерін өтінер едім».

Бұдан әрі академик М.Сүлейменов қазақ тілін толық игеру жолында орыс тілінен ешқандай да кедергінің көріп тұрмағанын айтады. Жасыратыны жоқ, қазақтар Орталық Азиядағы өзге ұлттарға қарағанда орыс тілін жақсы меңгерді. Өзгелерге қарағанда ана тілін нашар білді. Автор қазір орыс тілін меңгеру деңгейінің күрт төмен түсіп кеткендігі байқалып тұрғанда, орыс тілін терең меңгерумен қатар ана тілін оқып-меңгеру деңгейін барынша арттыра түсуге мол мүмкіндік туып отырғанына мән береді.

Сонымен қатар М.Сүлейменов мемлекеттік құрылымдарда, оның ішінде үкіметте, өндіріс орындарында мәжілістерді қазіргідей орыс тілінде емес, қазақ тілінде өткізу қажеттігіне тоқталады. «Бұл қазақ тіліне деген қажеттілікті жете ұғындырады, оны ерекше қызығушылықпен оқып-үйренуге алып келеді» дейді автор. Ол тілге байланысты туындап отырған жағдайға кінәлі қазақтардың өздері деп есептейді. Олар кеңестік дәуірде ана тілінің келешегін көрмеді, сондықтан да балаларының орыс тілінде оқып, білім алуын мәртебе санады, мұны жарқын болашаққа жол ашады деп ұғынды. Солай болды да.

«Қазір қазақ тілінің статусы жөніндегі мәселені алдымен қазақ жазушылары бар дауыспен көтеруде, - деп жазады М.Сүлейменов. – Олардың бүгінгі бұл позициясы құрметке лайық, алайда ащы да болса шындық мынада, олардың көпшілігінің, тіпті кейбір халық жазушыларының балалары қазақ тілінде сөйлемейді. Егер қазақ жазушыларының өздері өз балаларының бойына ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін сіңіре алмаса, бұған кімді кінәлауға болады?

Мәселенің мәні мынада: балалардың бойына туған тілге деген махаббат сезімі ана сүтімен ғана емес, ата-аналардың бірлескен күш-жігерімен дариды. Қазақстанның көптеген қалаларында қалыптасқан нақты жағдайда оған асқан төзімділік, күш-жігер қажет».

Өздеріңіз аңғарып отырғандай, бұл материал Қазақстандағы тіл проблемаларын публицистік ой елегінен өткізудің жақсы үлгісі болып

табылады. Автордың мәселенің мән-жайын терең де жан-жақты білетіндігі, оның теориялық астарынан мол хабардарлығы айқын аңғарылады. Автор пайымдауларын өзінің өмір тәжірибесіне сүйене отырып жеткізеді. Орыс, өзбек, түркмен, қырғыз, тәжік, ағылшын және неміс тілдерін жетік меңгерген ол қазақ тілінің бай табиғатынан студент кезінде сусындап өскен.

Автор өмір жолының бастауы орыс тілі болғанын жасырмайды. Оның тіл проблемаларын жетік білетіндігі жоғарыдағы жайлардан айқын аңғарылады. М.Сүлейменов өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруі олардың әкімшілік тарапынан өрлеу жолын ашумен қатар интеллектуалды даму жағынан байыта түсетініне, алдарынан жаңа әлемнің ашылатынына нық сенімді. Әңгіме адам өзі өмір сүріп, еңбек ететін ортаның, негізгі ұлттың тілі жөнінде болып отыр.

Публицистикалық мақалалаңың композициясы шебер құрылған, тартымды. А2 форматты тұтас бір бетке берілген материал бірдемде оқылады.

«Өмір тәжірибемде мынадай қорытындыға келдім, - дейді автор, - адамның бойында өзі білмейтін тілді меңгеру процесінде табиғи қарама-қайшылықтардың болуы заңдылық. Бұл арада бірқатар факторларға байланысты жайлар болады. Айталық, орыстар жөнінде әңгіме болғанда олардың менмендігі есепке алынады, «біз сендердің тілдеріңді игердік қой» деген түйсік әркімнің-ақ бойында болады. Мұндай жайттың орын алып отырғанын ешкім де теріске шығара алмаса керек.

Әлемнің жетекші державасында өмір сүретін жергілікті американдықтар арасынан шетел тілін білетіндерді сирек ұшыратасың. Мұның бұлай болатын себебі, өздерінің жеке қызметтік өсіп-өркендеуіне байланысты ағылшын тілін білуге ұмтылады, бұрынғы Кеңес Одағының аумағында орыс тілі де осындай мәртебеге ие еді. Демек, тілі әлем тілдерінің қатарына жататын ірі ұлт өкілдерінің дамушы елдер халықтарының тілдерін білуге ынтасы болмайды».

1990 жылғы 22 наурызда ұлт газеті ретінде дүниеге келген «Ана тілі» газеті алғаш сандарынан бастап Ана тіліне араша болуды, жат пиғылдылармен қарсы аяусыз күрес ашуды ең басты міндет, борыш санады, осы бағытта кең көлемде насихат жұмыстарын жүргізіп жатты. Азамат-публицист М.Қабанбай «Ана тілі» газетінде қызмет еткен тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тіл тағдырына қатысты ондаған мақалалар жазып, бітіспес қан майданның алдыңғы шебінен табыла білді. Өзіндік ой-толғамдарға тұнып тұрған бұл отты дүниелерді тебіренбей оқу мүмкін емес. Зерттеу еңбегімізде оларды жеке-жеке талдап отырудан гөрі, осы мақалалардан үзінділер беруді жөн көрдік (17).

«Ес жиып, етек жабатын, бала тәрбиесіне екі шоқып, бір қарайтын заман жаңа келді. Қазақша оқыған баланы әлем өркениетінің жауһарларына жетектемесек, орысша оқып жатқан үш қазақ баласының біреуін (бұл да біздің, ересектердің кінәсі!) «қара орыс» деп көзге шұқып, түрткілей берсек, құдай біледі, көр де тұрыңыз, келешек көретін күніміз күңгірт те, көмескі. «Баланы жастан...», «Баланы бесігінен түзе», «Тіліміз – дініміз, тініміз -

тіліміз» деген сөздерді ұлт ұранына айналдыра бастады. Тфә, тфә тіліміз тасқа, болашақта да осыдан жазбасын». («Адамның бір қызығы бала деген...»).

«...Және де мынаны есте тұтайық: қазақ тілін мемлекеттік дәрежеде қорғайтын Тіл комитетінің тісі тек мемлекеттік құрылымдарға, бюджеттік ұйымдарға ғана бататындай. Ал, өз құрылымы ішінде, «жабыл, қазаным, жабыл», фирма-концерндердің сыртынан да жүре алмайды. Олар мемлекетпен бір-ақ тілде – алым, салық тілінде ғана сөйлеседі. Тоқ етері, «алым-салығыңды алдың ба, қайқай, тіл-сілде шаруаң болмасын» дейтін жабық ұйымдар. Яғни бизнес, коммерция, әр түрлі қордың көбі қазақ тілі аластатылған, біз үшін тиісуге болмайтын табу аудандар. Олардың қазақ тіліне иегі қышымайтыны да сондықтан. Шет ел миссионерлерінің басқыншылығы деп жүргеніміз бұлардың қасында баланың ойыны ғана.

...Санды сапаға айналдырмай, сегіз қырлы, бір сырлы қазақ болмай, орыс тілді қазақ түгіл қазағыңның өзі XXI ғасырда ана тілінде сөйлемек емес, осыны ұғу үшін қаншама ақыл керек?! Ол үшін бала бақшасынан бастап жоғары оқу орындарына шейін, әсіресе, гуманитария бағытында түпкілікті реформалар қажет». («Тайқазан яки ошақтың үш тағаны»).

«Мемлекетіміз қай тілде сөйлеп, құжатын жүргізеді – іс жүзінде оны қазір ғана аңықтауға кірістік. Бұрын орыс тілінде еді. Қазақ тілін кіргізсек, біріншіден қыруар қаржы керек. Екіншіден, халықтың 70%-ке жуығы, яғни орыс бастаған ондаған ұлыстарды, аты-шулы 40% қазақтарды ренжітеді екенбіз. Олай болса, ежелден орны қазылған дайын орыс тілі тұрғанда «көң исі бұрқыраған» қазақ тілін қайтеміз? Оның үстіне қазақ ұлтына қай топ лидер болады – орыс тілді қазақтар ма, жоқ әлде өз тілінде сөйлейтін қазақтар ма, тіл туралы Заңға кіргізетін болашақ түзету осыны түпкілікті анықтап береді. Біздіңше, бұл күнде байлық-шайлыққа, билікке ие, сергек те суық зеректі алдыңғы топтың пайдасына шешілгелі тұр. Мұны Қазақстан қалтылдаған қайығын қайтып бұрылмастай ғып славян кеңістігіне қарай бұрды деп есептеңіз». («Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады?»).

«... Қазақстанда орыс бастаған басқа ұлттарды: «Қайтсеңдер де қазақша үйренесіңдер, әйтпесе кетісеміз» деп, ақырып, жекіріп, шоқпарласып жатқан біз жоқ. Біздің қайғы-мұңымыз басқа. Шама-шарық келгенше ұлттық мұрағатымызға ие болып, оның басты белгісі – ана тілін аман сақтап қалу, тат бастырмау. Көнсе өзге тілде сөйлейтін қандастарымызды қотанға қайта иіру. Көнбесе жолы болсын. Тізелеп отырған жерінен тұра алмай, бір тілдің екіге бөлініп, сау басы саудаға түскен біздің пақырдың басқа ұлтқа қорлық көрсетуге қауқары бар ма екен өзі? Осынау тұста үкімет басындағылар: «Экономиканы құлдыратып алдық, соның кесірінен Жиделібайсын іздеген ел бет-бетіне бытырап кетіп жатыр», - деп ағынан жарылудың орнына, жіберген кемшіліктерін «жауыз» тіл саясатымен түсіндіргісі келеді». («Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады?»).

«... Егер, жаман айтпай жақсы жоқ, орыс тілі мемлекеттік мәртебе алса, ол қазақ тілімен теңеспейді, онсыз да әр босағада бір сығалап, «Можно?!»

деп жүрген ана тіліміздің таптап өте шығып, төрге шығады, жақын болашақта тек қана орыс тілі қазақ жерінде бұрынғы «ұлы тіл» деген лауазымына ие болып, бірден-бір жалғыз мемлекеттік тілге айналады. Бүгінгі күні қарайған халықтың 70%-і сөйлеп отырған орыс тілі шын мәнінде онсыз да мемлекеттік тіл. Себебі, шаш ал десе, бас алатын, қазаққа шабан, орыс тіліне жүйрік шенеуніктеріміз орыс тілі қалай мемлекеттік мәртебе алады, солай қазақ тілін есігінен қаратпайды. Ал, ана тіліміз тек қана қазақаралық, онда да ауыл қазақтары аралық қарым-қатынас тілі «мәртебесіне» ие болады. Себебі, қазірдің өзінде Парламент орысша сөйлейді, Президент, Министрлер Кеңесінің аппараттары негізінен орысша, ірі-ірі қалалардағы экономикаға қатысты кеңселер, орталық, солтүстік, шығыс, батыс облыстар орысша сөйлеп, жүріп тұрады. Оны азсынсаңыз, «Қазақтелерадио» корпорациясы каналдарының 10-нан 9-ы күні-түні орысша қақсайды. Екінші жартыжылдыққа баспасөзге жазылу науқаны қазақ баспасөзінің өз оқушысының үштен екісінен айырылып қалғанын көрсетті; оның негізгі оқушысы болып табылатын ауылда ақша жоқ. Екіншіден, баспасөзге жазылу биыл иесіз қалды. Дәл осының кесірінен біраз қазақ газет, журналдары шығуын тоқтатты, енді біразы «әні-міне жабыламын» деп кезек күтіп тұр. Тек қана «Караван» газетінің 300-350 мың тиражбен тарайтынын еске алсақ, қазақ баспасөзі өз елінде, өз жерінде сан, сапа жағынан орыс баспасөзінің алдында тізе бүкті. Информация кеңістігінен айырылу – бәрінен айырылу. Информация қай идеологияны ұстанса, мемлекет те сол идеология тетігінде». («Ханнан да қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады?»).

«Қазақ тілі, ділі, діні жүретін аумақтар Арал теңізіндей тартылып барады. Қазақ сағаты мардымсыз телерадионы, тиражы ойсыраған қазақ баспасөзінің бүгінгі міскін жағдайын айттық. Теле Американың үшінші, төртінші сортты порно-эротика, вестерн фильмдерінен экранын толтырып талай шетел фестивалінің бәйгелерін теңдеп әкеп үйіп тастаған қазақ киношыларының фильмдерін менсінбей-ақ қойды. Кинотеатрлар да солай. Мұндай американдық шоу басқыншылыққа бізді қай жағынан болсын он орап алатын Еуропа елдері 60-жылдары мемлекеттік деңгейде қарсы шығып, әрең тізгіндеп еді. Біз болсақ: «Қалыңдық біз боламыз, күйеу қайда?» деп, бес қаруы сай қарақшы өнерге құшақ жайып, етектің ашылып-жабылғанын білмей қарсы далбаңдап жүгіріп бара жатырмыз». («Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады?»).

«Егер әки тіл туралы Заңға түзету егізілсе, ана тілі елімізде екінші рөлде мәңгі-бақи қалып қояды. Қазақстан ұлттық реңнен еурославяндық менталитетке біртін-біртін көше бастайды. Бұл халқы аз және сан түрлі ұлтты, жер асты – бай, үсті – кедей, аяғы – Азияда, қолы – Еуропада жатқан, жолы ауыр мемлекеттің жер үстіндегі бірден-бір сыбағасы. Болашақ мемлекет болып қалу, қалмау мәселесі, амал жоқ, жергілікті ұлт мүддесінен гөрі бүкіл ел мүддесін алға шығарып отыр. Қазақ ретінде біз мұны мықтап ұғынуымыз керек. Ауыр, ауыр да болса мойындамасқа шара жоғы ащы шындық». («Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады?...»).

«... Өз жерінде жетім болып отырған ұлт кімді қорғап, кімге қарсылық көрсеткендей? Қайта Ресейдей алып державаға арқа сүйеген қазақстандық орыс ұлты, орыс тілді өзге ұлыстар мен қандастар біздің бұл жәйімізге түсіністікпен қарап, қол ұшын берсе етті! Қол ұшын берді деп есептейік. Жалғыз да жарау жұбанышымыз – тілімізге тиіспесін. Қайта көмекке келсін. Ана тілі бәрінен де жоғары. Ханнан да, қарадан да. Күнделікті саяси конъюнктуралық екі бастан. Саясатшылар келеді, кетеді, ал ана тілі – мәңгілік! Осыны есте ұстайық.

Аузына Алла емес, Айса пайғамбарды ала бастаған кейінгі толқын қандас сайыпқырандарымыз бар болсын, түптен келгенде олар біздің болашақ потенциялымыз, қорымыз, бірақ эпостағы қан майданда қыза-қыза келе көзіне қан толып, өз әкесіне қарсы шабатын Біршімбай батырға ұқсамастан, тілімізге, тіліне кәрін тікпесін. Айналып келгенде, бұл өзі су ішіп отырған, ішетін құдығы. Өз құдығына есі бар адам түкірмейді. Қатты кеттік, әйтсе де енесі тепкен құлынның еті ауырмайды». («Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады?...»).

«Қазіргі мемлекеттік тіл деп жүргеніміз – тек қазақтар арасындағы қарым-қатынас құралы. Онда да ауыл қазақтарының жарағы. Мемлекеттік тіл ұлтаралық қарым-қатынас тіліне бұл күннің өзінде сәлем бере алмайды. Республика халқының шамамен 4-тен 1-і ғана, Парламент, мемлекет аппараттары, экономикалық құрылымдары өзге тілде сөйлейтін мұндай «мемлекеттік тілді» бұрын-соңды тарих білмейді. Есесіне ұлтаралық қарым-қатынас тілінде республикадағы барлық халықтың 99%-ті сөйлеп, жүріп-тұрады. Ал, мемлекеттік тілде сөйлейтін басқа ұлттар 3-4%-ке жете ме, жетпей ме, оны бір құдайдың өзі білсін. Қысқасы, қазақ тілі отбасы, ошақ қасында құрт қайнатып, күл сыпырып, күйелеш-күйелеш күң күйі мәңгілік қалып қояды». («Еуразия одағы: кім мысық, кім тышқан?»).

«Соңғы кезде орыс тілді өз қандастарымыз: «Тіліне мәртебе бермегендіктен, орыс Ресейге көшіп жатыр, біздің қаңғып кететін түріміз бар», – деген мифті қайта-қайта тірілтіп жүр. Біріншіден, көшсе, Ресей – өз отаны. Екіншіден, ол жақта тұрмыс жақсы.... Көші-қоныста елден ерек қаңғырып жүрген – өзіміздің орыс тілді қандастарымыз. Енді қайтсін! Шүңкүл-шүңкүл сөйлесетін орысы азайып, әр елдегі қандастарымыз қатарымызға қосылған өмір сүретін аясы таралып барады. Қанына жазған өз тілдерін үйренуге мойындары жар бермейді. Бірде бір теңге материалдық байлық өндірмей қара қазақтың маңдай терімен жиналған байлықты астына басып отырып, өз халқын: «Басқа тілде сөйле, сөйлемесең, Ресейдей күшті ағама шағынып сөйлеттірмей қоймаймын!» – деп зікір салады. Орыс тілін тіптен қимаса Ресейге көшіп кетсін, біз қой демейміз. Онда да қазақ диаспорасы бар, жетім қалмайды. Бірақ ел арасын алатайдай бүлдірмесін, екі араға от тастамасын – біздің тілек сол». («Еуразия одағы: кім мысық, кім тышқан?..»).

«Көне көзге сенсек, өзі құл болсағам: «Келешекте, әттең шіркін, құл иеленуші болсам!» – деп армандайтын көрінеді. Бұл ауру бізде жоқ емес, ат төбеліндей ұлтшылдарымыз бен ескі номенклатура, коррупционер,

мансапқорларымыздың бойындағы алапес. Бұған орыс түгілі өзіміз де қиналып отырмыз. Орыс пен қазақтың тәжікелесуінен пайда тауып жүрген қаңғырмалар екі ұлтта да жетерлік. Аздың ауруын көпке таңбайды. Ондайлар Ресейдің өзінде де ырғын. Кадр жөнінен орыс ағайындардың қолын қаққанымыз рас, бірақ оны істеген қазақ емес, қазақ мансапқорлары. Қазақ: «Менің тілімде неге сөйлемедің?» деп ешбір орыстың жағасынан алған емес. Алмайды да. Орыс ағайын ауса, пана болатын Ресей бар. Қазақтың басқа жері, тілі жоқ. Сондықтан да тілі үшін жаны пида!». («Еуразия одағы: кім мысық, кім тышқан?...»).

«Қазақстандағы тіл жағдайын (саясатын) әлем сарапшылары мен саясаткерлері «ең әділ» деп өте жоғары бағалап отыр. Бұл төреліктен бұра тарту – бүйректен сирақ шығару. Беліне балта байлаған орыс, шоқпар жинаған қазақ әлі жоқ. Тіл таласы, қос ұлттың бір уыс зиялысының арасынан шығып, Ресей-Қазақстан деңгейіне көтеріліп отыр. Ельциннің алдына қарапайым орыс жете алмайды, «Басылыңыз» деп айта алмайды. Жыбырлап жететін де, түймедейді түйедей етіп айтатын да – Ачкасов сынды шовинистер – мәселе қайда! Елбасына да: «Қазақ орысша сөйлестің деп қорлық көрсетіп жатыр» – деп ешбір механизатор, құрлысшы орыс жылап-еңіреп бармаған болар. «Жылап жатыр» деп жүгіріп жүрген қос тілді өз қандастарымыз. Ал, қайыршы бола бастаған өз халқында шаруасы жоқ олардың табанын қара жер сипап, балтырын күс басып көрмесе, жусан иісін білмесе қайдан сезсін, ұқсын». («Евразия одағы: кім мысық, кім тышқан?..»).

«Орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру үшін жанын жалдап жүргендері – номенклатураға іліккендері мен капитализмнің жас капитандары. ... Олар бізді орыс тілі, тіні мәдениеті мен өнері арқылы ұшпаққа шығармақ. Өскен елдің өнегесі біз үшін тәлім екені рас. Одан қашып отырған жоқпыз. Бірақ бұл – ұлттың ішкі дамуы, ықтиары, дүмпуінің демеуімен біртіндеп, күндердің күнінде, замандардың заманында іске асыратын шаруа. Орыс тіліне мемлекеттік мәртебені зорлықпен беріп, күшпен «екінші ана тілі» жасау арқылы ұлт тағдырын жойдасыз жолға салу онсыз да резервациядағы кедей қазақты ашындырады – бір; екіншіден, бұл әдіс – кешегі коммунистік системаның қайғылы эксперименттерінің тікелей заңды жалғасы.

Ең жаманы – қазақ тіліндегі номенклатура да сырттай: «Қазақстан жасасын!», – десе, түптеп келгенде, ұлт қамын жеп отырған жоқ» («Бұл зиялы – қай зиялы? Қазақ интеллигенциясы бар ма өзі?»).

Жалынды публицист, марқұм Марат Қабанбайдың ана тілі төңірегіндегі бірқатар мақалаларынан алынған ой-толғамдары, байыпты да сергек өзіндік көзқарастары кез келген оқырманды толғандырып, тебірентеді, оны талдаудағы терең біліктілік пен зеректік көсемсөз зергерінің ұлтының жарқын болашағы жолында отқа түсуден де тайынбағанын айқын дәлелдеп тұрғандай.

Жоғарыда әңгіме арқауы болған М.Сүлейменовтің материалында жеке адамның мемлекеттік тіл жөніндегі пікірі негізге алынса, «Казахстанская правда» газетіндегі «Ассамблея стратегиясы» айдарымен берілген «Тілді игеру – державаны қолдау» деген мақала мүлдем басқа сипатқа ие, яғни

тақырыптан аңғарылып тұрған ой өріс алған(18). Мұнда да мемлекеттің мемлекеттік тілді дамыту мен қалыптастырудағы рөлі жөнінде әңгіме қозғалады. Идеяның негізі мынада: қазақ тілі қазақ мемлекеттілігінің стратегиялық негізіне айналуы тиіс. Осы орайда газет Қазақстан Президентінің халыққа Жолдауынан үзінді келтіре отырып «барлық қазақстандықтарды біріктірудің негізгі факторларының бірі болып табылатын мемлекеттік тілді жан-жақты дамыту» қажеттілігіне баса назар аударады.

Мемлекеттік құрылыс теориясы тұрғысынан келсек, бұған ешқандай да күмән келтірмейді. Осылай болуы тиіс. Алайда, нақты өмір шындығы тұрғысынан келер болсақ, мұны өзге ұлт өкілдері арасында теріс ұғынып, мәжбүрлеу ретінде қабылдайтындардың да болатынын естен шығармаған жөн. Жас мемлекеттің бұл процесті тездетуге деген ықыласын түсінуге болады, дегенмен де жеделдетудің мұндай әдісінің абырой бермейтіні тарихтан белгілі.

Корреспонденцияда келтірілген статистикада көрініп тұрғандай, республикада болгар диаспорасының 29 пайызы, кәрістердің – 28, еврейлердің – 17, поляктардың 10 пайызы мемлекеттік тілді меңгерген. Газет осы цифрларға сүйене отырып, мемлекеттік тіл фестивальдары мен апталықтары секілді насихаттық шаралардың сапасын арттыру, сондай-ақ әр облыс пен әр қаладағы ұлттық мәдени орталықтар жанынан тіл үйрету курстарын ұйымдастыру қажеттілігіне тоқталады. «Бұл маңызды мәселелерде сөз жоқ, іргерілеушілік бар, дегенмен айта қаларлықтай табыс жөнінде айтуға әлі ерте» дей келе, газет төмендегідей мәліметтерді алға тартады. Айталық «Тоқсаныншы жылдардың басында Алматыда ашылған қазақ тіліндегі мектеп жасына дейінгі 60 балалар мекемелерінің жартысынан астамы жабылған.

...Тәуелсіздіктің елең-алаңында дүниеге келген ұрпақ он бес жылдай мерзімде мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі тиіс еді, өкінішке орай, мектеп бітірушілер қазақ тілін нашар біледі (мектеп оқушыларының 15 пайызы ғана туған тілін жақсы біледі), ал балалар бақшаларындағы сәбилердің дені орыс тілінде сөйлейді, туған тілдің байлығы, қадір-қасиеті жөнінде таным-түсініктері жоқ».

Газет жарияланымының қортындысында шешілуі тиіс міндеттерді ортаға салып, мемлекеттің өзекті мәселелерді іс жүзіне асыру үшін ынталандыру және қолдау шараларының тұтас жүйесін қозғалысқа келтіруде қазақ тіліндегі обьективті ақпараттарға кең өріс ашу; ол үшін мерзімді баспасөз бен интернетті пайдалану бағыттарындағы ұтымды шараларды ұдайы қолдануының маңызына айрықша назар аударады.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгеніне де аз уақыт өткен жоқ, десек те осы аса өзекті мәселе төңірегіндегі айтыс-тартыс, сан алуан пікірлер сайысы тоқталар емес. Тіл төңірегінде жүрек шымырлатар қызбалық, түрлі-түсті эмоция бой көтеріп тұрады. Қазақ тілді жергілікті тұрғындардың біраз бөлігі заң орындалмайды не тоскауылға ұшырауда деп есептейді. Сондықтан олар бұл проблема төңірегіне қазақтардың басым бөлігін тартуға тырысады.

Осылайша, кей тұста бұл мәселе шамадан тыс саясиландырылады. Соның салдарынан, елдегі өзге ұлт өкілдері қазақ тілін мемлекеттік жүйеде пайдалануға ұлтшылдық көрінісі ретінде қарай бастайды. Әрине, газет беттерінде қазақтар балаларын орыс тілді мектептерге емес, қазақ тілді мектептерге беруі тиіс деп ұрандатып жатқанда басқалай болуы мүмкін де емес. Осы тақырып ой-пікірлермен көмкерген газет материалдары балалар мен жасөспірімдер атынан жарық көріп жатса, мұның көпшілік арасында елеулі алаңдаушылық туғызуы әбден ықтимал.

Олар осы арқылы балалардың бойына ұлттық мақтаныш сезімі емес, әсіре ұлтшылдық ұрығы себілуде деп есептейді. Әсіре ұлтшылдыққа бой алдыратын, желбуаз жеңіл ойлармен өрнектелген материалдардың өздерін тәуелсізбіз деп есептейтін жекеменшік газеттерде қылаң беріп қалатыны жасырын емес. «Жарты қазақ», «Толық қазақ», «Ада қазақ», «Шала қазақ» деген ұғым-түсініктердің бой көтеріп, көпшіліктің талқысына салуға тырысушылық, өзге ұлттар жөнінде теріс пікір қалыптастыруға ұмтылушылық, кейбір жасөспірімдердің атынан берілген жарияланымдарда «қазақ мектептерінде оқымайтын ұлты қазақ оқушыларды толық қазақтар деуге болмайды» деген сияқты тіркестердің кездесіп қалуы, т.б. осылар секілді одағай ой-пікірлер түптеп келгенде абырой әпермейді.

Қазіргі қазақ газеттерінде ұлттық тіл, діл мәселелері тұрғысындағы дау туғызатын өткір материалдар жарияланып жатады. Мысалға «Жәнібек Сүлеев: «шала қазақ», «ада қазақ» дегенді ойлап тапқан мен емес!» деген тақырыппен тұтас бір бетке берілген сұхбатты алайық. Журналистің ә дегеннен-ақ «Мен «шала қазақпын» дейсіз. Сонда сіз «шала қазақ» екеніңізге намыстанбайсыз ба? Әлде мақтанасыз ба?» деген сауалына Ж.Сүлеевтің берген жауабына зер салыныз. «Нағыз қазақ» деген атауды ойлап тапқан мен емес! Бірнеше жыл бұрын Мекемтас Мырзахметовтің мақаласын оқығаным бар (әлде «Ана тілі», әлде «Қазақ әдебиеті» газетінде). Сонда ол «ада қазақтар», «таза қазақтар» деген ұғымдарды пайдаланды. Қазіргі таңда қазақ баспасөзінде кең тараған ойды айтты: «орыс тілді қазақтар – қазақ емес» деп. Содан бері тұрған дауыл әлі басылған жоқ.

Сол кезде мен намыстандым. Не үшін екенін білесің бе? Біздің қазақ интеллигенциясының соншалықты дәрменсіздігіне намыстандым. Біздің ақсақалдар неге совет заманында қарсылық ретінде үстіне бензин құйып, өзін өртеп жібермеді немесе грузин Звиад Гамсахурдиа немесе әзірбайжандық Абульфаз Эльчинбей сияқты диссидент болмады? Біздің барлық ақын-жазушыларымыз – патриот ретінде әрекет ете алмады. Қазір олар батыл. Бірақ кезінде қазақ ауылының бақытты өмірі туралы том-том романдар жазып, ақысына совет билігінен қаламақы, пәтер, «Волга» алған ұрпақ бүгінде қазақтарды бөлуге кірісті ме? Ал біздің басқару органдарында қызмет еткен азаматтар, саяси партиялық номенклатура ше? Олардың бәрі дерлік ауылдан шыққан – олар ана тілі үшін не істеді? Олар өз қолдарымен шала қазақтар буынын өсіріп шығарды, енді ұлттың дамымай қалғанын сол ұрпақтан көре ме?

Бұл жерде ауыл ақсақалдарының жәймен ғана «Қазақша сөйле» дегені бір бөлек, оның үстіне ауыл қариясы оны бейбіт көңілмен айтады.

...Кез келген баспасөзден ойлы мақалалар табуға болады. Тек жағымсыз көңіл-күй тудырады... Жараның аузын тырналап, нәтижесінде мүлдем бұрыс диагноз қояды. Бұл мұң-зар тәуелсіздіктің 20 жыл бойы жалғасып келеді, бұған қайта құру заманындағы бес жылды қосыңыз. Сонда 25 жыл бойы созылып келеді.

Тіл туралы жаза береді, жаза береді. Нәтиже қайда? Нәтиже жоқ, тек шала қазақтарды бір жаққа құртсақ, қазақ тілінің жағдайы дұрысталады дегенге алданған адамдар ғана бар. Газетті ашып қалсаң – біздің лингвистер қазақ тілінің көне ғұн тіліне қаншалықты жақын екенін таратып жазады. Әрине, білгенге маржан. Бірақ бұл Дос Көшім енді айта бастаған (әйтеуір, айтты-ау!) социолингвистика емес...» (19).

Демократиялық бағыт ұстанған елде әркімнің өз ойын айтуға, пікірлерін бөлісуге құқығы бар. Осы орайда газет материалдарының аудитория сана-сезіміне психологиялық тұрғыда елеулі әсер ететінін естен шығаруға болмайды. Әсіресе, қоғамда жаппай қолдауға ие болмаған проблемалар жөнінде сөз қозғағанда барынша абай болған жөн. Сондықтан редакция қандай жағдай болмасын авторлар материалдарына цензуралық емес, саяси ұстамдылық, журналистік этика тұрғысында баға беру арқылы жоғары саяси мәдениет танытып отырса нұр үстіне нұр. Қазақтардың өзін, жоғарыда айтқанымыздай, сортқа бөлудің өзі мәдениет деңгейін танытады. Бізден басқа бірде-бір елдің журналистері, жазушылары өз ұлтын сортқа бөлмейді, ар-намысты аяқ асты етпейді. Былайша айтқанда, сорттау, бөлу, әсіресе, жастар мен жасөспірімдер арасында қауіпті (20).

Тіл проблемалары жөніндегі бірқатар жариялымдарды талдап, баға беруді қорытындылай келе, бұл аса өзекті мәселенің қоғам мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдарының ұдайы басты назарында екенін тағы да қайталап айтамыз. Қоғамдық қатынаста соншалықты күрделілігіне қарамастан бұл тақырыптың көптеген полиэтникалық елдерде қызу талқылаулардың өзегіне айналып отырғаны кездейсоқтық емес, себебі бұл тұрғындардың этникалық құрамы сан алуан Қазақстан үшін мемлекеттілік пен ұлттық егемендікті нығайтудың басты факторларының бірі болып табылады (21). Сондықтан да тіл мәселесі ұлттық идея ауқымында Қазақстан халқы Ассамблеясының Стратегиясында, ұлттық бірлік Доктринасында айрықша орынға ие (22). Бұған Республика Президенті Н.Назарбаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында баса назар аударып отырады.

Ұлттық идеяда халықтар өмірінің ұлттық діни астарларына да ерекше мән беріледі. Елена Заборцеваның пікірінше, «Тәуелсіз мемлекеттер достастығы шеңберінде қоғамдық институттар деңгейінде тығыз ынтымақтастыққа қарамастан, жекеленген мемлекеттердің өз ішінде және өзара байланыстарда шиеленісті жағдай орын алып отыр. Конфессиональдық түспен боялған саяси күрес дінаралық қайшылықтар арқылы одан әрі белсенді сипатқа ие болды. ТМД елдеріндегі көптеген

халықтардың этникалық сипаты, өмір саясаты, менталитеті белгілі бір діни наным-сенімнің ықпалымен қалыптасқандықтан конфессиялық қарама-қайшылықтардың ұлтаралық қатынастарға теріс ықпал ететіндігін теріске шығаруға болмайды....

Мәдени-тарихи салт-дәстүрлерді сақтау қажеттілігіне негізделген жаңа ұлттық бірегейлік пен ұлттық пара-парлыққа ұмтылыстың қасиетті жолында әсіре ұлтшылдық, діни өшпенділік, экстремистік діни топтардың қалыптасу процестері қантөгісті шиеліністерге әкеліп соғуы әбден мүмкін» (23).

Еліміз тәуелсіздікке қадам басқан жылдардан бастап дін мәселесі қазақ публицистикасындағы күрделі тақырыптардың біріне айналды. Қазақ халқы һәм одан бұрынғы түркілік дәуірдегі бабаларымыз ұстанған ислам діні кеңестік дәуірдегі жетпіс жыл бойы атеизмнің ұранымен құбыжық етіп көрсетіліп келді. Патшалық Ресей дәуірінде де, кеңес заманында да ислам дінін тежеу, ығыстыру мақсатымен қаскөйліктің адам айтқысыз шаралары іске асырылды. Мешіттер мен медреселер түгелге жуық жабылды, молдалар қуғындалды, діни кітаптар өртелді. «Дін – апиын» деген ұғым белең алды, қазақ қоғамын құдайсыздар жайлады. Коммунистік идеологияның өктем болғаны соншалық, жалған үгіт-насихаттың жетегінде жүріп, дініміздің күллі адам баласына ортақ адал да пәк құндылықтарынан айырылып қала жаздағанымыз ащы шындық. Соның салдарынан ислам дінінің достық, мейірбандық, тазалық, парасаттылық, адамгершілік діні екеніне, оның тек мұсылмандарға ғана емес, сондай-ақ өзге дінділерге де өзара бейбіт қатар өмір сүруге үндейтініне жете мән берілмеді. Мұның ауыр зардабы сол, қазақ халқы қоғамды аздырып, тоздыратын қайғы-қасірет – рухани жұтаңдыққа ұшырады. Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тұғырына көтерілгенде ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келген ислам дінінің гуманизмге толы бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарын барынша дәріптеуге айқын бағыт алынды. Публицистік мақалаларда әдебиетіміздің, өнеріміздің, тіліміздің, мінез-құлқымыздың, салт-дәстүріміздің, дүниетанымыздың, халықтық болмысымыз бен тәрбиеміздің ислам негізінде қалыптасқанына жете мән беріліп, исламды тек дін, жалаң сезім ғана деп емес, адамгершілік пен ғылымға негізделген биік мәдениет, өрелі өркениет деп бағалау үрдісі кең өріс алды. Діннің халықтың өміршең тәрбие көзі, ел тірегі ретіндегі асыл құндылықтары барынша ардақталып, оның ізгі нұры әр адамның жүрегіне ұялай бастады (24).

Әйтсе де өткен дәуірде дінмен күрес нәтижесінде пайда болған рухани жұтаңдықтың зардаптары ауыр болып шықты. Егемендіктің бастапқы кезеңінде өтпелі дәуірдің экономикалық қиыншылықтарына байланысты қоғамға жат маскүнемдік, нашақорлық, тонаушылық, мейірімсіздік, діннен безу немесе дін мен мешіттерге күйе жағу секілді ел тәуелсіздігі мен тұтастығына нұсқан келтіретін жәйттар белең ала бастады. Атеизмнің улы жебесіне уланып, өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына шыдамай, тоқырауға ұшыраған, өз дінінің қадір-қасиеті ауанынан алыстап қалған кейбір жандарды шетелден келген діни ағым өкілдері түрлі айлакерлікпен хақ жолынан тайдырып, өз секталарына тарту үрдісін бастады. Қазақстанға

әлемдегі көптеген діндер мен конфессиялардың еркін кіруіне кең жол ашылуы, республиканың әділет министрлігінде дүние жүзіндегі діни ағымдарды қамтитын қырыққа жуық конфессияның тіркеуден өтуі қазақ халқының бүтіндігіне қауіп төндіретін аса қауіпті құбылыс болды. Қазақтың ұл-қыздарын өз қатарына тарту жөнінде ешкімнен, ешнәрседен айылын жимайтын олардың түпкі зымиян мақсаттары айқын еді: қазақ халқын рухани жағынан бөлшектеп, космополит жұртқа айналдыру, сөйтіп жеріміздің байлығын емін-еркін талан-таражға салуға қарсы тұра алатын негізгі тірек – ислам құндылықтарын жою. Сондай-ақ бұған қосымша еліміздегі кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының зайырлы, ізгілікті қоғамға жат имансыздық, көргенсіздік, тұрпайылық пен қатігездік атаулыны ашық түрде насихаттап отырғаны жасырын емес. Бір сөзбен айтқанда, мұндай рухани экспансияға тоқтау болмаса тек мұсылмандар ғана емес, саналы адамзат қастерлейтін рухани құндылықтарға сызат түсері даусыз. Қоғамды ол жақсылыққа апармайды.

Республика халқының жетпіс пайызына жуығын мұсылмандар құрайтын қазақ елінің тағдыр-талайы елін, жерін шексіз қастерлеп, сүйетіндерді терең ойларға жетелейді. Сол себептен де қоғамда діни істерге де жаңа рухани сапалы өзгерістер қажет. Тәуелсіздік жылдарында дін тақырыбына жазылған публицистикалық кітаптар мен мақалаларда айтылған ұсыныс-пікірлер мен ой-толғауларда миссионерлердің қазақ қауымын ыдыратуды көздеген зұлым істеріне тойтарыс беру, дәстүрлі мұсылман дінін ұстанатынына байланысты исламның рухани өмірдегі басым орны мемлекет тарапынан мойындалуы, елдің бірлігіне орасан залал келтіре бастаған түрлі экстремистік секталар жұмысына шектеу қою жөніндегі қадау-қадау мәселелер жарқын көрініс тапқан. Сөз жоқ, дін ұлт мәдениетіне тегеурінді ықпал ететін тетіктердің бірі. Дәл сондықтан да пайымы жоғары журналист-публицистерді халқымыздың мәдени-рухани, имандылық-парасат мәселесіне араласуда ислам дінінің Қазақстандағы жай-күйі ойлантады. Дінге қарсы аяусыз күрес жүргізіліп, халқымызды дінінен қол үзуге дейін мәжбүрлеген қызыл империя қазақтың дінге сенімін жоя алмады. Кеңес заманында 25 мешіт қалса, тәуелсіз елімізде қазір мешіттердің саны 2000-ға жетті. Еліміздің саясаты дінге кең жол ашқанының бұл айқын дәлелі.

Ислам дінін ұлттық салт-дәстүрлерімізге, ұлттық қасиетімізге қарсы қоймай, керісінше, ұлттық салт-дәстүрімізбен тіл табыстыра жерсіндіру жайы өзекті мәселелердің қатарынан орын алады. Себебі, ислам діні кең тараған елдердің көбінде осы үрдіс айқын байқалады. Әрине, мұндай проблемалардың өз деңгейінде шешілуі үшін елімізде білімді де білікті теолог-культурологтар дайындалуы тиіс. Қазіргі таңда республикада ислам дінінің білімді, парасатты өкілдері қалыптаспай отырғаны қынжылтады. Имамдардың өзі ғылым-білімді, әсіресе, философияны терең, жан-жақты игерсе ғана теріс ағымдарға тосқауыл қоя алады. Сонда ғана халық арасындағы насихат жұмысы нәтижелі болмақ. Діни оқу орындарын ашу, оларға шет жұрттағы діни мамандарды, ғалымдарды шақырып, дәріс оқыту, еліміздегі діни қызметкерлерді сыртқа жіберіп, білімін көтеру кезек

күттірмейтін маңызды шаралар болуы тиіс. Осындай келелі мәселелер қазақ публицистикасының маңызды тақырыптарына айналумен келеді (25).

Дінаралық келісімді дамыту бағытын ұстанған Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып діни наным-сенімдерге кең жол ашатын «Дін туралы Заңды» 1992 жылы қабылдаған болатын. Заңдық маңызы аса зор бұл құжаттың дүниеге келуі 120-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекен ететін, түрлі конфессиялар мен деноминациялардың ошағына айналған Қазақ еліндегі дінаралық келісімді орнықтырып, одан әрі қарай дамытуға бағытталған қажеттіліктен туындаған еді. Қазіргі таңда республикада өмір сүріп жатқан конфессия өкілдерінің өз діни ғұрыптарын ұстануына ешбір кедергі жоқ, діни институттардың қызметі барынша жандана түсуде. Нақтылы фактілерге жүгінер болсақ, ел тұрғындарының 70 пайыздан астамы ислам мәдениетімен байланысты болса, 30 пайызы түрлі конфессияларға жүгінеді. Қазақстандықтар арасында діни құрмет пен өзара төзімділік сезімі берік орныққан, өзге діндегілерге деген құрмет ерекше. Қазақстан халқы шынайы шыдамдылық пен діни төзімділікті өз бойына сіңіре біледі.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен еліміздің Елордасында жүйелі түрде өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері қазіргі заманғы діндер арасындағы жаһандық үнқатысудың жарқын да іскерлік көрінісі ретінде әлемдік қоғамдастықтан жоғары баға алады (26).

Бүгінгі Қазақстан – көп ұлтты қоғам, қазақ мәдениеті мен бір-бірін толықтырып отыратын көптеген ұлыстар мәдениетін топтастырған рухани байлықтың орталығы. Парламент мәжілісінің депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Егор Каппель өз мақаласында осы тұрғыда толғана отырып, былай деп жазады: «Еліміздің өсіп-өркендеуі үшін Қазақстанның әрбір азаматы, кез келген ұлт өкілі тұрақтылықтың белгісі ретінде өзінің туған тілін құрметтей отырып, қазақ тілін, қазақтың салт-дәстүрін білуі қажет деп санаймын.

Біз – Қазақстанның патриотымыз. Сондықтан IV съездің секциялық отырысында арнайы тақырып ретінде талқыланған жастардың бойына бейбітшілік пен келісімнің ұрығын себу туралы мәселеге өзіміздің ынта-жігерімізді жұмсауымыз қажет. Бұл – біздің өте жауапты азаматтық ұстанымымыз бен борышымыз!» (27).

Әлемдік қоғамдастық Тәуелсіз Қазақстанды азаматтардың ұлттық және діни наным-сенімдері мен сезімдеріне байыппен сергек қарайтын, құрметтейтін ел ретінде идентификацияландырылып отырғанын мойындауда. Осыған орай қазақстандықтардың өзіндік идентификациялануының мемлекеттік саясатты дәйектілікпен жүзеге асырудың нәтижесінде қалыптасып келе жатқанын атап өткен жөн. Мұнда ғылым, мәдениет, өнер қайраткерлерінің қоғамдық кеңесі аясында құрылған «Мәдени мұра» қорының ұзақ мерзімді «Мәдени мұра» Бағдарламасы елеулі рөл атқарып келеді.

Қазақстанның Елордасы – жас та көрікті шаһар Астана қаласында Бейбітшілік пен келісім сарайы, Ұлттық академиялық кітапхана, тағы басқа

да сандаған зәулім ұлттық мәдени орындар бой көтерді, Тәукеханның «Жеті жарғысы», Қадырғали Жалаиридің, Хайдар Дулати Рашид-ад-Диннің, т.б. еңбектері ғылыми түсініктемелермен жарық көрді. Іс жүзіне асып отырған осы және басқа да сан алуан игілікті шаралар ұлттық сана-сезімнің өрлеуіне, қазақстандықтардың әлемнің өзге де халықтары қатарындағы өздерінің алар орнын терең түсініп, ой електерінен өткізулеріне, тарихқа, мәдениетке, әдебиетке, өнерге, сондай-ақ өзге этностар мен ұлттардың салт-дәстүрлеріне толеранттық қатынастың орнығып, нығая түсуіне мол мүмкіндік туғызуда. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дүниеге келген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес бекіткен «Қазақстан Республикасы әлеуметтік-мәдени дамуының» Тұжырымдамасынан бастау алып келеді (28).

Қазақстан баспасөзі тәуелсіздіктің алғашқы қадамдарынан бастап, адамдар арасындағы осындай қарым-қатынастың маңызын жете түсіне отырып, аса маңызды тақырыптарды терең қаузаған материалдарға кең орын бере бастады (29).

Кеңестік дәуірде халықтар мәдениетінің жоғары деңгейі жөніндегі аңыз қолдан жасалды. Белгілі бір дәрежеде ол әдебиет, кино, музыка және бейнелеу өнері, театр салаларындағы табыстарды көлденең тартты. Сондықтан да оған тоқталып жатудың қажеті жоқ. Бұл жерде әңгіме мәдениеттің ұлттық идея құрылымында қаншалықты орын алатындығы және оның Қазақстан халықтарын біріктіру мен дамытудағы, ұлттық сана-сезім деңгейін көтерудегі рөлі жөнінде болып отыр.

Мәдениет әлемдік жаһандану жағдайында әлемдік қауымдастықтағы әрбір халықтың, әлеуметтік ортадағы адамдардың өмір сүруі мен дамуының маңызды факторы болып табылады. Ол тұрақтылықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде қоғамды ұйыстырады. Оның деңгей-дәрежесі экономикаға, ұлттық қауіпсіздікке, ұлтаралық келісімді сақтауға және тағы басқа да көптеген жайларға тікелей әсер етеді. Сондықтан да оған барынша көңіл қоя отырып, мәдениеттің рухани байлық ретінде өзіндік заңдылықтары бар екенін естен шығаруға болмайды.

Осы тұрғыдан келгенде танымы терең публицист Сауытбек Абдрахмановтың классик жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың мәдениеттанушылығы жөнінде ой тербеген «Сардар. Ділмар. Елдар» деген публицистикалық мақаласы терең ойларға жетелейді, оқырманын толғатып, тамсандырады (30).

«Мәдениеттану теориясы тұрғысынан қарағанда назар аударарлық жайлар Ә.Кекілбаевтың еңбектерінде бар деп айта аламыз, - деп толғанады автор. – Қаламгердің жазғандарында мәдениет ешқашан тар аяда қарастырылмайды.

«Биік талғамсыз биік парасат жоқ. Ал биік парасат – үлкен жауапкершілік. Бүгінгі үлкен өзгерістер онсыз жүзеге аса алмайды. Рухани бедерсіздік саяси тәуелсіздікті де тәрк етеді. Тойған тоғышарлыққа халықтың, адамның азаттығы емес, нәпсінің азаттығы керек. Ал тәуелсіздік шекарасын өрелі азаматтық сана мен биік рухани мәдениет қана айна-қатесіз

анықтай алады» - демек, биік мәдениет – тұрлаулы тәуелсіздіктің бір шарты. «Мәдениет дегеніміздің өзі – адамдардың өздерін қоршаған табиғи және әлеуметтік аяны өзгертіп, сол екі ортада өздерін де өзгерте білу қабілеті» деп білетін Ә.Кекілбаев тағы бір тұста: «Бір ұрпақ екінші ұрпаққа тек өмір сыйлап қана қоймайды екен, өмір сүре білудің тәсілі мен тәжірибесін де мұраға қалдырады екен. Оны адамзат адамзат болғалы мәдениет деп атап келеді екен. Оспадарсыз озбырлықтан түпкілікті опат болып кетпеудің де, өткенмен бірге өшіп, өлгенмен бірге құрып бітпеудің де жалғыз жолы – мәдениетті өркендету екен. Сондықтан да, қандай да қоғам болмасын, өз тағдырының ең жауапты кезеңдерінде мәдениетке айрықша көңіл бөліп, ерекше зор маңыз беріпті», - дейді. Яғни, Ә.Кекілбаев анықтамасындағы мәдениет өмір сүре білудің тәсілі мен тәжірибесі болып шығады. Мәдениет, «қазақша айтқанда, кісі тануға, ел тануға, жер тануға, сөз тануға баулиды». Оны әдебиетке, өнерге ғана тіреп, аясын тарылтудың жөні жоқ. Тіпті бүкіл дүниедегі адамның қолы мен ойы араласқан нәрсенің бәрі материалдық мәдениет және рухани мәдениет деп екіге ғана бөлінеді емес пе? Мәдениет тарихын түптеп келгенде адамзат тарихы деп танитын автор оның ұлттық тарихтан да, мемлекет, қоғам тарихтарынан да әрі кеңірек, әрі көнерек екендігін дәлелдейді. «Ежелгі дүниеде сана төңіректегі табиғи аяны игеру үстінде пайда болды. Азық табу жолындағы қарекет әуелі ақылды, ал әлгі қарекетті одан әрі жетілдіруді ойлаған ақыл ғылым мен мәдениетті туғызды». Автор жасампаздық жолында талай табысқа жеткен адам баласы енді сол өзі жасаған өркениетті де тек мәдениетке сүйеніп, арашалап қала алатынын, мәдениет енді көп қырлы адами қам-қарекеттің бұрынғыдай бір қыры ғана емес, жалпылық сипаты мен жиынтық мазмұнына айналғанын, ендігі жерде кім-кімде күшке сүйеніп күшті бола алмайтынын, мәдениетке сүйеніп күшті болатынын, күшінің көптігімен емес, мәдениетінің биіктігінен аман қала алатынын айтады.

Кекілбаевтың ұшан-теңіз эрудициясы өзінің ортаға салар ойларын кез келген заманның, кез келген қоғамның, кез келген адамның арқауында айта алғызады. «Бүгінгі тәуелсіздік – біреудің емес, күллі дүниенің ахуалына тәуелді болу», «Ұлттық томаға-тұйықтықты тәуелсіздік деп ұғу - өскісі келген халықтың емес, өшкісі келген халықтың ісі», «Біз қандай қиындық көрсек те, қолымызға күшпен түскен тәуелсіздік тізгінінен айырылмауға тиістіміз. Бізден кеткен аруақтар мен келетін ұрпақтардың ең алдымен талап ететіні сол. Өйткені, біз – күллі адамзат тегіс танып, тегіс мойындаған Тәуелсіз қазақ мемлекетінің іргетасын қалап жатқан бірінші ұрпақпыз. Тәуелсіздігімізді сырттың ала көздігінен, іштің алауыздығынан аман сақтап қалу – біздің тарих алдындағы ең басты парызымыз», «Өліп-талып қолымыз зорға жетіп отырған Тәуелсіздіктің қадірін білмей, өйтіп шолжаңдайтындай біздің қазақ құдіреті күшті құдайдың не туған құдасы, қарын бөлесі емес. Мынау жарық дүниедегі өз түтінін өзі түтетіп жатқан қалған халықтар нені көрсе, соны көруі тиіс, нені білсе, соны білуі тиіс», «Елбасының беделі қай мемлекет үшінде ұлттық игілік. Әсіресе, жаңа Тәуелсіз мемлекет үшін.

Ендеше оны қастерлей білейік» деген сыңайдағы пікірлері қоғамда саяси мәдениет қалыптастыруға ықпал етуді көздейді.

Билікті социомәдени феномен ретінде қарастыру кейінгі кезде кратологиялық зерттеулерде де, мәдениеттануда да жиі жолыға бастады. Әбіш Кекілбаев өз мақалаларында, сұхбаттарында билікті бірлік, елдік ұғымдарымен дәйім қоса қабат қарастырады.

Ә.Кекілбаев тілдің халық тарихындағы, ел санасындағы айрықша орнын, мемлекеттілікті орнықтырудағы рөлін айшықтап ашып берумен де мәдениеттануға үлес қоса алды. Қаламгер тәуелсіздік таңы атқан тұста шиыршық атып, ширығып шықты, тілдің болашағын ұлттың болашағымен, тілдің дамуын ұлттың дамуымен өзектестіре қарады, бұл өзектестік бір ұлттың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани тәжірибесінің түп бастау қайнарына барып тірелетінін көрсетті, «Түптеп келгенде, ана тіліңді құрметтеу – басқалардан артық тұрудың құралы емес, туған анаң мен атаңды сыйлағаның сияқты өз халқың мен мәдениетіңді қалтқысыз қадірлеудің ең басты қағидасы болуға тиісті», деп қадап айтты. Тіл тағдыры таразыға түсіп, тар кезеңге тірелген шақта Әбіш Кекілбаевтың депутат болмаса да Парламент мінберіне көтеріліп, сондағы өзге ұлт өкілдеріне: «Немене, кеше ел басына күн туғанда, тар үйімізден орын ығысып, төрімізді ұсынғанда, тартыңқы дастарқанымызды алдарыңызға жайып, жарты күлшемізді ауыздарыңызға ұстағанда, біз күндердің күнінде, бүгінгідей демократия орнатып кемелденеміз деп жатқан заманда, өз үйімізде өз тілімізде сөйлеу үшін мына сіздерден бүйтіп жылап тұрып рұқсат сұраймыз ғой деп ойлап па едік?!» дегенін біз еш уақытта ұмытпауға тиіспіз.

Қандай бір өзекті мәселелерде болмасын қордаланып қалған проблемаларды шешуде ұлт зиялылары саналатын интеллигенцияның атқаратын рөлі орасан зор. Дегенмен де ол бүкіл қоғам мен мемлекеттің қолдауына әрдайым зәру болады. Міне, сондықтан да Тәуелсіз Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары елімізде біртұтас мәдени кеңістік қалыптастырудың сан қырлы мәселелерін көтеріп, алға тартуда. Осы ретте жарияланымдарда мемлекеттің мәдениетті одан әрі дамытып, өркен жайдыруға ынталандыру бағытында қаржыландыру мәселесін жеткілікті дәрежеде шешіп отыруы негізге алынады. Қазіргі таңда мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде атқарылып отырған сан-салалы ауқымды істер қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени және рухани әлеуетін арттыра түсуге бағытталған.

Бұл тақырыптағы баспасөз материалдарында қазақтардың тұрмыс-салты, тыныс-тіршілігі мен ойлау жүйесіндегі менталитеттік және психологиялық ерекшеліктердің идентификациялық параметрлері айқын көрінеді. Осы орайда мысалға алар болсақ, «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Жас алаш» газеттері мен «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ альманағы» журналдарында, т.б. көптеген баспасөз беттерінде жарық көріп жатқан публицистикалық ой-толғаулар, сұхбаттар оқырманын бей-жай қалдырмайды (31).

Кеңестік дәуірде қазақ халқының бастан кешірген ең ауыр қасіреттерінің бірі өз жұртында жүріп-ақ азшылыққа айнала бастауы. Қазақстан Кеңес Одағы құрамында болған жылдары қазақтар саны 40 пайызға дейін азайды. Нақты фактілерге жүгінер болсақ, сталиндік қылмысты ұжымдастырудың қасіретті салдарынан 1,3 миллион қазақ шетелдерге босып кетті. Бұл әрбір алтыншы қазақ туған елінен безіп, жат елге, жат жерге кетті деген сөз. «Егер, - деп жазады танымал тарихшы Х.Әбжанов, - 1897 жылы отар өлкеде 3,5 млн. қазақ тұрып жатса, ал халықтар санындағы үлесі 82%-ды құраса, 1939 жылы олардың саны 2,3 млн. ғана адам болып, республика тұрғындарының арасындағы үлесі 38%-ға қысқарған еді» (32). Бұдан әрі тарихшы аштықтан қашып, іргелес республикалар мен шет мемлекеттерге ағылған қазақтар жайынан толық емес мынадай мәліметтер келтіреді: 1933 жылдың басына қарай Орта Волгаға 40 мыңға дейін қазақ жеткен көрінеді.

Әлемнің 40-тан астам еліне тарыдай шашырап кеткен қазақтарды бабалар жеріне қайта оралдыру ұлттық идеяның негізгі өзегінің бірі болатын. Бұл асыл ойдың Елбасы Н.Назарбаевқа Тәуелсіздік таңы ата қоймаған кезде де тыншу бермегені анық еді. Айталық, Президент 1991 жылы қыркүйек айында Түркияға ресми сапары кезінде Ыстамбұл қаласында қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесіп, олардың Ауғанстаннан ауып барып Пәкстанда, Иранда, Сауд Арабиясында және Түркияда босқын ретінде тұрып жатқан қазақ бауырларымызды елге қайтаруға қол ұшын беру жөніндегі өтініштеріне орай туған елге көшіріп алуға уәде берген-ді. Еліміз Тәуелсіздік тұғырына көтерілгеннен кейін ұзамай-ақ Қазақстаннан арнайы ұшақ жіберіп, аталған мемлекеттерде босқын болып жүрген бауырларымызды Атажұртқа жеткізгені халықтың есінде.

Ел Президенті Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен Алматы қаласында 1992 жылдың 29 қыркүйек-3 қазан аралығында Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайы өтті. Оған Түркия, АҚШ, Қытай, Австрия, Англия, Германия, Иран, Монғолия сияқты мемлекеттерден 700-ден астам делегат қатысты. Құрылтайда туған елге оралушыларды әлеуметтік жағынан қорғауға бағытталған бірқатар аса маңызды құжаттар қабылданды. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, оның Төрағалығына Президент Н.Назарбаев бірауыздан сайланды.

Сонымен, Тәуелсіздіктің таң сәрісінен бастап әр түрлі ішкі-сыртқы кедергілерге қарамастан ұлы көш басталып кетті. Бұрын «бағыныштылық империямыз бір болған соң, қайда жүрсек те бәрі бір ғой» деп, арқаларын кеңге салып келген ТМД елдеріндегі қандастарымыз империя тарап, еліміз егемендігін алғаннан соң Атажұртқа біртіндеп көше бастады. Ұзамай-ақ Монғолиядағы, Қытайдағы, Ирандағы қазақтар аздап болса да атамекенге ат басын бұрды. Міне, дәл осы тұста қазақ публицист-жазушыларының үні бұрынғы қай кездегіден де асқақ естіле бастады. «Біздіңше, бүгінгі таңда бір ғана ұран болуы керек: Алыстағы Алаш ұлы, ұлт қамын ойлайсың ба, туған жерге көшіп кел! Қарынның қамын ойлайсың ба – тойған жеріңде жүре бер! Енді біраз жылда байтақ дала байлық пен ырысқа кенеледі. Көштің бетін қайда бұрам дейтін емес, ақ ордаң алыстан бой түзеп, көк байрағың көз

тартып, желбіреп тұр. Адасуға қақың жоқ, Алаш ұлы! Енді адассаң келер ұрпақ сені кешірмейді», - деген бүкпесіз шақыру-ұран баршаның назарын өзіне аударды (33).

Жарияланымдарда патшалық-отаршылдық экспансия, сталиндік-голощекиндік геноцид, репрессия тұсында туып-өскен жерінен шет елдерге және одақтас республикаларға босып кеткен қазақтардың ата мекеніне қайтып оралуына қамқорлық жасауды басты назарға алу қажеттілігі төтесінен қойылды. Қазақ ұлты өз елінде азшылыққа айналып, жалтаң көз болып отырғанда, ал шетте жүрген қандастарымыздың басым көпшілігі уақыт өткен сайын қыспаққа түсіп, жойылып кету қаупі төніп тұрғанда ұлт мүддесін жоғары көтерген терең ойлы публицистеріміз ұлтты құтқарудың жалғыз жолы тек бас біріктіру екенін бар дауыспен айта білді.

Ұлттық санада құлдық психологияның өктем алып кеткені соншалық, шет елдегі қазақтардың өз Атажұртына еш кедергісіз қайтуына жан-жақты жағдай жасауға мемлекет тарапынан қамқорлық көрсету жағы өзекті проблемаға айналды. Қандастардың көшіп келуіне Президент Жарлығымен бөлінген квотаның мөлшері мардымсыз болды. Мұндай қарқынмен басқа мемлекеттерде жүрген бауырларымыздың елге келу мәселесін шешу қиын еді. Бұл бағытта батыл бетбұрыстар керек екені айқын болатын. Республикада көші-қон, азаматтық туралы заңдар қабылданса да, олар өз ішімізде-ақ түрлі кедергілерге ұшырап, іс жүзіне асуы қиынға айналды. Атажұртқа аңсап жеткен қандастардың Қазақстан азаматтығын алуда, түпкілікті қоныстануда кедергілерге тап болуы үйреншікті жайтқа айнала бастады. Қазақстан үкіметінің сырт елдердегі қазақтарды тарихи отанына қайтарудағы, оларға жағдай туғызудағы енжарлығы, көші-қон мәселесіндегі етек жайып бара жатқан әр түрлі келеңсіздіктер қазақ публицистерін бей-жай қалдырған жоқ (34).

Қазақ тілінің толық мағынасында кең құлаш жаюы үшін ана тілінде сөйлеп, ойлай алатын ұлттық ортаның қажет екені өзінен-өзі түсінікті. Қазағы азшылық жерде мемлекеттік тілдің көгеріп, көктеуі мүмкін емес. Республикамызды мекен етіп, бар игілік, жақсылықтарды асыра пайдаланып жүрген өзге ұлт өкілдері қазақ тілінің көсегесін көгертуге ат салысады деуге болмайды. Қанша жерден айтсақ та түрлі ұлт диаспораларының қазақ тіліне деген көзқарасын өзгертеміз деудің өзі астамшылық. Сол үшін қатал тағдырдың тәлкегімен кезінде әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап кеткен қазақтарды Атажұртқа қайтаруды жеңілдету ғана ұлттық ортаны қалыптастырудың ең маңызды шарты болмақ. Дүние жүзінің басқа мемлекеттерінде тұратын төрт миллионнан астам өз бауырларымызды, қаны бір қандастарымызды құшағымызға басқанда ғана ана тілімізде сөйлейтін ортаның орнығары анық. Осы және басқа да проблемалар республикадағы ұлттық баспасөздің ең көкейкесті тақырыбына айналды (35).

2011 жылы 25-27 мамырда Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында Президент Н.Назарбаев қандастарымыздың Қазақстан азаматтығын алуда, түпкілікті қоныстануда, т.б. маңызды жайларда көбіне-көп жергілікті шенеуніктер жасанды жолмен жасайтын кедергілерді

түбірімен жоюды, бұл істердің оңды шешіміне бағытталған шараларды жүйелі жүргізуді қатаң түрде тапсырды. Елбасы Н.Назарбаев Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы ретінде алдағы кезде атқарылуға тиіс жұмыстардың бес бағытын айқындап берді: бірінші – елге оралатын және оралып жатқан қандастарымыздың жағдайын жақсартуға септігін тигізетін «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа заң қабылдау; екінші – шетелдегі қазақ жастарының Қазақстанға келіп сапалы білім алуы үшін оларға бөлінетін гранттық квотаны нақтылап, осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізу; үшінші – шеттегі қазақтардың Қазақстанмен жан-жақты байланыс орнатуына көмектесу; төртінші – қандастарымыз тұратын елдерде ұлттық мәдениет пен өнердің кеңінен таралуына жәрдемдесу; бесінші – шетелдерде кіші құрылтайларды тұрақты өткізіп тұру қажеттігіне жан-жақты тоқталды (36).

Қазақ көші жалғасуда. Соңғы мәліметтерге жүгінер болсақ, Тәуелсіздіктің 20 жылында 221,5 мыңға жуық отбасы ежелгі ата-бабалар жеріне оралып, қазақ халқы 800 мыңнан астам өз қандастарымызбен толықты. Елбасы Жарлығымен 2008 жылдан бастап шетелдердегі қандастарымыздың көшіп келу квотасы тағы да 20 мың отбасыға көбейді. Бұл мәліметтердің астарында қазақ халқының ұлт ретінде өсіп-өркендеуінің жарқын болашағы айқын аңғарылып тұр. Осы орайда алдағы жылдарда қандастарымызды орналастыру мәселесін шешу мақсатында қабылданған республикалық «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында атқарылар іс ауқымы орасан зор.

Ата-бабаларының кіндік қаны тамған Атажұртқа оралған қандастарымыздың өз іштеріндегі орын алып отырған қолайсыз жайларды да айта кеткен жөн. Бұл олардың қоныстану барысында жер таңдау, тек қара бастарының жайын ғана күйттеу сияқты мәселелерге байланысты болып отыр. Мерзімді басылымдарда реніштi материалдардың да қылаң беріп қалатынын жоққа шығаруға болмайды. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» ғой.

Осы шетін мәселеге байыппен талдау жасаған журналист С.Шайынғазы алға мынадай деректерді тартады: Елге оралған қандастарымыздың облыстар бойынша орналасу жайына келер болсақ, оралмандардың 24,3 пайызы Оңтүстік Қазақстан облысына, 18,2 пайызы Алматы облысына, 13,3 пайызы Маңғыстау облысына, 7 пайызы Жамбыл облысына қоныстанған. Осы сандарды ой елегінен өткізе отырып Қазақстанды Отаным деп келген бауырларымыздың 60 пайыздан астамының төрт облысқа ғана қоныстанғанын көруге болады. Оның сыры неде?

Енді өткен жылы елге келіп атбасын тіреген туғандарымыздың ел өңірлері бойынша орналасу жағдайына назар аударып қарайық. 2011 жылы республикаға шетелдерден 43960 адам немесе 14850 отбасы қоныс аударған. Осы ағайындардың 6700-і Оңтүстік Қазақстан облысын, 5217-ісі Маңғыстау облысын, 3648-і Алматы облысын, 3516-сы Жамбыл облысын, 2429-ы Шығыс Қазақстан облысын өздеріне тұрғылықты жер ретінде таңдаған (37).

«Ащы да болса айтайық, - деп күйінеді журналист, - бауырларымыздың Қазақстанға Отаным деп емес, осында бұрыннан тұрып жатқан немесе соңғы

жылдары көшіп келген ағайын-туғандарын сағалап, күнелту үшін келетіндігін дәлелдейді. Бұл ретте тіпті қыр-соңымыздан қалмай қойған жаны сірі рушылдықтың да қылаң беріп жатқан болуы әбден мүмкін. Әйтпесе, қазақ үшін, әсіресе, алыста, жат жұртта жүріп туған елін аңсаған қазақ үшін ұлан-байтақ Қазақстанның кез келген түкпірі Отан емес пе?.. Бәлкім олар біз мына Шымкент пен Жамбыл өңірі тәрізді күншуақты аймақтарда қолымызды жылы суға малып отыра берейік, ал ана, ауа райы қытымыр солтүстік пен батыстағылар бұрынғысынша өз күндерін өздері көре берсін деп ойлайтын болар?».

Журналист ащы шындықты айтып отыр. Иә, еліміздің батыс және солтүстік облыстарына келер болсақ, бұл өңірлерде халық ежелден сирек қоныстанған. Сол сирек қоныстанған халықтың арасында қазақтар тіптен аз. Бұл – бір. Екіншіден, жұмыс күші де дәл осы облыстарда жетпей жатыр. Үшіншіден, жергілікті ұлт өкілдері санының аздығы аталған өңірлерде ана тіліміздің өркендеуіне де елеулі нұқсан келтіріп отыр. Осы айтылғандарды және кең-байтақ Қазақстанның барлық жерлерінің де қазақтар үшін Отан болып табылатынын ескере келгенде, алыста жүрген ағайындарымыздың біртұтас Қазақ елінің кейбір өңірлерінен қашқақтайтынын түсіну де, түсіндіру де өте қиын.

Енді осы орайда «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген жоғарыдағы материалға мүлдем кереғар мына жарияланымға назар аударайық. «Біз – қазақстандықтармыз!» айдарымен берілген публицистикалық мақала «Қазағымызға жеткенше асықтық» - дейді Германиядан туған ауылына қайтып оралған Виктория мен Сергей Костенколар» деп аталады (38). Тақырыптан көрініп тұрғандай, ерлі-зайыпты Костенколар 2000-жылдардың басында Викторияның ағасы, апа-сіңлісі, анасымен бірге Германиядан бір-ақ шығады. Тұрмыс-тіршіліктері жақсы болады. Дегенмен олар ол ортаға үйрене алмай, аңсарлары қазақ жеріне ауады да тұрады. Бейбіт өмір, қазақтардың мейірім-шапағаты, бір-біріне деген ықылас-ниеті, адамгершілігі, ақжүректігі олардың бойларындағы сағыныш өртін лаулатып, араға бір жылдай уақыт өткенде Қазақстанға қайтадан оралуға мәжбүр етеді. Мұндағылар ақ көңілмен жылы қарсы алады. Сергей алты ай жаз шаруашылықта жұмыс істейді, қыста шағын автобусымен ауыл тұрғындарын Қостанайға тасиды. Виктория мектепте тәрбиеші. Бақытты өмір, шат тұрмыс. Ұл-қызы өсіп келеді. Ұзамай-ақ Виканың анасы мен сіңлісі Германиядан Люблинкаға қайтып оралады...

Міне, бұл Қазақ елінің, қасиетті Қазақ топырағының құдіреті! Қаймана қазақтардың ақ жарқын, ақ пейіл қасиеттерінің шапағат-нұры!

Баспасөз материалдарында қазақ менталитеті интеллектуалды, интуитивті және рухани қасиеттерге бай интегралды құрылым ретінде сипатталады. Жан-дүниесі бай, рухы жоғары қазақ менталитеті ұлт ретінде ақыл-парасат пен ар-намысты жоғары ұстайды. «Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, - деді Елбасы Н.Назарбаев, - демек, оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық» (39).

Журналист-публицистер мен қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен саясаткерлер ұлттық идеялармен өрнектелген публицистикалық материалдарында ұлттық-этникалық және тарихи сабақтастықты сақтай отырып, рухани-мәдени біртұтастық аясында тату-тәтті, ынтымақтастықта, тығыз бірлікте ғұмыр кешіп отырған күллі қазақстандықтардың жарқын болашағына кәміл сеніммен қарайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра. 2003.- 222,285- беттер.

2.Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра. 2003.- 111-беті.

3.Нысанбаев А., Кадыржанов Р. Национальная идея: гражданская или этническая? \\ Казахстанская правда. 2006. 24 декабря.

4.Национальная идея: предложение к обсуждению. Мнения\\ Казахстанская правда. 2005. 7 апреля.

5. Ертысбаев Е.К. Политическая модернизация: казахстанский путь\ в кн.: Қазақстан Республикасы: саяси жаңғыру (Республика Казахстан: политическая модернизация). Сборник выступлений и статей \ Под общей редакцией А.С. Сагынгали, Б.М. Каиповой. – Алматы: Изд. дом «Таймас», 2008. –10-11 беттер.

6. Садықов С. Ұлттық рух жаршысы. Монография. – Алматы: Алаш,2005- 102 бет; Сонықі. Проблемы национальной идентификации и национальной идентичности в казахстанской публицистике. Монография. – Туркестан: Туран. 2011.-208 стр; Сонықі. Освещение вопросов национальной идентичности в казахстанской публицистике периода Независимости. Монография. – Ташкент, 2011.-138стр; Сонықі. Қазақ публицистикасы: ұлы шовинистік өктемдікпен күрес \\ Ақиқат. 2005. №10.-73-77б.; Сонікі. Қазақ публицистикасындағы тәуелсіздік тақырыптары \\ Қазақстанның ғылыми әлемі. 2005. №2.-128-135 бет,; Сонықі. Ұлт мүддесі және қазақ публицистикасы \\ Қазақстанның ғылыми әлемі. 2005. №3.-106-116 бет.; Сонықі. Ұлттың ұлы мұраты \\ Түркология. 2007. №5-6 -147-153 бет,; Сонықі. Елуінші жылдардағы қуғын-сүргін ақиқаты және ұлт публицистикасы \\ Ақиқат. 2010.№ 9.-65-70 бет.; Сонықі. Национальная проблематика в творчестве Олжаса Сүлейменова – публициста\\ Вестник КазНУ. Серия журналистика. 2011. №2 (30). – с. 191-200; Сонықі . Sadykov S. Coverage of the issues of national identity in late soviet Kazakhstan s press \\ Филолоэийа мясяляляри. ’’Elm və təhsıl’’ nəsrıyyatı. Бақы, 2011.- 433-438 бет.; Сонықі. Национальная идея в казахстанской публицистике периода Независимости \\ Filologia məsələləri. 2012. №2.-с.471-481.; Сонықі. Освещение вопросов национальной идентификации в казахстанской прессе позднесоветского периода \\ Наука и жизнь. 2012.№3 –С. 72-82; Сонықі. «Қазақ әдебиеті» газеті – Ұлттық рух жаршысы\\ Ақиқат. №5. – 72-78 б.;

Сонықі. Национальная проблематика в творчестве Олжаса Сулейменова \ В сб. Тюркская филология: вопросы языка и литературы. Том I – Баку: Радуга, 2012. С. 93-103; Сонықі . Публицистика Марата Кабанбаева \ В сб. Тюркская филология: вопросы языка и литературы. Том I – Баку: Радуга, 2012. –С.21-36; т.б.

7.Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.– Алматы: Атамұра, 2003.–56-57, 190 беттер.

8.Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. Алматы: Атамұра, 2003.–264 бет

9.Самрат Ж. Ералы Тоғжанов: Ассамблея ұлттың ұпайын да, мемлекеттің мүддесін де түгендейді //Егемен Қазақстан. 2012.17 ақпан.

10. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. –Алматы:Атамұра, 2003.–158 бет.

11.Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы: Қазақстан,2003; «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы //Егемен Қазақстан. 2007. 22 мамыр.

12.Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері – Алматы:Атамұра, 2003.–222,224 беттер.

13. Жұмабаев М. Педагогика.– Алматы:«Ана тілі» баспасы, 1992.–115 б.

14.Оңғарсынова Ф. Қайтіп халық боп қаламыз?.Серкесөз// Ана тілі.1991.13 маусым.

15.Айтбайұлы Ө. «Біріңді бірің тыңда сөзің тосып...» Серкесөз.//Ана тілі.1994. 1қыркүйек; Бердібай Р. Дүбәрәдан дұрыстық шықпайды.//Ана тілі. 1995. 2 ақпан; Айғабылұлы Е. Қазақтың үнін кім тірілтеді? Ұлт болам десең ұрпағыңды ойла.// Ана тілі. 1995. 13 мамыр; Наурызбаев Ж. Мемлекеттік тілдің мұраты зор, мұқтажы мол. Қазақшаң қалай? //Ана тілі. 1995. 11 ақпан; Темір-Әли Құрал. Ұлттық намыс ұядан... //Ана тілі. 1995. 22 тамыз; Балғабаев С. Тағы да тіл туралы. Мемлекеттік тілдің мәртебесі неге төмен? //Ана тілі. 1996.14 мамыр; Айтбайұлы Ө. Ұлт рухын көтерер күш. Көкейкесті.//Ана тілі. 2000. 25 мамыр; Шүкіұлы С. Қазіргі қазақ тілінің құлақ бұрауы қалай? Толғауы тоқсан туған тіл. //Ана тілі. 1999. 8 ақпан; Тіл – ұлт рухының ұясы. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Тілдерді дамыту департаментінің директоры Е.Шаймерденұлымен Д.Рамазанның сұхбаты.// Ана тілі. 1999. 23 қыркүйек; Молдахметова Ж. Ел тағдырының өзекті мәселелері. Рухани игілік.// Егемен Қазақстан. 1995. 6 қазан; Рух уланып жатыр, халайық! «Ана тілі» газетінің барлық қазақстандықтарға үндеуі. //Ана тілі. 1998. 4 маусым; Асабаев З. Оқығанымыз Абай болды, қорытындымыз қалай болды? //Парасат. 1995. №6; т.б.

16. Сүлейменов М. Казахский бы выучил. Государственный язык // Казахстанская правда. 2004.14 мая.

17.Қабанбаев М. Адамның бір қызығы бала деген ... неге беттен алады қазақ баласы? Серкесөз// Ана тілі.1994.31 наурыз; Сонықі. Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады? Қайнайды қаның, ашиды жаның // Ана тілі .1994.23 маусым; Сонықі.Еуразия одағы: кім мысық, кім

тышқан? Жазылған жайдың жалғасы //Ана тілі.1994. 25 тамыз; Сонікі. Бұл зиялы, қай зиялы? Қазақ интеллигенциясы бар ма өзі?//Ана тілі.1994.14 қыркүйек.

18. Познать язык, поднять державу. Стратегия Ассамблеи //Казахстанская правда. 2005.13 мая.

19. Жәнібек Сүлеев: «Шала қазақ, ада қазақ» дегенді ойлап тапқан мен емес! Әңгімелескен Гүлбиғаш Омарова //Түркістан. 2012.10 мамыр.

20.Қанат Қабдырахманов: Қазақтарды бөліп жүрген-ұлтшылдар. Әңгімелескен Динара Мыңжасарқызы //Түркістан. 2012.24 мамыр.

21. Досым Сәтпаев, саясаттанушы: Қазақстанның ұлттық идеологиясы– қазақ тілі болуы тиіс. Қазақстан халқын біріктірудің жалғыз жолы-сол. Әңгімелескен Есенгүл Кәпқызы //Түркістан. 2012.16 ақпан.

22. Саяпова Зухра, Мәжіліс депутаты: Мемлекеттік тіл – қазақтың ғана емес, ортақ тіліміз. Әңгімелескен Тоқтарәлі Таңжарық //Дала мен қала. 2012. 30 қаңтар.

23. Заборцева Е. Межнациональное и духовное согласие //Мысль.2007. №7.–С.27-36.

24. Сейдімбек А. Ұлт мүддесі мәңгілік серігіміз// Ана тілі.1995. 27 шілде; Ұлттың ұлы мұраты. Белгілі ғалым Рахманқұл Бердібаймен «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі Думан Рамазанның сұхбаты //Қазақ әдебиеті.1997. 29 шілде; Боқаев Қ. Дін– ізгілік өзегі// Қазақ әдебиеті. 2005. 28 сәуір; т.б.

25. Ислам – адамзаттың асыл тәжі. Публицист Сауытбек Абдрахмановтың Бас мүфти, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, хазрет Әбсаттар қажы Дербісәлімен сұхбаты //Егемен Қазақстан. 2012.20 сәуір; Сұлтанов Қ. Үндестік мұраты – өркендеу // Егемен Қазақстан. 2012.30 мамыр; Құланбай Ә. Әлемдік діндер әлемі: Ислам. Діндер жақсылыққа үндер // Егемен Қазақстан. 2012.22 мамыр; Қыдырәлі Д. Діни келісім – дәстүріміз //Егемен Қазақстан. 2012.29 мамыр; т.б.

26. Бейбітшілік пен келісім – адамзат таңдауы. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшысыларының IV сьезіндегі сөзі. 2012 жылғы 30-31 мамыр // Егемен Қазақстан. 2012.31 мамыр.

27. Каппель Егор. Ұстанымымыз – бейбітшілік пен келісім // Егемен Қазақстан. 2012. 9 маусым; Бізде жалғыз Отан бар– Қазақстан. Бірлік пен тірлік //Дала мен қала. 2012. 30 сәуір.

28. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес бекіткен Қазақстан Республикасы әлеуметтік-мәдени дамуының Тұжырымдамасы// Қазақ әдебиеті. 1993.10 желтоқсан.

29. Жәнібеков Ө. Ұлттық игіліктерге ұқыпты болайық // Ана тілі. 1994.31 наурыз; Дорженов С. Ұлттық қасиет қайнары// Жұлдыз. 1991. №1;т.б.

30. Абдрахманов С. Сардар. Ділмар. Елдар. Әбіш Кекілбаевтың мәдениеттанушылығы туралы ойлар// Егемен Қазақстан. 2009.18 тамыз.

31. Мыңбай Д. Рух арқауы – руханият //Егемен Қазақстан. 2012.4 мамыр; Айдос Сарым: «Біз ешкімнен кем емеспіз» Тәуелсіздіктің қадіріне жету және бағалай білу керек, дейді белгілі саясаттанушы. Әңгімелескен Қорғанбек

Аманжол// Егемен Қазақстан. 2012.24 қаңтар; Мантаева А. Ұлттық рухтың рухсыздықпен күресі// Қазақ әдебиеті. 2007. 8 маусым; Біз ұлт болып қалыптастық па? Жазушы, журналист Дидахмет Әшімханұлы мен публицист қаламгер Мырзан Кенжебайдың әңгімесі. Әңгімені жазып алған Динара Мыңжасарқызы // Түркістан. 2012.12 сәуір; Көшім Д. Ұлттық мемлекеттіліктің мызғымас шарттары // Жас алаш. 2008.8 қыркүйек; Кенжалин Ж. Ұлттық абырой биігі // Жұлдыз. 2011. №6; Ұлттық рух тамыры – тарихта. «Жалын» журналының «Дөңгелек столы»// Жалын. 2004.№2; Айталы А. Ұлттық саясат: мақсат пен басымдық // Қазақ альманағы. 2009. №3; Осман А. Қазақтар - мемлекет құраушы ұлт// Қазақ альманағы. 2009. №4.

32. Әбжанов Х. Қылмыс пен жаза. Замана запыраны// Егемен Қазақстан. 2012. 22 мамыр.

33. Жұмаділов Қ. Қалың елім,қазағым...// Қазақ әдебиеті. 1993.26 ақпан.

34. Табей К. «Елім-айлап» елге жеткен қандастарымыздың қадамы құтты болғай// Қазақ әдебиеті.1992. 2 қазан.

35. //Қазақ әдебиеті.1992.1 қазан; Жұлдыз.1992.№4: т.б.

36. Мәймханұлы Д. Елбасы және қазақ диаспорасы. Елімен етене Елбасы// Егемен Қазақстан. 2012. 27 маусым.

37. Шайынғазы С. Өз елінде өзі қонақ болғысы келетін оралман ағайындардың ойлағандары не? Талдамалық толғаныс// Егемен Қазақстан. 2012. 24 мамыр.

38. Жәрімбетова Н. «Қазағымызға жеткенше асықтық» – дейді Германиядан туған ауылына қайтып оралған Виктория мен Сергей Костенколар. Біз– Қазақстандықтармыз!// Егемен Қазақстан. 2012. 12 наурыз.

39. Назарбаев Н. Тәуелсіздік белестері.- Алматы: Атамұра, 2003.-292 бет.

II ТАРАУ

БАСПАСӨЗДЕ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

1991 жылғы желтоқсан айының басында үш республика басшыларының – Ресей Федерациясының, Украина мен Белоруссияның Беловежье орманында кездесуі аса маңызды бірқатар құжаттарға, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөніндегі Мәлімдеме де бар, қол қоюымен аяқталды. Осылайша, Кеңес Одағы жантәсілім етіп, өзінің өмір сүруін ресми түрде тоқтатты. Бұл КСРО халықтарының өзін-өзі ұлттық айқындауы процесінің заңдылық тұрғыда толық аяқталуына алып келді. Ал, Қазақстан өзінің мемлекеттік егемендік жөніндегі Декларациясын бұдан бір жылдай уақыт бұрын, яғни 1990 жылғы 25 желтоқсада қабылдаған болатын.

1991 жылғы 8 желтоқсанда Беловежье орманында қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөніндегі мәлімдеме мен 1991жылғы 21 желтоқсандағы оның Хаттамасы туралы қайталап айтар болсақ, кейіннен бұл құжаттар төңірегінде әр түрлі пікірлер айтылды. Біреулер бұл Кеңес Одағында болған Конституцияға мүлде қайшы келетін кезекті мемлекеттік төңкерістердің бірі болды деді. Тағы біреулер бұл кез-келген империяда болатын, олардың пікірінше, бұл жерде КСРО негізге алынып отыр, оқиғалардың болмай қалмайтын барысы әрі заңдылық деп есептеді. Үшінші біреулер Б.Ельцин, Н.Кравчук пен С.Шушкевич жағдайды пайдалана отырып, ыдыраған алып елден ірі көлемде қарпып қалуға тырысты деген жорамал жасады. Ал, төртінші біреулер жаңа құрылып жатқан мемлекеттердің бірінші басшыларының қатысуынсыз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылғаны жөніндегі жария ету өзге республикаларда тұратын халықтарды сыйламаушылықтың көрінісі болды деген пікірге келді. Жоғарыдағы ой-пікірлер мен тұжырымдардың қай-қайсысы болмасын негізсіз емес еді...

Бұл тарихи акт жөнінде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев былай деп атап көрсетті: «КСРО-ның құлау себептері жайындағы әр алуан пікірлер, негізінен, екі арнаға тоғысады. Біріне құлақ ассаңыз: КСРО өздерінің бірден-бір идеологиялық және геосаяси бәсекелесінің көзін құртуға тырысқан сыртқы және ішкі іріткі күштердің бірлескен қимылы нәтижесінде құлады. Екіншісіне ден қойсаңыз:бұл әлдеқашан математикалық дәлдікпен жете мөлшерленген, ешқандай обьективті де, субьективті де себепсіз-ақ тап осы кезеңде қалайда болмай қоймайтын заңды құбылыс еді» (1).

Беловежье Мәлімдемесінен кейін, 1991 жылғы 16 желтоқсанда республика Парламенті «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы»

конституциялық Заң қабылдады. Осылайша, Қазақ елінің жаңа тарихи парақтары ашылды, қазақ халқының жасарып-жаңғыруға бағытталған жаңа дәуірі басталды, ата-бабалар ғасырлар бойы аңсап өткен тәуелсіздіктің арайлы таңы атып, ұлан-байтақ қазақ жерінде толық Тәуелсіз мемлекет пайда болды.

Ел Тәуелсіздігі жарияланған осы күнді, сол сағат пен минутты Жоғары Кеңес төралқасының шешімімен «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Заң жобасы жөнінде баяндама жасаған академик заңгер Сұлтан Сартаев былайша еске алады:

«Біз тоқ жүріп тәуелді болғанша, аш жүріп азат болғанды артық көрген Алаш ұрпағымыз. Біз сан ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсап, армандап кеткен ел тәуелсіздігіне, дербес мемлекет құруға 1991 жылы 16 желтоқсан күні қол жеткіздік. Бұл саяси оқиғаға Жоғарғы Кеңестің депутаты әрі заңгер ретінде тікелей қатысқанымды мақтан тұтам, сөзімді сол бір жүрек тебірентерлік сезімнен бастауды жөн санаймын. 1991 жылы 9 желтоқсан күні Жоғары Кеңестің ғимаратына бара жатып мына бір өлең жолдары ойымда тізбектеле берді:

Қыс түскенмен, жаз шығар,
Бар дүниені жайнатып.
Күн батқанмен, таң атар,
Бар әлемді оятып.
Аспанда бұлт басқанмен,
Ашылып шайдай күн шығар...

Жүрек бірденені сезді-ау деймін. Сол кездегі саяси оқиғаның өзі де осы ойға алып келіп тірегендей болды. 1991 жылы 8 желтоқсанда КСРО біржола күйреген соң одақтас республикалар бірінен соң бірі өз тәуелсіздігін жариялай бастады.

Мен 9 желтоқсан күні Жоғарғы Кеңес төралқасында өз тәуелсіздігімізді жариялау туралы ұсыныс жасадым. Арнайы заң жобасын әзірлеу мәселесін де көтердім. Сонда біраз адам «біз былай да тәуелсіз елміз ғой» деп қарсы уәж айтты. Мен тәуелсіз мемлекет болу үшін арнайы заң қабылдау қажеттілігінің мән-жайын барынша ашып түсіндірдім. Ақыры бір шешімге келдік. Жоғарғы Кеңес төралқасының шешімімен « Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» заң жобасы жөнінде баяндамашы болып бекітілдім. Сонымен 16 желтоқсан күні Жоғарғы Кеңестің мінберіне көтерілдім. Залға қарап, қалың үнсіздікпен жүрек жарылатындай бір қуанышты хабарды күткен сезімді депутаттардың көзінен ұқтым. Қатты толқыдым. Өйткені біз Қазақ елінің тарихында Тәуелсіз мемлекетпіз деп дүниежүзіне жариялағалы тұрмыз.

Баяндамамды бір демде оқып шықтым. Заң жобасын талқылау басталды. Бірен-саран қарсы болғандар да үндемей қалмады. Дегенмен, көпшілік дауыспен Конституциялық заңды қабылдадық. Тарих жылнамасы былайша жазылды: Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсан күні 18 сағаттан 14 минөт өткенде өз Тәуелсіздігін жариялады. Бүкіл залды кернеп тұрған жүрек қуанышы жарқын дауыстардың жаңғырығымен астасып жатты. Ол сәтті айтып жеткізу қиын. Жұрттың бәрі орнынан тұрып кетті. «Жасасын Қазақстан!» деген ұран айтылып жатты.

Содан арада небәрі отыз минөт өткенде, 18 сағат 44 минөт уақыт белгісінде біздің ел Тәуелсіздігін ең алғаш Түркия мемлекеті таныды. Бұл дүние жүзі дипломатиясының тарихында бірінші рет болған жағдай» (2).

Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында былайша толғанады: «Тәуелсіздік алысымен алғашқы кезектегі маңызды мәселелерді шешуіміз талап етілді. Бірінші кезекті мемлекет ретінде қалыптасуымыз қажет болды. Бұл дегеніміз биліктің мемлекеттік институттарын құрудың, жалпы халықаралық аренада танылуға жетудің, әр түрлі дүниежүзілік ұйымдарға кірудің қажеттілігін көрсетті» (3).

Осы және өзге де міндеттерді жүзеге асыру 1992 жылы «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының» Стратегиясы бағдарламасын жасау қажеттілігі талап етілді. Президенттің айтқанындай, онда белгіленген жоспарларды жүзеге асыру «... көбіне көп тірі қалудың стратегиясы ретінде... біздің кім екенімізді, таяу және алыс болашақта кім болатымызды айқындап берді.

Стратегия қазақстандық ұлттың өзін-өзі танып білу жөніндегі мәселенің иделогиялық іргетасын қалаған республиканың тұңғыш ресми құжаттарының бірі болды» (4).

Қазақстан ауыр экономикалық жағдайда Тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қадам басты. Кең байтақ еліміздің қыруар қазынасы, жылдар бойы жасалып-жасақталған потенциалы еншімізге берілді. Сонымен, Қазақ елі жаңа кезеңге кез болды.

«Енді сол еркіндік, егемендіктің басты шарты,– деп жазды публицист К.Смайылов ел Тәуелсіздігінің таңсәрі шағында, – елдің, халықтың өз табысы өзіне жететіндей, өз күнін өзі көретіндей болуы. Басты тәуелсіздік – экономикалық тәуелсіздік емес пе? Ал, біздің кеше тараған Одақтан, тұтас экономикадан алған мұрамыз, еншіміз, талай жылғы теріс саясат салдарынан өте қиын болып отыр».

Осылай дей келе, публицист тәуелсіздік талаптарына сәйкес егеменді ел болуымыздың басты кепілі болып табылатын он жайт төңірегінде терең ойлану қажет екендігіне жеке-жеке тоқталады. Елді терең экономикалық

дағдарыстан алып шығудың жолдары осында жатқанына баса назар аударады.

Бірінші жәйт.

Қыруар байлыққа ие бола тұрып, басқаларға берешек-борышты республика болып шықтық. Табатынымыздан жұмсайтынымыз екі есе көп, бұрын оны субвенция деп (6-8 миллиард сом) орталықтан алып жататынбыз. Енді Одақ та, орталық бюджет те жоқ.

Қазақстанның бұлай қарыздар болып шығуы, берешек болып қалуы – шаруашылық салаларын орналастырудағы әділетсіздік, басым өндіретін шикізат басындағы жөнсіздік.

Бұрынғы Кеңес елі бойынша жан басына шаққанда жылына 798 сомның өнеркәсіп өнімі шығарылса, бізде 308 сомның ғана өнімі алынып келген. Басқалардың бәрінен де аз. Жылдар бойы жалпы қарқынды еселеп, өндіріс көлемін көбейтеміз деген ұран- ұмтылыс ақыры осыған әкеп соқты.

Екінші жәйт.

Бұрын орталықтың иелігінде болған ірі кәсіпорындар республика қарамағына көшті,еліміз мыңдаған кәсіпорындарға ие болды. Соларды жаңғырту, жанарту республиканың өз мойына түсті. Ендігі жерде аса бай шикізатты өзімізде өндесек, дайын күйінде жеткізсек, қаншама қаржы алар едік!

Үшінші жәйт.

Қазақстан – асыл қазына-байлықтың сандығы. Оларды алу қиын-қымбатқа түсуде, кіріс-шығыс арасы да тиімді емес. Қазынаның қазаны да түбін көрсете бастады. Оған енді жаншырлықпен қарап, алды-артымызда ойламасақ болмайды.

Төртінші жәйт.

Біз сонымен беруші емес алушы болдық. Қазақстан өзінде шығарған дайын өнімнің 17 пайызын ғана өзгелерге өткізеді де, оның есесіне өзіне қажет өнімнің 40 пайызын басқалардан алады.

Әрине әр мемлекет – республикаға қажет дүниенің бәрін өзінде шығара беруі міндет те емес, мүмкін де емес. Бірақ, өзімізге аса қажет машина мен жабдықтардың өзімізде болмағаны неден?

Бесінші жәйт.

Біздің шетелдерге өнім шығарудағы үлесіміз тым аз – бір-ақ пайыз. Оның 97 пайызы шикізаттар мен жартылай өнделген өнімдер.

Жақын арадағы бар үмітіміз – шетелдіктердің жәрдем-қаржысынан күш - көмек алу. Олар біреуге жәрдемдесіп шығындану үшін емес, пайда түсіру үшін келеді. Капиталистер тегін жұмыс істемейді, бекер шығын жасамайды.

Алтыншы жәйт.

Қазақтың баяғыдан сенімді сүйеніші де, тұрмыс таянышы да мал болған. Мына нарықтық шаруа жағдайында сол мал баққан, малға қараған қазақ ауылы қалай күн көреді деген сұрақ туды. Мал өнімнің саны мен сапасы мәз емес. Сол аз өнімді өңдемей іске жарата алмаймыз. Ұлттық тағам жасай алмаймыз. Сүт пен ет қана емес, құрт пен жентті көбейтіп, тері мен жүннен, темір мен тастан қолөнерлер бұйымдарын жасап, кілем мен алаша тоқып сатпай болмайды.

Жетінші жәйт.

Жан басына келетін ақшалай табыс жөнінен Қазақстан бұрынғы Одақта 10-орында екен де, оның орташа мөлшері басқалардан 300 сом кем болған.

Республика жылдар бойы жер қойнауындағы қазынасын Одақтың иелігіне жұмсап, өзінің мұң-мүддесін ойламаған, ескермеген. Сонан да Қазақстан тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінен Одақта 10-орын, азық-түлік алу жағынан 5-6 орын, тұтыну тауарларын пайдаланудан 8-орын алып келді. Осыны енді теңеу қажет.

Сегізінші жәйт.

Одақтық академия ыдырап, үлкен ғылым бөліске түсті. Ғылымға келушілер он есе азайып кетті. Бұл – аса қауіпті жәй. Ертең сауда да, пайда да орнына келер, өтер, бірақ ақыл-ой, талант, біліммен келетін ғылым мен өнерсіз халық тұрмысы жоғары болса да рухани байлығы кемшін болады. Байқоңыр космодромы қолымызға көшіп, соның негізінде космостық зерттеулермен шұғылдануға мүмкіндік туып тұр. Семейдегі ядролық полигон да өзінің қатерлі сынақтарын тоқтатып, ядро қуатын бейбіт мақсатқа бұру жұмысына кіріскелі жатыр. Осындай адам ақыл-ойынан микроәлем мен микродүниені зерттейтін, әлем қызығатын екі ғаламат ғылым тәжірибелері енді Қазақстан жерінде жүргізілмекші. Осыған қазақтың жас ғалымдарының батыл араласуына қазір сәті түсіп тұр.

Тоғызыншы жәйт.

Жеріміздің жағдайы қиын, ауасы бұзылған, суы бүлінген, әскери полигондар мен ракетодромға айналған 20 миллион гектар жерді қалай қайтарып аларымыз белгісіз. Қаншама уран рудниктері бар қазақ жерінде! Еншіге қару-жарақ та тиді. Шекарамыз 12 мың километр. Қытаймен арадағысы 1,5 мың. Соның бәрін ұстау, сақтау оңай ма?

Оныншы жәйт.

Бәрінен де қатты ойланар жәйт бар. Ол – біздің сол ертеңгі қуат-құдіретімздің көзі– шахталар мен рудниктерде, металлургия және химия заводтарында өндірісті атқарып, басқаратындардың 80-90 пайызы басқа ұлттардың адамдары. Ондағы қазақ қайтсе көбейеді, қайтіп өндірісті өз

қолына алады?

Қазақстан егемендік-еркіндік алған кезде тарихтан, тағдырдан егемендікпен бірге осындай енші алып, осындай дүниеге ие болдық. Тәуелсіздік тегін келген жоқ. Есептейтін, абайлайтын жайға келдік. Қаншама қыруар іс, ғаламат жұмыстар тұр алда!

Еркін билік қолға тиді! Бұрынғыдай Мәскеу жоқ, Орталық жоқ. Жауапкершілік өзімізде ғана, бар салмақ, алдымен ел иесі болған қазаққа түседі.. Елге ие болу үшін қазақтың өзі мығым, біртұтас, бір тұлға болу шарт. Қазір оған жағдай туды.

Өмір құбылыстарын жете зерделеп, дұрыс бағалап, рухани ізденістерді қолдап отыру, жаңа көзқарастардың өркен жайып, орныгуына жағдай туғызу, әрбірден соң, қоғамдағы ынтымақты нығайтуға қызмет етеді. Әңгіме қазақ елінің нақты Тәуелсіздікке қол жеткізуі туралы болып отыр (5).

Еліміз егемендік табалдырығын аттаған кезден бастап-ақ республикамыздағы ұлттық басылымдарда тәуелсіздік тұтқасы әрі тізгіні – ұлттық идеяны, ұлттық ынтымақтасты көздің қарашығындай қорғау қажеттігіне байланысты ойлар тасқыны, буырқанған ой-толғаулар үзбей жариялана бастады.

Ұлт алдында тұрған бірінші кезектегі ұлы міндет болашақ мемлекеттіліктің сипатты бейнесін жасау болды. Ең алдымен қоғам назарын кейінге қалдыруға болмайтын проблемаларды жедел шешуге және реформаларды қысқа мерзімде жүргізуге аудару қажеттігі туындады. Бірінші кезекте қарулы күштер, кеден қызметі секілді жаңа министрліктерді, жаңа мемлекеттік институттарды құру, республика сыртқы істер министрлігінің қызметін тәуелсіз мемлекет талаптарына сәйкестендіру керек еді.

Оның үстіне халықаралық ұйымдармен байланыс орнату, жаңа қаржы құрылымен жасау, жоғары экономикалық кеңес құру, республиканың алтын және алмас қорларын қалыптастыру міндеті бой көтерді. Бұл маңызды шаруаларды еш кешіктіруге болмайтын еді, себебі Кеңес Одағының ыдырауы қоғамды қайыршылық қалге жеткізген болатын: дүкендердегі бос сөрелер, бірінші кезектегі азық-түлікке ұзыннан-ұзаққа созылған кезек, талон мен карточкалық жүйе, т.б.

Бұл мәселелердің қалай шешіліп отырғандығы, алдағы уақытта қалай шешілетіндігі, нақтылап айтқанда, шетелдіктердің басты назарында болғаны жасырын емес. Көптеген саясаткерлер, қоғамтанушылар мен мемлекеттік қайраткерлер Қазақстанның болашағы жөнінде өз ой-пікірлерін жарыса айтып жатты. Тәуелсіз Қазақ елінің алғашқы қадамдарындағы проблемалар жөнінде шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында уақыт та, орын да бөлініп отырды. Негізінен алғанда, олардың көпшілігі сыни тұрғыда болды,

елде жүргізіліп жатқан реформаларға күмәнмен қараушылық басым түсіп жатты. Әсіресе, ресейлік басылымдардың теріс көзқарастары атойлап отырды. Олардың беттерінде көбіне-көп Ресей Федерациясымен байланысын үзген Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүре алмайтындығы, оның алдына «тізерліп келуге» мәжбүр болатыны ашық айтылды да. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Еліміздегі орыс журналистері мен қоғам қайраткерлері санатындағы кейбір орыс азаматтары да бұл мәселеге «білек сыбана» кірісті. Ал, енді бұған орыс тілді кейбір өз қандастарымыздың да үн қосуы, жағдайды ұшықтыра түсуге атсалысулары егемендік жолының тым ауыр болғанын айқын айғақтағандай.

Қазақ халқының алтын дәуірге бет алған бастапқы кезеңінде аяқ алысымызды аңдып, әр қадамымызға сынай қарап, тырнақ астынан кір іздеуге, түймедейді түйедей етіп, мін тағуға дайын тұратындар аз болмай шықты. Осы орайда ашығын айтар болсақ, ресейлік бірқатар басылымдар өздерінің бұрынғы өктемдіктерін аңсап, тәуелсіз республикамыз жөніндегі байбаламға толы мақалаларды үдете түсті. Бір таңқаларлығы сол, оларға өз республикамыздағы «Караван» бастаған бірқатар басылымдар, орыс тілді газеттер де ара - тұра болса да үн қосып отырды. Сөйтіп,өздері су ішіп отыратын құдықтарына түкірді. Олардың осы қасиетсіздіктерінің астарына бағамдай қарасақ көп жайды аңғарамыз.

Мысалға жүгінейік. Ресейдің Қазақстандағы елшісі Владимр Виноградовтың «Глядя на карту Родины» атты мақаласына көз жүгіртейік. Ресей елшісі бұрынғы Кеңес одағының картасына қарап отырып, сезімге беріледі. Оның түп-төркінінде бұрынғы өктемдік ниетінің жатқаны соқырға таяқ ұстатқандай атойлайды. Бәрінен де бұрын жанға бататыны осы. «Все мы с детства – где бы ни жили: В России, в Узбекистане, в Казахстане, на Украине – всюду, привыкли к законным очертаниям нашей Родины, Союза СССР – от полуострова Таймыр на Севере до Кушки на Юге, от Чукотки на Востоке до Бреста на Западе», – деп жазады өзінше толғанысқа түскен Ресей елшісі.

Мұның түп-төркінінде Өзбекстан, Украина, Қазақстан, тағы да басқа республикалар орыстың иелігіндегі нағыз отаны болмаса да, кеңес одағы кезінде бұлардың бәрі де «менің отанымның қарауындағы мекендер болды» деген менменшілдік, астамшылдық сезім жатыр. Мұндай паң орыстық сезімді орнықтырудың саяси, идеологиялық, әлеуметтік және құқықтық тетіктері Кеңес одағында мұқият ескеріліп отырғандығы құпия емес. Қоғам өмірінің барлық саласында орыс тілі, орыстық пиғыл өктемдік құрып келді. Ия, Кеңес одағын тек орыс ұлты ғана нағыз отаны деп сезінетін. Ал, өзге ұттың өкілдері бүкіл кенес одағы былай тұрсын, өз республикасын да

Отаным деп айтуға қуыстанып, қорқатын. Тоқсаныншы жылдарға дейін баспасөз бетінен «Қазақстан-менің отаным», «Менің ұлтым-қазақ» деген сөз тіркестері ұшыраса қоймайтын. Аталмыш мақаласында елші В.Виноградов «А вот сейчас глядя на карту, поневоле ловиш себя на мысли: чего то много ей не хватает и самый большой кусок как бы вырван как раз по середине – на юг. Это-Казахстан» дейді. Бұл жолдардың да астарында орыс азаматтарының «Қазақстаннан айырылып қалдық-ау» деген үлкен өкініші жатқандай.

Ресей елшісі мақаласының өн бойында өктемдікті көксеу идеясы өріліп жатыр. Мұның кім-кімнің болмасын ар-намысына тиері табиғи құбылыс. Сондықтан болар жазушы Ақселеу Сейдімбек мақалаға жауап ретінде «Картаға кімнің көзімен қарау керек» деген материал жазды (6). Қазақ жазушысы Ресей елшісінің мақаласын жан-жақты талдай отырып, оның өктем пиғылы мен көзқарасына оқырманның айызы қанарлықтай тойтарыс берді. «Қазақ халқы – (тек қазақтарға ғана емес) кеңес одағы деп аталған империя мен оның қол шоқпарының бұл сияқты түркі бұлаңын жақсы біледі,- деп күйіне жазады жазушы. – Түптеп келгенде, бүгінгі қазақтар дәстүрінің, төл тума (самобытный) мәдениетінің мейлінше құлдырауы, жерінің тозуы, тіптен қазақ халқының биопсихологиялық тұрғыдан аза бастауы тек қана КСРО империясы жүргізген отаршыл экспансияның нәтижесі екеніне күмән жоқ. Басқа басқа-ау, елші мырза көксеп отырған кеңес одағы өз құрамындағы республикаларға адал болса, неге 500 атом және сутегі бомбасын қазақ даласына, қазақтардың ең шоғыр жеріне жарды екен? 1932 жылы 6 милион қазақтың қанша милионын империялық саясаттың қырып салғанын елші мырза біле ме екен? Бір анадан туғандай этномәдени тұтас қазақ халқы кеңес одағы кезінде ғана дүние жүзінің 32 еліне тентіреп кеткенін елші мырза бір сәт ойлап көрсе ғой. Соңғы екі жүз жылда қазақ халқының ел қамын ойлаған дарынды ұл-қыздарының бірде-біреуі өз ажалынан өлмегенін немесе бірде-біреуі жазалаусыз қалмағанын елші мырза өзі көксеп отырған империялық отанының қажеттілігі болды деп сене ме екен?

Жоқ! Қазақтарға және қазақтар сияқты ондаған ұлттарға, соның ішінде орыстарға да кеңес одағы сияқты империяның керегі жоқ. Қазақтарға, қазақтар сияқты ондаған ұлттарға, соның ішінде орыстарға да тек қана азаттықтың баянды болғаны керек. Сондықтан кеңес одағы деп аталатын империя құлағаннан кейін Еуроазия халықтарының азаттық алып, болашағына үмітпен қарай бастаған қуанышына елші мырзаның іштарлық жасамауын қалар едік. Керісінше, азаттықтың баянды болуына, азат елдердің өзара тату байланыс орнатуына ықпал етсе,елшіге жарасатын іс сол болмақ».

Демократиялық үрдіспен даму жолына түскен тәуелсіз Қазақстанда жариялық кең көлемде қанат жайып келеді, әркімнің өз ойын ашық айтуға толық құқығы бар. Бұл күнделікті баспасөз беттерінде айқын көрініс тауып отыр. Мұны өркениетке бағыт алған кез-келген елге тән құбылыс ретінде бағалауға болады. Демократияның жөні осы екен деп, елдің ішкі жағдайын терең ой елегінен өткізбей, көкейдегіні ешбір қисынсыз тықпалай беруге болмайды.

Әлі есімізде, кезінде республиканың бір топ кәсіпкер жастарының жерді сату, мемлекеттілік сипаты және мемлекеттік қос тілділік туралы бүкілхалықтық референдум жайлы Президент Н.Назарбаевқа жолдаған хаты республика жұртшылығының (әсіресе қазақтардың) наразылығын тудырды. Әрине жас кәсіпкерлер әлдекімдердің айдап салумен болар, жоқ әлде қоғамдық құбылыстарға нақты баға бере алмағандықтан ба, өзекті мәселелерде бірқатар қиғаштықтарға барды. Ал, «Литературная газетаның» Қазақстандағы тілшісі мұны іліп ала жөнеліп, «Казахстан: конец эры химер» («Қазақстан: құбыжықтың дәуірі бітті») атты мақала жариялады (7). Автор кәсіпкер жастар хатындағы айтылған жайларға өзінше талдау жасауға тырысады. Ең сорақысы сол, ол жастар пікірлерін бетке ала отырып, қалың бұқара мен зиялы қауымды бөліп тастайды. (Зиялы қауымның тек жастардан құралмайтыны белгілі, өкінішке орай, ресейлік журналист бұған мән бергісі келмейді). Жерге жеке меншік, орыс тілін екінші мемлекеттілік тіл ету, мемлекеттік сипатын өзгерту туралы мәселелерге қарсы шыққан зиялылардың бәрін автор «национал-патриоттар» қатарына қосады. Бұлар кеше «коммунизмнің» моральдік кодексінің жырын жырлап еді, енді «национал-патриотизмнің» қосығын тартып отыр деп айыптайды. Журналист А.Самойленконың ұшқары пікірлері ұлт намысын қоздырды, ар-намысқа тиді. Міне, бұл жөнінде қарт журналист-жазушы Ә.Жұмабаев ашына отырып, өз ой-пікірін ашып жазады. Ресей журналисін тәубеге келуге, ақ сөйлеп, адал ойлауға шақырады (8).

Тәуелсіз елімізде ұлтаралық қатынастардың қалыптасуына барынша мән беріліп отыр. Қазақстан жүздеген ұлт өкілдері мекендейтін біртұтас мемлекет. Ата Заңымызда ұлттар мүддесіне ешқандай нұқсан келтірілмеуі тиіс екендігі жазылған. Шүкір, ел ішінде ұлтаралық алауыздық жоқ. Көпке мәлім, 1998 жыл Қазақстанда «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жарияланды. Еліміздің түпкі саясаты осыған бағытталған. Егер адамдар арасында нендей бір келіспеушілік, талас-тартыс болса, мұның негізінде ұлттық сипат емес, әлеуметтік-экономикалық, күнделікті тұрмыстық мүдде жатады. Соған қарамастан ұлтаралық қатынастарға сына қағып, елдің шырқын бұзуды көксейтіндер де жоқ емес.

Әсіресе, өзімізге достас елдердің, соның ішінде Ресейдің кейбір саясаткерлері, ғалымдары, журналистері мен жазушылары Қазақстаннан орыс мәселесін іздеп шарқ ұрып жүр. Олардың негізгі ойларының түп-төркіні белгілі.

Тәуелсіз Қазақстандағы ұлт саясаты Ресейдің жанына тыншу бермейтін сынайлы. Мәселен, белгілі орыс ғалымы Михаил Реткеевич «Независимая газетада» мақала жариялап, онда біздің еліміздегі ұлт саясатының салиқалығына өзінше шүбә келтіреді, сенімсіздік танытады. Қазақстаннан орыстардың қоныс аударуын қолайсыз ұлт саясатының салдары деп түсіндіруге тырысады. Орыс тілі екінші мемлекеттік тіл деп жарияланбауы салдарынан, орыс халқы үлкен кемсітушілікке тап болып, дискриминацияға ұшырап отыр деген пікір айтады. Әділіне келсек, Қазақстанда орыс тілін ресми тіл деп жариялаудан орыс халқы ешқандай жайсыздық сезініп отырған жоқ. Біздегі барлық жиындар, мәжілістер, конференциялар негізінен орыс тілінде өтуде. Іс қағазы көбінесе осы тілде жүргізіледі. Парламент басқосулары көбіне-көп осы тілде өтуде. Ара-тұра бәз-бір депутаттар қазақ тілінде сөйлей қалса жерден жеті қоян тапқандай бөркімізді аспанға атып, алақайлаймыз. Мұны біз үшін үлкен жетістік санаймыз. Осымыз енді ұят. Ұят болар-ау демейміз, «О, пәлен деген министр қазақша сөйлейді екен» деп балаша мәз боламыз. Ізінше-ақ Американы қайта ашқандай болып, журналистер қауымы шала-шарпы қазақша сөйлеген осы министрден не депутаттан интервью алып жатады, теледидардан көрсетеді. Бұл мойындасақ та, мойындамасақ та жиі-жиі болып жататын жағдай.

Ресейлік өктемдікті көксеген орыс жазушы-журналистерінің мерзімді басылымдардағы материалдары жауапсыз қалып жатқан жоқ. Нағыз азаматтық ары бар, ой-өрісі биік азаматтарымыз өре түрегеліп, кесімді ойларын салиқалықпен, ұшқырлықпен айтып жатады. Мәселен, кезінде Қазақстанның халық жазушысы, Республика Жоғары Кеңесінің депутаты Шерхан Мұртазаның «Бөліп ал да, билей бер!» деген мақаласына зер салайық (9).

Материалдың өн бойында жазушының шырқыраған жан айқайы айқын аңғарылады. Ақмоладан шығатын «Лад» газетінің 1994 жылғы 12 желтоқсандағы нөмірінде жарияланған Қазақстан Жоғары Кеңесінің депутаты В. Михайловтың Қазақстан Республикасының Конституциясындағы «кейбір ережелерді өзгерту туралы» ұсыныстарына қарсы бағытталған аталмыш материалдан бір қатар үзінділер келтіруді жөн көріп отырмыз (10).

«Ал, В.Михайлов не дейді?» Біріншіден, Конституцияның «Конституциялық құрылыс негіздері» деген бөлімінің 1-бабындағы:

«Қазақстан Республикасы (Қазақстан)- демократиялық, зайырлы біртұтас мемлекет» деген сөйлемнен «біртұтас» деген сөз алынып тасталсын дейді. Тәйірі, мұнда не тұр? В.Михайлов осы сөзге неге қасарысып қарсы болды? Әкесі өлгенді де естіртеді, кешіріңіз, бұл енді Қазақстан біртұтас мемлекет болмасын, тоз-тоз болып, бөлшектеніп, ыдырап кетсін деген сөз. Бұл енді Республиканың солтүстігін бір бөлек, күншығысын бір бөлек, күн батысын бір бөлек жіліктеп алып кетейік, «бөліп таста да билей бер» деген сөз.

Екіншіден, Конституцияның дәл жаңағы бабында: «Өзін-өзі билейтін қазақ ұлт мемлекеттігінің түрі ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматының құқық теңдігін қамтамасыз етеді», – деп жазылған. В. Михайлов осы сөйлемнен: «өзін-өзі билейтін қазақ ұлт мемлекеттілігінің түрі ретінде» деген сөздерді конституциядан аластайық дейді.

Демек, Қазақстан дейтін географиялық территорияда жүздеген, мыңдаған жылдар бойы қазақ дейтін халық тұрмаған, олардың осы жерді именденген, арпалысып жаудан қорғаған ата-бабалары болмаған, байғұс қазақтар бәрі де әлдеқайдан ауып келген деген сөз. Яғни, мен, В.Михайлов, бұл жерге қалай келсек, қазақтар да солай келген. Сондықтан мен де, қазақ, сен де бірдей кірмеміз деген ұғым.

Бұдан асқан астамшылық болар мен екен?! Зорлық-зомбылықтың да шегі бар ғой. Бұл өктемшіл, қиянатшыл империяның кекірегі ғой.

Сонда В.Михайлов өзі ұнатпайтын «қазақ» деген сөздің орнына нені ұсынады?».

«Өзін-өзі билейтін Қазақстан халқы» деп өзгертейік дейді. Демек «Қазақстан» деген сөзді мойындаған В.Михайлов қазақтар басқа жақтан ауып келген емес, осы жердің ежелгі, байырғы халқы екенін мойындағысы келмейді. Үшіншіден, баяғы тіл. Мемлекеттік қос тілділік дауы. Қазақ тілі және орыс тілі дейді. В.Михайлов орыс тілі қуғын көріп жүр деп байбалам салады.

Төртіншіден, депутат В.Михайлов пен оның жақтастары «жер жекеменшікке берілсін, сатылсын» дейді. Мәлімдеме таратқан бизнесмендердің талабы осы.

В.Михайлов Республика Конституциясындағы азаматтық туралы бапты өзгертуді талап етеді. Республикада «Қос азаматтық» құқық болсын дейді. Ондай жағдайда Қазақстандағы 6-миллионнан астам орыстар, 3-миллионнан астам басқа ұлттар өкілдері қос-қос поспорт алып жүрсе, Қазақстанда не береке қалды? Қос паспорты бар адам қылмыс істесе, қай елдің заңымен сотталмақ?

Сөйтіп кейбір депутаттар тарапынан, орыс тілді газеттердің, радио, теледидар тарапынан Қазақстан Республикасының осыдан екі-ақ жыл бұрын

үлкен айтыс-тартыспен әбден екшеуден өткеннен кейін қабылданған тұңғыш Конституциясына шабуыл күшейді. Ал, бұл Ата заң ТМД елдеріндегі Конституциялардың ішіндегі ең демократияшыл, кең қолтық «кебеже қарын, кең қосақ» «Конституция» деп танылған-ды». Шерхан Мұртазаның бұл сөздерінде, ой пікірлерінде алмас семсердің жарқылы бар десек қателесе қоймаспыз.

90-жылдары Ресейдің ұлышовинистік-империялық өктемдік пиғылы демократия мен жариялылықтың кең өріс алуының аясында тіпті ашықтан-ашық көріне бастады. Бұл мәселеге Нобель сыйлығының лауреаты, өз отанынан безіп Американың Вермонт қалашығында ғұмыр кешіп жатқан Александр Солженицын ерекше деп қойса не дерсін. Әлемге әйгілі жазушы «Комсомольская правда» мен «Литературная газетаға» «Россияны қалай көгертеміз?» атты мақаласын арасына күн аралата қатар жариялап, қалың елді дүрліктергені көкірек көзі ояу адамдардың әлі есінде (11).

Күллі орыс халқы табынып, құдайдай көретін А.Солженицын не дейді? Ол «Ресейдің көсегесін көгерту үшін Балтық жағалауындағы үш республиканы, Орта Азияның төрт республикасын және Румынияға емешесі үзіліп отырған Молдавияны дереу табанды түрде бөліп тастау керек» дей келе, өзі талай жылдар түрмеде болғанда суын ішіп, тұз дәмін татқан, өзіне пана болған қазақ жеріне арнайы тоқталады. «Қазіргі Қазақстанда,-дейді ол,-қазақтар жартыдан анағұрлым аз. Олардың шоғырланған тұрақты атамекені, шығыс шетінен бастап, Каспийге дейінгі оңтүстік облыстардың үлкен орамы ғана, шындығында бұл өңірлердегі тұрғындардың басым көпшілігі қазақтар. Егер, осы мекенімен олар да бөлінеміз десе, онда құдай бетінен жарылқасын. Мұндай жағдайдан кейін бөліну жөнінде бұлтақтайтын болса, онда өзіміздің бөлініп шығатынымызды батыл түрде жариялауымыз керек», – деп ашық түрде сес көрсетеді.

Ең сорақысы сол, мұның астарында «Ресейсіз не істей аласындар, қолдарыннан не келеді!» деген зіл жатыр.

«Россия А.И.Солжиницыннің ақылымен көгермейді» атты жан айқаға толы материалға қол қойған бір топ қазақтың атақты жазушылары отандастарымызға, жерлестерімізге өз сөздерін арнай келе «Бұл шекера бөлісетін ғасыр емес, қазіргі шекараларды сақтай отырып, парасатымызды бөлісетін ғасыр. Бақытты болашақтың кепілі осы ғана. Демек, Россия А.И.Солжиницыннің ақылымен көгереді деп әсте айта алмаймыз» деп толғанады (12).

Жалпы, 90-шы жылдардың басында бірқатар жалынды қазақ публицистері А.И.Солжиницыннің «ГУЛАГ архипелагы» эпопеясында бейнеленген қазақ жері, ұлт мәселесіне тереңдеп баруға әрекет жасады. Оның

себебі, әлем мойындаған жазушының «Басқа ауып келген халықтардың бапты-байыпты еңбеккерлер, ұғымтал, зерек-білімдарлар екенің жазады. Ал, солармен бірге тұрған, соларды құшағына алған қазақтар жөнінде сондай жылы сөз таба алмайды. Сірә, бұл Солжиницыннің Қазақстанға қаранғы жағынан келгені, қазақтардың өмірін көлеңкелі жағынан ғана көргенінен болуы керек. Сондықтан бұл шығармадан өзіміз көргіміз келген Қазақстанды көріп, қазақтарды (жағымсыз жағынан болмаса) таба алмағанынан» туған реніште жатыр еді. Публицист К.Смайылов осы мақаласының соңында «...орыс тілін еркін меңгерген қазақтардың арасынан орыс тілінде өз халқының бейне-рухын дұрыс көрсете, таныстыра алатын жазушылар мен публицистердің еркін суылып шығуын қолға алып, іске айналдыруымыз керек. Бүгін бізге Саттар Ерубаев пен Баубек Бұлқышев секілді қос тілде қатар жаза алатын, өзінің де, өзгенің де асыл қасиеттерін тани, бағалай, бойына сіңіре білетін, өз жері, өз елі туралы ой-сырларын, арман-қиялдарын басқа әлемге батыл жеткізе алатын жазушылар мен журналистер керек» деген тұжырымға келеді (13).

Сол тұста А.И. Солжиницыннің Қазақстан территориясына қатысты айтқан пікірлері әрбір қазақтың жүрегіне жара салып, ашу-ызасын туғызған еді. «Мен Солжиницынмен бір кезде сәті түсіп, қол беріп амандасып, жүздескен адаммын», – деп жазады, естелігінде соғыс және еңбек ардагері Жасболат Нұрмағамбетов. – 1960 жылдардың аяқ кезі болатын. Ол кезде мен Жамбыл облысында қызмет істеймін. Ал ол кісі осы облыстың Мойынқұм ауданына қарасты «Көктерек» совхозында орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарады екен деп естіген соң, аудан орталығы Фурманов селосына бара жатып, орта мектепке соқтық. Мектеп директоры орнында болмаған соң, мұғалімдер бөлмесіне кірсек, ол кісі бөлменің сол жақ бұрышына жақын қойылған жазу үстелінде бір кітапты парақтап отыр екен. Бізді көріп орнынан тұрып амандасты, бірақ әлдеқандай бақылап жүрген адамдар ма деп сыр бермей солғын сәлемдескенін сездік. Біз жөнімізді айтқаннан кейін барып ашыла бастады. Есімде қалған оның сөздері мынау еді: «Тағдыр жетелеп бұл жерге де келіп қалдық, жаман қарсы алған жоқ, көріп тұрсыздар, мұғалімдік қызметке орналастырды. Жергілікті жігіттерге көп рахмет. Нағыз адамгершілік осы емес пе?» дегені әлі есімде. Міне, енді сол Солжиницын кеше ғана қазақ арасында болып, өмірінің бір қиын кезеңінде көрген қамқорлықтарын, «адамгершілікке не жетсін» деген сөзінің өзін тез-ақ ұмытып, Қазақстанға қомсына қарап жер даулап отырғанына жол болсын. «Өзің су ішкен құдыққа түкірме» дейді ғой қазақ. Осы мақал қайта-қайта ойыма орала береді» (14).

Сол жылдары Қазақстан Журналистер одағының тізгінін ұстап отырған

марқұм Камал Смайыловтың жоғарыдағы ой-пікірлері еліміз тәуелсіздік жолымен қадам басып келе жатқан қазіргі таңда да үлкен маңызға ие болып отыр. Жан-жақтан анталаған ұлы державалық-империялық өктемдік пиғылдарына батыл түрде солардың тілінде тойтарыс беретін жалынды публицистеріміздің қадір-қасиетін терең түсініп, оларды асқақтатып отырсақ, еркін қимылдауларына жағдай жасап, демеп, қолдасақ қанекей. Өкінішке орай, өз ұлты үшін өзегін суырып беруге дайын тұрған, орыс тілінде жазатын, қазақ халқының мұрат-мүддесі жолында ештеңеден де тайынбайтын азаматтарымызға, айталық, талай жылдардан бері өз қаржысымен «Қазахская правда» газетін шығарған марқұм, жалынды публицист Алдан Айымбетовке үкімет немесе қалталы адамдар тарапынан қамқорлық жасалмады. Жалпы қайтпас қайсар публицист-азамат жөнінде басылымдарда оқтын-оқтын жазылып тұрды (15).

Қажымас қайраткер, қайтпас күрескер А.Айымбетов ұлтының арнамысы жолында жазылған материалдарды ешкімнен қаймықпастан берді. Бұдан асқан ерлік болмас, сірә! (16).

Қазақ елі тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында империялық шовинистік пиғылдағылар ұлттық мүддеге нұқсан келтіру, азаттық жолына түскен жергілікті халықтың тілін, дінін, мәдениетін, басқа да рухани қазыналарын жандандыруға қалай да тосқауыл жасау әрекеттеріне ашық түрде барып жатты. Рессей журналистері бұрынғы кеңестер одағының құрамында болған одақтас республикаларға жөнсіз тиісулерін, олардың ішкі өміріне ашықтан-ашық араласып, буынсыз жерге пышақ ұруларын дағдыға айналдырып алғаны қашан. Қазақстандық орыс интеллигенциясының кейбір өкілдері қазақ халқының этностық мәдени проблемаларына түсіністікпен қараудың орнына оның мәдени негіздері біртіндеп құриды деген «сәуегейлік» айтады. Үш жүз жылдық отарлық үстемдіке қарамастан қазақ мәдениетінің ұрығы сақталған. Бұл арада әңгіме көркем, философиялық, адамгершілік және саяси мәдениет туралы болып отыр. Мәдениеттің сол түптамыры халықтың рухына келмейтіндердің бәріне өзінше қарсы шықты, ұлтқа жат ықпалдың бәрін қайта қорытып, икемдеуге тырысуда. Империялық пиғылдағы орыс шовинистерінің бүгінгі ұрпақтары қандай жолмен болмасын өздерінің атам заманғы жымысқы саясаттарын жүргізуге келгенде аянып қалар емес. Осы жерде баса айта кетер бір жайт, ресейлік бауыр-әріптестерінен еліміздегі орыс тілінде қаптап шығып жатқан басылымдар да қалыспады. Құдды бір-бірінің ауыздарына түкіріп қойған ба дерсің. Бұл енді өз алдына бөлек әңгіме... Осындай ашық өктемдік, менменсу пиғылдарына шыдай алмаған Алматыдағы жоғары оқу орындарында қызмет ететін бір топ ғалымдар, профессорлар Қазақстан Республикасының Президентіне «Қазақ

әдебиеті» газеті арқылы ашық хат жолдады (17). Бұл іске Алматы медицина институтының философия кафедрасының меңгерушісі, профессор Алдан Айымбетов ұйытқы болды.

«...Қазақстан саясатын формальды түрде қостағанмен іс жүзінде оған қарсы бағыт ұстап, кедергі жасап отырған күштер баршылық, – дейді ашық хат жолдаушылар. – Осы ретте бірсыпыра орыс тілінде шығатын басылымдардың, әсіресе, «Қазақстанская правда» газетінің ерекше рөл атқарып отырғанын айтуға мәжбүрміз. Біз бос сөзден аулақпыз. Аталмыш газеттің соңғы 3 жыл ішінде басып шығарған көптеген мақалаларына мұқият талдау жасай отырып, олардың бірқатары шовинистік немесе ұлттық-нигилистік, яғни, Сіздің жуырда жарыққа шыққан «Стратегияңыздағы» ұлттық мемлекет құру идеяларына қарама-қарсы көзқарастарды уағыздаушы материалдар екенін анықтадық. Бұл бағыт әсіресе, газет басшылығына Вячеслав Срыбных келгелі күшейіп кетті. Нақты дәл: «Казправда» А.Акаваның «Земля и недра – всем казахстанцам» деп аталған материалын басып шығарды (18). Онда автор «Металлургтардың пікірі» дегенді желеу етіп, Шығыс Қазақстан қиянатпен бөліп алынған Ресей жері деп даурығып тұр. «... Отчленение части единого народа, – дейді А.Акава. – И включение в другое государство... людей не спросили, а желают ли они войти в это государство». Мұндай арандатушылыққа наразылық білдіргендерге В.Срыбныхтың жауабы мынадай: «Наша задача – отражать общественное мнение, не отдавая никому предпочтение» (17.09.1992ж). Кез келген сандырақты жұртшылық пікірі етіп көрсетіп, теріс ойдағыларға «Каз правданың» ой қосып отыруына қалайша жол берілген деген сұрақ туады.

В.Срыбных жұртшылық пікірін құрметтейді екен, не себепті қазақтың көрнекті ғалымдарының Акава сияқтылардың көзқарасына қарсы материалдарын баспай, ал амалсыз баса қойса, міндетті түрде теріс түсініктеме қыстырап отырады? Және нақты дәлелдер: үстіміздегі жылдың 18 наурызында профессор М.Базарбаев және профессор А.Айымбетовтың Н.Масанов пен Н.Әмреқұловтың ұлттық мемлекет құру идеясына қарсы мақаласын өткір сынға алған материалдары жарық көрді. Осыған байланысты берген комментарийінде «Казправда» ашықтан-ашық соңғыларды қоштап, олардың қарсыластарын сүйкімсіз кейіпте көрсетті. Н.Масанов пен Н.Әмреқұловтың мақаласын «острота анализа, смелость и неординарность суждений» сияқты «қызыл» сөздермен безендіре бағаласа, А.Айымбетов пен М.Базарбаевқа «существует общепринятые этические аспекты... правила полемики. Пределы допустимого тона» – деп сентенция жолдайды.

Сейдахмет Құттықадамовтың да шовинистік пиғылды уағыздаушы

Ю.Криницянов дегеннің мақаласын сынауы (19) «Казправдаға» өте ұнамай қалған. Берген комментарийінде авторды жерден алып, жерге салып тұр. Сонда В.Срыбныхтың «никому не отдаем предпочтение» дегені қайда қалды?»

Ғалымдар Президентке жолдаған хатта осындай нақтылы фактілер келтіре отырып, экстремизм отын қоздырған шовинистік ниеттегілерге, тәуелсіздігімізге, территориялық тұтастығымызға нұқсан келтіретін, ұлттық ар-намысқа тиетін материалдарды, пікірлерді жариялауға құлшына кіріскен «Казахстанская правда» газетінің бас редакторы В.Срыбныхқа шара қолдануды талап етеді.

Ресейлік әріптестеріміз, журналистер негізінен, не айтады? Айтпайтындары жоқ. Империялық-идеологиялық пиғылдарының астарында ұлы шовинистік өктемдік жатыр. Мұны түсіндіріп, ұғындырап жатудың қажеті жоқ. Бәрі де айқын аңғарылып тұр. Осы орайда, жан түршіктірер мысалдар жеткілікті. Айталық, олардың Қазақстандағы казақтар проблемаларын немесе орыстар мен немістердің елден ағылып көшіп жатқанын, т.б. жалаулатып жүргендері қашан. Бұлар ең бір күрделі мәселелер, ұшқын тисе лап еткені тұрған алапат өрт. Немістердің төңкеріле көшуі Ресейде де дәл біздің еліміздегідей ғой. Ал бұл жөнінде жұмған ауыздарын ашпайды. Мына мәселеге зер салайық. Тәуелсіз елімізде орыстар миллиондап саналады. Олар Ресейге, өз отандарына өзге республикалардағыдай ағылып көшіп жатқан жоқ. Қазақтар да осындай күй кешуде. 130-дай ұлт мекен етіп жатқан Қазақстанның кеңестік дәуір кезіндегідей дәл қазір де ұлттар достығының лабораториясына айналып отырғанын ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Ресей журналистері, олардың қазақстандық әріптестері мұны көрмеген-білмеген болады.

Осы орайда өзінің отты материалдарында ұлттық қадір-қасиетімізді асқақтатып, империялық пиғылдағы шетелдік журналистерге қарсы бітпес майданға шығып жүрген жалынды публицист Мейірхан Ақдәулетұлының мақаласы ерекше көңіл аударады (20).

Ресейлік «Известия» газетінің Қазақстандағы меншікті тілшісі Владимир Ардаевтың елімізде жүргеніне талай жылдар болды. Сонау 86-жылғы Желтоқсан оқиғасына империялық тұрғыда баға беріп, «Известия» газетінде құлаш-құлаш материалдар жариялаған, қазақтың зиялы қауымына азу тісін батырған, сөйтіп мақалалар арқылы отқа май құйған осы Ардаев болатын. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері Қазақстанның ішкі-сыртқы саясатына кірісіп, қақпайлап ойнау, мемлекетаралық ірі саясатта ел Президентінің істемегенін істеді, жазбағанын жазды дей салу, мемлекетіміздің ішкі саясатының ең осал тұсы – Тіл туралы заңды

бұрмалап, небір құйтырлыққа бару, т.б. В.Ардаевтың қашаннан бергі позициясына айналып кеткен. Мұның бәрі дәлелдеп отыруды қажет ете қоймайтын басы ашық мәселе. Публицист М.Ақдәулетұлы көкірегі қарс айырыла күйіне отырып, Ардаев сияқтылары «ардақтаудың», арқасынан қағудың аңғалдық немесе дәрменсіздік екеніне тоқтала келе, Парламентке, Президент әкімшілігіне, сыртқы істер министрлігіне мынадай сауалдар қояды:

1. Өзге мемлекет журналистерінің қызметін реттейтін мемлекеттік шаралар қолға алына ма, алынса қашан?

2. Қазақ халқының ар-намысын ресейлік ақпарат құралдарының анайы пікір- көзқарастарынан кім қорғайды, әлде сондай мүдделі қоғам ашамыз ба?

3. Ақпарат құралдарындағы ашық немесе жасырын түрде мемлекеттік саясатқа қарсы бағытталған тенденциялармен кімдер күресуге тиіс?

Ал, публицист Ғалым Ахметов «Аргументы и факты», «Новое поколение» апталықтарының, «Азаттық радиосының»,т.б. ұлттық мүддемізге нұқсан келтіретін қиратқыштық сипатқа ие материалдарын талдай келе, өзінің мынадай ұсыныс-пікірлерін ортаға салады: «Қажыгелдин, Савостиналарды тыңдаған Америка конгресі бізден, үкіметтен емес, халықтан – академиктерден, халық жазушыларынан біреуі барып, хал-жағдайымызды түсіндірсе, бізді де тындар еді ғой, бірақ бізде ондай әрекет жоқ. Баяғы бойға біткен «ұлттық енжарлығымыз» оған жібермей тұр. Дегенмен, зиялы қауым – Академия, Жазушылар, Журналистер одағы осыны ойлауы керек, алдымен өзімізді-өзіміз қорғамасақ, кім қорғайды?».

Сөз орайы келгенде, ежелден қатар жатқан бауырлас көршілеріміз – Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстанды алайық. Олар ресейлік газеттерге ащық түрде азу тістерін көрсетуден тайынбайды. Валерий Выжутевич «Демократиясыз тәуелсіздік, еркіндіксіз тәуелсіздік реакцияшыл әрі өте қауіпті» деген қортындыға келеді (21).

Бұл Мәскеулік журналистерге Өзбекстан жөнінде емес, өзбек журналистеріне ресейлік әріптестер туралы айтылған делік. Тым бей-берекет емес пе? Әлемдік тәжірбиеде жергілікті жаңалықтар тек жергілікті басылымдарға ғана жарияланады ғой.

Өзбекстандағы ресейлік меншікті тілшілердің статусын Қазақстандығымен салыстырсақ, айырмашылығы жер мен көктей. «Комсомольская правданың» Ташкенттегі тілшілер посты жабылған. «Рейтер» және «Франс Пресс» ортаазиялық бюролар өзге жерлерден қоныс таппай, Алматыға тұрақтады. Өзбекстанның тыныс-тіршілігін дәйексіз, нанымсыз жазғаны үшін елден тәуелсіз американдық журналист Стив Леви аластатылды. Мына қызыққа қараңыз: ресейлік екінші каналдан

телевизиялық топ Ташкентке келді. Олар қонақүйге жайғаспай-ақ, екі азамат тоқтатып, сұрақтың астына алды. «Кімсіңдер? Қайда? Неліктен?» Журналистерге сұрақ жаудырған екеуі куәліктерін көрсетеді де әңгімені қысқа қайырады: «Құқыларын жоқ!». Сөйтіп, келгендер Ұлттық қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері болып шығады (22).

Қазақстанда мұндай жағдай болған емес. Ресейлік дейміз бе, өзге шетелдік дейміз бе, журналистерге еркіндік берілген. Олардың ойларына не келсе, соны жазатыны, еркін ойқастап жүретіні сондықтан болар... Қалай десек те, шетелдік, ресейлік журналистер жөнінде әңгіме бір басқа. Ал, республикамыздың өзінде шығатын газеттерге не жорық?! Олар үшін демократия мен сөз бостандығына монополия жасау, жас мемлекет үшін қауіпті факторларға – «мүддесі белгісіз ойыншыға» айнала салу түк емес. Бұлардың бәрінің басында «Караван» тұр. Бұл алпауыт басылымның қазақы болмысты онша ұната қоймайтыны, қазақ тілі мен ділін үнемі кемсітумен келе жатқаны, қазақтың мүддесіне қарсы пікірлер таратудан жалықпайтыны айдай әлемге мәлім. Ұлттық намысты жоғары ұстаған М.Ақдәулетұлы А.Әлім, т.б. публицистер «Караванмен» ашық майданға шықты.

Таралымы жағынан шарықтап өсіп, бүйірін қампита түскен «Караван» газеті өзінің алғашқы шыға бастаған кезінен-ақ империялық өктемдік пиғылын аңғартумен болды. Демократия мен сөз бостандығын бүркемелеген басылым айылын жимады десек, артық айтқандық емес. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары оның бәрі де қалыпты, үйреншікті іске айналғандай еді. Дәл сондықтан да болар, публицист Мейірхан Ақдәулетұлы кезекті бір мақаласын «Енді бірер жылда Қазақстанның ішкі-сыртқы саясатын да, тәуелсіз еліміздің билігі мен байлығының иесін де өзге емес «Караван» газеті белгіленіп беретіндей болып жатса, таңдануға болмайтын шығар.

Мұны «Караван» өзі де айқын сезіне бастаған секілді. Бұған мысалды мыңдап келтіруге болады. Мәселен, газетте жарияланған «Г-н Алим нашел врагов народа» атты мақала соның айғағы...», –деп, ашу-ызамен бастайды (23).

Түсінікті болу үшін мәселенің мәніне келейік: публицист Аманхан Әлім «Караван» синдромы біздің халқымыздың ұлттық ерекшеліктеріне зиянын тигізіп, оның тіліне, менталитетіне, діні мен намысына тиісіп отыр» дей келіп, Тіл туралы заңды өзінің ескі тәсіл – «әрі итеріп, бері жаққа» салған «Караванға» деген ашу-ызасын білдіреді. Автор қалыптасқан жағдайға байланысты «Сион данышпандарының протоколдарынан» сөз орайында үзінді келтіріп өтеді. «Караванның» – «ұстата қоймайтын» тұспалдарымен өзінен өзгенің бәрін кемсітетін байырғы тәсіліне тоқталып, сөз соңында осы газеттің тенденцияшыл позициясына байланысты сонау бір замандарда

В.Розанов айтқан пікірді келтіреді: «Қазір де әр редакцияда өз Франгі, өз Любовь Гуревичі отыр.

Олар жазбайды немесе аз жазады. Бірақ олар басқарып, бағыттап отырады. О, холдеялық жұлдызшылар. Сендер өз гороскоптарыңды білесіңдер».

А.Әлімнің жазғаны осы.

Осы мақаладан соң «Караван» байбаламға басады. Оның астарында ескі тәсіл – өзгешелеу ойлайтын жұртты қорқытып қою, үрей себу, қайткенде де азиаттықтарға «Караванның» құдіреттігін білдіру – «өзгеге сабақ болсын» деген пиғыл жатыр еді. Бұдан арғысы – «Караван» А.Әлімді соттатпақшы да болды: «Біздің пікірімізше, Әлім мырзаның шимайында «Караванның» кейбір қызметкерлерінің ұлттық ар-намысын қорлау бар да, шимайдың өзі ұлтаралық араздықты тұтатуға бағытталған ».

Публицист М.Ақдәулетұлы жоғарыдағы мақаласында әріптесі А.Әлімді «Караванның» қанып езерлік шабуылынан жанын сала қорғады.

Автор «Караван» құдіретінің құпиясына үңіле келе, «тәуелсіз» газеттің «А.Әлім мәселесінде» тым асыра сілтеп жібергеніне егжей-тегжейлі тоқталады. «Демократия мен сөз бостандығын ешкім де «жекешелендіре» алмайды, – деп, ашына жазады публицист, – ал «Караванның» бүкіл қызметі – «менікі дұрыс!» – тың «демократиясы». Бұған мысалды мыңдап келтіруге болады.

... «Караванның» А.Әлімге қатысты қылығынан демократияның, сөз бостандығының емес, 1937 жылдың иісі шығады. Әйтпесе ұлтын сүйгеннің, соның жоғын ашына айтқанның бәрі Геббельс болып шығатын болса, «геббельстіктен» қашқанда кім боламыз?»

Публицист мақаласының құндылығы сонда, ол өзінің әріптесі А.Әлімді шовинистік өктемсуден қорғай отырып, «Караванның» Қазақстандағы ақпарат кеңестігіне толық қожа болуының қыр-сырын жілікше шағып, байсалдылықпен пункт-пунктімен талдап береді. Мұның өзі, автордың пайымдауынша, оннан астам пункттен тұрады. Осылардың кейбіріне тоқтала кетейік:

Халықтың бәрінен өзіңді ақылдырақ санаудың қажеті жоқ – «Караван» белгілі бір себептермен шектен тыс байып алды, ал байлық пен мызғымас күшке арқа сүйеу толық билікке жол ашады.

«Караван» кезінде «жас мемлекетке» келе бастаған шетел капиталына да, өзіміздегі «жеке меншік психологиясын» орнықтыруға да идеологиялық құнар әзірлеп берді, ол оның енді ғана басталған демократияның «ешкім қой дей алмайтын» монастырына айналуына көмектесті...

Демократияға шөліркеп жеткен «кеңес халқы» – тасқа басқанның бәрін

Тора мен Інжілден, Құраннан кем көрмейтін сенгіш халық – «Караванды» демократияның, шындық пен жариялылықтың тірегі деп қабылдап, «Караван» таңған стереотиптерді бойына сіңіріп үлгерді...

«Жас мемлекеттің» түрлі қиыншылықтары «Караванды» қилы-қилы саяси, мүдделілік ойындардың аренасына айналдырды, себебі шын мәнінде Қазақстаннан қаржылай және саяси тұрғыдан тәуелсіз бірден-бір газет «Караван» еді.

Жаңа буржуазия мен бюрократияның «балалық аурулары» – топтық мүдделердің қайшылығы, «несібеге таласу», тағысын тағылар «Караванды» ең басты газетке айналдырды, мемлекеттік басылымдар бұл «ойынға» араласа алмады.

Халықтың қамын ойлағансу, «бүйректен сирақ шығарып отыру», саясатшылардың өз арасындағы, оппозиция мен үкімет арасындағы ерегес-егестер, сонымен қатар саясатшылар мен билік иелерін әдейі қырқыстырып қою... «Караванның» нанына айналды. Биліктің ғана емес, Қазақстанның, қазақ халқының ауызбіршілігіне сына қағу мұның жасырын мүддесі ме деп қаласың...

Негізгі ұлттық қазақ баспасөзінің ішкі қайшылықтары мен еселенген тәуелділігі ұлттық ақпарат саласында да екінші сатыда қала беруіне себеп болды. Бұл да – «Караван» үшін үлкен «плюс». Қазақ халқының қоғамдағы позициясының нашарлығы (оны қорғасаң, «геббельс» болып шыға келесің!) мен орыс тілді «тәуелсіздердің» «орыс мүддесі» үшін күрескенсуі «Караванның» үлкен көзіріне айналды...

Өзіміз келтірген бұл пункттердің қай-қайсысында болмасын қазақ қоғамын әлсін-әлсін дүрліктіріп отырған «Караванның» «құдіретті» қырлары көрініп тұр. Публицист М.Ақдәулетұлының айтпағы «Караванның» демократия мен сөз бостандығына монополия жасап қана қоймай, жас мемлекет үшін қауіпті факторларға – «мүддесі белгісіз ойыншығы» айналғандығы. «Осылай жалғаса беретін болса, – дейді автор ойын қорыта келе,– біздің қоғамда солшыл либерализм толығымен белең алады, «Ешкім ештеңе үшін жауапты емес» мораліне көшеміз,ал тәуелсіздігіміз саяси сауданың «саяси рэкеттің», топтар күресінің шылауында кетеді». Мен «Караванға» қарсы бола алмаймын, оның түпкі мақсаты – осы. Қалыптасқан жағдайға «лупамен қарау» – мемлекет қайраткерлерінің, мемлекеттік идеология үшін жауаптылардың ісі.

«Караван» қалған қазақтың да, орыстын да шамданғанын қыстырмайды. Демек, біз, Қазақстан халқы, жалғыз демократқа ұйып отырмыз. Мұнымыз пысық молдаға мойын ұсынғыш аңғал елді еске салады...».

Республикамыздағы орыс белсенділерінің бірі Петр Своик өзінің шовинистік ой-пікірлерін оқтын-оқтын ашық айтып жүреді. Ол өзінің мына бір мақаласында қазақ қоғамында өз бетінше дамуға материалдық және интеллектуальдық ресурстар жоқ деген ой айтады (24). Олар қазақтар тарихи жағынан өркениет негіздерінен алыс, көшпенділік өндіріс пен өмір салты ретінде ғасырдан-ғасырға қайталанып, өз-өзімен болды, сапалы материалдық, мәдени және дүниетанымдық көзқарас қалдырған жоқ, шын мәнінде, көшпенділікте сақталған және мұраға жалғасқан бірден-бір нәрсе туыстық қасиеттерге негізделген менталитеттер дегенді айтады. Осы арадан келіп қазір Қазақстанда барының бәріне жуығы кеңестік құрылыстың жемісі дегенді шығарады. «Өзінің тарихы, дәстүрі, өз ұстайтын базасы болмағандықтан Қазақстан үстем мемлекеттен материалдық және интеллектуальдық қорек алуға мұқтаж болды. Сөйтіп, бүгінгі Қазақстанда өзіне қалған барлық шаруашылықты ұстап тұру үшін обьективті түрде материалдық және адам ресурстары болмай отыр» дейді. Автор «жүйелік бөлінудің жаңа шекарасының қалыптасуы осымен біткен жоқ, басты процестер әлі алда, бірақ Қазақстанның басым бөлігі Ресейден басқа ешкімге олжа немесе масыл бола алмайды» деп есептейді. Бұдан өткен империялық өктемдік болмас, сірә!

Қазақ «іштен шыққан жау жаман» деп, тегін айтпаған. Өзі оқыған, ғылыми атақ-дәрежесі бар, өзін қазақ санай отырып, орысша сөйлеп-жазып, орысша ойлайтын, солардың сойылын соғатындар өз арамыздан шығып жатса не шара? Және олар дегеніміз аз да емес. Олардың туған ұлтына қарсы бағытталған адам жанын түршіктіретін ой-пікірлері орыс тілді тәуелсіз басылымдар мен телеарналардан жария етіліп жатса, бұған қалай шыдарсың?!

Еліміздегі сондай «жазғыш» жаңдардың бірі марқұм Нұрболат Масанов болды. «Караван» газетінде «Мало их мочили ...» деген тақырыппен туған халқы туралы адам жанын түршіктіретін, ой-толғамға келмейтін, өзіндік шектен шыққан тұжырым-кесімі жарық көрді. Сонымен Н.Масанов: «Все упирается в казахский менталитет. Уроды! Их урыть надо – и все! У них нет будущего. Вот те казахи, которые вырвались из мамбетского, колбитского состояния – я, Кажыгельдин, Косанов, Габдуллин, другие – мы все мы вырвались, мы будем нормальными людьми, наши дети и так далее», дей келе өз халқына топырақ шашады. Космополиттік бағыттағы батысшылдардың сойылын соғып, ұлт намысын таптайды...

Әрдайым ұлт намысын жоғары ұстап келе жатқан, оны өзінің отты материалдарымен дәлелдеп жүрген публицист Аманхан Әлім Масановтың жоғарыдағы шығармашылығын егжей-тегжей талдай отырып, жауап береді

(25).

«Кей кейде маған Масанов камердинер секілді көрінеді – дейді публицист. – Камердинерде тек, ар-намыс, тіпті болмаған жағдайда адалдық та жоқ. Бүгін бір қожайынға қызмет етсе, ертең екінші... үшінші... қожайынға қызмет етіп кете береді. Қарын тоқ болса.

Оны айтасыз, тіпті бір сәттерде аталған мырзаны люмпен бе деп те қалам. Тапсыз топтың «оқыған» өкілі ол антогонистік қоғамның типтенген көрінісі. Яғни өзегіне құрт түскен бір буынды қалыптастыратын қоғам зиянкестері».

А.Әлім Масановтың соңғы жылдардағы қазақ туралы айтқан сөздері мен ойларын келтіре отырып, косполиттік- либерал бюрократтың ел алдындағы сатқындығына қалың оқырманның көзін айқын жеткізеді.

Философия ғылымының докторы, профессор Амангелді Айталиев П.Своиктің сәуегейсіген шовинистік болжамдарын нақты талдай отырып, жауап береді (26). «Бұрын үстемдік еткен халықтың – бұл арада «Ресей жұртының» мәдени-тарихи және экономикалық жолы немесе варианты әрдайым бірден-бір дұрыс жол сияқты көрінеді, – дейді ғалым-публицист. – Бұдан екі мың жыл бұрын, 300 жыл бұрын, бүгін де солай болды. Ал Ресей – Қазақстан қатынастарын біліктілікпен талқылайтын болсақ ТМД елдерінің тәжірбиесіне қарай біздің екі еліміз экономикалық және саяси байланыстарға екі жақты келісімдер, кедендік одақты нығайту, валюта кеңістігі арқылы «әртүрлі жылдамдықпен жылжиды» деуге негіз бар. Әрине көп нәрсе Ресейдің өз позициясына да байланысты. Ол бұрынғы одақтағы әскери-өнеркәсіптік потенциалдың 82-процентін, оның ғылыми интеллектуальдық потенциалының 85-процентке жуығын мұраға алып қалды. Ресейде күштердің және саяси көңіл-күйдің таралуы мейлінше көп қырлы. Бүгінгі онда шетелдерде тұратын орыстарды орналастыру ісі жөніндегі 150-ге жуық әртүрлі ресми, дипломатиялық және басқа ұйымдар бар. Алайда осы ұйымдардың көпшілігі орыстардың өздері тұратын елдердегі жағдайға жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық қалыпқа үйренуіне, дағдылануына көмектесейін демейді, қайта соларды ушықтырып, халыққа қарсы қоюды ойлайды.

Нақты қиындықтарды қазір орыстар ғана емес, бұрынғы одақтас республикалардың барлық қарапайым адамдары көруде. Абыржып, жөніне қалған, бұрын өмірі алаңсыз болып көрінген, оның күрт өзгеруіне икемделмеген адамдар мына қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын іздейді».

Автор бұдан әрі Ресейдің мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарының тәуелсіз мемлекеттерге өз саясатын таңуға әрдайым

тырысатынын, дегенмен де егемендік алған елдердің оған мойынсына қоймайтынын дәлелдейді. Айталық, «Ресейдің тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттермен стратегиялық бағыты» ұсынған қос азаматтық идеясын барлық елдер қабылдамады. Ал ЛДПР жетекшісінің шабуылына бізде ауру адамның сандырағы ретінде қарайды. Бірақ, үлкен күйінішке орай, В.Жириновскийдің басқа мемлекеттердің ішкі ісіне дөрекі араласуда көрсеткен қылығы – Қазақстан мен Украинадан Ресейге өзінің ежелгі жерлерін қайтаруды талап ету мәселесі жөнінде референдум өткізу туралы ұсынысына Мемлекеттік Думаның 98 депутаты дауыс беруі империялық төрешілдіктің тамыры әлі тереңде екенін дәлелдейді. Латвиядағы орыс жазушысы Владлен Дозорцевтің Ресей саясатшыларының отандастарға қамқорлық жасау жөнінде бірнеше қайтара жасаған икемсіз әрекетінен кейін оларға: «Бізді қорғауға тырысқан сайын біздің жағдайымыз нашарлай түседі» дегенінен түсінуге болады. Бұл сөздерге түсінік беріп жатудың қажеті жоқ...

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шетелдердегі бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстанның болашақта Түркияның, немесе Кореяның, не Сингапурдың даму жолын таңдауы мүмкін дегендей жорамал жасаған материалдар жарияланып жатты. Ал, Президент Н.Назарбаев қандай жағдайда да елдің өз даму жолын таңдайтындығын қайталаумен болды. Осы және өзге де көптеген мәселелерді шешуде республика бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше еді. Халықтардың еркіндікке, өзін-өзі айқындауына және ел тәуелсіздігіне деген қуатты серпілісінің нәтижесінде коммунистік идеология толық істен шықты, ал баспасөз әлеуметтік-саяси институт ретінде Қазақстанның өз тағдырын қалай шешетіндігіне, оның өз болашағын көз алдына қарай елестетіндігіне, өз күшіне деген сенімділігіне байланысты көптеген мәселелер бойынша жариялымдарға кең өріс ашты. Осы ретте бірқатар газет-журналдар өздеріне жүктелген жауапкершілікті терең сезіне отырып, елдің жарқын болашағына қарай бағытталған жаңашылдық, іскерлік үдерісін берік ұстауға нық қадам жасай бастады. Оның астарында, ең бірінші кезекте, тәуелсіз ұлттық мемлекет жағдайында ғана мүмкін болып отырған ұлттық пара-парлық, ұлттық бәсекелестік проблемаларын шешу жатыр еді. Міне, дәл сондықтан да Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік егемендікті ту ете отырып, қазақ мемлекеттілігін дамыту мәселелеріне баса көңіл қойды. Әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да даму жоспарларын жүзеге асыру жергілікті этностың сана-сезімінің өркендеуі мен идентификациялануынсыз мүмкін емес екендігі дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Ал, бұл проблеманы тек күшті мемлекеттіліктің арқасында ғана шешуге болады.

Сондықтан да республика баспасөзі тоқсаныншы жылдарда, XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында да мемлекеттік құрылыс мәселелерін тұрақты назарда ұстады. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттің унитарлық тұтастығы, оның территориясының мызғымастығы мен бірлігі, күшті президенттік билікке негізделген күшті егеменді мемлекеттің дамуы, өсіп-өркендеуі тақырыптарына барынша зер салып отырды.

Газеттер мен журналдарда осы және өзге де өзекті тақырыптар «Тәуелсіздік баянды болсын десек...», «Уақыт», «Қоғам», «Қазақстан-2030», «Бас редактор бағаны», «Әкімшілік реформасы», «Өзекті мәселе», «Толғаныс», «Президент Жолдауы», «Публицистика», «Президент», «Көзқарас», «Парламент» және басқа да айдарлармен тұрақты берілетін болды (27).

Осындай айдарлармен берілген материалдарда экономиканы либеризациялау, нақты қатынастардың заңдылық және институциональды базасын құру проблемалары талқыланып, саяси және басқа да салаларда кездесетін қиындықтар туралы айтылды. Бұл жарияланымдар көбіне-көп сыни тұрғыда болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы баспасөз материалдарында Қазақстан басшылығының дамудың қандай жолын таңдайтындығы жөніндегі қызу пікірталастар жүргізілді: социалистік, дәстүрлі, либеральді даму жолдары сарапқа салынды.

Социалистік даму жолы жөнінде әңгіме болуы мүмкін емес еді. Өткенге оралудың кері кетушілік екені баршаға белгілі болатын. Ал, дәстүрлі даму жолына келер болсақ, ол казіргі кезге дейінгі әлемнің заманауи құрылымына альтернатива ретінде қарастырылады (28).

Кейбір бұқаралық ақпарат құралдары одан ұлттық мемлекеттіліктің идеалық даму базасын көреді. Осы орайда олар мұның рулық қатынастарда шиелініске алып келу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Кеңестік дәуірдегі қайта құру кезеңінде және тәуелсіздік дамудың алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы рулық қатынастар өзінің ренессансын бастан өткізді. Олар қоғамды дүрбілеңге бөлеп, дискуссиялар жүріп жатты. Бұл жөніндегі ел басшылығының позициясына келер болсақ, дәстүрліліктің мемлекет дамуына идеялық негіз бола алмайтынына айқын көз жетті. Дегенмен де мұның жаңа қоғамдық құрылысқа ықпалы мен маңызын жоққа шығаруға болмайтын еді. Осының мәнін жете түсінген Президент Н.Назарбаев 1993 жылдың 12 мамырында «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» тұрғысында сөйлеген сөзінде былай деді:

«Ұлтаралық келісімді нығайтумен қатар, Қазақстан қоғамының бірлесуі идеясын жүзеге асыра отырып, ұлт ішіндегі бірлікті нығайту да маңызды. Қазір бұл мәселе орын алып отыр, сондықтан міндет ұлттық

идеяның біріктіруші, сындарды рөл атқаруында жатыр.

Қазақтардың ішіндегі жүзге, руға, аумақтық топтарға бөлінудің тарихы мен табиғатын оның өткен уақытта және казіргі кезде қоғамның дамуына әсерінің әр түрлі сипатын зерттеу тұрғысынан әлі де ой елегінен өткізу қажет. Бірақ мәселе мынада, қазір ұлт ішіндегі бөлінудің жаңа, тіпті де зиянсыз емес үрдісі пайда болды. Қоғамдық өмірдің демократиялануын, аймақтардың белгілі бір дербестігін жергілікті үстем топтар ресурстарға жеке-дара бақылау жасау тұтқалары ретінде пайдалана бастады. Рулық тамыр-таныстықтың, туыстық және аумақтық бөлінудің әр түрлі формалары өкімет құрылымдарында, қаржы және коммерция салаларында өркен жая бастады» (29).

Ел Президентін қазақ халқының дамудың қандай жолына түсетіндігі ұдайы толғандырумен болды. Ол қазіргі жағдайда тұңғыйықтан тек либеральды идеяның ғана алып шығатынына нық сенімде еді. Елбасы бұл жөнінде ұдайы айта жүріп, мінез-құлық пен идеяларды қас-қағым сәтте өзгерту мүмкін емес екендігін, оны өркениетті тәсілмен шынайы реформаларды жасау негізінде адамдардың саяси мәдениетін жаңғырту қажеттілігін басты назарда ұстады. Сонымен тәуелсіздіктің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ Қазақ елінің, Елбасының бұлжымас Стратегиялық бағыты республикада жаңа демократиялық қоғам орнату болып табылады. Соның жарқын дәлелі – 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңда және 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру жөніндегі міндеттердің басты бағыт ретінде айқындалуы. Ал, 1995 жылы қабылдаған Ата Заңда қоғамды одан әрі демократияландыруға басым бағыт берілді. Бір сөзбен айтқанда, демократиялық даму Қазақстанның ерікті таңдауы болып табылады. Бұл қазіргі жаңа қазақстандық мемлекеттің идентификациялануына, ұлттық бәсекелестікке қабілетті халықтың шоғырлануына мүмкіндік берді. Тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік-саяси институттардың бірі ретінде шынайы демократияның маңызды элементіне айналып, ұлттар мен ұлттық мемлекетті ұйыстыруда қуатты құрал болып отыр.

Конституция, шын мәнінде, саяси плюрализм мен көппартиялылықты қамтамасыз етуде. Қазіргі таңда ірі саяси партиялар, олардың арасында оппозициялық бағыттағы да, елдегі саяси процестерге өз әсерлерін тигізуде. Бұл ретте «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы көш бастап келеді. Үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істеуде. Олардың саны 1995 жылы 400-дей болса, 2005 жылы 5000-нан асты (30).

Еліміз Тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени салаларда түбірлі өзгерістер жасай отырып, ұлттық саяси-экономикалық құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту жолында аса күрделі үдерістерге кең өріс ашты. Міне, бұл қоғамның барлық саласын қамтып, жаңа саяси құрылымдарды дүниеге әкелді. Әсіресе, мемлекеттік басқарудағы, саяси жүйедегі мүлдем жаңа қайта құрулар, ақпараттық кеңестіктегі айқындық, ашықтық, тағы да басқа салалардағы түбірлі өзгерістер қазақ қоғамына тән қалыпты құбылысқа айналды.

Қоғамдағы саяси жаңарулардың түбегейлі нәтижесі президенттік институт, кәсіби парламент, көппартиялылық, азаматтық қоғам, үкіметтік ұйымдар, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары сияқты жаңа құрылымдарды дүниеге әкеліп, қалыптастырды.

«Күрделі де көп қырлы мәселелердің бірі, - деп жазады саясаткер Г.Нұрымбетова, – еліміздегі президенттік институттың қалыптасуы. Қазақстан Президенті бүгінгі күні мемлекет басшысы, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын аңықтаушы және Қазақстанды ел іші мен халықаралық қатынаста көрсетуші ең жоғарғы қызмет иесі болуымен қатар, әлем мойындаған көшбасшыға айналып отыр. Ал президенттік институт еліміздегі демократиялық өзгерістерді жүзеге асырудың іргелі негізі. Бірақ Президент институты кеңестік саяси жүйеде бұрын-соңды болмағандықтан, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі орнын аңықтау барысында көптеген қиыншылықтарды еңсеруге тура келді. Олардың қатарында, атап айтқанда, президенттік институтты ендіру мемлекеттік басқарудағы түбегейлі өзгерістерге бірден әкеле қоймағаны, оның басқа билік тармақтарымен қарым-қатынасын реттейтін механизмнің болмауы сияқты мәселелер тұрды.

Келесі бір іргелі мәселе – демократиялық құндылықтар мен демократиялық саяси институттар мәселесі. Қазіргі заманғы демократиялық қоғам мен саяси жүйені дамыған партиялық құрылымсыз көз алдымызға елестету қиын. Демократиялық режим жағдайында азаматтар, әлеуметтік топтар мен қоғам мүдделерін шыңайы саяси үдеріске партиялар айналдыра алады. Осы мүдделерді білдіру тұрғысынан алғанда саяси партиялар азаматтық қоғамның басты тірегі» (31).

Тәуелсіз Қазақ елінің негізін қалайтын атрибуттар жөнінде әңгіме қозғағанда, оның аса маңызды элементі саналатын жүйесін құру бағытындағы жүзеге асқан мәселені айтпай кетуге болмас. Ұлттық валютаны айналымға енгізу егеменді қазақстандық мемлекеттікті құру жолындағы ең алғашқы батыл қадамдардың бірі болды. Еске түсірейік. Республикалар

өздерінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Ресей мен ТМД –ның өзге бес елі жаңа рубль аймағын құру жөніндегі келісімге қол қойды. Сол кезде-ақ Ресейдің оған қандай да бір мемлекетті болмасын араластыра қоймайтыны түсінікті болды. Бұл оның осы аймақта болатын өзге мемлекеттерге тиімсіз шарттар қоюынан-ақ айқын аңғарылған еді. Ол бойынша өзге мемлекеттер ең алдымен, Ресей мүддесін көздейтін жүйенің тұтқынына айналар еді. Тәуелсіздігін енді ғана алған Қазақстан алдында мынадай диллема тұрды: біртұтас рубль аймағында қалу керек пе, әлде өз болашағына өзі жауап беруге қабілетті ұлттық валюта енгізуге батыл қадам жасау керек пе?

Ел тағдырындағы аса маңызды бұл мәселе 1992 жылдың көктемінен бастап қолға алынып, өзіндік ақша бірлігіне көшу құпия жүргізілді. Олай етпеген жағдайда бұл жөніндегі ақпарат халықты мазасыз күйге түсірген болар еді. Баспасөзде осы мәселе жөніндегі сандаған келісімдердің қорытындылары ғана жарияланды.

Президент Н.Назарбаев 1993 жылғы 12 қарашаның кешінде ұлттық телевизия арқылы сөз сөйлеп, 15 қарашада таңертеңгі 8-ден бастап Қазақстан аумағында өзіндік ұлттық валюта-теңгенің айналысқа түсетінін мәлімдеді. 13 қарашада елдің барлық газеттерінде «Қазақстан Республикасында ұлттық валютаның енгізілуі туралы» Президенттің Жарлығы жарияланды. Теңге ел өмірінде оның экономикалық тәуелсіздігі, мемлекеттілігі мен күш-қуаты негіздерінің символы ретінде ғана рөл атқарып қойған жоқ, сонымен қатар оның халықаралық аренадағы беделінің ажырамас бөлігіне айналды. Оның бедерінде қазақ халқы мен оның мемлекеттігін қалыптастыру жолында тер төккен ұлы да тарихи тұлғалар бейнелері көрініс тапты. Бұл ұлттық мақтаныш сезімін асқақтатты, кеңес өкіметі кезінде теңгеде бейнеленген ұлылардың кейбірінің есімдерін еске алуға да тиым салынған болатын.

Міне, осы акттен кейін Қазақстан газет-журналдары бұл шараның мәжбүрлілігі мен қажеттілігін белсенді түрде түсіндіруге көшті. Ел баспасөзінде ұлттық валютаның төлем жүйесінде берік орнығуында алда қандай қиындықтар тұрғаны, оған деген сенімділік дәрежесін арттыруда не істеу қажеттілігі туралы материалдар үзбей жарияланып жатты. Жарияланымдарда бұл үшін импортты және экспортты баж салығын теңге төлеміне көшіру, бөлшек саудада шетелдік валютаға тосқауыл қою, бартерлік операцияларға жол бермеу, т.б.мәселелерге баса назар аударылды. Мерзімді басылымдардағы түсінік-анықтамалық материалдар тұтас елдегі жағдайды, ұлттық нарық финансын тұрақтандыруға мүмкіндік берді: шындығына келгенде халық ұлттық валютаны енгізуге психологиялық жағынан әзір емес еді, ақша-кредиттік қатаң саясат оны қолдау барысында қарсыластардың да бой көтеруіне әкеліп соққан еді.

Сондай-ақ басылымдарда купюрдегі бейнелердің берілу мән-маңызына да түсінік беріліп отырды. Бұл тақырыптың маңыздылығы соңда, өз валютасына деген қатынастағы құрмет сезімін оятып, қалыптастыру адамдарды біріктіріп, топтастыра түсуге бағытталды.

Ұлттық валютаны енгізудегі күрделі жағдайдың бірі Қазақстанда әлі де болса мемлекеттік тиісті қаржы-экономикалық құрылымдардың толық құрылып бітпегендігіне байланысты болды. Бұқаралық ақпарат құралдарында оларды құру жөніндегі жұмыстардың қалай жүргізіліп отырғаны да көрініс тауып жатты. Оларды, нақтылап айтқанда, Қаржы министрлігінің шын мәнінде қалай қайта құрылғаны, Салық комитеті, Кеден комитеті, Ұлттық банк қызметтерінің ұйымдастырылғаны айтылды. Көптеген заметкаларда, мақалаларда, сұхбаттарда, есептер мен корреспонденцияларда және тағы басқаларда білікті кадрлардың жетіспеушілігі проблемаларының қалай шешіліп жатқандығы, бюджетті жоспарлаудағы кездесіп отырған қиындықтар хабарланып отырды.

Газеттер мен журналдарда экономика саласындағы қалыптасып отырған күрделі жағдайларға байланысты дамудың болуы мүмкін түрлі сценарийлері, сан алуан болжамдар айтылумен болды (32).

Авторлардың көпшілігі қалыптасып отырған қиындықтарды сергек оймен бағалай келе, Тәуелсіз жас Қазақстан мемлекетінің өз күшіне, потенциялына сүйене отырып, алда тұрған болуы мүмкін қиындықтарға төтеп беруі қажеттілігін басты назарда ұстады. Осы орайда сондай-ақ елдегі орын алып отырған қиын экономикалық тығырықтан шығуда шетелдік тәжірбиені өз еліміз бен жекеленген мемлекеттердің экономикасымен тығыз байланыстыра отырып, пайдалануға шақырған материалдарға да орын берілді.

Ел тағдырындағы аса өзекті бұл мәселелер жөнінде ұлттық басылымдардағы жарияланымдар легі XX ғасырдың соңғы онжылдығында толассыз шығумен болды. Бұл проблема XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында да маңызын жойған жоқ. Баспасөз материалдарында Қазақстанның қандай үлгіде дамуы тұрғысындағы пікір-таластар жүріп жатты. Осы орайда «Қазахская правда» газетінің тұтас екі бетінде жарияланған «Қазақ барысы» оңтүстік-шығыс «жолбарыстарын» қуып жете ала ма?» атты көлемді публицистикалық мақала назар аударады (33).

Автор жарияланым кіріспесінде Орталық Азия - көшпенді цивилизацияның байырғы аймағы екеніне тоқтала отырып, ежелгі Ұлы Жібек жолының өтетінін айтады. Осы керуен жолы арқылы шығыс жібегі, экзотикалық жемістер, т.б. сол кездегі жас Еуропаға жеткізіліп отыратын. Ал қазір әлемдік шахмат тақтасында позициялар, пешкалар мен фигуралар

ауысымдары болып жатыр. Көптеген «пешкалар», яғни бұрынғы кедей елдер, «дамкаға» шықты.

«Қазақ мемлекеті қайта өрлеу дәуіріне қадам басты», дейді автор. «Көкке атылуға дайын жас барыс» жас Тәуелсіз елдің символына айналды. Бұдан әрі публицист Қазақстанның қазіргі шақта Орталық Азия мен ТМД-да көшбасшы елге айналғанын айта келе, «Қазақ барысы үшін дамудың қандай моделі табыс соқпағы болады?» деген сауал төңірінде тереңнен ой қозғайды.

Г.Шекей халқымыздың идентификациялық параметрлерін келтіре отырып, оның дамуының қазіргі кездегі деңгейі жөнінде пікір айтады.Ол мемлекеттік құрылыста әлемдік тәжірибені белсенді пайдалануға шақырады. «Біздің кімдерден үйренуіміз қажет... Экономикалық және саяси дамудың сыннан өткен модельдері бар, бірнеше модель үлгісін ұйымдастыруға болады» деген ой айтады автор.«Бұл үшін бұрыннан түсінікті әрі жақын болып келген Шығысқа назар аударған жөн,- деп есептейді автор. – Себебі, Ресей империясының құрамына кіргенге дейін қазақтарға оның менталитеті, рухани және мәдени құндылықтары анағұрлым таныс та түсінікті еді». Жаңадан пайда болған Қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру жолында, ең алдымен, кезінде Латын Америкасын тығырыққа тіреген, онда «банандық» республикалардың құрылуына негіз болған жолдан қашу керек. «Мемлекеттілік баянды болу үшін өткен ғасырдың (XX-С.С.) соңғы ширегінде азиялық Оңтүстік-Шығыста болғандағыдай, Қазақстан да «экономикалық ғажайыпқа» қол жеткізуі қажет», деп атап көрсетеді автор.

Г.Шекей Қытай мен Жапонияны мысалға ала отырып, мынадай жайттарға көңіл аударады: бірінші мемлекетте «бір мемлекетте екі жүйе», яғни капитализм мен социализмнің жымдаса кірігуі концепциясы ойдағыдай жүзеге асырылып жатса, екіншісінде «... демократияның батыстық формасын бірден-бір дұрысы осы деп қабылдай салмай», «демократияның өзіндік ерекше формасы» қалыптастырылған. Ұлттық ерекшелік пен бір-бірімен өзара, тығыз байланыста өмір сүру кез-келген мемлекетке жеке-дара бақыт рецептін сыйға тартады»,-деген сөздермен автор бұл тезисті қорытындылайды.

Бұдан әрі публицист Малайзияның қандай жолмен биікке көтерілгенін тілге тиек ете отырып, мына жайларға назар аударады:«Өз дамуының бастапқы кезеңіндегі Жапония сияқты ұзақ уақыт Батысқа қарап бой түзеп келген Малайзия Батыстың бұрынғы динамизмінен айырылып, тоқырауға тап болып отырғанын түсінді. Сондықтан да ел «позитивті этникалық дискриминация» саясатын жүргізе бастады, бұл жергілікті тұрғындар-малайлықтардың ел өміріндегі рөлінің арта түсуіне мүмкіндік туғызды, нақтылап айтқанда, малайлық ұлтшылдық антиколонизммен бір сапта

мемлекет дамуы мен гүлденуі жолындағы саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс болды.

Көптеген параметрлер бойынша Қазақстанның Малайзиямен ұқсастықтары бар. Тек енді оның экономикалық алға басуы мен ұлттық өрлеу жолын қайталау ғана қалып отыр», -дейді Г. Шекей. Бұдан әрі ол бұл міндеттерді шешу Қазақстанның Сингапур мемлекет-қаласының тәжірибесіне көңіл аудару қажеттігіне тоқталды. Қай тұрғыда деген мәселеде журналистің айтқаны мынау: Сингапурдың шенеуніктері де періште емес,сирек те болса шенеуніктің сыбайлас жемқорлықпен байланысы сезіліп, дәлелденсе, ол бірден-ақ елден қуылады.

Бұл жерде автордың меңзеп отырғаны мынау: егер Қазақстан коррупциямен аты шыққан әлемдегі 136 ел қатарындағы тізімде 122 орынды иеленіп отырса, мұндай масқаралықтан құтылуда сингапурлықтардан үлгі алуы қажет. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық сипатындағы құбылыстарды түп-тамырымен жоюға бағытталған шаралар уақыт талабынан туындап отырғанына көпшілік назарын аудара отырып, автор кейбір уайымшыл саясаткерлердің бұл іске ресми түрде, белгілі-бір заңдылық деңгейінде ғана жүргізуді ұсынып отырғанын келтіреді. Қоғамда коррупцияға, сыбайлас жемқорлыққа дем беріп отыратын жекелеген топтардың бар екендігі, тамыр- таныстықтың, жең ұшынан жалғасудың, парақорлықтың шектен шығып кеткені құпия емес. Ең өкініштісі сол, мұның шырмауында мемлекет пен биліктің жекеленген өкілдерінің болуы. Міне, бұның бәрі, журналистің пікірінше, ұлттық мемлекеттік құрылысқа үлкен нұқсан келтіруде, көптеген диаспоралардан құралған тұтас қазақстандық халық пен мемлекет құраушы жергілікті қазақ ұлтының бірігуі міндеттерін барынша күрделілендіре түсуде. Республика баспасөзі коррупция, сыбайлас жемқорлық, парақорлық сияқты қоғам өзегіндегі жегі құртқа айналған мәселелерге ұдайы баса назар аударып, бітіспес күрес ашқан. Бұл ретте ел Президентінің коррупциямен күресті күшейту жөніндегі Жарлығы бағдаршамға айналып отыр. Осы орайда республикалық беделді газеттер «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Дала мен қала», «Түркістан», т.б. газеттердегі материалдар ерекше назар аударады. Сондай-ақ «Ақиқат», «Парасат», т.б. журналдары да осы өзекті мәселеге ұдайы айналып соғып отырады (34).

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, мемлекет тұтастығы, оның шекарасының мызғымастығы мәселелері Қазақстан публицистикасындағы басты тақырыптардың біріне айналып келеді. Бұл мәселеде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде былай деп жазады: «Ұлттық аумақтың кішкентай бір бөлігін

жоғалту – саяси оқиғалардың географиялық салдары ғана болып саналмайды. Оның ең терең зардабы – ол ұлттық өзіндік сана нысанының өзгеруіне әкеліп ұрындырады. Әңгіме тек жерге байланысты аумақ атаулының мызғымастығы жайында болып отырған жоқ, оның белгілі мөлшерде, тіпті ересен елеулі мөлшерде ұлттық төркінділіктің бірден-бір белгісі ретінде, өте-мөте нәзік және терең ұғымға айналып кететіндігінде болып отыр» (35).

Тәуелсіз Қазақ елі мемлекеттілігін қалыптастыру жолындағы ауыр да қиын кезең артта қалды. Ең бастысы, шынайы мемлекет болып қалыптастық, басқаға үлгі боларлық елге айналдық. Өз әскері, нарықтық экономикасы, білім-ғылым жүйесі бар, ешкімнен кем емес егемен елміз. Көгілдір аспанымызда көк Туымыз желбірейді, қазақтың қара шаңырағы бедерленген Елтаңбамыз бар, Әнұранымыз асқақ естіледі! Бір сөзбен айтқанда, Қазақ елі Тәуелсіздігінің жиырма жылы ұлт тарихындағы аса маңызды өзгерістермен сипатталады. Ұлттық психологияда терең өзгерістер жүріп жатыр. Қалыптасып қалған бір қоғамдық формациядан мүлдем жаңа формацияға өту дегеніміздің өзі мәні аса зор тарихи құбылыс. Қазір қоғамда санасы белгілі бір идеологиялық штамптармен, схемалармен уланбаған мүлдем жаңа ұрпақ өсіп келеді. Мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасты.

Дегенмен де бұл айтқандарымыздан қазақ қоғамының барлық проблемалары толық шешімін тапты деген пікір тумаса керек, азаматтардың сана-сезімі тұрғысында әрқилы пікірлер туындап жатады. Бұған бұқаралық ақпарат құралдарындағы жекелеген авторлардың материалдары мысал бола алады. Осындай жариялымдарда негізінен алғанда қазақстандық мемлекеттілік, оның демократиялық сипаты, саяси жүйенің орнығу туралы талқылаулар мен берілген бағалар, қарама-қайшылықты ой-пікірлер толқыны көрініс табады. Сондай-ақ баспасөзде мемлекетті басқарудағы авторитаризм мен демократияның жоқтығы жөніндегі сын тұрғысындағы материалдар да кездесіп қалады.

Мысалы, бір автор ашық қоғам құру туралы сөз қозғаса, екінші біреуі қазақстандық демократияның авторитарлығын тілге тиек етеді. Айталық, «Қазақстан-2030» айдарымен жарық көрген «Парламентализм: тарихы мен қазіргі қалпы» атты материалда (36) автор Қазақстанда демократиялық дәстүрлердің бірінші қазақ хандықтары тұсында да болғанын айта келе, дала демократиясының өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама беруге тырысады. Журналистің пікірінше, бұл мемлекет пен құқық дамуының маңызды мәселелерін бүкілхалықтық талқылауға мүмкіндік берді. «Алайда нағыз парламентаризм, – деп, жалғастырады Б.Абдураимов – Қазақстанда егемендік алған жылдары ғана пайда болды». Бұдан әрі ол Қазақстандағы бірінші парламенттің мемлекеттік билікті бөлу приципін жүзеге асыруды

қиындата түсетін өкілеттіліктерге ие болғанын, оны жеңілдетуге бүкіл халықтық талқылау нәтижесінде қабылданған жаңа Конституцияның мүмкіндік бергенін айтады. Ол, деп есептейді автор, реформа жүргізуге және кәсіби екі палаталы парламенттің тиімді жұмысына жол ашты. Өкінішке орай, бұл мақалада көпшілікке бұрыннан белгілі жайлар қайталанады, қоғамда қалыптасып отырған қайшылықтарды алға тартады. Сондықтан да бұл табиғатынан аңғарылып тұрғандай, журналистердің кәсіби жаргонында «кезекші» деп аталатын таза насихаттық материал санатына жатады.

Алайда, Қазақстан баспасөзінде елдің қазіргі саяси жүйесінің жайына көңіл аударатын мазмұнды жарияланымдар аз емес.

Авторлар осындай жарияланымдарда мемлекеттік билік құрылымының қазіргі жай-күйін ой елегінен өткізе отырып, Қазақстанның тоталитаризмнен бас тартқанына, алайда, даму жолындағы демократияның өзіндік ерешеліктеріне республикада саяси-экономикалық және демократиялық реформаларды жүргізуде өткен кезеңнің, салт-дәстүрдің, халық менталитетінің әсер етіп отырғанына назар аударды.

Міне, бұлар демократияның жекелеген нормаларынан бас тарту қажеттігін туындатып, билік тармақтары арасындағы тепе-еңдікті бұзуда және оның атқарушы тармағының күшейе түсуіне жағдай туғызуда. Авторлар осылай еткенде ғана анархия мен бей-берекеттікке бастайтын қосбиліктіктен арылуға болатындығымен түсіндіреді. Олар жас мемлекетке қазіргі кезеңде күшті президенттік билік қажет деп есептейді.

Кезінде баспасөз беттерінде жарияланған бірқатар материалдарды талдау нәтижесі қазақстандық мемлекеттіліктің қандай тұрғыда идентификацияланып отырғанынан біршама хабардар етеді. Жекелеген авторлардың пікірінше, Қазақстан - авторитаризм бағытына икемделген демократиялық мемлекет, елде демократия мен авторитаризмнің өзіндік кірігуінен авторитарлық демократия қалыптасып отыр. Мұндай жариялымдардың қоғамдық санаға әсер етіп, өз нәтижелерін бере бастауы әбден мүмкін. Дегенмен де бұл материалдардағы теориялық ой-пікірлер қоғамдық ғылымды байытып, дамыта ма? Біздің пікірімізше, бірқатар авторлар өз талқылаулары арқылы қоғамда әртүрлі пікір-таластардың туындап, белең алуына әсер етеді.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы онжылдығы көлемінде мемлекеттік құрылыс проблемалары жөнінде оппозициялық топтар мен олармен ниеттес басылымдыр өткір сыни материалдар жариялап тұрды. Осы орайда олардың бірқатарын тілге тиек етуге болады. Айталық, Б.Бектұрғановаңың, Б.Давлетьяровтың, Н.Масановтың және тағы басқа да «сыншылардың» дүниелері назар аударды (37).

Авторлар бұл материалдарында енді ғана қалыптасуға бағыт алған жас тәуелсіз мемлекетке «тоталитарлық абсолютизм», «авторитарлық тоталитризм», «билік авторитаризмі», «авторитарлы режимді монократиялық суперпрезиденттік республика» және т.б. баға берді. Авторлар қалыптасып келе жатқан мемлекеттік құрылымға сипаттама бере отырып, азаматтық қоғамның мемлекетті азаматтармен есептесіп отыруға мәжбүр ететін тетіктерінің жоқтығына, еріксіз сайлаудың нәтижесі болып табылатын парламенттің әлсіздігіне, бюрократияға тәуелді сот билігін, баспасөз бостандығының жоқтығын және оның шенеуніктермен қаржылық-өндірістік топтарға тәуелділігін, электораттың әкімдерге бақылауының нашарлығын және т.б. ашық жазды, осы төңіректегі ой-пікірлерімен қоғамда дүрбелең туғызып отырды. Баспасөздегі материалдар да ұлттық өзіндік идентификацияланудың үлгісі болып табылады.

Бұл жерде авторлардың демократияның өрісін қыспаққа алып отырған ресми билік өкілдері атына айтқан сындарының аудиторияға жетуінің өзі, қоғамдық пікірде дау-дамай туғызуы бірқатар жайлардан хабар берсе керек...

Сыртқы дүние елдегі қоғамдық әртүрлі пікірталастарды ұдайы бақылап отырады, мұның өзі қазақ мемлекетінің демократиялық бағыттағы имиджінің қалыптаса түсуіне өріс ашады. Мемлекеттің демократиялық бағыттағы терминінің пайда болғанына да көп уақыт бола қойған жоқ, дегенмен де ол посткеңестік кеңістіктегі кез-келген қоғамның даму тенденциясын айқындайды. Дегенмен, бұл орайда ол демократияны орнықтыруда автоматты түрде жүзеге асыруға деген ұмтылысты білдірмейді.

Алайда, Қазақстандағы мемлекеттік құрылысқа баға берудегі ой-пікірлер алуандығына қарамастан, бұқаралық ақпарат құралдарын тұтастай алғанда және жүйелерді жекелей алғанда қоғамды шоғырландыруға бағытталған идеяларды өріс алдыруға шама-шарықтарынша қызмет етуде. Олар үшін, тұтас халық үшін ең бастысы – мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтап қалу, мұнсыз ел халқының бейбіт өмірін, тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету мүмкін емес. «Ең бастысы, кейінгі жылдары азаматтардың санасында түбегейлі психологиялық өзгерістер болды, – деп, жазды Президент Н.Назарбаев бұл тұрғыда. – Бұрынғы КСРО-ны көксеу сезімі жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің азаматтығын сезінумен алмасты... Біздің замандастарымыз ендігі үміттерін Қазақстан басшылығымен тікелей байланыстыратын болды, бұл – өте үлкен табыс» (38).

Қазақ елі тәуелсіздігінің жиырма жылдан астам уақыттағы арайлы өзгерістерінің ең негізгісі – ұлттық мемлекеттік болып табылады. «Мемлекеттік» пен «еркіндік» ұғымдары сабақтас. Тәуелсіздік жолындағы қазіргі қадамдар жарқын болашаққа деген сенімді нығайта түскендей.

Елімізде мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасты, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларда түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің таңсәрісінде елдің саяси басшылығы алдында, – деп тұжырымдайды республика Президентінің кеңесшісі, профессор Е.Ертісбаев, – басқарудың әкімшілдік-әміршілдік әдісінен дамыған демократиялық елдердің озық жетістіктеріне негізделген технологияларға көшуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мемлекеттік құрылыстың жаңа жүйесін қалыптастыру мәселесі тұрды.

Оның үстіне кезең-кезеңді, логикалық тұрғыда мығым елді саяси модернизациялау ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жариялаған «алдымен экономика, сонан соң саясат» реформасының моделі негізінде жүргізілді. Экономикалық реформаның бүкіл өн бойында саяси жаңғыру мәселелері қоғамдық-саяси тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету арнасында жүргізілгенін атап өту қажет.

Қазір біз мемлекет басшысының «Қазақстан-2030» Стратегиясында, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына ену Стратегиясына және Президенттің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында тұжырымдалған ел дамуының ұзақ мерзімді серпінді дамуына жауап бере алатын логикалық тұрғыда мығым саяси модернизациялаудың куәсі болып отырмыз» (39).

Тәуелсіз Қазақ елінің мемлекеттік құрылыс мәселесінде қазақ халқының ежелден тән болып келген басқарудың жекелеген формаларын өркен жайдыру үлкен маңызға ие. Осы арада ақсақалдар кеңесінің республика өміріндегі алатын орнына тоқталайық. Бұл жерде, ең алдымен, сан қырлы, өзекті мәселелерді шешуде олардың өмірлік тәжірибелерін, кемелденген байыпты да салиқалы ақыл-ойының әлемдегі барлық халықтарда мойындалатынын баса айту қажет. Ал Шығыста үлкендерге құлақ асудың, оларға тағзым етудің көп ғасырлық дәстүрі бар екеніне ешкім де қарсы дау айта алмаса керек.

Ақсақалдардың түрлі мемлекеттік мәселелерді шешудегі рөліне, айталық, Түркіменстанда айрықша мән беріледі. Қазақстанда да бұл баға жеткісіз потенциалды іске қосуға деген ниет бар. Осы мәселеде ел басшылығы мен қоғамның бір бөлігінің ізгі ой-ниеті сабақтасып жатыр деуге болады. Алайда, жасыратыны жоқ, ру-тайпалық қатынастар, басқаша айтқанда қазақтық трайбализм орын алып отырған қазақ қоғамында ақсақалдар кеңесін құрудың өзіндік қиыншылықтары болатыны бесенеден белгілі жайт, түптің-түбінде оның сепаратизмге жол ашу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Басқару органдарының құрамына кірген жекелеген жандардың рулық мақсат-мүддесін көздеп кетпейтініне ешкім де кепіл бола

алмайды. Жалпы, қазақ қоғамының өркениетті жолмен қалыптасуында рушылдық, жершілдік дерттің тигізіп отырған теріс ықпал-әсері жөнінде аз жазылып жүрген жоқ. Осы орайда Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» деген еңбегінде Тәуелсіздіктің алғашқы жылдардағы орын алған қиындықтар мен өзекті мәселелерді ой елегінен өткізе отырып, былай деп жазады: «Бүгінгі дербес мемлекеттің алғашқы кезеңі тудырған жалпылық желіктің нәтижесінде ұлттың өзін-өзі тануға деген ынтасының қарқын ала бастауына шалағай мамандар араласқан кезде өзінің өткенін білуге деген табиғи ұмтылыстар, түптеп келгенде, әркімнің ойына келгенін бопсалап соғуына, өзін-өзі дәріптеп, өзінің ата-тегін асқақтатуға тырысушылыққа алып келіп отыр.

Бұл ахуал Қазақстан азаттығының алғашқы екі жылында айрықша етек алды. Ұлттың этногенезі мен тарихын өз «руының төбешігіне» шығып алып жазатын тұрпайы тарихшылыр қаптап шыға келді» (40).

Мемлекет құраушы жергілікті ұлт - қазақтардың бойындағы рушылдық, қала берді жершілдік дерттің тұтас ұлт ретінде ұйысып, даму жолында тигізіп отырған кесел-кесапаты жөнінде республикалық, ұлттық баспасөзде аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Осындай материалдарды оқыған, елдікті жоғары ұстайтын адамдардың жаны түшігері анық. Елге танымал тарихшы Мәмбет Қойгелдінің жанайқайға толы пікіріне назар аударайық: «Мемлекетке қауіп біздің – өзімізден, - деп ашына жазады ол. – Әдемілеп қол жеткізген мемлекеттігімізге қазақтың рушылдығы, жүзшілдігі қауіп төндіріп тұр. Қазір байқасаңыз, рушылдық, жүзшілдік идеологияны дәріптеушілер де бар. Мысалы, жақында бір ғалымсымақ демографиялық үлкен конференцияда: «Болашақта Орталық Қазақстанда - арғындардың, Шығыс Қазақстанда – наймандардың, Оңтүстікте – дулаттардың үстемділігі болады»,- деген талдау жасады. Мұндай болжамды естіген мен жағамды ұстадым. Не деген сұмдық?

Ал біз мұндай аймақтық иделогиямен қайда бармақпыз? Мемлекетімізге қауіп, меніңше, осы саладан туындайды. Сонымен қатар, бізге «мемлекетшілік» сана жетіспейді. «Мынау менің мемлекетім, елім. Оның дамуына мен атсалысып, таза болашағы үшін күресуім керек. Балам өсіп келеді» деген сана біздің әрбір азаматта болғаны жөн. Біз тек өзіміздің руластарымызға ғана жол ашып, соған ғана қол ұшын берсек, кім боламыз? 20-шы ғасырдың басында алаштық буын жалпы ұлттық сана деңгейіне көтерілген еді. Бұдан бері бір ғасыр өтті. Бізде кейін кетушілік бар. Әрине тегіңді біл. Бірақ өмірлік ұстанымыңа айналып кетсе, не болады? Қазаққа тағы да жетпей жатқан нәрсе – пікір мен ұстаным тазалығы. Осы үшін күресуіміз қажет. Байқасаңыз, біреулер аудитория алдында сөйлеген сөзінде

патриот, ұлтшыл да, үйінде өз руының қабынан аса алмайды. Яғни сыртта – бір ұстаным да, іште – екінші ұстаным. Осыдан барып азаматтардың екіжүзділігі байқалады. Ал бұныңыз мемлекетке төнген қауіп емей немене?» (41).

Еңді рушылдық, жүзшілдік жөнінде журналистер Дидахмет Әшімханұлы мен публицист Мырзан Кенжебайдың екеуара сұхбатында күйіне отырып айтқан пікірлеріне құлақ салып көрейік:

«М.К.: - Кейде қазақты бөлшектеу саясаты жүргізіліп жатыр ма деп қорқамын. Себебі, Тәуелсіздік алғанда үш бидің суретін салдық. Менінше, оның өзі дұрыс болмады. Оның ар жағыда біреулердің жымысқы саясаты жатқан болу керек. Ұлтты бөлу бұл. Мысалы кіші жүздің біреуі: «Менің бабам – Әйтеке», – дейді. Орта жүздің адамы «Қазыбек би біздің бабамыз», енді бірі: Менің биім – «Ұлы жүздің бас биі Төле би» дейді. Сөйтіп үнемі біреудің қай жүзден екені еске салынып отырады. Тіпті мектептегі бастауыш сынып оқулықтарында да: «Бұл жер мына жүздің мекені» деген сияқты карта бар. Бұл не? Бұл ұлтқа жасалып отырған зиянкестік!..».

Д.Ә.: – Сенің айтып отырғаныңның бәрі қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кетпесе екен деген қауіп. Менің айтайын дегенім, біз жалпы ұлт болып қалыптастық па, жоқ па деген мәселе. Ұлттың ұлттылығы ең алдымен оның отансүйгіштігінен білінеді. Бүкіл ұлттың әрбір өкілі ұлттың сөзін сөйлейді. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарады. Бізде ұлттық бірлік жоқ. Содан кейін іштей үш жүзге бөлініп, тұтас бір ұлттың мақсатын ойлаудан гөрі аты елге белгілі азаматтар қазақтың сөзін сөйлеп отырады да, ыңғайы келсе рудың сөзін сөйлеп кетеді. Содан біз қай жағынан ұлт болып қалыптастық? Орыста да, өзбекте де ондай жоқ. Бір қызығы, жүз деген әрі-беріден соң туыстық байланыс емес – әкімшілік, аймақтық жүйе. Еңді қараңыз , кімдер қай жүздің адамы болса, соның барлығы туыс болып шығады. Бұл қарапайым адамдар арасында онша байқала бермейді, ал қолында кішкене билігі барлар өзінің мақсаты үшін руластарын, жүздестерін, қандастарын тарта бастайды.Сөйтіп, бір қазақты қаншаға бөліп жібереді. Егер біз ұлт болып қалыптассақ, бір қазақтың мақсаты үшін жұмыс істеуіміз керек қой. Біз, зиялы қауым, бір қазақтың мақсаты үшін жұмыс істеп отырмыз ба?» (42).

Ұлттық даму жолында сиықсыз сипат алып отырған осы және өзге де өзекті мәселелер жөнінде ұлт мүддесін жалаулатып жүрген елге танымал философ-ғалым Амангелді Айталының өзекжарды пікірі терең ойға жетелейді: «Нигилизмге шалдыққан ұлттың өкілдері, – дейді философ, - ұлттық ішкі байланыстарының әлсіздігіне, ұлттық намысының төмендігіне қарамастан, ұлттық құндылықтар төңірегіндегі тірлігі көбіне ұрандатудан,

болмаса даурығудан, бас иіп қостаушылықтан аспайды. Бүгінгі қазақтың психологиясында олардың әртүрлі жағымсыз көріністері байқалады. Қазақтың қонақжайлылығы – жалпақшешейлікке, кішіпейілділігі – құлдық ұра берушілікке, елдігі – рушылдық, жүзшілдік, жершілдік микропатриотизмге, кеңпейілдігі ысырапшылдыққа ұласып жатады. Қазақтың мақтанышы бүгін даңғойлыққа айналды. «Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдыңда неше ат бар деп сұрар, артыңда неше ат бар еді деп сұрағаның несі сөз?», - деп Абай айтқандай, бүгінгі қазақтың қуанышы кейде артымызға қарап масаттануға сүйенген» (43).

Қазақ халқының біртұтастығында жегі құртқа айналып отырған бұл проблема төңірегінде осы кітаптың авторы да өз толғаныстарын талқылауға салып келеді. Мысалы, автордың М.Сармановтың бірлесіп жазған «Қазақ рушылдығы жайлаған жерде бірлік болмайды», жеке өзінің «Ел ағасының болмауы – қасірет» деген мақалалары жарияланды (44). Бұл материалдарда кең өріс алған рушылық, жүзшілдік және жершілдік психологиясын талдауға мән беріледі.

Рушылдықтың ғылымдағы аты - трайбализм (латынша «тайпа» деген сөзден шыққан). Оның жан шошытарлық тағы бір мағынасы қара нәсілділердің арасында адам етін жейтін топтармен байланыстырылады... Жоғарыда айтылғандардан түйетін ой сол, рушылдық деген ұғым о баста әлі ұлысқа біріге қоймаған жекелеген тайпаларды білдірсе, қазір тайпалардың немесе адамдар қауымдастығының арасындағы бітіспес дау-дамайлы қақтығыстарды білдіреді.

Жалпы қазақ арасындағы кездесетін рушылдық психологияны екі түрлі мәнде сипаттауға болады. Мұның бастапқысы ру сұрасу және оның адамдар арасындағы қатынастардағы этикеттің бір үрдісі ретінде көрініс беруі. Өзге халықтарда кездесетін жерін, тегін сұрау сияқты румен жөн сұрасу қазақ тұрмысында да ертеден қалыптасқан әдеттің бірі. Ал мұны әлеуметтік деңгейге көтеріп, өзінің бас пайдасына пайдаланып, қолындағы өткір қаруына айналдырып жүргендер де өз оқығандарымыз,ел билеп жүргендеріміз екені исі қазақ үшін қандай қасірет. Осындайлардың, олардың төңірегіндегі қаны қызу жағымпаздардың ұран-айтақтауларына, жымысқылық алдауларына қалың көпшіліктің ілесіп кете баруын қалай түсінеріңді білмей дал боласын...

Екіншіден, рушылдық, тайпашылық, жершілдік, жүзшілдік психологияның жиынтығы халық арасында жік тудыратын, бір ұлттың, яғни қазақтардың өздерін өзара іштей жауластырып қоятын, іштей іріп-шірітуші фактор ретіндегі көрініс. Рушылықтың ұлтты ірітуші фактор ретінде

көрінісін бүкіл ұлтқа, халық бұқарасына таңа салуға болмайды. Арамызда рушылдық дертіне шалдыға қоймаған жандар жоқ емес, бар. Олардың ең алдымен елдің тұтастығын, халықтың бірлігін жоғары қоятыны, тұтас ұлт мүддесін тереңнен ойлайтыны анық. Данагөй ақсақалдарымыз, абзал жандарымыз, ақиық азаматтарымыз, мейірбан ақ жүректілеріміз қайда жүр? Осындай аузы дуалы қарттардың, азаматтардың елді бірлікке, ақ-адал жолға шақырар үндері неге естілмейді?...

Автордың жарияланымдары қалың көпшіліктің назарынан тыс қалған жоқ. Қонырау шалып, хабарласқандар болды. Өздерінің кім екенін айтудан бас тартқан олардың кейбірі авторға қазақтар арасында өшпенділік туғызып отырсың дегендей айып тағып жатты.... Егер қолымызды жүрегімізге қойып тұрып, ақ-адал шындығымызды айтар болсақ, біздің алға қойған басты мақсат – мүддеміз көпшілікті рушылық, жүзшілдік, жершілдік атаулымен күреске шақырып, қазақтардың ішкі бірлігіне, тұтастыққа үндеу болатын...

Шынтуайтын айтқанда, ойымызға қозғау салып, тыншу бермеген, қолымызға қалам ұстатқан, жоғарыдағыдай материалдар жазуға жетектеген төмендегідей сүреңсіз жайлар еді...

Қасиетті Түркістан аймағы Парламент мәжілісі, облыстық және қалалық мәслихат сайлаулары қарсаңындағы саяси науқандарда дүбірлеп тұрады. Депутаттыққа кандидаттардың қай-қайсысы болмасын халық сеніміне ие болсам, абыройлы биіктен көрінсем, депутаттық тұғырға қонсам деген асыл арманның, үкілі үміттің жетегінде жүреді. Осы кандидаттар төңірегінде айтыс-тартыстың, дау-дамайдың, көре алмаудың, аяқтан шалудың, тағы басқа сан алуан кесірлі келеңсіздіктердің болып жататынын ешкім де жоққа шығара алмайды. «Ел болған соң ондай-ондайлар болмай тұрмайды ғой» дейміз. Бір сұмдығы сол, осыдан біраз жыл бұрын Түркістанда Парламент мәжілісі сайлауының қарсаңында атыс-шабыс болды, оның аяғы адам өліміне әкеліп соқты. Мұны халық әлі ұмыта қойған жоқ, оның астарында жергілікті рулар арасындағы бақталастықтың, аяқтан шалушылықтың, рулық үстемдікке ұмтылыстың болғанын жұрт іштей біледі...

Сөз орайы келгенде айта кеткен жөн, Тәуелсіз Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың егемендігіміздің алғашқы жылдарынан бастап-ақ министрліктер мен облыс әкімдерінің басшылығына тамыр-таныстықтан, сыбайлас жемқорлықтан қолы, рушылдықтан санасы таза адамдарды орналастыруды тереңнен ойластырып, осы бағытта қыруар іс жүргізуі рушылдық ылаңына тосқауыл қою мақсатынан туындаған аса игі шаралар деп қабылдағанымыз жөн.

Қазақстанның мемлекеттік идентификациялануы елдің бұқаралық

ақпарат құралдарында басты тақырыпқа айналумен келеді. Жоғарыда айтылғандай, жариялымдарда пікірлер сайысына, көкейдегі толғанысты ойларды еркін айтуға еркіндік берілген. Өзекті материалдардың жарық көріп жатуы мемлекеттік идентификациялану процесінің аяқталып бітпегенін айқындай түседі. Республика бұқаралық ақпарат құралдарындағы проблемалық материалдардың көптігі, әркелкілігі жақсылықтың нышаны, олай болатыны қалың бұқара осылар арқылы өзекті мәселелердің байыбына барады, қоғам мүшелерінің санасында қазіргі қазақ ұлттық мемлекеттілігінің контуры бейнеленеді, алда тұрған міндеттер, ұлы үрдістер айқындала түседі.

Тәуелсіз Қазақстан әлемдік қоғамдастықта іргелі мемлекетке айналып келеді. Соның жарқын дәлелі, бүгінгі таңда Қазақстанды әлемнің 130-ға жуық мемлекеті мойындады, елде 67 елшіліктер мен 19 халықаралық ұйымдардың өкілдіктері тіркелген. Қазақ елі шетелдерде өзінің дипломатиялық өкілдіктерін ашты, көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болды.

Қазақстан Республикасы экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштері жөнінен ТМД елдері арасында алдыңғы орынға шықты. Дүние жүзі мемлекеттерінің санатында нарықтық экономикалық ел ретінде мойындалды. Қазір дүние жүзі Қазақ елін Орталық Азия аймағындағы дамыған көшбасшы демократиялық ел ретінде таниды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы аймақтағы геосаяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында ұлан-ғайыр еңбегімен халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналды. Айталық, 2007 жылы желтоқсанда Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына қауымдасқан 56 мемлекеттің Сыртқы істер министрлерінің Қазақстанның осы ұйымға төрағалық қызмет атқаруын мақұлдап дауыс беруі, Қазақстанның 2010 жылғы 3 тамызда осы ұйымға Төраға болып бекітілуі соның жарқын дәлелі болып табылса керек. Қазақстан ТМД елдерінің арасынан аталмыш ұйымға төралқалыққа сайланған бірінші мемлекет!

Бұл шешім халықаралық қауымдастықтың Қазақстан халқының Тәуелсіздік жылдарындағы табыстарына берген лайықты бағасы болды. Шынтуайтына келгенде, Қазақстанның ЕҚЫҰ-на қатысушы елдердің сеніміне кіріп, мойындата білуі, ашық дипломатиялық тиімділіктің хрестоматиялық үлгісі болды. Публицист, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті Сауытбек Абдрахмановтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы, Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаевпен әңгімесі осы қол жеткен жетістіктер жөнінде болды (45). Осыдан кейін іле-шала республикадағы барлық жетекші

газеттер-журналдарда ЕҚЫҰ Саммитінің өткізілуі қарсаңында жазушы-публицистердің ойтолғаулары, елімізге белгілі қоғам қайраткерлері мен саясаткерлердің мақалалары, қарапайым еңбек адамдарының, қызметкерлердің, ғалымдардың, т.б. үнқатулары толассыз жарияланып жатты (46).

2010 жылғы 1-2 желтоқсанда Астанада ЕҚЫҰ Саммиті табысты өтті, Астана Декларациясы бір ауыздан қабылданды. Осылайша Қазақстанда әлем тарихында алтын әріптермен жазылған ұлы тарихи оқиға болды! Әлем назары көк Туы желбіреген Қазақ еліне ауды!

Қорыта айтқанда, ұлттық мемлекеттік құрылыстың әртүрлі аспектілері Қазақстан журналистикасы пен публицистикасында ой елегінен өткізіліп, халықты алдағы ұлы міндеттерді орындауға тас-түйін жұмылдыруда. Қазақстан баспасөзі орын алып отырған кейбір кемшіліктерді жою жолындағы бітіспес күрестің алғы шебінде келеді. Республика бұқаралық ақпарат құралдары ұлттардың еркін дамуына өз үлестерін қосуда, осы арқылы ұлттық және ұлттық мемлекеттік бәсекелестік, өзге өркениетті ұлттармен пара-парлыққа ұмтылыс шебі айқындалуда.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003.– 11-бет.

2. Нені көкседік, неге жеттік? Академик заңгер Сұлтан Сартаевпен Тәуілсіздік күні болған сұхбат. Әңгімелескен Мейрамбек Төлепберген\\ Егемен Қазақстан. 2004. 21 желтоқсан.

3. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. –15- бет.

4. Сонда. –16 бет.

5. Смайылов К. Ойланатын он жайт. Тәуелсіздігіміз баянды болсын десек... \\ Қазақ әдебиеті. 1992. 24 қаңтар.

6. Сейдімбек А. Картаға кімнің көзімен қарау керек? \\ Егемен Қазақстан. 1994. 4 мамыр.

7. Самойленко А. Казахстан: конец эры химер (Қазақстан: құбыжықтың дәуірі бітті) \\ Литературная газета. 1994. 22 декаря.

8. Жұмабаев Ә. Жұғымсыз қаламнан жүгенсіз сөз шығады \\ Түркістан. 1995. 15 наурыз.

9. Мұртаза Ш. Бөліп ал да, билей бер! \\ Егемен Қазақстан. 1995. 27 қаңтар.

10. Михайлов В. О изменении некоторых положении\\ Лад. 1994. 12 декабря.

11. Солжиницын А. Как обустроить Россию? \\ Комсомольская правда. 1990. 18 сентября; Литературная газета. 1990. 19 сентября.

12. Кекілбаев Ә., Мағауин М., Жүнісов С. Россия А.И Солжиницыннің ақылымен көгермейді. Ашынғаннан айтамыз \\ Қазақ әдебиеті. 1990. 20 қыркүйек.

13. Смайылов К. Қасірет мекені болған қазақ жері. А. Солжиницыннің «ГУЛАГ архипелагы» кітабында Қазақстанның көрінуі \\ Қазақ әдебиеті. 1990. 25 мамыр.

14. Нұрмағанбетов Ж. Мен көрген Солжиницын немесе су ішкен құдығыңа түкірме! Ой түрткі. \\ Қазақ әдебиеті. 1991. 20 желтоқсан.

15. Төлепберген Б., Қасымбек Д. Біз не бітіріп жүрміз осы? «Казахская правда» газетінің құрылтайшы - редакторы Алдан Айымбетовпен жолығысқан соң осындай сұрақ мазалаған \\ Атамұра. 1994. 7 шілде; Жақып М. Айтар сөзін айтпай қалмайтын адам \\ Егемен Қазақстан. 2011. 20 желтоқсан; Төлепберген Б. Трагедиялық тұлға \\ Журналист. 2002. №2; Ақжігіт Ө. Біздің заманымыздың батыры \\ Евразия. 2004. 31 желтоқсан; т.б.

16. Шекей Г. Россия берёт на себя миссию СНГовского жандарма? \\ Казахская правда. 2003.17 ноября.

17. Қай мемлекеттің газеті? Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың назарына\\Қазақ әдебиеті. 1992.18 желтоқсан.

18. Акава А. Земли и недра – всем казахстанцам! \\ Казахстанская правда. 1992. 31 июля.

19. Құттықадам С. Очнись, господин собкор! \\ Казахстанская правда. 1992. 29 сентября.

20. Ақдәулетұлы М. Ардаевты қашанғы ардақтай береміз? Немесе еңселі кеңселерге ашық хат \\ Қазақ әдебиеті. 1997. 30 шілде.

21. Барманқулов М. Телевидение: деньги и власть? Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1997. – С. 112.

22. Сонда. – С.112.

23. Ақдәулетұлы М. «Аңқау елге – арамза молда», ал Қазақстанға – демократ «Караван» \\ Қазақ әдебиеті. 1997. 26 тамыз.

24. Своик П. Казахстан и Россия: быт ли в новом союзе\\ Караван. 1998. 20 марта.

25. Әлім А. Масанов- камирдинер емес пе осы? \\ Қазақ әдебиеті, 1998. 19 маусым.

26. Айталиев А. Қираған империя және біз \\ Қазақ әдебиеті. 1998. 19 маусым.

27. «Ақиқат», «Мысль» журналдары мен «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Понорама», т.б. газеттерді қараңыз.

28. Сартқожаұлы Қ. Біз қайтсек ел боламыз ?... \\ Қазақ әдебиеті. 1993. 3 қыркүйек.

29. Назарбаев Н. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 111-бет.

30. Назарбаев Н. Қазақстан жолы – Астана, 2007. -98-бет.

31. Нұрымбетова Г. «Нобель сыйлығының иегері шығу керек» \\ Егемен Қазақстан. 2011.10 желтоқсан.

32. Смайылов К. Салмақтың бәрі- қазақта. Тәуелсіздігіміз баянды болсын десек... \\ Қазақ әдебиеті. 1993. 13 желтоқсан; Шүкіруұлы С. Мына заман қай заман? Қазіргі реформа жайлы көзқарас. Халық және нарық\\ Парасат. 1995. №7; Қайран Ә. Ауыл азды дегенше... Толғандырар тақырып\\ Қазақ әдебиеті. 1995. 7 қараша; Байғабылов А. Ауылым, халқың не болмақ? \\ Парасат . 1994. №6; Асабаев З. Осындай шаққа болдық кез \\ Парасат. 1994. №7; Елім, елім елім-ай. Халқым қайтып күн көрер \\ Парасат. 1994. №8; Мұханғалиев Е. Ел жол айрығында тұр. Толғандырар тақырып \\ Қазақ әдебиеті. 1996. 21 мамыр; Жылқайдаров М. Қой шаруашылығынан құт қашты ма? Немесе кешегі «50 миллион» мен бүгінгі бір қадақ кір сабынды бір қойға айырбастайтын ащы шындықтың арасалмағы. Толғандырар тақырып \\ Қазақ әдебиеті. 1996. 26 қараша; Райхан Н. Қайдан келдік, қайда барамыз? Немесе экономикалық талдау талабы. Тәуелсіздік талаптары \\ Қазақ әдебиеті. 1997. 16 қыркүйек; т.б.

33. Шекей Г. Догонит ли казахский «барс» юго-восточных «тигров»? \\ Казахская правда. 2005. №13 июля.

34. Қазақ әдебиеті. 1990. 25 мамыр; Қазақ әдебиеті. 1990. 20 қыркүйек; Қазақ әдебиеті. 1991. 21 желтоқсан; Егемен Қазақстан. 1994. 4 мамыр; Егемен Қазақстан. 1995. 27 қаңтар; Казахская правда. 2003. №7, қараша; т.б.

35. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003. -125-бет.

36. Абдураимов Б. Парламентаризм: история и современность. Казахстан –2030 \\ Казахстанская правда. 2005. 5 мая.

37. Бектурганова Б. Правящий режим Казахстана и демократия-невозможное сочетание // Солдат. 2002. №7; Давлетьяров Б. Можно ли считать Казахстан демократическим государством? // Юридическая газета. 1996. 4 марта; Масанов Н. О демократии в Казахстане // Солдат. 2002. 31 января; Его же. Кризис Казахстана - есть кризис президенской власти// Караван. 1998. 21 августа; и др.

38. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында.-Атамұра, 2003.-133- бет.

39. Ертысбаев Е. Политическая модернизация: казахстанский путь./ В кн.: Казақстан Республикасы: саяси жаңғыру. Республика Казахстан: политическая модернизация. Сборник выступлении и статей.- Алматы: Издательский дом «Таймас», 2008.-С. 10-11.

40. Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 2003.-53- бет.

41. Мәмбет Қойгелді, тарих ғылымдарының докторы, профессор: «Халық тәуелсіздікті түсінеді». Дайындаған З. Дүйсенбай// Егемен Қазақстан. 2010.10 желтоқсан.

42. Біз ұлт болып қалыптастық па? «Сіз не дейсіз?» - Д. Әшімханұлының авторлық бағдарламасы. Әңгімені жазып алған Динара Мыңжасарқызы// Түркістан. 2012. 12 сәуір.

43. Айталы А. Ұлтшылдық пен ұлтсыздық. Замана зиялылар зердесінде// Егемен Қазақстан. 2012.27 маусым.

44. Садықов С., Сарманов М. Қазақ рушылдығы жайлаған жерде бірлік болмайды// Халық үні. 2009. 29 сәуір; Садықов С. Ел ағасының болмауы-қасірет// Евразия. 2009. 17 сәуір; т.б.

45. Астана Саммиті Қазақстанның жұлдызын жарқыратады. С.Абдрахмановтың Қ.Саудабаевпен әңгімесі// Егемен Қазақстан. 2010.10 тамыз.

46. Нығматулин Н. Қазақстан аймақ көшбасшысы ретінде танылды// Түркістан. 2010.12 тамыз; Дәндібаев Б. Саммитті бүкіл әлем бақылайды// Егемен Қазақстан. 2010.14 тамыз; Ерманов Е. Алтын әріптермен жазылады// Егемен Қазақстан. 2010. 14 тамыз; Астана Саммитін өткізу- үлкен жауапкершілік// Егемен Қазақстан. 2010. 17 тамыз; т.б.

III ТАРАУ
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ МЕН ПУБЛИЦИСТИКАСЫ: ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН СИПАТЫ

Жас Тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының құрылуы елдің жаңа журналистикасын қалыптастырудың өзекті міндеттерін алға тартты. Қоғамда жүзеге асырылып жатқан жаңғыру ауқымы өзінің даму барысында Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары сүйенетін саяси, экономикалық және әлеуметтік іргетасқа айналды. Идеология алмасуы мен жаңа әлеуметтік бағыттың пайда болуы, сондай-ақ қоғам дамуы беталысының терең өзгеріске ұшырауы ақпарат құралдары қызметіне айрықша маңыз берді. Олар мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында бұрынғыдан да қарқынды рөл атқара бастады.

Түбірімен терең өзгерістерге ұшыраған журналистика Кеңес Одағы тарихының ақтық кезеңінде мүлдем жаңа әлеуметтік институт ретінде қайтадан қалыптасуға бет алды. Онда БАҚ-тың мазмұны мен сипатына түбегейлі әсер еткен құрылымдық және типологиялық өзгерістер жүріп жатты. Газет, журнал, телерадио арналар санының жаппай өсуі құрылтайшылар құрамының да сандық жағынан өсе түсуіне жол ашты. Айталық, егер бұрын партиялық немесе мемлекеттік органдар жауапты болса, демократияландыру мен қоғамдық өмірді либерализациялау жағдайында газет-журналдарға, аудиовизуальды БАҚ-ға құрылтайшылары жеке адамдар, редакция ұжымдары, акционерлік компаниялар иелік етуде. Егер 1990 жылы Қазақстанда 2 республикалық телевизия, 4 радио хабарларын тарату арнасы жұмыс істеп, 400-ге жуық мерзімді басылымдар шығып тұрса, ал КСРО ыдыраған 1991 жылы республикалық «БАҚ және баспасөз туралы» республикалық Заң қабылданғаннан кейін тек радиотелекомпаниялар саны 200-ден асып, 2000-нан астам газет-журналдар шыға бастады (1).

Алайда, олардың көпшілігі формальды бұқаралық ақпарат арнасы еді, тіркеу құжаттарында ғана болды, негізінен алғанда әртүрлі сөзжұмбақтар, анекдоттар, гороскоптар және т.б. шығарумен айналысты. Осылайша, кәсіпкерлік механизмі бұл салаға да еніп, олар нарықтық экономика заңымен қызмет етуге көшті:демек,сұраныс болса, ұсыныс та болды, тиісінше пайда табуға жол ашылды. Баспасөз өнімі саласындағы осы отрядтың аз ғана бөлігі шынайы журналистика функцияларын орындауға тырысты.

Ол өзінің концептуальды ісін баспасөз бостандығы теориясы мен

әлеуметтік жауапкершілік теориясына сәйкестендіре жүргізе бастады. Алайда, ашығын айту керек, қазірдің өзінде тарихи өзіндік ерекшелігіне қарай авторитарлық және коммунистік журналистиканың кейбір белгілері сақталып отыр. Сондықтан да редакция ұжымдарына БАҚ иелері мен өз құрылтайшыларынан белгілі дәрежеде автономияға қол жеткізуге бұрын да мүмкіндік болмаған, қазір де мүмкіндік бола бермейді.

Шынайы демократиялық қоғамда баспасөз билігі болуы тиіс. Бұл жерде билік мәселесін анайы үстемдікпен шатастыруға болмайды. Баспасөзге ежелден тән қасиет - оның қалың бұқарамен тікелей және кері байланысының екіжақтылығы мен конфункциялылығы. Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдары халық пен үкіметтің жоғары эшалоны арасындағы байланысты ұйымдастырушы. Екіншіден, баспасөз қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге жедел үн қосып отырады. Осы арқылы заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріндегі ішінара құбылмалық жөнінде халықты хабардар етеді. Журналист қызметінің негізінде болып өткен, болып жатқан және алдағы уақытта болатын әлеуметтік өзгерістер жөніндегі концептуальды түсінік алынады, баспасөз негізінен адамдар бойына моральдық, адамгершілік және эстетикалық танымды қалыптастыруды басты мұрат санайды. Еркін сөздің әсер ету күші кез-келген билік ықпалынан кем түспейді. Журналистің әлеуметтік әділеттілік проблемаларын шешу, тарихи шындықты қалпына келтіру, т.б. жөніндегі өткір сөздері, қалыптасып отырған әлеуметтік-саяси жағдайға орнықты талдау жасауға қалың бұқараның қым-қиғаш қайшылықты жайларды байыппен саралауына, олардың қоғамдағы өзгерістерге нақты көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Саяси қайраткер, ғалым мен экономист оқырман – көрермен аудиториясында істің шынайы жай-күйін өз беттерінше жеткізе алмайды. Осы орайда, оларға ақпарат құралдарының көмегі ауадай қажет. Бұл жағдайда халық журналистердің мұқият өндеуінен, ой-елегінен өткен дүниені оқиды. Журналистін саяси ойлау мәдениетінің деңгей-дәрежесі айқын көрінетін тұс та осы. Бұл өз алдына бөлек әңгіме. Қалай дегенмен де журналистін қаламынан туған байыпты сөздің, ой-пікірдің адамдарға ықпал ету күші орасан зор екеніне ешкім де шек келтіре алмайды.

Шынайы демократиялық принциптердің бұқаралық ақпарат құралдары жинайтын және халық арасында кеңінен тарататын хабарлардың әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз етуі тиіс екені жөнінде айтуға енді ғана мүмкіндік алдық. Бүгін бір жайт айқын болып отыр: демократия хабарлардың санымен емес, ақпараттық теңсіздікке қарсы қажымас күреспен ғана қамтамасыз етіледі. Сонда ғана жетпіс жылдан астам уақыт бойы коммунистік идеологиялық догматизм аясынан шыға алмай келген

журналистика беделі тәуелсіз қоғамымызда сапалық биік деңгейге көтеріледі. Кеңестік дәуірде бұл беделді күштілер әлемі, бюрократиялық партиялық, мемлекеттік аппарат түсіріп келген–ді. Егеменді қазақ елінде мұнымен, яғни өз абыройын түсірумен өзге емес, журналист ағайындардың өздері айналысып кеткен сияқты. Кезінде «Егеменді Қазақстан» газетінің бас редакторы Е.Смайылдың «Жаны ашығандық па, сойыл соғарлық па?» -деген мақаласында ашына жазғанындай, газеттің бұрынғы кейбір беделді деген журналистерінің сойыл соғуымен айналысып кетуі, өздері кезінде су ішкен құдығына түкіруі қасиетсіздіктің айқын дәлелі болып табылады (2).

Ашып айтар болсақ, мұның астарында таптауырын болған тақырыптарға айналып соға берушілік, даңғазалық, көсемшілдік сияқты қасиетсіз күйбен жатыр деп айтуға толық негіз бар. Саясаттағы мылжыңдықтан гөрі әлеуметтік-экономикалық өмірдегі шынайы шыңдықты жазу қажеттігі туындап отыр.

Баспасөз билігі жөнінде айтқанда, ең алдымен тұтас қоғам, жекелеген адамдар мен журналистер мүдделерінің қаншалықты қорғалып отырғандығын естен шығармау маңызды. Мұның өзі жетімсіз. Қазақ қоғамы нарықтық қатыныстармен сипатталатын экономикалық дамудың ауыр кезеңін бастан кешуде. Бұл әміршілдік-әкімшілдік негізі жойылған, орталықтың империялық үстемдігінен арылған, іргелі ел болуға бекем бел буып, болашаққа батыл қадам басып отырған қазіргі шақтағы уақытша қиындық ретінде бағаланып отыр. Басты бағымыз сол, ұлттық сана-сезім сілкінісінің бүгінгі қоғамдық құбылысқа тән болуы. Республикалық тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары жоғарыдағы өзекті мәселелер төңірегінде байсалды ой қозғауға бағыт бұрған. Басылымдарда халық мүддесін көздеген материалдар бұрынғы қай кездегіден болсын, салиқалылығымен назар аударады.

Тәуелсіздік таңын Қазақстан журналистикасы ауыр жағдайда, құлдыраудың шегіне жеткен кезінде қарсы алды. Еске түсірейік. Тоқсаныншы жылдардың басында бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде баспасөз қаржылық тоқырауды бастан кешірді. Коммунистік партия тарихи аренадан кеткен соң, баспасөз иесіз қалды. Партия қорындағы бұрынғы мол қаржы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Баспаханалар редакциялар тапқан табысты сыпырып алумен болды. Қағаз бен бояу құны шарықтап кетті. «Мемлекеттік бюджеттен газет-журналдар үшін төленуі көзделіп отырған дотациялар, – деп ашына жазды кезінде Қазақстан Республикасының халық депутаттарына жолдаған хатта «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Шерхан Мұртаза, «Казахстанская правда» газетінің бас редакторы Вячеслав Срыбных, «Ақиқат» журналының

бас редакторы Камал Смайылов, «Мысль» журналының бас редакторы Георгий Шестаков, – қағаз бен газет-журнал тарату ісіне кететін шығынның жиырмадан бір бөлігін де жаба алмайды. Осының салдарынан, республиканың жетекші газет-журналдарының жабылып қалуы туралы мәселе туындап отыр. Бұған жол беру дегеніміз – республиканы бұқаралық ақпарат құралдарынсыз қалдыру деген сөз» (3).

Бұдан әрі жетекші газет-журналдардың басшылары бұрынғы компартиядан қалған қаржыны орынды түрде талап ете келе, өздерінің ашқарақ тарифтерін белгілеп отырған байланысшыларға да реніштерін білдірді. Иә, нарықтық экономиканың от-жалыны газет-журналдарды да шарпып өтті. Республиканың жетекші басылымдарының халі жоғарыдағыдай болған соң өзгелеріндегі жағдай айтпаса да түсінікті. Әсіресе, облыстық, аудандық газеттерге қиын болды. Кеңестік дәуірде газет-журналдардың бұқаралылығын арттыру, яғни, таралымын өсіру жайы аландатып отыратын. Енді алға басылымның мазмұндық сапасын жақсарту, қандай жолмен болса да оқырман назарын өзіне аудару міндеті қойылды. Мемлекеттік дотация ала алмаған газеттер коммерциялық құрылымдар мен қолдарында байлығы бар жеке адамдарға арқа сүйей бастады.

Қазақ газеттерінің қаржылық тапшылықтарының негізгі себептерінің бірі – олардың оқырмандары негізінен алғанда ауылдық жерлерде тұрады. Ауылдардағы ауыр экономикалық және әлеуметтік жағдай, мемлекет тарапынан рухани құндылықтарды байытуға деген енжарлық халықтың басылымдарға деген ынта-ықыласын төмендете түсті. Қоғамда тез баю мен кедейлену процесі жүріп жатты. Көптеген жерлердегі өндіріс орындары мүлдем тоқтады. Жұмыссыз қалған халықтың негізгі бөлігі сауда-саттықты күнкөріс тірлігіне айналдырып, рухани жұттандыққа ұшырай бастады. Екінші жағынан, нарық жағдайында басылымдар құны қымбаттап кетті. Күнделікті нанын әрең ажыратып отырған бұқараны басылымдар қызықтырмайтын болды.

Тәуелсіздік қарсаңында қалың бұқараның ұйымшылдығы мен жоғары ұлттық сана –сезімін қалыптасу жолындағы күресте қазақ журналистерінен, шығармашылық ұжымдар мен редакциялардан үлкен жауапкершілік, жоғары саналылық талап етілді. Бұдан дейін қазақ қоғамының бұралаң-бұлтарысты қайғы-қасіретке толы тыныс-тіршілігі, талайлы тағдыры шындық тағлымын алдымызға көлденең тартты.

Жаңа қоғамның талаптары тұрғысынан қарар болсақ, қазақ баспасөзі енді ғана қалыптасуға бағыт алып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімделе отырып, өзіндік өрнек-нақышы, бет-бедері бар қуатты қаруға айналуы тиіс еді. Мұнсыз қоғамдық ой-санадағы бұрыннан

қалыптасып келген тоқыраушылықтың сеңі бұзылмайтынын дәлелдеп жатудың өзі артық. Егер бізде ұлттық идеяны қалыптастыру ниеті болса, ең алдымен бұған талапқа сай келетін журналист сөзінің, оның ұшқыр ойының, жан-жүрегінен жалынды-жылуының игі әсер етері сөзсіз. Қашанда қоғамдық ой-пікірдің көш басында қалам иелері жүріп, әділ сарашы болған, кесімді сөздерін айтып отырған. Олай болса, заманға, өз дәуіріне жедел үн қосып отыруға тиісті журналистің саяси ойлау мәдениетінің жоғары болуы қоғам дамуына өз ықпал-әсерін тигізері айдан анық.

Бұл айтылғандар тәуелсіздіктің таңсәрісіндегі орын алған жайттар болатын. Баспасөз жүйесі мен құрылымдарындағы реформалар, функциясы мен принципіндегі түбегейлі өзгерістер оның сандық және сапалық жағынан тұрақты өсуіне алып келді. Айталық, Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы онжылдығы ішінде елдің кезіндегі Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәліметі бойынша газет саны 991-ге дейін, журнал –366-ға, электрондық БАҚ–125-ке, ақпарат агенттіктері – 14-ке дейін өсті. Мерзімді басылымдар типологиялық жағынан төмендегіше жіктеледі: 743 - ақпараттық, 165 - жарнамалық, 91 - ғылыми, 21 - әйелдерге арналған, 19 - жастарға арналған, 35 - балаларға арналған, 29 - діни, 246 басқа да бағыттарда. Мемлекеттік емес БАҚ үлесі 80 пайызды құрады.

Қоғамдық ұйымдар 75 ақпараттық арнаға ие болды, оның 9-ы саяси партияларға қарады. Жалпы ұлттық БАҚ үлесі 31 пайыз, облыстық –23, қалалық –20,9, аудандық – 17,9, аймақаралық -3,6, өзгелері -3,6 пайызды құрады.

БАҚ қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, украин, поляк, неміс, корей, ағылшын, дұнған, түрік және басқа тілдерде хабар таратты (4).

Республикалық БАҚ сандық-сапалық жағынан XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында да үлкен өзгерістерге ұшырауда. Айталық, 2010 жылдың 25 маусымына елімізде 2695 БАҚ, оның ішінде 1619 газет, 808 журнал, 257 телерадио компаниялар және11 ақпараттық агенттік қызмет жасады. Ал бұдан бар болғаны 6 жыл бұрын, 2004 жылы республикада 1965 БАҚ болған (5).

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы болып жатқан процестердің ерекшелігі сол, мемлекеттік басылымдардың басылым бөлігінің тәуелсіз әріптестеріне сандық өсімі жағынан орын бергенінде ғана емес, республикада жүргізіліп отырған реформаларды насихаттауда тиімділікке қол жеткізе алмай отырғанында, үкімет пен президенттік және оппозициялық баспасөз сынына қарсы тұруда жеткілікті дәрежеде қабілеттілік таныта алмауында. Мемлекеттік газеттер, әлі де болса негізінен кеңес дәуіріндегідей ресми материалдар берумен, жарнамалар тасқынын үдетумен және баспасөзге

жазылу науқаны кезінде әкімшілік ресурстарын пайдалану арқылы оқырманның қатарын көбейтуге күш салумен айналысады.

Осы орайда «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамның президенті, профессор С.Абдрахмановтың Мемлекеттік хатшы Мұхтар Құл-Мұхамедтің, Мәдениет және ақпарат министрі Дархан Мыңбайдың редакция ұжымымен кездесуде басылым басшысы ретінде айтқан сөздерінің қазіргі қазақ баспасөзінде орын алып отырған проблемаларға да тікелей қатысы болғандықтан мәтінді толығырақ беруді жөн көрдік.

«Біз «Егемен Қазақстан» ел газеті дегенде бәрінен бұрын елдікті айтатын, еңселі ел болудың қамын көздейтін басылым сипатын сақтауды мақсат тұтамыз, - деді қоғам президенті. – Сондықтан да біз қалайда танымал болуды , қалайда жұрттың аузында жүруді, қалайда ат шығаруды әуезе етпейміз. Өмір көрген, адам психологиясын білетін қаламгерлер ретінде қандай тақырыптарды қаузасақ басылымның рейтингісін қазіргіден әлдеқайда көтере алатынымызды жақсы сеземіз. Бірақ ол біз жүрер жол емес. Біз жүрер жол – қоғамдағы тұрақтылықтың, достықтың, келісімнің сақталуына қызмет ететін жол, елдің еңсесін көтеріп, ертеңгі күнге сенімін арттыруға септесетін жол, Елбасының төңірегіне халықты топтастыру жолы. Бұл жолда бізді сынаушылар, мінеушілер жетіп жататынын, биліктің сөзін сөйлеушілер, сойылын соғушылар дейтінін біз жақсы білеміз. Менің адам ретіндегі алпыстан асқан жасым да, министр қызметінде болған басым да қазақ халқының, Қазақстанның кемел келешегінің кепілі Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясаты екендігіне толық сендіреді».

Бұдан әрі «Егемен Қазақстанның» әмбебеп газет екеніне тоқталған С.Абдрахманов оның артықшылығы да осында, кемшілігі де осында жатқанына ой жүгіртті. Артықшылығы бүгінгі басқосуда жиналғандардың бәріне белгілі. Өмірдің қай саласына да емін-еркін араласуға, қай тақырыпты қозғауға да бейім. Кемшілігі – осының бәрін жазуға тиіс екендігінде. Бітпейтін де қоймайтын жиын-жиналысты көрсетуге, сол саланың адамдарынан басқалар оқымайтын заңдарды, қаулыларды, нормативтік-құқықтық актілерді түгін қалдырмай жариялауға тиісті екендігінде. Газет шығарудағы басты қиындықтың бірі осы артықшылық пен осы кемшіліктің ара салмағын ажырата алуда, от пен судай кереғар жайларды амалдың жоғынан болса да қабыстыра білуде.

«Біз жарияламасақ, басқа еш жерде жарияланбайтын ресми материалдар болатындығы сіздерге жақсы мәлім. Ол материалдардың газеттің оқылымдылығын азайтатындығы тағы мәлім. Бірақ біз сол жүкті мойынға алуға тиіспіз, – деді Сауытбек Абдрахманұлы. – Қай құбылысқа да

талдау жасағанда, қай жұмысқа да баға бергенде, бәрінен бұрын тенденцияға қарау керек» (6).

Жасырыны жоқ, өз құрылтайшыларының қатаң құрсауында болатын мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіз Бақ қызметінің формасын, стилі мен әдісін қолдана алмайтыны ақиқат. Міне, осының салдарынан басылымға жазылушылар мен оқырмандар саны да төмен болады. Оның өзге де себептері бар. Бұл негізінен алғанда, мерзімді басылымдар құнының қымбат болуы, ең бастысы, «мемлекеттік газеттердің басым бөлігінің «ортастатистикалық» қазақстандық оқырман үшін қызықсыз ресми материалдардың көп берілуіне немесе кейбір БАҚ-тардағы «бульварлық» парақшалардың болмауы » (7).

Қазақстанда жаңа журналистиканың қалыптасуы оның даму тенденциясындағы төмендегідей жайларды айқын көрсетеді: ол уақыт өткен сайын бұқаралық үнқатысуларды ұйымдастырушы әрі араағайын бола түсуде. Басылымдардың басты мақсаты қоғамда болып жатқан оқиғалардан хабардар етіп, жедел талдау ғана емес, сонымен қатар саяси процестердің мониторингін, заң шығарушы және атқарушы биліктердің айқын көрінісін жүзеге асыратын бұқаралық коммуникацияға айналып келеді. Қазір Тәуелсіз Қазақстанның медианарығында мақсаты мен міндеті, концепциялары, саяси ұстанымдары әртүрлі БАҚ-тар белең алуда. Формальді түрде болса да олар тең құқықтар мен мүмкіндіктерді пайдаланады. Баспасөз өз дамуы мен қалыптасуында, барлық социумдар секілді, ортақ проблемалар ықпалында қалып отыр.

Міне, бұлардың бәрі республика БАҚ-тары қызметінің нәтижесі болып табылады. Газеттер, журналдар, радио каналдары ауқымды ақпараттар жинап, талдау арқылы қалың бұқараға жеткізуде, осылайша ел мен оның тұрғындарының күнделікті тыныс-тіршілігін көрсетіп, бейнесін жасауда. Осындай шаралардың нәтижесінде даму жолына түскен баспасөз, өз кезегінде, жоғары талап деңгейіне көтеріліп келеді. Сондықтан да қазіргі таңда республикалық БАҚ-тың институализациялану процесі белсенді жүргізілуде. Осылайша, қазіргі Қазақстан басылымдары дамыған елдер журналистикасына тән белгілерге ие болды. Оларда сөз бостандығы, плюрализм, экономикалық дербестік пен еркіндік нормалары берік орнығуда.

«Түбегейлі өзгерістер ақпараттық салада да болды,- дейді «1995 жылғы Конституция» атты еңбегінде Президент Н. Назарбаев. – Қазақстанның медиа нарығында өзін-өзі көрсету бостандығы, өз пікірін еркін айту және өкіметті сынау бостандығы қалыптасты, азаматтардың баламалы дерек көздерінен ақпарат алу құқығы іске асты. Бүгіндері елімізде 2 мыңнан астам әртүрлі саяси бағдардағы бұқаралық ақпарат құралдары шығады, олардың ішінде

радикалды оппозициянікі де бар. Сіздер білетіндей, бұқаралық ақпараттар құралдарының 80%-ы мемлекеттік емес» (8).

Республикада жаңа журналистиканың дербес әлеуметтік институт ретінде қалыптасып, кең қанат жаюының кепілі Қазақстан Республикасының Конституцциясы, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы қабылданған Заң, Президент Н.Назарбаевтың «Нарықтық қатынастарға өту кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарын қорғау туралы» 1992 жылғы сәуірдегі Жарлығы, т.б. құжаттар болып табылады.

Міне, бұлардың бәрі де журналистика институтының сапалық өзгерістерінің негізі ретінде қызмет етеді. Бір немесе бірнеше саяси партиялар тарапынан идеологиялық қысымның жоқтығы жағдайында журналистика фунцияларының демократиялық нормалары қалыптасып, уақыт талаптарына сәйкес жаңа сипатқа ие болды. Айталық қазақстандық зерттеушілердің пікірінше, оның негізгі функцияларының бірі аудиторияның әлеуметтік бағыттылық функциясы болып табылады (9). Ол қоғамдық пікірді қалыптастыру процесіне ықпал ету немесе мүмкіндік беру мақсатымен қоғамды ақпараттандырып отыруға бағытталған біртұтас функциональды кешеннен тұрады.

Кеңестік дәуір журналистикасының негізі болған насихатшылық және үгітшілік идеологиялық функциялар тәуелсіз журналистика қызметінен шеттетілді, дегенмен мұның партиялық басылымдарда, сондай–ақ құрылтайшылары белгілі мемлекеттік құрылымдар болып табылатын бұқаралық ақпараттар құралдарында сақталып отырғаны шындық. Қазақстанның тәуелсіз басылымдары халықаралық стандарттарды ұстана отырып, хабарламалық, танымдық, көңіл көтеретін және т.б. функцияларға басымдық береді.

Қазіргі жағдайда БАҚ-тың қоғамдық мінбер ретіндегі рөлі арта түсуде. Ақпараттық арналар арқылы саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, этноәлеуметтік топтардың өкіметік емес ұйымдар өкілдері өз пікірлерін білдіре алады. Баспасөз демократиялық идеялардың ұраншысына айналып, оның қоғамда демократиялық принциптерінің орныгуына мүмкіндік туғызуда. БАҚ күшімен төзімділік, әртүрлі мәселелерді жариялауда көпқырлылық, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешудегі өркениетшілік нормалары нығая түсуде (10).

Қоғамдағы баспасөздің орны мен рөліндегі өзгеріс оны типологиялық өзгерістерге алып келді. Бұл, бірінші кезекте, нарықтық қатынастардың орныға бастауымен түсіндіріледі. Бәсекелестік, экономикалық проблемалар БАҚ алдына жаңа типті газеттер мен журналдардың пайда болуына алып келетін қатаң талаптар қояды. Егер кеңестік дәуірде республикада негізінен

алғанда, тек қоғамдық-саяси басылымдар болса, ал қазір іскерлік те, ақпараттық та, ақпараттық-талдау да, діни де, жарнамалық та, глазурлы да, бульварлы да, т.б. басылымдар пайда болды.

Осыған сәйкес журналистер отрядының өзі де өзгерді. Журналист мемлекет пен қоғам өмірінің барлық мәселелері бойынша өзіндік пікірі бар адамға айналды. Ол қазір өзінің кәсіптік деңгейіне қарай өмірлік көзқарасының сай келуімен ғана емес, сонымен бірге еңбегіне материалдық ынталандыруға да байланысты кез келген бұқаралық ақпарат арнасында қызмет ете алады.

Бірқатар мемлекеттік БАҚ-дың беделі төмен екенін жасыруға болмайды. Қазақстан жағдайына бұл аудандық, тіпті облыстық әкімдіктерге қарасты бұқаралық ақпарат құралдары жөнінде айтылады. Бұл жерде тек моральдық қана емес, материалдық ахуал да рөл атқарады. Беделді тәуелсіз басылымдар журналистің шығармашылық еркіндігін қамтамасыз етіп ғана қоймайды, сонымен қатар оның еңбегін материалдық жағынан ынталандырып отырады. Сондықтан да қабілетті белсенді журналистер тәуелсіз газеттерге, журналдарға, радиотелеарналарда қызмет еткенді дұрыс көреді.

Тәуелсіз БАҚ-тар аудиториямен арақатынастарын еркін түрде жаңаша реттеп отыруға бейім келеді. Олар тарату мәселелерімен өздері тікелей айналысады, оқырмандар санын арттыра түсуге барынша күш салады, бар мүмкіндікті пайдаланып қалуға тырысады. Осы орайда көбіне-көп орыс тілді басылымдардың икемділік танытатын айта кету керек. Мысалы, «Республика» газеті өз оқырмандарының жарияланған материалдарды кідіріссіз оқып отыруын қамтамасыз ету мақсатымен басылымның бірінші бетінде «Оқырмандар назарына» айдарымен шақырулар береді. Айталық, газеттің 2010 жылғы 21 мамыр, 26 маусым күндеріндегі нөмерлерінде жоғарыдағы айдармен «Республиканы» таратуға жазылу» және «Республиканы» қай жерде қалай оқу болады» деген мынадай мәтінді хабарландырулар берілген: «Қазақстан аумағында «Республиканың» интернет-порталы мен «Республика дауысы» газеті сайтының жабылуына байланысты біз электронды пошта арқылы газеттің порталы мен «POF» версиясындағы материалдарды оқырмандарымызға тегін тарату қызметін ұсынамыз... Газетке жазылуға қызығушылық танытатындар болса редакция жәшігіне сұрауын жібере алады».

Газет онлайн режимінде материалдар орналастырылатын өз блоктарының адресін хабарлаған, бұл арқылы материалдарды оқумен қатар оның ең өзекті мақалаларына комментарий бере алады.

Газеттің тыныс-тіршілігінен келтіріліп отырған бұл факт республика

бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының аудиторияға ықпал ету және ақпараттандыру обьектісі ретінде ғана емес, қоғамның көптеген проблемаларын бірлесе отырып шешу төңірегінде ашық әңгіме жүргізуге қабілетті, тең дәрежедегі ниеттестер ретінде де қарайтынын көрсетеді. Тәуелсіз Қазақ елі журналистикасының қалыптасуы журналист шығармашылығы формасындағы түбірлі өзгерістермен де сипатталады. Айталық, публицистиканың жауынгер жанрлары - очерк, памфлет, мақала, суреттеме ғайып болды. Олардың орнын сұхбат, «дөңгелек стол» басындағы әңгімелесу, әртүрлі үндеу, мәліметтер, заметка, комментарий, шолушы бұрышы, редактор бағаны, журналистік зерттеу, т.б. басты. Баспасөзде сыни жарияланымдардың кең етек жаюы сөз бостандығының журналист практикасына дендей енгенін көрсетеді (11).

Осы ретте шегініс жасап, өткен жолымызды ой елегінен өткізіп көрейік. Жалпы, қазақ публицистикасы қалыптасу мен дамудың үлкен мектебінен өтті. Кешегі кеңестік дәуірде алғы шепте жүріп, қоғамның күрделі экономикалық және әлеуметтік мәселелерін талқылауға, оны жүзеге асыруға, ең бастысы, жан-жақты жарасымды жетілген адам тәрбиесіне белсене қатысты. Кеңестік журналистиканың жанрлық табиғаты бай болды. Кезінде оған қазақ ғалымдарының ғылыми-теориялық еңбектерінде, оқулықтарда жан-жақты сипаттамалар берілді (12).

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында кең қанат жайған демократия мен жариялылық үдерісіне сай қазақ мерзімді басылымдары тақырыптық және жанрлық өзгерістерге ұшырады. Белең алған социалистік қоғам қайшылықтарын нақты ашып көрсетудің алғашқы үлгілері пайда бола бастады. Жарияланымдардың негізіне көпшілікті толғандырып отырған мәселелер алынды. Ұлттық газет-журналдардың мазмұны мен олардың тақырыптық бағыттарында қайта құру мен ел егемендігі қарсаңындағы проблемаларды терең талдау негізгі нысанаға айналды. Қоғамдық өзгерістерге нақты еңбек адамдары арқылы берілген сипаттамалар, ашық та терең талдаулар, сөз жоқ, қалың оқырманның қызығушылығын туғызып, көкейіндегісін дөп басып жатты. Жанрлық қатынастарда талдамалы, проблемалық және сын материалдар қалыпты көрініске айналды.

Қазақ газеттері мен журналдары талапқа сай нәтижелілікті арттыру жолында авторлық мақалаларды, корреспонденцияларды, репортаждарды, ақпараттарды, хаттарға шолуларды, т.б. беру ауқымын кенейтті. Оның үстіне түрлі жанрлар мен материалдарды беру формалары мазмұнмен байып, қайта құру талаптары мен рухына сай бола түсті.

Қазақстан журналистері тереңдікке, талдамалыққа, айқын талқылауға ұмтылды. Материалдарды қалай қызық етіп берудің жаңа формалары

тынбай іздестіріліп жатты. Публицистикалық ежелгі «әңгімелесу жанрларына» – пікірталасқа, проблеманы «дөңгелек стол» басында талқылауға көңіл бөліне бастады. Бұл әңгімелесулерде ашықтық, ойды бүкпесіз айту, мәселені талқылауға еңбек иесі – нақты адамның өзін қатыстыру талап етілді. Осы орайда, кезінде республикалық «Соцалистік Қазақстан» және «Лениншіл жас» газеттерінде, т.б. жарияланған бірқатар материалдардың қалың оқырманның ойын, жан жүрегін қозғап, кең пікірталас тудырғанын айтқан жөн (13).

Журналист-публицистерден қоғамдық өмір өзгерістерін күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыстармен тығыз байланыстыра қарастыра отырып, терең талдау талап етілді. Осы орайда, бұл мәселелердегі қалың бұқараның ой-пікірін, ескертпелерін біліп отыру үлкен маңызға ие еді. Журналистер,осы ретте мынадай демократиялық әңгімелесу формаларын – анкета жүргізуді, әртүрлі басылымдардың оқырмандармен әңгімелесуін, т.б. қолға алды. Міне, мұның бәрі де күнделікті жұмыста қоғамдық пікірді айқындауға мүмкіндік беріп отырды.

Жергілікті газеттерде ең негізгі болып табылатын бағыт айқын көрініп тұрды. Мысалы, облыстық, аудандық газеттерде қайта құру талаптарына сай өндірісті басқаруды жетілдіру, айқын жариялылық мәселелері негізгі нысанаға айналып, кең көлемде әрі қызықты жүргізіледі.

Қазіргі журналистика әртүрлі бағытты, түрлі сипатты және терең мазмұнды қоғамдық әлеуметтік институтқа айналып отыр. Оның ішкі мазмұнында медиалық капиталды монополизициялау мен шоғырландыру, билік құрылымдары мен аудиторияға ықпалдылық процестеріне, т.б. байланысты сан алуан процестер жүріп жатыр. Сонымен қатар, ол қоғамда жүріп жатқан процестердің де әсер-ықпалын айқын сезінуде. Бір ғана мысал, мемлекет құраушы қазақтілді қазақтар мен орыстілді қазақтар арасындағы көзге шалына бермейтін теңгермеушіліктің бұқаралық ақпарат құралдары саласының өз ішінде ара-тұра болса да орын алып жатуы жақсылықтың нышаны емес. Осы орайда, орыстілді баспасөз бен қазақтілді баспасөз арасындағы қарама-қайшылық жөнінде тағы да қайталап айтуға тура келеді. Жасыратыны жоқ, екі жақ та бұл айтыс-тартыста, қиғаштықта эмоцияға жол беріп, байыптылық пен ұстамдылықты жоғалтып жатады. Орыс тілді «Общественная позиция» газетінің «Дат, тақсыр!» атты қазақ тілді қосымшасында берілген мына шағын материал осы сөздердің айқын дәлелі болып табылады (14).

Әр түрлі қазақ газеттерінің журналистері Р. Меделбек («Аламан» газеті), Ш.Естан («Айқын» газеті), Н.Сасаев («Алаш айнасы» газеті) «Қазақ журналистерінде алапес бар ма?» деген тақырыппен берілген шағын

материалда ФИФА-ның 2010 жылғы футболдын әлем чемпионатынан хабарлар дайындауға Қазақстан журналистеріне берілген квотасы тек қана орыстілді газеттер журналистеріне берілгенін тілге тиек ете отырып, өкпе айтады. «Қазақ спорт журналистикасы тағы да шеттеп қалды, - деп, ашына жазады авторлар. – Футболдан әлем чемпионатына бірде-бір қазақ журналисі жіберілмеді. Қазақ журналистеріне бірде-бір жолдама берілмеуі зығырданымызды қайнатуда... Қазақстан футболының шенеуніктері қазақ журналистеріне ең болмағанда неге бір орын бөлмеді? Бұл қазақты масқара ету емес пе?!».

Осы шағын үзіндіден орыс тілді баспасөз бен оның төңірегіндегі жайлардың қазақ тілді баспасөз бен оның журналистеріне қаншалықты әсер ететіндігін аңғаруға болады. Өкпе-реніштің бір ұшы мемлекеттік тілге байланысты болып отыр. Журналистер қазақ тілінің әлі де болса өз елінде лайықты орын ала алмай отырғанына шамданады.

Осы материалдың қорытындысында оқырмандар назарын мына жайларға аударады: «Футбол федарациясының басшыларында, жалпы спорт саласында ұлттық намыс жоқ. Футбол федерациясы қазақ тілін сыйламайды, бұл жерде іс қағаздары тек орыс тілінде жүргізіледі. Баспасөз конференциялары тек орыс тілінде өтеді. Міне, екі жыл болды, интернет-сайттың қазақ тіліндегі бөлігі жаңаланбай келеді». Осылайша, олар қазақ тілді басылымдардың бірде-бір журналисі әлем чемпионатына жіберілмегенін айтып отыр. Осы ретте авторлар мынадай фактіні есепке алмаған: чемпионатқа арнайы жолдамамен кеткен үш журналистің екеуінің аты-жөні қазақ тілінде, демек орыс тілді қазақтар. Бұдан шығатын қорытынды сол, қазақ тілді баспасөз үшін өз ана тілінде шығаратын баспасөз ғана қазақша болып табылады, ал тек қазақша жазатын журналист қана қазақ болып есептеледі.

Қазақ тілді баспасөз «Қазақ үшін басты игілік - өз туған тілін білдіру» дейді (15). «Жас алаш» газеті республика БАҚ-тың даму жайын сөз ете отырып, мынадай мәселелерге надар аударады: Мемлекеттің ақпарат кеңістігіндегі қазақ тілді арналардың үлесі 80-90 пайыз болуы тиіс. Елдегі шығатын газеттер мен журналдардың 18 пайызының ғана қазақ тілінде болуы жанды күйзелтеді (16).

Келтіріліп отырған фактілер жергілікті ұлт өкілдерін бей-жай қалдырмайды, дегенмен, бұл - ащы да болса шындық. Қазір елдегі қазақтардың саны 60 пайызға жуықтады. Егер жергілікті ұлт өкілдерінің барлығы бірдей қазақ тілін өзінің негізгі коммуникация тілі деп есептемейтінін, оның нарықтық сұраным-ұсыныспен реттеліп отыратынын ескерсек, істін жай-күйі айқындала түседі. Дегенмен де егемен елдің қазіргі

дамуының барысы болашақта жағдайдың қазақ тілді баспасөздің пайдасына қарай өзгеретінінен үміттендіреді. Ендігі мәселе оның қанша уақыт алатындығында болып отыр.

Тәуелсіз Қазақстан баспасөзі төңірегіндегі және өз ішіндегі қазіргі кезде болып жатқан жайлар бұл сапалық өзгерістердің оның төртінші билікке қарай қадам басып отырғанының белгісі екенінен хабар береді. Бұл позитивті процесс, қоғамда мұндай баспасөздің болуы оны демократиялық және құқықтық ретінде сипаттайды. Бұл жеңіл, теп-тегіс жол емес. Қалыптасудың мұндай жолындағы кедергілердің ең бастысы билік тармақтарының баспасөзді осы жаңа статус билігінде қабылдауға әзір емес екендігінде, сондай-ақ БАҚ-тың құқықтық базасының толық жасалмағандығында болып отыр. Дәлірек айтқанда, заңдағы түзілген нормалар жұмыс істемейді...

Енді төртінші билік төңірегіндегі мына жайларға зер салайық. Қазір Қазақ қоғамы бір-бірімен керегар идеялар мен пікірлер тайталасының аренасына айналды. Осы орайда, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері құрылымдарының ара қатынасы мен шекарасы бұрынғыдан да айқындала түсті. Мұны қоғамданушы философтарымыз зерттей жатар. Бір жайт айқын: қоғам дамуындағы бетбұрысты кезенде жоғарыдағы биліктердің бір-бірімен тығыз байланысы мен ынтымағынсыз мемлекет еркін тыныс ала алмайды. Жоғарыдағы билік тармақтарына демократиялық бұлқыныстар нәтижесінде бұқара санасында пайда бола бастаған төртінші билік –баспасөз билігі жөніндегі сенім әсер ете бастады.

Төртінші билік: шындық па, әлде елес пе? Бұл қазір қазақ журналистикасындағы өткір проблемалардың біріне айналды. Осы идеяны теориялық жағынан негіздеуге ұмтылған ғалымдар мен журналистер соңғы уақыттарда газет-журналдарда өз ойларын ортаға салып, пікірлер сайысына шықты. Қандай қоғамда болмасын баспасөздің толық тәуелсіздікке ұмтылуы заңды құбылыс. Өкінішке орай, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» республика Заңы баспасөздің, радио мен телевизияның қоғамдағы орнын өз мүддесіне сай бір арнаға бағыттаған, онда журналистердің құқығына інішара ғана кепілдік берілген, негізінен олардың міндеттері белгіленген. Онда билік өкілеттілігі жөнінде сөз жоқ. Демек, журналистика әлемін «Төртінші билік» елесі кезіп жүр.

Қоғамдағы биліктер құрылымдары жөнінде әңгіме қозғағанда «Төртінші биліктің» заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінен принципті айырмашылығы бар екені даусыз. Заң шығарушы билік өзінің кез-келген деңгейінде- мейлі ол нормативті Акт немесе Президент Жарлығы болсын – біржақтылық сипатқа ие. Жарлық орындалуы тиіс. Атқарушы және сот биліктерін қолдану кезінде де жоғарыдағы біржақтылық сақталатыны

мәлім. Қандай бір бағдарламаның болмасын орындалуы билікті жүзеге асыруға бағытталған, ол белгілі бір Жарлықпен, Кодекспен, тағы басқалармен заңдастырылады. Ал, «Төртінші билік-баспасөз билігі» жөнінде түсініктің ахуалы мүлдем бөлек. Оның астарында бұқаралық ақпарат құралдарына ежелден тән қасиет- белгілі-бір идеяны қалың бұқара арасында насихаттау, жүйелеу жатады. Журналистика арқылы Заңның, Жарлықтың, нормативті актілерін орындалуына бақылау жасалып отырады.

Енді бұл мәселеге өзге қырынан келейік: баспасөз билігі деңгейінде заңдар күшіне енеді, сондай-ақ заң жүзінде көрініс таппаған адам тәрбиесіне қатысты мінез-құлық, этика мәселелері жөнінде сөз қозғалып жатады. Негізінен алғанда, қоғам өмірі екі күштің қақтығысынан – адамгершілік аспектілерін қиратудан және осы асыл қасиеттің салтанат құруынан тұрады. Бұл орайда, әр адамның өз позициясы болуы тиіс. Жаңа қоғамдық құрылыс құрсақ болды, бәрі де өздігінен шешіле салады деудің дұрыс емес екендігін кеңестік қоғамның тәжірибесі көрсетті. Әрбір қоғам мүшесінің жүрек түкпірінде адамгершілік, гуманистік өскен болуы, сол өскенің өркен жаюы қоғамды алға бастайды. Осыдан сескенген кеңестік партиялық функционерлер кеңестік жүйенің соңғы кезеңінде журналистерді партиялық темір тәртіппен ауыздықтауға барынша тырысып бақты. Бұл олардың жантәсілім алдындағы жанталасы еді. Қалың бұқараның бір партиялық басшылық формасынан бас тартуға, әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі машинасын қиратуға, өзін-өзі басқаруға ұмтылысы жаңа қоғамды, қоғамдық институттарды ұйымдастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы мен алатын орнын түбірімен өзгертіп жіберді. Еркіндікке ұмтылған кеңестік журналистика партиялық –мемлекеттік аппараттардың қатаң қарсылығына тап болды: бұқаралық ақпарат құралдарының жылдар бойы қалыптасып келген үстемдіктен оңайлықпен құтыла алмайтыны мәлім еді. Баспасөз еркіндігі жолындағы күрес өрши түсті. Бір жәйт айқын болатын: баспасөз қызметкерлері аппараттан қайымдылық күтуге болмайтынын айқын түсінді. Себебі, іс жүзінде партия журналист-публицистердің интеллекуалтуальдік меншігін, мұндай терін, жан толғанысын пайдаланып келді. Қоғамдағы бар артықшылықтар –жайлы пәтер, жоғары жалақы, т.б. соларда болатын. Қоғам өзгерісі, демократия қарапайым журналистің бейнесі, беделі, мәдениеті, қам-қарекеті мәселесінде онды көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік туғыза бастады. Бұл тұрғыда ащы шындық ашық айтылатын болды (17).

Жариялылықтың кең қанат жаюына байланысты партия мен әміршілдік-әкімшілдік күшіне сүйеніп келген кеңестік баспасөздің үгітшілдік, насихатшылық және ұйымдастырушылық рөлінің төмендеуінің нәтижесінде оның механизмі істен шықты. Осы тұста еліміздің түпкір-

түпкірінде партиялық өктемдіктен арылған түрлі саяси қозғалыстардың туын көтерген тәуелсіз басылымдар жауыннан соңғы санырауқұлақтай қаптай бастады.

Газет-журналдардың, радио мен телевизияның шындық пен обьективтілікке ұмтылысы журналистерге партиялық құрылымдар мен түрлі саяси қозғалыстар қызметін, олардың күнделікті тыныс-тіршілігін жан-жақты көрсетіп отыруға мүмкіндік берді. Осылайша коммунистік партия баспасөзге басшылықта билік функцияларынан айырылған болатын...

Қазіргі кезде қоғамтанушылар, саясаттанушылар, саясаткерлер мен БАҚ-тың өзі де құқықтық мәдениеттің болмауынан және осығын байланысты дәстүрлер деңгейінің төмендегінен қоғамда баспасөзбен өзара қатынас стандарттарының жасалмағандығына назар аударады. Редакциялар арасында түсінбеушілік туындаса, немесе олар өздерінің кәсіптік қызметін өзге де билік тармақтарымен жүзеге асырса, журналистер арадағы шиеліністерді болдырмауға бағытталған жаңа заңдар қабылдауға күш салады. Алайда, баспасөз өкілдері БАҚ пен өзге де билік институттарының өзара ықпалын реттеп отыратын қоғамның ақпараттық сұранымын қанағаттандыру процесінде жаңа кедергілер орнықтыруға қолайлы кезекті заң жобаларына күмәнмен қарайды. Айталық, мысалы, республика БАҚ-ы мен қоғам күрделі жағдайда қалып отырған ақпарат алуға жол ашылу тиіс заңның бұл жағдайдан шығуға жол ашатынына сеніп отыр. Алайда, үкімет «Голос Республики» газетінің жазуынша, «ақпарат алуға жол ашқанан гөрі оны қоғам мен баспасөзден жасыруға мүдделі» (18).

Осы орайда, газет заң жобасына байланысты мәжіліс депутаты Ж. Асановтың төмендегідей пікірін келтіреді: «Бізде мемлекеттік органдардың ақпараттық ашықтық стандаттары жоқ, ал ақпаратты реттеп отыратын нормалар әртүрлі нормативтік құқықтық актілерге шашылып кеткен. Біздің заң шығару жүйемізде тіпті ақпарат алуға рұқсат беретін базалық түсінік жоқ... Өкінішке орай, үкімет кепілдемені бұрмалап,... оны қарауды 2011 жылдың соңғы тоқсанына қалдырды... ».

Бұл жерде «стандарт пен заң нормасын бір қатарда қарастыруға бола ма?» деген сауал туындайды. Жалпылама айтқанында, қайсысы тиімді? Заңды реттеп отыратын нормалар ма, әлде Еуропада ежелден жазылмаған ережелер қатарында қолданып келе жатқан стандарттар ма?

Республика бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік институт ретінде заңдылық базасының маңызын түсіне отырып, өздерінің билік институттарымен өзара қатынасында халықаралық стандарттарды практикаға енгізуді басты назарда ұстайды. Осылай еткенде жағдай күрделене түседі. Айталық, «Свобода слова» газеті Жаңаөзен мұнайшылырының жағдайы

жөнінде аудиторияны хабардар етуге қадам жасағанда газет журналисі Игорь Лара соққыға жығылды (19).

Ал «Алма-Ата Инфо » газетінің бас редакторы Рамазан Есергенов «Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері ісіндегі «Құпияны» ашқан материалы үшін түрмеге жабылды» (20).

Осы және өзге де фактілер мемлекеттік билік тармақтарының баспасөз атаулыны өзіндік ой- пікірлерін еркін айта алатын, шындықты жайып салатын тәуелсіз күйінде емес, мемлекеттік құрылымға тәуелді, қолайсыздықтар туғызбайтын қалыпта ұстағысы келетінін анғартады. «Бұл мемлекеттік билік тармақтарының бірқатар өкілдерінде,- деп жазады С. Дуванов,- азаматтардың өз пікірлерін жариялы түрде білдіруге тосқауыл қоюға тырысатын шенеуніктердің құқығын кеңейте түсуге жол ашатын арнайы заңның қажет емес екендігі жөніндегі түсінік жетпейді, адам бостандығы мен құқықты қосымша заңдармен регламенттеудің қажеті жоқ» (21).

Бұл еркіндіктің қатарына ақпаратты алу, жинау және тарату құқығы кіреді, мұның белортасында БАҚ тұрады. Билік өкілдері мұнымен таласпайды. Олардың кейбіреулері оны қалай түсінеді, әңгіме осында. 2011 жылы сөз бостандығын қорғайтын «Әділ сөз» қоғамдық қорының мәліметі бойынша мемлекеттік жоғары лауазым иелерінен 13 арыз-шағым түскен, олар Бақ-на қатынас жөніндегі заңдылықты жұмсартуды талап етеді. Осы ретте Атырау облысының әкімі С.Дәукеев журналистерді сыйлайтынын, олардың еңбегін бағалайтынын айта келіп, ашық түрде былай дейді: «Егер менің ар-намысыма тиісетін болсаңдар, онда абайландар! Мені тек менің анам мен менің Президентім ғана тоқтата алады. Өз тегім үшін аянып қалмаймын!» (22).

Әрине, атқарушы билік өкілдерінің бәрі бірдей осыншалықты келісімді де қатаң емес. Олардың арасында төртінші билік өкілдерімен арақатынасты жолға қоюдың маңызы мен қажеттілігін түсінетіндер де бар. Айталық, кезінде Мәдениет және ақпарат министрі Е.Ертісбаев орын алып отырған жағдайға байланысты өз пікірлерін ашық бірдірді: «Іс жүзіндегі заңдылық нормалары мемлекет, қоғам және масс-медиа арасындағы нағыз серіктестік қатынастарды орнықтыруда әрдайым мүмкіндік бере бермейді. Біздің позициямыз – істі (бұл жерде әңгіме БАҚ жариялымына қарсылық жөнінде болып отыр – С.С.) сотқа жеткізбеу. Таяуда біз бұл мәселеде икемді екенімізді көрсеттік» (23).

Бұқаралық ақпарат құралдары мен билік тармақтары арасындағы қатынаста біршама шиеленісті жағдайлар болды. Сондықтан да 2002 жылы ел Президенті жанынан Бақ жөніндегі қоғамдық кеңес құралды. Бұл орган

мемлекет пен журналистік қауымдастық арасындағы тікелей байланыс механизімінің рөлін атқарады. Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының позитивтік даму тенденциясы қоғамдық журналистік институттар - Журналистер одағы мен Конгрестің, телерадиохабарлама Ассоциациясының, Бақ пен журналистерді қолдау қорының қызмет аясын кеңейте түсуге де байланысты (24).

Баспасөздің төртінші билік ретінде қалыптасуына ондағы меншік формалары барынша ықпал етеді. Айталық, қазіргі кезде Қазақстанда меншік формалары бойынша БАҚ-ның мынадай түрлері бар: мемлекеттік, оппозициялық,мемлекеттік емес. Әрине осыған байланысты олар өздерінің билікпен қатынастарын орнықтыруға тырысады. Сондықтан да өздерін төртінші билік ретінде әртүрлі қырларынан көрсетеді. Мысалы мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарынын қызметі мемлекеттік билік саясатын жүргізуге негізделеді. Басқалай айтқанда, олар көпшілікке, жеке адамдарға ұнасын не ұнамасын кеңес қоғамындағыдай коммунистік журналистиканың функциясын атқаруға тиіс болады (25).

Дамыған Батыс елдерінде теоретиктер тәуелсіз баспасөздің басты екі функциясын атап көрсетеді: оның біріншісі – қоғамды ақпараттандыру, екіншісі – билікке оппозиция болу. Бұл оңай міндет емес, жанқиярлықты, адами және азаматтық ерлікті талап етеді. Мұны Түркияның тәуелсіз баспасөзінің мысалынан аңғаруға болады. Айталық, елдің жетекші басылымдарының бірі – «Milliyet» газеті 2008-2009 жылдар көлемінде үкімет қызметіне баға беруде өзіндік көзқарас тұрғысында бірқатар сын мақалалар берді, бұл үкімет тарапынан күшті қысым жасалуына әкеліп соқты. Үкімет үстемелеп салық салу арқылы газетті жөнге салуға тырысты, осы жағдай Евроодақтың да алаңдаушылығын туғызды. Газет шолушысы Роза Тюрмен өзінің тұрақты бағанында жарияланған «Тәуелсіздікке салық» атты материалдарда осы тақырыпты қаузай келе, қоғамның еркін баспасөзсіз демократиялық болып естілмейтінін, демек, еркіндік шеңберін тарылтуға күш салып отырған биліктің де демократиялық қасиеттен жұрдай болатынын баса айтады. «Ерікті, еркін баспасөз ғана демократияның қорғаушысы бола алады» дейді автор (26).

Республика оппозициялық баспасөзі түрлі деңгейдегі заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің іс-әрекеті жөнінде үзбей жазып келеді. Бұл жарияланымдар сұхбат, корреспонденция, мақала, журналистік зеттеу жанрларында жарық көріп жатады. Олар түрлі тақырыптарға арналады: коррупциялық айғай-шу, жекелеген әлде бір депутаттың сиықсыз бейнесі, журналистика мен сот билігінің текетіресері,т.б. Әдетте мұндай материалдар нақты фактілермен, бұлтартпас дәлелдермен, ойлы тұжымдармен өрнектеліп

жатады, оның астарынан ымырасыздық аңғарылады. Осылайша, журналистер билік оппоненті, теңдес азаматтар ретінде бой көтереді. Біздің пікірімізше, олар өз істерінің ақ-адал екеніне толық сенеді, қоғамдық пікірдің қолдауына арқа сүйейді. Оның күші де осында.

Олардың алға қойған мақсаттарын қаншалықты дәрежеде атқарып отырғандарының дәлелі ретінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметін бағалауынан айқын аңғаруға болады. Бұл жерде мына жайттарды айта кетуіміз керек: Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің бейнесі республика бұқаралық құралдарының ғана емес, сонымен бірге көптеген шетелдік газет-журналдардың, телерадио арналарының да тұрақты назарында. Шынтуайтына келгенде, олардың жариялымдарының сипаты мен үні қазақстандық баспасөз материалдарынан өзгешелеу келеді, дегенмен де дипломатиялық этикетті сақтай отырып, Елбасының қызметіне халықаралық аренда да,елде де баға беріліп жатады (27).

Президенттің қызметі Қазақстан баспасөзінің, оның ішінде ұлттық басылымдардың тұрақты назарында тұр. Кітаптар мен публицистикалық дүниелер осының жарқын дәлелі. Қалай дегенмен де, осы ретте төмендегі жайларға назар аудару артықтық етпейді: Қазіргі Қазақстан жайында әңгіме болғанда, елдің даңқы Президент Н.Назарбаевпен асқақтайды. Қазақ этносына, оның мінез-құлқы мен жан дүниесіне Елбасы арқылы баға беріледі. Президенттің имиджін жасаушылар оның азаматтың адами тұлғасына, бойындағы айрықша қасиеттерге барынша көңіл қояды. Сондықтан да ел баспасөзінде оның өз халқының жарқын өкілі,ажырамас бөлігі, ұлттық салт-дәстүрлердің аяулаушысы, қорғаушысы, адал дос, ұлттың данышпан көшбасшысы ретінде тұлғасы жарқырай көрінеді (28).

Көптеген шетелдік қоғам қайраткерлері мен сарапшылардың, ғалымдардың, қазақ публицистерінің жүрекжарды еңбектері мен шығармашылықтарында Қазақ еліндегі экономикалық және саяси өрлеу, ұлттар арасындағы татулық пен ынтымақтастық, қоғам мен мемлекет іргетасының мызғымас бірлігі, тағы да басқа сан алуан ауқымды артықшылықтар мен ұлан-ғайыр жетістіктер мемлекет басшысының есімімен тікелей байланыстырылады. Кезінде Президент асқан көрегендікпен үш базалық принцип ұсынған болатын: ауыз бірлік, жан-жақтылық және бәсекеге қабілеттік. Нәтижеде Қазақ елінде бейбітшілік, тұрақтылық, ынтымақтастық орнап, қанатын кеңге жая түсті. Жариялымдар авторлары ұдайы атап көрсетіп отырғанындай, бұл – ең басты ұлттық жетістік, баға жеткізгісіз байлық!

Қазіргі тарихи кезенде елімізде ұлттық, мемлекеттік, қоғамдық көзқарастар қалыптаса бастады, күрделі мемлекеттік құжаттар қабылдануда.

Ұлттық тарихқа, мәдениетке, салт-дәстүрге, жаңа ұлттық сипаттағы ой-пікірлерге бағыт ашылды.

Баспасөздің тәрбиешілік, ағартушылық, білім таратушылық қызметі туындады. Бұл халқымыздың ой-сана, мәдени, білім дәрежесіне үйлес келіп жатыр. Қазіргі қазақ оқырманы ең алдымен баспасөздің озық ой жаршысы ретіндегі сан қырлы қызметіне ауадай зәру. Халықтық идеяның жаршысы – бұқаралық ақпарат құралдары десек, қазақ публицист-журналистерінің алдында ұлан-ғайыр міндеттер тұр.

Республикамызда қазіргі кезең күрделі де қарама-қайшылықты процестермен сипатталады. Дегенмен бір жәйт айқын: демократиялық жолмен алға басуды көздеп отырған республикамызда экономикалық өрлеуге, әлеуметтік әділетікті орнықтыруға батыл бетбұрыс бар.Үкіметтің, әр түрлі партиялар мен қозғалыстардың іс-әрекеттері қаншама қайшылықты болғанымен де бәрінің де көздеп отырған мақсат-мүддесі бір. Ол - қалайда қазақ қоғамын сауықтыру, өркениетті елдер сапынан орын алу.

Қазақ топырағында шынайы тәуелсіздіктің берік іргетасы қаланды.Елімізде шындыққа негізделген ғылыми зерттеулерге бағыт ашылды. Қазір республика бұқаралық ақпарат құралдарының алдында жауапты міндеттер тұр. Олар, негізінен алғанда, ең алдымен Қазақстанның Тәуелсіздігін баянды етуге, ел ішіндегі саяси тұрақтылықты сақтауға, ұлттық келісімді нығайта түсуге, қазақ халқының ұзақ уақыт империялық астамшылдық саясаты астында жаншылып келген рухани мәдениетін қалпына келтіруге, нарықтық қатынастардың талаптарын халықтың санасына терең сіңіруге келіп саяды.

Ұлттық санадағы терең өзгерістер республикада ұлттық идеяны жаңғыртудың тұтас бір жүйесін қозғалысқа келтірді. Осы процесті қамтамасыз етуде баспасөз қызметкерлеріне күрделі міндеттер жүктеліп отыр.

Республиканың ішкі және сыртқы өмірінің қат-қабат проблемалары бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін түбірімен өзгертуді талап етеді. Шынайы демократия туын желбірете отырып, жариялылықты барынша өрістету, ақ-адал сөйлей білу маңызды сипатқа ие. Бұл орайда журналистің баспасөз айбындылығын танытатын жаңаша саяси ойлау машығының концепциясы ауадай қажет.

Қазіргі таңда біздің көзіміз мынаған жетіп отыр: бұрын негізге алынып келген коммунистік журналистиканың теориясы біздің қоғамға сай келмейді, ол түбірімен қайта қарауды талап етеді. Әрине, бұл жерде өткен дәуірдегі қалыптасқан тәжірибе мен қағида түбірімен жарамсыз деген ұғым тумаса керек. Бұған дейін бұқаралық ақпарат құралдары атқарып келген қызметті

мұқият ой елегінен өткізе отырып, жалпы қол жеткен жетістіктер негізінде алға қарай қадам басуға тиіспіз. Осы орайда ара-тұра болса да бой көрсетіп қалып жүрген нигилистік көзқарастарымен ымыраға келе беруге болмайды. Бұған дейінгі қазақ журналистикасынның тәжірибесін түбірімен жоққа шығарып, тыңнан жол іздеу бос ауаны қармалағанмен бірдей. Демек, қоғам дамуының жаңа кезеңі алға қойып отырған міндеттерге сәйкес ұлттық журналистиканың бағыт- бағдарын айқындау, қоғамның кесапаты мол, кедергісі көп дертін көре білетін, осы төңіректе терең ой қорыта алатын баспасөз қызметкерлерінің жаңа легін даярлау, ортақ игілікті іске тас-түйін жұмылған өзара ниеттес шығармашылық ұйымдардың еркін самғауына жол ашу арқылы бұрыннан бар тәжірибені өзгеше қырынан одан әрі дамыта түсу маңызды болмақ. Республика бұқаралық ақпарат құралдарының бірқатар тәжірибесі қалыптасып келе жатқан идеялық танымның қоғам мүшелерінің сана-сезіміне тұтас күйінде ықпал ете алмайтынын көрсетіп берді. Егер әділін айтар болсақ, ұлттық сана деңгейінің төмендегі, қоғамдағы қат-қабат проблемалар саяси бағытта бірқатар қиындықтар туғызуда. Саясаттың табысты болуы ең алдымен оның экономикалық жағынан негізделуіне байланысты екенін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Журналистің жаңаша ойлау машығының қалыптасуы аса күрделі де көп қырлы процесс. Ол әрдайым тұрақты өзгерістерге ұшырап отыратын қоғамдық құбылыстардың, өндірістік қатынастардың, экономикалық, сондай-ақ сан қилы қоғам заңдылықтарының объективті шындығын танып білу негізінде жүріп жатады.

Жаңаша ойлау машығы қоғамдық қатынастар арасындағы өзара байланыстар шоғырын диалектикалық тұрғыда бағалай білу қабілеттілігі болып табылады. Сондықтан біз көптеген сәтсіздіктеріміздің айналамызда болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге жедел үн қоса алмауымызға, алдағыны болжауға қабілетсіздігімізге байланысты екеніне терең мән бермейміз. Нигилизмге бір сәт жол берудің қоғамдық санада жалпы жұрт мойындап отырған шынайы шындықтың өзіне екі ұдай көзқарастың қалыптасуына әкеліп соғатынын естен шығарамыз. Ал, нигилизмнің көзқарастар плюрализміне ешқандай да қатысы жоқ. Бұл әрбір журналистің жадында болуы тиіс маңызды шарт болып табылады.

Журналист-публицистің ойлау машығы жөнінде әңгіме қозғағанда қолдан шыққан әрбір материалдың тұтас алғанда шындыққа негізделгеніне көңіл тоғайтып қоя салу аз. Жаңаша ойлау негізінде әрбір әріптің, әрбір сөздің, логикалық жүйенің астарына терең үңіле отырып, кәсіптік тұрғыда ой елегінен өткізуге тиіспіз. Қазір журналист сөзінің құны барынша артып отыр, сондықтан жалтақтықпен айтылған жалған сөз қауіпті. Жаңа қоғамдық

құрылыс, тәуелсіздік қадамдары көптеген түбірлі келеңсіздіктердің бетін ашып берді, оларға баға беруде түрлі көзқарастардың қалыптасуына әкеліп соқты. Осы орайда журналистердің көбіне-көп идеологиялық диверсиялармен бетпе-бет келіп жататыны да құпия емес.

Алдыңғы буын журналистердің қанына әбден сіңіп қалған догматизм әрдайым жаңа кезеңдегі ықпал-әсерді әлсіретіп отырады. Біз жаңаша ойлау жөнінде дұрыс-ақ жазып жатамыз, алайда өкінішке орай қазіргі қоғамдық құбылыстардың түп-төркініне терең мән бере бермейміз, олар жөнінде үйреншікті догмалық тілмен, стильмен әңгімелесуден әрі асуға қабілетіміз жете бермейді. Сондықтан қоғамдық құбылыстарды идеялық ой елегінен өткізуде, оларға жаңаша тұрғыда баға беруде тым ұсақтыққа барамыз. Мұның өзі ескіше ойлаудың нақты үлгісі болып табылады. Күні кешеге дейін журналистердің басым көпшілігінің тұтас категория жүйесімен ойлауды машықтанып келгені ақиқат.

Мұндай жағдайда қандай мәселеде болмасын оның бұрыстығы, жүйесіндегі ұстамсыздығы жөнінде пікір таластырып жатудың өзі артық. Қазіргі шақта қоғамдық сананы қалыптастыру механизмінің тегершегі жалпы ұлттық жаңғыру идеясының шеңберінде айналуда. Оның ұлттық табиғатымызға сай жалпы азаматтық, ұлттық келісім деңгейінде табылуы аса маңызды болмақ.

Экономикалық және әлеуметтік дамудың ұлттық республикалық моделін құру жолындағы ізденістердің табысты болуы, ең алдымен, ескі көзқарастардан бас тарта отырып, қалың бұқараның психологиясын түбірімен өзгертуге тікелей байланысты. Осы орайда жаңаша ойлау машығын қалыптастыру қажет. Көбіне-көп журналистердің ескі схематизмнен арыла алмауы жаттандылыққа әкеліп соғып отырады. Бұл ойымызды нақтылай түсу үшін мына бір жайға назар аударып көрелікші. Әдетте журналист жер –ананың қасиеті, диқанның жомарт жүрегі, тамаша табиғат жөнінде шалқи отырып, шабыттана қалам тербейді. Бұл дұрыс-ақ. Алайда, автор шаруа адамының жерге ең алдымен практикалық жағынан қарайтынын ұмытады. Оны сол жердің құнарлылығы, берер берекесі жөніндегі ойлар мазалайды. Ол өзінің еңбегінің жемісін көру үшін жыл он екі ай бойы мандай тер төгеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында диқан еңбегі өзінің бар береке-беделінен айырылды. Жастар ауылдардан қалаларға қарай ағылды. Қаладағы қым-қуыт берекесіз тіршілік олардың көпшілігін қылмыстық, бұзақылық жолға итермеледі немесе алыпсатарлыққа бой алдырды. Қарапайым ауыл адамдарының заңды талаптары бұрмаланатын болса, оның жер-анаға деген ынта-ықыласының төмендей түсетіні анық. Мына ащы шындықты ұмытуға болмайды: егер шаруа адамына жағдай

жасалмаса, тұтас қоғамға жайсыз тиеді. Қазіргі шақта, бұған біздің көзіміз айқын жетіп отыр.

Баспасөз қызметінің практикасында өзінің жеке пікірін нақты шешім ретінде көлденең тартып, «айтым бітті, кестім үзілді» принципін ұстанатын кеудемсоқ журналистердің жиі-жиі кездесіп қалатыны бар. Қандай бір пікірдің болмасын абсолютті шындыққа сай келе бермейтінін естен шығарып аламыз. Бұл ұжымдық талқылау және шешім қабылдау кезінде ұсыныстардың ішінен ең тиімдісін таңдауда айрықша маңызға ие. Осы орайда әртүрлі ұсыныстарды салыстыру, салмақтау, барлық жетістіктері мен кемшіліктерін таразылау қажеттілігі туындайды. Журналист өз пікірі үшін басымен жауап береді. Оның адалдығы, нағыз азаматтығы, ар-ұяты осы тұста бағаланады. Қарт журналист Ә.Қарағұловтың «Журналист қаншама көп білсе де, өмірде ол әлі білмейтін, естімеген, көрмеген нәрселер, процестер, атаулар, жаңалықтар кездеспей тұрмайды. Мұндайларды әбден біліп алмай, материалды жорамалмен жазу, немесе редакциялау - соқыр адамдай қараңғыны қармалау деген сөз. «Білмейді екенсің - бүлдіресің» дегені көңілге қонады.

Журналистің жаңаша ойлау машығы- демократияның интеллектуальды негізі, толыққандылықтың негізгі көрсеткіші. Оның негізгі мақсаты - қалың бұқараны, қоғамды жаңғыртуға жұмылдыру. Демек, жаңаша ойлау машығы қоғам мүшелерінің ұстанып отырған азаматтық позициясының өзекті сипаты болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың ақыл-ойын, көңіл-күйін бақылаушы ғана емес, сонымен бірге оны қалыптастырушы да. Оның қауіптілігі де осында жатыр. Баспасөз, радио, теледидар жекеленген адамдардың төңірегінде болып жатқан оқиғаларды, күллі әлемді сол табиғи тұтас күйінше өз беттерінше қабылдау, оған баға беру қабілетінен айырады. Адам жас кезінде өз төңірегіндегі құбылыстарды ешбір боямасыз, сол табиғи күйінде көреді. Бұл ешбір бұлтартпайтын өмір заңдылығы. Ал, адамды ғұмыр бойы болып жатқан құбылыстарды шын мәніндегі табиғи күйінде көру мүмкіндігінен айыру, соған еріксіз мәжбүр ету, сөйтіп оның ақыл-ойын қалыптан тыс арнаға бұру, миын улау қауіпті екенін мойындаған жөн. Осыдан келіп, саяси мәңгүрттік деген ұғым пайда болады.

Тұтас қоғамның, таптардың, ұлттар мен өзге де әлеуметтік қауымдастықтың саяси ойлау жүйесі үлкен талас-тартыс туғызады. Сондықтан біз бұл тұрғыда төрелік айтып жатқымыз келмейді. Бұл қоғамтанушылардың міндетіне жататындықтан, өз пікірімізді дәлелдеп жатпай-ақ, мына бір жайларға ғана тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. Журналистін ойлау машығының мәдениеті жөнінде әңгіме болғанда оның өз

құқығы мен міндеттерін терең сезінуі, қоғамдық қатынастарда өз орны мен бұқара рөлін нақты түсінуі, жеке мүдде мен қоғам мүддесінің тығыз астасып жатуы алдынғы қатарға шығады.

Саяси ойлау машығынын жоғары мәдениеті- бұл сөз бен істің бірлігі. Дұрыс айтылған сөз бен нақты қабылдаған шешімді сапалық деңгейге көтере отырып, іс жүзіне асыру. Жариялық пен сынды жеке бастың немесе бүйрегі бұратын топтардың мүддесі үшін пайдалануға тырысу ар алдындағы қылмыс болып табылады.

Қоғамдық ой-пікірді қалыптастыратын баспасөз бен сөз құдіреті өзіне жоғары жауапкершілікке негізделген қатынасты талап етіледі. Журналистика мәдениеті жан-жақты түсінік, оның негізгі қызметіне қоғамның хабарламалық-мәдени саласының сәйкестігін құруға бағытталған бұқаралық ақпарат құралдары жүйесіндегі материалдық және рухани дамуының тарихи белгіленген деңгейі кіреді.

Қоғамда журналистика мәдениетінің деңгей-дәрежесі қалың бұқараның мәдени деңгейінің өсуіне және творчестволық мүмкіндіктерінің дамуына әсер ететін мәдени-ағарту жұмыстарының кепілдеме шараларының жүйесімен айқындалады.

Журналистика мәдениеті – бұқаралық ақпарат құралдары жай-күйінің қоғам сұранымa сәйкес келуі, журналистика құралдарын қоғамның мақсаттарына сәйкес қарым-қатынастар жағдайында пайдалана білу. Ақыр соңында, журналистика мәдениеті – бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық және адамгершілік бағыт-бағдары, халықтың практикалық қызметіндегі рөлі, орны мен міндеттері жөніндегі адамдар ілімі мен таным- түсініктерінің жүйесі. Ол сондай-ақ хабарлама-насихат жүйесі мен оның институттарының даму деңгейі, оның өндірістік, иделогиялық және әлеуметтік-мәдени қатынастар, рухани байлықтарды тарату салаларындағы атқаратын қызметі.

Ұлттық журналистиканың маңызды ерекшелігі жаңа қоғам құру жолындағы іс-әрекетте жекеленген журналистерден бастап, редакция ұжымдарында жаңаша ойлау машығының ұлттық сипатымызға сай келетін тұтас бір жүйесін қалыптастыру болмақ. Газет-журналдардағы әр сөздің, айтылған ойдың астары қарапайым ауыл еңбеккеріне, қалың бұқараға ұғыныңқы болуы тиіс әрі олардың көкейтесті мүдделерін қорғауға бағытталып отыруы маңызды. Қазір халқымыз көкіректеріне ертеңгі күнге нық сенім ұялататын, қарақылды қақ жаратын әділ сөзге ауадай зар болып отыр. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының алдында тұрған міндеттер ғана емес, тұтастай алғанда қоғамдық жүйенің көптеген компонентерін де қамтиды. Тек жаңаша бағыт-бағдар түзеу, осы мақсатта нақты ұйымдастыру

жұмыстарын жүргізу, ең бастысы, санада сілкініс жасау негізінде ғана журналистиканың қоғамда жариялылықты қалыптастыруға қызмет ететін жалпы функцияларының орындалуы жүзеге асырылады. Баспасөз материалдарында экономикалық, әлеуметтік – саяси және рухани өмірдің шынайы шындық фактілері негізінде құбылыстарды ой елегінен өткізе отырып, таразылау, оларға нанымды түрде жан-жақты баға беру, сүйтіп ұлттық мүддеге сай келетін міндеттерді орындауға бағытталған қоғамдық пікірді қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабы. Қандай бір қоғамда болмасын ақпарат құралдарының халықтың еркін білдіретін өзге арналардан ерекшелігі сол, ол жариялылықтың, ашық әңгімелесудің ең бұқаралық мінбері болып табылады. Ол арқылы қоғамның әрбір мүшесі өз пікірін білдіруге, ойын айтуға мүмкіндік ала алады. Баспасөз- демократияның барлық элементтері бір-бірімен тығыз астасып жататын аса тиімді бірегей демократиялық институт.

Егемен еліміздің нарықтық қатынастарға көшу барысында экономикалық тақырыпта қалам тарту өте күрделі болып отыр. Экономикадағы қалыптасып отырған проблемалар байыппен саралап, осы төңіректе терең ой қорытуды талап етеді. Халықты көпірме сөзбен көмкерілген алған уәдемен алдауға болмайды. Экономикалық жағынан негізделмеген саясат қауіпті. Сондықтан қазір саяси күрес, талас-тартыстың аренасына айналып бара жатқан баспасөз беттерінің бағыт-бағдарын жер-жерде әлеуметтік әділеттіктің салтанат құруына, жарамсыз болып отырған экономикалық тетіктерді іске қосуға, қоғамда қордаланып қалған өзге де проблемаларды шешуге халықты жұмылдыруға бұрудың қажеттілігі маңызды болып отырған ешкім де жоққа шығара алмайды. Қазіргі жүріп жатқан реформаның тағдыры қоғам мүшелерінің санасындағы ойлау жүйесін түбірімен өзгертуге байланысты екені дау туғызбайды. Ол үшін объективті экономикалық поцестерді шектен тыс идеологияландыру мен саясиландырудан бас тарту қажет екендігін практика дәлелдеді.

Ұлттық журналистиканың көрегесін көгертеміз десек, жаңа заман талабына сай жұмыс істеу ниеті болса, қоғамның қазіргі даму барысын жіті қадағалай отырып, әрбір құбылысқа шынайы баға беруге, келісімді ой айта білуге тиіспіз. Айталық, қазір жер-жерде нарықтық қатынастарды әкімшілік жолмен күштеп жүргізудің бар екенің ешкім де жоққа шығара алмайды. Ал мұны халықтың еркі ретінде бағалау абырой әпермейді. Кейбір газеттер мен журналдар осылай етіп жүр.

Егемен Қазақстан Тәуелсіздігі, жүріп жатқан экономикалық және саяси реформалар, ұлтаралық татулық пен өзара келісім, қазақ халқының ауыз бірлігін нығайту мәселелері, қоғам өмірінің басқа да күрделі әрі өзекті

проблемалары ұлттық мемлекеттік идея негізінде ғана онды шешімін табады. Осы игі істің жемісті болуы оның басы-қасына жүрген журналист-публицистердің пайымына, адал еңбегіне, азаматтығына тікелей байланысты. Алда тұрған міндеттердің күрделілігі, кең ауқымдылығы мен жауапкершілігі қалам иелерін халықтың рухани сұранымына жоғары мәдениетпен, елгезектікпен қызмет етуді талап етеді. Осылай десек, журналистің жеке жауапкершілігін арттыру мәселесі бұрынғы қай кездегіден болмасын өткір қойылып отыр. Өкінішке орай, республика газет-журналдарындағы көптеген материалдар жаңа қоғам құрлысының баспасөзге қойып отырған талаптарына сай емес. Негізінен алғанда облыстық және аудандық газеттер беттерінде көпшілікке мәлім жағдаяттарды қайталап жататын бөлімдерге, материалдарға орын беріліп жатады. Жаңа қоғамдық құбылыстардың қазіргі ерекшілігіне жете мән бермеу, жан-жақты талданбау бұқара санасын көмескілендіреді. Баспасөз беттерінде халық көкейіндегі көптеген сауалдарға шындыққа негізделген нақты жауаптың болмауы орынды кумән туғызады, болашаққа деген сенімге селкеу түсіруде. Жасыратыны жоқ, әсіресе аудандық газет редакцияларында қазіргі қоғамдағы түбегейлі өзгерістерді жете сезінбейтін саяси ойлау өрісі тар, ескі жаттандылықтан арылмаған журналистер аз кездеспейді.Көптеген аудандық газеттің редакторларын кеңес дәуіріндегі партиялық өктемдік кезіндегідей жергілікті әкімшіліктердің ішкі саясат бөлімдері ауыздықтап алған. Редакция ұжымдары үшін жоғарыдан берілген нұсқауларды орындау заңға, тіпті қалыпты іске айналып кеткен.

Қаптаған ұлттық тәуелсіз газеттер беттерінде экономика, мәдениет салаларындағы жағдайды түзетуге бағыттылған проблемалақ материалдар аз. Барының өзі қарнағаттандырмайды. Терең талдау, мәселенің байыбына бару тұрғысында журналистердің идеялық-саяси ой-өрісі жетпей жатады (29).

Біз мынаны айқын түсінуге тиіспіз: қазір сол бұрығысынша айтыла-айтыла жауыр болуға айналған, халық көңілін қалдырып келген «теориялық пайымдаулар» әлде де болса насихатталып жүр. Бүгінгі күннің шындығы бұған керегар.

Сөз жоқ, қазір баспасөз, радио мен тевизия қоғамдық өмірдің кінәрат-кеселдерін айқындауға батыл бағыт құрған. Жекелеген журналист-публицистер қоғамды қайта құрудың, әлеуметтік саясаттың нақты бір тұтас концепциясының жасала қоймағанын ашық айтуға тырысады. Тәуелсіздік жолында келе жатқан елімізде келеңсіз жайлар аз емес. Қоғамда негізгі заңдар мен құқықтық нормалар толық іске қосылмаған, құқықтық мәдениет төмен, барының өзі жергілікті жерлерде орындалмайды, қалың бұқара

санасының әлі де пісіп жетілмеуінен олар өз құқықтарын жете білмейді, талап етпейді. «Біз үшін жоғардағылар шешер. Көппен бірге көрерміздағы» дей салатын баяғы қазақылық, немқұрайдылық, жайбасарлық бар.

Газет мақалаларының аясы қоғамдық өмірдің барлық қырлары жөнінде кең көлемде айтып беруді көтермейді. Осы орайда басылымның өзі таңдаған өткір баяндау формасы бағалы болмақ. Өзіміздің журналистік қызметте жүргенде аңғарғанымыз, сексенінші жылдардың аяғында тұрғындардың шаруашылықты жүргізудің жаңа әдіс-тәсілдерінен хабардарлығы елеулі түрде арта түсті. Мақалалар мен корреспонденциялардың тақырып ауқымы да нақты белгіленетін еді. Проблемаларды барынша тар ауқымда алып, сарабдалдықпен баяндауға ұмтылыс байқалатын. Жарияланымдар шаруашылық ұйымдастыру және тәрбиелік міндеттер неғұрлым тиімді ұжымдық ізденістерге, ойлауға, айтыс-тартысқа шақырып жатты. Бұл мерзімді баспасөздің ой бөлісуге негізінен нақты кейіпкерлер мен авторларды – механизаторлар мен малшыларды, шаруашылық басшылары мен мамандарын, ғалымдарды көптеп таратудың нәтижесінде ғана мүмкін болды.

Тек өндіріс ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынас, олардың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, психологиясы, санасы басты назарға алынып, әңгіме арқауына айналды. Осы ретте материалдарды ұйымдастыруда, өзекті мәселелер көтеруде салиқалылық таныта білген қазақ публицистері мен журналистерінің атына қандай қошемет айтсақ та жарасады. Қарапайым шаруаның, ауыл адамдарының, еңсесі биік еңбеккерлердің ішкі жан-дүниесі, рухани өмірі журналистердің тереңдеп баратын тақырыбына айналғанын айту керек. Қалам иелері жеке адамның әлеуметтік белсенділігіне айрықша көңіл қойып, олардың ішкі жан-дүниесіне терең баруға ұмтылып отырды. Дәстүрлі публицистиканың аясында оның моралдық-этикалық секілді жаңа қырлары ашыла түсті. Редакцияя ұжымдары күрделі де тың мәселелерді қолға алып жатты. Газеттер мен журналдар беттерінде өздерінің жетістіктерімен және қайшылықтарымен адамдарға терең ой салған нағыз өмір шындығы көрініс бере бастады. Осы тұста материалдардың танымдық сыны, сыни талдамасы, пікірталас бағыттарының бет-бедері айқындала түскен еді.

Зерттеуімізде мына жайларға айқын көз жеткіздік. Кеңес дәуірінде демократия мен жариялылық ұраны белең алған тұста басылымдарда бұрын болмаған өзгерістер жүріп жатты. Айталық, газеттердің екінші, үшінші беттеріндегі адамгершілік, имандылық, этика жөніндегі салауатты материалдар төртінші беттегі жеке адамдардың, отбасылардың бір сәттік қуаныш-қызығын көздейтін жарнамалардың тасасында қалып жатқандай

әсер тудырды. Сөз жоқ, жарнаманың қоғамда алатын рөлі орасан зор. Ол көп жағдайда мәдениеттің дамуына тікелей әсер етеді. Тағы да бұл тұтынушыларына шынайы шындықтан ауылы алыс жатқан өзгеше бір әлемді елестететін апиын іспеттес. Мұндай бұлдыр елес халықтың негізгі бөлігіне өз өмірлеріне деген қанағаттанғысыз сезімін тудырып отырады. Кедей адамдар өмір бойы белгісіз бір қиялдың құшағында тәтті үмітпен жүре берулері әбден мүмкін. Бұрын капиталистік қоғамға ғана тән делініп келген қияли өмір қазіргі қазақ қоғамында да дендеп барады.

Жарнама оқырмандар мен көрермендерді тәтті қиял құшағына бөлеп қана қоймай, олардың мінез-құлқын, дүниеге көзқарасын өзгертумен қатар олардың түсінік-сезімдерін, ақыл-ойларын, саяси көзқарастарын бір тектес шаблонға айналдырады. Оны таратуға бұқаралық ақпарат құралдары жұмыла кірісіп отыр. Кейде теледидар арқылы көрсетілетін бір сәттік жарнамалық хабарлар көрерменді елең еткізбей қоймайды. Көз жауын алып, адамның тәбетін ашатын ит пен мысыққа беретін тағамдардың түр-түрінен бастап, сусын, бояу, шампунь, тағы басқа сияқты көр-жөрлердің ұдайы насихатталуы үйреншікті дағдыға айналған. Жергілікті жерлерде тәуелсіз газеттер жалаңаш әйел суреттерін, танысу бұрыштарын, ешкімге қатысы жоқ мерекелік құттықтауларды ерлі- зайыптылардың суреттерімен беруді шеберлікпен меңгеріп алды. Қалай десек те жарнамалардың өзіндік сюжеті, диалогы, әсем әуені бар көркем фильмдерге айналып кеткенін ешкім де теріске шығара алмайды.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңы мен ел Тәуелсіздігінің таңсәрісінде мәдениет, өнер атаулы асыл құндылықтар халықтан алыстап, коммерцияның көленкесінде қалғандай күй кешкенін ешкім де теріске шығара алмаса керек. Оның түп төркінінде әлеуметтік теңсіздік, кесір-кесепаттың белең алуы, ертеңге сенімсіздік, қаржы тапшылығы, күйкі тіршіліктің берекесіз күйбеңі жатты.

Ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдары нарықтық қатынастармен сипатталатын қат-қабат ұлттық проблемаларды көлденен тартты. Қаптаған тәуелсіз басылымдар қаржылық тапшылықтың қыспағынан шығу жолында мазмұн мен сапа мәселесін сырып тастап, өз тауарын өткізудің тиімді жолдарын іздестірді. Осы тұрғыдан келгенде ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары тақырыптық, жанрлық бағыттарда түбірлі өзгерістерге ұшырады.

Қазақ елі Тәуелсіздігімен бірге жаңа журналистиканың қалыптасу процесі басталды. Қазір осы процесс қоғам дамуының талаптарына сәйкес жүріп жатыр. Еліміздің журналистикасы мемлекет пен қоғамның әлеуметтік саяси институты болып табылатындықтан, қазіргі Қазақстандағы жетістіктер мен кемшіліктер де оған тән. Республика бұқаралық ақпарат құралдары

қоғам өміріндегі маңызды мәселелерді жариялауда, экономикалық, әлеуметтік, мәдени салалардағы реформаның, сондай-ақ ұлтаралық, конфессияаралық қатынастардың оңтайлы бағыттарын айқындауда ізденіс үстінде келеді. Бұл орайда олар бірқатар тәжірибе жинақтап, айтарлықтай жетістіктерге жетуде.

Қалай десек те басты ақиқат сол, ғасырлар бойы азаттық аңсап келген қазақ халқы Тәуелсіздік тұғырында тұрып, егемендік тұтқасын өз қолына алды. Осынау ұлан-ғайыр Ұлы Даланың бүгінгі ұрпақтары өздерін дербес мемлекеттің нағыз иесі ретінде сезінуде. Егемендік жолымен әлемдік өркениет көшіне ілескен еліміздің тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары өздерінің бағыт-бағдарын нақты айқындады: шынайы демократия, сөз бостандығы, жариялылық, ашықтық республика баспасөзінің, радиосы мен телевизиясының күнделікті тыныс-тіршілігінің өзегіне айналды. Қазақ журналист-публицистері алты алаштың арман-мұңын жырлауға, күллі әлемге ұлтымыздың айбынын танытуға бағытталған ұлы үрдістің алғы шебіне шықты!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ибраева Г. MASS MEDIA в политической структуре общества. –Алматы, 2000.–С.6.

2. Смайыл Е. Жаны ашығандық па, сойыл соғарлық па?\\ Егемен Қазақстан. 1999. 30 қаңтар.

3. \\ Егеменді Қазақстан. 1991. 25 желтоқсан.

4. Қараңыз: Ситуация в области средства массовой информации в Казахтане, Киргизстане, Таджикстане, Туркменстане и Узбекистане. Пять специальных докладов. – Вена, 2002. С.9.

5.Нұрымбетова Г.: «Новель сыйлығының иегері шығу керек» \\ Егемен Қазақстан. 2011. 10 желтоқсан.

6. Пірназар С. Отанымыздың бас газеті елдік басылым биігінде тұр \\ Егемен Қазақстан. 2012. 29 маусым.

7. \\ Сми и журналистские образование в Центральной Азии. №1, ноябрь, 1995. – С.78.

8. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 98-бет.

9. \\ Сми и журналистские образование в Центральной Азии. №1, ноябрь, 1995. – С.42.

10. Адильбеков С. Взаимодействие власти и средств массовой информации Казахстана: политологический аспект. Автореф. дисс... канд. полит. наук. – Алматы: Агу, 2003. – С. 16-18.

11. Садықов С. Газет жанрларындағы кейбір өзгерістер хақында \\ Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. 2005. №5. –95-100 беттер.

12. Амандосов Т. Қазақ-совет баспасөзінің жанрлары. – Алматы, 1963-243 бет; Амандосов Т., Елеукенов Ш., Ыдырысов Т., Қожакеев Т. Газет жанрлары.– Алматы: 1965.-208 бет; Барманкулов М. Жанры печати, радио-вещание и телевидение. – Алматы: КАЗГУ , 1974.- 128 стр; т.б.

13. Тоқмұрзин Қ. Қазақ жері кең бе?\\ Лениншіл жас. 1990. 13 науыз; Оралбаев Ө. Ақиқат бар алдаспан \\ Сонда. 1990.21 қаңтар; Қыдырбекұлы Б. Жерді сатуға болмайды \\ Социалистік Қазақстан. 1990. 17 мамыр; т.б..

14. Меделбек Р., Естан Ш., Сасаев Н. Қазақ журналистерінде алапес бар ма? \\ Общественная позиция. 2010. 30 маусым.

15. \\ Түркістан. 2010. 4 ақпан.

16. \\ Жас алаш. 2003.8 қыркүйек.

17. Сүйінов Ы. Журналист кімнен кем?\\ Социалистік Қазақстан. 1990.5 мамыр.

18.\\ Голос Республики. 2010. 25 июня.

19. \\ Свобода слова. 2010. 1 июля.

20. \\ Голос Республики. 2010.25 июня.

21. \\ Сонда.

22. Ситуация в области средств массовой нформациии в Казахстане, Киргизтане, Таджикстане, Туркменстане и Узбекистане. Пять специальных докладов.- Вена. 2002.-С.10-11.

23. \\ Казахстанская правда. 2007. 31 марта.

24. Каипова Б. Роль СМИ в форморовании политической культуры общества \В кн,: Қазақстан Республикасы: саяси жаңғыру; Республика Казахстан: полическая модернизация.– Алматы: Издательский дом «Таймас», 2008.–С. 109.

25. Садықов С. Баспасөзде билік бар ма? \\ Ақиқат. 2000. №2. –35-39 беттер; Сонықі. Биліксіз «Төртінші билік» \\ Жас Алаш. (1992. 8 сәуір; Сонікі. Ұлттық журналистика туралы ойлар \\ Діл. 2003. 9 сәуір; т.б.

26. Тюрмен Р. Тәуелсіздікке салық\\ Millyet. 2009.11 қыркүйек.

27. Рыжков Н. И. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. Казахстан-Россия. Стратегия вечной дружбы.-М., 2000.-С.21.

28. Абдрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. – Астана: Елорда. 2001-328 б: Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: Логика перемени. – Астана: Елорда, 20017-С7576.; Олжай Қ. Президент пырағы – Алматы: Атамұра, 1994-308 бет; Айталы А. Баршаға таяныш болған қазаққа да сүйеніш керек\\ Егемен Қазақстан. 2009. 2 желтоқсан; Сұлтанов Қ Ұлттық сана ұраншысы \\Егемен Қазақстан. 2011. 12 сәуір: Жетекбай Б . Ел және Президент \\ Қазақ әдебиеті,

1996. 30 сәуір; Саудабаев Қ. Елбасы \\ Егемен Қазақстан. 2008. 6 желтоқсан; Абдрахманов С. «Ол өз елінің, бәлкім бүкіл әлемнің де тарихын өзгертті». Елбасы және Қазақстанның сыртқы саясаты \\ Егемен Қазақстан. 2012. 27 наурыз; Садыков С. Ұлы дала генераторы \\ Оңтүстік Қазақстан. 2012. 29 мамыр: Сатыбалдин С. Назарбаев өлшемдері \\ Егемен Қазақстан 2012. 3 шілде; т.б.

29. Сұлтанов Қ. Бейпіл сөз жетістік емес\\ Егемен Қазақстан. 1998.16 сәуір.

Төртінші бөлім бойынша
бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Президент Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабындағы ұлттық идентификация және ұлттық бірегейлік мәселелері.
2. Қазақ ұлттық идеясы – қайта өрлеу, жаңғыру негізі.
3. Қазақстан баспасөзіндегі ұлттық идея тұрғысындағы сан-алуан пікірлер сайысы.
4. Президент Н.Назарбаевтың жарияланған «алдымен экономика, сонан соң саясат» реформасы моделінің мәні.
5. Республика БАҚ-ғы ұлт және ұлтаралық қатынастар мәселелерінің көрініс табуы.
6. Қазақстан халқы Ассамблеясы баспасөз бетінде.
7. Қазақ журналист-публицистері Тіл мәселелері төңірегінде.
8. Академик Мэхлис Сүлейменов: «Қазақ тілін үйренер едім...».
9. Публицист-жазушы Марат Қабанбайдың «Ана тілі» газетінде жарияланған тіл тағдырына қатысты публицистік мақалалары.
10. Жәнібек Сүлеев: «Шала қазақ», «ада қазақ» дегенді ойлап тапқан мен емес!».
11. Қазақ публицистері дін мәселесі жөнінде.
12. С.Абдрахманов: «Сардар. Ділмар. Елдар» публицистикалық мақаласы.
13. Публицист-жазушылар Ұлы көш мәселесі жайында.
14. Баспасөз және ұлттық мемлекеттік құрылыс мәселелерг.
15. К.Смайылов: «Ойланатын он жайт» публицистикалық мақаласы.
16. Ресейлік басылымдардың Қазақстан Тәуелсіздігіне қарсы материалдары.
17. Александр Солженицын Қазақстан және қазақтар туралы.
18. Публицистер К.Смайылов, Ш.Мұртаза, А.Сейдімбек, А.Айымбетов, т.б. империялық өктемдікпен қарсы күресте.
19. Публицистер Мейірхан Ақдәулетұлы мен Аманхан Әлім ұлыдержавалық орыс шовинизмімен күрес майданында.
20. Ұлттық валюта – теңге мәселелері баспасөз жарияланымдарында.
21. Г.Шекей. «Қазақ барысы» оңтүстік-шығыс «жолбарыстарын» қуып жете ала ма?» публицистикалық-талдамалық мақала.
22. Мемлекеттік құрылыс проблемалары жөнінде оппозициялық топтар мен кейбір қандас «сыншылардың» баспасөз беттеріндегі пікірлері.
23. Қазақ баспасөзіндегі: рушылдық, жүзшілдік жөніндегі жарияланымдар, авторлар, ой-пікірлер.
24. Қазақстан БАҚ-ғы құрылымдық және типологиялық өзгерістер.

25. Демократиялық қоғамдағы «төртінші билік» мәселесі.
26. Республикалық мемлекеттік БАҚ-тар.
27. Ұлттық сана өзгерістері, ұлттық идеяны жаңғырту мәселелері баспасөзде.
28. Журналист-публицистің ойлау мәдениеті.
29. Ұлттық публицистиканың маңызды ерекшеліктері мен сипаты.
30. Ұлт журналист-публицистерінің Тәуелсіздік мұраттары мен міндеттері.

V БӨЛІМ

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТ-ПУБЛИЦИСТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА

Журналист-публицистің саяси ойлау машығы

Біз шынайы демократиялық принциптердің бұқаралық ақпарат құралдары жинайтын және халық арасына тарататын хабарлардың әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз етуі тиіс екені жөнінде ашық айтуға мүмкіндік алдық. Бір жайт айқын: демократия хабарлардың санымен емес, ақпараттық теңсіздікке қарсы қажымас күреспен ғана қамтамасыз етіледі. Сонда ғана кеңестік кезеңде коммунистік идеологиялық догматизм аясынан шыға алмай келген ұлттық публицистика беделі сапалық биік те жаңа деңгейге көтеріледі.

Қазақ публицистикасы өзінің алғашқы пайда болуынан бастап, бүгінгі күнге дейін қазақ этносының қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарып келеді. Оның бай дәстүрі қалыптасты, ол мемлекеттік және қоғамдық істерді шешуде үлкен тәжірибе жинақтады, шынайы шындықты бейнелеуде өзіндік стилі мен әдісін, «қолтаңбасын» қалыптастырды. Оның ұлттық сана мен ұлттық рухты, ұлттық салт-дәстүрді дамытудағы атқаратын теңдессіз рөлін тілмен айтып жеткізу қиын. Қазақ қоғамының кезең-кезеңдерінде публицистка саласында аса талантты да дарынды, өз ісіне жан-жүрегімен берілген адамдар шоғыры қызмет етті. Олар өз халқының тұрмыс-тіршілігіндегі оқиғалар мен құбылыстардың жылнамалары ғана болып қалған жоқ, сонымен бір мезгілде қалың бұқараның сана-сезіміне жаңа идеяларды сіңіре білді. Солар арқылы қазақ этносының абырой-даңқы Ұлы Даладан тысқары жерлерде де асқақтай түсті. Олардың жанкешті шығармашылықтары ғана емес, тау тұлғалары арқылы да күллі әлем қазақ деген халықты танып-білді.

Ұлттық публицистика шарықтау мен құлдырау кезеңдерін бастан кешірді. Әсіресе коммунистік тоталитаризм кезеңінде ауыр жағдайда болды. Алайда оның сол дәуірде ұлттық мемлекетті, қазақ этносының интеллектуальды рухани және мәдени потенциалын қалыптастыру мен дамыту жолындағы атқарған қызметін жоққа шығаруға болмайды. Ол әрдайым өз халқымен бірге болды, оның мүддесін қорғай білді. Өмірлік аса маңызды тақырыптарды орынды көтерумен бірге, ол республикада мекендейтін өзге ұлттар мен ұлыстардың ар-ожданы мен абыройына нұқсан

келтірген жоқ. Қазақ публицистикасы қазір де өткенді мұқият саралап, байыптылықпен ой елегінен өткізе отырып, алғы шепте келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік құрылыс процесі өз тарихымызды, жүріп өткен жолымызды байыпты ой елегінен өткізуді талап етеді. Жергілікті ұлт саналып отырған халқымыздың, азаматтарымыздың өз ұлтының өкілі ретінде сезініп, тануы нағыз ұлт ретінде ұйысудың негізі болып табылса керек, сонда ғана мемлекетіміз өзіндік айбынымен, кескін-келбетімен жарқырай көрінеді. Бүгін бізге қайтпас та қайсар халқымыздың, жекелеген қайталанбас тұлғаларымыздың шынайы тарихы ауадай қажет. Міне, бұлар бүгінгі егемен кемел елдікке қарай қадам жасап отырған тарихи сәттерде құрыштай негізге айналуы тиіс.

Кезінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» кітабында айтып өткендей, «Кеңес кезінің өзінде шын ұлттық мемлекеттік таптық сипаттан ұлттық сипатты жоғары қою жолымен жүзеге асатынына көз жете бастады. Өмірдің барлық саласына «жаңа тарихи қауымдастық - кеңес халқының» моральдық кодексін күштеп енгізу адамдардың ұлттық сезімін, халықтардың өзінің этникалық тегін тануға деген ұмтылысын жойып жібере алмады. Адам қайда жүрсе де, туған бойдан, ана әлдиін есті сала, өзін қазақпын, орыспын, украинмын, өзбекпін деп сезінеді... Адамның сол сезімін қандай үлкен калибрлі идеологиялық снарядпен атқыласаң да, бәрібір құрта алмайсың. Бұны жоққа шығару ешкімнің де қолынан келе қоймас.

Ел Тәуелсіздігі мен егемен Қазақ мемлекетінің дамуы ұлттық публицистиканың гүлденіп-өркендеуіне жаңа серпін берді. Республика өміріндегі демократиялық нормалар мен стандарттардың орнығуы публицистердің шығармашылық шарықтауына кең жол ашып, өз халқына лайықты қызмет етуіне, оның мемлекеттілігінің нығаюына мол мүмкіндік туғызды. Қазіргі таңда публицистердің алдында аса маңызды міндеттер тұр: басты мақсат – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құруға әлеуметтк статусы мен ұлттық тегіне қарамастан республиканың барлық азаматтарын жұмылдыру.

Қоғамның жаңаруы мен сапалық дамуында экономикадағы қайта құрулар, оның ұйымшылдығы мен тиімділігінің жоғары деңгейіне жету шешуші рөл атқарады. Осы орайда саяси жүйеде, әлеуметтік салада және қоғамның рухани өмірінде өзгерістер жасау айрықша маңызға ие.

Экономикадағы жаңару қоғамдық өмірдің өзге де салаларындағы өзгерістердің шарты ғана емес, сонымен қатар нәтижесі ретінде де көрінеді.

Қоғам мүшелері сана-сезімінің өсе түсуі республикада идеологиялық жаңару жүйесін қозғалысқа келтірді. Осы процесті қамтамасыз етудегі негізгі міндеттер журналистер қауымына жүктеледі.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің алдыңғы орнына қоғамда орын алған қат-қабат келеңсіздіктерді ашып көрсетуге негіз болатын қоғамдық пікірді кең өрістету шықты. Алда тұрған ұлан-ғайыр міндеттер баспасөз қызметін түбірімен жаңартуды талап етті. Бұл жерде әңгіме жариялылық, сын мен өзара сын, журналист-публицистердің жұмыс сапасын, олардың кәсіптік деңгейін көтеру жөнінде болып отыр. Бұл орайда жаңаша ойлау концепциясы маңызды рөл атқаруы тиіс.

Қоғам бір-бірімен кереғар идеялар мен пікірлер тайталасының аренасына айналды. Осы орайда, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері құрылымдарының ара қатынасы мен шекарасы бұрынғыдан да айқындала түсті. Бір жайт айқын: қоғам дамуындағы күрт бетбұрысты кезеңде жоғарыдағы биліктердің бір-бірімен тығыз байланысы мен ынтымағынсыз мемлекет еркін тыныс ала алмайды. Бұған жоғарыдағы билік тармақтарына кеңестік қайта құру бағытында демократиялық бұлқыныстар нәтижесінде бұқара санасында пайда бола бастаған төртінші билік – баспасөз билігі жөніндегі сенім әсер ете бастады.

Төртінші билік: шындық па, әлде елес пе? Бұл қазір қазақ журналистикасындағы өткір проблемалалардың біріне айналды. Осы идеяны теориялық жағынан негіздеуге ұмтылған ғалымдар мен журналистер соңғы уақыттарда газет-журналдарда өз ойларын ортаға салып, пікірлер сайысына шықты. “Төртінші билік” заң жүзінде бекітілген жоқ, оның функциялары негізделмеді. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы республика Заңы баспасөздің, радио мен телевизияның қоғамдағы орнын өз мүддесіне сай бір арнаға бағыттаумен болды, журналистердің құқығына ішінара ғана кепілдік берді, олардың міндеттерін белгіледі. Онда билік өкілеттілігі жөнінде сөз жоқ. Демек, журналистика әлемін “Төртінші билік” елесі кезіп жүр.

Қоғамдағы биліктер құрылымдары жөнінде әңгіме қозғағанда “Төртінші биліктің” заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінен принципті айырмашылығы бар екенін атап айту ләзім. Заң шығарушы билік өзінің кез келген деңгейінде - мейлі ол нормативті Акт немесе Президент Жарлығы болсын - біржақтылық қасиетке ие. Атқарушы және сот биліктерін қолдану

кезінде де жоғарыдағы біржақтылық сақталатыны мәлім. Қандай бір бағдарламаның болмасын орындалуы билікті жүзеге асыруға бағытталған, ол белгілі бір Жарлықпен, Кодекспен, тағы басқалармен заңдастырылады. Ал, “Төртінші билік-баспасөз билігі” жөнінде түсініктің астарында белгілі-бір идеяны қалың бұқара арасында насихаттау, жүйелеу жатады. Журналистика арқылы Заңның, Жарлықтың, нормативті актілердің орындалуына бақылау жасалып отырады.

Енді бұл мәселеге өзге қырынан келейік: баспасөз билігі деңгейінде заңдар күшіне енеді, сондай-ақ заң жүзінде көрініс таппаған адам тәрбиесіне қатысты мінез-құлық, этика мәселелері жөнінде сөз қозғалып жатады. Негізінен алғанда қоғам өмірі екі күштің қақтығысынан — адамгершілік аспектілерін қиратудан және осы асыл қасиеттің салтанат құруынан тұрады. Бұл орайда, әр адамның өз позициясы болуы тиіс. Жаңа қоғамдық құрылыс құрсақ болды, бәрі де өздігінен шешіле салады деудің дұрыс емес екендігін кеңестік қоғамның тәжірибесі көрсетті. Әрбір қоғам мүшесінің жүрек түкпірінде адамгершілік, гуманистік өскін болуы, сол өскіннің өркен жаюы қажет. Мұнсыз қоғамның келешегі бұлдыр.

Шынайы демократиялық қоғамда баспасөз билігі болуы тиіс. Бұл жерде билік мәселесін анайы үстемдікпен шатастыруға болмайды. Баспасөзге ежелден тән қасиет - оның қалың бұқарамен тікелей және кері байланысының екіжақтылығы мен конфункциялылығы. Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдары халық пен өкіметтің жоғары эшалоны арасындағы байланысты ұйымдастырушы. Екіншіден, баспасөз қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге жедел үн қосып отырады. Осы арқылы заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріндегі ішінара құбылмалық жөнінде халықты хабардар етеді. Журналист қызметінің негізіне болып өткен, болып жатқан және алдағы уақытта болатын әлеуметтік өзгерістер жөніндегі концептуальды түсінік алынады. Баспасөз негізінен адамдар бойына моральдық, адамгершілік және эстетикалық танымды қалыптастыруды басты мұрат санайды. Еркін сөздің әсер ету күші кез келген билік ықпалынан кем түспейді. Журналистің әлеуметтік әділеттілік проблемаларын шешу, тарихи шындықты қалпына келтіру, т.б. жөніндегі өткір сөздері, қалыптасып отырған әлеуметтік-саяси жағдайға орнықты талдау жасауы қалың бұқараның қым-қиғаш қайшылықты жайларды байыппен саралауына, олардың қоғамдағы өзгерістерге нақты көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Саяси қайраткер, ғалым мен экономист оқырман – көрермен аудиториясында істің шынайы жай-күйін өз беттерінше жеткізе алмайды. Осы орайда, оларға ақпарат құралдарының көмегі ауадай қажет.

Бұл жағдайда халық журналистердің мұқият өңдеуінен, ой-елегінен өткен дүниені оқиды. Журналистің саяси ойлау мәдениетінің деңгей-дәрежесі айқын көрінетін тұс та осы. Қалай дегенмен де журналистің қаламынан туған байыпты сөздің, ой-пікірдің адамдарға ықпал ету күші орасан зор екеніне ешкім де шек келтіре алмайды.

Баспасөз билігі жөнінде айтқанда, ең алдымен тұтас қоғам, жекелеген адамдар мен журналистер мүдделерінің қаншалықты қорғалып отырғандығын естен шығармау маңызды. Қазақ қоғамы нарықтық қатынастармен сипатталатын экономикалық дамудың ауыр да азапты кезеңін бастан кешірді. Бұл әміршілдік-әкімшілдік жүйенің негізі жойылған, орталықтың империялық үстемдігінен арылған, іргелі ел болуға бекем бел буып, болашаққа батыл қадам басқан кезеңдегі уақытша қиындық еді. Басты бағымыз сол, ұлттық сана-сезім сілкінісінің бүгінгі қоғамдық құбылысқа тән болуы. Республикалық тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары жоғарыдағы өзекті мәселелер төңірегінде байсалды ой қозғауға бағыт бұрған. Басылымдарда халық мүддесін көздеген материалдар бұрынғы қай кездегіден болсын, салиқалылығымен назар аудартады.

Тәуелсіз қоғам дамуының жаңа кезеңі алға қойып отырған міндеттерге сәйкес ұлттық журналистиканың бағыт-бағдарын айқындау, қоғамның кесапаты мол, кедергісі көп дертін көре білетін, осы төңіректе терең ой қорыта алатын баспасөз қызметкерлерінің жаңа легін даярлау, ортақ игілікгі іске тас-түйін жұмылған өзара ниеттес шығармашылық ұйымдардың еркін самғауына жол ашу арқылы бұрыннан бар тәжірибені өзгеше қырынан одан әрі дамыта түсу маңызды болмақ. Республика бұқаралық ақпарат құралдарының өтпелі кезендегі бірқатар тәжірибесі енді ғана қалыптасып келе жатқан идеологиялық танымның қоғам мүшелерінің сана-сезіміне тұтас күйінде ықпал ете алмайтынын көрсетіп берді. Егер әділін айтар болсақ, ұлттық сана деңгейінің төмендегі, қоғамдағы қордаланып қалған қат-қабат проблемалар ұстанып отырған саяси бағытта бірқатар қиындықтар туғызуда. Саясаттың табысты болуы ең алдымен оның экономикалық жағынан негізделуіне байланысты екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Сондықтан да Президент Н.Назарбаев Тәуелсіздіктің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ алдымен экономика, сонан соң саясат принципін ұстанып келеді.

Журналистің жаңаша ойлау машығының қалыптасуы аса күрделі де көп қырлы процесс. Ол әрдайым тұрақты өзгерістерге ұшырап отыратын қоғамдық құбылыстардың, өндірістік қатынастардың, экономикалық, сондай-

ақ сан қилы қоғам заңдылықтарының объективті шындығын танып білу негізінде жүріп жатады.

Жаңаша ойлау машығы қоғамдық қатынастар арасындағы өзара байланыстар шоғырын диалектикалық тұрғыда бағалай білу қабілеттілігі болып табылады. Сондықтан біз көптеген сәтсіздіктеріміздің айналамызда болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге жедел үн қоса алмауымызға, алдағыны болжауға қабілетсіздігімізге байланысты екеніне терең мән бермейміз. Нигилизмге бір сәт жол берудің қоғамдық санада жалпы жұрт мойындап отырған шынайы шындықтың өзіне екі ұдай көзқарастың қалыптасуына әкеліп соғатынын естен шығарамыз. Ал, нигилизмнің көзқарастар плюрализміне ешқандай да қатысы жоқ. Бұл әрбір журналистің жадында болуы тиіс маңызды шарт болып табылады.

Журналист-публицистің ойлау машығы жөнінде әңгіме қозғағанда қолдан шыққан әрбір материалдың тұтас алғанда шындыққа негізделгеніне көңіл тоғайтып қоя салу аз. Жаңаша ойлау негізінде әрбір әріптің, әрбір сөздің, логикалық жүйенің астарына терең үңіле отырып, кәсіптік тұрғыда ой елегінен өткізуге тиіспіз. Қазір журналист сөзінің құны барынша артып отыр, сондықтан жалтақтықпен айтылған жалған сөз қауіпті. Жаңа қоғамдық құрылыс, тәуелсіздік қадамдары көптеген түбірлі келеңсіздікгердің бетін ашып берді, оларға баға беруде түрлі көзқарастардың қалыптасуына әкеліп соқты.

Алдыңғы буын журналистердің қанына әбден сіңіп қалған догматизм әрдайым жаңа кезеңдегі идеологиялық ықпал-әсерді әлсіретіп отырады. Біз жаңаша ойлау жөнінде дұрыс-ақ жазып жатамыз, алайда үлкен өкінішке орай қазіргі қоғамдық құбылыстардың түп-төркініне терең мән бере алмаймыз, олар жөнінде үйреншікті догмалық тілмен, стильмен әңгімелеуден әрі асуға қабілетіміз жете бермейді. Сондықтан қоғамдық құбылыстарды идеялық ой елегінен өткізуде, оларға жаңаша тұрғыда баға беруде ұсақтыққа барамыз.

Мұндай жағдайда қандай мәселеде болмасын оның бұрыстығы, жүйесіздігі, ұстамсыздығы жөнінде пікір таластырып жатудың өзі артық. Қалай болғанда да газеттегі кез-келген материал идеялық жағынан ұстамды, онда мемлекет құрылысындағы жетістіктерді насихаттауда ауытқушылыққа жол берілмейді. Егер осы тұста ескіше ойлау машығына жүгінер болсақ, сол материалдағы жекелеген ой-пікірдегі жүйесіздіктер үшін алакөзденіп жатудың қажеті жоқ секілді. Алайда, журналистер кез-келген идеологияның өз арсеналындағы бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануымен күшті екенін естен шығарады. Қазіргі шақта қоғамдық сананы қалыптастыру механизмінің

тегершігі жалпы ұлттық жаңғыру идеясының шеңберінде айналуда. Оның ұлттық табиғатымызға сай жалпы адамзаттық, ұлттық келісім деңгейінде табылуы аса маңызды болмақ.

Экономикалық және әлеуметтік дамудың ұлттық республикалық моделін құру жолындағы ізденістердің табысты болуы ең алдымен ескі көзқарастардан бас тарта отырып, қалың бұқараның психологиясын түбірімен өзгертуге тікелей байланысты. Осы орайда жаңаша ойлау машығын қалыптастыру аса қажет. Көбіне-көп журналистердің ескі схематизмнен арыла алмауы жаттандылыққа әкеліп соғып отырады. Бұл ойымызды нақтылай түсу үшін мына бір жайға назар аударып көрелікші. Әдетте журналист жер-ананың қасиеті, диқанның жомарт жүрегі, тамаша табиғат жөнінде шалқи отырып, шабыттана қалам тербейді. Бұл дұрыс-ақ. Алайда, автор шаруа адамының жерге ең алдымен практикалық жағынан қарайтынын ұмытады. Оны сол жердің құнарлылығы, берер берекесі жөніндегі ойлар мазалайды. Ол өз еңбегінің жемісін көру үшін жыл он екі ай бойы маңдай тер төгеді. Қазір ауыл еңбеккері әлеуметтік әділетсіздіктің бар екенін сезеді. Жастар ауылдардан қалаларға қарай ағылуда. Қаладағы қым-қуыт берекесіз тіршілік олардың көпшілігін қылмыстық, бұзақылық жолға итермелеуде немесе амалсыз алыпсатарлыққа бой алдыруда. Белең алып бара жатқан осынау көрініс жақсылықтың нышаны емес. Бұл өз алдына бөлек әңгіме. Қарапайым ауыл адамдарының заңды талаптары бұрмаланатын болса оның жер-анаға деген ынта-ықыласының төмендей түсетіні анық. Мына ащы шындықты ұмытуға болмайды: егер шаруа адамына жағдай жасалмаса, тұтас қоғамға жайсыз тиеді.

Баспасөз қызметінің практикасында өзінің жеке пікірін нақты шешім ретінде көлденең тартып, “айттым бітті, кестім үзілді” принципін ұстанатын кеудемсоқ журналистердің жиі-жиі кездесіп қалатыны бар. Қандай бір пікірдің болмасын абсолютті шындыққа сай келе бермейтінін естен шығарып аламыз. Бұл ұжымдық талқылау және шешім қабылдау кезінде ұсыныстардың ішінен ең тиімдісін таңдауда айрықша маңызға ие. Осы орайда әртүрлі ұсыныстарды салыстыру, салмақтау, барлық жетістіктері мен кемшіліктерін таразылау қажеттігі туындайды. Журналист өз пікірі үшін басымен жауап береді. Оның адалдығы, нағыз азаматтығы, ар-ұяты осы тұста бағаланады. Кезінде журналист Ә.Қарағұловтың “Журналист қаншама көп білсе де, өмірде ол әлі білмейтін, естімеген, көрмеген нәрселер, процестер, атаулар, жаңалықтар кездеспей тұрмайды. Мұндайларды әбден біліп алмай, материалды жорамалмен жазу, немесе редакциялау - соқыр адамдай

қараңғыны қармалау деген сөз. “Білмейді екенсің - бүлдіресің” дегені көңілге қонады.

Журналистің жаңаша ойлау машығы - демократияның интеллектуалды негізі, оның толыққандылығының негізгі көрсеткіші. Оның негізгі мақсаты қалың бұқараны қоғамды жаңғыртуға жұмылдыру. Демек, жаңаша ойлау машығы қоғам мүшелерінің ұстанып отырған азаматтық позициясының өзекті сипаты болып табылады.

Рухани өктемдіктің өткір құралы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың ақыл-ойын, көңіл-күйін бақылаушы ғана емес, сонымен бірге оны қалыптастырушы да. Баспасөз, радио, теледидар жекелеген адамдардың төңірегінде болып жатқан оқиғаларды, күллі әлемді сол табиғи тұтас күйінше өз беттерінше қабылдау, оған баға беру қабілетінен айырады. Адам жас кезінде өз төңірегіндегі құбылыстарды ешбір боямасыз, сол табиғи күйінде көреді. Ал, адамды ғұмыр бойы болып жатқан құбылыстарды шын мәніндегі табиғи күйінде көру мүмкіндігінен айыру, соған еріксіз мәжбүр ету, сөйтіп оның ақыл-ойын қалыптан тыс арнаға бұру, миын улау қауіпті.

Тұтас қоғамның, таптардың, ұлттар мен өзге де әлеуметтік қауымдастықтың саяси ойлау жүйесі үлкен талас-тартыстар туғызады. Сондықтан біз бұл тұрғыда төрелік айтып жатқымыз келмейді. Ол қоғамтанушылардың міндетіне жататындықтан өз пікірімізді дәлелдеп жатпай-ақ, мына бір жайларға ғана тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. Журналистің ойлау машығының мәдениеті жөнінде әңгіме болғанда оның өз құқығы мен міндеттерін терең сезінуі, қоғамдық қатынастарда өз орны мен бұқара рөлін нақты түсінуі, жеке мүдде мен қоғам мүддесінің тығыз астасып жатуы алдыңғы қатарға шығады.

Саяси ойлау машығының жоғары мәдениегі – бұл сөз бен істің бірлігі. Дұрыс айтылған сөз бен нақты қабылданған шешімді сапалық деңгейге көтере отырып, іс жүзіне асыру. Жариялылық пен сынды жеке бастың немесе бүйрегі бұратын топтардың мүддесі үшін пайдалануға тырысу ар алдындағы қылмыс болып табылады.

Қоғамдық ой-пікір қалыптастыратын баспасөз бен сөз құдіреті өзіне жоғары жауапкершілікке негізделген қатынасты талап етеді. Журналистика мәдениеті жан-жақты түсінік, оның негізгі қызметіне қоғамның хабарламалық - мәдени саласының сәйкес типін құруға бағытталған

бұқаралық ақпарат құралдары жүйесіндегі материалдық және рухани дамуының тарихи белгіленген деңгейі кіреді.

Қоғамда журналистика мәдениетінің деңгей-дәрежесі қалың бұқараның мәдени деңгейінің өсуіне және творчестволық мүмкіндіктерінің дамуына әсер ететін мәдени-ағарту жұмыстарының кепілдеме шараларының жүйесімен айқындалады.

Журналистика мәдениеті - бұқаралық ақпарат құралдары жай-күйінің қоғам сұрамына сәйкес келуі, журналистика құралдарын қоғамның мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас жағдайында пайдалана білу. Ақыр соңында, журналистика мәдениеті - бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық және адамгершілік бағыт-бағдары, халықтың практикалық қызметіндегі рөлі, орны мен міндеттері жөніндегі адамдар ілімі мен таным-түсініктерінің жүйесі. Ол сондай-ақ хабарлама-насихат жүйесі мен оның институттарының даму деңгейі, оның өндірістік, идеологиялық және әлеуметтік-мәдени қатынастар, рухани байлықтарды тарату салаларындағы атқаратын қызметі.

Ұлттық журналистиканың маңызды ерекшелігі жаңа қоғам құру жолындағы іс-әрекетте жекелеген журналистерден бастап, редакция ұжымдарында жаңаша ойлау машығының ұлттық сипатымызға сай келетін тұтас жүйесін қалыптастыру болмақ. Газет-журналдардағы әр сөздің, айтылған ойдың астары карапайым ауыл еңбеккеріне, қалың бұқараға ұғыныңқы болуы тиіс әрі олардың көкейкесті мүдделерін қорғауға бағытталып отыруы маңызды. Қазір халқымыз көкіректеріне ертеңгі күнге нық сенім ұялататын, қара қылды қақ жаратын әділ сөзге ауадай зәру болып отыр. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының алдында тұрған міндеттерді ғана емес, тұтастай алғанда қоғамдық жүйенің көптеген компоненттерін де қамтиды. Тек жаңаша бағыт-бағдар түзеу, осы мақсатта нақты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу, ең бастысы, санада сілкініс жасау негізінде ғана журналистиканың қоғамда жариялылықты қалыптастыруға қызмет ететін жалпы функцияларының орындалуы жүзеге асырылады. Баспасөз материалдарында экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани өмірдің шынайы шындық фактілері негізінде құбылыстарды ой елегінен өткізе отырып, таразылау, оларға нанымды түрде жан-жақты баға беру, сөйтіп ұлттық мүддеге сай келетін міндеттерді орындауға бағытталған қоғамдық пікірді қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабы. Қандай бір қоғамда болмасын ақпарат құралдарының халықтың еркін білдіретін өзге каналдан басты ерекшелігі сол, ол жариялылықтың ең бұқаралық мінбесі болып

табылады. Ол арқылы қоғамның әрбір мүшесі өз пікірін білдіруге, ойын айтуға мүмкіндік ала алады. Баспасөз - демократияның барлық элементтері бір-бірімен тығыз астасып жататын аса тиімді бірегей демократиялық институт.

Қазір баспасөздің өз бағыт-бағдарын жер-жерде әлеуметтік әділеттіктің салтанат құруына, экономикалық тетіктерді іске қосуға, қоғамда қордаланып қалған өзге де проблемаларды шешуге халықты жұмылдыруға бұруы аса маңызды болып отырғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Тәуелсіздік жолымен алға қадам басып келе жатқан республикамызда жүріп жатқан реформаның тағдыры қоғам мүшелерінің санасындағы ойлау жүйесін түбірімен өзгертуге байланысты екені дау туғызбайды.

Жаңа дәуірге бағыт бұрылған қазіргі шақта журналистердің уақыт ағымына сай психологиялық жағынан қайта құрылуы оңай шаруа емес. Жас ұрпақ жөніндегі әңгіме басқа. Оларды жаңа қоғамға лайықты етіп тәрбиелеу лазым. Қалай десек те ұлттық журналистиканың көсегесін көгертеміз десек, жаңа заман талабына сай жұмыс істеу ниеті болса қоғамның қазіргі даму барысын жіті қадағалай отырып, әрбір құбылысқа шынайы баға беруге, кесімді ой айта білуге тиіспіз.

Егемен Қазақстанның тәуелсіздігі, жүріп жатқан экономикалық және саяси реформалар, ұлтаралық татулық пен өзара келісім, қазақ халқының ауызбірлігін нығайту мәселелері, қоғам өмірінің басқа да аса күрделі әрі өзекті проблемалары ұлттық мемлекеттік идея негізінде идеологияны нығайтқанда ғана онды шешімін табады. Осы игі істің жемісті болуы оның басы-қасында жүрген журналист-публицистердің пайымына, адал еңбегіне, азаматтығына тікелей байланысты десек артық айтпаймыз. Алда тұрған міндеттердің күрделілігі, кең ауқымдылығы мен жауапкершілігі қалам иелерін халықтың рухани сұранымына жоғары мәдениетпен, елгезектікпен қызмет етуді талап етеді. Осылай десек, әрбір журналистің жеке жауапкершілігін арттыру мәселесі бұрынғы қай кездегіден болмасын өткір қойылып отыр. Өкінішке орай, республика газет-журналдарының көптеген материалдары жаңа қоғам құрылысының баспасөзге қойып отырған талаптарына сай емес. Негізінен алғанда облыстық және аудандық газеттер беттерінде көпшілікке мәлім жалпылама жағдаяттарды қайталап жататын бөлімдерге, сүреңсіз материалдарға көп орын беріліп жатады. Жаңа қоғамдық құбылыстардың қазіргі ерекшелігіне жете мән берілмеуі, жан-жақты талданбауы бұқара санасын көмескілендіреді. Баспасөз беттерінде халық көкейіндегі көптеген сауалдарға шындыққа негізделген нақты

жауаптың болмауы орынды күмән туғызуда, болашаққа деген сенімге селкеу түсіруде. Жасыратыны жоқ, әсіресе аудандық газет редакцияларында қазіргі қоғамдағы түбегейлі өзгерістерді жете сезінбейтін, саяси ойлау өрісі тар, ескі жаттандылықтан арылмаған журналистер аз кездеспейді. Көптеген аудандық газеттің редакторлары кеңестік дәуірдегі партиялық өктемдік кезіндегідей жергілікті әкімшіліктерге жалтақтауды әдетке айналдырған сыңайлы, жергілікті әкімшіліктердің ішкі саясат бөлімдері редакция ұжымдарын ауыздықтап алған. Редакция ұжымдары үшін жоғарыдан берілген нұсқауларды орындау заңға, тіпті қалыпты іске айналып кеткен. Сондықтан да жергілікті жерлердегі проблемаларды шешуге, келеңсіз құбылыстарға қарсы күресті күшейтуге бұқараның күш-жігерін біріктіру мақсаты өзінің нәтижесін бере бермейді. Баспасөздегі жаттандылық сарын оқырмандардың санасындағы жауапкершілік, азаматтық борыш сезіміне көлеңкесін түсіреді.

Сөз жоқ, қазір баспасөз, радио және телевизия қоғамдық өмірдің кінәрат-кеселдерін айқындауға батыл бағыт бұрған. Жекелеген журналист-публицистер қоғамды қайта құрудың, әлеуметтік саясаттың нақты әрі біртұтас концепциясының жасала қоймағанын ашық айтуға тырысуда. Дегенмен де Тәуелсіздік жолымен қадам басып келе жатқан елімізде келеңсіз жайлар кездесіп жатады. Олай болатыны, қоғамда аса қажетті негізгі заңдар мен құқықтық нормалар толық іске қосылмаған, құқықтық мәдениет төмен, барының өзі жергілікті жерлерде орындалмайды, қалың бұқара өз құқықтарын жете білмейді, талап етпейді. “Қойшы, біз үшін жоғарыдағылар шешер. Көппен бірге көреміздағы” дей салатын баяғы қазақылық немқұрайдылық бар. Қалың еліне адал қызмет етуге тиіс азаматтарымыз өз мойындарына артылған жауапкершілікті терең сезінбейді, сезінсе де адалдық таныта бермейді. Сыбайлас жемқорлықтың жер-жерде өріс алып кеткені де жасырын емес. Ең қауіптісі де, қасіреттісі де жоғары эшелондағылар мен қарапайым халықтың ортақ айқын мақсат-мүддесінің жоқтығы, бар дегеннің өзінде оның формальды болуы. Осыдан келіп, қалың бұқарада жоғарыдағыларға деген сенімсіздіктің пайда бола бастауы аңғарылады. Жер-жерде мұның айқын көріністері бар екенін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Журналистің ойлау жүйесіндегі әділетсіздіктің халықтың таным-түсінігіне кері әсер ететінін естен шығармаған абзал. Әділеттілікке жүгіну - азаматтықтың белгісі. Сондықтан халық алдында ұятқа қалып, беделден айырылмау үшін әрбір айтар пікірді ой безбеніне салып, салмақтау лазым. Журналистік этика дегеніміз осы. Ол үшін баспасөз қызметкерінің қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық жаңарулардың стратегиясы мен тактикасын жете меңгеруі, өзгерістердің түпкі мәнін айқын түсінуі негізгі шарт болып

табылады. Өкінішке орай, журналистік сана-сезім деңгейінің төмендігі көбіне-көп айқын мәселелердің өңін айналдыра көрсетуге әкеліп соғады. “Баспасөз бен жалпы ақпарат құралдары қызметкерлерінің кейбір қиянатты жақтарын білетінмін, - деп, жазды өз естелігінде белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Н.Әбдікәрімов, - ауыздан шыққан сөздің өңін айналдырып, бұрмалап көрсетуге құштарлар көп-ақ. Білімі саяз журналист ағайындардың кейбір беделді басылымды ұстап отырғанына қайран қаламын. Сондықтан бұл жолдастармен әңгіме-сұхбат жасауға қай кезде де құлықты емеспін”.

Мұндай пікірлер журналистерге сабақ болуы тиіс. Кейде материал нашар екен деп жатамыз. Сәтсіз материалдың жарық көруіне бүкіл редакция кінәлі. Сол мақала не корреспонденцияның артында тек автор ғана емес, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, ақыр соңында редактор тұр. Осынша қолдан өткен материалдың нашар болуы редакцияның қаншалықты компонентті екендігінен, сол ұжымда жұмыстың қалай жолға қойылғандығынан хабардар етеді.

Бүгінгі танда баспасөз материалдарында қоғамдық құбылыстарды баяндап қою ғана жеткіліксіз. Оларды туындатып отырған себеп-салдарды байсалдылықпен талдау арқылы ғана оқырманның жүрегінен орын тебе алатынын әрбір журналист-публицистің жете сезініп, жадында ұстауы маңызды.

Қоғам дамуының барысында өткеннің тәжірибесіне сын тұрғыда баға бере отырып, ұлттық сипатқа ие, ғылыми жағынан дәйекті саяси-экономикалық көзқарастар жүйесін қалыптастыруға баспасөздің қосар үлесі зор. Егемендік туы астындағы еркін таңдау, икемділік, шынайы шындыққа батыл бетбұрыс – бүгінгі ұстанар принцип осы. Қоғамдық қатынастардың жан-жақты дамуы, ұлттық сана-сезім деңгейінің өсе түсуі журналист ойының тереңдігімен, оның қаламынан шыққан сөздердің от-жалынымен бағаланады.

* * *

Ойымызды қорытындылайық. Біріншіден, халықтың әл-ауқатын, тұрмысын жақсарту жолындағы күрестің алғы шебінде жүрген публицист-журналистерден қоғамның тыныс-тіршілігін дәл бағамдай алатын ұшқырлық, терең білім талап етіледі. Бұл олардың мерзімді басылымның ұстанымы мен типіне сәйкес ел өміріндегі өзекті мәселелердің мәнін терең

пайымдай алатын болуы тиіс деген сөз. Екіншіден, бұл журналист-публицистерден жоғары кәсіптік шеберлікті, материалдың формасы мен мазмұнына жауапкершілікпен қарауды қатаң талап етеді.

Тәуелсіздік жолындағы даму арнасында пайда болып жатқан жаңа әлеуметтік-саяси өзгерістер ұлттық журналист-публицистердің алдына ұлан-ғайыр міндеттер қойып отыр, күрделі де өзекті тақырыптар аясы да кеңея түсуде. Осыған сәйкес, журналист-публицистің саяси ойлау мәдениеті қоғам өміріндегі жетістіктер мен кемшін-міндерді ой елегінен мұқият өткізе білуімен тығыз астасып жатса құба-құп.

Журналистика мамандығында оқитын студенттерге, магистранттарға ұсынылып отырған «Публицистің шығармашылық шеберханасы» пәні бойынша бұл оқу құралында «Қазақ әдебиеті» газетіндегі ұлт мүддесі, ұлттық рух тұрғысындағы материалдарға, ұлтымыздың ұстындарына айналған публицистер Мұстафа Шоқай, Нәзір Төреқұлов, Олжас Сүлейменов, Рахманқұл Бердібай сынды ардақтыларымыздың шығармашылықтары мен азаматтық бейнелеріне, публицист Марат Қабанбайдың шығармашылық шеберлігіне назар аударылды.

І ТАРАУ

ҰЛТТЫҚ РУХ ЖАРШЫСЫ

Кезінде Қазақстан Жазушылар Одағының органы болған, қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті- «Қазақ әдебиеті» өзінің сексен жылға жуық тарихында қилы-қилы кезеңдерді бастан кешіре отырып, халықтың асыл арманын, көкейіндегі ойын терең ұғына білді, ақиқат пен әділдіктің төрешісі, ұлттық рух жаршысы болды.

Басылым ұлт мүддесі жолында қоғамдық сананы қалыптастыру мен дамыту жолын, ұлттық мәдениеттің жүгін өрге сүйреу мақсатын ұстанды. Республика тарихымен бірге жасасып, саяси, әлеуметтік өмірдің қайнаған ортасынан табыла білді. Газеттің арқасында ел тағдырына байланысты қыруар мәселелер шешімін тапқанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Кешегі кеңестік дәуірде қылышынан қан тамған коммунистік партияның қаһарынан ықпастан, ұлт мүддесін асқақтата көтеріп, ақ-адал сөйлеуді ең қасиетті борыш санады. Сонау елуінші жылдардың ортасынан бастап, сексенінші жылдарға дейін басылымның бас редакторларының тұрақтамағаны сондықтан да болса керек. Газет басшылығына келгендердің барлығы дерлік өздерін нағыз ұлт азаматы екендіктерін танытқан асыл жандар, көрнекті ақын- жазушылар, публицистер болатын. Ұлт басылымында әр кезеңде жалынды публицистердің үлкен шоғыры тәрбиеленіп, туған халқының жарқын болашағы, ұлттың асыл мұраттары жолында семсер сөздің құдіретін паш етумен келеді.

«Қазақ әдебиеті» газеті кеңестік дәуірде

«Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші саны 1934 жылы 10 қаңтарда жарық көрді делінгенімен оның шығуының алғышарты ұзаққа созылып келген еді. Осыған аз-кем тоқтала кеткен орынды. Ел арасында партияның «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ащы ұраны белең алып тұрған сол жылдарда, яғни 1932 жылғы 26 ақпанда кеңестік Қазақстанның бүкіл жазушылары мен аудандық газет редакторларының тұңғыш рет басын қосқан үлкен жиын болды. Онда Қазақстанда шығатын баспасөздің жайы талқыланып, қазақ пролетариат жазушыларының міндеттерін айқындау және сол тұстағы тұңғыш

қаламгерлер ұйымы - Қазақ пролетар жазушылар қауымдастығының (Қаз АПП) жұмысын қайта құру мәселесі көтерілді. Бұл Қаз АПП дегеніміз Ғабит Мүсіреповтың сөзімен айтқанда «жауыр атпен жайдақ шапқандар озып, нағыз көркемсөз шеберлері шетқақпай қалған бір солақайлау ұйым» болған. Солақайлы сол, ол ұйымға, басқаны былай қойғанда, тіпті Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлиннің өзі мүшелікке қабылданбай келген. Осы жиында қалың жұртқа басылым қажеттігі алғаш сөз болады. Сол тұста қабылданған ВКП (б) Орталық Комитетінің «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» қаулысына сәйкес бұрынғы пролетар жазушылар қауымдастығы таратылады. Оның орнын басатын жаңа ұйым- Қазақстан Жазушылар одағын ұйымдастыру комитеті құрылып , өзінің бірінші пленумын өткізеді. Онда Ілияс Жансүгіров «Әдебиет ұйымдарын қайта құру және советтік Қазақстан жазушыларының міндеттері» деген тақырыпқа баяндама жасайды. Осы баяндамада және жарыссөздерде жазушыларды алалалмай, партиялық бір бағытқа жұмылдыратын жаңа жазушылар ұйымын құру қажеттілігімен қатар қалың бұқараны идеялық-көркемдік бағытта тәрбиелейтін дербес басылымның керектігі қайта-қайта сөз болады. Кейінірек осы мәселемен Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Ғабит төртеуі Қазақстанның сол тұстағы басшысы Мирзоянға кіреді. Оларды өлкелік комитеттің үгіт-насихат бөлімін басқаратын Жанайдар Садуақасов алып барған. Тәуекелшіл төртеудің талап –тілегін тыңдап, толымды сөзге тоқтаған Мирзоян Совнарком бастығы Ораз Жандосовқа осы мәселемен айналысуды тапсырады.

Сонымен, әдебиет газеті ашылып, оның редакторлығына 32 жастағы Ғабит Мүсірепов бекіді. Жауапты хатшылығына Мұхамеджан Қаратаев тағайындалды. Редакция алқасына Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Әйтеке Мусин, Ғабит Мүсірепов және Мұхаммеджан Қаратаев мүше болды.

Маңдайшасына «Қазақ әдебиеті» ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын!» деген ұран жазылған, бір мың таралыммен шыққан газеттің алғашқы нөмірінде аударма материалдармен қатар өлеңдер мен мақалалар, әралуан хабарлар жарияланған. Ғ. Мүсіреповтың «Ұлы дәуірге үлкен әдебиет» атты басмақаласы, С.Сейфуллиннің «Кезектегі істерім» деген мақаласы жарық көрді.

Газеттің белгілі бір ретпен шығатын жүйесі қалыптаспады. Қаржы мәселесінің қиындығына байланысты әр жылдардағы саны әртүрлі шығып тұрды.

Газет 1940 жылы, соғыс қарсанында шығуын уақытша тоқтатты. Осы жылғы 6 нөмірдің барлығы да қаңтар айында жарық көрді.

Отан соғысы қарсаңында шығуын тоқтатқан «Қазақ әдебиеті» газеті он бес жылдық үзілістен кейін 1955 жылы 14 қаңтарда қайта жарық көрді.

Бұл Сталин қайтыс болғаннан кейінгі жылымықтың басы еді. Әйтсе де компартияның жеке басқа табынушылықты әшкерелеген XX съезінен кейін әміршіл жүйенің темір құрсауының сәл босаңсығанын дер кезінде аңдаған әдебиетіміздің қос Ғабең, Мұқаң, Сәбең бастаған көрнекті өкілдері Жазушылар одағы секретариатының шешімін шығарып, жоғарғы жақты көндіріп, «Қазақ әдебиетін» қайта дүниеге әкелді, оған дарынды ақын Сырбай Мәуленовты басшылыққа қойды.

Бұл репрессияның райы қайтқанымен коммунистік идеологияның өктемдігі әбден асқынып тұрған, қаламгерлер халықпен бірге социалистік догматизмнің қасаң да тар шеңберінде шерменде болған тұсы еді.

Барлық баспасөз ол кезде тек қана бесжылдықтар тынысы мен социалистік жарыс, өндіріс, шаруашылық пен саяси науқандар, жоспар мен міндеттемелердің орындалуы туралы ғана жазып, ұлт тағдыры, жұрттың рухани-әлеуметтік мұң-мұқтажы, мәдени- әдеби, тарихи көкейкесті мәселелер назардан тыс қалатын.

Бұл:

О, Азия, ұлысың,
Ұлылығың құрысын.
Ұлылығыңды қайтейін,
Европаның құлысың!- деп жазамын деп, Карлагтың тас қамалынан бір-ақ шыққан Бүркіт Ысқақов сияқты патриот, талантты жас ақынның бостандыққа енді шыққан тұсы болатын.

Сонау отызыншы жылдардан бері созылып келген құғын-сүргіндер мен жаппай жазалаулардың жарасынан әлі қан тамшылап тұрған. Ұлт зиялылары әлі ақталмаған, олардың есімдерін ауызға алудың өзі қылмыс саналатын. Осы кезеңде «Қазақ әдебиетінің» қайта шығуы халқымыздың мәдени өміріндегі аса елеулі, ғажап құбылыс болды. Ол бірінші санынан бастап-ақ өзінің о бастағы діттеген бағыты-ұлттық мәдениетті көтеру мәселесін қайта темірқазық етіп алғанын байқатты. «Қазақ әдебетінің» алғашқа санынан бастап ана тіліне айрықша көңіл бөлінді. Мұхтар Әуезов «Сәт сапарға дос ниет» деген көлемді мақаласында (1) басылымның алдағы ұлан-ғайыр міндеттерін белгілей отырып, былай деп баса көрсетіп берді: «...Өсудің үлкен айғағының бірі-әдебиет тілдің көркейуінен, шеберленіп өнерленуінен көрінеді. Кей уақытта күнделікті қолданып жүрген тілдегі жетіспеген олқылық, олақтық, дәмсіз, нәрсіз, сұрғылт жүдеулік пен штамп тәрізді арзан қолды схемалық көп болса, сондай міндерді де түзей отыру керек. Жазушының еңбегі арқылы әр елдің әдебиет тілі көркейеді. «Мақсұтым тіл

ұстартып, өнер шашпақ» деп Абай атаған жазушылық міндеті кеміген жоқ, қайта күшейе түсті...»

Газеттің осы алғашқы санында Ісмет Кеңесбаев «Тіл байлығы үшін» деген тілек-лебізінде белгілі бір шығарманың мазмұны қанша қызғылықты болғанымен, оның тілі нашар, олпы-солпы, дәмсіз, татусыз болса, ол шығарманың көркемдік мәні болмайтынын, сондықтан қайтадан шыға бастаған «Қазақ әдебиеті» газетінің тіл шеберлігі мәселелеріне әрдайым назар аударып отыруын тілейді (2).

Ғабиден Мұстафин «Талант қанатпен шарықтайды» деген мақаласында (3) жазушыларға алуан түрлі білім, жаңа ойлар, бай материал, төзімділік, жауапкершілік керек екенін айта отырып, осының бәрі бойынан табылған күнде тіл соларға сай келмесе, шығарманың бағасын төмендететінін, кейде мүлде құнын жоғалтатынын айтады. «Тіл күшіне өлшеу жоқ, тіл көркемдігіне теңеу жок. Тіл өлгенді де тірілтеді» дейді.

Жеке басқа табынушылықты әшкерелеген партияның XX съезінен кейінгі жылымықтан соң қоғамдық ойдың құрсауы босап, баспасөз бетінде жұртшылық пікірі айтылатын кезең туғандай еді. Жылдар бойғы қатып семген дағдыларға әбден үйреніп, көндігіп қалғандарға жаңаша бір серпілістің пайда болғаны да ақиқат болатын. Дегенмен де дәл осы тұста қалам иелерінің бойында жалтақтық, қос үрей басым түсіп жататын. Оның негізгі себебі түсінікті де еді. Сонау отызшы жылдардың соңындағы қуғын-сүргін, қанды қырғын, жазалау жарасы әлі де жазыла қоймаған. Осы қасіретті кезеңде сталиндік қырғынға ұшыраған ұлт зиялы-ардақтылары әлі ақталмаған, олардың есімдерін ауызға алудың өзі қылмыс саналатын шақ еді. Дегенмен де сол жылымықтан кейін қоғам өміріндегі кемшіліктер мен қайшылықтарды шет жағалап болса да сынауға, талдауға жол ашылды. Әдебиет пен өнердің құлашын жаздырмай, тұсаулап келген «тартыссыздық теориясы» әшкереленіп, мәнін жоғалта бастады. Схемашылдық қалыбындағы социалистік догматизмнің негізгі қызметі жеке адамға табынушылықты дәріптеу екенін түсінген халықтың мүлгіген ойларында бір серпілістің болғаны анық.

«Дәл осы кезеңдегі үлкен мәдени оқиғаның бірі- көп жылдар бойында тоқталып қалған «Қазақ әдебиеті» газетінің қайтадан шығуы еді,- деп еске алады публицист-ғалым, ұлт мүддесінің өткір мәселелерін көтергені үшін қудаланса да, алған бетінен қайта қоймаған Рахманқұл Бердібаев. – Әдебиет газетінің пайда болуы жұртшылық ойының өрістеп, жаңа қуатпен қанат жаюына септесті... Өзгелерді қайдам, біздер, газеттің сол кездегі жас қызметкерлері ендігі жерде баспасөз бетінде халықтың көкейкесті мәселелері көтерілетініне, мұның өзі ұлттық оянуға соны серпін

беретіне қатты сенетін едік. «Қазақ әдебиеті» газетінің басшылары Сырбай Мәуленовтен, Сафуан Шаймерденовтен, Жұбан Молдағалиевтен бастап, қатардағы қызметкерлерге дейін қалайда үлкен, іргелі мәселелер қозғау арқылы халыққа қызмет ету парызын терең сезінетін. Менің қаламгерлік өмірім дәл осы тұста басталғанын сәттілік санаймын...» (4).

Әдебиет газеті өзі қайта шыға бастаған кездің өзінде-ақ бірсыпыра өзекті мәселелер көтеріп, алдағы самғауларға дайындалғандай мінез танытты. Басылымның сол кездегі тігінділерін қарап отырсаңыз газет редакторы С.Мәуленовтің де, редакцияның барлық қызметкерлерінің де әр нөмір сайын маңызды, жанды тақырыптарды қозғауды көздеп, тынымсыз ізденіс шағын бастан өкізгенін аңғарасыз.

Газеттің үлкен рухани серпіліске түскен жылы елу алтыншы жыл болды. Дәл осы жылы басылым бетінде қазақ тілі, тарихы, мәдениеті, ұлт мектептерінің аянышы халі жөнінде аса маңызды мақалалар басылып, жұртшылық пікірі кең көлемде көрініс тапқан еді. Газет қызметкері Р.Бердібаевтің «Ең үлкен мәдени байлық» атты мақаласы (5) қазақ қоғамын дүр сілкіндірді. Мақалада мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда, ұлттық мәдени мұраны меңгеруде орын алып отырған кемшіліктер, мұның ана тіліне, ұлт ретінде дамуымызға орасан зор кедергі екені ашып айтылып, қоғамда белең алып бара жатқан орыстандыру саясатына қарсылық білдірілген болатын. Иә, дәл осы кезеңнен бастап орыстандыру саясаты ашық түрде кең көлемде жүргізіліп жатқан. Ауыл мектептерін үздік бітірген балалар жоғары оқу орындарына түсе алмай, құлайтын болды. Себебі, оларға қабылдау емтиханы кезінде орыс тілінен шығарма жаздыру үрдіс ала бастаған. Осыдан кейін орыс тілінде шығарма былай тұрсын диктанттың өзін қиналып жазатын қазақы ауыл баласының мүшкіл халін көз алдыңызға елесетіп көріңіз. Сондай-ақ, республикадағы газеттердің көбінің аты орысша, «Көкшетау правдасы», «Семей правдасы», «Коммунизм таңы» деген секілді болған. «Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан коммунисі» журналы орысшадан қазақшаға аударылатын аударма басылымдарға айналған. Мектептердің оқыту бағдарламасында қазақ тілін оқыту күрт азайып кеткен, т.т.

Жоғарыдағы мақала көпшіліктің ойына қозғау салып, ой-пікір білдірген оқырмандар хаттары редакцияға қаптап келе бастайды. Бұлар «Газет оқырмандары ойларынан» деген айдармен бөлім етіп беріліп отырады. Мұндай хаттарда орын алып отырған келеңсіздіктер барынша ашық айтылады, ой-пікір, ұсыныстар жария етіледі. «Бізде көп жағдайда қазақ тіліне немқұрайды көзқарас орын алуда, - деп ашына жазады Ә.Нарымбетов. – Егер бірде-бір жиналыс, мемлекеттік қаулы-қарарлар, указдар, қатынас қағаздар о баста қазақ тілінде жасалып көрмесе, кейбір басшыларымыз

алдымен өздері қазақ тілін ұмытса, жоғарыдағыдай ой әркімге-ақ келуі мүмкін. ...Қазақ тілінің шетқақпай болуына тек қана қазақтың өз интеллигенттері себепші болып жүргені аса өкінішті. Қазақстанның бұрынғы оқу министрі Ә.Сембаев жоғары оқу орындарында қазақ тілінің жүрмей қалуына көп күш салды. «Өзі қашайын деген киік еді» дегендей, қазақ тілінің оқу орындарының программаларынан алынып тасталуы шындығында асыра сілтеушілік болды. ...Піспеген мәселені шала күйінде заңға айналдырған шолақ белсенділіктің салқыны бұған да жеткен. Волга, Урал өзендерінің қазақша атауларын қолдануға қарсы болған ғалымдар да болды.Бұл нағыз сорақылық қой! Бұл халықтың ғасырлар бойғы санасына әбден сіңген сөздер» (6).

Көкірегін кернеген асыл сөздерді айта алмай, булығып келген сыншы Мұхамеджан Қаратаев осы жылымық сәтті пайдаланып, қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы орын алып отырған қате-келеңсіздіктерді, идеологиялық өктемдіктің әсіреқызыл салдарынан қалыптасқан теріс көзқарастарды жеріне жеткізе айтып, ашық сынайды. «Әдебиет тарихындағы ақын, жазушыларды «ескішіл», «феодалшыл» деп, тізімге Бұқарды, Дулатты, Шортанбайды, соңынан «байшыл», «ұлтшыл», «діншіл» деп Мәшһүр Жүсіп Көпеевті, Нұржан Наушабаевты қосты, - дейді сыншы. –Бұлардың қатарында талай дарынды, талантты ақындар «саяси сенімсіздікке» ұшырап, тіпті аттары аталудан қалды. Ол ол ма? «Қара тақтаға» қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілері түгелге жуық ілінді. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің тарихы құс түткендей жұлмаланды. Неге бұлай? Шынында біздің әдебиетіміз соншалықты кедей ме? Айтарлық, іліп аларлық ештеңе жоқ па?.. Дұрысында әдебиет тарихын бұрмалау, жүдету, халықтың қоғамдық ой-пікірінің дамуына әсер еткен, көркем сөз өнеріне үлес қосқан елеулі ақын, жазушыларды атамай қою, сызып тастау барып тұрған ұстамсыздық, қиянат...» (7).

Дәл осындай тұрғыда жарияланған әдебиетші-ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» деген мақаласында (8) 20-жылдардағы бірқатар жазушылардың бай мұрасы қағажу көріп отырғаны, сол асыл мұраларды жарыққа шығару қажеттігі айтылады. Автордың айтуынша, олар сталиндік қуғын-сүргіннің құрбандары болған қазақтың біртуар асыл азаматтары Смағұл Сәдуақасов, Ерғали Алдоңғаров, Жиенғали Тілепбергенов, тағы басқалар еді.

Аса өзекті ұлттық мәселелер газет бетінде жарты жылдай уақыт бойы дамылсыз көтеріліп жатты. Бұл республика партия басшылығын бей-жай қалдырған жоқ. ҚКП Орталық Комитеті 1956 жылғы 10-шы желтоқсанда «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулы қабылдады (9). Газет редакторы С.Мәуленов партияның Орталық Комитетінде

жазаланып, қара күйе баттастырыла жағылған басылымның мәселесі қаралды, қаулының қарарында газеттің жіберіп отырған саяси қателігі барынша айыпталды.

Осы қаулыдан кейін ұзамай-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы- «Социалистік Казақстан» газеті «Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік» деген мақаласында: «Қазақ халқының мәдениетін дамыту мәселелерін жазуда кейбір газеттерде соңғы кезде теріс және жете білмей пайымдауға жол берілді. Бұл әсіресе Қазақстан Совет Жазушылар Одағының органы - «Қазақ әдебиеті» газетінің бірқатар мақалаларына тән. «Қазақ әдебиеті» газеті өзінің бетінде Р.Бердібаевтың «Ең үлкен мәдени байлық», А.Нарымбетовтың «Ана тілін ардақтайық,» М.Қаратаевтың «Қайта қарауды қажет ететін мәселе», Т.Кәкішевтің, А.Мұхтаровтың және басқалардың «Тіл мәдениеті» деген мақалаларын, тағы басқа материалдарын басты. Бұл материалдарда қазақ тілін, әдебиетін, искусствосын, оқу-ағарту ісін, баспасөзді дамытудың және ұлт кадрларын даярлаудың кейбір мәселелері көтеріледі» дей келе, авторлардың аты-жөндерін көрсетіп, оларға қазақ тілін, әдебиетін, өнерін, оқу-ағарту ісін, баспасөзді дамыту және ұлт кадрларын даярлау мәселелерін теріс тұрғыда жаздыңдар деген қатаң айып тағады (10). Бұдан әрі партиялық аға газет: «Қазақ әдебиеті» газетінің Қазақстанда қазақ тілі жөнінде бейне бір озбырлық болып отыр деген, қазақ еңбекшілерінің мүдделері мен тілектерін ескерушілік жоқ деген, мал шаруашылығында және республика халық шаруашылығының басқа салаларында қазақ тілін білмейтін мамандардың жұмыс істеуі қолайсыз деген, бейне бір ұлтшылдықпен «қорқытушылық» және лениндік ұлт саясатының принциптерін бұзушылық бар деген пікірлері де әрі дәлелсіз, әрі зиянды. .....Газет қазақтың бай ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері және халықтық батырлар жырының бәрі делік «қара тақтаға» жазылған деп дәлелсіз мәлімдеді.....

«Қазақ әдебиеті» газетінің қазақ мәдениетінің түбірлі мәселелерін көтеріп, оны жазуда, осы заманғы тарихи жағдайда оның даму заңдарын түсінуде бүгінгі күннің дәрежесінде бола алмағанын, идеология жұмысының көптеген мәселелерінде артта қалған, кеселді, зиянды пиғылдар мен көзғарастардың шырмауына түскенін ашықтан-ашық айту керек. Жұртшылықтың пікірін білдіре алмайтын қате мақалалармен газет қазақ интеллигенциясы мен мәдениет майданы қызметкерлерінің кейбір бөлігі арасында қажетсіз айтыстар мен негізсіз егестер туғызады, олардың назарын мәдениет құрылысының нағыз маңызды проблемаларынан басқа жаққа бұрды. Мұның бәрі «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының кейбір саясатқа шорқақ, тоғышар адамдардың ықпалына түсіп, ұлттық томаға-тұйықтықтың,

артта қалған және кеселді пиғылдардың барлық көріністеріне тойтарыс бере алмағанын көрсетеді. Ол жарияланған материалдардың идеялық жағына жеткілікті назар аудармады, буржуазиялық идеологияның барлық көріністерін үнемі әшкерелеп отыру керектігін әрдайым ескеріп отырмады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің қазақ мәдениеті мәселелерін жазуда жіберген қателері халықтар достығын одан әрі нығайту ісіне, еңбекшілерді пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу ісіне елеулі зиян тигізеді...», -деп кәрін төгеді.

Жоғарыдағы қаралау мақала: «Осы елеулі қателерді жіберуде аталған мақалалардың авторлары ғана емес, сонымен бірге «Қазақ әдебиеті» газетінің редколлегиясы мен оның бас редакторы С.Мәуленов жолдас та, Қазақ Совет Жазушылар одағы басқармасы мен оның бұрыңғы председателі Ғ.Мұстафин жолдас та сөзсіз кінәлі. Газет жұмысындағы бұл елеулі қателер Қазақстан Совет Жазушылар одағының өз органына кейбір мүшелері «құрметті» мүшеге айналып, баспаға әзірленетін аса маңызды материалдарды талқылауға қатысуды қойған,»-деген жолдармен аяқталды.

Иә, сол жылдары Сырбай Мәуленов редакторлық еткен «Қазақ әдебиеті» газеті халықтың ұлттық санасын ояту жолында ештеңеден де тайынған жоқ. Ұлттық дәстүрді дамыту, ана тілінің тазалығын сақтау секілді қаны сорғалап тұрған өзекті мәселелер ашық түрде көтеріліп жатты. Бұл үшін редактордан бастап, газет қызметкерлері, авторлар қуғынға ұшырады. Айталық, Р.Бердібаев қызметінен шеттетілді. Айтып-айтпай не керек, 1957 жылдың көктемінде «буржуазияшыл, ұлтшыл» деген айып тағылған Сырбай Мәуленов бас редакторлықтан, Жұбан Молдағалиев редактордың орынбасарлығынан, Төкен Әбдірахманов жауапты хатшылықтан босатылды. Осылайша империялық өктемдікке ашық қарсылық көрсетіп, ұлттың намысына шоқ үрлеген жазушы-публицистер қатаң партиялық жазаға тартылды...

Аяқ-қол бұғауда, тіл кесіндеулі сол кеңестік дәуірде батыл да әділ жазылған мақалалар, басқа да шығармалар үкімет пен партия назарынан тыс қалған жоқ. Газет редакторы, тіпті , әріп қатесі үшін де жауап беріп отырды. Қазақстанның халық жазушысы, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хамит Ерғалиев сол бір сүреңсіз жылдары еске ала отырып: «Бұл жігіт редакторлық жұмысқа көп жегілді. Ол кезде ондай жұмысты қақтығыссыз атқармақ қайдан-ау. ...Көп жылдар бойы жабылып қалып, қайта ашылған «Қазақ әдебиеті» газеті өзінің байырғы үнін де қалпына келтіре бастағанда тосаңсып қалған құлақтар тоңтеріс мінез байқатпай қалған жоқ. «Бүгінгі қазақтың тілі мүкіс», «Балалар қазақшаны қайда барып оқиды?..», «Қазақ тарихы оқып-білуге жарамсыз ба?», «Ау

ағайын, қазақ салт-дәстүрі қайда қалды?», «Фольклор неден жазықты?», «Бабаның ұлағатты сөзі ұмыт қалды» секілді сарын «саққұлақтарға» түрпідей тиді. Одан кейін редактор Мәуленов қалай қалтарыста қала алады? «Ұлтшыл Мәуленов» үкіметтен де, үлкен үйден де үйтіліп қала жаздады»,- деп жазса, Халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Мұзаффар Әлімбаев редактор С.Мәуленов жайында былай деді: «Газеттің әрбір жаңа саны шыққан сайын сол күні түске дейін лездеме міндетті түрде өтетін, білікті талқылау, қызу таластар, аққаптал айтыстар, шеке қызғанша сөзбен шекісулер кәдімгі қалыпты үрдіске айналған-ды... Ең бастысы - «Қазақ әдебиеті» газеті Сырбай Мәуленов жетекшілік еткен жылдарда қазақ халқының теңдік, тәуелсіздік жолындағы күресінің биік Туына айналғаны - ұлттық сананы оятудағы орасан зор игі ықпал-әсері. Мәселен, 1955-1957 жылдардағы ана тілі абыройын көтеру жолындағы күресі үшін бас редактордан бастап, қаншама газет қызметкерлері, авторлары таяқ жеп қуғынға ұшырады...

Ұлттың нәрі, жаны, қаны, бар болмысы - ұлттық қасиет, ұлттық қасиет -тілі, ойлау қабілеті, тәрбие, салт-дәстүр, психология арқылы қалыптасады. Бұл ұғымдарды бір- бірінен ажыратуға болмайды, олар біріккенде ғана діттеген мақсатқа жеткізеді. Кеңес үкіметі кезінде осының бәріне тыйым салынды. Оған редактор С.Мәуленовтің басынан өткен жайдың өзі куә болып тұрған жоқ па?! Ойлау қабілетінің сыртқы көрсеткіші- тіл екені кімге де болса аян. Одан айрылған халық мәңгүрт болмағанда қайтеді?! Газеттің ұлттық тіл, салт-дәстүр, фольклор жайында үздіксіз ашына жазуының негізгі себебі де осында еді» (11).

Қазақ публицистикасының кеңестік дәуірдегі табиғатын ой елегінен өткізіп жүрген біздің назарымызға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1959 жылғы 2 шілдедегі нөмірінде жарияланған «Қазақ әдебиеті» газетінің түсініксіз позициясы» деген мақала ілікті (12). Тақырыбының өзі атойлап тұрған материал еріксіз ден қойғызғандай. Қылышынан қан тамған қызыл партияның бас газеті сол кезде «Қазақ әдебиетіне» неге осыншалықты шүйлікті екен деген оймен аталмыш мақаланы мұқият оқып шықтық.

Осы мақалаға аз-кем тоқталайық. Партиялық аға газеттің дәлелдеуінше, кейінгі кезде «Қазақ әдебиеті» газетінің дәрежесі төмендеп кеткен, бүгінгі күннің тақырыбына жеткілікті көңіл бөлінбей отырғаны аңғарылады. Бірді-екілі суреттемелер мен очерктер болмаса, газет көбіне, өз рубрикасында айтылғандай, «архив қазынасын ақтаруға», «әдебиет тарихын әңгімелеуге» баса көңіл бөледі екен. «Савичев кім?», «Бәсе, Савичев кім?» деген сияқты үстірт деректерге, «Құнанбай хаттарын», «Балаби жайын» жазуға газет тым

әуестеніп кеткен, реакцияшыл сарын басым деп танылған өткен заманның ақындарын-Мәшһүр Жүсіп Көпеевті, Шәңгерей Бөкеевті және басқаларды газет орынсыз мақтаған көрінеді. Басылым батыл да, әділ сынды алға бастыру орнына, оны тежеу жолына түсті деп айыпталады да бұрын газетте қатты сыналған Х.Ерғалиевтің «Құрманғазы» поэмасының тағы да жарияланып, дәріптеле бастағаны тілге тиек етіледі.

«Газеттің жаңа редакторы З.Қабдоловтың бір принципсіздігі,-деп, жазылады мақалада, -ол әдебиет мүддесінен гөрі ауылдастық мүддені артық көреді. Мұндайда ол газеттің дәстүрімен де, редакциялық коллегия мүшелерінің пікірімен де санасып жатпайды. Мұны Ғ.Сылановтың «Махамбет» деген пьессасы туралы мақаладан да айқын аңғаруға болады.

Т.Ахтанов жолдастың «Махамбет» трагедиясы жайында» деген мақаласында пьесаның көркемдік сапасын барынша көтермелей келіп, газет оған: «автор биографиялық ұсақ оқиғаға айналып, тар шеңберде қалып қоймай, сол заманғы әлеуметтік мәселелерді көтере білген» деп баға берді».

Бұдан әрі партиялық газет «Пьесаның елеулі кемшіліктері «Социалистік Қазақстанда» жарияланған «Дәуір шындығынан алыс спектакль» деген мақалада дұрыс көрсетілген. Бұл сынды «парсаттылық болмас еді» деп танып, З.Қабдолов жолдас ауылдастық мүддені қорғап шыға келді. Міне, парасатсыздық деп осыны айтуға болады» деп шүйлігеді.

Аталмыш мақала «Махамбет» пьесасына шикі дүние, мазмұны сүрең шығарма деген баға беріп, «Ал, «Қазақ әдебиеті» газеті принциптік, батыл, әділ әдебиет сынын өрістете алмай, үстірт мақтау әуеніне ойысып, өнер мен әдебиет саласындағы кемшілікті түзетудің орнына кейде асқындырып жібереді. «Махамбет» пьесасы туралы осылай болып отыр. Газеттің мұндай позицияда болуы түсініксіз» деген жолдармен аяқталады.

Кезінде бұл үрейлі партиялық мақаланың әдебиет пен өнер иелері, көзі қарақты, көңілі ояу жалпы қауым арасында сан аулан пікір туғызғаны даусыз. Сондықтан да болар, Қазақстан Жазушылар одағы секретариатының комиссиясы «Социалистік Қазақстанның» «Қазақ әдебиеті» газетінің түсініксіз позициясы» деген мақаласы туралы өз қорытындысын ұзатпай-ақ шығарады. Ол екі газетте де жедеғабыл жарияланды. Секретариат сын мақалада «Қазақ әдебиеті» газетінде бірсыпыра кемшіліктердің орынды да дәл сыналғанын, расында да газетте бүгінгі тақырып мәселелерінің әлі де тым солғын жазылып жүргенін..., бүгінгі күннің тақырыбында жазылған шағын жанр шығармалары да (әсіресе әңгіме-очерктер) сирек жарияланып жүр деп әділ көрсетілгенін, әдебиет сыны әлсіреп кетті деген қортындының әділ екенін, Х.Ерғалиевтің «Құрманғазы» поэмасына жаңа қосымшаларын бекер басты деп дұрыс

сынағанын атап көрсетеді. Осы корытындының бір пунктінде дау-дамайға айналған жазушы Ғ.Сылановтың «Махамбет» пьесасы туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде шығарманың кемшіліктерін айтуға арналған сын мақала шыққан соң «Қазақ әдебиеті» газетінің ол пьесаны дәрпітейтін мақала басуы орынсыз, әрі большевиктік баспасөз дәстүріне жараспайтын әдет екені, осы мақаладағы «Социалистік Қазақстанға» қарсы «парасатсыздық» деген тұрпайы сөздің қолданылуының барып тұрған тәлімсіздікке жататыны айтылады.

Мақалада «Махамбет» пьесасының көркемдік дәрежесінің сапасы, мазмұны, кемшілігі жөнінде бір ауыз пікір айтылмаған. Ал, «Социалистік Қазақстандағы» мақалада пьеса түкке алғысыз етіп тасталған. Демек, бұдан шығатын қорытынды сол, бұл жерде шығарманың сапа, мазмұны негізгі рөл атқарып отырған жоқ. Кейбір партиялық функционерлерге ұнамағаны Махамбет тақырыбының өзі. Мұның түп- төркінінде сол кезде белең ала бастаған қазақы жікке, руға, жерге, топқа бөлінушіліктің жатқаны айдан анық көрініп тұрғандай. Жас бас редактор З.Қабдоловтың басын қатерге тіге отырып, Махамбет тақырыбын батыл түрде жалаулата көтеруі әлдекімдердің шымбайына батқан сыңайлы... Дегенмен де З.Қабдоловтың өзінің отты жырларымен батырлықтың, ерліктің асқар шынына көтерілген, исі қазақ халқының мақтанышына айналған Махамбет Өтемісұлы тақырыбын асқатата түсу үшін, ештеңеден де тайынбауға бекем бел байлағаны анық еді. Мұны әділет, ақиқат жолындағы мық шегедей қайтпас қайсарлық, асқақ рухқа тағзым деп бағалауға тиіспіз. Сол тұста Қазақстан Жазушылар одағы секретариатының комиссиясы да оны дұрыс бағамдай білген. Оған өз қорытындысын былайша аяқтауы айқын дәлел: «Социалистік Қазақтанның» осынша дұрыс пікірлері мен әділ сындарын құптай отыра, «Қазақ әдебиетінің» әрі жас, әрі жаңа редакторы З.Қабдолов жолдасқа «ауылдастық» деген кінә тағуына қосылмаймыз. Әрине, жазушылар арасынан жікшілдік, ауылшылдық қалдықтары әлі де арылмай келе жатқаны рас. Ондай теріс қылықтарды қатты мінеп отыруымыз керек. Бірақ, әдебиет газетінің әлі он нөміріне қол қойып үлгермеген жас редакторына мұндай саяси ауыр айып таға қою орынды емес деп білеміз».

Мұнан әрі Жазушылар одағының басшылығы «Социалистік Қазақстан» «Қазақ әдебиеті» газетіне жәрдем боларлық сын мақала басқанына алғыс айтады. Сонымен бірге «Қазақ әдебиеті» редакциясынан әділ партиялық сыннан дұрыс қорытынды шығаруды талап етеді. Осылайша, жазушылар қауымының араласуымен әдебиет басылымының бас редакторы З.Қабдоловтың басына төнген қара бұлт сейілгендей болады. Сол тұста жас редактордың қандай партиялық жаза алғаны бізге беймәлім.

Жоғарыдағы айқай-шудан оңай құтыла алмағаны анық. Осы ретте сол кезеңдегі қазақ ақын-жазушылары мен публицистерінің, жалпы шығармашылық өнер иелерінің хал-ахуалы қай деңгейде болғанын Шериаздан Елеукенов жеріне жеткізе айтқандай. «Әрине, ол кездегі жағдай бәрімізге белгілі,-деп жазады ол.-Қазақ сынының мамандығы артса да, ой-пікіріндегі ілгерілеу шабандық танытты. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қоятын қырағы көз ол шақта Мәскеуіңде де, Алматыңда да жетіп жатыр. Бүкіл ой әлемінің терезесін тұмшалап тастаған социалистік реализм-ол адымыңды аштырмайды. СОКП XX съезінен кейінгі «жылымық» аталатын кезеңнің өзінде де творчестволық инттелигенцияның, Мағжан сөзімен айтсақ қолы емес тілі кісендеулі болатын» (13).

Қазақтың рухани күштері кемелдікке бағыт бұрған, әдебиет пен мәдениет саласында өз өрнектерімен айшықтала түскен өткен ғасырдың 50-60-шы, одан берісі 70-ші жылдары тарихи маңызға ие. Қазір сол кеңестік дәуірдегі басылымдар тігінділерін ақтарып отырсаңыз, қызыл империяның өктемдік пиғылына негізделген жымысқы саясатының ұдайы жүргізіліп отырғанын бағамдау қиын емес. Партиялық саясаттың мақсатында ұлышовинистік меңменсу айқын аңғарылады. Ал, бұл ұлт мүддесін жоғары ұстайтын зиялы қауымды ашу-ызаға булықтырып келгені анық болатын. Бір таңданарлығы сол, орталық өз саясатын соншалықты шеберлікпен жүргізіп отырған. Бұл тіпті қазақ қаламгерлерін бір-біріне айдап салудан ла көрінеді. Сөзіміз жалаң болмас үшін нақты дәлел келтірейік. КСРО Жазушылар одағының органы «Литературная газетада» газеттің меншікті тілшісі Ә.Әлімжановтың мақаласы жарияланады (14). Бұл материалды «Қазақ әдебиеті» газеті 1962 жылғы 17 – тамыздағы нөміріне көшіріп басып, редакциядан түсініктеме береді. «Литературная газетаның» тілшісі қазақ қаламгерлері арасындағы «от басы, ошақ қасы» аралық пендешіліктерді күллі одаққа жайып салады. «Қазақ әдебиетіне» «өзінің «газеттік» бетінен, көпшілік құрметінен айрыла бастады. Бүгінгі таңда ол оқушылардың назарын аудармайтын болды. Жазушылар оның сөзін селқос тыңдайды» деп, кінә тағады, басылымды түкке алғысыз етіп тастайды. Автор бұдан да басқа бірқатар мәселелерді тілге тиек ете келе, республикада Жазушылар одағының басшылығына тиіседі. «Егер де бізде қазір дағдарыс деген бар болса, олар Жазушылар одағының басшылығында... Жалғыз-ақ факт, С.Шәймерденовтің Жазушылар одағының секретары болып отыруының өзі осыны дәлелдейді» дейді мақала авторы. Ал, «Қазақ әдебиеті» газеті редакциядан берілген түсініктемесінде шындықты айтып, шыр-пыры шығады: «Мақала авторының кейбір фактілерді бұрмалап, «дейді сөзге», жаңсақ пікір, жалаң долбарға сүйеніп, шындыққа жанаспайтын теріс қорытындыларға

ұрынғанын, сөйтіп беделді орталық газетті адастырғанын қынжылмай айтпауға болмайды. Бұл жерде ең алдымен ауызға алынатын нәрсе- мақала авторының газеттің бүгінгі жұмысына берген өзіндік бағасы... Бір түсініксіз жері, газеттің кемшілігін айту үшін оны өткендегісімен салыстыру авторға теріс теңденциялықтан бөтен не үшін қажет болды екен?» (15).

Редакция түсініктемесінде автор мақаласының артында беймәлім күштердің тұрғанын тұспалдау айқын аңғарылады. Ұлттық әдебиет басылымы «Литературная газета» тілшісінің Жазушылар одағынан бастап, қазақ қаламгерлерінің көш басында жүрген бірқатар ақын-жазушыларға сес көрсетуінің түбінде не жатқанын сезіп отыр.

«Қазақ әдебиеті» газетін публицист-жазушы Нығмет Ғабдуллин басқарып отырған кезеңде елдің, халықтың жоғын жоқтаушы, сөзін сөйлеуші ретіндегі көтерген мәселелері де кең ауқымдылығымен есте қалады: өндіріс орындарында ұлт кадрларын молайту, ауылдың жағдайын жақсарту жөніндегі ұсыныстары, партия «Қазақстанда тың жерді игеруді ұлғайта беру керек» деп күнде ұрандап жатқанда, газеттің шабындық жерлерді беталды жыртудың жөнсіздігін дәлелдеп, оның болашақтағы зардаптарын ескертіп, батыл үн көтеру, т.б. Көрнекті ғалым Бейсембай Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихын түрік халықтарына ортақ-«Орхон –Енисей» кезеңдерінен бастау керектігі жөніндегі кенеулі концепциясын әдеби орта, ғылыми жұртшылыққа айтып, мойындата алмай жүрген еді. Газет осы тегеурінді мәселені қалың оқырманға жеткізіп, халықтық сипат алуына, ғылымда орнығуына мұрындық болды. Мұхтар Әуезовтың қырық жыл бойы идеясы жат саналып, беті бүркеліп келген «Қилы заман» романын ақтап, мақала жариялады.

Шындығына келгенде, жалғанның бет-пердесін жұлып тастап айту оңай шаруа болған жоқ. Қолында құдіреті бар жалған атаулы шындықтың төбесінен жай түсіруге әрдайым әзір тұрды. Жазушы Ғабдол Слановтың тіл зерттеу, Мұхтар Мағауиннің қазіргі қазақ романы, Сейділ Талжановтың Абайтану, Қабдеш Жұмаділовтың аударма мәселелері хақында жазған мақалаларында қатты айтылған ащы сынға байланысты «Қазақ әдебиеті» өзіне өшігушілердің дәл осындай шабуылына ұшыраған. Олар Орталық партия Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісін өз жақтарына шығарып алып, газет редакторына тыныштық бермеген.

«Өзімді кейін редактор ретінде өкіндірген екі жағдайды айтып өтейін,- деп еске алады Н.Ғабдуллин. –Бірінші рет: «Литературная газетаның» мәскеулік тілшісі біздің газетіміз жөнінде біреулердің кеңесімен қыңыр мақала жазды. (Жоғарыдағы мақаланы айтып отыр. – С.С). Сол уақыттағы баспасөз дәстүрі бойынша орталық газеттің сөзін көшіріп басуымыз керек.

«Литературная газета» тілшісі мақаласының теріс пиғылдан жазылғанын дәлелдеп, мұны көшіріп басуға қарсы болдым. Қазақстан орталық партия комитетінің баспасөз секторы көшіріп басуды талап етті. Үстем идеологияның әмірі. Көнбеске лаж болмайды. Көшіріп бастық. Қолымыздан келгені, мақаланың соңынан, редакция атынан бірер сөз жазып, «Литературная газетаның» пікіріндегі терістіктерді көрсетіп, бұларды құп алмайтынымызды ашық білдірдік. Бұл үшін Баспасөз секторынан редактор ескерту алды. Кейін өкіндім, «шешінген судан тайынбас» демекші, алған бетімнен қайтпауым керек еді.

Екінші рет, Мағжан Жұмабаев туралы мақала жазылып ақынның өлеңдерінен «Қазақ әдебиетіне» арнайы бет әзірледік те, осы материалды жариялау үшін идеология бөлімінен рұқсат сұрадық. Олар қарсылық қана білдіріп қойған жоқ, жариялауға тыйым алды. Бұл жерде де редактор неде болса тәуекелге бел байлауы керек еді. Бірақ ... қазір оған өкінемін. Осындай өз тәжірбиемнің негізінде айтарым, сүйікті газетіміз - «Қазақ әдебиеті» қашанда ақ жолынан таймауын, адал сөйлеуін, осы күні өнерімен емес, мансабының биік тұғырымен дабырайған «жалған даңқтар» мен «жалған беделдер» алдында жалпылдамай, жалтақтамай, шындықты тура айтуын тілеймін. Күндер өтеді. Уақыт әр нәрсені өз орнына қояды. Міне, сонда өкінбеу үшін де, кейінгі оқырман қауымнан ұялмау үшін де, осылай етпек керек» (16).

Жетпісінші жылдардың басында республика Ғылым Академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бейсенбіліктерінде әдебиеттің, ғылымның аса маңызды мәселелері сөз болып отырды. Сондай бейсенбілік мәжілістердің бірінде «Вопросы литературы» журналында басылған А.Марченконың «Еркін романның мүмкіндігі» деген мақаласы талқыланады (17). Әдебиетшілер мен ғалымдардың бұл мақалаға айрықша назар аударып, талқылауының мәнісі неде? Осыған тоқталайық. А.Марченко аталмыш мақаласында Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар берілген әлемге әйгілі «Абай жолы» романын «жинақ» деп бағалаған. Ол ол ма, автор қазақ халқының бойына біткен асыл қасиеттерді ғажайып нұрлы тұлғалар арқылы терең суреттеген «Абай жолы» романын тек аңыздар тізбегі деп маңсұқтауға тырысады. Тіпті, Марченко қызды-қыздымен мақаласында «Абай жолында» да, «Махамбеттің жебесінде» де «зерттегіштік» жоқ... М.Әуезовтың «Абайы» сияқты Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесін» нағыз роман деуге болмайды, бұл ұлы ақын мен ереуілшінің (бунтарь) өмірі мен тағдыры туралы зерттеу емес, ол туралы аңыз» деп, көки келе «Ә.Нұрпейісов прозасының аналитизмі, меніңше, М.Әуезовтің «Абайымен» салыстырғанда да көріне түседі» дегенге дейін тұжырымдарға барады.

Бұдан өткен ұлышовинистік империялық өктемдік бола қоймас, сірә! Ұлы М.Әуезовтің бүкіл әлем мойындаған «Абай жолына» ауыз салу дегеніміз, тұтас қазақ әдебиетінің жетістіктеріне көз жұма қарау, ең әрісі қазақ халқының ұлттық әдебиетін іске алғысыз етіп, жоққа шығару демеске лажың жоқ. Сонан соң жалпы Махамбет тақырыбының ауық-ауық тосқауылға ұшырай беруін де түсіне қою қиын...(Халқымыз батыр бабамыз, ұлы ақын Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығын ұлан-асыр тойлады. Бұл да болса тәуелсіздік жемісі.-С.С.). Ұлт мүддесін, ар-намысын ту етіп көтерген «Қазақ әдебиеті» газеті «Алтынды тот баспайды» деген мақалада ұлттық мақтанышторымызды жанын сала қорғап, шовинизмге қарсы тойтарыс берді.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының екінші жартысы Қазақстанның нағыз өрлеп тұрған кезеңі еді. Республикамыз жыл сайын мемлекет қамбасына милиард пұттан астық құйып, жалауына орденнан орден қадаса, республиканың бірінші басшысы Д.А.Қонаев СОКП Орталық Комитетінің Саяси бюросына мүше болып, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанды. Қазақстан «жүз тілді планетаға», «халықтар достығының лабораториясына» айналды. Осының бәрі газет бетінен лайықты орын алып отыруы тиіс болса, ол жағы мүлтіксіз орындалып жатты.

«Ол кезеңде редакцияға қия басқан шығарма, яқи мақала түскен емес және түсуі мүмкін емес еді,-деп жазады сол жылдары (1977-1980) «Қазақ әдебиетін» басқарған жазушы-публицист Сайын Мұратбеков. – Өйткені ақын-жазушыларымыз, әдебиетшілеріміз әлгі оқиғалардың бәріне де жарыса үн қосып, газет бетін сықап тастайтын. Әсіресе, бірінші басшыны ашық мадақтаған дүниелер көптен түсетін де соларды жариялай алмағаным үшін үлкенді-кішілі қаламдастарымнан мен қысас көріп қиналатынмын. Ал, әдебиет мәселелерін, күн тәртібіндегі толғақты мәсеелерді жазатындар некен-саяқ еді.

Сірә, әдебиет өміріндегі тоқырау дегеніміздің белгісі осы болар. Сондықтан өз басым «қасаң уақыт, қытымыр саясаттан қысым көрдік дегеннен гөрі біз сол уақыттың, сол саясаттың жемісі болдық» дер едім» (18). Ол кезде Қазақстандағы цензура да әбден күшіне мініп, айрықша қырағы болып алған. Осы орайда жазушы С.Мұратбеков естелігінде мынадай жайтты келтіреді: Ленинград баспасынан шыққан Қазақ поэзиясының антологиясына Шәкәрім мен Ғұмар Қарашевтың шығармалары еніп, газетке сол кітап туралы мақала жарияланғанда әлгі аталған ақындардың есімдерін цензорлар тізімге кіргізбей қойған. «Мейлі, Ленинградта жарияланса да біз сызып тастаймыз, өйткені бұлар біздің қара тізімімізде»,-дейді олар.

Орталық Комитеттің бөлімдері де газеттің әр қадамын, тынысын қалт жібермей қадағалап отырған. Газетте Қаныш Сәтбаевтің 90 жылдығына орай бет әзірленген. Басылым беттеліп жатқанда Орталық Комитеттің үгіт және насихат бөлімі газеттің шаңын қағады. Бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары: «Сәтбаев туралы осындай бір бет беріп, бұл не деген сұмдық! Алып тастаңдар тез! Құртыңдар»-деп кәрін төгіп, айғайға басады. Іле-шала баспаханадағы кезекші редактор телефон соғып, цензура газеттің әлгі бетіне қол қоймай, қайтарып жібергенін айтады. Бас редактор тәуекел деп Орталық Комитеттің хатшысы С.Н.Имашевқа телефон соғады да жағдайды айтады. Хатшы алдымен материалдардың кімдердікі екенін тәптіштеп сұрап алады да ойлана отырып: «Сен былай істе, анау материалың, анау материалың... барсын, ал қалған материалдарыңды ауыстыр»,-дейді. Сөйтіп, Қ.Сәтбаевқа арналған бет жарым-жартылай ғана жарық көреді. Міне, осындай күнделікті қатаң бақылауда отырғанда газет бетінде қия тартып, сөз айту қиынның-қиыны болды.

Бірде әдебиетіміздің ақсақалы Ғабиден Мұстафин жастар алдында тұрып «ендігі жерде біз ұлшылдықпен емес, ұлтсыздықпен күресуіміз керек»-деген пікір айтып қалады. Бұл сөз газетке өзгертілместен жарияланады. Көп ұзамай «Простор» журналында өзі ғалым бір лауазымы жоғары адам әлгі сөзі үшін Ғ.Мұстафинді де, газеті де көктен алып жерге салып, сынға алады. Итжеккенге айдау керек деп тура айтпаса да сынның сарыны соған жақын еді...

Жазушы-публицист С.Мұратбеков ҚКП Орталық Комитетінің Мәдениет бөлімінде әдебиет секторының меңгерушісі болып жүргенінде бөлім меңгерушісі М.Есеналиевтің үмітті тапсырмасымен «Қазақ әдебиетінің» көлемін өсіру жөнінде СОКП Орталық Комитетіне хат дайындаған. Оған төрт жылдай уақыт өтсе де мәселе шешілмей қойған. С.Мұратбеков «Қазақ әдебиетінде» редакторлық етіп жүрген кезде СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Л.И.Брежневтің «Тың» кітабы жарыққа шығады. Кітаптың негізі де, бастан-аяқ оқиғасы да Қазақстан туралы болғандықтан саясаткерлер де, ғалымдар да, жазушылар да, тың игерушілер де бұл шығарманы жерге тигізбей мадақтап жатады. Ал «Қазақ әдебиеті» газеті үшін бұл кітаптың ішінде бар жоғы, бір сөйлемге жетер-жетпес бір пайдалы пікір бар еді: «...Соғыс алдында тоқтап қалған «Қазақ әдебиеті» газеті қайта шықты»,- деген. Міне, осы бір жол пікірді арқаланып газет редакциясы да, жазушылар одағы да, ең бастысы Республика Орталық Партия Комитетінің Мәдениет бөлімі де бір көтеріліп қалады. Осыдан кейінгі сәтті С.Мұратбеков былайша еске алады: «М.И.Есеналиев мені шақырып алып, мәз бола тұрып: - Ал енді анау жылы өзің әзірлеген хаттың

жолы болады,-деді арқамнан қаға. –Дайындал, жақында шешіліп қалар. Айтпақшы, газетке жазылуды сәл тоқтата тұрасың. Газеттің көлемін, бағасын дәл анықтап алғанша.

-Мақұл, -дедім мен.

Қыркүйекте болған осы әңгімеден кейін қазан, қараша айлары өтті. Газетке жазылу да тоқтап тұр. Желтоқсан айының жартысы да өте бастады. Орталық Комитетке, М.Есеналиевке телефон соғам.

-Ақыр күттің ғой. Шыда, енді аз күнде шешіледі, -дейді нық сеніммен.

-Уһ! Ақыры, ол күн де жетті-ау! Желтоқсанның он жетісі күні «Қазақ әдебиетінің» көлемі екі есе көбейді, форматын кішірейтіп, 16 бет етіп шығарсын деген үкімді де алдық.

Осыдан төрт жыл бұрынғы өзім әзірлеп, өзім толтырған өтініш хат сол өзіміз тілеген көлемдегі форматпен бекітіліпті. 1980 жылғы жаңа жылдық нөмірді жаңа көлемде, жаңа форматпен жасап, әр беттің өзіне лайық материалдары болуын, поэзияға, прозаға, сын мақалаларға, өнерге арналған беттерді белгіледік...»

Содан бері, міне отыз жылдан астам уақыт өтсе де сол алғашқы белгіленген беттерді өзгеріссіз шығару газеттің жақсы дәстүріне айналып келеді. Қазір де жарияланып жататын материалдардың сапалары әрқилы, әртүрлі болғанымен әр нөмерден оқылатын материалдардың табылып жатуы «Қазақ әдебиеті» газетінің ежелгі дәстүрінде бар заңдылық іспеттес. Мұны орынды мақтан етуге әбден болады. Басылым әдебиет пен өнердің, публицистиканың елге танымал өкілдерін тәрбиелеп, қанаттандырудың ошағына айналған десек, еш қателеспейміз.

«Баспасөздің басты бір міндеті - қоғамдық сананың ілгерілеуіне қызмет ету, - деп жазады публицист-жазушы, сыншы Әлия Бөпежанова «Мұртаза кеңістігі» деген естелігінде. – Бұл, әсіресе, қазақ баспасөзіне қатысты қағида. Ал, бір қызығы - қазақ газеттерінің «Қоғамдық сананың ілгерілеуіне қызмет ету» деңгейі бас редактордың ой-сана, парасат, білім-білігіне, бір сөзбен айтқанда, Тұлғасына тікелей байланысты. Кешегі кеңес дәуірінде солай болған, бүгін де тап солай. (Бұл өзі, бір есептен, зерттеп-зерделеуге сұранып тұрған тақырып).

Мұның екі жағы бар. Редактор «газетті алып шығады». Бұл-жақсы жағы. Редакторды «газет алып шығатын» жағдайлар да болады. Бұл-«мата даңқымен бөз өтедінің» кері. Көзқарақты жұрт бәрін алақандағыдай көреді. Бас редактор болу-жаңа идеяларды қолдау, рухани орта қалыптастыра алу қабілетін де, қысқасы, Тұлғалық болмысты қажет етеді. Дөп осы орайда қазақ тарихында Бас редактор болу талантымен де мәшһүр Шерхан Мұртаза туралы сөз айту парыз» (19).

Сексен жылға жуық тарихында әрқилы кезеңді бастан өткерген «Қазақ әдебиетінің» тағы да бір ерекше өрлеу кезеңі – 80-90 жылдар аралығы деу керек. Ол Шерхан Мұртаза бас редактор болған кезең. Ұлт мүддесі жолында нақты іс-әрекеттерімен талай-талай дәлелдеген халықтың Шер-ағасы газетте 1980 жылдың күзінен 1989 жылдың ортасына дейін, кейін өзі «Егемен» атандырған «Социалистік Қазақстанға» басшылық қызметке ауысқанша қызмет етті. Сексенінші жылдардың басында «кемелденген социализм» жағдайында, қызыл партияның өктемдігі өзінің шырқау шыңына шығып тұрған шақта қоғамда ұлттық тарихты, құндылықтарды қорғау, шындықты айту оңайға түскен жоқ. Осы тұста да қоғамдық ойдың қалғымауында газет теңдесіз рөл атқарды десек, артық айтқандық емес. Бұған басылымның сол кездегі жарияланымдары айқын дәлел бола алады. «Қайта құру», «жариялылық» кезеңі келгенде ұлт тағдырындағы, өнердегі «ақтаңдақ» шындығын халқымыз ең алдымен «Қазақ әдебиетінен» оқып білді. Сексен сегізінші жылдың қыс айларында басталған сол үрдіс арқылы «Қазақ әдебиеті» газеті коммунистік темір құрсауды бұзып, ұлт публицистикасының алтын дәуіріне сара жол ашты! Мұны редактордың ерлігі деп бағалау орынды. Шерхан Мұртазаның «Қазақ әдебиеті» газетінде басшылықта жүргенде зерделеп байқаған адамға санаткерлік идологиясымен ерекше танылғанын аңғару қиын емес. Ә.Бөпежановаңың пайымдауынша, санаткерлік идеология дегеніміз – идея, тұтас бір дүниетаным, озық пәлсапалық жүйе!

...Бұл – Мұртаза. Халықтың ұлы Шерхан Мұртаза. Бұлай деуге оның өмірлік ұстанымдарына сай қимыл-қарекет пәлсапасы негіз береді. Сол пәлсапаның бір белгісіндей 80-90 жылдардағы «Қазақ әдебиетінің» ұлттық руханияттағы орны да.

Қазақ әдебиетінің «кербұғысы» атанған Оралхан Бөкей «Қазақ әдебиетінің» басшылығына басылым атаулыны қоғамдағы аласапыран қиындық қаусатқан тұста, яғни 1991 жылдың қазан айында келді. Еліміз әлі Тәуелсіздігін жарияламаған. Қоғам дағдарып, есеңгіреп тұрған. Газет-журналдардың жайына келсек, күрт түскен таралым, сүйікті басылымдарынан амалсыз қол үзген оқырман, еңсені езген қымбатшылық, қағаз-бояудың тапшылығы...

«О.Бөкей газетте өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырған тұлға. Сол қолтаңба - өзгерістер мен жаңалықтар, жаңа айдарлар өзінің өміршеңдігімен ерекшеленеді. «Сыр сандықты ашып қара» айдарының арамыздан ерте кеткен ақын-жазушылардың бұрын жарияланбаған шығармаларын, жазысқан хаттарын, естеліктерін жарыққа шығаруда, уақыт уыты мен замана желі сарғайтқан қолжазбалар, көне фотосуреттерді іздеп тауып, оқырмандарға

жеткізудегі маңызы зор болады. Оның өзектілігі ол алғашқы аяқ алысынан-ақ, яғни ғалым, жазушы Нығмет Ғабдуллиннің Ғабит Мүсірепов туралы естелігін жариялаған күннен-ақ көрінді» (20).

Публицист-жазушы О.Бөкейдің өз қаламынан туған мақалалары ұлт мүддесінен өріліп жатты. Оның публицистикалық дүниелері қалың оқырманның көкейіндегісін дөп басып, өзінің айшықтылығымен ерекшеленіп тұрды.

Зерттеуде газеттің сексен жылға жуық тарихында 1934 жылы тұңғыш редакторлығына бекіген 32 жастағы Ғабит Мүсіреповтен бастап, қазірге дейінгі басшылығының атқарған ұлан-ғайыр азаматтық істеріне жеке-жеке сипаттама беріп жату мүмкін емес. Олардың қай-қайсысы да болмасын қалам қарымымен қалың елге танылған ақын-жазушылар, халқымыздың сүйікті ұлдары еді.

Сөз реті келгенде басылымның қазірге дейінгі бас редакторларының есімдерін рет- ретімен атай кету артық ете қоймас деп ойлаймыз. «Қазақ әдебиеті» газетінің әр жылдардағы бас редакторлары:

1. Ғабит Мүсірепов-1934, қаңтар-шілде.

2. Бейімбет Майлин –1934, шілде -1935, наурыз.

3. Сәбит Мұқанов – 1935, наурыз – 1936, қазан.

Ескерту: газеттің бұл кезеңдегі кей сандарына Қадір Қуанышұлы, Өтебай Тұрманжанұлы, Тайыр Жароков, Жақан Сыздықовтар уақытша жауапты редактор ретінде қол қойып отырған.

4. Бейімбет Майлин – 1936, қараша – 1937, шілде.

Ескерту:Б.Майлин 1936 жылғы 29 желтоқсанда шыққан газет санынан кейін көрінбей кетіп, алты ай бойы қол қоймаған. Жыл соңында жарық көрген газеттің екі санында да жауапты редактордың орынбасары Тайыр Жароков, уақытша редакторы Өтебай Тұрмажанов алма-кезек газетке басшылық жасап отырыпты. «КӘ»-нің Б.Майлиннің соңғы қол қоюымен шыққан саны- 1937 жылдың 30-шілдесі.

5. Асқар Тоқмағамбетов – 1937, желтоқсан – 1938, сәуір.

Ескерту: *белгісіз себептермен уақытша жабылып қалған әдеби басылымның 1939 жылғы алғашқы саны желтоқсан айының 21-і күні ғана шықты, жауапты редактордың аты-жөні көрсетілмеген.*

6. Әлжаппар Әбішев – 1940, қантардан «КӘ» жабылып қалғанға дейін бас редактор болған.

Ескерту: *газет 1940 жылы жабылып, араға он бес жыл салып, 1955 жылы 14-ші қаңтарда дүниеге қайта келді.*

7. Сырбай Мәуленов – 1955, қаңтар – 1957, наурыз.

8. Ісләм Жарылғапов – 1957, наурыз – 1958, қыркүйек.

9. Әбділла Тәжібаев – 1958, қазан – 1959, наурыз.

10. Зейнолла Қабдолов – 1959, сәуір – 1960, қараша.

11. Жұмағали Сайын – 1960, желтоқсан – 1961, шілде.

12. Жұмағали Ысмағұлов – 1961, тамыз -1963, наурыз.

13. Әбен Сатыбалдиев – 1963, сәуір – қазан.

14. Әзілхан Нұршайықов – 1963, қараша – 1965, мамыр.

15. Қапан Сатыбалдиев – 1965, мамыр – 1967, наурыз.

16. Нығмет Ғабдуллин – 1967, сәуір – 1969, тамыз.

17. Сәкен Жүнісов- 1969, тамыз – 1970, ақпан.

Ескерту: *осы мезгілде проза бөлімінің меңгерушісі болып істеген С.Жүнісовтың айтуынша, ол бас редактордың міндетін атқарушы болып отырған.*

18. Әнуар Әлімжанов – 1970, тамыз – 1973, наурыз.

19. Сырбай Мәуленов – 1973, наурыз – 1977, сәуір.

20. Сайын Мұратбеков- 1977, сәуір – 1980, қазан.

21. Шерхан Мұртаза – 1980, қазан – 1989, қараша.

22. Төлен Әбдіқов – 1989, қараша – 1991, қазан.

23. Оралхан Бөкей – 1991, қазан - 1993, мамыр.

24. Ахат Жақсыбаев- 1993, шілде – 1997, қараша.

25. Жұмабек Кенжалин- 1997, желтоқсан – 1999, қараша.

26. Жүсіпбек Қорғасбек – 1999, маусым- 2002, мамыр.

27. Ұлықбек Есдаулет- 2002, мамыр- 2008 маусым.

28. Жұмабай Шаштайұлы- 2008 маусымнан қазірге дейін.

(Газеттің бас редакторларының тізімі «Қазақ әдебиеті» газетінің жетпіс жылдық мерейтойына арналған 2004 жылғы 24 желтоқсандағы нөмірінен алынды) (21).

Қазақ халқы ояна бастады. Оны оятқан «Қазақ әдебиеті» газеті болатын. Өйткені, бір кезде қазақты оятпақ болған Ахмет, Міржақып, Мағжандай асыл тұлғаларымыздың шығармалары бұл кезеңде алынбастай қамалдың астына көміліп жатқан еді.

Жоғарыдағы тізімнен аңғарғанымыздай, кеңестік дәуірде газеттің басшылары жиі-жиі ауысып жатты. Алайда басылым өз бағытынан тайған жоқ. Кеңес идеологтары «Қазақ деген халық октябрь революциясына дейін ешқандай білімсіз, мәдениетсіз, қаранғы, надан, жабайы болған, оның көзін ашқан, адам қылып, ұлт қатарына қосқан, оқытып, басына үй, қолына кәсіп берген тек кеңес өкіметі мен ұлы орыс халқы болды» деген сыңаржақ ұғымды сыналап оқулықтарға енгізіп, ұрпақтар арқылы ұлт санасына сіңіріп, аксиомаға айналдырмақ болғанда осыған көлденең тұрып, алдымен соққы берген «Қазақ әдебиеті» газеті болатын. Ежелгі өркениетіміз, тамыры терең

тарихымыз, бай тіліміз, өнегелі әдет-ғұрпымыз, үлгілі дәстүріміз, әлемдегі кемеңгерлермен тең тұрар ұлдарымыз бен ғұламаларымыз, қайраткер, күрескер тұлғаларымыз бар екенін заманында бүгежектемей бүкпесіз айтқан «Қазақ әдебиеті» газеті еді.

* * *

«Қазақ әдебиеті» газетінің сарғайған беттері тереңнен сыр шертеді. Ақиқат туын асқақтата көтерген от тілді, алған бетінен қайтпайтын қайсар, мық шегедей жазушы-публицистер ұлт мүддесі жолында еңселерін тіп-тік ұстап, өліспей беріспейтіндіктерін танытты. Қазақ қаламгерлернің «тілі кісендеулі» болған кеңестік дәуірді ой елегінен өткізе отырып, «Қазақ әдебиеті» газетін қай кезеңде болмасын ұлт мүддесі жолындағы майданның бел ортасынан көргендей боламыз.

Ұлт публицистикасының алтын дәуіріне жол ашқан «Қазақ әдебиеті» газеті

XX ғасырдың сексенінші жылдарының бел ортасы кеңестік дәуірде тарихи дамудың аса күрделі кезеңі болды. СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумы мен тарихи XXVII съезден кейін кеңестік қоғамның идеология, мәдениет майданында қайта құру басталып, жаңаша бағалауға жол ашқандай еді. Осы тұста орталықтағы «Правда», «Известия», «Литературная газета» секілді басылымдарда қаны сорғалаған мәселелер жедел көтеріліп, күнен-күнге тереңдей түсті. Ал, арада екі-үш жылдай уақыт өтсе де қазақ жазушы-публицистері, тарихшылары үнсіз жатқандай қалыпта болды. Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында: «Қазақтар неге аузына су алғандай үндемей отыр дегендерге қазақша газета жоқ, Думада не мәселе қаралып жатқанын қазақ білмей жатыр деуші едік. Олай деп қазақты әншейін ақтау үшін ғана емес, өзіміз солай ойлағандықтан айтушы едік, әттең газетаның жоқтығы! Төбе басына қойған қарауылшыдай көзіне ілінгенін, құлағына естілгенін мезгілінде білдіріп тұратын хабаршы газета болса, осы кемшіліктер қазақта болмас еді-ау деп тісті қайрап, бармақты шайнаумен болып едік.

Онан кейін: бүйтіп отырып, қазақ жұрт қатарына еріп іс ете алмас, әр орнында көзі жоқ соқыр, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау болар да отырар. Бұған көз, құлақ, тіл болғандай нәрсе қажет деп, газета шығардық»,-деп ah ұра айтпап па еді! (22). Іріп-шіріп, ауыр дерт пен тоқырауға ұшыраған

кеңестік қоғамда қайта құру басталып, демократия кең құлаш жайған тұста қазақ қоғамында қаламгерлерінің, тарихшыларының тұтас армиясы, бұқаралық ақпарат құралдарының –газет - журналдардың, баспалардың тұтас жүйесі болды ғой. Сонда мұншалықты марғау үнсіздіктің қалай болғаны? Тек арада екі жарым жылдай өткенде ғана барып мәселенің мәнін Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, әйгілі тарихшы Манаш Қозыбаев «Тарих және әдебиет» атты мақаласында (23) былайша түсіндіруге талпыныс жасады: «Ғылым тоқырап, ғалымдар маңызды проблемаларды зерттеуден қашқақтап, табаны тайғанақ болғалы не заман. Барды асырып, жоқ табысты даурықпалыққа салып, мадақтау, сөйтіп ғылымды да саудаға салғалы жарты ғасыр өтті. Біздің алдымыздағы аға ұрпақ, одан қалды біз осындай тарихи принципті бұрмалаулардың жуан ортасында болып келгенімізді жасыруға болмайды. Өткен жарты ғасыр ішінде шешілмей, үйіліп, жиылып қалған тарихи проблемалар қаншама десеңші.

...Зерттелуі жағынан догматикалық шылауға молырақ түскен Қазақстанның советтік дәуірінің тарихы. Республикамызда лениндік кооперативтік жоспарды іске асыру барысында болған сәтсіздіктерді біз жасырып, табыстарды асырып жазып келдік. Коллективтендірумен бірге отырықшылдыққа бір уақытта көшу заңдылық деп даурықтық...

...Бір сөзбен айтқанда, тарихты зерттеуде шешілмей, қат-қабат жиналған проблемалар не сан. Алайда, бүгінгі таңда бүгінгі ғалымдармен бұл мәселелер шешіле де қоймас. Өйткені, біз үркіп-қорқып, жалтақ-жалтақ етіп өскен ұрпақтың өкілдеріміз. Ғылыми проблемаларды шешу үшін де, тарихи әділдікті айту үшін де, қолдан жасалған қателіктерді мойындау үшін де тек қана білім емес, жүрек керек. Сондықтан біз – социализмнің перзенттері... болғызбайтындай зерттеулер жүргізу болашақ алдындағы қарызымыз да парызымыз. Бұл біздің имандай шынымыз, балаларымыздың балаларына айтатын өсиетіміз деп білемін!»

Әйгілі тарихшының сөз астарынан аңғарылып тұрғандай, әлі де жалтақтық, сенімсіздік, жүрексіну басым еді. Автордың өзі бұл ойларын нар тәуекелге бел байлай отырып айтқанын түсіну қиын емес. Әрдайым «шаш ал» десе бас алуға дайын тұратын жергілікті партия функционерлеріне сенуге болмайтын. Мұндай қилы-қилы кезеңдерді қазақ қоғамы әлденеше рет бастан өткізген...

Кінәратты қоғамда жаны күйзеліп, кеудесі шер-шеменге толып жүрген, неден болса да жасқанбауға бекем бел байлап, басын қатерге тіккен рухы күшті азаматтар жоқ емес, бар екен! «Қазақ әдебиеті» газеті ұзамай-ақ жазушы-публицист Бексұлтан Нұржекеевтің жариялылық рухына сәйкес тарихшыларымыз бен әдебиетшілеріміз атқарар биік міндеттер төңірегінде

пікір өрбіткен ой-толғамдарын ортаға салады (24).

Жазушы-публицист «Республикалық баспасөздің жай-күйіне қарағанда, біз әлі кешегімізге де, бүгінгімізге де ашып баға беруден тайсақтап, жариялылыққа әлі бел шешіп батыл кірісе алмай келеміз»,-деп, батыл үн көтере келе, қалың жұртшылыққа бұрын беймәлім болып келген бірқатар жайлардың шетін шығарады. ...1930-1932 жылдар мен 1937-1938 жылдардың шындығын әлі ле тірі куәлар бар кезінде біліп айқындау-бәріміздің де азаматтық борышымыз. Әсіресе, 1930-1932 жылдардағы Казақстандағы асыра сілтеу кезеңі бізде әлі бұлдыр, жартыкеш айтылып келеді және айтылған нәрселерге қоғамда халықтық баға беріле де қойған жоқ» -деп үн көтереді.

Жазушы мақаласында архивтің түкпіріндегі шындықтарды жарыққа шығарып жатқан тарихшылардың жоқ екеніне, олардың қазіргі жариялылық кезеңінің талабына батыл үн қоспай, әлі де сақтанып, ұзақ уақыт жөнсіз сылбырлық көрсетуі республикадағы қоғамдық ой-пікірдің, үнінің дұрыс қалыптасуына кесірін тигізіп отырғанына қынжылысын танытады. Сондай-ақ, мақала рухшылдықпен қарсы бітіспес күрес, ұлттық тіл мен ділдің, ақиқат ауылының өзекті мәселелері тұрғысындағы батыл да ашық ой-пікірлермен өрнектелген.

Осындай соңы серпілістен кейін ұзамай-ақ тағы бір танымал публицист-жазушы Смағұл Елубаев: «Осындай әлеуметтік әділет туы көтеріліп, жариялылық үні дүниені жаңғыртып жатқан, осынау қайта қарау, қайта құру кезеңінде біз нендей мәселені қайта қарап, нендей мәселені қайта құрдық деген заңды сауалдар туындайды. Рас, орталық журналдар тарихтың «ақтаңдақ» тұсының шындығы туралы орыс жазушыларының қоржынында ондаған жылдар қантарулы жатқан роман, повестерді бірінен кейін бірін тоғытқанда, біздің журналдар не басарын білмей томаға-тұйық үнсіз қалды. Бұл жалғыз ғана біздің баспасөздің міні емес, күллі тарихшы, жазушы қауымының да міні еді. Әлде шындық жолында құрбан болып, екі-үш роман тартпада жатпайтындай сталинизм жылдары Қазақстан аспанында үйірілген бұлт өзге республикалардан аз болып па?!» -дей отырып, отыз екінші жылы қазақ басынан өткен алапат қырғынға тоқталады, Ф.И.Голощекиннің қолдан жасаған аштығының кесапатын терең ашып көрсетеді (25).

Публицист-жазушының жан толғанысына құлақ түрер болсақ, Қазақстан тарихында «1932 жыл» қара жазумен жазылатын дата. Бұл жыл-республика басына төтенше төнген нәубет, бұл жыл-халық тұрмысымен, психологиямен санаспай омыра басшылық етудің, әкімшіліктегі волюнтаризмнің аяғы немен тынарын мәңгі еске салып тұруға, мәңгі сақтандырып тұруға тиіс жыл.Бұл жыл – еш уақытта ұмытылуға тиіс емес,

керісінше келер ұрпаққа үлкен сабақ болуға тиіс. Бұл – орны толмас халықтық қасірет.

Автор Қазақстандағы аштықпен белсене күрескендердің бірі, жас қаламгер Ғабит Мүсіреповтің Қазақстан өлкелік партия комитетіне Голощекин саясатының қателігі, соның салдарынан аштық зардабын көріп жатқан қарапайым халық туралы ресми хат тапсырып, қарсылық білдіргенін («Бесеудің хаты»)айта келе, осы құжаттарды тауып, елге жеткізудің аса қажеттігіне тоқталады. Сондай-ақ, жазушы-публицист тоқырау жылдар зардабы тек қана күллі қоғамымызды емес, әдебиетімізді тұралатқанын, ащыдан жазушылар қашып, тұзы татымаған тұщыдан қалың қазақ оқырманы қашып, «кітап» деген қастерлі ұғым өзінің бағзы қадыр-қасиетін жоғалтуға жақындағанын жеткізеді.

Кезінде Кеңестер одағын ғана емес, күллі әлемді дүр сілкінткен, қылышынан қан тамған Мәскеу тоталитарлық жүйе алпауыттарының қиқулата ат қосқан, ғасырдың ағысы, сынға түскен 1986 жылғы қасіретті Желтоқсан оқиғасы да бағасын ала алмай жатты. Тіпті, СОКП Орталық Комитетінің «Қазақ Республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында (26) тұтас ұлтқа «қазақ ұлтшылдығы» деген қара күйе жағылды. Ұлт намысын алаулатқан бұл тарихи оқиға жөнінде алғашқы жылдары одақтық, республикалық басылымдарда түрлі көзқарастар білдірілген жарияланымдар басылумен болды. Олардағы пікірлердің бір-бірімен кереғар келіп жатқаны да ащы шындық еді. Осындай бей-берекеттік белең алған тұста халықтың адал ұлы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, КСРО халық депутаты Мұхтар Шаханов орталықтың адам төзгісіз әділетсіздігін айтып, жалындата үн көтерумен болды. Ұлт намысы жан-жүрегіне тыншу бермеген ақын-азамат КСРО халық депутаттарының бірінші съезінің мінберінен Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты берілген бағаны қайта қарау туралы Мәлімдеме жасады. Басын қауып-қатерге байлаған ол, ештеңеден де тайсалған жоқ.

«Съезд трибунасынан айтылған Мәлімдememді республикалық бірде-бір басылымның жарияламауы көңіліме күдік ұялатты, - деді М.Шаханов «Қазақ әдебиетінің» тілшісі К.Табеевке берген сұхбатында. – Жасқаншақтық пен жалтақтықтан түбегейлі арылмайынша, халықты мазалаған түйіні қиын мәселелердің байыбына барып, оны тереңдеп айту еш мүмкін емес. Қазіргі уақытта бүкіл рухани күш-жігеріміз әртүрлі ұлттардың достығын жалғастырып, көп ұлтты Отанымыздың ірге тасын нығайтуға бағытталып отырған кезеңде ұлт намысына көлеңке түсірер әрбір кездейсоқ жағдайға зерделі көзбен қарауды уақыттың өзі талап етеді. Алматыдағы декабрь

оқиғасы біздің республика өміріндегі емделмеген жара секілді ең бір жанды нүкте. Ал кейбір басшы жолдастар «Осы мәселені көтерудің қажеті жоқ еді, Шаханов біткен жараның аузын тырнағысы келеді» деген сияқты уәж айтуда. Мен бұған үзілді-кесілді қосылмаймын. Өйткені, әрбір жасалған қылмыс, кімнің тарапынан болсын жіберілген әрбір қателік, ерте ме, кеш пе, әйтеуір, әділдік пен байыптылықты терең зерттеу қажет етеді» (27).

Мұхтар Шахановтың КСРО Жоғарғы Кеңесі халық депутаттарының бірінші съезі мен сессиясында сөйлеген сөздері мен Мәлімдемесі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Арнаулы комиссиясын тезірек құруға себеп болды.Сондай-ақ, осы тұста Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Михаил Есеналиевтің тарихқа айнала бастаған Желтоқсан дүрбелеңі туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумына депутаттық қозғау салуы да қолға алынған іске үлкен ықпал тигізгені анық еді. Осы жайлар жөнінде аталмыш Арнаулы комиссияның төрағасы, ақын Қ.Мырзалиев ашық айтып, комиссияның жан-жақты жүргізіп отырған жұмыстарынан қалың бұқараны хабардар етеді (28).

Ұлт мүддесі жолында еңселерін тіп-тік ұстап, азаматтық танытқан халықтың адал ұлдарының, зиялы қауымның арқасында әділет салтанат құрып, Желтоқсан оқиғасына лайықты баға берілді. Ұлт намысы үшін бастарын қауіп-қатерге байлап, тоталитарлық биліктің қанды шеңгелінде болған қазақтың талай-талай ұл-қыздары ақталды. Желтоқсан тақырыбын «Қазақ әдебиеті» тұрақты көтеріп, халықтың көзін шындыққа жеткізді (29).

«Қазақ әдебиеті» газетінің жоғарыдағыдай жарияланымдарынан кейін өзге де басылымдар қаны сорғалаған өзекті мәселелерге жанамалап болса да бара бастады. Осы тұста еліміздегі танымал тарихшыларымыздың бірі, профессор Ә.Тұрсынбаев: «Тарихтың өзекті проблемаларын, соның ішінде ұлттық және ұлтаралық қатынастар мәселелерін ғылыми талдаудың жай-күйі туралы осы айтылғандардың өзінен-ақ тарихшылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында орын алған оқылықтар мен кемшіліктерді түзете алмағаны көрініп тұр. Бұл тақырыптарды зерттеуде мақтанарлықтай ештеңеміз жоқ. Асыра мақтау сипатындағы трактаттарымыз қоғамдық ойды маргаулыққа ұрындырды. Ал өмірдегі нақты жағдай тарихшылардың да, әдебиетшілер мен журналистердің де назарынан тыс қала берді» - деп, мойындай отырып, қынжылыс білдіреді (30).

Тарихшы Манаш Қозыбаев «ақтаңдақтар» ақиқатын ашуға белсене кірісіп, халқымыздың өлшеусіз қайғы-қасіретке батуына басты себепкер болған Ф.И.Голощекиннің (Шая Ицковичтің) саяси портретін көз алдымызға әкелді (31). Сондай-ақ «Социалистік Қазақстан» газетінде «Ақтаңдақтар» ақиқаты» атты мақаласын жариялады (32). Жазушы-публицист Бейбіт

Қойшыбаевтың Қазақ КСР Жоғары сотының председателі Т.Аймағанбетовпен сұхбаты арқылы қалың оқырман 30-шы жылдары жазықсыз репрессияға ұшыраған ақын-жазушылар А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың әдеби мұраларын оқырмандарға қайтару жөнінде жұмыс істеп жатқан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы комиссиясының ісінен хабардар болды (33). Ұзамай-ақ ҚКП Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы бойынша жазықсыз жазаға ұшырап, республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болған аса көрнекті қазақ зиялыларының қоғамдық- саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметтері туралы тарихи шындық толық көлемінде қалпына келтірілді, қазақ халқы аңсай күткен әділет салтанат құрды (34).

Осы орайда ғалым-публицист, ұлттық мүдде тұрғысындағы ой-пікірлері үшін елуінші жылдардың аяғында қуғын, қысастық көрген Тұрсынбек Кәкішовтің газеттің екі нөмірінде жарияланған «Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы» атты мақаласы ерекше назар аударады (35). «Алашты ауызға алсақ, төбе шашымыз тік тұрып, кесапатқа ұрынардай көрінетін болдық. 1928-31, 1937-38, 1949-53 жылдары алашқа жақын болды деген адамдардың пәни құруына себепші болдық, сол кездегі пысықтар мен қызыл-көздер қысастық жасауға «алашшыл, ұлтшыл» дегендерді оңды-солды пайдаланды. Ондай атаққа «ие» болған адам алапестей арамыздан аластатылды. «Алаш» атауы қарғыс-лағнеттен де күшті, әсерлі, зәрлі болды», -деп, автор қазақ зиялыларының кезең-кезеңмен қалайша қудаланғанына, осынау зобаландардың идеологиялық тұрғыда асқынуына себепші болған бірқатар партиялық қаулылардың мәніне тоқталады, олардың күшін жоятын арнайы қарар шығарудың уақыты жеткенін мәселе етіп қояды. Осы материалдан кейін 1989 жылдың соңында әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің комиссиясы өз қорытындысында жеке басқа табыну кезеңіндегі дүмшелікпен жадағай теріске шығару мен халық тарихын зерттеу мәселелеріне тоқыраушылық тежеу салдарын батыл түрде жою мақсатымен төмендегі партиялық құжаттардың күшін жою қажет деп тапты: ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің Мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсініктеме хаты (10.01.1932 ж.), сондай-ақ Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» (21.01.1947), «Қазақстан

Совет Жазушылары Одағының жұмысындағы үлкен қателіктер мен кемшіліктер туралы, оларды жою жөніндегі шаралар туралы» (17.08.1951), «Социалистік Қазақстан» газетінде: «Көпеев – ұлтшыл, діндар ақын» деген атпен жарияланған мақала туралы» (10.12.1952), «Қазақ әдебиеті антологиясының жаңа басылымы туралы» (07.01.1953) және «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысы туралы» (1.08.1953) қаулылары.

Сөйтіп, қайта құру және қоғамды демократияландыру, ұлттық сана-сезімнің өсуі жағдайында ғана қазақ журналистері мен жазушылары «Қазақ әдебиеті» газетіндегі жарияланымдары арқылы ұзақ жылдар бойы ұлт зиялыларының адымын аштырмай, қуғын-сүргінге ұшыратуға басты себепші болып келген қазақ әдебиеті ұлтшылдықпен айыпталып, қаламгерлердің төбесінде «саяси соқырлықтың» найзағайын жарқылдатқан қаны сорғалаған партиялық құжаттардың күшін жоюға батыл қадам жасады.

***

Темір құрсау бұзылып, сірескен сең сөгілді. Республикалық ұлттық басылымдар да ұзақ жылдарға созылған марғаулықтан арыла бастады, жазушы-публицистеріміз, тарихшыларымыз социалистік догматизмнің шеңберінен шығып, өткендегі орны толмас халықтық, шын мәніндегі ұлттық қайғы-қасіретімізге таразылау тұрғысында баға беру үрдісі қалыпты іске айналды. Халықтың қайғы-қасіретін арқалаудан танбаған, талай-талай қилы кезеңдерді басынан кеше отырып, ұлт мүддесінен сомдалған «Қазақ әдебиеті»газеті осылайша ел тәуелсіздігі қарсаңындағы бозала таңда қазақ публицистикасының алтын дәуіріне жол ашты! Еліміздегі ұлттық басылымдар беттері шынайы ақиқат-шындықтың, ашық әңгімелесу, пікір алысудың, үміт пен күдіктің, жарқын болашақ бастауларының ашық алаңына айналып жүре берді...

«Қазақ әдебиеті» газеті партия және партократия хақында

Ұлт публицистикасының алтын дәуірі басталған өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында дімкәс та кінәратты социалистік қоғамның өзегін жарып шыққан «қайта құру», «жариялылық» үрдісі қазақ елінде кеш болса да тереңдеп, дендей бастаған-ды. Соның айқын айғағындай, газеттер мен журналдар халықтың қарапайым ой-пікірлерін, қоғамымызда қордаланып қалған кеселдер туралы ашық та батыл жаза бастады. Жалпы

ұлтымыздың талайлы тағдырында, әдебиетіміз бен мәдениетіміз тарихында мәңгілік өшпес із қалдырып, бірақ өздері мәңгілік өше жаздаған заманауи мұңлықтарымыз бен зарлықтарымыз басылымдар арқылы шынайы да мөлдір күйінде халқымызбен қайта қауышты. Ең бастысы сол, кеңестік кезеңде жалтақтап, жүрек тербеген ой-армандарын айта алмай келген жазушы-публицистеріміз, мәдениет-өнер адамдары ащы шындық төңірегінде ой бөлісіп жатты.

Алпысыншы, жетпісінші жылдары ұлттың бетке ұстар зиялы әдебиетшілері, публицистері осындай дүбірлі сәтті аңсап, іштей құмығып келгенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Бұл олардың жазбаларында жасырын түрде бой тасалап тұрғандай әсер қалдырады. Осы ретте ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің мынадай ойларын бір сәт зерделесек, бұған айқын көз жеткізгендей боламыз: «Жазушы неге нашар жазады? Мұның себебі біреу ғана емес.Ең әуелі өмірді нашар білу бар. Жазам деген ортадан сыртқары тұрып жазуға болмайды.Өзің талдап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына шейін түгелімен қиялдап та іштен көшіру шарт. Таңдап алған ортасын және тиісті байланысты сүйіп сезінген көңілге ғана шыншыл терең, сенімді суреттер сай келеді.

Ал енді осы айтқанмен қатар біздің творчестволық тіршілігімізде тағы бір мәні аса зор екінші жай бар.

Көп уақытта біз өмірді біле тұра да, көркем шығармаға керек шындықтың көбін жазбайтынымыз болады... адам өзін өзі ұмытар халге жететіні болады. Дағдылы мерзімді қалпынан мүлде өзгеріп өсіп кететіні бар. Сондай күйден ғана терең шындық шығармасы туады. Ендеше ең үлкен шарт не? Шарт, саяз қалқымау, шала қарпымау! Болмаса шала-шалағайдан не тумақ! Көрік те берік жоқ, ши-шырпы ғана туады!...

Ал біздің повесть, роман, әсіресе пьеса атаулымызда жаңағыдай адам шындығының орнына көбінше жалған драма, жалған тартыс түседі.

Осы жалған тартыстар шығармаларымызда шын тартыстың төлеуіне жүріп кетіп, конфликтісіз құрылыс деп аталады. Барлық жанрдағы шығармаларда сондай жасанды жалған құрылыстар мол орын алғандықтан арзан қолды шығармалар молайды (36).

Әйгілі сыншы Мұхамеджан Қаратаевтың да мынадай ой-пікірлері бүгін де маңызды: «Сталинді партиядан, халықтан бөліп алып, құдайдың қатарына шығару, босқа даурығу, шындықты айтуға келгенде жалтақтау, қысылып-қымтырылу, халықты, адамды аяқ асты ету сияқты өрескел қылықтар әлдеқашан қалды, әрине. Тағы да толып жатқан кесел, қырсықтардан біржола қол үздік. Бірақ көп жылдар бойы миға сіңіп әбден әдетке айналып кеткен кейбір құбылыстар осы күнге дейін ескерусіз етекке жабысып, аяққа

шырмалып қалмай келеді. Олар ойға оралғы, сезімге бөгет жасайды. Соның бірі – схемамен ойлаушылық.

Схема – әдебиеттің жауы екенін біле тұра, кейбір жазушылар мен сыншылар схемамен ойлайтынын өзі де байқамай қалып жүр. Олардың өмір шындығы туралы газеттен, одан-бұдан тірнектеп алған азын-аулақ білігі болады, оқулықтан алған шағын ғана қара дүрсін ұғымы болады, дүниені олар осы мөлшермен өлшейді де, өмірдің шытырман күрделі оқиға, құбылыстарына кездескенде, қайықша қалқып, шоршып шығады, айдынға, тереңге, жылымға бармайды, саяздан, шалшықтан қайтады. Ал енді бір жаманы, осы саяз бен шалшықты өмір шындығы деп ұстанатындар бар.

Схемамен ойлау, өмірді сырттан өлшеп-пішу, шындықтың қайшылы – ғынан, қиындығынан, терең сырынан қорқып тайқақтау – XX съезден бұрынғы салт еді ғой. Сондықтан қазірде өмір шындығына бойлап бармай, бержағынан қайтып жүрген жазушылардың үстірт шығармасын оқығанда лажсыз сол бұрынғы салттың салдарын еске аласың...» (37).

Жоғарыда айтылған ойлар 1956 жылғы XX съезден басталып, 1961жылы XXII съездің өріне шығарған жаңа дәуірдегі қолайлы жағдайда көркем әдебиеттің даму процесі нендей жеміс берді, қандай бағыт алып отыр деген мәселе тұрғысында болатын. Партияның XX съезі Кеңес әдебиетінің алдына осы заман тұлғасын бейнелейтін идеялық-көркемдік дәрежесі жоғары асыл туындылар беруді мақсат етіп қойған еді. Дегенмен де арада көп уақыт өтпей-ақ Коммунистік партия социалистік догматизми иеологиясының бағытын өзі ұстанған арнаға бағыттап, бұрандасын қатайта бастады. Сол тұста бас көтере бастаған демократиялық, еркіндік үрдісі ұмыры ұзаққа созылмады, қайтадан тұншықтырылып, Кеңестік қоғам тоқырау табалдырығын аттады. Қазір ойлап отырсақ, жетпісінші жылдармен тұспа-тұс келетін бұл кезең жиырма жылдай уақытқа созылған екен. Марғаулықпен, ауажайылушылықпен сипатталатын осы кезеңде ұлт пен ұлыстың келбеті мен тағдырын айқындауға талап, талпынысқа қатаң да жасырын шектеу қойылғаны мәлім. Ұлттық интеллигенциямыздың үлкен бір тобына 50-жылдары тағы да «ұлтшыл» деген айып тағылып, қуғын-сүргіннен, бас сауғалаудан бой түзей бастаған олардың әсіресе ұлт мүддесі, ұлт мәселесі, ұлттық характер төңірегінде сөз қозғауға, ой-пікір айтуға зауықтары жоқ еді. Мұндай көңіл-күй қазақ публицистикасында белең алып тұрды. Дегенмен арагідік болса да бұл тұрғыдағы ой-өлшемдердің бой көрсетіп қалып отырғанын жоққа шығаруға болмайды. Бұған ғалым-публицист М.Ғабдуллиннің төмендегідей пікірлерін келтіре кеткен орынды секілді: «Қаһарманның ұлттық өзгешелігі, ең алдымен, оның ұлтының дамуындағы әлеуметтік, экономикалық және тарихи ерекшелігіне және

осыған сәйкес, дүние танудағы, түсінудегі, сезінудегі ұлттық психологиясына байланысты нәрсе. ... Әр халық өмірінің әлеуметтік-тарихи өзгешеліктері бар. Сол өмірде қалыптасқан адамның сипатынан осы ерекшелік белгілер көрінбек. Қаһарманның ұлттық келбеті туралы пікір айтқанда, халық өмірінің осы әлеуметтік-тарихи ерекшелігін көбіміз ескере бермейміз. Зерттеулерде, ұлт кейіпкеріне берілген сипаттамадан алшақтамай жататыны сондықтан. ... Қаһарманның ұлттық ерекшелігін танытатын күйлер мен моральдық-адамгершілік қалыптарды ұлт дамуының обьективтілік заңдылықтарына тығыз байланыста алып қарауымыз керек» (38).

Жариялылықтың саф ауасымен еркін тыныстай бастаған шақта ұлттық публицистиканың өрлеу кезеңіне қадам ашқан «Қазақ әдебиеті» газеті батыл үннің , ашық пікір мен әділ таразылаудың басында тұрды. Қоғамдық ой көшкінінде құлаш ұрған жазушы-публицистеріміздің зерде-танымы да биікке өрлеп бара жатты. Газет бетінде бірінен соң бірі жарық көрген қоғамдық өмірдің шынайы шындығы жөнінде мәселе көтерген материалдар қалың оқырманға жол тартумен болды. Сондай публицистикалық мақалалардың бірінде ұлттық мүдде тұрғысында қазақ қоғамының кеңестік дәуірдегі бірқатар шынайы шындықтары байсалдылықпен әңгіме болды. Материалдың авторы Михаил Есеналиев өткенге сарабдалдықпен ой жібере отырып, қазақ интеллигенциясының өз тарихында үш рет аяусыз қудалауға ұшырағанын ашып айтады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында айқын бағыт алған таптық күрес ат төбеліндей ғана қазақ интеллигенциясын екіге бөлді. Бірсыпыра зиялыларымыз «Алаш» ұйымына топтасты.Олардың ішінде аса талантты, дарынды оқығандарымыз аз емес еді. Интеллигенциямыздың екінші бөлігі жаңа қоғамды орнатуға белсене араласты. 20-жылдардағы таптық күрестің қатал логикасы мынаған алып келді: ең алдымен ұлттық мүддені жоғары көтеріп, социализмнің мән-мағынасын жете түсіне алмаған немесе түсінгісі келмеген интеллигенция (А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов) қатты қудаланды, қоғамдық-саяси өмірден шеттетілді, оларға кешірім жасалмады.

Жиырмасыншы жылдардан кейін ұлттық интеллигенцияның үлкен отряды пайда болды. Дегенмен де таптық күресте шыңдалған, ұжымдастыру мен индустрияландыру кезеңдерін бастан өткерген, уақыт өте келе ұлттың мұң-мұқтажын терең түсінген асылдарымыздың басым көпшілігін 37-38 жылғы репрессия жалмады.

Ұлттық интеллигенциямыздың бір тобына 50-жылдары тағы да «ұлтшыл» деген айып тағыла бастады. Осы жылдары «Қазақ әдебиетінде» ұлт мүддесінен туындаған қазақ тіліне, мектептерде қазақ тілінде оқытуға, т.б. жайларға қатысты өткір де өзекті публицистикалық материалдар

жарияланып, авторлар қуғынға ұшырады...

Осынау оқиғалардан соң отыз жылдан астам уақыт бойы қазақ халқы «ұлтшылдық» деген айыптауды естіген жоқ. Тек, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін СОКП Орталық Комитеті Алматыдағы ашық бой көрсетулерге байланысты «Қазақ республикалық партия ұйымының интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында республикамыздағы шовинизм көріністері, қазақ ұтшылдығы, ұлтшыл пиғылдар туралы айтылды. Мұндай шешімдер өз-өзінен халықтың наразылығын туғызды.

Публицист жоғарыдағы жайларға өз бағасын бере отырып, қалың бұқараның орынды ренішін туғызған қоғам дамуындағы кінәратты моральдық-саяси ахуалға ғана емес, сонымен бірге республикамыздың экономикалық дамуындағы елеулі кемшіліктерге тоқталды. Партияның кадр мәселесін шешу ісіндегі әділетсіздіктерге – басшы қызметкерлерді тағайындауда көбінесе олардың саяси, іскерлік, адамгершілік қасиеттерін емес, жерлестік, рулық, тамыр-таныстық белгілеріне айрықша мән беріп отырғанын ашып айтты. Сондай-ақ автор одақтың, орталықтың әлеуметтік-экономикалық әділетсіздікке ұзақ уақыт бойы жол беріп келгенін тілге тиек ете отырып, Қазақстанның негізінен тек шикізат өндіретін аймақ болып қалғанын нақтылы фактілермен дәлелдейді.

«Қазақтар – ежелден кеңпейіл, бауырмал халық, - дейді мақаласының соңында. – Қонағына төрінен орын беретін, өзінен бұрын өзгені құрметтейтін халық. Мәселен, Тарас Шевченко – украин халқына қалай қымбат болса, Махамбет есімі де – қазақ халқына дәл солай қымбат. Дәл қазір республикамызда Махамбет есімімен аталатын бірде-бір қала жоқ болғанымен, украин кобзарының атымен аталатын екі қаламыз бар...

Көкшетау қаласында, яғни В.Куйбышев пен Ш.Уәлихановтың туған жерінде Шоқанның музейі жоқ болса да, В.Куйбышевтің музейі бар. Ф.Достоевскийдің Одақтағы ең бір үлгілі музейлерінің бірі – Семейде. Ал Мұхтар Әуезовтің музейі облыс орталығында емес, аудан орталығында орналасқан...» (39).

Сексенінші жылдардың соңына қарай ұлы держава-Кеңестер Одағында жетпіс жылдай өз билігін өкемдікпен жүргізіп келген коммунистік партияның беделден айрыла бастағаны ақиқат еді. Сондай-ақ елдегі тұрақсыздық қарапайым халықтың ұзақ уақыт бойы дәріптеліп келген коммунистік партияның көшбасшылық кемеңгерлігіне ғана емес, жалпы үкіметтің ұстанған бағыт-бағдары мен әр он-он бес жылда бір қаулысын жоққа шығарар айнымалы жоспарына, заңына, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыз шараларына күмәнмен қарау сенімсідігін туғызды. Қоғамдық

жүйеміз бен ғылымымыздағы ел мен жерді көркейтудің нақты мәселелерінен гөрі көпірме көпсөзділікке, құрғақ уәдеге әуестік жүрек айнытып, баяны жоқ мақалалар мен баяндамалар қаптап кетті. Екіжүзділік етек жайған, тоқырауға душар болған қоғамда көшбасшы саналатын партияға әділ де лайықты баға берілуі тиіс болатын. Қалың бұқара өздерін сарсаңға салып қойған партияның кім екеніне айқын көз жеткізуі керек еді. Халық алдындағы бұл аса күрделі де қауіпті парызды жазушы-публицист Оралхан Бөкеев орындады: «Сол, «тоқырау» деп аталатын жылдары жазылып, басылып таратылған кітаптар сеңдей сіресіп сөрелердің қабырғасын қайыстырды: сол тұстағы барабан сықылды дүмпуі қатты, іші қуыс саяси кітаптардан емтихан тапсыра алмай студент азап шекті, оқудан шықты, қазір де қарық болып жүргені шамалы. Шіркін-ай, миллиондаған тиражбен таралған Сталиннен бастап Черненкоға дейінгі саяси жинақтарға жұмсалған қайран қағаз қазір болса ғой, онда халықтың сұранымына ие газет-журнал, көркем әдебиеттің шектелуін алып тастар едік. Біздің айтпағымыз, дәл осы мәселе болмаса да, осындай үлкенді-кішілі ағаттықтарымыз коммунистің беделіне уақыт өткен сайын нұқсан келтіргені рас» (40).

Публицист-жазушы жалпы партиялық басшы органға бірыңғай халық шаруашылығы саласындағы мамандардың көптеп тартылып келгенін, олардың өз мамандығы шеңберінде ғана шектеліп, жан-жақты білімі таяз болғандықтан, саяси істе шорқақтық көрсеткендіктерін ашық түрде айта келе, бұл іске филологтар, журналистер заңгерлер, философтар, ғалымдардың аз мөлшерде тартылып келгеніне қынжылыс білдіреді. Осылайша, партиялық кадрдың қатары біржақтыланып, билігі болғанымен беделі әлсірей бастады. Партиялық билік жүріп тұрған кездің өзінде «Қазақ әдебиетінің» мұндай материалды жариялауының өзі ерлікпен пара-пар еді.

Кезінде «Қазақ әдебиетінің» беттерінде коммунистік партияның авангардтық рөлінің төмендегені, халық алдындағы абырой-беделінің құлдырап бара жатқаны аз әңгіме болған жоқ. Сол тұста партия съезі мен пленумдарының, жоғарғы кеңес сессияларының биік те мәртебелі мінберлерінен бастап, әрбір ұжымдағы бастауыш партия ұйымына дейін осынау кері кеткен қатты ағысты қалай тоқтату, жоғалған беделді қалай қайтару төңірегінде ащы да ашық пікірталастар өтіп жатты. Газеттің бетінде де көптеген қазақ публицист-жазушыларының (Асқар Сүлейменов, Тұрсынхан Әбдірахманова, Оралхан Бөкеев, Камал Смайылов, тағы басқалар) осы күрделі мәселеге орай, қоғамдық-саяси өмірдегі орын алып отырған ахуал жайындағы ой-толғаныстары жарық көрумен болды. Әрине, алып мемлекет – Кеңестер одағының түпсіз тоқырауға ұшырап, тығырыққа тірелуіне, осыншалықты әлеуметік-экономикалық қиын жағдайға душар болуына тек

қана партия кінәлі емес еді. Бұған негізгі айыптылар – партияның атын жамылып, биік мансап қуған жекелеген адамдар болатын. Олардың қолына билік тиген сәтте өз бастарының жеке мүддесі үшін ел, жер тағдырын құрбандыққа шалып жіберетінін тарих талай рет дәлелдеді.

Қайта құру мен жариялылықтың сәулесі себезгілей бастаған тұста партократтар әділдік жолында күрескен жандарды аяусыз тұқыртудың небір айла-шарғыларын жасаудан тайынған жоқ. «Қазақ әдебиеті» газеті ақиқат туын желбірете отырып, жазықсыз жапа шеккен адал жандарды қорғауды басты парыз деп білді.

«Қазақ әдебиеті» газетінің ел егемендігінің қарсаңындағы нөмірлерін ақтарып отырсаңыз, басылымның ұлт мүддесін көздеген жарияланымдарға барынша мән бергеніне көзіңіз жеткендей болады. Газет әлеуметтік-экономикалық,әдебиет пен мәдениет, өнер, қаны сорғалаған ұлттық мәселелер тұрғысында ой-пікірлерге жедел де батыл түрде қозғау салып отырды. Материалдар авторларының құрамы да әрқилы болды. Бұл тұста республика партия басшылығының уақыт тынысын терең сезіне отырып, әдебиет басылымының бетін мінбеге айналдыруға құлшына кіріскенін, ащы шындық негізделген өзекті ой-пікірлерді ашық айта бастағанын аңғарамыз.

Айталық, Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы, ұлт мүддесінің белсенді күрескері ретінде танылған Өзбекәлі Жәнібековтің «Елдік, бірлік белгісі» атты көлемді мақаласы сол тұста кім-кімді болмасын бей-жай қалдырмағаны анық (41).

Автор КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Тіл туралы Заң бойынша қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып жариялануына орай жүзеге асырыла бастаған нақтылы шараларға тоқтала келе, ұлттың ұлылығын, тұрақты қауымдастығын аңғартатын белгісі – тіл мәселесін жан-жақты сөз етеді.

Мақаланың өн бойында қайраткер-публицистің тіл тағдырына ерекше алаңдайтыны айқын аңғарылып тұрғандай әсерде отырасыз. «Тіл – құрал дейміз, - деп жазады автор. – Құрал болғанда ойды жеткізудің ғана емес, тәрбиенің де құралы. Ана тілінде тәлім-тәрбие алған жеткіншек есейгенде өз халқына тән табиғи мінезді бойына сіңіре алмай қалуы мүмкін емес. Тілдің өзіндік ойлау жүйесінің өзі-ақ баланың сана-сезімін қазақы ұғымға бейімдей беретіні белгілі».

Бұдан әрі автор Тіл туралы Заңды жүзеге асыруға орай істеліп жатқан шараларға тоқталып, бұл бағыттағы маңызды жұмыстың шын мәнінде босаңси бастағанына қынжылыс білдіреді. Оның астарында мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін денсаулық сақтау, халыққа қызмет көрсету, транспорт пен байланыс, сауда жүйесіне ендіру мәселесінде республикалық

министрліктер мен мекемелердің, облыстық, қалалық, аудандық кеңестердің, қоғам ұйымдары мен кәсіпорындардың мардымсыз, немқұрайды істеріне реніш жатыр. Ал бұл аз болғандай ішкі істер, жергілікті өнеркәсіп министрліктері, телерадио-хабар комитеті, тағы басқа үкімет орындары қазақша іс жүргізуге, қостілділікке байланысты мәселелерді талқыламаған. Қазақ КСР Ғылым академиясынан басқа бірде-бір мекемеде қолма-қол аудару ісі ұйымдастырылмаған. Министрліктердің басым көпшілігінде, кеңестер мен қоғамдық ұйымдарда шешендерді қазақша сөйлеуге дағдыландыруға, азаматтарға шағым тілімен жауап баруге, іс қағаздарын, жарнама материалдарын, нұсқаулар мен ұсыныстарды қазақша аударуға мән берілмей келе жатқаны анықталған.

Билік басындағылардың, басқасы басқа, тіпті қарапайым халық үлкен сенім артып, қошеметтеген депутаттардың басым бөлігінің ең қастерлі қазынамыз – ұлттық тілге деген немқұрайдылығының, селқостығының ел тәуелсіздігінің туы биікке көтерілген қазіргі шақта да белең алып тұруы публицист-жазушыларды, мәдениет адамдарын бей-жай қалдырған емес. Бір сәт шегініс жасап, еске түсірейік. Қазақ тілін мемлекеттік тіл етіп жариялаған қаулы 20- жылдарда да болған. Бірақ оны ендіруге келгенде жауапкершілік жетіспеді, бұл кезеңнің ыңғайы мүмкіндік бермеді. Сол жылдары Жүсіпбек Аймауытов секілді көзі ашық азаматтардың орысша оқулықтар мен кейбір еңбектерді қазақшалап, тілімізді жаңа сөздермен, терминдермен байытуға күш салғаны рас. Бұл салада әсіресе Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі айрықша болды. Осындай игі іс 30-шы жылдарда мүлдем тоқтап қалды да, қазақ тілінде іс жүргізуді былай қойғанда, оқулықтардан басқа жаратылыстануға, техникаға, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, сауда-саттыққа байланысты әдебиет мүлдем шықпайтын болды. Сөйтіп, мемлекеттік тілге ауадай қажет бір тармақ – ғылыми және техникалық тіл дамымай қалды. Ал әдебиет пен өнер, тіл білімі саласында шығарылған азды-көпті еңбектер қазақ қоғамының, оның тілінің жан-жақты дамуына ықпал ете алмады.

Публицист-қайраткер жоғарыдағыдай өзекті мәселелерді алға тарта отырып, «Мәртебе – мақсат емес. Мақсат тілді дамыту. Мәртебе – сол мақсатқа жетудің құралы. Әйтседе, қазақ тілінің көсегесі өзінен өзі көгере қалмайтынын әрқайсымыздың түсінгеніміз қажет», - деп мәселені қабырғасынан қояды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеология бөлімінің меңгерушісі Мырзатай Жолдасбековпен «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі, жазушы Дидахмет Әшімхановтың сұхбаты назар аударады. М.Жолдасбеков жазушы-публицистің қойған сауалына орай қайта құру, жариялылық талаптарына сай қоғамның өзекті мәселелері тұрғысында жауап

береді (42).

«Ең бастысы – шындықты жазу, - дейді партия қайраткері. – Қас-қабаққа қарау, жалтақтық, жағымпаздық, арзан мадақ – баспасөздің дәрменсіздігі. Нағыз баспасөз халықтың мұңы мен жырын, ойы мен сырын жеткізсе керек. Айтылмайтын ақиқат жоқ. Оны қандай формада айту керек? Мәселе сонда. Ұлттың қасиеті – тілінде. Туған тілімізді өркендетудің сәті түсті, ыңғайы келді.

Жұрт айтатындай, қазақтың тілі – Қаз ТАГ-тың тілі емес. Соншама ғасырлар бойы жасалған халық тілі соңғы жиырма-отыз жылдың ішінде қанатынан қайырылып, бар қымбат-асылынан айырылды. Ендігі жерде мәдениет, баспа орындары, ресми мекемелер, көпшілік-қоғамдық ұйымдар, жалпы жұртшылық болып халқымыздың қымбаты – сұлу да әуезді, терең де байтақ тілін қайта қалпына келтіріп, дамытуға атсалысуымыз керек. Сөйтіп асылдың көзін ашу керек.

Ұлттың рухы – тарих жадысында. Күні кешеге дейін ұрпақтың естіп келгені: революцияға дейін қазақтың екі-ақ проценті сауатты болған, үнемі көшіп-қонып жүрген, қала салмаған, ғылым мен мәдениеті кеш дамыған, тағысын тағы. Бұған ұрпақ сенді. Сенбей қайтеді, Қазақ ССР тарихы мен Қазақ ССР географиясы оқулықтарының сиқы анау – пышақтың қырындай. Қазақ әдебиеті тарихының өрісі мынау – соңғы жылдары ғана әупірімдеп XV ғасырға әзер жылжыған. Партия қызметкері ғана емес, көне дәуір әдебиетін зерттеуші ретінде айтарым: әдебиетке, мәдениетке, тарихқа қатысты оқулықтарды қайта жазу керек...».

Ұзақ жылдар бойы социалистік догматизм аясында қызмет етіп, бойкүйездік пен марғаулықты бастан өткізген, заманға сай қағып-мүлгіп келген, бас көтере қалса, жалтақтықпен, жағымпаздықпен күй кешкен қазақ публицистикасы ел егемендігіне таяу шақта өзекті ой-толғамдарың айтыс-тартыстың ашық алаңында семсер сөздің құдіретін танытып жатты. Іріп-шіріген тұтас кеңестік қоғамның, елдің халі тым мүшкіл еді. Сөз зергерлерінің ақыл-қайраты тасығандықтан емес, қайран қазағына жаны ашығандықтан халықпен ашық сырласып, ақылдасу ауадай қажет болатын. Шегінерге, жалтақтауға жол да қалмаған осы тұста « көсегіміз қайтсек көгереді?» деген желіге көгенделген проблемалар, ойлар, ұсыныстар әлеуметке ой салып, ортақ іске зәредей ғана септігін тигізсе деген ынта-құлшыныс көкірек-көзі ояу, сергек публицист-жазушылардың жанына тыншу бермегені анық. Тарихтың таяғын көп жеген, тапқанынан жоғалтқаны көп, үмітінен күдігі, айласынан аңқаулығы басым, ақкөңіл де жомарт, момын да көнтерілі халқымыз тағы да «тағдыр салды, мен көндім» деп уақыттың ығына қарай ықтай беруі керек пе? Тығырыққа әбден тірелген қазақ

қоғамының тарихтың дауылдары мен жауындарында жоғалтқандарының орнын толтыру, термір құрсаудай қыса түскен дағдарыстан шығу қиынның-қиыны екені мәлім болды.

«Жоқ, қойдан жуас қазақтың желге ықтамас жылқы мінезбен тізгінін үзген тұлпардай түлер шағы бұл!-деп, осы тұста халқына қайрат бере дауыс көтергендердің бірі жазушы-публицист Сәбит Досанов болатын. –Уақыттың өзі біздің халықтың алдына жұдрықтай жұмылып, қиын істердің қиюын табу міндетін қойып отыр.

Рас, бүгінде біздің халқымызға керек нәрсе көп. Ең алдымен, сол көп керектің ең қажеттілерін, алғашқы кезектегілерін анықтап, жүйелеп, ақылдасып алу міндетті тұр.

Осы тұста қазақтың қамын ел-жұрт болып ойласу, көптің көңіліндегі көрікті ойларды ояту мақсатымен халықтық проблемалар және сол орайдағы ойларымыз бен ұстанымызды ортаға салуды перзенттік парыз санадық» (43).

Сонау 1909 жылы халқының қамын ойлаған ұлы қазақ Міржақып Дулатов: «Оян, қазақ!» деп ұран тастап, жар салып еді. Арадан сексен жылдан астам уақыт өткенде Қазақ елі тәуелсіздігінің нұрлы таңы енді-енді атып келе жатқанда қазақ қалын ұйқысынан оянып қана қойған жоқ, жан-жағына қарап, көпті көріп, көп нәрсені көңілге түйіп, ұлт мүддесі жолындағы ұлан асу, ұлы жорыққа аттануға тас-түйін болып дайын отыр еді. Дәл осындай тарихи тұста публицист-жазушы С.Досанов тағы да мынадай ұран тастады:

«Ойлан, қазақ! Халқымның көсегесі көгерсін десең, ойлан! Ойланып қана қоймай, белңді бекем буып, әрекет істе, уақытты босқа өткізбей, ұлтың үшін ұлы іс тындыр! Адамзат көшінің соңында қашанғы қала бермекпіз? Басыңды біріктірер күн туды. Ерлігіңді танытар, елдігіңді сақтап қалар сын сағаты жетті. Қазақтың дауылдардан ықпаған, ерлік туын жықпаған ер-азаматы , сен болмасаң: халықтың ақылгөй қарты, қайсар жігіті, намысты ұланы, қиянға жұмсар қыраны сен болмасаң; ер-азамат серігі-қазақтың сүйкімді қаракөз қызы, сүйікті аруы сен болмасаң; аяулы абзал ана, сен болмасаң... қазақтың қамын кім ойлар? Қазақтың қамы әр қазақтың жүрегінде жүрер, көкейін тесер, кеудесін қарыр күн бүгін.

Ұлтым тарих тасасында ұмыт қалмасын, ұрпағым өссін, халқым өркендесін деген кеудесінде намыс оты бар әр қазақ өз ортасында халыққа пайдалы әйтеуір бір іс тындыруға міндетті. Біз XXI ғасыр қарсаңында ғана емес, жол айрығында тұрмыз».

«Қазақ әдебиеті» газеті Тәуелсіздік жылдарында

Өткен ғасырдың сексінінші жылдарының соңына қарай «Қазақ әдебиеті» газеті ұлт басылымдарының арасында алғашқы болып коммунистік парияның халық алдындағы құлдыраған абырой-беделі жөнінде ашық жаза бастады. Сол кезде қоғам дамуының қай саласында болмасын белең алып тұрған парткоратиямен қарсы ашық күреске шықты.

Осы орайда Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мынадай сөздерін еске ала кету лазым: «Тағы да қайталап айтамын, бұл - ең әуелі, бүкіл қазақ халқының алдында тұрған күрделі тарихи кезең. Бәріміз айтып жүрміз: ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық. Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау. Бұл мақсат жүзеге аспайынша, азаттығыңыз баянсыз» (44).

1991 жылғы тамыздың аяғындағы аласапыран кезінде көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов: «Империя құлады. Қазір, ең бастысы, күйреген исперияның сынықтары халықтың үстіне құлап жүрмесін» деп жар салған болатын. Бұрынғы барлық Кеңес одағы халқының тарихындағы күдік пен үмітке толы жаңа кезең осылай басталды. Бұл жағдайға еліміз психологиялық жағынан да, саяси жағынан да дайын болған жоқ. Сонымен қатар халқымыз Тәуелсіздіктің алғашқы қадамдарында сол кеңестік кезеңдегідей ойлауды, өмір сүруді, іс-әрекетті жалғастырса да, өзіміздің ең жақсы деген үміттерімізді ел егемендігімен байланыстырдық. Бірігу үшін бізге бөліну де қажет екені түсінікті болды.

Осы қиын да күрделі кезеңде қарапайым халық аңтарылып қалды: Негізгі әлеуметтік-экономикалық қиын жағдайды былай қойғанның өзінде қатал уақыт ағымын зерделеп ой елегінен өткізетін ұстамды да байсалды, терең толғамды шынайы сөзге ауадай зәрулік белең ала бастады. Осындай аласапыран кезеңде қандай қоғамда болмасын, қай кезде де ежелден-ақ сол дәуірдің барлаушысы саналатын публицистер алғы шепке шығып, өздерінің ұсыныс-пайымдауларын бар дауыспен айта алады. Халық солардың үніне құлақ түреді, олардың жан-жүректерінің жалынымен суарылған асқақ та адал сөздеріне ден қояды.

«Өзіңіз тарихқа көз жіберіңізші: өз халқының бостандығы үшін, осынау Тәуелсіздік үшін, қалам қайраткерлерінен артық тер төккен, еңбек еткен кім бар екен?,- дейді публицист-жазушы Қабдеш Жұмаділов. –Жай тер төгіп қана қойған жоқ, қазақ әдебиетінің сүт бетіндегі қаймағы түгел дерлік осы бүгінгі күн үшін басын берген ғой... Солар азаттық үшін алысқанда, болашақта

қазақтың асыл сөзі далада қалсын, әлдебір жылпостар қалтасын қалыңдатсын деп жан үзіп пе?

Біз, жазушылар қауымы да, біреуіміз атақ-дәреже, енді біреуіміз шен-шекпенге алданбай, әдебиеттің болашағы үшін, тізе қосып күресетін мезгіл жетті. Рас, біздер, шахтерлер не ұшқыштар секілді жұмыс тастаймыз деп, ешкімді қорқыта алмаспыз. Дегенмен қолымызда қалам бар ғой. Дүниеде қаламнан құдыретті қару жоқ...

Нағыз әдебиеттің сиынар пірі де, табынар тәңірісі де – үкімет емес, халық. Мемлекет саясаты ұлттың, халықтың мүддесін қорғаған кезде, ол үкіметке жақындайды да, билік басындағылар тура жолдан тайған күні оның қатал сыншысына айналады. Бұған әлем әдебиетінен де, қазақ әдебиетінен де көп мысалдар келтіруге болады» (45).

Публицист ең алдымен мемлекеттік тіл мәселесін тілге тиек ете отырып, Жоғарғы Кеңес өзінің сессиясында мемлекет тілі мәртебесін алуға Қазақстанда тек қазақ тілінің қақысы бар екенін негізгі Заңымызға өшпестей етіп жазатын негізгі жайларға тоқталады: бұлар мемлекеттің өз әскері, өзінің шекаралық күзеті, өз ақшасы мәселелері. Сол тұста елімізде бұлар жөнінде алғашқы қадамдар жасалғанымен, әлі де болса салғырттық, арқаны кеңге салшылық белең алып тұр еді. Жазушы-публицистің бей-жай қалмай, жанайқай салуы да сондықтан болатын. Публицист қазақтың кең даласын айналдыра алабаған қағып, тікенекті сым орнатудың қажеті жоқтығын, дегенмен, мынау біздің жер дегенді әйгілі ететін шекаралық постар, күре жолдары ұстап тұратын сенімді күзеттің қажеттілігіне баса назар аударады. Бұл бірден-бір дұрыс ой еді. Себебі, іргеміз бекімесе, шекарамыз заңды түрде қорғалмаса, онда Қазақстанның әркімдер баса көктеп жүре беретін, баяғы «керуен сарай» қалпынан өмірі құтылмасы анық.

«Егер ұқсата алсақ, Қазақстан- өз қазынасы өзіне жетіп тұрған ел ғой,- дейді автор ағынан жарыла. – Былтыр Тәуелсіздік алған кезде де, енді өз байлығымыз өзімізге бұйыратын шығар, ел алдына түсіп кетпесек те, ішер ас, киер киімге тарықпас деп қуанғанбыз. Түбі солай болары ақиқат. Алайда, нарық қыспағына түскен сайын, біздің республика үкіметі базар мен бағаның тізгінінен айрылып қалған жоқ па деген күдік туады.

Бұрынғы КСРО- дан қалған мұра, қазір Ресей монополиясына айналған сабан ақшадан неге іргемізді аулақ салмайтынымыз түсініксіз. Ол бір кісі қимайтын, халықаралық құнды ақша болса екен. Тым құрыса онысы жұрттың бәріне жетіп тұрса екен! Қайда барсаң да, бірнеше айлық жалақысын, не зейнетақысын ала алмай, сенделіп жүрген адамдар...»

Тәуелсіз еліміз алғашқы қадамдарын осылай бастады. Кезінде социалистік жүйеге төнген дағдарыс болғанмен, әр елдің тұйықтан шығу

жолы әр басқа болды. Тіпті бір қалыптан шыққандай боп көрінетін бұрынғы одақтас республикалардың бұдан былайғы бағыт-бағдары бір-біріне мүлдем ұқсамауы заңдылық еді. Өйткені әр елдің тарихи қалыптасқан геосаяси жағдайы, демографиялық құрамы, экономилық күш-қуаты біркелкі емес болатын. Сонда Қазақстан қандай жолды таңдауы керек? Кімдерді үлгі тұтады? Оның қоғамдық, идеялық құрылымы қандай болмақ? Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары осындай сауалдарға жауап табуға келгенде біздің гуманитарлық ғылымдарымыздың балаңдық, дәрменсіздік танытқаны жасырын емес. Оның бір себебі, жоғарыдан нұсқау күтіп дағдыланған ғалымдарымыз әлі де қорғаншақтап, әліптің артын бағумен болды.

Осындай қиын жағдайда Президент Н.Назарбаевтың жарық көрген «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» - деп аталатын тұғырнамасы сол олқылықтың орнын толтыратын, өтпелі кезеңді жан-жақты сипаттаған, болашаққа бағыт-бағдар сілтейтін аса маңызды еңбек болды. Осы тұғырнама тұрғысында жазушы-публицист Қабдеш Жұмаділов тереңнен ой толғап, көкейде жүрген кейбір өзекті мәселелерді ортаға салды (46).

«Иә, өтпелі дәуірде қазақ қауымының алдында аса жауапты міндеттер тұр, - дейді публицист. – Әупірімдеп жүріп азаттыққа жеткен біздің ұрпақтың маңдайына тағдыр тәуелсіз мемлекет құрау, ел басқару ісін демократияландыру, осымен бір мезгілде нарықты экономикаға көшу бақытын жазыпты. Бүгінгі өтпелі кезеңнің ең маңызды белгілері деп, міне осы үшеуін атар едік. Алайда біз үшін дәл қазір осы үшеуінің қайсысы басты орында тұрады? Егер өзара тығыз байланысты осы үш мұраттың қалайда біреуін таңдау қажет болса, біз алдымен қайсысына қол созар едік? Мұны ажырата білу қашанда маңызды. Өйткені мемлекет саясатын дұрыс саралау көп жағдайда заманның басты белгісін дәл айқындауға байланысты.

Бүкпелемей ашығын айтар болсақ, жаңағы үш мұраттың біз үшін ең қымбатты да, еш ойланбастан алдымен қол созарымыз да – Тәуелсіздік екені даусыз. Тегінде бұл ұғымды басқа еш нәрсемен де теңестіруге болмайды. Еркіндік, тәуелсіздік деген – біз үшін ел басқарудың жай бір формасы емес, ата-бабаның ғасырлар бойы аңсап күткен арманы, «мен жетпесем сен жет» деп, ұрпаққа қалдырған аманаты. Әрі беріден соң біздің аталармыз: «Шіркін–ай, нарықты экономикаға қашан жетер екенбіз» деп те бәлендей бас қатырмаған болар. Ал еркіндік, тәуелсіздік десе көкіректі қарс айрылып, бір кезде қолдан шығып кеткен азаттық жолында басын беруге әрқашан әзір болды. Қазірде біз үшін Тәуелсіз мемлекет құрудан асқан қастерлі міндет жоқ... Өйткені бұл бостандық бізге осы жолы тым тегін келгендей көрінгенімен, тарих қойнауында төгілген қанның, ашынған

жанның қайтпас қарымтасы жатыр».

Осы орайда мына жағдайға назар аударған жөн. Жасыратын несі бар, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ елінің болашағы жайында әртүрлі болжам айтушылар аз болған жоқ. Ұзақ жылдар отарлық езгіде кіріптарлық күй кешіп, таяуда ғана өз еркіндігін қолына алған жас мемлекет енді қандай бағыт ұстайды, өз бетінше өсіп-өркендеуге де мүмкіндігі бар ма деген мәселе пайымдаудың, ой пікір жалғастырудың негізгі нысанасына айналды. Бұл тақырыпқа тек ұлт зиялылары ғана емес, шетел сарапшылары да жиі-жиі ой жүгіртіп отырды. Жалпы сол тұстағы Қазақстан туралы ой-тұжырымдарды саралай келгенде, оларды негізінен екі топқа жіктеуге болар еді. Бірінші топ - Тәуелсіз қазақ елінің келешегіне, кең байтақ қазақ жерінің байлығы мен халқымыздың бойындағы потенциалдық қуатқа шексіз сенетіндер. Ал, екінші топ, керісінше, Қазақстанды, жеке Қазақстан емес, кеңестік империяның бұғауын үзген Орта Азиядағы басқа мемлекеттерді де өз алдына дербес дамуға күш-қуаты жетпейтін, болашағы бұлыңғыр, дәрменсіз халық деп бағалайтындар. Ондайлар бұл мемлекеттердің жариялаған Тәуелсіздігін заңды түрде жеңіп алған, тарихи дамудың табиғи нәтижесі емес, коммунистік жүйе ыдырап, империя тараған кезде әркімге ғайыптан тиіп қалған оңай олжа деп топшылап, баға беріп жатты. Басқасы басқа, мұндайлардың өз ішімізден шығып жатуын исі қазақ аталатын шын мәніндегі ұлтжандылардың ашу-ызасын туғызып, екі ұдай халге түсіргені де рас. Екіжүзділік, сатқындық танытып жүрген ондайларға батыл тойтарыс беріп, мәселенің мәнін қарапайым халыққа кеңінен түсіндіру Тәуелсіздік талабы болатын. Бұл өзекті де күрделі міндетті еліне, жеріне, жан-жүрегімен берілген қазақ публицистері ғана атқаруға тиіс еді. Солай болды да.

Қазақстанның болашағына күмән келтіретіндердің кейбірі «Егер орыс тілді азаматтарға қос азаматтық берілмесе, орыс тілі де мемлекеттік мәртебе алмаса, онда қазақ елінің тәуелсіздігіне қауіп төніп тұр» деуден де тайынбады.Өздері қазақ бола тұра «марагинал» атанып, орыс тілі қауымының сойылын соғатындар кімдер еді? Бұл орайда публицист-әдебиетші, сонау елуінші жылдардың басында «Қазақ әдебиеті» газетінде ұлт мүддесі тұрғысында жарияланған мақалалары үшін қуғынға ұшырап, қызметінен шеттетілген Рахманқұл Бердібайдың «Көзқамандар кімдер?» атты мақаласында назар аударған жөн (47). Ғалым-публицист материалында қырғыздың «Манас» эпосында Манас әкесі Жақыптың ағасы Үсеннің қалмақтар қолына түсіп, баларының тілі қалмақша шығып, тұрмысы, салты-бәрі де басқа болып тәрбиеленгенін, сөйтіп олардың «көзқамандар» атанып кеткенін айтады. Мұны Қанғайдың билеушісі Есен хан пайдаланып, Үсен

балаларын қырғыздар арасына жансыз етіп жіберіп, қырғыз мемлекетін іштен ірітпек болады. Олар Манасты қонаққа шақырып, қымызға у қосып береді. Манас көп азап шегіп, әрең дегенде удың зардабынан айығады. Құзғын мінезді сатқындар тұтас бір елді ойранға ұшырата жаздайды. Қастандық әрекеті іске аспай, ел алдына масқара болып қалғанын сезген көзқамандар өзара ерегісіп, пышақтасып өліп бітеді... Ойлап отырсақ, өз елінің, бауырластарының мейрімсіз дұшпанына айналатын, ақырында халық қарғысына ұшырайтын көзқаман тектестер әр заманда бой көрсетіп тұратын кеселді құбылыс екен. Нақтылы талдап қарасақ, көзқаманшылықтың жаны сірі, өзіне қолайлы жағдай туса әр кезеңде қайта жанданып, қауіпті күшке айналатын соқпа дерттей бір тажал екенін аңғарамыз. Сонда көзқамандар кімдер?

«Көзқамандар, ең алдымен, өз халқының тілін білмейтін, сондықтан оны жат санайтын, іңгәләп дүниеге келгеннен ер жеткенге дейін басқа түсінік, пиғылда тәрбиеленген жандардан шығады, - дейді академик-публицист. –Оларға өз елінің асыл қасиеттерінің бірде бірі дарымаған, өзін асыраған, адам қатарына қосқан халқының тағдырына дұшпанның көзімен қарап дағдылаған. Тіпті жаратылысынан ақыл-есі бүтін болып туғанмен, мұндайлар өз елінің перзенті болып жарытпайды. Ана тілін білмегендіктен, халқының көңіліндегі мұңды, көкейкесті арманды көзқамандар сезбейді. Халық даналығы жаратқан небір әсем ән, құдіретті күй, аталар сөзі, ғибрат, нақыл бұларға әсер етпейді. Эпостағы көзқамандар жырақ жерлерде өскендер болса, қазіргі замандағы олардың «ізбасарлары» - өз елінде жүріп-ақ жатбауыр болып қалыптасқандар...».

Осы орайда «Тәуелсіз қазақ елінің көзқамандары кімдер?» деген сауал туындаса керек. Публицистің пайымдауынша, «Бұларға Тәуелсіздік деген қасиетті сөздің киелі мағынасы түсініксіз. Қарны тоқ болса, барлық мұраты орындалғандай көрінеді, азаттық, теңдік деген сөздерді көңіл үшін айта салатын нәрсе деп біледі».

Бұдан әрі автор мәңгүрттік пен көзқамандық құбылыстарының айырмасына тоқталады. Мәңгүрттер дегеніміз жау қолында тұтқын болып, қорлық-зорлық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай зақым келген, қай елден шыққанын, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті аяныштыпенделер екен. Олар – алыс пен жақынды ажырата алмайды, өз анасын дұшпан деп санап атып та жібере салады. Жадында ешнәрсані сақтай алмайтын мұндайлар миғұла, мәңгүрт деп аталады екен...

«Ал көзқамандар ақыл-есі ауысқандар емес, - деп, нақтылай түседі академик-публицист. – Бұлар мектеп, университет бітірген, жоғары

лауазымды қызмет атқарғандар болуы да мүмкін. Кейбіреулері талай елдердің тарихы мен философиясын жатқа айтып, жаңғақша шағып беретіндер, әділдік, адам құқы, өркениет, достық, ынтымақ, бейбітшілік секілді сөздерді судай сапыратындар... Бірақ бұлардың жазылмайтын немесе ұзақ емдеуді керек ететін ауруы – туған халқының дәстүрін танып-білуге салғырттығы, сөз жүзінде отаншыл болып көрініп, былай шыға бере елдің мүддесін сатып жіберетіндігі, ең жаманы – жұрттың қадір тұтқан қымбаттарын, Тәуелсіздігімізді тәрк етуді көздеп отырғандармен ауыз жаласып, соларға арқа тіреп, намысымызды таптап кететіндігі. Мәнгүрттер есінен айрылған міскіндер болса, көзқамандар – елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер...»

Иә, көзқамандарға бұдан артық сипаттама беру, сірә да, қиын болар. Қазақ елі Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында өзімбілермендікпен қиқу салған Масанов секілдідердің аз болмағанын айту парыз. Елін, жұртын тәрк еткен ондай көзқамандар қазір де аз емес. Ең қауіптісі сол – осы күнгі көзқамандар жұртшылық көзіне елдің ең терең мұраттарын шырқырап іздегендей сынай байқата біледі, ал шынтуайттап келгенде басына зәредей қиындық түссе, лезде жалт бұрылып кетеді. Сөз бен істің бір- бірінен алшақ кеткендігі соншалық – небір әдемі сөздердің өтірігі мен расы қаншалық екенін біле алмай, дал болады, ақырында мұндай жалғандыққа еті өліп, қоғамда болып жатқан апат пен опатқа селт етпейтін болып меңіреуленеді...

Қазақ публицистерінің маңызды міндеттерінің бірі өз арамызда жүрген, ұлт мұратын қиып жіберетін, елге опасыздығына ұялмай, қайта өздерін озық өркениет жаршылары деп қарайтын осындай көзқамандармен аяусыз күрес жүргізу болып табылады. Ұлт алдындағы бұл асқақ парызды «Қазақ әдебиеті» газеті орындап келеді. Қалың оқырманның ұлт мүддесінен сомдалып, кемеліне келген басылымның әр нөмерін асыға күтетіні сондықтан болса керек.

Сарғайған газет тігіндісін ақтарып отырсаңыз, көзқамандармен бітіспес шайқастың жүріп жатқанына айқын көз жеткізуге болады. Елді елең еткізіп, терең ойларға жетелеген сондай материалдардың бірі «Көзқамандар мәңгүрттерден де қауіпті» деп аталады (48). Оның авторы жалынды публицист Қуанбек Жұмаханұлы Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңның негізінде қазақ тілін қолдану аясын ұлғайту жөніндегі өзекті мәселелерді негізге ала отырып, қазіргі ел жағдайында ықпалды орындарда отырған кейбір қазақпын деген азаматтардың өз тілін, салт-санасын маңсұқ етуден тайынбайтындықтарын нақтылы дәлелдермен әшекерелейді. Автор «Казахская правда» газетінде жарияланған орыс тілінде жазатын журналист Жәнібек Сүлеевтің мақаласында айтылған жайттарға оқырманның назарын

аударады (49). Оның мазмұны мынадай: орыс тілді журналистің жазуына қарағанда қазір қазақ педагогикалық және қоғамдық ой-сана орта мектептің төртінші сыныбының білім беру дәрежесіне де жетпейді. Қазақ мектептеріне 1-11 сыныпқа дейін қаржы жұмсау дегенің далбасалық, ақшаны желмен ұшырғанмен бірдей. Сондай-ақ өзгелерге де: Қазақ тілін зорлап үйретіп әуреленудің қажеті жоқ. Оны (тілді) қазіргі заман ағымына ілестіру үшін көп жөндеп, көп жетілдіру керек. Тіпті, Солтүстік Кавказдағы сияқты қазақ мектебін 4-сынып өтсе де жетіп жатыр.

Аталмыш газет Ж.Сүлеевтің мақаласын жариялай отырып, ол секілділердің ой-ниетін оқырмандарға айқын көрсетуді мақсат етсе керек. Мақаланы соңында редакция түсініктеме беріпті.

Публицист осындай келеңсіз жайлар тұрғысында сөз қозғай келе, оның түп- төркініне терең үңілуге тарысады: «Оның тағдырлас замандастары, яғни қазақтан туса да ділі де, тілі де орыс болып жүрген Жәнібек секілділер аз емес. Солардың ішінде Жәнібек Құдайға қарағаны деуге болады. Ол өзін «ділім қазаққа жататын маргиналмын» деп мойындаса да «Қазақ намысын жыртуға тырысып жүрмін, өзімнің тұлы бойымда далалықтың мәрт рухы тұнып жатыр» деп ойлайды екен. Сөйткен Жәнібектің қазақ мектебі мен қазақ тілі туралы түсінігі осындай сорақы болса, өзге маргиналдардың көзқарастары қандай болмақ!

Жәнібек қатардағы журналист, қазақ тілі өмірдің барлық саласына қолданысқа енсе де орысша басылымдар жабылмайтыны, жұмыссыз қалмайтыны оған мәлім. Екіншіден, Жәнібек журналист болғандықтан да өзінің көзқарасын қағаз бетіне түсіруімен ғана шектеледі ғой. Ал егер Жәнібек секілділер басшы орында, жауапты қызметтерде отырған болса, өз көзқарасын ашық білдірмей-ақ, оны қалай да жүзеге асыруға тырысып бағатыны күмәнсіз. Осындай көзқарасты маргинал-қазақтар кеңсе қызметінде, лауазым иелері болып жүрсе іс қазақшаға көшкен жағдайда орындарынан оп-оңай айырылып қалатынын қалай білмесін...

...Кешегі кеңес империясы құлап, жекешелендіру басталған кезде мемлекеттің байлығы мен милиондаған сом (ол кезде теңге болған жоқ) несие де осындайлардың қолына түскенін жұрт жақсы білсе керек. Сондықтан да ірі кәсіпкерлер мен бизнесмендердің бәрі кілең осындай көзқамандар болып қалыптасқаны заңды. Олардың қазақ өнері мен мәдениетіне бес теңгесін де қимай, Мәскеу өнерпаздарына ақшаны судай шашатындығынан халықты былай қойып, ел Тәуелсіздігін маңсұқтауға әзір екенін байқауға болады.

Егер қазақ тілі Конституция бабына сәйкес өз күшіне мінсе, мұндайлар жайлы орындарынан бір-ақ күнде сырылып, қаңғып қалатыны түсінікті.

Мұны жақсы сезінген олар қазақ тіліне, қазақшаға жетік мамандарға, сайып келгенде қазақ ұлтына қарсы алуан түрлі жымысқы әрекеттер жасап жатқанын қазақ жұрты әлі терең аңғара қойған жоқ. Сондықтан олар қазір айтарлықтай жеңіске жетіп отыр деуге де болады...

Бұл күнге дейін көзқамандар жалпы алғанда орыс зиялыларының, орыс шовинистерінің артына жасырынып әрекет етіп келгені қазір айқын байқалып отыр. Сонымен қатар мұндайлар өзгені былай қойып өздерінің туған әкелері мен аталарының арман-мүддесін мансұқ етуден тайынбайтындығын да айтпасқа болмайды».

Публицист Қ.Жұмаханұлы жеріне жеткізе осылай дейді. Оның азаматтық тұрғыда пайымдауынша, егер дәл қазір Конституция мен Тіл туралы Заң талабына сәйкес мемлекеттің қызмет орындарына, жергілікті орындарға, кеңселерге істі міндетті түрде екі тілде жүргізу талабы қойылса, басшылар міндетті түрде қазақ тілін білуге тиіс болса, мұнан орыс тілді жұршылық ешқандай зиян көре қоймайды. Өйткені, қазақ тілін білу талабы барлық азаматтарға бірдей қойылмайды. Мемлекеттік құрылымнан тыс жерлерде-бизнесте, кәсіпкерлікте, өзге де меншік салаларында қай тілде жұмыс істеп, қай тілде өмір сүруі Конституцияда толық қамтамасыз етілген. Ал мұнан нақ осы көзқаман болып жүрген, қазақтың ана тілінен маңсұқ өскен ат төбесіндей «білімпаздары» ғана зардап шегетіні өзінен-өзі түсінікті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көзқамандар әрекеті, тіпті, Ресейдің империялық пиғылдағы саясаткерлерімен, шовинистерімен тізе қоса жымысқылық жасауға ұласып отырғанына дәлелдер жеткілікті болды. Дәл осы көзқамандар дегенің Қазақстан Республикасы мемлекетінің Тәуелсіздігін тәрк етіп, қазақ жерін Ресейдің бір бөлшегіне айналдыру мақсатын көздейтіні құпия болудан қалды. «Қазақ әдебиеті» газеті қазақ көзқамандарының шын бет-бейнесін осылайша әшкерелей білді.

Тәуелсіздік талаптарына орай «Қазақ әдебиеті» газеті ғалымдардың, мамандардың, публицист-журналистердің, сан алуан мамандық иелерінің конференцияларын, «дөңгелек столын», түрлі басқосуларды ұйымдастырып келеді. Редакцияда өткен Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университеті Саясаттану және социология кафедрасы ғалымдарының қатысуымен «Ұлттық бірлік және тарих жылына» арналған ғылыми-теориялық конференция назар аударады. Оны газеттің бас редакторы Ж.Кенжаллин жүргізіп отырды. Оған тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының корреспондет- мүшесі Кеңес Нұрпейісов, философия ғылымының докторы, профессор Раушанбек Әбсаттаров, тарих - философия докторы, профессор, Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Ибрагим Шәмшәтұлы, тарих ғылымының докторы, профессор Талас

Омарбеков, тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев, тағы да басқа ғалымдар, журналистер қатысып, тарихи ұлттық сана, қазақ тарихының саясаттанушылар мен тарихшыларымыз назарынан тыс қалып келе жатқан мәселелері, бұқаралық ақпарат құралдарының алдына тұрған міндеттер тұрғысындағы ой-пікірлерін ортаға салды (50).

Бірқатар ғалымдардың тұжырымдауынша, қазақ халқының ұлттық санасы зерттелмеген мәселе. Ұлттық сана қалыптасуының тарихи кезеңдерін жан-жақты зерттеу қажеттігі кезек күттірмейді. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ халқының патриоттық санасын қалыптастырудағы рөлі мен орны саяси ғылымда зерттелмеген мәселелердің бірі. «Біздің пікірімізше, -дейді философ-ғалым Р.Әбсаттаров, -осы мәселелерге журналистер, саясаттанушылар, тарихшылар мән беріп көңіл бөлсе екен дейміз. Бұл мәселе дұрыс зерттелсе ғана қазақ халқының ұлттық санасы дұрыс қалыптасып, дұрыс дамиды. Осы мәселеге байланысты айтатын бір сөз бар. Ол –ұлтжандылық пен ұлтшылдық деген ұғымдарды бір-бірінен ажырата білу керек. Біздің пікірімізше, қазақ зиялы қауымдастығын қалыптастыру керек. Қазақ зиялы қауымдастығы өз халқының қамқоршысы, намысы, жүрегі, жаны, жанашыры болуы керек. Сондай өркениетке жетуіміз үшін қазақ зиялылары халықтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда аянбай атсалысып, еңбек еткені жөн. Кейбір зиялысымақ азаматтарымыз, мүйіздері қарағайдай жазушыларымыз бен ғалымдарымыз екіжүзділік жасап, жалпақбайлыққа, жағымпаздыққа ұрынып, кейбір кемшіліктерімізді әділ айтып, дұрыс жол сілтеудің орнына мақтамайтын дүниелерді өтірік мақтайды. Кезінде олардың кейбіреулері республика мен КСРО-ның атақтарына ие болған адамдар. Әрине бұл дөңгелек үстелде олардың аты-жөндерін атамай-ақ қояйын. Ал, осының шынайы ғалым мен жазушыға қажеті бар ма? Абырой бере ме? Мынадай бір жағдайды естен шығармағанымыз жөн ғой. Ерте ме, кеш пе, бәрібір тарих оларға және зиялы адамдарға өз бағасын беретіні анық. Сонда олардың жақсы жақтарын жәпекілігі, жағымпаздылығы жуып кетпей ме? Оларға берілген жағымсыз баға өз ұрпақтарына моральдық нұқсан келтірмейме?

Мұндай азаматтарды қазақ зиялылары деп айтуға бола ма? Қазақ халқының ұлттық сана-сезімін дұрыс қалыптастыруға ықпал ете ала ма? Зиялы адамдардың осыны естен шығармағаны жөн шығар.

Менің пікірімше, мұндай зиялысымақтардың өз халқына көмегі аз, өз басының жеке мүддесін ойлайтын жалпақбайлар, жағымпаздар. Сондықтан, қазақ халқының зиялы адамдары шындықты айтып, халықтың өркендейтін дұрыс жолын іздеп, көмектесуі керек. Сонда ғана еліміз дамып, ұлттық сана-сезіміміз дұрыс қалыптасады».

Біздің тағылым алар тарихымыз қандай? Қазіргі жағдайымыз қалай қалыптасып отыр? Мұнда тарихпен сабақтастық, қазақтың ұлттық мүддесімен үндестік қандай болмақ? Қандай жолды, қандай бағытты таңдап алсақ, болашақ ұрпақ өкінбейді, өксімейді? Газет тілшісі Қуанбек Жұманұлының осы секілді мәселелерді айқындау мақсатындағы сауалдарына орай белгілі қоғам қайраткері, философия ғылымының докторы Сәбетқазы Ақтай өзінің көзқарастарын, пайымдауларын білдіреді (51).

Ұлт мүддесі жолында қызмет етіп, өзіндік ой-өрісін танытып жүрген философ-ғалымның айтқан пайымдау-толғамдарына назар аударайық: «Ұлт ішінде бірін-бірі қаралау, дүшпандық өршісе мұның өзі ұлтқа емес империяға тиімді болып шықпақ қой. Сондай-ақ қазір мәлтеңдеп қалған, бірақ көзі тірі кейбір қайраткер қарттардың бетін жырту қазақ азаматына жараспайтын-ақ қылық. Қазақ мұндайды бетке айтпайды, іштей сезінеді де қояды, әрине. Жазаның үлкені де осы ғой. Мұндай сатқындықтың да, оны жасаған жанды да кешірмеу керек екені де түсінікті. Кім де болса, қолмен жасағанын мойынмен көтеру керек. Бұл күллі ұлтты рухани сауықтырар еді. Сатқын сатқындығын жасамас бұрын ойланар еді. Ұлт мүддесін сатқандарды бүгінгі ұрпақ та, келер ұрпақ та кешіре қоймас. Бір зиялының өзі секілді дос-жаран болып жүрген екінші адамды саясат ықпалымен, бәлки бақталастық пейілмен қол-аяғын байлап ажалға ұстап бергені қалай? Мұндайдың хайуандық келбетінің де тағылымдық маңызы бар. Жеке адам санасы мұндайларды кешіргенмен ұлт санасы, әлеумет санасы, ұрпақ санасы, оны ешқашан кешіре алмақ емес».

Философ-ғалым осы ұлттық сатқындық, ұлтсыздық, тағы басқа өзекті мәселелерге газетте ұзамай-ақ жарияланған мақаласында қайта оралып. егжей-тегжейді сөз етеді (52).

Философтың тұжырымы бойынша, ұлтсыздықта жалаң сезім басым да, ал ұлтшылдық болса, бірбеткей саяси категория, өрелі де көшпелі философиялық ұғым, езілген ұлттардың жаратқатының дауасы, шипасы. Ұлтжандылықтың баламасы емес. Ұлтшылдық әлеуметтік заңдылықтар тоғысқан ілім, ал ұлтжандылық - түптен келгенде, дастархан басындағы бейпіл әңгімеге саяды, ұлт үшін аса керек насихат, уағыз ешкімнің басын ауыртпайтын күңкілке айналады.

Ұлтшылдықтың салиқалы тұрпаты, ұлтжандылықтың да өрекпе, алкеуде көріністерінің болуы кәдік. Ол кісісіне, оның мінезіне, біліктілігіне байланысты.

Үлкен саясатта да, тарихи шығармаларда да ұлтшылдықтың алуан түрлерін ажыратып жатады. Үлкен ұлттың, әсіресе билік жүргізуші ұлттың ұлтшылдық саясаты «шовинизм».

Шынайы ұлтшылдық – ұлттың мүддесін саяси биік өреге көтеріп, өркениетті шешім тауып беру туралы ілім. Ондай шешім Қазақстанда табылды: қан төгілмеді, қақтығыс болмады. Ел аман, жұрт тыныштықта Көк Ту желбіреді.

Ұлтшылдық – нәркескен, оны орынды пайдалана білу керек. Сілтей алмаған, сойылын өз басына тигізеді.

Ұлтжандылық саяси әрекеттен гөрі мәдени әрекетке жақындау: оған Отанды сүю, оны қорғау, ұлт ырысын көзінің қарашығындай сақтап, дамыта білу, оған қызмет ету, ұлттың намысы мен абыройын арттыру жатады.

Қазақстанды ең әуелі біз, қазақ халқы сүймей, оның төртқұбыласы түгенделмейді.

Қазақ әлеуметі үшін әсіресе, «ұр да жық», «жабайы» ұлтшылдықтың қажеті болмағандықтан оны сөз ету де артық. Ашу ақылға түспейді. Аңғармай сөйлеген ауырмай өледі. Ел тағдыры туралы аңғармай айту қылмыспен тең. Ұлтшылдықты да, ұлтжандылықты да мемлекеттік идеологияға айналдыру артық, қалың елдің қаперінде жүрсе болды. Әзелде қазақтың басын қазақ идеясы қоспаса, сахарада шашылып қалар едік.

Біріңді қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос, -

деп Жидебай жақтан дананың үні еседі. Құлақ тос.

Тоқсаныншы жылдардың соңына таман, өтпелі кезеңнің ырду-дырдуы, күйкі тіршіліктің күйбеңі қаламгерлерді – ақын, жазушы, журналистер мен жалпы өнер адамдарын біршама қажытып тастағандай да еді. Әйтпесе, жалынды публицист, арқалы ақын Есенғали Раушанов күйіне отырып мынадай мақала жазар ма еді?! (53).

Публицист-ақынның орынды күйінішіне ортақтасасың: «Біздер, жазушылар, барынан айырылып қалғалы отырған халықпыз. Біз кім едік, неміз бар еді?.

Жазушылар – көркем ойдың ұстыны еді. Отаршыл үкіметпен жағаласа жүріп, ұлттың мүддесін бейнеледік. Ел сол үшін бізбен санасатын. Шығармаларымыздан ізденіс тауып, сырласы, мұңдасы деп бағалайтын. Бүгінде бұл мүмкіндік шектеулі. Кінәлі – қаржы тапшылығы ғана ма?

Расында , жазушының қоғамға, қоғамның жазушыға керегі жоқ па?

Бәлкім, мұның бәрі заңды шығар. Осылай болары шарт болар, мүмкін. Шынында осы бағытпен кете берсе, қазақ зиялысын оның ішінде қазақ қаламгерін не күтіп тұр? Болашақта не болуы мүмкін?

Қарынның ашуы, қадырдың қашуы кімді де болса шаршатады. Бәрін айтпаймын, бірін айтайын: Журналистер бізге қарағанда икемділеу боп шықты. «Сатқын журналист» дегенді біз кезінде «Шет ел журналистикасы»

дейтін пәнінен оқып едік. Өз басым осы сабақтан әуелі екі, кейін әрең үш алғам. Журналистің өз елінде жүріп қалай сатқын болатынын түсінбегем. Қазір түсінемін. Ал жазушы белгілі бір саяси топтың шоқпарын соғатын, көркем шығармаға кіріссе – ол тәуір қаламақы үшін жазыла салған әлдебір жел сөз (жарайды, көсемсөз бола-ақ қойсын) мақаладан әлденеше есе алысқа сілтейді. Өлең ғой, екібастан . Әлде, бұ да заңды құбылыс па екен, а?

Үлкен потенциалға ие көптеген таланттар күннен күнге, жылдан жылға, тектен текке мүжіліп барады. Менің қолымда қаржы болса – Қадыр Мырзалиевке стипендия тағайындап, тек қана жазумен айналысуға мүмкіндік жасар едім. Бұл кісіде ғажап ақындық қуатқа қоса, ұшан-теңіз білім барын екінің бірі біле бермейді. Біз сол білімге бүкіл Алаш баласының ортақ болуын қалар едік. Сол сияқты Сайын Мұратбеков, Тынымбай Нұрмағанбетовтардың – ең жазатын кезі-ақ осы кез. Қазір олар «не жазамын, қалай жазамыннан» гөрі «қайтсем бала-шағамды асыраймынмен» әлек. Өкінішті-ақ. Бұл – бүгін олардың өз өкініші. Ертең елдің өкінішіне айналады. Бұл кепті бүгін жастығымен жеңіп жүрген Серік Асылбеков, Дидахмет Әшімханов, Аманхан, Мейірхан, Ұлықбек, Тұрсынжан Шапаев секілді таланттар да кимесіне кепіл бола аламыз ба?»

Еліміз Тәуелсіздік алған тұста ұлттық мүддеге тікелей қатысты жасалған құжаттар мен реформаларда халқымыздың мұң-мүддесі ескерілмеген тұстар кедескенде мұның себебін тіпті, сонау Ресей империялық саясатынан, Қазақстанды мекендеген орыс зиялыларынан көрушілік орын алған еді. Кейінірек Қазақстандағы ресейшіл саясатты қолдайтын орыс қайракерлерінің үні бәсеңдеп, орыс тұрғындары Қазақстанның тәуелсіздік талаптарын айқын түсіне бастағаны аңғарылды. Алайда қазақтың ұлттық мүддесін түсінбеушілік кейінірек қазақшаға шорқақ, орыс тілді қазақ жастарының арасынан бой көтере бастады. Тіпті, қазақ тілін, ұлттың салт-дәстүрін кемсіту тұрғысындағы пікірлерді мұндай қазақ табиғатынан ажыраған қазақтар ашықтан-ашық айтуға ойысқанына мысалдар аз емес. Ал соңғы кезде қоғамымыз күтпеген тосын жайтқа тап болғандай. Қазір қазақ тілін мемлекеттік іске қолдануға, ұлттық дәстүрді жаңғыртуға, өзге ұлт өкілдері емес, тіпті, ана тілін білмейтін қазақ шенеуніктері де емес, негізінен өздерін ұлтшылмын, ұлтжандымын, қазақ халқының мұң-мүддесін қорғаушы күрескермін деп кеңірдек кере айғайлап, абырой-бедел жинаған бірқатар қайраткерлердің де қарсы шығатыны аңғарылып жүр. Олар қазақ тілінде іс жүргізуге ғана қарсылық танытпай, мұсылман дінін, қазақ мектептері мен қазақ мұғалімдерін ғайбаттап, батыс мәдениеті мен өнегесін ұстануға, балаларын орыс немесе шет жұрт мектептерінде оқытуға жұртты үгіттеп, өздері соған үлгі көрсетіп жүргені байқала бастады. Неге бұлай?

Қазір жұртшылық арасында осындай сауалдар жиі естілуде. Тіпті, базбіреулер мұндайлар қазақ жеріне көз алартқан шет жұрттардың қазақ ұлтын аздырып- тоздыру арқылы мемлекетімізді құлату ниетін ұстанып, ел ішіндегі беделді азаматтарды сатып алуға жасалған әрекеттің бір көрінісі деп дәлелдейді. Енді біреулер мұны жеке бас пайдасын көздеп, орыс тілділерден бедел алу үшін дейді. Қалай десек те, еліміздің Тәуелсіздігі мен халқымыздың мұң-мүддесін қорғау жолында мол еңбек сіңірген кейбір қайраткерлердің соңғы кезеңдерде ұстанған жолынан тайғанақтауы жиілей түсуде. Публицист Қуанбек Боқаев қоғам дамуының осындай маңызды тұстарына зер сала отырып, өзінің мына мақаласында нақты фактілермен тұздықтай түседі (57). Публицистің есімі елге таныс белгілі демограф-зерттеуші, қоғам қайраткері, саясаткер-ғалым Мақаш Тәтімовке осыншалықты шүйілігуіне не себеп? Себеп бар екен. Соңғы жылдардағы зерттеулерінде демограф-ғалым бұрынғы пікірлерінен бас тартып, халықтың, отызыншы жылдарда қырғынға ұшырағандардың санын үнемі азайтумен келеді екен. Неге? Әлде құдалау мен қысымның әсерінен бе? Міне, осы жайтты жете түсінбегендіктен демографтың деректеріне күдікпен қараушылар көбейіп кеткен. Осыдан келіп, оның соңғы кезеңдерде қазақтың демографиялық өсу мәселесіне емес, Қазақстанда өзге ұлттар санының азаюына қынжылыс білдіріп, нағыз космополиттік көзқарас танытуға бейімделгені байқалып жүр. Басы ашық бір нәрсе, М.Тәтімовтің Қазақстаннан орыстарды жібермеуге, орыс тіліне басымдық беруден ажырамауға жасаған насихаты да бей-жай қалдыра қоймайды. Тағы да ең сорақысы сол, әйгілі демограф жезөкшелікпен айналысып, қор болып жүрген қазақ қыздарын хор қыздарына айналдырудың «жолын» ұсынады, жер-жерде «жезөкшелер үйін» ашуға шақырады...

Публицист Қ.Боқаевтың жоғарыдағы аты-заты айғайлап тұрған мақаласына үн қосушылар болмай қалған жоқ. Журналист Тілеубек Қарамендітегі М.Тәтімовтің ғылыми пікірлеріндегі тұрақсыздығына, жалтақтығына өзінше нақты дәлелдер келтіре отырып: «Сөйтсе де мен Мақашқа былай деп кеңес бермекпін: «Мақаш, сен Қуанбектің мақаласын зерделеп, зерттеп оқы. Сонда өзіңнің ұлттық дәстүрден безін деп жұртты азғырып жүргеніңді, ұлттық дәстүрді әжуалап, қорлап жүргеніңді ұғынар едің. Кеше бір әйелге екі күйеуді ұсынсаң, бүгін жезөкшелер үйін ашуды жақтап жүрсең, ертең тағы да құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық ұсыныс айтарсың. Журналистің Тәтімовті аузы дуалы, халық алдында беделі зор қайраткер деп жоғары бағалай отырып, салмақты сауал қойып, ой тастауының мәнін ұғынарсың. Меніңше, Қуанбек Боқаев секілді зерттеуші, талдаушы, саясаткер журналистер көбейсе, жалған қайраткерлер мен жалған

ғалымдар саны азаяр еді» (55).

ХХ ғасырдың соңында тәуелсіз қоғам, әсіресе, еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, идеологиялық хал-ахуал дағдарысы, ұлттық сана-сезімдегі селкеулік қазақ публицистерінен қалам қарымын талап етті. Мұны терең түсінген ұлт мүддесі жолында ештеңеден де тайынбайтын танымал публицистер, ғалымдар «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы жар салып жатты(56).

Ұлт мүддесінен сомдалған «Қазақ әдебиеті» газеті ел Тәуелсіздігінің алғашқы қадамдарынан бастап, өзінің ежелгі биігінде келе жатқанын айту керек. Тәуелсіз мемлекетіміздің іргесі бекемдене түсуі жолында өз ұстанымы мен өзіндік үнін айқын танытып келе жатқан «Қазақ әдебиеті» газеті қазақ публицистерінің ұстаханасына айналды.

Қорытындылар

*Алғашқы нөмірі шыға бастағанына сексен жылға таяған Тәуелсіз Қазақстанның әдебиет, мәдениет және өнер газеті - «Қазақ әдебиеті» ұлт рухының жоқтаушы-шырақшысына айналды. Газет небір қара түнек кезеңдерде илікпеді, сынбады, қоғамдық кеселді қандауырмен сылып алып тастай алмаса да, сол кеселдің тамырын тамыршыдай тап басып, айтып бере алды, қалай емдеу жолдарын да нақты көрсете білді.

* Газеттің алғашқы өрлеуі елуінші жылдардың ортасында қоғамдағы жылымық сәтке сәйкес келсе, кейінгі өрлеуі сексенінші жылдардың екінші жартысындағы демократия, жариялылық, қайта құру үрдісі белең алған кезеңде болды. Басылым ұлт публицистикасының алтын дәуіріне жол ашты.

* Ұлттық сананы оятудағы сіңірген өлшеусіз еңбегін бүгінде барша жұрт мойындаған «Қазақ әдебиеті» газеті о бастан-ақ туған тіліміздің тағдыры жөнінде зиялы қауымның жан дауысын үзбей жеткізген болса, ұлттық салт-дәстүрлерімізді сақтау, әдебиет пен өнеріміздің келешегін ойлау, ғылым мен білімнің деңгейін көтеру сияқты көкейкесті проблемалар жөнінде «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген принциппен, кеңестік идеологияның, тоталитарлық жүйенің сол дәуірлеп тұрған тұстарында батыл айта білді.

* «Ақтаңдақтар» ақиқаты, арыстарды ақтау, Желтоқсан шындығы, экологиялық зардаптар, т.б. туралы да дер кезінде мәселелер қозғаған газет партияның және партократияның халық алдындағы қылмысы мен құлдыраған беделі жөнінде тұңғыш болып үн көтерді.

* Халқымыздың еркіндікке ұмтылысындағы жарқын белес болған бұл басылымның бетінде жиі жарияланған жүрекжарды мақалалар Тәуелсіздікті аңсаған қалың бұқараға бостандықтың бір жұтым ауасындай әсер еткені

ақиқат.

* Ұлт публицистері еліміздің елдігін, жеріміздің кеңдігін, ниетіміздің түзулігін, пейіліміздің ақтығын, құшағымыздың ақтілеулілерге ашықтығын бар дауыспен айтып жүр. Тәуелсіз еліміздің елдігін көре алмайтын, ұшы-қиырына көз жетпейтін кең-байтақ жерімізге сұқтарын қадаушылар ұлышовинистік империялық жымысқы саясаттарын жүргізуде. Осынау бітіспес майдан алаңына шыққан «Қазақ әдебиеті» газеті өзінің өліспей беріспейтінін талай рет дәлелдеген.

* Қазіргі таңда Тәуелсіздігіміздің, дініміз бен еліміздің, тіліміздің сатқындары мен дұшпандарына қарсы күресте ұлт рухының шырақшысына айналған «Қазақ әдебиеті» газеті арпалысқа толы майданның нақ ортасында жүр.

* Газет ұлт публицистикасы өресінің кеңейе түсуі жолында ұлттық мүдде биігінен көріне білетін қазақ көсемсөз шеберлерін даярлаудың үлкен мектебіне айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әуезов М. Сәт-сапарға дос ниет // Қазақ әдебиеті. 1955. 14 қаңтар.
2. Кеңесбаев І. Тіл байлығы үшін // Қазақ әдебиеті. 1955. 14 қаңтар.
3. Мұстафин Ғ. Талант қанатпен шарықтайды// Қазақ әдебиеті. 1955. 14 қаңтар.
4. Бердібаев Р. Имандылық // Қазақ әдебиеті. 1991. 15 наурыз.
5. Бердібаев Р. Ең үлкен мәдени байлық // Қазақ әдебиеті. 1956. 22 сәуір.
6. Нарымбетов Ә. Ана тілін ардақтайық // Қазақ әдебиеті. 1956.1 маусым.
7. Қаратаев М. Қайта қарауды қажет ететін мәселе // Қазақ әдебиеті. 1956. 10 тамыз.
8. Кенжебаев Б. Өтелмеген парыз // Қазақ әдебиеті. 1956. 24 тамыз.
9. ҚР Президент архиві. 708-қор, 30-тізім, 168-іс.
10. Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік. Редакциялық мақала //Социалистік Қазақстан. 1957. 2 қаңтар.
11. Оспанов С. С. Мәуленов «Қазақ әдебиеті» газетінен неге қуылды? Өткен күннен бір елес // Ана тілі. 2000. 28 маусым.
12. «Қазақ әдебиеті» газетінің түсініксіз позициясы. Редакциялық мақала // Социалистік Қазақстан. 1959. 2 шілде.

13. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын» баспасы, ЖШС. 1997. – 327-328 б.

14. Әлімжанов Ә. Ауадай қажет // Литературная газета. 1962. 11 тамыз.

15. Қазақ әдебиеті. 1962. 17 тамыз.

16. Қазақ әдебиеті. 2000. 21 қараша.

17. Алтынды тот баспайды. «Вопросы литературы» журналындағы бір мақаланы талқылау. Редакциялық мақала // 1971. 10 желтоқсан.

18. Мұратбеков С. Газеттің көлемі қалай өсті? //Қазақ әдебиеті. 2004. 2 қаңтар.

19. Бөпежанова Ә. Мұртаза кеңістігі //Қазақ әдебиеті. 2004. 23 қаңтар.

20. Бұхарқызы Х. Журналистикадан басталған жол // Қазақ әдебиеті. 2003. 3 қазан.

21. Қазақ әдебиеті. 2004. 24 желтоқсан.

22. Байтұрсынов А. Ақ жол: (Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу). Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 264 б.

23. Қозыбаев М. Тарих және әдебиет //Қазақ әдебиеті. 1988. 15 қаңтар.

24. Нұржекеев Б. Ашық айту – арға сын // Қазақ әдебиеті. 1988. 29 қаңтар.

25. Елубаев С. Нәубет. Мезгіл мінбесінен // Қазақ әдебиеті. 1988. 18 наурыз.

26. Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы СОКП Орталық Комитетінің 1987 жылғы шілдедегі қаулысы //Қазақ әдебиеті. 1987. 17 шілде.

27. Демократия тағылымдары. КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, КСРО халық депутаты М.Шахановпен әңгіме. Әңгімелескен Коммунар Табеев // Қазақ әдебиеті. 1989. 14 шілде.

28. Айғақ кәне, куә кім? 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты құрылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Арнаулы комиссиясының төрағасы Қадыр Мырзалиевпен сұхбат. Әңгімелескен Жүсіпбек Қорғасбеков // Қазақ әдебиеті. 1989. 22 қыркүйек.

29. Ащы да болса , ақиқатын айтайық. КСРО халық депутатты Мұхтар Шахановпен әңгіме. Қаз ТАГ // Қазақ әдебиеті. -1989. 1 қыркүйек; Шаханов М. Бес ғасырлық арман немесе Желтоқсан тағылымы (Желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан» атты ғылыми-теориялық конференцияда жасалған баяндама) // Қазақ әдебиеті. 1996.17 желтоқсан, т.б.

30. Тұрсынбаев Ә. Қайта құру және тарих. Идеологиялық жұмыс:

қоғамдық ғылымдар парызы // Социалистік Қазақстан. 1988. 29 наурыз.

31. Қозыбаев М. Голощекин. Саяси портрет //Қазақ әдебиеті. 1988. 9 желтоқсан.

32. Қозыбаев М. «Ақтаңдақтар» ақиқаты // Социалистік Қазақстан. 1988. 11 қыркүйек .

33. Әділет салтанат құруда. Жазушы-публицист Б.Қойшыбаевтың Қазақ КСР Жоғары сотының председателі Т.Аймағанбетовпен сұхбаты //Қазақ әдебиеті. 1988. 9 желтоқсан.

34. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Комиссиясы. Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының Қорытындысы // Қазақ әдебиеті. 1989. 15 желтоқсан; Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде. Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның қорытындысы // Қазақ әдебиеті. 1989. 6 қаңтар.

35. Кәкішев Т. Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы //Қазақ әдебиеті. 1989. 19, 26 мамыр.

36. Әуезов М. Уақыт және әдебиет / Құраст. ред. алғы сөзін жазған Ы.Т.Дүйсенбаев. – Алматы. КМКӘБ, 1962. -395-398 б.

37. Қаратаев М. Шеберлік шыңына (Қазақ совет әдебиетінің келелі мәселелері жәйлі зерттеулер мен мақалалар). Алматы: КМКӘБ,1963.-11-12 б.

38. Ғабдуллин М. Біз ұлттық характер дегенді қалай түсінеміз? Шеберлік туралы әңгімелейміз // Қазақ әдебиеті. 1971. 3 желтоқсан.

39. Есеналиев М. Қалыпқа салма, халыққа сал. КПСС Орталық Комитетінің Пленумы қарсаңында //Қазақ әдебиеті. 1988. 14 шілде.

40.Бөкеев О. Партия дегеніміз... Мезгіл мінбесінен //Қазақ әдебиеті. 1990. 2 наурыз.

41.Жәнібеков Ө. Елдік, бірлік белгісі //Қазақ әдебиеті.1990. 16 наурыз.

42. Айтылмайтын ақиқат жоқ. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеология бөлімінің меңгерушісі Мырзатай Жолдасбековпен «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі Д.Әшімхановтың сұхбаты // Қазақ әдебиеті. 1990. 23 маусым.

43. Досанов С. Қазақтың қамын кім ойлар? Мезгіл мінбесінен//Қазақ әдебиеті 1991. 21 маусым.

44. Елбасы: эсселер, ой-толғамдар, өлең-жырлар, сұхбаттар.- Алматы: «Ана тілі», 1996. 287 б.

45. Жұмаділов Қ. Ғасырға татитын бір жыл. Тәуелсіздігіміз баянды болсын десек... // Қазақ әдебиеті. 1992. 11 желтоқсан.

46. Жұмаділов Қ. Тәуелсіздік тұғыры берік болсын! (Президент тұғырнамасын оқығанда туған ойлар) //Қазақ әдебиеті. 1993. 17 желтоқсан.

47. Бердібай Р. Көзқамандар кімдер? //Қазақ әдебиеті. 1991. 30 қыркүйек.

48. Жұмақанұлы Қ. Көзқамандар мәңгүрттерден де қауіпті // Қазақ әдебиеті. 1997. 2 қыркүйек.

49. Казахская правда. 1997. №4, 17 августа.

50. Тарихи тағылым және тарихи талап. Конференция материалдарын дайындаған Адам Мекебайұлы // Қазақ әдебиеті. 1998. 9 қазан.

51. Сәбетқазы Ақтай: «Ұлт мүддесін сатқандарды бүгінгі ұрпақ та, келер ұрпақ та кешіре қоймас» //Қазақ әдебиеті. 1998. 7 қаңтар.

52. Ақ. Ақтай. Ұлтсыздық, ұлтшылдық һәм ұлтжандылық хақында немесе Мұстафа Шоқайды аңсау //Қазақ әдебиеті. 1998. 10 сәуір.

53. Раушанов Е. Ауылға кетсек пе, әлде эмиграцияға ма? //Қазақ әдебиеті. 1999. 5 қараша.

54. Боқаев Қ. Сен кімсің, Мақаш Тәтімов? //Қазақ әдебиеті. 2000. 24 қараша.

55. Қарамендітегі Т. Мақаштың кім екенін мен айтайын // Қазақ әдебиеті. 2000. 15 желтоқсан.

56.Мысалы, қараңыз: Ұлт мүддесінен ұлық ештеңе жоқ! Қазақстан Парламентінің назарына. Публицист-қаламгерлер Адам Мекебай, Әмірхан Меңдеке және Мейірхан Ақдәулетұлының ұсыныстары //Қазақ әдебиеті. 1999. 25 маусым; Профессор Ғ. Есім: «Дертті қоғам диагнозын далбасалап қоймау керек»//Қазақ әдебиеті. 1999. 2 сәуір; Әлім А. Рухани иммунитет // Қазақ әдебиеті. 1999. 29 қазан; Сонікі, Ұлтымыз интеллигенциядан не күтеді? // Қазақ әдебиеті. 2000. 18 тамыз; Сонікі. Патриотизм және мещандық //Қазақ әдебиеті. 2000. 29 қыркүйек; тағы басқалар.

II ТАРАУ

ТҰТАС ТҮРКІСТАН АЗАТТЫҒЫНЫҢ ҚАЙТПАС КҮРЕСКЕРІ

Мұстафа Шоқай ғұмырнамасының кейбір беймәлім беттері

Тарихшылардың тұжырымдауынша, XX ғасыр әлем тарихындағы ең аянышты да қаралы жүз жылдық болып қалды. Өткен ғасырдағы адамдардың өздері ойлап тауып, қолмен жасаған қанды қырғындар мен жойқын соғыстар зардабынан миллиондаған қазақтардың да құрбан болғандығы белгілі.

Ғасырдың басындағы 1904-1905 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс, уақытша үкімет пен большевиктер тайталасы, қызылдардың қазан төңкерісінде жеңіске жетуі қазақ жерінде жағдайды барынша ушықтырып, дүрбелең туғызды. Дәл осы тұста Ұлы Далада ұлт-азаттық қозғалысы өрістеп, ұлттық мемлекетті құру жолындағы күреске жұмылған Алаш зиялылары шын мәнінде ұлттық мүддені көздеген жандар еді. Қазақ елінің тәуелсіздік идеясы сол тұста баспасөз беттерінде жарық көрген Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Тынышбаев, М.Шоқаев, М.Әуезов, С.Қожанов және тағы басқалардың мақалаларындағы ой-толғамдары, арман-мақсаттары арқылы публицистік асқақ оймен өрілді. Өз елін, жерін, ұлтын шексіз сүйген осынау зиялылардың есімдері қазақ публицистикасының қарлығаштары ретінде тарихта мәңгі қалды. Осы дәуірдегі ұлт публицистикасының асқақ үні ұлттық идеяны пір тұтқан, ұлттық сана-сезімі жоғары қазақ зиялыларының азаматтық позициясымен тікелей астасып жатты. Олар тұтас ұлт мұңын мұңдады. Сонымен, ғасыр басында-ақ өз шығармаларында халықтық үнмен көріне бастаған зиялы шоғыр жиырмасыншы жылдардың аяғы, отызыншы жылдардың соңына дейін бірі атылып, бірі айдауға кетіп, енді бірі абақтыға қамалған олардың дүние танымдары, әдеби-эстетикалық көзқарастары жағынан пікірлес, бағыттас болды. Оларды бір ғана ұлы мақсат – ұлт мүддесі біріктірді, қоғамдық маңызы зор әлеуметтік, ұлттық проблемалар толғандырды.

Бүгінгі Тәуелсіздігіміз өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы алапат құрбандардың арқасында келді десек қателеспейміз. Ұлт қаһармандарының пәк рухы алдында тағзым етіп, олардың есімдерін ардақтау бүгінгі ұрпақтың парызы болса керек. Осылай десек, ғасыр

басындағы алыптар шоғырында Ақмешіт (Қызылорда) қаласында дүниеге келіп, сүйегі Германияда қалған Мұстафа Шоқай тұлғасы ерекшеленіп тұр. Өкінішке орай, осынау ұлы тұлға жөнінде біз тереңнен тартып біле бермейміз.

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы кеңестік құрылыстың жандайшаптары «түрікшіл», «ұлтшыл», «исламшыл», «әлемдік буржуазияның жансызы» деген айдар тағып, оның еңбектеріне ғана емес, тіпті есімін атауға қатаң тыйым салынған, тұтас Түркістанның (жиырмасыншы ғасырдың 30-жылдарына дейін Ресейде Қазақстан мен Орта Азияның мұсылман жұртын осылай атаған) тәуелсіз мемлекет, өз ықтияры өзіндегі ел болуын көксеген жан, мұқалмас көсем, дара батыр, Ақиқат жаршысы, Орта Азия мен Қазақстан халқының Бостандығы мен Теңдігінің жан аямас жоқшысы Мұстафа Шоқай күндердің күнінде еліміздің саяси һәм экономикалық берекесіздікке ұшырайтынын, әрі біздің ұлы Арманымыздың – «нұрлы болашақ – социализмге» деген сеніміміздің әлі-ақ жаназасына қатысатынымызды қалт еткізбей қадағалап білген көріпкел, сәуегей, киелі жан ба еді? [1].

Ол Ресейдің бұрынғы отар халықтарын қорлайтын жәдігөйлік нәсілдік кемсітушілігіне, большевизмнің империялық саясатына, тоталитарлық тәртібіне, халықтардың тарихын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тілін жойып жіберуге бағытталған идеологиясына қарсы тұрды.

Бостандықтың ұраншысы болған көрнекті қайраткер, ұлы тұлға Мұстафа Шоқайдың есімі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ғана ауызға алына бастады.

«Мұстафа Шоқай, - деп жазады атақты өзбек әдебиетшісі Озод Шарафиддинов, - тек түркістандықтар арасында ғана емес, сонымен қатар Шығыстағы, сондай-ақ Германия мен Түркиядағы шығыстанушы ғалымдар ортасында үлкен абыройға ие болған терең білімді жан. Ол бұл құрметке бір кездері Түркістанның басында тұрғаны үшін ғана емес, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде мыңдаған түркістандық жерлестерін өлім аузынан арашалап, аман алып қалғаны үшін ғана емес, Түркістан Тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлығының маңызы аса зор терең білімді шығармашылықтарының арқасында ие болды. Шетелдерде оны «Түріктердің аса жоғары ұлт жанашыры» ретінде ардақтайды» [2].

Осы үзінді алынып отырған шағын кітапша, 1993 жылы Ташкенттегі «Шарқ» баспасынан «Тәуелсіздік күрескерлері» деген тақырыппен шықты.

«Құрметті оқырман!- деп басталатын кітапшаның алғысөзі назар аударады. – Сауапты істің жарыққа шығуын да тарихи оқиға деуге әбден болады. Қолдарыңыздағы осы кітапша баспаханамыз ізгі ниетпен, алысты көздеп жоспарлаған «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбының алғашқы нышаны. Біз бұл жоспар бойынша тәуелсіздігіміз жолында бар ғұмырын сарп етіп, жандарын қиған ұлтымыз жанашырларының өмірі, ғылыми-әдеби мұралары жөнінде тұрақты сөз қозғамақпыз. «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбы ұлт қаһармандарының кіршіксіз, пәк рухына тағзым әрі болашақта атқарылатын игілікті істерге бастау болмақ.. Тәуелсіздік жемісі іспеттес бұл кітаптардан бүгінгі ұрпақ сабақ алса, тәуелсіздіктің жарқын нұрына бөлене берсе, алға қойған міндеттің орындалғаны деп білеміз» [3].

Өзбек ғалымы О.Шарафиддиновтің бұл кітабындағы Мұстафа Шоқай жөніндегі зерттеуі жоғары бағалауға лайық [4]. Түркістан Тәуелсіздігінің атақты күрескері, қандасымыз Мұстафа Шоқай туралы құнды мәліметтермен өрілген осы еңбек «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбының беташары ретінде ұсынылған және ол қазақ-өзбек оқырмандары үшін баға жетпес байлық десек, артық айтпаймыз.

«Өкінішке орай, - деп жазады өзбектің әдебиетші ғалымы, - бұл ұлы тұлға жөнінде біз ешнәрсе білмейміз. Мәселенің шындығы сол, ол жөнінде естіп-білдік, дегенмен де мұның бәрі кеңестік дәуірде сана-сезімімізді улаған өтірік-өсектен басқа ештеңе де емес еді. Шынтуайына келсек, М.Шоқай есімі 20-жылдары тілге көп алынды. Түрлі кітаптарда, конференцияларда ол негізінен кеңес үкіметіне қарсы күрескен, төңкеріс жасау әрекетін ұйымдастыруға басшылық еткен халық жауы ретінде түсіндіріледі. Бұған нақты мысал ретінде 1930 жылы Өзбекстан КСРО Жоғарғы сотының төрағасы Саъдулла Қосимовты соттау кезінде мемлекет айыптаушысы Р.Катаняның айыптау сөзін немесе сол тұстағы Өзбекстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Акмол Икромовтың түрлі құрылтай-жиындарда сөйлеген сөздерін келтіруге болады. Олардың қай-қайсысы болмасын Шоқайды қатаң түрде айыптаудан жалыққан емес. Уақыт өте келе, яғни 1937 жылдан бері карай М.Шоқай есімі баспа беттерінен өшірілді, мақалалары, сөйлеген сөздері шыққан газет-журналдар түгелдей өртелді, жалпы ол жөнінде айтуға қатаң тиым салынды. Арада жарты ғасырға жуық уақыт өткенде, 1985 жылдан кейін ғана М.Шоқай жөнінде айтыла бастады, оның есімі ардақталып, кейбір шығармалары басылымдар беттерінде жарық көрді. Бұл мақала М.Шоқай туралы алғашқы мақалалардың бірі. Ең өкініштісі сол, менің қолымда оның шетелдерде жарық көрген кітаптары, мақалалары жоқ. Дегенмен де мен М.Шоқайдың Түркияда басылған «1917

жыл туралы естеліктер» деген кітабы мен ол жөніндегі альбомды және кезінде оның «Эрк» («Қалау») газетінде шыққан «Түркістан шуралар үкіметі кезеңінде» атты мақаласын қолыма түсірген едім. Өзбек оқырмандары үшін пайдалы болып табылатын бұл мақалада Түркістан тәуелсіздігінің ұлы күрескері, атақты жерлесіміз М.Шоқай жөнінде алғашқы ойлар айтылады» [5].

Сонымен, Мұстафа Шоқай кім!... Ол кім?

Мұстафа 1890 жылы Ақмешітте (Қызылорда) атақты Торғай датқаның баласы, беделді де бетті болған Шоқайдың шаңырағында дүниеге келді. Ауыл молдасынан хат танығаннан кейін 1902 жылы Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. Оны Александр Керенскиймен бірге үздік тәмәмдап, 1912 жылы Санкт-Петербургтегі императорлық университеттің заң факультетін үздік бітіріп шығады. (Осы арада айта кететін жайт сол, кезінде уақытша үкіметтің тізгінін ұстаған осы Керенский Мұстафа Шоқайұлына министрдің портфелін ұсынғанда, Мұстафа одан үзілді-кесілді бас тартады). Осылайша, Еуропа мен Шығыс дәстүрінде білім алған ол орыс, түрік, өзбек, тәжік, француз, поляк, ағылшын, неміс тілдерін жетік білген. Түріктер елі – Түркістанның тарихын терең білген ол мәдениеттің, саясат пен заң ілімінің дамуына деген дара көзқарасын түркі ғана емес, әлемнің сандаған тілдерінде баяндап бере алатын ерекше қабілет-қарымының арқасында Ресей Мемлекеттік Думасындағы Мұсылман фракциясының Саяси бюросында Түркістан халықтарының бірінші, әрі белгілі бір мерзім ішіндегі бірден-бір өкілі болды. Оның достары – қандас бауырлары ұлттың тәуелсіздігі жолында жандарын қиюға әзір, қазақ ұлттық интеллигенциясының аса көрнекті көш басшылары – Думаның мүшесі болған Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов, сондай-ақ Үлкен Түркістандағы басқа да түркі халықтарының азаттығын аңсаған ерлер еді.

М.Шоқайдың Мұсылман фракциясының саяси бюросындағы қызметі Үлкен Түркістанды мекен еткен, отарлық езгіде жаншылып келген күллі түркі халықтарының арман-мұңын терең зерделеуге негіз болғанын түсінуге тиіспіз. Казак-орыстардың жергілікті халықтарға жасап отырған қиянаттары мен жауыздықтарын бұлтартпайтын айғақтармен дәлелдеп, Думаның жүгенсіздікті тоқтату жөнінде шаралар белгілеуіне ықпал еткен Мұстафа Шоқай ұлт мүддесі жолында неден болса да тайынбайтынын дәлелдей білді. Түркістан халықтарының құқықтарын қорғау жөніндегі Өкілдер комиссиясына басшылық еткен Мұстафа Шоқай тобы біртұтас Түркістан конфедерациясының құрамында Түркістан ұлттық автономиясын құруға

алғашқы қадамдар жасап жатты. Сол тұстағы Ресейдегі революциялық ахуал: монархияның құлауы, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі, Уақытша үкіметтің құрылуы ұлттық интеллигенция санасының оянуына түрткі болған еді.

Алма-кезек дүниеде жаппай қуғын-сүргін өріс алып, Орта Азия мен Қазақстанның ірі қалаларын шарпыды. Осы тұста қарсылық көрсету мақсатын ұстанған мұсылман Саяси ұйымдары: ғалымдар ассоциациясы (Үлем жамиғаты) мен Мұсылмандар кеңесі (Шұра-и-Исләми), сондай-ақ қазақ ұлттық «Алаш орда» партиясы құрылды. Олар күш біріктіре келе 1917 жылғы наурызда Ташкентте Түркістан мұсылмандарының конгресін шақырып, онда Орталық комитет сайлап, Мұсылман орталығын құрады. Орталыққа Мұстафа Шоқай басшылық жасады [6].

Түркістан халықтары үміт артқан Қазан социалистік төңкерісін ұйымдастырған большевиктер ұзамай-ақ берген уәделерінен тайқып шыға келеді де бостандық, теңдік, азаттық деген киелі сөздерді тәрк етті. 1917 жылы 16 қарашада Ташкентте құрылған Түркістан халық комиссарлары кеңесінің мүшелігіне бірде-бір түркістандық өтпеді. Халкомкеңестің төрағасы большевик Колесов мәжілістің алдында былайша түсінік берді: «... Жоғарғы органға мұсылмандарды енгізу олардың бірде-бір пролетарлық ұйымы болмағандықтан ғана емес, сонымен қатар жергілікті халықтың оларға деген көзқарасы әрқилы болып отырғандықтан да мүмкін емес» [7]. Мұстафа Шоқай мен оның үзеңгілестері ұстанған бағыттарынан бас тартқан жоқ. Мұсылман орталығы өздерінің «Ұлы Түркістан» мен «Бірлік туы» газеттерінің алғашқы нөмірлерінен бастап-ақ автономия құруға құлшыныс танытып, әзірлік жасай бастайды. «Ұлы Түркістан» газеті Мұсылман орталығының Мұстафа Шоқай бастаған топтың иелігінде болса, «Бірлік туы» газеті «Алашорда» қазақ ұлттық партиясының органына айналып, оған партия көсемдерінің бірі Міржақып Дулатов редакторлық етті.

1917 жылы 9 желтоқсанда Қоқанда барлық саяси партиялар мен қозғалыстардың бүкілтүркістандық құрылтайы өткізіліп, онда делегаттар Түркістан территориялық автономиясын жақтап дауыс берді. Осы құрылтайда Түркістан автономиясының халық кеңесін сайлады, осы кеңес үкіметті жасақтады. Үкімет басшылығының тізгіні Мұхамеджан Тынышбаевқа тапсырылды, бір аптадай ғана уақыт өткенде ол өз еркімен орынтақты босатқанда бұл қызметке Мұстафа Шоқай бірауыздан сайланады. 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда «Алашорда» басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ үкіметі құрылды. Мұстафа Шоқай үкімет құрамына кіреді. Осылайша, Ұлы Түркістан халқы өз тағдырына өздері

қожалық ету мақсатымен өз мемлекеттігін жаңғырту жолында тұңғыш қадам жасауға талпынды. Осы тұста, яғни 1918 жылы қаңтар айының басында Ташкент халық Комиссарлар кеңесі «Қосарлас мұсылман үкіметін» жоюға шешім қабылдайды да жедел іске кіріседі.

1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Ташкентте П.Г.Полтарацкийге Түркістан автономиясы уақытша үкіметі мен оның төңірегіндегілердің ақша қаржысын тұтқындау жөнінде тапсырма берілді. Қысқа мерзімде Мемлекеттік банктің Қоқан қалалық бөлімшесінде 8 миллионнан астам рубль конфискеленеді. Банктердің тұтқындалып, бар қаржысынан айырылуы қаланы үлкен әбігерге салады. Автономия мүшелері мен іскер топтар арасын тіпті ушықтырып жіберді де , бұл М.Тынышбаевтың премьерліктен кетіп, оның орнына М.Шоқайдың тағайындалуына алып келді. Мұстафа өз кезегінде мұсылмандардың мүддесін қорғау ісінде бағдарламаны жүзеге асыруда батыл шаралар қолдануға уәде берді [8]. Жаңа басшылық белсенді қимылға көшті. Уақытша өкімет билігіне келген Мұстафа Шоқай қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының басын біріктіруге әрекет жасай бастады.

Қоқан банктеріндегі ақша қаражаты конфискеленгеннен кейін 1918 жылғы қаңтар айының аяғында автономияшылар мен Қоқан жұмысшылар мен солдаттар депутаттары қалалық кеңесінің арасындағы жағдай мүлдем ушығып кетті. Кеңес өкіметі жағындағы қарулы отрядтар Қоқан өкіметімен ашық жауыға бастады. Қоқан мұсылмандары қаланың европалық бөлігін қиратып, орыстар мен армияндарды қырғынға ұшыратып жатыр деген дақпырт большевиктік кеңеске берілген әскери бөлімшелердің арасында мұсылмандарға қарсы өшпенділіктің қоза түсуіне себеп болды. Түркістан автономиясын жаншып тастауға қалың әскер жылжып келе жатты... Ал, Қоқан өкіметі бірнеше полицей отряды мен қыпшақ атты милициясының ғана қолдауына сүйенді...

Революциялық комитеттің мүшесі болған Н.Сазонов өз естелігінде келіссөздер барысында Түркістан автономиясының уақытша өкіметі өздерінің өкілеттіліктерін доғарып, кеңес өкіметін мойындау жөніндегі шартты қабылдамай тастағанын былай еске алады: «Тағы да бізді Шоқаев қарсы алды. Сол бұрынғысындай өте сыпайы түрде шай мен дәм ұсынды. Әрине, біз бұдан бас тарттық.. Оған конверт тапсырдық.. Ол оны ашып оқыды да Министрлер кеңесіне беретінін айтты. Мұндай мәселені жалғыз өзі шешуге өкілетті емес екендігін түсіндіре отырып, бұл шартты автономиялық өкіметтің орындай қоюына сенім аз деп ойлайтынын жеткізді. Біз

сағатымызды көрсетіп, қайтуға бет алдық. Шоқаев тағы да сыпайылық танытып, бізге шығарып салушысын қосты».

Билікке бейбіт жолмен қол жеткізуге үміт артқан Түркістан автономиясы өкіметінің қорғанысы өте әлсіз болды. Қару ретінде балта, кетпен, шоқпар, тас пайдаланылды. Осыған қарамастан автономияшылыр үш күн бойы кеңес армиясының шабуылына қажырлықпен тойтарыс берді. Автономияшылардың жақтастары «Түркістан түркістандықтар үшін» ұранымен қасиетті соғыс жариялады.

4 (17) ақпанда қарсы жақ келіссөздерді қайта жаңғыртты. Олар Мұстафа Шоқай кабинетіне мұсылман жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңесі тарапынан қатты қысым жасады. Нәтижесінде 5 (18) ақпанда төңкеріс жасалып, Шоқай кабинеті құлады, бірқатар министрлер мен олардың жақтастары тұтқындалды. Ақпанның 5-інен 6-сына (18-нен 19-на қарағанда) қараған түні барлығы 11 эшелоннан тұратын кавалериялық , артиллериялық және жаяу әскер бөлімдері Қоқанға келіп жетті [10]. Ташкенттен Түркістан өлкесінің әскери комиссары 28 жастағы поручик Е.Л.Перфильевті ала келді. Ол Түркістан автономиясы өкіметін жою операциясын басқарды [11].

Қала жан-жақтан қоршауға алынып, ауыр соққының астында қалды. 6(17) ақпанда Түркістан автономиясы өкіметі тізе бүгуге мәжбүр болды, жермен-жексен болған қала тоналды. Мұстафа Шоқай әрең дегенде қоршаудан құтылып шығады. «Алашорда» туының астындағы Қазақ автономиясы үкіметінің де қоқандықтардың аяғын құшқанын айта кетуіміз керек.

Бұдан әрі Мұстафа Шоқайдың бас сауғалау дәуірі басталады. Баку мен Тибилисиде біраз аялдап, Стамбулға аттанады. Бастапқыда Түркия арқылы Германияға сапар шегеді, сонан соң Францияға барып орнығады. Ұлы тұлғаның осы аралықтағы тартқан жан азабын тілмен айтып жеткізу қиынның-қиыны ...

ХХ ғасырда халық екі дүниежүзілік соғысты бастан кешірді. Миллиондаған адам қырғын болды, бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген қауіп-қатер қолдан жасалды ...

Жетпіс төрт жылдан астам уақыт өмір сүріп, билігін жүргізген Кеңес дәуірі тарихымызда әміршілдік-әкімшілдікке негізделген тоталитарлық социалистік құрылыс ретінде қалып отыр. Ұзаққа созылған бұл кезең кең етек жайған қат-қабат қасірет-мұңымен, ақтаңдақтарымен, алапат аштықта, қуғын-сүргінде құрбан болған бейкүнә адамдардың тартқан жан азабымен оқшауланады. Кезінде Ұлы Мұстафа Шоқай былай деп жазды: «Революция

біздің үміттерімізді үзді, сенімімізді жоққа шығарды, алданғанымызды анық көрсетті... Кең-байтақ жұртымыз құрбан болған өз балаларының қанымен суарылып, олардың денелерімен қапталды. Мыңдаған жас Түркістан қаһармандары кеңестік Ресей түрмелерінде шіріп жатыр. Он мыңдаған, тіпті жүз мыңдаған түркістандықтар адам сияқты өмір сүруді аңсап, елдерін тастап шығуға мәжбүр болды. Сүйінішпен, үмітпен қарсы алған революция ортақ ұлттық трагедиямызға айналды...».

Иә, социалистік революция қара таңбалы трагедияға айналды. Ұлт деген ұғымды жоқ ете бастады. Біртұтас кеңес халқын қалыптастыру үрдісі кең қанат жайды.

Коммунистік идеологияның шырмауында болып, социалистік догматизмнің сойылын соққан кеңестік тарихшылырымыздан бастап, әдебиетшілеріміз, ақындарымыз, драматургтеріміз бен киношыларымыз шығармаларында Мұстафа Шоқай есімін атай алмады не атағылары келмеді, жаптым жала, жақтым күйе дүмбілез дүниелер етек жайды. Кеңестік тәрбие көріп, кеңестің нанын жеп, мәшинесін мінгендерден басқа не күтуге болады?

Ұлы Түркістанның тәуелсіздігін аңсап, арман еткен Мұстафа Шоқай халықтардың жүрегіндегі үміт отын үрлеген жарық жұлдыз ретінде тарихта мәңгі қалды. Кеңестік одақтың ыдырауы, Тәуелсіздік туының желбіреуі ұлы тұлғаны бар бітім-болмысымен түркі халықтарының көсемі ретінде ортамызға қайта оралтты. Бұған мың да бір шүкіршілік айтуымыз керек!

Тұтас Түркістанның көсемі Мұстафа Шоқай ғылыми-танымдық мақалаларымен танылған жалынды журналист-публицист болды. 1917 жылы Ташкентте «Ұлттық тәуелсіздік жасасын!» деген ұранмен шыға бастаған «Ұлы Түркістан» газетінің тұрақты авторы ретінде танылады. Осы басылымда ол «Халықтың жүзден тоқсан сегізі мұсылман саналатын Түркістан өлкесінде биліктің шетелден келген әскер мен жұмысшылар қолына өтуіне түркістандықтар риза болмайды» деп жазған еді. 1917 жылдың ортасынан бастап шыға бастаған «Бірлік туы» газетіне оның от жалынға оралған сандаған материалы жарық көрді. 1918 жылы Ташкентте шыққан «Свободный Туркестан» деген орысша газетте Мұстафа Шоқайдың түрлі лақап есімдердермен орыс тіліндегі мақалалары үзбей жарияланып тұрды. 1942 жылы Мұстафа Шоқайдың қайтыс болуының бір жылдығына орай түрік докторы М.Делил Стамбулда «Намуна» атты альбом шығарып, оның журналистік-публицистік кабілет-қарымы тұрғысында өте қымбат та қызықты мәліметтер береді. Ғалымның нақты дәлелдерге сүйене отырып айтуынша, М.Шоқай 1919-1920 жылдары Кавказда төрт газет шығаруға

көмектескен. Бұлар -1919 жылы Тифлисте орыс тілінде шыққан «Вольные горцы» апталық газеті, Түркістан және Украина ұлттық орталығының қолдауымен жарық көрген «На рубеже» басылымы, 1920 жылы Шығыс Кавказ ұлттық ұйымы мен Түркістан ұлттық орталығының бірлесіп шығарған «Жаңа өмір» газеті және «Шафак» газеті. Осы соңғы газетке М.Шоқай бас редакторлық еткен. Жоғарыдағы басылымдардың бәрінде де Мұстафаның ұлттар мүддесінен өрілген өзекті мақалалары жарияланып жатты. Оның тікелей араласуымен Стамбулда 1927 жылдың соңынан 1931 жылдың шілдесіне дейін «Жаңа Түркістан» атты айлық брошюра шықты. Сондай-ақ оның редакторлығымен және саяси басшылығымен 10 жыл бойы (1929-1939 ж.ж) Парижде жарық көріп тұрған «Жас Түркістан» журналы кеңестік жүйенің көзіне шыққан сүйелдей болғанын айтуымыз керек.

Мұстафа Шоқайдың Тұтас Түркістан тарихына, оның ұлттың оянуына арналған, Түркістан өлкесінің тәуелсіздік проблемалары жөнінде пікірталас тудырған кең ауқымды шығармалары француз («Onent et occident»), ағылшын («Asiatik Revico») және поляк («Wschod») басылымдарында жарияланған. Түркістан өлкесін зерттеуші шетелдік ғалымдар М.Шоқай материалдарындағы мәліметтерді негіз етіп алып отырған. Бір ғана мысал: 1942 жылы неміс тілінде 434 беттік «Түркістан» атты үлкен кітап шыққан. Еңбек авторлары Р.Олцша мен Г.Клайноктың айтуынша, осы кітаптың 363-409 беттерін Мұстафа Шоқай жазған. Тағы да төмендегі мына мәлімет те ерекше назар аударады: Калифорниядағы Статфорд университеті жанындағы Орыс революциясы институтының «Түркістандағы революция және Совет үкіметіне қарсы халық көтерілістері» деген жинақ дайындау үстінде Мұстафа Шоқайға көлемді дүние жазып беруге өтініш еткені, оның «Түркістандағы революция және Қоқан автономиясы» атты мақала жазуға уәде бергені тарихи шындық . Бұл мақала 1937 жылдың басында жазылып, Калифорнияға жіберілсе керек.

Жат жұртта жүрген Мұстафа Шоқай Ұлы Түркістан тәуелсіздігін бір сәт те есінен шығарған емес. Оның қай тілде болмасын жазған мақалаларынан азаттықтың алтын шұғыласын аңсау сезімі айқын аңғарып тұратындығы сондықтан да болса керек. Үлкен өкініш сонда, біз ұлы тұлғаның шетелдердегі басылымдарда жариялаған сандаған шығармаларын, ол жөнінде жазылған дүниелерді біле бермейміз. Арамыздан зерттеуші талапкерлер шықса, және жоғарыда айтылған газет-журналдармен танысудың, түркі әлемі көсемдерінің біріне айналған ұлы тұлғаның мақала-дүниелерін байыппен ой елегінен өткізудің реті келген сияқты.

М.Шоқайдың 1928 жылы Парижде француз тілінде басылған «Түркістан кеңес үкіметі дәуірінде» деген мақаласына атақты мемлекет қайраткері Пьер Ренодель алғысөз жазған. Мұстафа онымен 1920 жылы Тифлисте танысқан. Автор алғысөзінде кезінде Мұстафаның өз жұртының азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы қажымас күрескер, демократ ретінде таныта білгенін, мақаласының мазмұнына жоғары баға бере отырып Кеңестік Түркістан жөніндегі шынайы шындықты айқын ашып берген өте бағалы құжат екенін айтады. «Бұл мақалада, - деп жазады Пьер Ренодель,- мындаған түркістандықтардың ешбір жазықсыз құрбан болғандықтары нақты дәлелдермен көрсетіледі. Мұнда алып мемлекетті жауыздықпен басқарып отырған большевиктердің марксизм-ленинизм деген теориямен уланып отырғаны, күллі халықтың өтірікке, екіжүзділікке негізделген идеологиямен құлдық психология дертіне шалдыққаны терең ашылған...»

Жоғарыдағы терең мазмұндылығымен француздың мемлекет қайраткерін мойындатқан мақаланың тарихына тоқтала кетейік: 1927 жылы Қазан төңкерісінің 10 жылдығы құрметіне Мәскеуге француз жұмысшыларының делегациясы келеді. Оның бір бөлігі Өзбекстанға жіберіліп, республика өмірімен танысады. Француз өкілдері «Түркістан халқы өміріндегі көз көріп, құлақ естілмеген «таңғажайып» өзгерістерге» таңқалып, тамсанады. Олардың айтуынша, Түркістанның барлық жерінде азаттық салтанат құрған, ұлттық мәселелер шешілген, халық бақытты өмір сүруде, саяси-әлеуметтік мәселелер оң шешімін тапқан.... Делегация басшысы мадам Гаше мен делегация мүшесі мадам Шелина «Правда Востока» газетінің 1927 жылғы 30 қараша мен 2 желтоқсандағы нөмірлерінде өз сезімдерін ризалықпен баяндайды.

Мұстафа Шоқай делегация өкілдерінің газетте жарияланған материалдарын негізге ала отырып, жоғарыдағы мақаланы жазады. Ол Француз делегациясы мүшелерінің кеңестік жасанды көріністерге алданғандарына наразылық білдіріп, болып отырған нақты ахуалды жайып салады... Мақала авторы алдымен жергілікті халықтың тілін білмейтін делегация мүшелерінің аудармашылар арқылы мәлімет алғанын айта отырып, осы аудармашылардың арнайы дайындалғанына, берілген тапсырмаға сай әрекет еткеніне, олардың кейбірінің қауіпсіздік комитетінің қызметкері болуы да мүмкін екеніне бұлтартпайтын дәлелдер келтіреді. Осы мақаланы жазу үстінде М.Шоқай партиялық съезд, пленум, конференция құжаттарына, кеңес үкіметінің саяси және мемлекеттік қайраткерлері айтқан сөздерге, партиялық түрлі ақпараттық материалдарға сүйенеді. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Үлкен Түркістанда болған аштықта 1114000-дей адамның аштықтан өлгені жөніндегі кеңестік ақпаратқа сүйене отырып,

мұны жер-жердегі ұлт-азаттық көтерілістерге соққы беру мақсатымен большевиктердің қасақана қолдан ұйымдастырғанын бұлтартпастай етіп дәлелдейді. Осы орайда мемлекет қайраткері болған Тұрар Рысқұловтың кітабынан төмендегідей үзінді келтіреді: «Түркістандағы қазан төңкерісі төрағаларының бірі Тоболин үлкен жиналыстардың бірінде «білімсіз қырғыздар түгелдей дерлік қырылып кетуі тиіс. Сондықтан да революция бар күшін аштыққа қарсы күресуге емес, майдандағы жағдайды жақсартуға жұмсау керек!». М.Шоқай қазан төңкерісінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ большевиктердің ұстанған қанышпезерлік саясатын тұңғыш болып әшкереледі. Бұл кеңестік саясаттың жетпіс жылдан астам уақыт бойы үстемдік еткені айдай ақиқат екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Мұстафа Шоқай кеңес үкіметінің Түркістан өлкесінде жүргізіп отырған құлдық саясатын тұрғысында кеңінен айта отырып, мысалға Өзбекстанды алады. Мұнда барлық жерде тек мақта егуге мәжбүрлеуде, өзге дәнді-дақылдар егістігінің көлемі мүлдем қысқарып кеткен. Енді халық шеттен келетін азық-түлікке ғана иек артып отыр. Осы солақай саясаттың кесірінен Орта Азия халқының тұрмыс жағдайы күрт төмендеген, миллиондаған адамдар кедейшілікті бастан кешіруде. Осынау алып өлкеде сырттан әкелінген (Ресей, Украина, Белорусия), «келімсектер» бұрынғыдан да көп мөлшерде қаптай бастады. Өзге жерлерден келген жұмысшылар мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас ушығып барады. Құлдық саясатының түпкі мақсат-мүддесі Орта Азия халықтарын бұғаулап тастауда жатыр...

Мақала авторы жергілікті ұлттық кадрлардың жайын күйіне отырып айтады. Ол осы орайда партияның XVI съезінде қайраткерлердің бірі Орджоникидзенің Өзбекстанда басқару аппаратының ұлттық құрамы жөнінде айтқандарына сүйенеді. Оның есебіне қарағанда, мұнда орыстар - 61,9, ал жергілікті ұлт өкілдері 24,7 пайызды құрайды екен. Партия қайраткері мұны жергілікті ұлттың білімсіздігіне, басқарудағы тәжірибесіздігіне әкеліп саяды. М.Шоқай Хансуворов дегеннің «За партию» атты журналда (1927, №3) жарияланған мақаласынан мынадай үзінді келтіреді: «Округ комитеттері президиумының төрағалары мен өкілдері арифметиканың қарапайым төрт амалын білмейді, өз тілдерінде қиналып жазады. Париж, Лондон калалары қандай мемлекеттің астанасы екенін дөп басып айта алмайды, партия тарихынан мүлдем хабарсыз....»

Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарынан бастап-ақ большевиктер Қазақстанда да дәл осындай ұстаныммен әрекет етті. Отарлаушыларға жергілікті халықтың арасынан шыққан басшылар, өздерімен тең құқықты адамдар керек емес еді. Партиялық кадр таңдау принципі осы бағытта

жүргізілді. Отызыншы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған алапат аштық пен сталиндік қуғын-сүргіннің астарында негізінен алғанда партиялық кадр саясаты жатқаны бертін келе құпия болудан қалды...

Соңғы демі қалғанша Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін армандаған ұлы тұлғаның арпалыспен өткен қысқа ғұмырында атқарған істері «халық жауы», «түрікшіл», «исламшыл», «әлем буржуазиясының тыңшысы», «Қазақтың Власовы», «фашистрдің құйыршығы» деген сияқты жалалардың көлеңкесінде көмескілендіріліп келгені ақиқат. Қарап отырсақ, Шоқайға жабылған жала қалмаған екен. Кезінде қаһарлы Сталиннің өзі қатты сескенген түркі әулеті көсемінің есімі жетпіс жылдан астам уақыт бойы үстемдік құрған кеңестік идеологиялық таным-түсініктің аясында Алаш арыстарымен қатар тұрды. Иә, кеңес билігі Мұстафа Шоқайға қатаң саясат ұстанды, одан асқан «жау» болған жоқ. Кеңестік Қазақстан мен Өзбекстанда дәл осындай жағдаят мықтап орын алған болатын... Айталық, 12 томдық Қазақ Совет энциклопедиясында ол жөнінде ешқандай да мәлімет берілмеген. Ал, 1961 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихынан» ...ағылшын империалистерінің нұсқауларымен 1917 жылдың қараша айының соңында Қоқанда Қоқан автономиясы деген бір автономия құрылды. Бұл кертартпа-төңкерісшіл өкіметтің ішінде өзбек буржуазияшыл ұлттарымен қатар қазақ ұлтшылдары М.Тынышбаев пен М.Шоқай орын алды».

Мұстафа Шоқайдың соңына шам алып түсіп, қаралау науқаны үздікіз жалғасып келді де мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің офицері болған С.Шәкібаевтің 1968 жылы «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітабы жарық көргеннен кейін ол шарықтау шегіне жетті. Кітап 1972 жылы «Падение большого Туркестана» деген атпен орыс тілінде, 1976 жылы «Чоң Туркестанның қирашы» тақырыбымен қырғыз тілінде басылды. Автор кітабында мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкері болғандықтан кезінде куәгерлерден қорқытып-үркіту арқылы алынған жауаптар негізінде жасалған хаттамалар мен құжаттарға сүйенеді. Кеңестік идеологияны пір тұтушылардың қандай жолмен болмасын саясат төңірегінде қара күйе жағуға құлшынатыны ақиқат еді. Әсіресе, Түркістан легионына қатысты қаралау шаралары дәл осындай тәртіппен жүргізілді. Оның мүшелерінің тергеуде берген жауаптарының хаттамалары екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ресейге қайтарылған Германия мен Польша мұрағаттарынан алынған. Шәкібаев болса ойдан құрастырылған құжаттар мен хаттамаларды негізгі дерек көзі ретінде пайдаланған. Міне, бұл жөнінде түрік бауырымыз, профессор, шоқайтанушы Әбдіуақап Қара ұзақ жылдардан бері жүргізіп келе

жатқан зерттеулері мен басылымдарда жарияланған материалдарында бұлтартпайтын мәліметтермен дәлелдеп келеді. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың есімін пір тұтып, атын ардақтауда ұзақ жылдардан бері өнегеліліктің үлгісін көрсетіп келе жатқан түркиялық бауырларымызға басымызды иеміз. Айталық, Анкара университетінің тағы бір профессоры, шоқайтанушы Тахир Шағатай мен Ә.Оқтайдың есімдері қандай құрметке болса да әбден лайық. Екеуі бірігіп, 1942 жылы М.Шоқайдың қайтыс болуының бір жылдығына орай Стамбулда «М.Шоқай альбомын» шығарды. 1950 жылы осы қос азамат ұлы тұлғаның туғанына 60 жыл толуына арнап «Түркістан ұлттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай» деген кітапты дүниеге әкеледі. Осы екі кісі мен Т.Шағатайдың жары, профессор Саодат Исхахи Шағатайдың тікелей ұйымдастыруымен Түркия баспаларынан 1972 жылы Мария Шоқайдың және 1988 жылы Мұстафа Шоқайдың естеліктері жеке-жеке кітап болып шықты. Тұтас Түркістанның ұлы күрескері жөніндегі бар шындықты жаны шырқырай отырып жазған көрнекті түрік тарихшысы, профессор Хасен Оралтайдың жазбалары ерекше назар аударады. Сондай-ақ Мұстафа Шоқай өміріне арналған зерттеулер мен оның жекелеген еңбектерінің Оксфорд, Берлин баспаларынан әлденеше рет шыққанын, Калифорния (1960), Кембридж (1957, 1964), Париж (1950), Мюнхен (1960), Кельн (1962), Нью-Йорк (1957) баспаларынан да жарық көргенін мақтаныш етуге тиіспіз.

Жоғарыда өзіміз айтып өткендей кітап жазып, Мұстафа Шоқайды «фашистердің қолжаулығы болған сатқын еді», «ол құрған «Түркістан легионы» Германияның фашистік армиясымен бірге Түркістанды жаулап алып, Германияның бір отарына айналдыруды көздеген еді» дегендей пікір орнықтыруға тырысқан Шәкібаев еліміз өз Тәуелсіздігін жариялаған алғашқы жылдарда да бұрынғы кеңестік дәуірде Шоқайға бағытталған айыптауларын қайталаудан жалықпады. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінің 1992 жылғы шілде айындағы нөмірінде жарияланған «Құрғақ долбар – дәлел емес» деген мақаласында сол бұрынғы гөй-гөйіне басып, соңғы кездері Қазақстан баспасөздерінде М.Шоқайды дәріптеп, ұлттық қаһарман биігіне көтеруге шақырған мақалалардың шыға бастағанына мазасызданатынын айтады. Газеттің осы нөмірінде жазушы-публицист Ә.Әлімжанов «Ұлы адамның аруағымен алыспайық» атты мақаласында Шәкібаевтың «дүниесымағын» кезіндегі мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің әдеттегі күйе жағу әрекеті ретінде бағалады. «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес, - деп жазды Ә.Әлімжанов мақаласының соңында. – Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі

тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайықты бағасын беруде». Тұтас Түркістанның алтын діңгектерінің біріне айналған Мұстафа Шоқай туралы бірқыдыру зерттеу еңбектер Қазақ елі Тәуелсіздігінен бастау алды. Осы орайда, жұмыр жырларымен танылған белгілі ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Қасымхан Бегмановтың кезінде күллі түркі жұртының азаттығын аңсап, осы жолда бар ғұмырын арпалыспен өткізген ұлы тұлғаның азапты жолымен жүріп өту үшін экспедиция ұйымдастырғанын, осы ұжымның алға қойған мақсатына орай Мұстафаның туған жерінен бастап Өзбекстан, Түркия, Грузия, Ресей, Франция, Германия секілді елдерде болып, аса құнды деректер жинағанын, нәтижесінде «Мұстафа Шоқай жолымен» атты деректі фильм мен осы аттас екі томдық кітапты дүниеге келтіргенін ризалықпен айтуға тиіспіз. Кітапқа жазған алғысөзінде танымал тарихшы, профессор М.Қойгелді былай деді: «Кітап авторы және экспедиция жетекшісі Қасымхан Бегманов Мұсафа Шоқай сияқты ірі тарихи тұлғаның өмір жолы мен қызметін зерттеу ісіне мәселенің жаңа қырынан келген. Бұл ретте бұрын талантты ақын ретінде танылған автор жаңа шығармасында М.Шоқай сияқты қайраткердің күрделі де қайшылықты тарихи кезеңде Орта Азиядан Кавказ өтіп, одан Түркия еліне барып, ең соңында Париж сияқты саяси және мәдени орталыққа жетіп орын тебуінің себебі мен салдарына тоқталып, оқырманды да тарих қойнауына жетелейді... ондай еңбектің дүниеге келгеніне қуаныштымыз».

Қасымханның атқарған кең ауқымды ізгілікті ізденістеріне көрнекті ақын, публицист Темірхан Медетбек ағамыз лайықты бағасын бере отырып, мынадай жайлардан да хабардар етеді: « ...Бірақ қара жала топырақ астында қалса да, тоңқаңдап шыға беретін қоңыз сияқты өлмейді екен. Қасымхан Бегманов Мұстафа Шоқай туралы түсірілген деректі фильмді... Өскеменге де апарып көрсеткен ғой. Көрсеткен бойда сыңар езу қалалық «Флеш» газетінің екі журналисі Данилевский мен Михеев дегендер Мұстафа Шоқайды «Сатқын Власовқа» теңеп бір, «фашистермен сыбайлас болған» деп екі қаралап шу көтереді. Қасымхан «ит үреді, керуен көшеді» деп үн-түнсіз кете қоймайды. Олармен ел намысы үшін, Мұстафа аруағы үшін бел шешіп, білек сыбанып соттасады. Алғашқы сотта қандасымыз Қасымов деген көрмәдік соттың шешімімен жеңіліп қалады. Өз жерімізде, өз елімізде! Мұндай сорақылыққа шыдай алмаған Қасымхан одан сайын өршелене кірісіп, қайтара сотқа береді де әділдіктің ақ туын желбіретіп тігіп шығады» [12].

Сонымен, келмеске кеткен кеңестік идеологияның құлы ретінде танылып келе жатқан Шәкібаев қана емес, жоғарыда келтіргеніміздей өскемендік Данилевский мен Михеев дегендер де Мұстафа Шоқайға шабуыл жасауды

«кәсіпке» айналдырып алды. Олардың «шимайлары» негізінен орыс тілді басылымдарда ара-тұра болса да шығып жатады. Оның түп-төркінінде ұлттық менменсу, кезінде түркі халықтарының азаттығын жалаулатып, отаршыларға қарсы бітпес күреске шыққан Мұстафа Шоқайға деген кек жатқанын түсінуіміз керек.

2012 жылы қоңыр күзде Павлодарда іссапарда болғанымызда қолымызға түскен облыстық «Ертіс дидары» газетіндегі «Нападки на Шокая – атака на казахский народ» атты мақала төбе шашымызды тік тұрғызды [13].

«Өскеменде түркі халықтары тәуелсіздігінің ұлы күрескері Мұстафа Шоқайдың есімін ұзақ уақыттан бері қаралап келе жатқан «Flash» дейтін орыс тілді газет бар, - деп басталады мақала. – Біз бұған қалай жол беріп отырмыз?. Ресей Солженицынді кәдуілгі шовинист, Дмитрий Донскойды бар-жоғы Тоқтамыстың сенімді жендеті деп көріңіз, қоғам тік тұрады не сізге қарсы қылмыстық іс қозғалады. Осы басылымға «Номад» және «Центр Азия» сайттарының Шоқай мәселесі тұрғысында көрсетіп отырған қолдауына еріксіз жағаңызды ұстайсыз....».

Автор М.Шоқай Түркістан легионын құрды ма жоқ па деген пікірталасты жайына қалдырып, мына жәйттерге назар аударады. Мұстафа Шоқай кезінде қызыл армияның жазалаушы отрядтарының Түркістан автономиясының (мұхтариятының) тұрғындарын қанға бөктіргенін өз көзімен көрді. Екі күнде 40 мыңдай қарусыз бейбіт халық қырғынға ұшырады. Одан кейін М.Шоқай Москва алдында тізе бүгіп, КСРО азаматтығын қабылдауы керек еді. Бірақ ол олай етпеді, бар ғұмырын кеңес пен отарлық режимге қарсы азаттық жолындағы күреспен өткізді. Фашистер екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда отаршылдыққа қарсы қозғалыстарға қолдау білдірді. Олар Ұлыбритания, Ресей, Ақш, Франция сияқты ірі отарлаушы империяларға қарсы соғыс жариялаған еді. Сондықтан да фашистік Германияға осы елдердегі отаршылдыққа қарсы қозғалыстар мен топтардың қолдау - көмегіне ие болу маңызды болатын. «Менің жауымның жауы-менің одақтасым» деген принцип ұстануға тырысты.

М.Шоқай фашистік Германияға сенген жоқ. Кезінде ол «Сталин мен Гитлер – екеуі де жауыздар» деп жазған еді. Қажымас күрескер Кеңес одағындағы түркі елдерінің соғыста қолға түскен әскери тұтқындарының жағдайын жақсарту мақсатымен концлагерлерді аралады. Мәскеу тұтқынға түскен өз жауынгерлерін сатқындар деп есептеді де Қызыл крестің қызметінен бас тартты. Осы тұста Шоқайдың ықпалымен «Ишси»

(«Рабочий») одағы құрылды, бұл түркістандық әскери тұтқындардың жағдайын жақсартуға игі әсер етті, оларға неміс заводтарында қара жұмыс істеуге мүмкіндік беріліп, қосымша азық-түлік алды. Мынадай да жайт болған: Үшінші рейхта болған Түркия генералдары кеңестік түркі тұқындарының қиын жағдайын өз көздерімен көріп, Гитлерге жазған хаттарында оларды Түркияға қоныс аударуға өтініш жасаған, Анкара алдындағы борышын Берлиннің темекі жеткізіп осылайша өтеуге ұсыныс берген...

Қазақ елі Тәуелсіздігіне жиырма екі жылдай уақыт өтсе де арамызда бұрынғы кеңестік дәуірдегі отаршылдықты аңсаушылардың принципімен жүргендердің бар екендігі сезіліп қалып жатады. Жоғарыдағы газет материалында айтылған жайлар осыған айқын дәлел. Мәңгілік жаулар мен сатқындар бейнесін қолдан жасап, ұлы тұлғаларымыздың аруақтарымен алысудың қашан тыйылары әзірше белгісіз...

Мұстафа Шоқай және «Жас Түркістан» журналы

Бар ғұмырын ұлт мүддесі жолындағы қиян-кескі күреспен өткізіп, жан азабын арқалаған халқымыздың асыл перзенті Мұстафа Шоқай есімі тәуелсіз елімізде соңғы онжылдықта айрықша ардақталып келеді. Түркістан халықтары тарихында тұтас бір кезеңді қамтыған ерекше құбылысқа айналған қажымас қайраткердің ұлылығы тек Түркістан халықтарының 1917 жылы кеңестік билікке балама Түркістан (Қоқан) автономиясы үшін ұлттық-демократиялық қозғалысына басшылық жасағанымен ғана шектелмейді (Кеңестік үстем биліктің бұғауынан босаған ұлттық республикалардың тарихында үлкен орын алатын Түркістан автономиясы тұрғысындағы ғалымдардың қабырғалы зерттеулері назар аударады) [14]. Тіптен оның басқа атқарған істерін былай қойып, тек осы биік мақсат үшін айтулы күресін атаудың өзі ғана Шоқайұлының есімін Түркістан халықтары тарихындағы мәңгі есімдер қатарына жатқызуға жеткілікті негіз болар еді. «Бірақ М.Шоқайұлының өз елі үшін атқарған қызметінің мәні мен орны басқада, - деп жазады тарихшылар М.Қойгелдиев пен А.Нүсіпхан. – Ол Мұстафа Шоқайұлының Түркістан халықтары тарихында бұрынды-соңды болмаған құбылыс – демократиялық Еуропаның ортасында түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалап (20-жылдардың екінші жартысы), оған өзі көз жұмған 1941 жылдың желтоқсанына дейін басшылық жасауында,

сондай-ақ осы кезеңде Түркістанда болып жатқан өзгерістерді жан-жақты терең талдауға алуында еді» [15]. Авторлар Мұстафа Шоқайұлының екі кітаптан тұратын еңбектеріне берілген бұл кіріспе мақалада оның саяси қызметі мен артында қалдырған мұрасының мазмұнына қысқаша тоқталады. Сондай-ақ Мұстафа Шоқайұлының жинастырып, оларға ғылыми талдау жасауда шетелдік әріптестеріміздің, әсіресе, түркиялық ғалымдардың біраз нәтижелі іс бітіргенін үлкен ризашылықпен айта келе, ұлы қайраткердің өмірі мен қоғамдық қызметін талдауға арналған дискуссиялық мақалалар мен құжаттық материалдардың елімізде де біраз жарияланғанын тілге тиек етеді.

Иә, осыған дейін республикамызда «Туркестан под властью Советов» атты зерттеуі мен 1917 жылға арналған естеліктерінің қысқартылған нұсқасы ғана басылып шыққан болатын. Міне, бұлар ұлтымыздың ұлы перзенті Мұстафа Шоқайұлының еліміздің тарихында, түркістандық және қазақ қоғамдық ойында алатын орнынан жеткіліксіз дәрежеде ғана хабардар етті десек артық айтқандық емес. Демек, бұл кемел қайраткердің күрес жолы мен артында қалдырған аса бай рухани мұрасын бүгінгі қоғамдық терең өзгерістер арнасында түбегейлі зерттеу енді ғана қолға алына бастағанын көрсетеді. Соның айқын дәлелі Мұстафа Шоқайұлының кезінде өзі жетекшілік жасаған «Жас Түркістан» журналында (1929-1939) жарияланған еңбектерінен тұратын екі томдық кітабының [16] жарық көруі болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің жанынан құрылған шығармашылық топ баспаға әзірлеген бұл екі томдықта Мұстафа Шоқайұлының он жылдай уақытта 117 саны жарық көрген «Жас Түркістан» журналында жарияланған шығармалары топтастырылған. Бұл еңбектердің қай-қайсысында болмасын елін шексіз сүйген, халқының тәуелсіздігін аңсаған қайраткердің аса зор публицистік таланты мен ұстанған позициясы жарқырай көрінеді. Кезінде Париж бен Берлин секілді батыс әлемінің ірі орталықтарында басылған «Жас Түркістанда» оның басында тұрған Шоқайұлының мақалалары үзіліссіз жарық көріп жатты. Негізінен алғанда бұл еңбектерде Қазақстан мен кеңестік Түркістанның басқа да республикаларында 20-30-жылдары болып өткен қоғамдық өзгерістерге большевиктік, кеңестік көзқарастан мүлдем кереғар баға беріледі, кеңестік өмірдің, тыныс-тіршіліктің ақиқат мәні тереңінен ашылады. Мұстафа Шоқайұлының тәуелсіздік рухымен тығыз астасып жатқан көсемсөздері еліміздің рухани шежіресінде лайықты орнын тауып, үлкен құрметке ие болуда.

Ұлы публицистің журналда жарияланған көсемсөздерінде өзіндік асқақ үні, жан-жүрегінің отты лебі аңғарылып тұрады. Мұстафа Шоқай «Біздің

жол» атты арнау-кіріспе мақаласында «Жас Түркістанның» ұстанған бағыты мен алға қойған міндетін ашық түрде паш етеді:

«Жаңадан шыққан кез келген саяси журнал не газет оқырмандарына өзінің саяси мұратын, жолын және мақсатын таныстырып өтетін әдеті бар. Дәстүрге айналған осы әдетке біз де жүгінеміз. Ұстанған жолымызды ұзақ түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Тоқ етерін айтқанда, жолымыз бен мақсатымыз: Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды.

Біз Отанымыздағы кеңес үстемдігінің ұлттық езгісіне қарсы күресіп жатқан миллиондаған түркістандықтардың бір шағын ғана бөлшегіміз. Біздің үніміз – ата мекеніміздегі қатты, зор дауыстың бір әлсіз жаңғырығы ғана.

Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы таластарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» [17].

Ұлы қайраткер өзінің асыл арман-ойын «Біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деген жолдармен білдіре отырып, Түркістанның азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте жерлестері мен мұғажырлардың (эмигранттардың) қалам қаруы мен ақыл-кеңестері арқылы көмектесетіндіктерінен үміт етеді.

Тоталитарлық кеңестік жүйеде 20-30-жылдардағы қалыптаса бастаған түбегейлі қоғамдық өзгерістерге сыни тұрғыда баға берген «Жас Түркістан» журналының бірден-бір басылым болғанын, ондағы жарияланымдардың Түркістан республикалары, әсіресе Өзбекстан мен Қазақстанның талайлы тарихын соңғы методологиялық өзгерістер арнасында зерттеуде баға жетпес құндылықтарға ие екенін түсіне білу аса зор маңызға ие.

Мұстафа Шоқай «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» деген мақаласында [18] соңғы кездері кеңестік Түркістан баспасөздерінде Орта Азия федерациясын (Дербес мемлекет) құру туралы материалдар жариялана бастауына орай оқырмандарды осы бір большевиктік насихаттың мән-жайымен таныстыра отырып, федерация идеясының тарихына байланысты өз пікірлерін ортаға салуды жөн көреді. Большевиктік Орта Азия федерациясы Түркістанның Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан және Қазақстан (Қарақалпақ уәлаяты 1930 жылдың

қазан айында Қазақстаннан бөлініп алынып, Кеңестік Орта Азия ұйымына енгізілді) уәлаяттарын қамтиды. Ол кездегі большевиктік тұрғыдан алғанда, «Орта Азия аймағына» жоғарыда аттары аталған республикалардан басқа Қазақстанның едәуір бөлігі, дәлірек айтқанда, қазіргі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы (бұрынғы Талдықорған облысын қоса алғанда) облыстары да кірді.

«Орта Азия федерациясы мәселесі большевиктердің өздеріне пәлендей бір жаңалық емес еді, - деп түсінік береді ұлы қайраткер жоғарыдағы мақаласында. – 1924 жылы Мәскеу большевиктері сүйікті атамекеніміздің ұлттық бірлігін бөлшектеу мақсатында рулық республикалар мен автономиялы аймақтар құруды ойластырып жатқанда, ұлттық намысы мен иманын жоғалтпаған түркістандық ұлттық коммунистер федерация идеясын көтерген болатын.

Түркістандық коммунистер осы федерация идеясын Мәскеу қызыл империалистерінің «бөлшекте де билей бер» деген ұранына қарсы қойған еді. Ол кезде олар ұлттық саяси себептерден басқа Түркістанның экономикалық біртұтастығын да алға тартатын...

Мәскеу большевиктері, әрине, түркістандықтардың дәлелді ұсыныстарын қабылдамады...

Бүкіл жәмиғаттың, экономикалық жағдайдың... талаптарына қарсы шыға отырып, қызыл орыс империалистері ұлы Түркістанның ұлттық болмысын бөлшектеді.

Орыс большевиктері Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекет құрылуынан өлердей қорқады. Сондықтан қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысады...

Большевиктер түркістандықтардың ұлыстық өмірден ұлттық мемлекет құруға қарай жылжуына барынша кедергі жасайды...

Қалай дегенмен де, біз федерация идеясы «Ұлттық республикалар» идеясынан артық деген сенімдеміз. Біздің мұратымыз – бөлінбейтін біртұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді».

Ұлы Түркістан қайраткері М.Шоқайұлының асқақ үмітпен осындай пікір айтқанына да сексен жылға жуық уақыт өтіпті. Дегенмен де оның терең мән-мағынасы қазіргі тәуелсіз елдердің ұрпақтары үшін берік ұстанар темірқазыққа айналып отырғаны ақиқат екеніне ешкім де дау айта алмаса керек. Дәл сондықтан да болар танымал тарихшылар М.Қойгелдиев пен А.Нүсіпхан кіріспе мақалада былай деп жазады: «Содан бергі кезеңде бұрынғы кеңестік республикалар – қазіргі дербес, тәуелсіз мемлекеттер өмірінде болып өткен өзгерістер кезінде Шоқайұлы жасаған тұжырымдарға

біраз өзгерістер енгізуге негіз болары анық. Бұл – табиғи нәрсе. Сонымен бірге Шоқай білдірген пікірде әлі де (мүмкін, ешуақытта да) өзектілігін жоғалтпаған тұжырымдардың бар екендігін ешкім жоққа шығара қоймас.

Түркістанда кеңестік биліктің орнауы және оның қызметі, 20-30-жылдары іске асырған жер-су реформасы, мемлекеттік мекемелерді жергіліктендіру, байлар меншігін конфискелеу, көшпенділерді отырықшы тұрмысқа көшіру, оларды ұжымдастыру (коллективизация), мәдениет саласындағы өзгерістер сияқты ауқымды әлеуметтік-экономикалық эксперименттерді сыни тұрғыдан талдауда Мұстафа Шоқай мен оның жарияланымдарының аса тиімді, сондықтан да танымдық мәні зор роль атқарғандығын мойындау тарихи шындыққа сәйкес келмек. Оның «Жас Түркістанда» жарияланған мақалалары мен «Кеңестер билігіндегі Түркістан» атты еңбегі мәселемен тек сырттай ғана таныс батыстық интеллигенцияның ізденістері емес, Түркістанда атқарылып жатқан істердің түп-төркінінен, терең астарынан, мұндағы түрлі мүдделер қақтығысынан жан-жақты хабардар, мәселенің тарихын жақсы білетін осы өлкеден шыққан зерттеушінің талдауы болатын. Міне, сондықтан да жаңа күш ала бастаған тоталитарлық режим мен Сталинге Мұстафа Шоқайдың сыны өте жайсыз тиді, олар бұл сын Батыста және Кеңестер Одағының өзінде социалистік құрылыс туралы зиянды пікір туғызуы ықтимал деген қауіпте болды. Сондықтан да Сталиндік насихат машинасы 20-жылдардың орта тұсынан бастап-ақ шоқаевтық сынға қарсы мақсатты түрде жұмыс істей бастады, ал бұл істің басында И.Сталиннің өзі тұрды.

М.Шоқай кезінде әлемді дүр сілкіндірген «Кеңестер билігіндегі Түркістан» атты публицистикалық еңбегінде Түркістан халықтарының, соның ішінде қазақтардың да Октябрь революциясына ешқандай қатысы болмағандығын, большевиктердің өз бағдарламасын түсіндіру мақсатында қазақ жұрты арасында үгіт-насихат жұмысын тек саяси билікке келген соң ғана бастағанын, олардың сөзі мен ісі арасындағы алшақтық кеңес билігінің алғашқы кездерінен-ақ байқалғанын бұлтартпайтын фактілер негізінде дәлелдейді» [19].

Мұстафа Шоқайдың «Жас Түркістан» журналында жарияланған мақалалары публицистік леппен өріледі. Еңбектерде Түркістан халықтарының ұлттық мүддесі тұрғысындағы тарихи тәжірибе терең білгірлікпен сарапқа салынады, патшалық Ресейдің тікелей мұрагері ретінде кеңестік «қызылдардың түркі халықтарын одан әрі орыстандыру саясатын» жүргізуіне батыл түрде қарсы шығады, «ресейлік түріктер өз ата мекендерінің орыстар тарапынан жаулап алынғанын біледі, ал біздің қанымыз да, жанымыз да, рухымыз бен зейініміз де орыстықтан, ресейліктен

бөлек... Орыс демократиясының саяси жарамсыздығы салдарынан ақпан төңкерісі жеңіліс тапты. Ресейде орыс большевизмі үстемдік құрды» деп күйінеді. Бұған дейін дәл осындай тұжырымдар жасаған бірде-бір қайраткер болған емес. Оның орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарын терең ашып көрсетуге деген ұмтылысы кімді болмасын бей-жай қалдырмайды. Осы тұрғыдан келгенде М.Шоқайдың «Түркістандағы жергіліктендіру қандай мазмұндарды қамтыды?» [20], «Жеңілмес ұлтшылдық» [21], «Шовинизм туралы» [22], «Түркістандықтар – бастарын имегендер» [23], «Қазақстанның он жылдығына» [24], «Автономиядан – тәуелсіздікке» [25], «Ұлттық зиялы жөнінде» [26], «Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолдары» [27], «Шептерімізді біріктірейік» [28], «Түркістан түрікшілдігі» [29], тағы басқа көптеген публицистік дүниелері айрықша назар аударады. Саяси қайраткер М.Шоқай «Жас Түркістан» журналындағы мақалалары арқылы сол заманда Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл саясатын қатесіз танып, терең аша білді және онымен қарсы күреске бүкіл саналы ғұмырын арнады. Болашақта ғалымдарымыздың ұлы қайраткердің саяси тұлғасын айқындай түсетін зерттеулер аясын кеңейте түсетіндіктеріне кәміл сенгіміз келеді.

«Жас Түркістанның» 1930 жылғы №11 санындағы публицистикалық еңбектер, « Қазақстанның он жылдығына орай Қазақстанның осы бөлігіндегі Ресей саясатынан қысқаша мағлұмат бере кетуді лазым деп есептейміз» деген жолдармен басталады да, елдің саяси-экономикалық жағдайына біршама шолу жасалады. Шоқай бұл мақаласында Смағұл Сәдуақасұлының Мәскеуде шығатын «Большевик» журналындағы материалында Рыков, Калинин, Зеленский, Голощекин және басқа да бірқатар мәскеулік коммунистерді отарлық империяшылдық айыптармен айыптағанын айта келе, Түркістанның қазақ бөлігіне орыс мұжығының селдей қаптап бара жатқанын, орыс мұжығына көбірек жер алып беру, сонымен бірге орыс мұжығын Түркістанға көбірек орналастыру үшін Кеңес үкіметі 1924 жылғы 17 қазандағы өзінің «Көшпенді және жартылай көшпенділерді алдымен орналастыру туралы» қаулысынан бас тартқанын күйіне баяндайды. Орыс мұғажырлары (эмигранттары) өлкенің ең шұрайлы жерлеріне қоныстандырылған. Олардың көпшілігі Ақмола, Қостанай аймақтары мен Семей, Жетісу және Сырдария аймақтарына суармалы егіс алқаптарына орналастырылған. Қазақстан ғана емес, бүкіл Кеңес Одағы бойынша ең құнарлы жерлер саналатын Қостанай мен Ақмола аймақтарында орыс мұғажырлары қалаған жерлерін иемденген. Осы жылдары мақалада келтірілген мәліметке сүйенсек, мұғажырлар Қостанайда тұрғындардың жүзде 62 жарымын, Ақмолада жүзде 52 жарымын

құраған. «Соңғы кездері, - дейді мақаласында Шоқай, - қазақ газеттері қазақ халқын жерге орналастыру ісінің жол ортада үзіліп қалғаны туралы ашына жазылған материалдарға толы. Орыс мұғажырлары күн сайын көбеюде...».

Журналдағы «Кеңестік Қазақстанның он жылдығына орай» деген тақырыппен берілген екінші мақалада патша үкіметінің отаршылдық саясатының негізгі ұраны – «Сібірияны нағыз орыс Сібіриясына айналдырғаны сияқты, Түркістанды да нағыз орыс Түркістанына айналдыру» болғаны ашып көрсетіледі. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бұрыннан мәлім екі жол болған. Оның бірі: жергілікті халықтың материалдық және рухани өркендеуіне шек қойып, оны азып-тозып, өліп-бітуге душар ету. Екіншісі; бұл өлкеге орыс мұғажырларын көптеп әкеліп, орыс көпшілігін жасау. Патшалық Ресейдің осы зұлым саясатын мақсаткерлікпен атқарып келгені мәлім.

Кеңес үкіметі дүниеге келген алғашқы жылдары большевиктер таратқан мәлімдемелерде, қабылданған қаулыларда Түркістан халқының, оның ішінде қазақтардың тартқан азап, көрген қорлықтары, бұдан былай мұндай озбырлықтарға жол берілмейтіні, патша үкіметі тарапынан жүргізілген саясаттың зардаптары және оны жоюдың қажеттілігі туралы айтылады. Ол кезде Кеңес үкіметіне жан-жақтан қауіп төніп тұрған еді. Уақыт өте келе кеңестік Ресей күш жинай бастағанда жағдай күрт өзгере бастады. Қазақстанда Голощекин, ал Мәскеудегі Мұғажыр мекемесінің басында отырғандар бұрын астыртын жүргізіліп келген істерді енді ашыққа шығарып, үкімет бағдарламаларына енгізе бастады. «Қазір большевиктер айтып жүрген уағыздар жаңалық емес, - деп жазды сол тұста М.Шоқайұлы. - ...Ол Столыпиннің өсиеті болатын. Борохидоның «Жекелеген өлке мен халықтардың мүддесін жалпы Одақ мүддесіне құрбан ету» дегені де Столыпиннің «Қазақтарды емес, қазақтардың тың жатқан жерлерін ойлау керек. Қазақстан жерлерін тек қазақтардың өздеріне ғана қалдыру Ресей үшін кешірілмес күнә болар еді» деген сөзінің екінші бір нұсқасынан басқа ештеңе де емес еді...

Ұранымыз – «Түркістан – түркістандықтардікі!» болуы тиіс. Халқымыздың бақыты мен гүлденуі сонда ғана қамтамасыз етіледі. Қасқырға қой баққызатын аңқау заман өткелі қашан.

Ей, жас коммунист жерлесім! Көзіңді аш. Халқыңның болашағы үшін болатын күрестерге әзірлен».

Міне, біз бүгін кезінде Шоқайлар армандаған тәуелсіздік тұғырына көтеріліп, егемен ел болдық. Ең басты бағымыз да, бақытымыз да осы.

Мұстафа Шоқайдың мәңгілік ұстанымы мен өшпес өнегесінің басты құндылығы сонда, ол Ұлы Түркістанның тұтастығы мен Тұтас Түркістанның

азаттығын жалаулатып, қысқа ғұмырының соңғы сәтіне дейін «Түркі елі» идеясымен тыныс алды. Қайтпас күрескер заманалар тезінен өтіп, түрлі ауыр тарихи кезеңдерді бастан кешкен түркі халықтарының жұдырықтай жұмылған ынтымақ-бірлігі жолында аса күрделі де аумалы-төкпелі кезеңде «Ұлы Түркістан» идеясының жалғастырушысы болып, осы идеяға бар өмірін арнаған ұлы тұлға дәрежесіне көтерілді. Кеңес одағының ыдырап, ежелгі Түркістан жерінде Тәуелсіз бес мемлекет туының желбіреуі қасиетті «Ұлы Түркістан» ұғымының қайта жаңғыра бастауына негіз бола бастағанын естен шығармауға тиіспіз. Мұстафа Шоқайдың асқақ арманының өзі осы емес пе еді?! Жаһандану дәуіріне қадам басқан осынау тарихи кезеңде байырғы түркістандықтардың томаға-тұйықтықтан арылып, тұтастыққа ұмтылуы түркілік біртектіліктің, түркілік идеяның кең құлаш жаюына негіз боларын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Тарихты ой елегінен өткізер болсақ, түркі халықтарының ұлылары мен ғұламаларының осы жолда қызмет еткенін бағамдаймыз. Солардың алдыңғы қатарында Мұстафа Шоқай тұр.

Сонау Германияда сүйегі жерленген қазақтың ұлы перзенті, көрнекті қайраткер Мұстафа Шоқай еңбегінің бүгінгі егемен елдерге айналған ұлы Түркістан, тәуелсіз Қазақстан халықтарына айтқан өсиеттері мен асыл ойларының ұрпақтарға тағылымдары жөнінде тереңнен сыр тартқан Диқан Қамзабекұлы «Мұстафа Шоқай бізге сүйегін емес, сөзі мен ісін аманаттаған» деген мақаласында [30] өзінің мемлекеттік идеясы төңірегіне тек қазақты ғана емес, осындағы бар ұлтты топтастырып отырған еліміздің өтпелі кезеңдегі қиындықтарды, алдымыздан кесе-көлденеңдейтін кертартпа жағдаяттарды ой елегінен өткізіп, баға беруге тырысады. Шоқайдың «Атамекенді сүю, оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса, жан пида қылуға дайын тұру болып табылады... Жауымыз күшті. Ол біздің барлық өмірлік мәні бар буындарымызды ұстап отыр... Сол себепті біздер армандап отырған мақсатымызға жетудің бір ғана жолы бар десек, ол жол – тәуелсіздік жолындағы барлық күрескерлердің күш біріктіруі» деген өсиет-сөздеріне сүйенген автор тіл, діл тұрғысында ұлттық мүдделерімізді алаулата көтереді. Осы орайда қазақтың ұлы перзенті Мұстафа Шоқайдың рухын асқақтатып, қалам қарымын танытып келе жатқан зерттеуші-ғалымдар, публицист Д.Қыдырәлінің, Б.Сыздықова мен Ә.Байшуақұлының, тағы да басқа қаламдастардың есімдерін атай кеткен жөн. Мұстафа Шоқай тағылымы, оның асқақ рухы мәңгі сарқылмас қайнар бұлаққа айнала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!... Ол кім? // «Қазақ әдебиеті» 1991. 24 мамыр.
2. Шарафиддинов О. Мустафа Чукай. Чулпон. Отажон Хошим. Истиқлол фидойилари. – Тошкент: «Шарқ» нашриёт – матбаа концерни, 1993.
3. Сонда. – 3-6 беттер.
4. Сонда – 7-40 беттер.
5. Сонда – 10-12 беттер.
6. Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!... Ол кім? // «Қазақ әдебиеті» 1991. 24 мамыр.
7. Тагеев Б.Р. Қан төгіліп, гүл өскен алқапта. – Мәскеу: Мем-баспа, 1927. – 68 бет.
8. Улуг Туркистон. 1918. 28 января.
9. Красная летопись Туркестана. №2. – Т.: Туркиздат, 1923. – С. 90.
10. Алексеенков П. Кокандская автономия. – С.64-65.
11. Зевелев А.И. Из истории гражданской войны в Узбекистане. –Т.; ГИЗ Уз ССР, 1959. – С. 127.
12. «Балақаев оқулары – 2013» атты аймақтық көшпелі ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2013. – 146-153 беттер.
13. Қара Қабылан. Нападки на Шокая атака на казахский народ // Ертіс дидары. 2012. 30 қазан.
14. Абдуллаев Р. Туркестанские прогрессисты и национальное движение // Звезда Востока. 1921. №31; Агзамхожаев С. Туркистон Мухторияти. – Ташкент: Мачнавият, 2000; Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости / Научный редактор Р.Я.Раджапова. – Алматы: Алаш, 2004; Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии: (Туркистон Мухторияти) /(Отв. ред. Д.А.Алимова. АН Республики Узбекистан, Инст. Истории. – Ташкент: Изд.-полигр. Объединение «Тошкент ислом университети», 2006. – 268 с., т.б.
15. Қойгелдиев М. Несіпхан А. Мұстафа Шоқай және Түркістан /Шоқай М. таңдамалы. – Алматы: Қайнар. Т.1. 1998 кітабының кіріспе мақаласы. – 7 бет.
16. Шоқай М. таңдамалы. – Алматы: Қайнар. Т.1. 1998. – 512 бет; Т.2. 1999. – 520 бет.
17. Біздің жол // Жас Түркістан. 1929. №16.
18. Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне // Жас Түркістан. 1931. №16.
19. Мустафа Чокаев. Туркестан под властью советов. – Алматы, 1993.
20. Жас Түркістан. – 1930. №2.

21.Жас Түркістан. – 1930. №2.
22.Жас Түркістан. – 1930. №2.
23.Жас Түркістан. – 1930. №3-4.
24.Жас Түркістан. – 1930. №11.
25.Жас Түркістан. – 1930. №13.
26.Жас Түркістан. – 1931. №21.
27.Жас Түркістан. – 1932. №27.
28.Жас Түркістан. – 1932. №29.
29.Жас Түркістан. – 1932. №32.
30.Қамзабекұлы Д. Мұстафа Шоқай бізге сүйегін емес, сөзі мен ісін аманаттаған // Жас Алаш. 2003. 29 сәуір.

III ТАРАУ

ОЛЖАС – ТҮРКІ РУХЫ, ДӘУІР СИМВОЛЫ

Қасиетті Түркістандағы Халықаралық білім ордасында әр төрт жылда бір рет әлем түркологтарының конгресін өткізіп отыру дәстүрі қалыптасқан. Биыл сәуір айының 19-20 жұлдызында Түркі дүниесінің айтулы ғалымдары «Мәдени ықпалдастық және өркениеттер бірлігі» тақырыбында екі күн бойы ой-пікірлерін ортаға салды.

Конгрестің секция мәжілісінде жасалған Олжас жөніндегі баяндамамыз шетелдерден келген бауырларымыздың үлкен қызығушылығын туғызды. Бұл жерде әңгіме баяндамада емес. Ғалымдарды толғандырып –тебіренткені тақырыптың өзі Олжас Омарұлы Сүлейменов болды.

- Бізде, Түркияда, Олжас Сүлейменовтің «АзиЯ» кітабы 70-ші жылдардың аяғында түрік тіліне аударылып, жарыса оқығанбыз,-деді түркиялық профессор Али Челик. – Бұл еңбекті Нобел сыйлығына ұсынуға әрекет жасалғанынан да хабардармыз...

- Біз Шыңғыс Айтматовты қалай мақтан етсек, сіздер, қазақ бауырлар, Олжас Сүлейменовпен мақтануға құқылысыздар,-деді қырғыз профессоры Ташполат Садықов. – Олжастың бойында күллі түркінің рухы тұнып тұр!...

- Қылышынан қан тамған кеңестік идеологияның салтанат құрған жылдарында орыс академиктерінің өзін сарсаңға салған Олжасты өзбектер жақсы біледі!,-деді профессор Алимжан Тиливалды –Хамраев

-Оның Ұлы Дала арғымақтарындай асқақ жырларына ғашықпын, - деді профессор Ирина Карабулатова. – «АзиЯ», «Язык письма» секілді кітаптары түркілер әулетінің даңқын әлемге жайды...

Бәрі де Олжас Омарұлы жөнінде ағынан жарыла айтты. Ал, біз өзіміз, қазақтар, Олжастың қадірін қаншалықты білеміз, осы?!...

Ел Тәуелсіздігінің аясында республика өміріндегі демократиялық нормалар мен стандарттардың орнығуы публицистердің шығармашылық шарықтауына кең жол ашып, өз халқына лайықты қызмет етуіне, оның мемлекеттілігінің нығаюына мол мүмкіндік туғызды. Қазіргі таңда публицистердің алдында аса маңызды міндеттер тұр: басты мақсат – 2050 жылға қарай мықты мемлкеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құруға [1] әлеуметтк статусы мен ұлттық тегіне қарамастан республиканың барлық азаматтарын жұмылдыру.

Қазақ публицистикасы көптеген жаңа есімдермен өрнектеледі, олар сөз өнеріне өздерінің тың идеяларымен келді, Қазақ елі мен оның халқының

игілігі жолында жан аямай қызмет етуде. Олардың қай-қайсысының болмасын өзіндік асқақ үні бар. Бұл сапта қазақ публицистикасының өткені мен бүгінін сарабдалдықпен ой елегінен өткізе алатын қазіргі дәуірдегі сөз зергерлері айырықша орын алады. Осы тұрғыдан келгенде ақын-публицист, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Олжас Сүлейменовтың бейнесі жарқырай көрінеді. Оның айрықша таланты, хас шеберлігі, ақындық және публицистикалық шығармашылығы қай кезде, қай дәуірде де өзіне табынушылардың шоғырын молайта түсіп, тәнті етуде. Оның қандай бір шығармасы болмасын қалың көпшіліктің назарынан тыс қалған емес, терең ойларға жетелеп, жаппай қоғамдық пікір туғызумен, кең қолдауға ие болумен келеді. Ұлы Даланың перзенті – Олжас Сүлейменов жеке тұлға, сөз зергері, қайраткер ретінде қазақ әдебиеті мен публицистикасындағы ғана емес, әлем аренасында да танылып, мойындалған дара құбылыс. Оның шығармаларын орыс тілінде жазуы әлемдік кеңістікке кең жол ашқанын ашық айтуға тиіспіз. Алайда, бұл оның ақындық һәм публицистік, зерттеушілік шығармашылықтарының шынайы қазақтық мазмұн-маңызын теріске шығара алмайды. Ол өз халқына күллі шығармашылық талантымен адал қызмет етіп келген және ете беретін бітім-болмысы шынайы қазақ зиялысы болып саналады. Осы орайда Елбасы, ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың Олжас Сүлейменовтың 70 жылдық мерейтойына орайластыра жазған «Менің досым Олжас туралы сөз» деген жазбасынан төмендегі жолдарды келтіре кетуді жөн көрдік: «...Біз бәріміз жарыса оқыған оның өлеңдерінде лирика да, туған жердің бейнесі де, өз халқының мұң-мұқтажы мен толғақты мәселелері, адамзат тағдыры туралы ойлар да болды. Олар әрдайым серпінді өзгеріс үстіндегі әлемнің пафосына толы болатын.

... Олжас Омарұлы өз халқы үшін, біздің еліміз бен біздің халқымыз әлемдік тарих пен өркениетте лайықты орын алу үшін өте көп іс тындырды деп есептеймін» [2].

«Олжас Сүлейменов – қазақ, орыс тілінде жазады» деп атап көрсетеді ақын Леонид Мартынов О.Сүлейменовтың «Арғымақтар» деген өлеңдер жинағына жазған алғысөзінде... – Жалпы айтқанда, белгілі бір ұлтқа жататын жазушының өз тілінде емес өзге тілде жазуында тұрған ешқандай да оғаштық жоқ, тарихта мұның мысалдары аз емес. Молдаван билеушісі Дмитрий Кантемирдің ұлы Антиох Кантемир жаңа орыс поэзиясы бастауларының бірі болды. Поляк Юзев Теодор Конрод Коженевский Джозеф Конрод есімін қабылдап, ағылшын прозасының хас шеберіне айналды. Тегі поляктық жасөспірім Гийом Альберт Владимир Александр Аполлианарий

Костровицкий Гийома Апполинера есімімен француз поэзиясының даңқын асқақтатты. Алайда, егер Конрад экваториалды теңіздердің жаршысына айналса, ал Аполлинер бабаларының мекені болған Европаның шығысына немесе түрік сұлтанына хат жазған запорожьеліктерге сирек те болса арман жетегінде соғып отырады. Жырларын орыс тілінде жазатын қазақ ақыны Олжас Сүлейменов бүкіл болмысымен қазақ ақыны болып, өзінің мұңы мен мұқтажын атам заманнан бері орыс халқының мұң-мұқтажымен байланыстырып келе жатқан халықтың туған перзенті болып қала береді. Олжас Сүлейменовтың құбылысы сол бір байланыстардың бәрін – тұрмыстық, географиялық, саяси, этникалық, эстетикалық байланыстарды жандандыра қамтиды [3].

Олжас Омарұлы Сүлейменов 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласында дүниеге келді. Қазақ Мемлекеттік университетінің геология факультетін, М.Горький атындағы әдебиет институтын, Әдебиет институты жанындағы Жоғары әдебиет курсын бітірді. Еңбек жолын 1961 жылы «Простор» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі қызметінен бастады. 1964 жылдан бастап ол «Қазақфильм» киностудиясы сценарий-редакциялық алқасының бас редакторы қызметін атқарды. 1971 жылы Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, ал 1980 жылы Қазақстан Кинематографистер одағы басқармасының бірінші хатшысы болып сайланды. 1981 жылы Қазақ КСР кинематографиясы бойынша Мемлекеттік комитеттің төрағасы болып тағайындалды. 1983 жылы оны Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы етіп сайлады. 1989 жылы ақпанда «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қоғамдық қозғалысының президенті, ал 1991 жылғы қазаннан оның тең төрағасы болды. 1992 жылғы маусымнан осы қозғалыстың төрағасы. 1994 жылдан бастап қазірге дейін мемлекеттің қызметтің әртүрлі басқыштарында қызмет етіп жүр [4].

«Қазақ даласынан қалықтай көтеріліп әлем аренасына шыққан қайраткер көптеген үлкен істерге мұрындық болуда, - деп жазады ақын, әдеби сыншы Ә.Балқыбек, - солардың бірі Халықаралық «Диалог Евразии» Платформасының қалыптасуына үлкен үлес қосқанын бүгінгі жұрттың бірі білсе, бірі білмейді. Иә, бейбіт өмірді аңсаған, қазақтың тартқан азабына қол қусырып қарап қалмай, атом полигонының жабылуын талап етіп күрескен Олжекең көптің көңілінде» [5].

Олжас Сүлейменов өзінің 25 жылдығынан сәл ғана бұрын «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасын жария етті. Бұл планетаның тұңғыш ғарышкері Юрий Гагариннің көкке самғаған 1961 жылдың 12 сәуірі еді. Дәл осы күні

асқақ жырлар мәтіні басылған парақшалар Алматы көшелеріне ұшақтан тасталынды. Олжастың ғарыштық поэзиясы тұрғысында әдебиет сыншысы, профессор Асқар Егеубай былайша толғанады: «...Байқоңырдан бастау алған ұлы құбылыс сезім серпінін ғаламат бір қуатпен ағытып жіберді. Сол арқылы қазақ ақынының аузынан өркениет тарихының ренесанстық аңсары адамды асқақтату, адамды ұлықтау, адамның төбесін көкке қайта бір жеткізу ниеті естілді. «Адамға табын, Жер, енді!» Мифтік түйсік пен поэтикалық түйсіну пернелері күй сазындай үйлескен тұс. Бір сәт ғана. Бір сәттің шындығы. Ақиқаттың қас-қағымы!»

Символдың ұғыммен, азаматтық пафоспен оны өзгеге ұқсамайтын өзгешілікпен айтқан кім еді?

Олжас Сүлейменов.

Иә, «Адамға табын, Жер, енді!» - ақынның қаламгерлік символы.

«Адамға табын, Жер, енді!» - ақынның космодромы Байқоңыр.

«Адамға табын, Жер, енді!» - жырдың жаңа бір дәуірінің таңы, жаңа поэтикалық кезеңнің белгісі.

Осылайша ғарыш ақынның төл поэзиясына айналды. Кейін журналистикада жүрсін, кино саласында істесін, мемлекеттік, қоғамдық қызмет атқарсын, әр жылдың 12 сәуірінде ақынның да ғарышпен іштей бір жақындығы сезілді де тұрды...

Олжас Сүлейменовтың «Адамға табын, Жер, енді!», «Арғымақтар», «Шапағатты шақ» жинақтарынан кейін алуан-алуан пікір тудырған «Қыш кітабының» өз жұмбағы бір басына жетерлік. «Қыш кітап» бүгінде қазіргі күннің кітабы... (6).

Орыс тілінде жазатын ақынның таза қазақы өмірбаяны, тірлік-тұрмысы, өлеңдерінде ауыздықпен алысып, күмбір-күмбір кісінеген қазақы рухтың қайнар көзі тамаша сезіледі.

«Орыс тілінде жазатын» демекші, осы мәселені тілге тиек еткенде «Егемен Қазақстан» бетінде бес жыл бойы жарияланып келген «Жиырмасыншы ғасыр жырлайды» атты авторлық антологияның Олжасқа арналған ұсынымындағы мына бір ой орамы оралады: «Әлемде бір ұлт өкілінің екінші тілде жазып, сол ұлт әдебиетінің өкілі болып кеткен мысалдары аз емес... Алайда, ұлттық әдебиет ұғымын екшеудің классикалық өлшемдері солай сөйлей тұрғанмен, ешкім де орыс тілінде жазатын Олжас

Сүлейменов жырларын орыс әдебиетіне теліп көрген емес. Олжас Сүлейменов – орыс тілінде жазатын қазақ ақыны деген байламға жұрттың бәрі тақ тұрады. Тақ тұрғызған – Олжас өлеңдеріндегі көне дәуірлерден жетіп жатқан қыпшақты қағым-қағыстар, ұлттық қанық бояулар, жер-жаһандағы құбылыстың қай-қайсысына да тек қазақтың көзімен қарайтын қымбат қасиеті, ең бастысы - қай кезеңде де алтын басының азаттығын сақтай алған алаштық асқақ айбыны, өршіл рухы. Ұлы ақын, ұлы редактор Твордовскийді «Новый мирден» кетіріп, бір жылдан кейін көрге тығып тынған сұр кардинал Сусловтың өзі Сүлейменовтың сағын сындыра алған жоқ. Ақын досы Андрей Вознесенскийге арнаған өлеңінде: «Аз и Я» - Азия деп оқталып, Жаңылдым ба? Жатпаймын мен ақталып... Танып-біліп өзімізді өзгеден, Көшеміз де өзімізді бетке алып», деп жазғанындай, Олжас жырының көші өзімізге өзімізді бетке алдыртқан күйі бір ғасырдан бір ғасырға ауысып барады. Олжастың кешегі кеңестік кезеңде, бір одаққа біріккен халықтар арасындағы дабырайтылмағанымен байқалмай да тұрмайтын бәйге-бәсекеде алғашқы «Арғымақтарымен»-ақ арындап шығып, «Қазақтар осындай болады екен ғой» дегізген, ұлтымызды мойындамасқа, құрметтемеске қойғызбаған еңбегін біз ешқашан ұмытпауға тиіспіз».

1975 жылы Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я. Книга балгонамеренного читателя» атты кітабы жарыққа шықты. Бұл шығармасында автор публицист-прозашы, ежелгі түркі және славян жазба ескерткіштерін зерттеуші-әдебиетші ретінде танылды. Еңбек қалың оқырманның үлкен қызығушылығын оятып, филолог-ғалымдар арасында қызу даулы пікірталас туғызды. О.Сүлейменовтің кеңестік ғылымдағы қалыптасқан стереотиптердің негізін шайқалтып, қабырғасын қақырата сөгуі ежелгі орыс жазбаларын зерттеуші елге танымал ғалым-филологтардың шамына тиіп, дау-дамайды өршіте түсуге әкеліп соқты. Ол «Жазушы» баспасынан шыққан кітаптың алғысөзінде былай деп жазды: «Мен бұл кітапта болашақта қорытындысы «1001 сөз» этимологиялық сөздік болуы тиіс «Сөзде» өзімнің оқырмандық тәжірибемнің негізгі жайларын ортаға салғым келеді.» [7].

Бұдан әрі автор былай деп атап көрсетеді: «Қателесуге және мойындауға, жаңа шешімдер іздестіруге құқым бар.

Қордаланған проблемалар бойынша өзімнің талқылауларымды айтуға мүмкіндігім бар. Мұнда тек маған ғана қатысты емес белгілі бір артықшылықтар орын алады.

Мен «Сөздегі» «түркіліктен» бас тарттым, тар ауқымды мамандануды математикада ғана жемісті болатынын түсіндім, ал адамтануда «Сөзді»

ұжымдық «Біз» (славист, түрколог, тарихшы, ақын және т.б.) емес, ұжымдық Мен-мен оқу қажет. Бір тұлғаға біріккен сол кейіпкерлер. «Сөзді» оқуға маған табиғи қостілділігім, Русь пен Даланың мәдени өзара байланыстарын білуім, этимологиямен айналысуым және мүмкін жаттығулар арқылы пайда болған сөз бен образды сезінуім көмектескен болар.

... «Сөз» шынтуайтына келгенде әдебиет пен ғылым секілді **құралға** айналмауы керек. Сенің **қалай** оқуың, **кімнің** көзқарасын қолдайтының не теріске шығаруың өмір сүру ортаңа тәуелді болмауы керек. Сен өз ұстаздарыңның еңбектерін бағалауда еркін болуға міндеттісің. Бұл әр сағат сайын дәлелдеуді талап ететін практикалық шығармашылық өмірдің аксиомасы» [8].

О.Сүлейменов бұл сөздерді ашық түрде адал айтып отыр. Мұнда оның өмірлік позициясы, шығармашылық ауқымы өрнектелген. Ол шындықты іздейді, осы жолға құлай беріледі. Осы арқылы оның адам ретінде, сөз зергері ретінде асқақ гуманизмі жарқырай көрінеді.

Сонымен, «Аз и Я» кітабы шығысымен-ақ қалың оқырманды еліктіреді, оның төңірегінде сан қилы әңгімелер айтылумен болды, тіпті дүкендерден таптырмай қойды. Осы тұста бұл еңбек жайлы ең алғашқы дерлік үнқосу материал «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды [9].

«Олжас Сүлейменов кітабында көтерілген және ол бұған дейін де сөз етіп келе жатқан мәселесінде, - деп жазды мақала авторы, профессор Мұсатай Ақынжанов, - кейде есітіліп қалатындай дау туғызатын да, талас шығаратын да шытырман дүние жоқ. Үлкен ақынның зерттеушілік көзбен, өте ұқыптылықпен жазып отырған бұл еңбегінде монғол шапқыншылығына дейінгі, тіпті оның ар жағында бірнеше ғасырлар бұрынғы түрік-қыпшақ халқының елдігі мен ерлігін көрсететін деректер қамтылған. Автор бұл елдің ілгеріден-ақ өзіне тән төл мәдениеті, дербес тілі, нақтылы тарихы болғаны алға тартады. Осыған орай ол шығыс славян жазба ескерткіші – «Игорь полкі туралы сөзді» зерттеу, ой түйіндеу мақсатының өзегі етіп алған..»

Бұдан әрі профессор «Жазушы» баспасының кітап аннотациясында айтқан, сондай-ақ «Вечерняя Алма-Ата» газетінде емеурін болған: талас туғызады, дау шығарады дейтін сақтануы осыдан жүз жылдар бұрынғы тарихшылардың түрік-қыпшақ ескерткіштеріне жасаған күдігі кейбір реттерде әлі күнге дейін сақталып отырғандығының салдарынан туғандығын ашып айтады.

Профессор М.Ақынжанов аталмыш үнқосу мақаласында сыншылардың «Орхон-Енисей», «Жетісу-Талас», «Қаңлы-Сақ» жазба ескерткіштерінде, тіпті жазбаның өзін де түрік-қыпшақтардың төл ескерткіштері емес, сыртқы елдерден қабылдаған дүниелігі, сондықтан ол жазбадағы сөзді де, терминді де тарихи деректерді де түрік-қыпшақтардың өзіне тән мүлкі ретінде қарауға болмайды деп қаралай үркітіп келгенін жасырмайды. Олжас еңбегі осы күдікті біржолата көңілден шығару қажеттігіне арналғанына, шындықты шын деп таниық, барды барынша пайдаланып, тарих қадесіне жаратайық деген адал ниетті көздейтініне оқырман назарын аударады.

«Ақын-жазушы, талапкер зерттеуші, байсалды сыншы Олжастың он бес жыл бойы тыным алмай Қазақстан, Россия, Скандинав жерлеріндегі шаң басып жатқан архивтерді көтеріп, кітап қоймаларын ақтарып, сан-салалы ғылыми мақалаларды жариялай келіп, ақырында осындай тұтас кітап етіп шығарған бұл еңбегі өте маңызды және халықтық, ұлттық мәдениет игілігіне арналған құнды дүние дейтініміз осыдан», - дейді мақала авторы. Бұл еңбекте әңгімеленген көкейкесті мәселе тек қазақ, қырғыз тарихы емес, бүкіл түрік қауымының тарихын, этнографиясын, мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дінін, мемлекеттік құрылысын, көрші мемлекеттермен ара-қатынасын, ол мемлекеттер мен түрік қауымдарының ара-салмағын тайға таңба басқандай ашып айтып, осынау тамыры терең байланыстың тарихи маңызын биік сатыға көтереді.

Сонымен бірге бұл халықтар өте ерте заманда да, Ассирия-Вавилон (Шумер) тұсында да, көне грек, ескі Иран тұсында да біздің дәуіріміздің, ерте орта ғасырларында да, оның бер жағындағы кенже орта ғасырда да көне парсы жұртымен, ескі Шығыс-Рим, Византия патшалығымен, өте-мөте Шығыс славян жұрттарымен (ежелгі Русь) қатар ел болып, мәдени мұралар жасағанын көрсететін деректер баршылық. Соған қарамастан әлдеқалай «қалыптасып» кеткен теріс түсініктер алдымызды кес-кестей береді, - деп қынжылады автор. Олжас Сүлейменов бұл тәрізді стереотиптік пікірге наразылық білдіріп қана қоймайды, сөйтіп бұған қарсы өзінің тиянақты да байсалды ғылыми жүйелерін алға тартады.

Автор мұнда мынадай негіздерге сүйенеді. Оның бірі – елімізде ашылып отырған археологиялық материалды мәдениет жұрнақтары. Олардың алды осыдан жүз жылдар бұрын табылса, соңғыларының ашылғанына он-он бес жылдай ғана болған. Бұлар – ғылым дүниесіне қосылған зор олжа.

«Аз и Я» кітабы төңірегінде Мәскеудегі мүйізі қарағайдай ғалымдар мен партиялық функционерлер арасында дау-дамай басталып, енді ушығуға бет алған кезде қазақтың тарихшы ғалымы М.Ақынжановтың осындай мақала жазып, өрелі ой-пікірлер айтуы, кітап авторын жанын сала қорғауы ерлікпен пара-пар болды. Иә, О.Сүлейменовтың бұл еңбегі Кеңес Одағының қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде аспаннан жай түсіргендей еді.

Сол тұста жоғарғы эшалонда орын алған жайлардан толығырақ хабардар ету мақсатымен халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген естелік-эссесінен ұзақ та болса мына үзіндіні беруді жөн көріп отырмыз:

«Енді «тоқырау» заманында да, сонымен бірге Андропов пен Горбачевтің тұсында да қызмет істеген Саяси Бюро мүшелері туралы тоқталсам деп едім. Соның бірі М.А.Суслов. Ол ұзақ жылдар бойы және үздіксіз еліміздің идеология мәселесімен шұғылданды. Көзі кетісімен «орталық» баспасөз шімірікпестен: «сұр кардинал» деп мысқылға алды. Біздің әдебиетіміз бен өнеріміз, қоғамдық ғылым мен мерзімді баспасөз соның ашса алақанында, жұмса жұдырығында еді.

Суслов маған мүлгуді білмейтін қырағы сарбаздай әсер қалдыратын. Ресми идеологияға қайшы келеді-ау дейтін көркем шығарма не ғылыми еңбек жарияланбайтын, кинофильм немесе спектакль көрсетілмейтін; еңбекші бұқараның санасына салқыны тимес үшін қия бастыртпайтын. Одақтас республикадағы жергілікті баспаларға дейін сол кісінің құзырында болатын. М.Сусловтың тістеген жерінен тастай қататын көзқарасының арқасында Олжас Сүлейменовты көзге шыққан сүйелдей ете жаздадық. «Жазушы» баспасынан оның «Аз и Я» кітабы шықты. Ел талап алып, таласа оқыды. Өресі жеткен де риза, жетпеген де мәз. Бұрын Олжасты дауылпаз ақын деп таныған жұрт, енді ойшыл ғалым деп ұқты. Бәрі дұрыс. Жөні де солай еді. Өкінішке орай, Мәскеу жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты деп, дүрлігіп сала берді. Көптеген белгілі орыс оқымыстылары мен ғалымдары ақ-қарасын айырып жатпастан кітапты ұлттық сарындағы еңбек деп жариялап жіберді. «Москва», «Моладая гвардия», «Звезда», «Русская литература» және өзге де басылымдар Олжас Сүлейменовты жерден алып, жерге салды. Ел құлағы елу – Кремль хабардар, біз де құлағдармыз. Сын айтылған сайын, мін тағылған сайын оны қорғаушылардан гөрі қызықтаушы, құмартушы көп болатын әдеті. Кітапты шарқ ұрып іздеушілер саны күн сайын мыңдап өсе түсті. Мен де оқыдым, оқыған сайын сусыным қанғандай,

жоғым табылғандай әсерде отырдым. Іштей сүйсініп қана қоймай, талантқа тамсанып, тәнті болып, сосын ойладым: Олжасты ұрсып ұрсып қояр, бұрқылдап қайнап сабасына түсер дедім. Әдебиеттің айналасында қызыл кеңірдектесу бұл бір емес, болған және бола берер деп, елей қоймадым.

Бір жолы Қазақстанда жаңа баспа ашу жөнінде алдынан өтейін деп, Сусловқа келдім. Байқаймын, қабағы салыңқы, менің әңгімемді құлағына да қыстыратын түрі жоқ, мен не деймін, домбырам не дейдінің кері, ақыры шыдамады білем, сөзімді бөліп:

-Димаш Ахметұлы – деді түнере түсіп (жер хабар қылмасын, тұнжырап отыратын еді) – сіздің республикада ашықтан-ашық орыстарға қарсы және ұлтшылдық бағытта Сүлейменов дегеннің кітабы шығыпты.

- Иә, шықты, мен оны оқып, дән ри...

- Сөзге қонақ беріңіз... – Суслов менің айтпағымды алдынан орағытып кетті. – Кітапта тарихи деректер бұрмаланған, автор «Игорь полкі туралы сөз» - ұлы ескерткішті тәжікеге салады. Қорғаныс министрлігі барлық әскери кітапханалардан ол кітапты алып тастады. Және өте дұрыс істеді деп ойлаймын. Кітапты қарап, авторды тәртіпке шақырыңыз және кінәлі адамдарға тиісті жазасын беріңіз! Екіншідей дәндемейтін болсын.

Мен мән-жайды түсіндіріп, өз пікірімді айтуға оқтала беріп едім. Суслов бет бақтырмады.

-Орталық Комитеттің анықтамасы мынау, - деп алдында жатқан жуан папканы сұқ саусағымен шұқып тұрып көрсетті. – Ғалымдардың хаттары, рецензиялар...

Одан әрі сөз жарыстырып жатудан пайда шамалы. Сусловтан шығып, Брежнев отырған кабинетке бет алдым. Біз ұзақ отырып сөйлестік. Әлбетте, республика жағдайын, оның өзекті проблемаларын тігісін жатқыза айтып барып, әңгіме аяғын «Аз и Я» кітабына әкеліп тіредім.

-Өзіңізге қолқа сала келдім. Көп өтінішімнің бірі демессіз. Азаматтың, ақынның тағдыры шешілгелі тұр. Сүлейменовтың мына кітабын оқып шығып, пікіріңізді білдірсеңіз деп келдім.

Брежнев бас изеп:

-Қалдырып кет, қол тисе оқырмын, - деді.

Мен Мәскеуден арқаны пірге сүйеп аттандым.

Суслов қарап жататын ба еді. Қолы ұзын. Отты қалай көсеймін десе, өз еркі. Бар арнаны қосып, айғайға сүрең салдырыпты. Қазақстан Компаратиясы Орталық Комитетінің хатшысы С.Н.Имашев:

-Сүлейменовтың кітабын КОКП Орталық Комитетінің үш бірдей (насихат және үгіт, мәдениет және ғылым, жоғарғы оқу орындары) бөлімі қатысатын кеңесте талқылау жоспарланып отыр, - деп баяндады.

Әрине, бұл кеңестің арты немен тынатыны бесенеден белгілі сондықтан, қапыда қалмау керек. Қалайда қазақтың құдай берген ақын ұлы – Олжас үшін күреспесе болмайды. Әйтпесе, басынан сырық, желкесінен тоқпақ кетпейді. Мен осыған бел байладым. Тәуекел деп отырғанда қабылдауыма Сүлейменовтың өзі келді.

-Димеке, - деді ол. – Мен сізге «Ашық хат» әкелдім. Оны Орталық Комитеттің барлық бюро мүшелеріне көбейтттіріп беруіңізді өтінемін.

Мен хатпен мұқият танысып шықтым. Олжас ақталмапты, азаматша қорғаныпты. Сол жерде Леонид Ильичке телефон соғып:

-Өткен жолғы өтінішім бойынша хабарласып отырмын. Сүлейменовтың кітабын оқудың орайы келді ма екен? – деп сұрадым.

-Оқығанда қандай! – деді Брежнев. – Ұзынынан да, көлденеңінен де оқыдым. Көз әйнек салып та оқыдым. Бірақ иненің жасуындай ұлтшылдықты көрмедім, тіпті иісін сезбедім. Кім өзі түймедейді түйедей қылып жүрген?

-Ал Михаил Андреевич болса...

-Бұл арада Михаил Андреевичтің не қатысы бар? Өздерің-ақ тындыратын шаруа ғой.

-Мың да бір рахмет сізге, Леонид Ильич! – дедім қуанышым қойныма сыймай.

Одан әрі әрине, қайдан құлақ шығарса да, қазаншының өзі еркі ғой... Біз Орталық Комитеттің бюросын шақырдық. Әлдекімдерді сілкілеп алдық, кейбіреулерін төмпештеп те жібердік. Ал Олжас Сүлейменовке:

- Біз сенен жаңа жырлар, жақсы поэмалар күтеміз. Жолың болсын! – деп ақ батамды бердім.

Арада жарты жыл өтті. Олжас Омарұлы Қазақстан Компартиясының XV съезінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Бірқыдыру уақыттан кейін ол:

- Шынымен-ақ менің басыма шырмау салғысы келіп еді, - деп мойындады.» [10].

Осы орайда 1940 жылдардың екінші жартысы мен 1991 жылдар аралығындағы Қазақстанның мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат мәселелерін зерттеген ғалым А.Қапаеваның жазбалары назар аудартады: «Сол жылдары О.Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабы қоғамдық-саяси және мәдени өмірде үлкен дау туғызды. «Звезда», «Москва», «Молодая гвардия» журналдарында қатаң да бітіспес сын айтылды. Кітап «Ұлтшылдыққа тұнып тұр» делінді. СОКП Орталық Комитетінде идеологиялық мәселелерді бақылайтын М.А.Суслов оны «ешбір бүкпесіз антиорыстық және ұлтшылдық бағыттағы» кітап деп атады. М.А.Сусловтың ұстанымы О.Сүлейменовты диссидентіне айналдырып жібере жаздады. Сол жылдары ақыр соңында «Аз и Я» кітабының тарихы сәттілікпен аяқталды да О.Сүлейменов Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланды. Сталиндік мұрагерлердің бірі М.А.Суслов арадан 30 жылдай уақыт өтсе де 1940 жылдары кеңестік тарихнамада қалыптасқан славян және түркі халықтарының өзара қатынастарының тарихын жазуда өзгеше ой-пікірлерге жол бермеді» [11].

Олжас Сүлейменов «Ты – мой герой» деп аталатын өзінің алғашқы публицистік шығармаларының бірінде әдебиет пен әдебиетшінің қоғамдағы орны жөнінде сөз қозғай отырып, әдебиетте сезім мен ойдың тұтас әліппесі жүйесінің іске қосылатынын айтады [12]. «Нағыз сөз зергері болу үшін өлең жолдарын құрастыруды үйрену аздық етеді. Өлең техникасын үйренуге болады, өлең тәсілдері жалпыға мәлім, сөздің мәнін аз да болса сезінетін адам әдеби тілмен жаза алады» [13] дейді. Бұдан әрі «өлеңді лексикалық бейнелер емес, моральдық бейне туғызады, талант – ең алдымен жеке тақырып» дей келе, «ол болмаса, ақын да болмайды» деген қорытындыға келеді. «Сөз шебері әрдайым айтуға тырысады», - деп айтып көрсетеді, - Сондықтан техника үстемдік жасамай, оның органикалық көрінісі іспетті болуы тиіс».

Оның пікірінше, қазақ халқының бойындағы мұндай қасиет бәрінен де бұрын шығармашылықтың эпос жанрында айқын аңғарылады: «Эпостың ауқымы аса кең, бұл тұста өзге жанрлар болған жоқ. Ежелгі поэмалардың көлемі ондаған, жүздеген мың өлең жолдарымен белгіленіп айқындалды.

Азаматтық гекзаметрлердің еркін ағысы өлеңнің жоғарғы ағысына бертін келе, сәулет психологизмі деп аталған ғажайып байлықты еріксіз шығарады».

Иә, О.Сүлейменов шығармашылығы, оның ішінде публицистикасы да суреткерлікпен және психологизммен өрнектеледі, бұл қасиет оның алғашқы жырларынан-ақ аңғарылған болатын. Тіпті, ол КСРО Жоғарғы Кеңесі халық депуттатарының бірінші съезінде сөйлеген сөзінде-ақ поэтикалық теңеуі арқылы көпшіліктің назарын өзіне аудара білді. Еліміздің тарихы жөнінде айта отырып, қайта құрудың жаңа лебінің, «қара дауылға айналып кетпеуіне, егер тарих сабақтарынан жағымды нәтиже шықпаған жағдайда оның ешбір мағынасыз қайталанатынына» зер салды. Сонау отызыншы нәубет жылдарында 4 миллионнан астам, ал 1941-1945 жылдардағы қан майданда 350 мың қазақтардың құрбан болғанын еске салды.

О.Сүлейменов ұлттық әдебиеттің қазақ халқының өміріндегі рөлін ой елегінен өткізе отырып, «халықтың тарихи романдарға қызығушылығының арта түсуін немен түсіндіруге болады?» деген сауалға жауап іздейді. Оны әдеби сыншылар ұлттық сана-сезімнің өсуімен байланыстырады. Алайда, ол өкінішпен былай дейді: «Біздің кез-келгеніміз орыс халқының тарихындағы жүздеген есімдер мен оқиғаларды атай аламыз. Біз Азия, Америка, Испания, Араб және Қытай тарихын білеміз. Енді өзіңе эксперимент жасап көр – қазіргі қанша қазақ интеллигенті қазақ тарихынан, айталық таяудағы XIX ғасырдан есімдер мен оқиғаларды есіне түсіре алады? Ондаған. XVIII? Бірлі-жарым. XVII? Бос кеңістік, одан әрі қарай қараңғылық» [14].

Бұдан әрі ол қазақ этносын былайша идентификацияландырады: «XX ғасырға дейін мыңдаған жылдар бойы күрделі де қайғы-қасіретті, жеңіс пен жеңілістің жолынан өтіп, қытай, мұсылман және монғол императорларының басқыншылығына төтеп бере біліп, ұлы даланы сақтап қала алған бұл халық өз өмірбаянын білуге лайықты. Бұл өмірбаян құрметтеуді талап етеді».

«Россия, Қытай, Америка, Грекия, Франция, Грузия, Иран тарихын білгеніммен, - дейді ол күйініп, - қазірге дейін қазақтар тарихын білмеймін. Көшпенділер дәуірі айқындалмаған. Кітапты халықтар тарихының көптеген күңгірт тұстарын түркілер тарихын білмей тұрып түсіндірудің мүмкін емес екендігін қазір батыл түрде айта аламын. Түптің-түбінде «Ақиқат тарихы» кітабының пайда болатынына сенімдімін, оның тууына біздің де міндетті болатынымызға сенімдімін».

Қазақ тарихын зерттеп, алдына ол жөнінде шындық кітабын жазу мақсатын ол 1954 жылы М.Шолоховтың «Өз тарихы бар әрбір халық ұлы»

деген сөзін естігеннен кейін қойғанын жасырмайды. Бұл оның ғұмырлық ұстанымына айналды.

Кезінде ол ұлтаралық қатынастар тұрғысындағы өткір мәселеге тоқтала келе «ұлттық және әлеуметтік қанағаттанғысыздықтың қою жанар-жағар майы балалар отырған поездың жолдарында ағып жатыр» деген еді. Оның пікірінше, балаларымыз бен немерелерімізге олардың бабаларының жауласуы жұғып кетпеуі үшін қолдан келгеннің бәрін де жасаған жөн. Адамдар бір-бірімен дәйімі ниеттес болуы керек. Мұнсыз жеккөрушілік пен жауласудың көріністері біртұтас елдің халықтарын бірге тату-тәтті өмір сүруге емес, амалсыз күн кешуге итермелейді. «Тесік құбырлары жетерлік елімізде қысымды күшейте түсуге болмайды» деген қорытындыға келеді.

О.Сүлейменов кеңестік қоғамның қайта құру кезеңінде ешбір қаймықпастан-ақ ұлт мәселесіндегі шетін де сүреңсіз жайларды айта алды. Осы орайда оның одақтың бас басылымы саналған «Правда» газетінің тілшісі Г.Дильдаевқа берген сұхбатында айтқандарын келтіре кетуді жөн көреміз:

«Оқырмандарды бүкіл көп ұлтты еліміздің өмірімен, мұң-мұқтажымен таныстыруды бастайтын уақыт жетті-ау деймін. Өйткені орталық басылымдардың байланысы дәстүр бойынша орталық арқылы жүзеге асырылып келеді. Мәдени байланыстарда да осылай. Бізде өзара тікелей байланыс қалыптаспаған. Көрші республиканың өмірінде не болып жатқанын, үлкен өкінішке орай, біз бұл күнде негізінен Москва баспасөзі арқылы ғана білеміз. Сайып келгенде біз бір-біріміз жөнінде не білеміз?

Мен сентябрь айында Киевте «Эврика» атты пікірталас клубында сөз сөйледім. Сонда мынадай жағдайды байқап көрдім. Әйтеуір бір республиканы атап, сол өлкенің тарихынан, бүгінгісінен кез-келген билеушінің, басшының, ақынның, жұмысшының, спортшының, артистің есімдерін айтуды сұрадым. Өзбекстанды атадым. Залдан – Рашидов... Адылов... деген дауыс естілді. Басқа ешкім де түспеді, немесе білмеді. Ал кісі аттарының өзі халықтың образын құрайды ғой. Ұлы ақындардың, математиктер мен философтардың, дикандардың мыңдаған ұрпақтарының ғажайып еңбексүйгіштігімен жасалған байырғы мәдениеті бар халыққа аты шыққан жексұрын тұлғалар бойынша баға беріледі.

Тәжікстан туралы – шығыс және батыс ренессансының ежелгі мекені туралы – аудитория тіпті түк білген жоқ. Ең болмаса парақорлардың атын да атай алмады.

Грузияға келгенде Шота Руставели мен Тибилисидің «Динамо» командасының бұрынғы құрамы құтқарды. Қазақстан жөнінде сұрау қонақжай залды одан әрі тұйыққа тіреді, жауаптар тіпті әлгіден де мардымсыз болды.

Осы жайды біздің өлкеміздің кез-келген жерінде, кез-келген аудиторияда сынап көруге болады. Нәтижесінің осыдан тым алшақ кетпейтініне мен сенімдімін. Ал мұндай лажсыз білімсіздікті ондаған жылдар бойы жүргізіліп келген ұлт саясатының нағыз көзге ұратын салдарының бірі деп бағалауға болады. Әділдік үшін айта кетейін, соңғы жылдары шығыс республикаларының біршама аты шыға бастады. Бірақ жақсы жағынан емес. Тіпті сирек айтылатын жақсы жақтарының өзі де басқаша беріледі. Кешірім өтінемін, өткен жылғы 31 октябрьде «Правдада» «Әйелді сайлады» деген даурықпа хабар жарияланды. Онда Хорезм облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып Рамиджон Худайбергеновaның сайланғаны айтылды. Кіріспенің өзі қызық: «Құпия қылып қайтеміз: Орта Азияда әлі күнге жауапты іс әйелге сеніп тапсырыла бермейді. Худайбергенова елімізде бүгінгі таңда облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып істейтін бірден-бір әйел». Осы нақты фактіден шығарып, былай деп жазса дұрыс болар еді:» «Құпиялап қайтеміз: біздің елімізде...» Одан әрі текст бойынша кете берсе. Мен мұны хабар авторының жіберген жай бір стильдік орашолақтығы емес, қайта саналы түрде әдейі жіберген біржақтылығы деп есептеймін. Өйткені «Кім кінәлі?» деген сұраққа жауап табу әлдеқайда жеңіл» [15].

Еске түсірейік. Кеңестік жүйенің түп-тамырын шайқалтқан қайта құру жылдарында оны ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету публицистикалық тұрғыда алғандағыдан артта қалды. Мұны басқалай айтсақ, журналистер көп жағдайда өздеріне экономистердің, тарихшылардың, философтардың және заң қызметкерлерінің міндеттерін алуға мәжбүр болды. Келеңсіз құбылыстар туралы хабарлардың саны сапаға – қоғамның экологиялық санасына айналып үлгерді. Сын тұрғысынан талдау кезеңін жасанды түрде жалғастыра түскеннен гөрі жинақтау кезеңіне өту әлдеқайда маңыздырақ еді. Сол жылдары О.Сүлейменов осы тұрғыдағы ой-пікірлерін алғашқылардың бірі болып, батыл айтты, республикааралық өзара байланыстардың қалыптасқан, дәлірек айтсақ, қатып қалған құрылымын түпкілікті өзгерту қажеттілігіне үндеді. Бұл процесс ұлттық мүдделердің қайта қозғалуымен күшейе түсті.

Ұлт мәселесі сол тұстағы қайта құрудың жаңа кезеңінің мазмұнын айқындаушы болды. Ұлттық сана-сезімнің арта түсуі адамдардың тілге,

ұлттық дәстүрге, тарихи проблемаларға назарын айырықша аударды. О.Сүлейменов осы жайлар төңірегінде өз ойын айта отырып, қазақ тілінің өзекті мәселелерін де тілге тиек етеді. «Егер ұлттық тіл, - дейді ол, - өндірісте қолданылмайтын болса, егер ол адамға жұмыс бабында көмектеспесе, дөрекілеу айтқанда тамағын табуға жәрдемдеспесе, онда ол тіл тұрмыстық, от-басы, ошақ қасы ауқымына шеттетіледі де енжар жатқан қорға айналады... Біз ешқандай патриоттық ұрандармен, конституциялық декреттермен тілді сақтап қалуға болмайтынын түсінеміз. Ол үшін тілдің өмір сүруіне қажетті базаны дамыту керек. Қазір Қазақстанда... осы бағытта жұмыс жүргізуде, оның алғашқы нәтижелері қазірдің өзінде-ақ бар».

Жоғарыдағы сұхбат барысында «Правданың» тілшісі сұхбаттасушының әңгімесін мынадай арнаға бұрады:

- Көптеген ұрандар көз алдымызда ескіріп қалуда. Бұл да уақыт ұтқырлығын аңғартса керек. Қазақстанды халықтар достығының лабораториясы дегеніміз есімізде. Өзімізді-өзіміз осылай жұбатып едік. Бірақ кенеттен сексен алтыншы жылдың декабрь оқиғасына тап болдық.

- ... Осылай көп ұзамай өзге республикада да бой көрсеткен әлдебір заңдылық жүйесінің алғашқы буындарының бірі болып шықты. Біз ол оқиғаның табиғатын түсінуге әлі де әрекет жасаудамыз. Алғашқыда кәдімгі таптаурын жолмен кеттік – «кім кінәлі?» деген дағдылы сұраққа жауап іздедік. Рас, шу дегенде мемлекеттік тұрғыдағы ашу-ыза әсерімен, тіпті өзіміздің интернационалдық ортақ өмірімізде қол жеткізіп жинақтаған күмәнсіз игіліктеріміздің өзіне де күмәндана қарадық. Шүкір, ол кезең тез өте шықты. «Лаборатория» деу, бәлкім, ерсілеу де естілер, бірақ Қазақстан қалай дегенде де халықтар достығының республикасы болып қала береді. Мұның өзі әлдебір ұрандардың күшімен емес, қайта адамдардың өзара қарым-қатынасының табиғи практикасы барысында пайда болған. Ал бүгін біз сол игілігімізге, немесе, дәлірек айтсақ, жағдайымызға неғұрлым байсалдылықпен, тереңірек үңіліп және тіпті күдікті үреймен қарауымыздың жөні бір басқа. Іске бұл тұрғыдан келу, сөз жоқ, орын алып отырған қайшылықтарды, олардың себептерін айқындауға көмектеседі. Қайшылықтарды аяғына дейін жоюға мүмкіндігіміз болмаған күннің өзінде оны жұмсартуға септігін тигізеді.

Насихаттық мұрамызға неғұрлым ыждахаттылықпен қарағанымыз жөн болар еді. Менің ойымша, «Ұлттардың өзара жақындасуы арқылы гүлденуі» деген ұранды жоққа шығаруға болмайды. Оны қандай ұранмен алмастырмақпыз? «Ұлттардың алшақтап бөлінуі арқылы гүлдену» деген

ұранмен алмастырмақпыз ба? «Томаға-тұйықтық арқылы» деген ұранмен ба? Алайда біздің ұранымыз бос сөз болып шықпауы үшін ұлттардың өзара ынтымақтастығының тиісті әлеуметтік-экономикалық жүйесін, әділетті, ешкімнің де мүддесіне қысым жасамайтын жүйесін саналы түрде дамытуымыз керек.

О.Сүлейменовтың жоғарыдағы айтқандары қазір де өзінің маңызын жойған жоқ. Қазіргі Тәуелсіз Қазақ елінің жеткен жетістіктері мен шыққан биіктерінің негізі республикадағы 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың ынтымақ-бірлігінде, тату-тәтті тыныс-тіршілігінде жатқанын ешкім де теріске шығара алмаса керек. Туған ел дамуының болашағын асқан көрегендікпен болжай білуі тәнті етеді.

Олжас Сүлейменовтың қайбір публицистикалық шығармасын, сөйлеген сөзін алсақ та өз халқының идентификациялық сипатын есінен шығармайтынына анық көз жеткізуге болады. Біз жоғарыда келтірген үзінділерде оның қазақ халқының өсіп-өркендеуі, тұтас ұлт ретінде гүлденуі, «ұлттардың өзара жақындауы арқылы гүлденуі» ұранымен жүргізілген саясатта жатқанын, ұлттардың өзара ынтымақтастығының тиісті әлеуметтік-экономикалық жүйесін, әділетті, ешкімнің де мүддесіне қысым жасамайтын жүйесін саналы түрде дамыту қажеттігін баса айтқандығы айқын аңғарылады. Ол мұны кеңестік жүйенің тығырыққа тіреліп, құлдырыған шағында ашып айта білді. Тәуелсіз еліміздің қазіргі дамуы Олжастың кезінде тайсалмай айтқан ой-пікірлерінің дұрыстығын айқын дәлелдеп отыр...

Осынау кеңістіктегі әрбір түркі халқы түрлі түркі тілдес халықтарға жатқанымен де Әл-Фарабиді, Ахмет Ясауиді, Әлішер Навоиді, Махмуд Кашгариді өздеріне ортақ ұлылар санайды. О.Сүлейменовтың айтқандарынан оның ұлттық өзгешеліктеріне қарамастан жұмыр жер бетіндегі барлық ұлы жазушылар мен ойшылдарының гуманистік идеяларын бойларына терең сіңіре білген халықтарды өзіндік идентификациялық сипатқа ие деп есептейтінін бағамдауға болады. Ұлылардан бізге мұра болып қалған жалпыадамзаттық құндылықтар рухани өмірдің ажырамас бөлшегі бола отырып, кез-келген халық секілді қазақтарға да өзіндік ерекшеліктерін терең сезіне отырып, көп ұлтты әлемде өзінің орнын алуға мүмкіндік береді.

Ол бұл ойларының жиынтығын жоғарыдағы «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық» сұхбатында білдіреді.

«Сұхбатымыздың тақырыбына біз өзіңіздің жастық шағыңызда жазған өлеңіңіздің бір жолын қостық. Сол метафараға қандай мән берер едіңіз?» деген тілшінің сұрағына О.Сүлейменов былайша жауап береді:

«Жоғарыда келтірілген үзінді мәселенің өзегін дөп басатын емін-еркін ойлау ағынының жарқын көрінісі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде ол кез-келген өзекті мәселенің жекелеген фрагменттерін ғана көріп қоймайды, оның сан қырлы астарларына да ой жүгіртуде асқан қабілеттілік танытады». Ол ақын, әдебиетші, славист, түрколог, тарихшы болмысымен әлемге танылды, дегенмен де ол өз публицистік шығармаларында философ, саясаткер, дипломат ретінде де әйгілі болды. Міне бұл кездейсоқтық емес: ол ақыл-ой тұрғысында – философ, ал қызмет баспалдақтарында түрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда, басшылық орындарында болды, көптеген халықаралық форумдарда, кездесулерде, келіссөздерде елімізді әлемге танытумен келеді.

О.Сүлейменовтің тілі мен стилі бейнелі, өткір, қысқа да ықшамды келеді. Ол бір ғана сөйлем арқылы өзінің оппонентінің ұстанымына, шығармашылығы мен жеке басына баға бере алады. Осы орайда тағы да «Правда» газетінің тілшісіне берген сұхбаттағы тілшінің сөздері мен О.Сүлейменовтың ой-пайымына назар аударайық:

- Сіз ақынсыз, славистсіз, тюркологсыз, тарихшысыз... Байқауымша, қызметіңіздің тап осы салалары тағдырыңызды айқындап, әлеуметтік темпераментіңізді сипаттайтын болуы керек.

Сіз қырық жасыңызда «Аз и Я» кітабын жарыққа шығарып, оны жанрын «Тарихқа ақын көзімен қарағанда» деп белгілеңіз. Менің есімде, кітап мейілінше қатаң сынға ұшырады. Сіз ол сынға жауап ретінде, атап айтқанда, былай деп жазған едіңіз: «Кейбір оқушылардың «Аз и Я» кітабынан «ұлттық нигилизм идеяларының» көріністерін және сонымен қатар «ұлттық артықшылықты» да яғни біріне-бірі және өзімнің сеніміме де қарама-қарсы нәрселерді көруге тырысқандығы мені қатты қапаландырады».

- Бұл пікіріме қазір де қол қояр едім. 1975-1976 жылдары әлгіндей пайымдаулармен пікір айтып, мақалалар жазған ғалымдар – тарихшылар мен лингвистер, сондай-ақ «Молодая гвардия», «Москва», «Звезда» сияқты бірқатар журналдардың сыншылары кітапты атүсті оқығандығы көрінеді. Пушкиннің мынадай сөздерін еске алайық; сөздердің мағынасын түсіндіріп бере алсаңыз, сіз бүкіл дүниені адасудан жартылай құтқарған болар едіңіз. Сөздердің шығу тегі жөніндегі ғылым – этимология туралы бірде –бір

лингвсит бұдан дәл пікір айтып көрген емес. Қазір жылнамашылар жоғалтып алған тарихи деректердің негізгі қайнар көздері де, қоймалары да сөздіктер болып табылады. Ал тіл дегеніміз тарихи ұзақ сапарда әртүрлі этностардың өзара қарым-қатынасы туралы, біздің олармен кездесуіміз жөніндегі білімдердің объективті қоймасы. Мені әсіресе түркі-славян мәдениет әлемдерінің өзара қарым-қатынасы қатты қызықтырады.

«1001 сөз» деген кітабым сөздердің, жазба таңбалардың тағдыры туралы пайымдауларым болып табылады. Ол сөздер мен таңбалар бүгінгі мәдениетімізге, тұрмысымызға қандай жолдармен келіп жетті? Осынау зерттеу барысында көптеген стереотиптердің – саяси, философиялық қағидалардың генезисін де түсіндіре кетудің сәті түсер деп ойлаймын. Ұлттық сенімдердің себептері де айқындалады.

Қазір мен өзім жинастырған ғылыми материалдарды белгілі бір әдеби формада беру үстінде жұмыс істеудемін. Сөйтіп «1001 сөзді» тек мамандар ғана оқып қоймаса екен деймін».

О.Сүлейменов тілдің дамуына, сөздің этимологиясына үлкен мән береді. Осы тұрғыдан келгенде оның 1998 жылы Римнің (Италия) «San Paolo» баспасынан орыс тілінде 1000 данамен шыққан «Язык письма. Взгляд в доисторию – о происхождении письменности и языка малого человечество» кітабы әлемдік ғылымда ойып тұрып орын алған теңдессіз дүние болып табылады. [16]. Автор «Бұл кітап 70-жылдардың соңында шығуы тиіс болатын. Жиырма жылға кешігіп шығуына 1975 жылы «Аз и Я»-ның жарыққа келуі себеп болды» дей келе, екінші кітапты басуға бірде-бір баспаның келіспегенін, өлеңдерді шығаруға рұқсат берілмегенін айтады. Уақыт келгенде әйтеуір бір мүмкіндіктің туатынына үміт артқан зерттеуші-публицист сөздіктермен жұмысты жалғастыра береді. Осындай мүмкіндік туды.

«- Кезінде ғылыми, ол аз десеңіз, суреткерлік қоғамдастығын өзінің ақындық әрі пайғамбарлық «Аз и Я» туындысымен дүр сілкіндірген Олжас Сүлейменов тылсым шабытқа толы көп жылдық еңбегінің арқасында «Таңба тілі» атты кітабын дүниеге әкелді, - деп, тамсана жазды тәжік жазушысы Тимур Зұлфықаров. - ... Осынау бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген кітапты оқып-тамсанып отырғанымда менің есіме таяуда ғана айтылған біреудің қанатты сөзі келе берді. «XXI ғасыр филология мен гуманитарлық ғылымдар ғасыры болады, әйтпесе ол мүлде болмайды».

Сонымен, мінеки, алдымызда XXI ғасырдың кітабы.

...Олжас Сүлейменовтың кітабы адамзаттың тілі сияқты ұшан-теңіз, автор өзін ұлық эрудит әрі тіл білгірі ретінде көрсеткен, сонымен бірге елдер мен халықтарға ұшып барып қыдырыстаумен шектелмеген, жойылған мәдениеттердің қуарған арналарын да аралап, олардың бір қайнар көзден бастау алып аққанын көкірегінің көзімен болжай алған саяхатшы.

Алғашқы сөздер тамыр жайған бақшадағы көреген аңшы!

Осынау ойда жоқта аспаннан түскендей болған, академиялық және ақындық шабытпен суарылған Пирамида-Кітап біздің іргетасы шайқалса да, дымын шығармай, құрдымға құлдырап бара жатқан қоғамдастығымыздың заңды қызығушылығын оятады деп ойлаймын және отандық ой мен ғылымның қайта өрлеуіне жан бітірер, сірә.

Тәңірі біздің авторымызды Ұлы Құпияға осыншама жақындығы үшін кешірер ма екен?.. [17].

«Таңба тілі» кітабының кіріспесінде айтылғандай, бұл туынды «1001 сөз» этимологиялық сөздігіне әзірлік болып табылады. Мұнда сөзді талдау әдісі түсіндіріледі, оның дәстүрлі зерттеулерден айырмашылығы сөздің шығу төркінінің графикалық белгілер – ежелгі иероглифтермен генетикалық байланыста қарастырылуында жатыр. Ғылыми-көпшілік әдебиетке жататын аталмыш зерттеу еңбек қазақ этносының өзіндік ерекшеліктерін күллі әлемге танытты десек артық айтқандық болмас.

«Суреткер өмір шындығын терең сезіне отырып, құбылыстарды жалпылама, бейнелі түрде көреді, - дейді О.Сүлейменов. – Қоғамдық өмір теңеулерін оқи алады. Арал тағдырын алайық. Миллиондаған жылдар бойы пайда болып, өмір сүрген теңіз бірнеше ондаған жылдар ішінде-ақ құрып барады. Сөйтіп бұрынғы қалыптасқан «табиғат мәңгі жасайды», «халық мәңгі өмір сүреді» деген жаттанды пайымдаулардың жалғандығы анықталуда. Табиғат объектісінің тағдыры адамзат тағдырымен тікелей байланысты. Орасан зор категориялар жағдайында жазушыға адамдардың өмір сүру детальдары айқынырақ көрінуде [18].

Сондықтан да болар ақынның әдеби шығармашылықтың ерекше түрі ретіндегі публицистикаға жүгініп отыруы қазақ этносы өмірі мен тыныс-тіршілігіндегі өзекті мәселелеге жедел үн қосып отыруға мүмкіндік береді. «Журналистика оның шығармашылығындағы тұрақты фонға айналумен келеді, - дейді қазақстандық зерттеуші Е.И.Дудинова. – Бұл оның поэзиясынан, публицистикасынан, лингвистика және тілтаным жөніндегі ғылыми еңбектерінен айқын аңғарылады. Журналистика ғылыми

нәтижелерін апробациядан өткізудің, оның қоғамдық-саяси көзқарастарын жақтаушылардың шоғырын молайтып, қалың оқырмандарымен жүздесіп отыруды ұйымдастырудың құралына айналды. Олжас осындай жүздесу-сырласу әдісі ретінде публицистиканы таңдады» [19].

О.Сүлейменовты қазақ халқының тарихы ғана толғандырып қойған жоқ. Кеңестік қайта құру жылдарында Семей ядролық полигонын жабу жөніндегі қозғалыс жақтастарының жағында болып, оны басқарды. Осы орайда Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Олжас Сүлейменовтың 70 жылдығына арналған салтанатта оның омырауына «Отан» орденін тағып тұрып айтқан сөздері оралады: «Биыл біздің жаңа тарихымыздағы айшықты оқиғаға – Жер шарындағы ең бір қуатты ядролық полигонның – біздің халқымызға көп қасірет әкелген Семей ядролық полигонының жабылғанына 15 жыл толады. Біздің тұстастар, сіздер жастар да, оның қалай болғанын білесіздер. Мәскеулік орталықпен, Орталық Комитет басшылығымен және әскери өнеркәсіптік кешенмен қатал күресте жүзеге асты. Біз халықтың үніне құлақ асуға тиіс болдық. Бірақ, біз ештеңе істей алмадық, бәріне Мәскеу өктемдік етті. Осы кезде Олжас Омарұлы Сүлейменов басқарған «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы жұртшылықты көтеріп, қоғамдық пікір тудырды, сол полигонның үнін өшіру үшін халықтың атынан Орталыққа шын мәнінде айтарлықтай қысым жасады. Бұл маған зұлым полигонды жабу туралы Жарлық шығаруға көмектесті».

...Қайта құру жылдарында саяси аренаға шыққан қоғамдық қайраткерлердің ішінде Олжас Сүлейменовтің айырмашылығы оның үлкен саясатқа әйгілі есіммен келгендігі болды. Бұл есім 1976 жылы Үлкен Советтік Энциклопедияға енгізілген кезде онда кеңестік дәуірдің соңғы көшбасшысы болған Михаил Горбачев әлі жоқ болатын [20].

Олжас Сүлейменов Қазақ Елі Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап қоғамдық-саяси қызметпен белсене айналысты. Оның қаруы публицистикалық шығармашылық болды. Мәртебелі мінбелерде туған халқына, ел үкіметіне арнап айтқан жалынды сөздері, жазбалары публицистік леппен өріліп жататын. Оларда қазақ этносының тыныс-тіршілігі, жай-күйі, болашағы жөніндегі ой-толғамдар жан-жүректі тербейді.

«Экстенсивті мал шаруашылығы, - деп жазады О.Сүлейменов, - ұлттық өндірістік сала болатын, қазір де солай болып қала береді.. 1954 жылдан бастап Россия, Украина мен Беларуссиядан келген еріктілер Орталық және Солтүстік Қазақстандағы мал жайылымдарын жыртып тастады. Мал

шаруашылығы егіншілікке пайдалануға болмайтын жерлерге, шөл және жартылай шөлейт аймақтарға ығыстырылды. Осылайша негізінен тек қазақтар ғана мекен ететін ондаған экологиялық зардап шеккен, мәдени артта қалған аудандар пайда болды.

Қазір бір-біріміздің басымыздағы қатерді білуіміз орыстардың, украиндардың, ұйғырлардың және басқа да қазақстандықтардың өздерінің қазақ бауырларының қайғы-қасіретін жүректеріне жақын қабылдап, түсінуі маңызды. Сонда ғана жан жылуының жауап толқындары жүреді, қазақтар да ежелгі дәстүрлерімен өз бауырластарының қауіп-қатерін шын жүректері мен жандары ауырады. Осы аймақтардағы жағдайды қалпына келтіру мемлекет алдында тұрған басты міндеттердің бірі деп есептеймін» [21].

Олжас ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында алға қойған мақсат-мүдделерін жүзеге асыру жолында алғы шептен табыла білді, қызметінің негізіне азаматтық құқық пен тұлға бостандығының басымдықтары алынған «Қазақстанның Халық конгресі» партиясын құрды. Олжас өзінің ұстаған бағытының дұрыстығын дәлелдеу жолында күресе отырып, әрдайым ашық та адал қадамдарға бара білді. Дәл осы қасиеттері арқылы ол елімізде және әлемде аса зор беделге ие болды. Осыған орай оның аяғынан шалуға дайын тұрған қарсыластары, ол жөнінде жағымсыз сөз таратушылар өз елімізді былай қойғанда шетелдерде де аз болмаған. «Ол (О.Сүлейменов) Қазақстан халықтарының ұлттық бірлігін нығайтуға, Қазақстан мен басқа елдердің арасындағы достық пен ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосты, - деп жазды Президент Н.Назарбаев ол жөніндегі мақаласында. – Сондықтан да мен кейбір ұлтшыл-радикалдардың оның атына айтқан жазғыруларын қабылдамаймын...»

Елбасының осы мақаласындағы мына үзіндіні келтіре кетсек, артық болмас деп ойлаймыз: «Аз и Я» кітабы мен оған тыйым салу жөніндегі өкініштілік тұрғыдағы белгілі қаулы шыққаннан бері 30 жылдан астам уақыт өтті. Сондықтан мен үшін республикалық партия ұйымының бірінші хатшысы ретінде қызметке кіріскеннен кейінгі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің алғашқы шешімдерінің бірі іс жүзінде Олжас Сүлейменовтің есімі мен бүкіл творчествосын ақтау туралы қаулы болғанын қазір еске алу айырықша ғанибет.

Ал оның алдындағы хикаясы мынадай еді. Ол уақытта қазақ халқының аса ұлы перзенттері Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов ақталып қойған болатын. Маған ОК Бюросы қаулыларының бұрынғы жинақтарын әлденеге қайта парақтау қажет болды да, мен осы

мәселе жөніндегі қаулыға былайша айтқанда «тістей қатып қалдым». Содан ойға берілдім: неге біз Олжастың шығармашылығын бейне бір заңнаң тыс қалдырғандай боламыз? Егер біз ұмырлары қиылған адамдарға қатысты парызымызды атқарып, олардың шығармашылығын халыққа қызмет етуге қайтарып болса да әділдікті қалпына келтіре бастасақ , ұлы ақын ғана емес, сонымен бірге белгілі қайраткер болып үлгерген біздің замандасымызға қатысты қателікті түзетудің мезгілі тіпті жетті.

Дереу өзімнің идеологтарымды – бүгінде марқұм болған Өзбекәлі Жәнібековті, сондай-ақ Игорь Романовты шақырып, оларға ең қысқа мерзімде ОК Бюросы үшін қажетті құжаттарды әзірлеуді тапсырдым. Содан 1989 жылғы тамызда ОК-ның 1976 жылғы 17 маусымдағы бұрынғы шешімі жойылды. Бұған кедергі келтіруге тырысқан «сыбырлаушылар» болғанын жасырмаймын».

Әлемдік тұлғаға айналған Азаматтың жоғары адамгершілік қасиеттерінің жарқын көрінісі публицистика арқылы жарқырай көрінді. Айталық, ол «Ұлтшылдық жеңсе, ұлт ұтылады» («Когда побеждает национализм, проигрывает нация») деген тақырыппен «Аргументы и факты» газетінің тілшісіне берген сұхбатында былай дейді: «Ұлтшыл-радикалдарды ауыздықтау өте маңызды болды. Көпұлтты Қазақстанда оның бой көтеруі өте қауіпті еді. Дәл сондықтан да сол тұста біз «Ұлтшылдық жеңсе, ұлт ұтылады» деген ұран көтердік.

Алайда әртүрлі аймақтардан шыққан қазіргі шенеуніктердің санасында қазақ халқын жүзге бөліп, оларды жарға итеруге тырысушылық бар» [22].

«Қай тілде жазсам да қазақпын!» деп, жар салған Олжас ақын мынадай сөздеріне құлақ түрерлік: «Ертіс пен Орал аралығында қазақ тілінің ешқандайда айырмашылығы байқалмайды. Тіпті диалектілері де жоқ. Тіпті, ұлттық киімдері мен тамақтарында да өзгешелік аңғарылмайды» [23]. Ол осы сөздері арқылы қазақ халқының бөлінбестей біртұтас екендігін нақтылай түседі. Олардың арасындағы әртүрлі экономикалық, саяси және әлеуметтік факторларға байланысты болып жататын ішінара қарама-қайшылықтарды қоғамдағы жекелеген адамдар мен топтар өздерінің жүздік, рулық, тіпті аймақтық мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысады.

«Мен үшін бір жайт айқын – ұлт тек қана малшылар мен қызметкерлерден тұрмайды, - деп мойындайды ол. – Бұл, сөз жоқ этнос. Қазіргі ұлт – рулық-тайпалық құрылымның орнын басқан таптық құрылымы

дамыған халық. Ұлт – феодалдық, рулық-тайпалық сананың қалдықтарын ығыстырып шығарған ұлттық сана-сезімі бар халық.

Ұлт – айтарлықтай жаңа құбылыс... Өз бастарынан бастапқы капитализмді өткізген Ресей империясының кейбір халықтары ұлт ретінде қалыптасып үлгерді. Алайда, көбісі үлгере алмай қалды, Орта Азия мен Қазақстанда алғашқы қадамдарын жасай бастаған капитализм құрдымға кетті...

XX ғасырдағы әлемдік даму «ұлт», «демократия», «адам құқығы», «плюрализм», «құқықтық мемлекет» және «еркін қоғам» деген секілді маңызды түсініктердің тек дамыған капитализм жағдайында, меншіктің – жеке меншіктен мемлкеттік меншікке дейінгі барлық формаларын қуаттайтын, өзін-өзі реттеп отыратын нарықтық экономика жағдайында ғана толық жүзеге асатынын көрсетті.

...Сонымен, өтпелі кезеңде республикамызда қазақ және өзге де ұлттардың өрлеуі жөнінде емес, қалыптасуы мен дамуы тұрғысында сөз қозғай аламыз. Тіліміздің, адамгершілік дәстүріміздің, ұмытыла бастаған ұлттық қолөнерлеріміздің және шаруашылық әдістерімізді дамыту мен өркен жайдыру жөнінде бар дауыспен айтуға құқылымыз» [24].

О.Сүлейменов Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өз халқының өткені мен бүгініне және ертеңіне сергек көңілмен қарап, кесімді ойлар айтқан өр тұлғалы азаматымыз. Шетелдіктерге шикізат беруші елге айналудың қауіптілігі жөнінде сөз қозғай келе «Қазір Қазақстанда сыртқа шығаратын ешқандай да экспорт тауарлары жоқ. Сондықтан да біз қазіргі жағдайда Қазақстанның болашағына негіз қалау үшін өз байлығымызды сатуға мәжбүрміз. Біздің экономикамызға келетін инвестиция бұл өз кезегінде біздің өзіндік қорғанышымыз болып табылады» [25].

Кезінде Олжас Сүлейменовтің жоғарыдағыдай өткір ойлары халқымыздың арасында сан-алуан пікірлер туындатып, сан-саққа жүгіртті. Радикал-ұлтшылдардың өре түрегеліп, күсталауларына таптырмас сылтау болды. Отқа май құйғандай жалын сөздер аз айтылған жоқ. Елбасы Н.Назарбаевтың өз жазбасында «...Мен кейбір ұлтшыл-радикалдардың оның атына айтқан жазғыруларын қабылдамаймын» деген сөздерінің астары тереңде жатыр[26].

Осы орайда Олжас Сүлейменовтің өмірлік ұстанымы жарқырай көрінетін ел Тәуелсіздігінің бірінші жылында «Парасат» журналында жарық

көрген «Олжас не істеп жүр?» деген сұхбат-материалға назар салайық. Әңгімелескен Рүстем Жанғожа.

- ...Осы жылдың көктемінде «Комсомольская правда» Сіздің сұхбатыңызды жариялады. Сонда Сіз егемен ел болуға бет алған Қазақстан мәселелерімен қатар, деколонизация кезеңіндегі кейбір африкалық мемлекеттердің қайғылы әлемдік тәжірибелерінен мысал келтірдіңіз. Басып алушы (колонизатор) үкімет кетісімен-ақ азат халықтарға мол азап әкелген трайбализм – тайпааралық қырқыс күшейіп кеткендігін айттыңыз. Құлағы түрік республикамыздағы кей адамдар осы сөздеріңізге сүйене отырып, Сізді тәуелсіздіктің, егемен ел болудың қарсыласы деп есептей бастаған сияқты.

Мен сіздің айтылған сөзіңізге орай өз позицияңызды түсіндіре кеткеніңізді қалап отырмын, - деген сауалға Олжас Сүлейменов ағынан жарыла былай деп жауап қайтарады:

- Ия, бұл туралы білем. Ашығын айтсам, бұл адамдармен қажетсіз айтысқа түскім де келіп отырған жоқ, өйткені, қазір ұлттың бар күшін оны біріктіруге жұмсау қажет деп есептеймін. Әйтсе де, жауап берейін. Дүниетанымың менің шығармашылығым арқылы қалыптасқанын жаңа өзің айттың. Ендеше, өзің-ақ айта қойшы, өз халқын ұзақ та масқаралық ұйқыдан оянуға түсіріп, асқақ есімін, жоғалған абыройын қайтару үшін тізерлемей түрегелу қажеттігіне шақырған кім?

Ал трайбализмнің күшею мүмкіндігі туралы қаупіне келсек, ол сөзімнен қайтатын мен емес. Рас, отарлық езгіден бостан болысымен біз Орталықтың экспансиясына байланысты туған көптеген пробеламалардан құтыламыз. Бұл біздегі бар мәселе сонымен шешіле қалады деген сөз емес. Қайта ол көбейе түседі, бірақ өзіміз шешуге тиіс өзіміздің проблемаларымыз болады. Біздің ұлтымыз үшін ең қауіптісі – ру аралық, жүз аралық алакөздік. Одан бет бұрып, ұялғансып көзімізді жұмуға болмайды – бұл мәселені шешу керек. Мен бір-ақ жолды білем, ол да болса – ұлттық консолидация. Нағыз егемендік алу жолындағы біз жеңуге тиісті қиын мәселелерді шешу тұсындағы бірігуді айтамын. Біз халықаралық саяси аренаға өз ұлтымыздың атын көтеріп шығу дегеннің – өз ішіміздегі тәртіпті нығайтуға міндеттейтінін жақсы білуге тиіспіз.

Менің сынағыштарыма айтарым мынау: ұлт өмірінің қиын-қыстау шағында оларды байқамадық қой. Олардың көпшілігі ол кезде жоғарының бұйрығын «үлгілі» орындап, қызмет көпшіктерінде жайланып-ақ отырған болатын. Олардың еске алуды жаны сүймейтін ол бұйрықтарды еске түсіріп

бере аламын. Оның ішінде республика территориясын талан-таражға салу да, оның табиғатына қарсы қылмыс та, тарихи атауларды өзгерту де, ана тілдің тынысын тарылту да, ұлттық мәдениет пен абыройды масқаралау да бар еді.

Менің сыншыларымның жадтарын тот басып қалғанға ұқсайды. Есесіне менің жадым жақсы, ұмытшақ емеспін, тіпті олардың кейбірінің жақын арадағы өмірбаяндарының кей сәттерін есіне түсіріп бере аламын. Бірақ, мен үшін ұлттық бірігу жолы маңызды. Ал кеше кім не үшін кінәлі болғандығы жайлы бітпес дау бірлікке тек залал келтіреді [27].

Демократиялық жолмен өсіп-өркендеудің жақтасы Олжас Сүлейменов өзінің берік ұстанымынан айныған емес. Тіпті, ол тоқсаныншы жылдардың басында «ҚХК партиясы Төрағасының баяндамасында биік мінберде тұрып, былай деген болатын: «Толық, босаңсыған демократия – бай елдердің үлесінде. Кедейлердің үлесі – қатаң, дозаланған, мемлекеттік демократия. Басқалай жағдайда – бұлдыр, бәріне де ерікті және фашистік диктатура. Бұған 30-жылдардағы Германияның, 90-жылдардағы Россияның тәжірибесі куә.

Фашист сөзінің төркіні «фасисит» - бәріне де ерік берілген адам деген сөз. Бұл мәдениеттен тыс адам. Мәдениет рұқсат пен тыйым жүйесі. Тек рұқсат беру емес. Бұл жүйені адамзат қоғамы мыңдаған жылдар бойы қалыптастырды және ол демократияның негізі болады. Адамды қоғамда масқаралап, қапаландыруға болмайды, табиғи қажеттілікке адамдармен қанағаттану керек» [28].

Олжас «Иртыш» газеті тілшісімен әңгімелесу барысында оның сауалдарына жауап бере отырып, өзінің толғаныстарын ортаға салады: «Уақыт басқа еді. Қазір ақиқат-шындық өз құқығындағыны түсінуге бағыт алуда, бәрі де табандылыққа байланысты болып отыр. Қазір мені кейбіреулердің тұрақсыз дейтінін білемін. Бір өкіметте былай, екіншісінде былай дегендей. Ешқашан да олай болмаған. Мен әрдайым, тіпті кейде адымымды шалыс бассам да шыншыл болуға тырыстым. Басқалай болуы көргенсіздікке жатар еді: өзіңнің зиянды істеріңді естен шығарып, оларды тамаша еді деу... Мен 1962 жылдан бергі публицистикамды кітап етіп шығарсам деймін. Әр кездері әртүрлі газеттер мен журналдарда жарияланған мақалаларымды жинастырсам. Не үшін? Тіпті, сол кездердің өзінде қазіргі кейбір қайта құрушылардан да өткір де батыл жазғанымызға көпшіліктің көзін жеткізу үшін. Қазіргі рұқсат етілген батылдық пайдалырақ болып тұр, бұл бұрын бізге ауыр тиді... жариялылықтың келуі бастапқы кездері маған соншалықты ауыр тиді: маған екі жыл бойы Қазақстанның бірде-бір газетінде

жариялануға мүмкіндік болмады. Жариялылықтың бетондалған қабырғасын жанкештілікпен бұзуыма тура келді...» [29].

Олжас Сүлейменовтің публицистикасы, тұтас әдеби шығармашылығы жөнінде шалқар шабытпен көп жазуға болады, әр кезде ол жаңа қырымен ашыла түседі. Оның қандай бір дүниесі болмасын оқырманның жан-жүрегін жаулап алып, терең ойға батырады, бірге тебіреніп, толғанасың. Олжастың қазақ этносының өткені, бүгіні және болашағы жөніндегі материалдарын оқи отырып, өз халқыңның ұлы қасиеттеріне бас иесің, ұлтыңды өресі биік тұрғыда идентификацияландырасың, шексіз мақтан етіп, ұлы Даланың қадір-қасиетіне тағзым етесің. Оның әлем мойындаған ұлттың ұлы ақыны, ғалым-зерттеуші ретіндегі ең ұлы қызметі сол, ол өз шығармашылығымен қазақтарды қазіргі әлемдік қауымдастыққа түсінікті етіп, жақындастыра түсті.

Оның есімі Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтысарин, Абай Құнанбаев, Мұқтар Әуезов және тағы да басқа қазақ ойшылдары мен ақын-жазушыларымен қатар тұр десек, қателесе қоймаспыз. Иә, ол орыс тілінде жазады. Шынайы сөз зергері өзінің туған халқының арасынан шықты, бір күннің астында саф ауамен тыныс алып келеді, өз ұлтының тарихын, психологиясын, ой-арманын, қайғы-қасіретін... тереңнен толғайды. Оның шығармаларының өзегі Дала перзенттерінің жан-жүрегі, олардың түп-тамыры, олардың күш-қуаты.

Әлемдік әдебиет пен ғылымға тосын құбылыс ретінде енген Олжас Сүлейменов шығармашылығы жете зерттеліп болған жоқ. Заманымыздың қайсар ұлы өзінің отты өлең-жырларынан бөлек ауқымды зерттеу кітаптарында түркі дүниесінің әлемдік мәдениетке жасаған ықпалын, адамзат өркениетіндегі мәдениеттер сабақтастығын тарихи лингвистика арқылы айқын дәлелдеп келеді. Сонау 1975 жылы жарық көрген «Аз и Я» кітабы зерттеу еңбектерінің көш басында тұр. Түркі және славян халықтарының ежелгі жазба ескерткіштеріне арналып, көне замандағы ұлт пен ұлыстардың тілі, әдет-ғұрпы сөз болған кітап ақын туындыларының ішіндегі шоқтығы биік еңбек десек те болады. 1998 жылы жарыққа шыққан «Таңба тілі» кітабы майя тілі мен қытай тілі арасындағы байланысты зерттесе, «Тарихқа дейінгі түркілер» кітабында славян және түркі тілдерінің өзара байланысы қарастырылған [30].

Олжас шығармашылығы халқымыздың қуанышы мен қайғы-қасіретінің компасы іспеттес. Оның тұлғалық кеңістігінің ауқымы шырқау көкпен астасып жатыр. Олжас Сүлейменовтің тау тұлғасы Мұстай Карим, Расул

Гамзатов, Шыңғыс Айтматов, Субхадж Мукерджи, Эдуард Межелайтис, Булат Окуджава, Ахмад Фаиз, Фазиль Искандер, Борис Пастернак, Владимир Высоцкий, Андрей Вознесенский, Евгений Евтушенко, Гауфур Гулям және тағы басқа заманымыздың белгілі ақын-жазушылары мен ғалымдарының сапынан берік орын алды. Осынау «ұлылар шоғырында» Олжас қайталанбас асқақ үнімен әрдайым ерекшеленіп тұрады. Павел Косенко «Ұлы Мұхтар Әуезов жас ақынның есімін сол кездің өзінде –ақ елге кеңінен танымал сөз суреткерлерінің қатарына кездейсоқтықтан қойған жоқ» десе, Сорбонна профессоры, ақын-аудармашы Леон Робел «Мәдени туыстықпен халықтардың бір-бірін байыту идеясы Олжасқа бұрыннан жақын, ұлы Олжас ғұлама тарихқа сансыз таңбалардың өзгеруі мен қоныс аударуының үлкен кітабы тұрғысында қарады» деп жазды. Ал, ақын, досы Андрей Вознесенский «Біз тіріміз, Олжас! Біз мәңгілік аттан түспейміз!» деп жар салды [31].

Халқымыздың дауылпаз ақыны, ойшыл-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Омарұлы Сүлейменовтің тұлғалық кеңістігін толық түсіне қою қиын. Дегенмен оның қазақ халқының тарихында өз жазбаларымен мәңгілік орын алатын айтулы тұлға екендігіне ешкім де дау айта алмайды. Осы тұрғыдан келгенде жастарды қазақстандық патриотизм мен толеранттық этникаралық рухта тәрбиелеуде Олжас өнегесінің алар орны ерекше. Сондықтан да болар соңғы жылдары осынау маңызы аса зор игі шараның қолға алына бастауы қуантады. Айталық, өткен жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетінде «Олжас Сүлейменов тұлғасының үлгісі арқылы жастарды тәрбиелеу моделі» атты студенттік ұйымдардың республикалық Жастар форумы өтті [32].

Олжасқа арналған шаралар жалғасын табуда. Заманымыздың заңғар ақыны, көрнекті ғалым-дипломанттың қатысуымен Ұлттық кітапхананың үлкен залында «Олжас кітапханасы» Баспа үйі шығарған «Қазақ әдебиетінің классиктері, қазақ прозасының және поэзиясының шеберлері» атты кітап сериясының таныстырылымы өтті. Олжас Омарұлы құрған «Олжас кітапханасы»Баспа үйінің қызметі әлем әдебиетінің, соның ішінде, қазақ әдебиетінің ең озық шығармаларын қазақ және орыс тілінде шығаруға бағытталған. Бүгінгі әлемдік қоғамның адамгершілік және рухани дамуына үлесін қоспақ.

Түркі тілдес халықтар әдебиеті тарихында, әлем әдебиетінде Олжас Сүлейменовтің заңғар биігі мойындалып келеді. Кезінде Олжастың отты үні Мәскеудің, Париждің, Римнің, Нью-Йоирктің, Шығыс елдерінің залдарын

тікесінен тік тұрғызды. Планетарлық сана Адамына айналған, жан-жүрегі қазақ болып қала беретін Олжаспен мақтануымыз керек [33].

«Олжас есігінің өмірі ашық болатынын көзім көрді, - деп толғана жазады шығыстанушы ғалым, ақын Ө.Күмісбаев. – Олжасқа адамдар әр тұстан, әр жақтан ағылып келіп жататын. Олжастың есігі жабылмайтын, жабылып та көрген жоқ. Ол ешкімді ұлтқа, ұлысқа, нәсілге бөлмейді. Ол ең алдымен қазақтың ұлы Азаматы. Жүрегі, жаны, жыры қазақ. Жасай бер, Олжас!» [34].

Мұндай жүрекжарды сөзге қосыла қол соғасың!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
2. Нұрсұлтан Назарбаев: Менің досым Олжас туралы сөз // Егемен Қазақстан. 2006. 17 мамыр.
3. Олжас Сүлейменов. Аргамаки. Стихи. – Семей, 2001. – С.9.
4. Булеков С. Знатные и деловые люди Казахстана: историко-позновательный и энциклопедический справочник. – Алматы: «Зерде», 2003. – С. 432.
5. Балқыбек Ә. Түріктің текті ақыны // Да Қазақстан. Халықаралық мәдени-интеллектуалды журнал. 2011. № . – 69 бет.
6. Егеубай А. Ғарыш поэзиясы // Егемен Қазақстан. 2006. 17 мамыр.
7. Сүлейменов О. Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. – Алматы, 1975. – С. 8.
8. Сүлейменов О. Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. – Алматы, 1975. – С. 8-9.
9. Ақынжанов М. Батыл да байымды ойлар. Тарихшы ақын зерттеуі туралы // Қазақ әдебиеті. 1975. 26 қыркүйек.
10. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе) (Ауд. С.Әбдірайымұлы). – Алматы: «Санат», 1994. – 398-400 беттер.
11. Капаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-х – 1991 гг.) – Алматы: Атамұра, 2004. – С.82.

12. Сүлейменов О. Эссе, публицистика. Стихи, поэмы. Аз и Я – Алматы: Жалын, 1989. – С.7-13.
13. Сүлейменов О. Собрание сочинений в 7 томах. Т. VI. С.64
14. Сүлейменов О. Собрание сочинений в 7 томах. Публицистика. – С.299.
15. Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық. О.Сүлейменовтің «Правда» газетінің тілшісі Г.Дильдяевке берген сұхбаты // Правда. 1989. 27 января. (Қазақ әдебиеті. 1989. 3 ақпан).
16. Сүлейменов О. Язык письма. Взгляд в доистрию – о присхождении письменности и языка малого человечества. – Рим: «San Paolo», 1998. – 497 с.
17. Зұлпықаров Т. Олжастың пирамида-кітабы // Жалын. 2004. №1. – 3-4 беттер.
18. Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық. О.Сүлейменовтің «Правда» газетінің тілшісі Г.Дильдяевке берген сұхбаты // Правда. 1989. 27 январь. (Қазақ әдебиеті. 1989. 3 ақпан).
19. Дудинова Е.И. Публицистика Олжаса Сулейменова. Автореф. дисс. на соискание ученой степени канд.филол.наук. Алматы. 1999.–С. 14.
20. Есали А. Елбасы ақынды асқақтатты // Егемен Қазақстан. 2006. 12 мамыр.
21. Сүлейменов О. Собрание сочинений в 7 томах. Т. VI. Публицистика. – С. 378.
22. //Аргументы и факты. 1993. 26 июня.
23. Есали А. Олжас Сүлейменов: Қай тілде жазсам да қазақпын! // Егемен Қазақстан. 2006. 20 мамыр.
24. // Аргументы и факты. 1993. 26 июня.
25. // Вечерний Алматы. 1992. 6 июня.
26. // Аргументы и факты. 1993. 26 июня.
27. Олжас не істеп жүр? Әңгімелескен Рүстем Жанғожа // Парасат. 1992. №11 (413).
28. Сүлейменов О. Собрание сочинений в 7 томах. Т. VI. Публицистика. – С. 457.
29. // Иртыш. 1989. 5 апреля.
30. Әнуарбек Ә. Арынды ақынмен кездесу // Түркістан. 2012. 24 мамыр.
31. Түркі дүниесінің классиктері. Олжас Сүлейменов // Жалын. 2004. №1.
32. Сәдірқызы Г. Жастардың жалауы – Олжас // Егемен Қазақстан. 2012. 19 мамыр.

33. Махин В. Главная книга – впереди! // Казахстанская правда. 2006. 12 мая; Малахова О. Без вас нет революции в душе // Казахстанская правда. 2006. 23 мая; идр.
34. Күмісбаев О. Ірілік // Егемен Қазақстан. 2006. 20 мамыр.

IV ТАРАУ

МАРАТ ҚАБАНБАЙДЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ақиқат жолындағы күрес жайында ашық жазу міндеті айқындалып, республиканың кейбір басылымдары біршама өзгерістерге ұшырай бастады. Осы орайда “Парасат” журналының 1989-1991 жылдардағы бас редакторы, публицист Бексұлтан Нұржекеұлы былайша еске алады: “Бас сарашы қызметіне мен 1989 жылдың қарашасында тағайындалдым. Камал ағамыз (Камал Смайыловты айтып отыр.-С.С.) “Мәдениет және тұрмысты” “Парасатқа” өзгертіп, 1990 жылдың 1-санын өндіріске жіберіп қойған екен.

Халық тарихын, тарих шындығын ел-жұртқа жаңаша таныту қажеттігі күн тәртібінде тұрды… “Жазушы – жариялылық жаршысы” деген айдармен ақын-жазушыларды көкейтесті мәселелерді сөз етуге тарттық… Қысқасы, ел санасын парасат деңгейіне көтеру үшін не қадет десек, соның бәріне қозғау салуға тырыстық.

Қаншалықты биік мақсат алдыңа қойсаң да, оны адамсыз, атқарушы мамансыз, әрине, шеше алмайсың. Сондықтан кадр мәселесін дұрыстау қажет болды…

Сол тұста жұрт кәсіби жорналшылардың жазғанынан гөрі ақын-жазушылардың көкейінде көптен айтылмай келген ащы шындыққа айрықша құмар болды. Соны ескеріп, біз жазушылармен, ғалымдармен тығыз байланыс жасауға тырыстық. Жазушылар Марат Қабанбаев пен Кәкен Хамзинді сол жұмыстарды атқаруға жектік” [1].

Осылайша тоқсаныншы жылдардың басында балалар жазушысы, Халықаралық Х.К.Андерсен атындағы Құрмет грамотасының жүлдегері, Қазақстан Жазушылар одағының М.Әуезов атындағы сыйлығының лауреаты, көркем сөз шебері Марат Қабанбаевтың публицист ретіндегі қызметі басталды.

Марат 70-80 жылдары әр жылдарда балалар мен жасөспірімдерге арналған таңдаулы шығармалардың республикалық конкурсында жеңімпаз атанып, жүлделі орындарға ие болып жүрген, болашағынан үлкен үміт күттірген таланттардың бірі болды. Бұл жөнінде белгілі жазушы Ахат Жақсыбаев “Жұлдыз” журналының жауапты хатшысы Серікқали Хасанға

берген сұхбатында былайша еске алады: “Ана бір жылдары “Жалын” баспасының жанында балалар мен жасөспірімдер тақырыбына жазылған көркем шығармаларға бәйге жарияланып жүрді. Мен 10 жылдай сол силықты беру жөніндегі жюридің мүшесі болдым. Сондағы жеңімпаз болғандардың көбісі кейін әдебиетке қосылды. Мәселен, кейін белгілі жазушылар санатына қосылған Тынымбай Нұрмағамбетов, Марат Қабанбаев, Қадырбек Сегізбаев та – сол кездегі бәйге жеңімпаздары еді” [2].

1948 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданындағы Қараүңгір ауылында дүниеге келген Марат орта мектепті бітіргеннен кейін құрылыста, аудандық газетте жұмыс істеген. Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. “Лениншіл жас” газетінде, “Жалын” баспасында, Қазақ КСР-і Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетте, “Жұлдыз” журналында қызмет еткен.

“Арыстан, мен, виоленчель және қасапхана” атты повестер жинағы орыс, неміс, украин, молдаван, латыш тілдерінде жарық көрген. “Бақ-бақ басы толған күн” повесі бойынша “12 жасқа толғанда” атты толық метражды телефильм түсірілді.

Шығармалары: Бақ-бақ басы толған күн. повесть. - А., “Жалын”, 1975; Арыстан, мен, виоленчель және қасапхана. Повесть, әңгімелер – А., “Жалын”, 1997; Кермек дәм. Роман – А., “Жалын”, 1979; Арыстан, Я и виолончель. Повести – М., Дет. лит., 1980; Жиһангез Тити. Повесть, әңгімелер – А., “Жалын”, 1984; Қала және қызбала. Повесть, әңгімелер. – А., “Жалын”, 1984; Четыре времена родной земли. – А., “Жалын”, 1886; Сурет салғым келмейді: Повестер мен әңгімелер: Орта мектеп оқушыларына арналған. – Алматы: “Балауса”, 1994 [3].

Бұл шығармалардың барлығы да балалар өмірінен алып жазылған. Балаларды жан жүрегімен сүйе білген жазушы кішкентай замандастарының тыныс тіршілігін қанық бояулармен суреттей білді.

Тоқсаныншы жылдардың басында қазақ қаламгерлерінің дені қоғам дүмпуінен бойды да, асыл ойды да аулақ салып, марғаулық таныта бастаған өліара шақта Марат асау публицистиканың жалына жармасты. Сол тұста дертті қоғамның өзекті мәселелеріне байыппен ой жүгірткен жазушы-публицист өз пайымдарын бүкпесіз ортаға жайып салды. “Қазіргі қазақтың қара сөзі, негізінен жылнама ғана, - деп жазды ол. – Онда да көбі саусақтан сорып, ойдан қосқан өтірік жылнама. Мұндай әдебиетті әлемнің ұлы жарысына қоса аламыз ба? .. Қазан көтерілісінен бері көзіне көк шыбын

үймелеген қазақтың қара сөзінің көтерем атын мына алмағайып заманда ортада қалдырып кетсек – ұят. Өйткенше, намыстан жарылып өлгеніміз жақсы. Келер ұрпақ жазушының басына қойылған құлпытасты емес, көзі тірі кезінде жазып кеткен шығармаларын оқығысы келеді.

…Біз әзірге құжат жүзінде тәуелсізбіз, ал нағыз рухани тәуелсіздіктің ауылы әлі алыс. Рухани тәуелсіздік ел бостандығының ең басты белгісі. Екі қазақтың біреуі өз ана тілін білмесе, ол неткен жарым жанды, жарты санды тәуелсіздік? Желбіреген жалауы мен “Ана тілі – арым мен барым!” деп жазып алған әдебиет пен өнерімізді бүгін жетімсіретіп, босағамыздан бүйтіп сығалатып қойсақ, оның обал-сауабы ел басшысынан бастап, бәріміздің мойнымызда” [4].

Жалынды публицист ретінде көріне бастаған М.Қабанбаев алғашқы көсемсөздерімен-ақ өзі қадап тұрып айтқандай “Әділет пен шындық іздеген жазушының зары да айтылатынын” айқын дәлелдеді. Оның елді елең еткізген публицистикалық дүниелері ай сайын шығатын қоғамдық-саяси әдеби-көркем және суретті “Парасат” журналының 1992 жылғы сандарында көріне бастады. Тақырып жағынан алуан түрлі болып келетін осы материалдардың қай-қайсысында болмасын ғасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздікке енді ғана қадам басқан егемен еліміздің ілгері дамуына кесе-көлденең тұрған өзекті мәселелер батыл түрде көтеріліп жатты. Оның ұлт мүддесі, ұлттық рух тұрғысындағы публицистикалық мақалалары өзінің уыттылығымен, өткірлігімен кезінде қазақ қоғамын дүр сілкіндіріп, қалың оқырманның ықылас-қошаметіне бөленді.

Соңғы он жылдықтарда қоғамға дерт болып жабысып келе жатқан жоғары оқу орындарындағы тамыр-таныстық арқылы пара алып, бала оқыту, сөйтіп іске жарамсыз дүмбілез мамандардың қаптап бара жатқаны, т.б. екенін екінің бірі іштей білетін. Қай елде болмасын игілік, дәулет, байлықты негізінен білікті ғылыми-техникалық кадрлар жасайды, яғни білекті бірді, білімді мыңды жығады. Республика Президентінің кезінде тәуелсіздіктің алғашқы жылында-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі сарапшылар мен экономистерді өз маңайына шоғырландыруы тегін емес. Бұл әлем экономикасына үңіле ой ойлап, болашақты болжап беретін білгірлердің республикада жоқтығынан туған әрекет еді. Сол жылдары саңылауы бар деген жастарды Президенттің “Болашақ” бағдарламасымен шетелге оқуға топ-тобымен аттандырудың өзі тал қармаған тірліктің қамы болатын. Ұлт, мемлекет, шекара, ру, жүз дегенді білмейтін нарық заңдылықтарының

ережесі әмәнда біреу ғана: қайда пайда көзі болса, сауда сонда. Өзің білмейді екенсің, ендеше білетінге жол бер.

“Сауда мен есепке о бастан ебі жоқ қазекем “сарт, сарт садағам” деп мұрнын шүйіріп жүргенде, қырда қой көйлеуден, ойда трактор дырылдатудан аса алмай, замана көшінетін адасып қалмаса игі!, - дейді публицист күйіне. – Күні ертең жат жердің бір алпауыты қақ төріңді ойып отырып, завод не комбинатыңды түп-орнымен сатып алады да есігінен сығалатпайды, өйткені, нарық заңы солай, бәсеке әмәнда сауда жағында.

Біз неге өшіміз қалғандай кадр, диплом мәселесіне қайта-қайта шүйліге бердік? Оның батпандай себебі бар. Сапасыз кадр мен құнсыз дипломдардың қайнар көзі бар, ол кәдімгі блат, яғни жоғары оқу орнына түсу үшін мұғалімге пара беру, блат (арғы түбі – “платить”) сөздігімізге кейін кірген неологизм. Кавказ, Орта Азиядан басталған бұл ауру өрши келе, асқына келе, міне, бізге де жетіп, іштей ірітіп, кеулеп жеп барады”.

Публицист бұдан әрі өзі өшіге сөз етіп отырған блаттың түп-төркініне, айналу механизміне талдау жасайды. Өмір жолын блатпен бастаған ұл-қыздың ғұмыр бойы сол блатты пір тұтып, соған табынып, өле-өлгенше маңайын былғап, шірітіп өтетініне, сол блат баланың: “Е, тиын-тебеннің жеңбейтіні, табанға салмайтыны жоқ екен, ақшаң болса қалтаңда, талтаңда да талтаңда”, - дейтін арамтамақ, асқақ түсінікке ұрынатынына, ал, қалтасы жұқа “кедей баласы”: “Бұл өмірде өліп кетсең де әділет жоқ”, - деп түңіліп кететінін жеріне жеткізіп айтады. Автордың пайымдауына зер салар болсақ, дәл осыдан келіп апат пен брактен көз ашпайтын еріншек инженер, не диагноз қоя алмайтын, не укол сала алмайтын дүмбілез дәрігер, шала веттехник, шала зоотехник қаптап шығып жатады, бұл дегеніңіз енді тұтас ұлтты рухани мүгедектікке ұрындырады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында нарық қыспағына ұшыраған халқымыздың абдырап, ел алдынан “Енді қалай күн көреміз?” деген ащы сауалдың кес-кестегенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Сол кезде қазақ басылымдарында осындай сұраққа жауап іздеген материалдар жоқтың қасы еді. Тұтас елді нарықтың қатаң заңы күйзеліп, базарларда қымбатшылықтың тасқыны қаулап бара жатқан жағдай публицисті бей-жай қалдырмады. Ол Алматының іргесіндегі “Райымбек” кеңшарында іс сапарда болып, жергілікті халықтың тыныс-тіршілігін өз көзімен көріп қайтты. Ауыл шаруаларының күнделікті күйбеңін ой елегінен өткізген оның қаламынан “Сауда жасай алмасаң, саудаң бітеді, халқым!” деген материал туды [5].

Публицисті қаланың дәл іргесіне қоныс тепкен қазақтардың шаруаға қырсыздықтары, саудаға икемсіздіктері, қолда барды ұқсата алмауы, тұрмыс жағдайларының нашарлығы, қатар қонған ұйғыр, дүнген, кәріс, т.б. ұлттар сияқты өз беттерінше алға ұмтылып, қам-қарекет жасамайтындықтары ашындырады. Автор мысалды алыстан емес, өз төңірегінен, нарық күйіп тұрған базарлардан іздейді. Қазекемнің хош иісі бұрқырап, бал татығын қымызын аңсайды. Осындай аңсау көңілмен жүріп, шаруашылықтың мамандары мен тұрғындарын әңгімеге тартады. Ақыр соңында публицист мынадай түйінге келеді: “Айналдырған аз жетпіс жыл ішінде аттан сыпырылып түсіп, өмірі көрмеген, білмеген кәсіпті меңгеріп, темірдей тегеурінді система қамытына мойын сұққан қайран қазекемде не кінә, не айып? Жұпар иісі аңқыған қымызын ащы араққа, тұлпарын темір тракторға, ен жайлауын шөлге айырбастап алып, есі шығып кеткен ел көкөністі қайтсін! Алайда өмір олай екен деп қарап тұрмайды, өмір базар нарқын мойнымызға іліп қойды, өмір өтіп барады, өмір “өз байлығыңды өзің игере алмасаң, өзгеге тартып әперемін” деп босағаңды сабап, зікір салып отыр. Ұлы Наполеонның өзі өлерінде айтып кетіпті: “Бұл дүниені алға жылжытатын соғыс та, қолбасшылар да емес, әйел халқы мен сауда” деп. Ендеше сауда жасай алмасаң, шынымен саудаң бітеді, халқым! Бүгін біз барымызды базарға түсіре алмасақ, күні ертең тәуелсіздіктің өзінен көзбе-көз айрылып қалуымыз мүмкін”.

Публицист-жазушы М.Қабанбаев қоршаған орта, тіршілік, ұлт тағдыры, адамдар бойындағы қасиеттер, т.б. төңірегіндегі ой-толғамдарын ақ қағаз бетіне түсіріп жүрген. Оның “Парасат” журналының тұтас екі бетінде жарық көрген дүниесі “Марат Қабанбаев: Ұлып жұртқа қайтқан ой” деп аталады [6]. Осы орайда публицистің ешкімді де бей-жай қалдырмайтын мірдің оғындай философиялық ойларының біршамасын сол күйінде келтіруді жөн санаймыз:

* Қазекем ауруханаға өлу үшін ғана барады.

* Ұлылар тек туады, ал оның өмірбаянын басқалар жасап, жазып береді.

* Біз әлі қалыптасып бітпеген ұлтпыз. Оның ең басты белгісі – ру, жүзге бөліну… Мұны Европа орта ғасырда бастан кешкен. Қазіргі француздар, мәселен, кезінде гаскон, саяояр, нормани, лотарингия, эльзастық, т.т. болып бөлінген. Екінші белгіміз – не болса соған еліктегіштігіміз. Адам өзінде жоқ қасиетке еліктейді.

* Ең үлкен мықтылық – жеңілгеніңді мойындау және одан қорытынды шығара білу керек.

* Біз деген елең-алаңда шырт ұйқымыздан шошып оянып, таңсәріде жоқ көлеңкемізді іздеп, зыр жүгіріп жүрген ұлтпыз ғой.

* Үлкен-кіші шенеуніктер бізді неге құл еткісі келіп, құлшынып тұрады? Өйткені олардың өздері құл ғой. “Жалғыз біз ғана құл емес екенбіз”, - деген ой оларды сұмдық рахат сезімге бөлейді.

* Қазан төңкерісінен кейінгі тарихымыз тексіздікті іздеу тарихы ма?

* Баян сұлу апамыз, әгерәки, Қозы өлмей, сол кісіге күйеуге шықса, бес-алты жыл ғана тату-тәтті өмір сүріп, түптің түбінде Қодарға қашып кететін секілді көрінеді де тұрады. Қозы мен Баян сол заманда қосыла қалса, олардың хикаясын білмей де қалар едік.

* Тас-талқаны шығып жыртылған Сарыарқа, құрғап бара жатқан Арал, Балқаш, жер бетінің жылып бара жатқаны бар (парниктік эффект), қазақ жері түптің түбінде Намибия секілді шөл далаға айналатын шығар. Бізді ел ретінде құтқарып қалатын да осы: шөл дала қазақтан басқа кімге керек?

* Халтура жазушының жан дүниесіне шыбын болып кіреді де, соңыра піл болып шықпайды.

* “Талантпын” деп кеуде соғу, оны және жан сала насихаттау төбеттің өзін төбет екенін дәлелдеу үшін ұлып тұрып үргені секілді бірдеңе.

* Маған кейде ұлы суретші, жазушы, композиторлар бүкіл ғұмыр бойында: “Қалайда мейлінше азап көріп, ит жеме болып өлетін өлке қай жерде?” – деп қиналып, соны ұжмақтай етіп көріп іздеп, қаңғып өтетін дәруіштер сияқты елестейді.

* Қазақтан сөз құтылмаған, жер бетіндегі барлық құбылысқа баяғыда-ақ бағасын беріп, әркімнің не істеу керек екеніне дейін айтып кеткен. Әттең, сол өз айтқанын өзі істемейді.

* Саясаткерлер қателеседі, ал зардабын қара халық шегеді.

* Ешкім ешкімге керек емес, ешкімді ешкім іздемейтін бұл неткен қатал қоғам?!

* Қазақ креслоға, орыс балтасына табынады.

* Үш жарым ғасыр бойы Ресей империясы қазақты қара жерге салып қойып, кергілеп бақты. Біз оны махаббаттан болған секс акт дедік. Және де

сол үшін орыс ағайынға үнемі рахмет айтып, құлшылық жасап келдік. Өзін зорлап қорлағаны үшін де рахмет айтқан халықты алғаш көруім…

* Біздің ұлт төртаяқтап еңбектеп, жол қараған сәби секілді.

* Бізге: “сәл-пәл, сәл сабыр, көкесі”, - деген сөзге жүгіну сұмдық жетіспейді.

* Бұл дүниеде жығылмай-сүрінбей тік түрегеп жүретін жігітті емес, он жығылып, жүз сүрініп, содан тік түрегеп, бойын түзеп кеткен жігітті мақта!

* Төңірек толы –* Кеше ғана азаматтық алған құл мен қатыннан, көбік патриоттан бүгін сақтан.

* Екі дүниеде алдымен адамзатты, қалды, ұлтты жарылқап жүрмін деген пендеден аулақ бол. Бұл ойдың оларға қанат бітіретіні сондай, олар өзіне де, өзгеге де маза бермейді және кімді болсын құрбандыққа шалып жібереді. Ең дұрысы, оларды жөні келсе жындыханаға жіберіп, емдетіп алу керек.

* Жандайшаптар армиясы жағымпазданатын объект таппаса, басына қан құйылып өліп кете жаздайды; дереу оны қолма-қол “тәрбиелеп”, өсіріп шығарады – оларға күнкөріс керек. Сондықтан да креслоға қолы жеткен кез келгеніміз, әлгілер керек деп тапса, күні ертең өзіміз де байқамай бюрократқа айналуымыз оп-оңай.

күшену…

Жалпы, публицист үшін қызықсыз тақырып жоқ. Қандай бір тақырып-мәселенің болмасын өз драмасы, өзіндік коми-трагедиясы бар. Оның түпкі мән-мағынасына байыппен ой жүгіртіп, зерттеу, жан-жүрегіңнің отына орап, жалындата жазу керек. Бұл дегеніңіз енді өзін пудлицист санайтын кез-келгеннің қолынан келе бермейтін шаруа. Шынайы дарын, талантты публицист М.Қабанбаевтың көтерген мәселелерін әр қырынан жарқырата көрсете білгеніне тамсана отырып, таң қаласын. Тағы да мысалға жүгінейік: соңғы кезде: “Қазақтың аузынан бұрын ақ май ағушы еді, енді арақ пен шарап ағып жатыр, қазақ аузы кеппейтін маскүнем болуға айналды”, - деген лақап құлаққа түрпідей тиіп жүр. Жел болмаса шөп басы қозғалмайды. Бұл дегеніңіз, қоғамдық дерт, адамдардың бойындағы оңайлықпен жазыла қолмайтын ауыр кесел. Демек, дайын тұрған тақырып дегеніміз осы. Публицист осы сөз дұрыс па, бұрыс па соны білу үшін Алматыдағы қаптаған наркодиспансерлердің біріне ат басын бұрады. Маскүнем аталғандарды емдейтін арнайы мекемеде бірнеше күн жүріп, олардың тыныс-тіршілігін зерттейді, “алқаш” атанған әлденеше бейбақпен әңгімелесіп, сыр шертіседі.

Публицистің материалын оқып отырып, өзің де сол ортада жүргендей сезінесің [7].

Мақаладағы мынадай деректер жаныңды шошытады: диспансерде “Қазақстан”, “Ресей”, “Дүбәра” деп атау берілген палаталар бар екен. “Қазақстан” палатасы басқаларға қарағанда таза, жинақы көрінеді. Кезекшілік те дұрыс атқарылып, төбелес, ұрыс-жанжал жоққа жуық екен. Көрші орыстар: “Біз де қазақстандықпыз”, - деп осында ауысуға тырысатын сияқты. Емдеуші дәрігер Айтжан Жексенбинова журналист-публицистке шындықты жайып салып, оның зерттеу жүргізуіне жағдай жасады.

– Қазақтар осы диспансердің 40 процентін құрайды, - дейді дәрігер қыз қатты қынжылыспен. – Мен алғаш жұмысқа орналасқанда бірен-сараны ғана түсуші еді. Ең жаманы, интеллигенция өкілдері де келе бастады. Ондайда қазақ қызы екеніңе ұялып, бетіңнен жер басқандай боласың, ішің қан жылайды. Өзге ұлттың жақсылығын емес, жамандығын үйренуімізді қашан қоямыз осы?!

Дәрігердің ойынша, қазақтардың ішіп кетуінің бірнеше психологиялық себептері бар көрінеді. Ауылдан аңғал-саңғал аңқылдап келген қазақ баласы қаланың мың сан темірдей тәртібіне, айнымалы қарым-қатынасына қайдан бірден көндіге алсын. Қысылғанда қолтықтан сүйейтін, ақыл-кеңес берер туған-тума тағы жоқ, көбіне сол рухани жалғыздыққа шыдамай ішіп кетеді. Қос өкпеден қысып тұрған тоқшылық заман мынау… Сырхана мен сары бөшкелердің қасынан табылу қазір біраз қазаққа мақтанға айналған, өйткені, “туған жердің төсінде шалқып-қалқып тұр ғой”.

Дәрігер дұрыс деген шығар, әйткенмен, публицист жоғарыда айтылғандарды мынадай ойлармен толықтырады: мұның түбінде басқа у десе де, оның не екенін айырмай, бас сап ішіп салатын төмен мәдениетті люмпендік психология, басқа біреу арқаға қағып, өтірік мақтаса, артымыздан жел шыққанша бөсетін мінезіміз, талай ғасыр бойы құл боп басылып қалған жан дүниеміздің арақтың арқасында бұрқ етіп көтеріліс жасауы – бәрі-бәрі топталып жатыр. Қоғамның кедейлігі, жеке бас мәдениетінің төмендігі, демократияның әлсіздігі де себеп-салдар. сайып келгенде, ұлы бабамыз Абай “Әсемпаз болма әрнеге” дейтін өсиет өлеңінде бес жаман мінезді шекесінен түртіп, атап-атап айтпаушы ма еді, ішкіліктің көп себебін сол кесірлі бес мінезден іздеген жөн…

Публицист жеріне жеткізе суреттеген наркодиспансерден жаншошырлық бір көрініс келтірейік:

… Тойған жеріңе тоғыз рет бар дегендей, ертеңіне автор диспансерге тағы бас сұғып шығады. О, ғажап! Кешегі костюм сатушы, көрпе ұрлағыш қазақ бомж медбикенің алдында түк көрмегендей, түк білмегендей билеп тұрады. Қасында – кешегі делдиме қалпақ сержант! Әңгіме былай екен. Жамылғышын кеше түнде самогонға айырбастап, тыңқия ішіп, мұратына жеткен көрінеді. Содан скверде бөтелкенің аузынан еміп, тыңқиып ұйықтап жатқан жерінде милиция үстінен түсіп, айықтырғышқа апарып тығыпты. Диспансерге емес, өз үйіне келгендей ыржың-ыржың етеді. Әлде, ұялған тек тұрмастың кері ме?

Публицист мақаласының соңында мынадай қорытындыға келді: “Жүйкелері мықтап жұқарған бұлар қатты сөзді де көтере алмайды, сынған үстіне сынып түседі. Әсіресе, қазақтар морт сынады. “Жер тырналаған кәріс, есектің артын жуып мал тапқан сарт” деп мұрнын шүйіріп жүріп, өзін араққа алдырып үлгеріпті. Қазір біз үшін арақ аймағы – апат аймағы… Алматыдағы халық санының ширегіне жетпей жатып, наркодиспансердің қақ жартысын жаулап алған біздің ұлт анық арақтан жеңіле бастаған. Өтіміз жарылып кетсе де мұны мойындауымыз керек. Империя қазақты үш жүзге бөліп, бір-бірімен қырқыстырып кетті деп жүрсек, олар қандас қауымды үш емес, төрт жүзге бөліп кеткенін, ол төртінші жүз – алқаштар жүзі екенін наркодиспансерде бір-ақ білдік…

Алқаштардың алдыңғы шебін бермей тұрмыз біз. Қазақ пен арақ туралы ащы да болса шындық осы”.

Көсемсөзде жеріне жеткізе айту дегеніміз осындай-ақ болар. М.Қабанбаевтың публицист ретіндегі басты ерекшелігінің өзі, қандай мәселені болмасын отты сөздерімен әсем өрнектей отырып, нақты түйін жасай алуында жатыр деп ұғу керек.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміздің ауыл шаруашылығында түбегейлі өзгерістерге қадам басталды. Жер-жерде кеңестік шаруашылықтар (совхоздар) ыдырау кезеңі басталып, оның орнына шаруа қожалықтары пайда болды. Ескі мен жаңаның бітіспес күресі жүріп жатты. Тығырыққа тіреліп, тұралап қалған шаруашылықтар ауыр күйді бастан кешіріп, оның зардабы қарапайым ауыл еңбеккерлерін қажыта бастаған да еді. Шаруа адамдарының тұрмыс жағдайы төмендеп, “Енді қайтіп күн көреміз?” деген сауал да көлденеңдей берді.

Ел жайы толғандырған публицист М.Қабанбаев іссапарға аттанып, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданына атбасын тіреді. Аудандағы

шаруалар қауымдастығының төрағасы Қазбек Амантауовты алға салып, ел аралап кетеді. Журналисті кеңшардан бөлініп жеке қожалықтар құрған адамдардың қазіргі жай-күйі қызықтырады. Кеңшар мен шаруа қожалықтарының басшыларымен, осы істің басы қасында жүрген мамандармен пікірлеседі. Нәтижесінде шаруашылықтардың тыныс-тіршілігінен, жай-жапсарынан хабардар ететін уытты мақала дүниеге келеді [8].

Сонымен, публицист мынадай түйінге келеді: кезінде “Боламыз, толамыз!” деп айдарынан жел ескен қожалықтардың қақ жартысы тарап тыныпты (Кезінде ауданда 100-ден астам жеке қожалықтар құрылған болса, қалғаны 50-дей ғана). Бар билік қолдарында тұрған басшылар қожалықтарға тиісті үлес, пайын бермеген, тіпті, оның есебін де шығармаған. “Малың мынау, қора, үй-жайың анау”, - деп, малшыларды айдалаға айдап тастаған да, ет, жүн, малын арзан бағамен алған да отырған. Сөйтіп, содан түскен қаржымен онсыз да кетуі кеткен кеңшарлардың жыртық тесігін ілдалап, жамауға тырысқан. Жеке қожалықтардан көңілі әбден қалған малшылар “Әке, көке, жаздық, жаңылдық!” деп кеңшарға еріксіз қайта кіріп жатыр екен. Ал шаруа қожалықтарына барынша жағдай жасау туралы Президенттің үстіміздегі жылғы жарлығы кейбіреулердің құлағына жетпеген, жеткен күннің өзінде оны орындайтын жергілікті басшы, қосшылар ғой. Пәлен жыл ел билеуге, ел байлығын сығымдап таратуға дағдыланып қалған басшылар үлес, паймен қоса, қолдан билік те кететінін жақсы біледі. Қожалық өркендеп, гүлдеп кетсе, күні ертең бір қожалық соңынан оны ертіп кететінін тағы да есептеп отыр. Олар қожалық болғанын қаламайды. Қожалықтардың иесі көбінен малшылар, ғұмыр бойы есеп-қисаппен басын ауыртпаған ол кісілер өздеріне тиісті үлес, мүлік-мүкәмалдың ізіне түспек түгілі не тиесілі екенінен көбіне хабарсыз. Соттасып, шаттасуға үйренбеген қазақ үмбетінің керанау мінезін, “әй, қойшы соны, бір реті келер, бас амандық болса!” деп, әуелі құдайға, одан кейін үкіметке сеніп қарап отыратын әсіре оптимистігін бұған қосып қойыңыз… Көзін тырнап ашқалы ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс басшылардың аузына қарап үйреніп қалған мосқал адамдардың өз-өзінен психологиялық та, экономикалық жағынан да “қайта жасап”, қатарға қосылуы екі талай көрінеді. Қатал, қатаң да болса уақыт талабы осы.

1994 жылдың қаңтар айынан бастап публицист М.Қабанбайдың тіл және елтану апталығы – “Ана тілі” газетінде ұлттық рухани мәселелерді кеңінен қозғаған қазақ тілінің бүгіні мен болашағы туралы мақалалары жариялана бастады. Жазушы-публицист еңбегінің басты ерекшелігі - өзіндік пікірі мен ой-толғамдарының құндылығында еді. Азамат-қаламгердің ұлттық мүдде,

ұлттық рух аясында көтерген қадау-қадау мәселелері өзінің өзектілігімен қалың оқырманды ынтықтыра түскені ақиқат болатын.

Публицистің тіл тәрбиесінің өкшесін баса жүретін жас ұрпақ тәрбиесіне арналған мына мақаласына назар аударып көрелік [9].

Ежелден-ақ тұрмыстық тәрбиенің орны бөлек. Ол – ана тілінің әлдиі мен шешенің омырау сүтімен, әкенің қабағы, ата-әженің күншуақ мейірімімен біртін-біртін барып бойға сіңетін өте нәзік те шәлгез шаруа. Өкінішке қарай, тілімізге қоса ұлтымыздың әліппесі “үлкенге құрмет, кішіге ізет” деп басталатын асыл қазынасынан көз жазып қала жаздағанымыз рас. Байырғы қазақы тәрбиенің орнын телеарналардағы детектив, секс тәрбие басып барады. Ол аз болса енді, міне, базар нарқы баса көктеп, алып кет те қағып кет, сауда сақал сипағанша деген жұлымыр психология өмірімізге дендеп енді. Қазақ баласы бүгінде осынау қайнаған қан базардың қақ ортасында қалып барады. Оның үстіне отаршылдық жүйеден жұққан, көбіне біздің мінез-құлқымызға сәйкес келе бермейтін орыси тәрбиеміз тағы бар. Бұрын біз көрмеген, білмеген мутант ұрпақ пайда болды. Басқаны былай қойғанда, тәрбие табалдырықтан басталады десек, қонақты есік көзінен жылы қабақпен қарсы алып, сырт киімін шешуге, аяққиімін қоюға жарайтын қазақы балалар көзден бұлбұл ұша бастады.

“Иә, бойдағыны бере алмасақ, еге алмасақ, ол біздің кінәміз, баяғы желкеден тартқан кер жалқаулығымыз, - деп жазады публицист. – Тіпті о да емес, бұ да емес, “үкімет өлтірмейді, өкімет өзі бағып-қағып тәрбиелейді” деген арамтамақ құлықтан, әлде, “Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер” деген аталмыш сөзге құлақ үйреніп, мен беруді қойғанымыздан, қалай болса да бұл күнде дүрегей де дүбәра, жүзі суық, жүрісі суыт, тілі мүкіс, мәңгүрт ұрпақ өсіріп үлгердік”.

Автор сөзді сүйылтпау үшін өмірдің өзі ұсынған нақты мысалдарға жүгінеді. Өздері студент аталғандарымен базарда арақ-шарап сатумен айналысатын екі қазақ баласының әлімжеттілікке салынып, пәтер иесі – бір кездері институтта сабақ беріп, қазір пенсияға шыққан қазақ шалын қалай қорлап жүргенін жеріне жеткізе айтады. Публицист-жазушы қандас бауырларымыз өзбек, әзірбайжан, ұйғырлардың бала тәрбиесіндегі өзі куә болған үлгілі істерін, бетімен ауа жайылып кеткен қазақ балаларының оспадарсыз іс-әрекеттерімен жаны күйзеле отырып салыстырады. Ол аузынан боқтығы, ернінен шылымы түспейтін бозбаланы көрсек, “орыс тәрбиесінен ғой” деп жиырыла, шытырлай қалатынымызды көлденең тарта отырып, “Ау, осы біз неге орыс пен қазақтың жаман қылығына құмармыз да,

жақсы қасиеттерінен қашық жүреміз? Ал, әлгі еңбекшіл де саудашыл ұйғыр балалар орысша оқымап па, қазақ балаларымен араласпап па?" деген сауалдарға жауап іздейді.

Тоқсан үшінші жылдың басында өткен Жоғары Кеңеске депутаттар сайлау науқаны халық күтпеген төтен мәселені алға тартты. Парламентке депутаттыққа үміткер 380 адамның 73-і (қазақтар) "Орыс тіліне мәртебе беруге разымын" деді [10]. Бұл сұрақ қойылған үміткер қазақтардың үштен бірі. Осылайша Ата Заңымызда: "Орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі" деп тайға таңба басқандай жазылса да, оны аз көретін өкпелілер, басқаны былай қойғанда, өз арамызда бір тайпа болып шықты. Бұлар кімдер және қоғамдағы сүйенген базисі, ұстанған дәйектері не? Қостілдік мәселесі неге қайта-қайта көтеріле береді? Жалпы Республикадағы тіл ахуалы қандай?

Публицист М.Қабанбайдың пайымдауынша, республика өмірі қайнап жатқан қара қазан болса, осы құт-берекені тіреп тұрған ошақтың үш тағаны мыналар екен: 1. Орыс қауымы. 2. Аңсары қостілдік өз қандастарымыз. 3. Қазақ тілдінің намысын жыртып, жоғын жоқтаушылар [11].

Мақала авторы әңгімені әрі қарай тамызықтап, осы үш топқа қысқаша мінездеме беруден бастайды.

Публицист айтып отырған ошақтың үш тағанының бірі таза орыс тілді қауым жөнінде көп айтып жатудың қажеті жоқ, бұлар республикамызда мекендейтін таза орыс ағайындар. Екінші таған – аңсары қостілдікке ауып кеткен төлқұжаттарында "қазақ" деп жазылған өз қандастарымыз. Есеп бойынша олар исі қазақтың 40 пайызын құрайды екен. Жоғарыдағы 73 үміткер де негізінен сол ортадан. Сонда бұлар кімдер? 1. Орыс бала бақшасында тәрбиеленіп, орыс мектебі, орыс институт, университеттерде оқып-тоқыған будан, шата, нигилист қалалық қазақтардың алғашқы буыны; 2. Арғы түбі ауыл болса да, орыс тілін басын тауға, тасқа соғып жүріп үйреніп, кешегі заманда партия, кеңес, комсомол, тағы да өзге басқару аппараттарында қызмет етіп, жылы, жұмсаққа қолы жетіп үлгергендер; 3. Осы мүмкіндігі мол, құлашы кең, ас та төк ортада өсіп, ішкі Ресейдің жоғарғы оқу орындарын бітіріп, әлі де ықпалды ата-ана, туған, тумаларының жетегімен бүгінде банк басқарып, концерндерге ие болып үлгерген жас буын; 4. Байлық-шайлыққа ие осылардың қолына қарап қалған кейбір орыс тілді өнер, әдебиет, ғылым өкілдері; 5. Оған тағы да ауылдан үсті-үстіне ағылып келіп жатқан миграцияның қалың ортасынан шыққан есепқой, пысық қазақтарды да қосу керек.

“Сонымен не керек, - дейді публицист, - бұл күнде сырт пошымы өзіміз де, іші славян-еуропалық, әлемдік менталитетке ыңғайлы экономикалық, мәдени, саяси, сен тұр, мен атайын дүбәра тайпа қалыптасып үлгерді. Қазақ ұғымына салсақ, төртінші жүз десе де болады”.

Қаны қазақ, жаны славян бұлар сән-салтанатты жай-күйін, өздерін аристократ, ақсүйек деп санайтын тұрмыстық аясын қолпаштап, өз ұлтынан “қорғап” әлек. Неғұрлым саналы, сапалы, білімді бөлігі еуропа, орыс, қазақ элементтері мидай араласқан “жаңа мәдениет пен рухани идеяларын” бүгін де орыс тілінде шығатын газет, журналдардың беттерінде жан салып жасап бағуда. Және көбіне сәтті де. Тек дәстүрлі қазақ өнері, әдебиеті, тарихы, рухани өмірінен қашықтау… Дәл қасында, таяқ тастам жерде қайта түзіліп жатқан дала қазағының мәдениеті олар үшін көбінесе көң иесі бұрқыраған “мәмбеттік дүниелер”…

Егер олар орыс ұлтының қамын жеп жүр десек, тағы қатты қателесеміз. Оларға керегі орыс ұлты емес, орыс тілі, былайша айтқанда өздері жүріп-тұратын, тірлік ететін – күнкөріс тілі.

Публицист орыс тілді қандастарымыздың іс-қимылдарына сипаттама бере келе, мынадай нақты қорытындыға келді: Экономикада орыс тілді қазақ капиталы, қоғамдық өмірде орыс тілді қазақ қаймағы бой көтерді. Ішіндегі қазақ рухындағылар бірен-саран ғана және олар аса ірі тұлға да емес, климат жасай алмайды. Жоғары Кеңесте де олардың үлкен тобы, беделді рухани көсемдері – патриоттары бар.

Тоқ етері, қостілдер ана тілінен, төл ұлтынан ат басын ала қашатын себебінің бастысы мынау: қала-қалада құмырсқаның илеуіндей қайнап жатқан дүмше, надан, сырты бүтін, іші түтін тума бюрократтарымыздың олақ, бірақ табанды “қазақша күресін” көрмей-білмей отырған жоқ. Қазір қолдан кандидат, ойдан докторларды жасауды “ұлттық мақтанышқа” айналдырып алдық. Анализ, синтезге жоқ, тек “болды”, “кетті”-ге құмар қазақ баспасөзі мен радиомыз тым шабан, жалқау.

Публицист ошақтың үшінші тағаны – “қалың елім, қазағым, қайран жұртыма” үміт аралас сеніммен көз тігеді. Үміт пен сенім деп отырғанымыз, бізде, қазақ қаны мен жаны бар халқымызда бәрі де бар әттең, әттең бәрі де жоқ… Бізде жерінің құнары мен құйқалысын, өзен, көлін, желпілдеген құрағын басқаға беріп, өзі шөл мен шөлейт далада мал бағып жүрген көнпістік пен көнімпаздық бар, өзгенің ұлын өзіміздікінен артық көретін кеңпейілдігіміз де жоқ емес.

Барымыздың ең жақсысы - өзге ұлтты өзекке теппейтініміз, жоғымыздың ең жаманы – жерде алтын жатса еңкейіп алуға ерінетін кер жалқаулығымыз, аңғалдығымыз бен тоқмейілдігіміз.

Публицист ұлт бойындағы жақсы мен жаманға осындай сипаттама бере отырып, осы тұрғыда ашық пікір-таласына ден қояды. Әйтсе де, алдымен үш жүздің, соңынан елімізде тұратын басқа да ұлттар алдында бүгін басталып кеткен пікірталасын қазақтың ымырасыз “азамат соғысына” айналдырмау керек.

“Ең бастысы, - деп толғанады публицист, - ұлт тамырына жегі құрт болып жүрген жікшілдігіміз бен блатымызды – көп жамандықтың құжынаған ордасы бұл! – басқа шығара бермей, замана дауылы ұшырып әкете жаздаған ақ ордамыздың шаңырағын биік көтеріп, уық, керегелерін тігіп, үзігін тағып, бауларын бекем байласақ, ақ киізді сонсын айқара жабайық, жабайық та алдын мыңғырған малға, артын жайқалған егінге толтырып тастайық, ағайын!… Саясаткерлер қателесіп кетсе, оның зардабын ең алдымен қара халық тартады. Жаңадан сайланған саясаткерлер шоғыры – Жоғары Кеңесіміз осыны ұмытпаса игі. Қазақтың қара қазаны асылған ошақтың шегесін суыртпақтан суырмақ түгілі, сәл талтайтынқырап, мынаусы басыбайлы деп өзімізге тартсақ – беті әрі! – қисайған қазанның ернеуінен төгілген сорпа аяққа төгіледі. Қазанның қақпағын әлсін-әлі ашып, дәмін көріп, тұз, бұрыш, пияз салғанның орнына, астына үңіліп, ілік іздеп, шоқ көсеп, тамызық қалаған арам ниет адамның аяғы түгілі, басына төгіледі әлгі ыстық сорпа. Дәм атты дейді мұндайда қазақ”.

Еліміз ғасырлар бойы аңсап келген егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздік туы астында еркін тыныстай бастаған алғашқы жылдары қазақ бұқаралық ақпарат құралдары – баспасөз бен телерадиосы абдырап-ақ қалды. Себеп не? Себеп сол, Кеңес империясы тұсында басталып, ондаған жылдар бойы санамызға әбден сіңіп кеткен бас изегіштік, “ләппай тақсыр”-шылдық төл психологиямыз. Он жетінші жылғы қазан төңкерісінен бергі миды кеулеп, әбден кептіріп тастаған мәңгүрттігіміз рухани майданда, оның ең басты саласы - баспасөз бен телерадиода белең алып тұрды. Осылайша, ойлау жүйеміз түгенделіп, мәре-сәре күй кешкеніміз анық. Осындай масқара құлдық мінездің тас қамалын ең алдымен жүрдек те жауынгер публицистика бұзуы керек еді, ерлік жасағанның орнына, қайта: “Бізде бәрі де жақсы, осы бергеніңе шүкір!” деп, алдымен ойдағы, қырдағы халықтың, шама-шарқымызша әлем шұртшылығының көз алдына қызылды-жасылды дүние орнатқымыз келгеніне ешкім де қарсы дау айта алмайды. Егемендік алғаннан

бері тәуелсіздігімізге тамсанып, шаршамай-шалдықпай тойлаумен болдық, ал, оны қалай дамытамыз, қалай қорғаймыз дегенге келгенде тіліміз мүкіс, қаламымыз шабан болды. Тағы да өткен заманда өмір сүрген хан, би, батырларымыздың отырған-тұрғанын жабыла жазғанда алдымызға жан салмадық. Уақыт өткен сайын құлдыраған экономика, алапат аштықтың аз-ақ алдындағы қарайған халықтың жайы, өз ұлтын тонауға белсене кіріскен рэкет пен мафия, сыбайлас жемқорлық, т.б. қоғамға мерез болып жабысқан ауыр дерт публицист қаламынан тыс қалып жатты. Жас қоғамның басында бойына дендеп бара жатқан ауыр кеселге нендей дауа тауып, тұрмысты қайтіп түзейміз, төніп келе жатқан жамандықтардың алдын қалай аламыз, бұл туралы бас ауыртып, ашық жазып жүрген ұлт журналистері жоққа тән болды. Жасыратын несі бар, қазақ баспасөзі толып жатқан жоқ-жітігімізді былай қойғанда, коррупцияға белшесінен батқан әкім-қараларды, шенеуніктерді іздеп жүріп, әшкерелемек түгілі, прокуратура тексеріп, сот үкімін шығарып қойған зобалаң істерді қинала-қинала жариялап, оқиғаның соңында жүруді әдетке айналдыра бастадық. Сол тұстағы телерадио мен баспасөзге сенсек, жер бетінде қазақтан асқан бақытты халық жоқ сияқты еді, ана тіліміз тек бөсуден тұратын сөз, сөйлемдерден түзіле ме деген ой көкейге кептелетін. Журналистиканың ең басты парызы – баспасөз бетін қандай сапалы материалдармен толтыруды күндіз-түні ойластыру болса, біздің газет, журнал бетін немен, қалай толтырамыз деп қиналғанымыз да ащы шындық. Осылайша өз-өзімізді алдап келдік, өз қазағымызды алдадық…

Сол жылдары ұлттық журналистиканың бағыт-бағдарын айқындап, жөн нұсқайтын публицистердің келелі ой-талғамдары мен байыпты сөзіне ауадай зәру едік. Осындай келелі міндетті публицист Марат Қабанбай секілді бірен-саран қаламгерлер атқаруға тырысты [12].

Зерек ойлы публицистің пайымдауынша, расына келсек, қазақ баспасөзін тираж жағынан алғанда, телерадионы естір құлаққа келгенде қазақ қарпі мен сөзіне, лебізі мен дыбысына өлердей ғашық ауыл оқырмандары ғана құтқарып тұрды. Онда да тек әзірше ғана.

“Әліппелік жаңалықтарды жазу тіпті де Американы ашу емес, - дейді публицист. - Әсіресе XXI-ғасырға едел-жедел өтіп бара жатқан сауатты қазақ үшін. Өйте берсек, оқушыға обал. Өзімізге де. Біз баспасөзімізде әлі күнге дейін қанымызға сіңген романтика, поэтикамен жүрміз. Керегі – суық зерек, ащы шындық. Платон айтқандай, “Сен менің досымсың, бірақ шындық екеуміздің де жоғары”. Мынау аяуды білмейтін өмірге қазір мұз бетімен

мәнерлеп коньки тебу емес, жеті қабат жер астына тік түсіп кететін шахтер шындығы, есебі, қара шара журналистика керек. Сарнап ақыл сағатын абыздың, қобыздың дәуірі келмеске кетті. Тоғайдың сыбдыры, жапырақтың сылдыры қазір ешкімді толқытпайды. Енді алға шығып, келер келешектерді қалам ұшымен нұсқай білу керек, сонда ғана баспасөздің оқырман алдында беті жарық. “Үндемеген үйдей пәледен құтылады” деген мәтелдің күші анау заманда қалды. Бұл заманда үндемеу – үйдей пәле! Кешегі империя, бір жағынан, сол баспасөзді, оппозицияны “КСРО” атты қапырық шошала үйге қамап тастап, ешбір сын естімей, жаппай мақтау, мадақтауға, ду қол шапалақтауға тұншығып өлді. Ол жүйе басқаша ойлайтын, тірлік ететін біреу бар-ау деп еш күдіктенбейтін, “менікі ғана дұрыс!” деген кафкиандық (осы тақылеттес өрескелдіктерді жеріне жеткізе жазған австриялық жазушы Франц Кафкаға байланысты ұғым – авт.) қияли, есалаң жағдайға жетті. Қазіргі қоғам үндемеуден үйдей пәледен қашып құтыла алмайды, сол пәлені өзі іздейді.

Тоқ етері, баспасөз бен телерадионы ұлт өмірінің көрсеткіш шкаласы десек, біздің қазақи шкала көк базардағы алдамшы саудагердің теріс таразысы сияқты дұрыс көрсетпейді. Ол үшін өтірік арланып, бір-бірімізге өкпе артпайық, асылы, шындыққа өкпе жоқ.”

Неге олай? Публицистің ойынша, оның бірнеше себептері бар екен: экономикада атүсті феодализмнен алып кет те, сатып бер НЭП-ке, одан аш-жалаңаш социализмге, әрі қарай қазіргідей сауда сақал сипағанша деген жабайы капитализмге біреуге сүйеніп, екіншісінің етегінен ұстап жығылып-сүрініп жүріп, тәлтіректеп өтіп кетуге болар да. Оның да екі талай уақыт екенін уақыт көрсетіп отыр. Ал, рухани әлемді жасау, күнбе-күнгі мал бағып, егін егу, сауда-саттық жасау емес, оның өзгеруі, дамуы бір сатыдан екінші сатыға көтерілуі ғасырдан ғасырға созылатын өте ұзақ та нәзік процесс. Феодализм тұсында майысып кеткен миымызды кеңес империясы өз қалауынша тағы әлі жеткенше бұрап, бесжылдықтардың темір төсіне салып, гегемонның шойын балғасымен илектеп бақты, оған көнбеген асауларды колхозшының орағымен орып, бір-ақ қырқып тастады. Сол жалпайып кеткен ми мен жетім сананы енді жабайы капитализмнің қып-қызыл тандыр пешіне салып жібердік. Бір нәрсе анық – “шоғына күйіп қалмаймыз ба?” деп, сол дәу пешке анадайдан одырайып, қарауыл қарап жүрген үркек қазақ журналистикасы өз бойына сын көзбен қарап, өзін қайтадан жасап шығуы керек.

Қысқасы, публицист егемен елімізге “журналистика” атты түзу шкала, сенімді таразы керек екенін жеріне жеткізе айтады. Оның нақты пайымдап отырғанындай, мемлекетіміз “кемшілігімізді дәл көрсетіп, түзу бағыт нұсқасаңдар болғаны” деп, екі қолымызды бос, алдымызға ас қойды. Бұл бірде бір елде жасалмаған жағдай. Осыны орынды пайдалансақ, бұқара халық пен өкіметтің арасын теңелдіріп тұратын әділқазы Бұқар жырау болсақ қані! “Қазақ баспасөзі мен теле радиосынсыз енді қайтіп күн көреміз?” дегенді Президенттен бастап, қара шаруаға дейін айтқыза білсек, біздер іздейтін басқа мұрат, мақсат бар ма? Рухани жәдігерліктерімізді уақытша қиындықты көтере алмай қолдан түсіріп алсақ, оны келер ғасырда да қайтып жинай алмайтынымыз өз-өзінен түсінікті. Қолдан түсірмеу – бүгінгі баспасөз бен телерадионың мән-мағынасы мен сыр-сымбатына тікелей байланысты.

Мақаласының соңын публицист: “Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады” дейді қазақ. Осыған дейін талай ғасыр бойы күлкі жағын келістірдік. Ол көмір күлкі еді. Әлі де күлкіміз көп. Ары қарай күле берсек дейміз. Бірақ базар заманы күлкіні жақтырмайды, қысқа да нұсқа, нақты сөзді ғана ұнатады. Қазақ оқырманына, халқына жылатып айтатын дос – баспасөз бен телерадио бүгінгі таңда ауадай қажет. Өкіметке де, Елбасына да солай”, - деп аяқтайды. Мұндай пайымға басыңды иесің.

Халқымыздың тарихына көз жүгіртсек, ел үшін, ұлт бостандығы үшін күрестің барлығы да тіл үшін күреспен астасып отырған. Қазақ тілі түркілік сап тазалығының арқасында қалың қытайдың да азулы арабтардың да, тегеурінді моңғолдың да, ормандай орыстардың да ықпалына түспей өзінің төлтума қасиетін ғасырлар бойы сақтап келгенімен дәл бүгінгідей әлсіреп, пұшайман күйге жеткен емес. Ол қазақтардың рухани алтын дінгегі, руға, жерге бөлінбейтін рухани еншісі, шетсіз-шексіз сахарада тарыдай шашылған жұртының басын қосқан дәнекері бола білді. Сондықтан халық та, оның зиялы азаматтары да тілдің тағдырына бейтарап қараған емес. Жан сала күресіп те келді. Сол ұзақ жылдарға созылған күрестің әділетті шешімі сексенінші жылдардың соңында қабылданған Тіл Заңы мен Ата Заңында айқын жазылып, қазақ тіліне жеке-дара мемлекеттік мәртебе берілуі болып табылады. Бұл кейбіреулердің бүйіріне шаншудай қадалды. Олар орыс тілінің өктемдігін біржолата сақтап қалу үшін жанталаса бақты. Бұлардың арасында өзімізбен қаны бір, бірақ тілі мен діні жат кейбір ағайындар да бар. Тіл Заңы қабылданған алғашқы бірер жылда олардың үні өшкендей еді, кейінірек шовинистік пиғылдағы келімсектерге үн қосып, қарсы әрекетке

көшті. Олардың көпшілігі, әсіресе, 1994 жылғы Парламент сайлауы кезінде өздерінің бет-пердесін ашып, туған халқының мүддесін сатып кетті.

Тілдің тағдырын, оны дамытуды қоғамдық ортадан бөле-жара қарауға болмайды. Сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басындағы саяси өзгерістер, ұлттық сананың күрт көтерілуі қазақ тілінің дамуына да ерекше ықпалын тигізгені мәлім. Ал, ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы құбылыстар, нарықтық қарым-қатынас, экономикадағы аласапыран, бұрыннан қалыптасқан жүйенің ыдырауы, күн көріс қамы мен тоз-тоз болған интеллигенция, қазақ тілінің алтын дінгегі саналатын ауылдың іргесі ыдырап, жоқшылыққа ұшырауы, ұлттың рухани қазынасын сақтауға деген үкіметтің салғырт саясаты, қабылданған заңдардың орындалмауы қазақ тілінің қайтадан құлдырауына әкеліп соқты.

1990 жылғы 22 наурызда ұлт газеті ретінде дүниеге келген “Ана тілі” газеті алғаш сандарынан бастап Ана тіліне араша болуды, жат пиғылдағылармен қарсы аяусыз күрес ашуды ең басты міндет, борыш санады, осы бағытта кең көлемде насихат жұмыстарын жүргізіп жатты. Азамат-публицист М. Қабанбай “Ана тілі” газетінде қызмет еткен жылдары тіл тағдырына қатысты ондаған мақалалар жазып, бітіспес қан майданның алдынғы шебінен табыла білді [13]. Өзіндік ой-толғамдарға тұнып тұрған бұл отты дүниелерді тебіренбей оқу мүмкін емес. Зерттеу еңбегімізде оларды жеке-жеке талдап шығуға мүмкін болмағандықтан, осы мақалалардан үзінділер беруді жөн көрдік.

* * *

Ес жиып, етек жабатын, бала тәрбиесіне, бала тіл тәрбиесіне екі шоқып, бір қарайтын заман жаңа келді. Қазақша оқыған баланы әлем өркениетінің жауһарларына жетектемесек, орысша оқып жатқан үш қазақ баласының біреуін (бұл да біздің, ересектердің кінәсі!) “қара орыс” деп көзге шұқып, түрткілей берсек, құдай біледі, көр де тұрыңыз, келешек көретін күніміз күңгірт те, көмескі. “Баланы жастан…”, “Баланы бесігінен түзе”, “Тіліміз – дініміз, тініміз - тіліміз” деген сөздерді ұлт ұранына айналдыра бастадық. Тфә, тфә тіліміз тасқа, болашақта да осыдан жазбасын.

* * *

Және де мынаны есте тұтайық: қазақ тілін мемлекеттік дәрежеде қорғайтын Тіл комитетінің тісі тек мемлекеттік құрылымдарға, бюджеттік ұйымдарға ғана бататындай. Ал, өз құрылымы ішінде, “жабыл, қазаным, жабыл” фирма-концерндердің сыртынан да жүре алмайды. Олар

мемлекетпен бір-ақ тілде – алым, салық тілінде ғана сөйлеседі. Тоқетері, “алым – салығыңды алдың ба, қайқай, тіл-сілде шаруаң болмасын” дейтін жабық ұйымдар. Яғни бизнес, коммерция, әртүрлі қордың көбі қазақ тілі аластатылған, біз үшін тиісуге болмайтын табу аудандар. Олардың қазақ тіліне негі қышымайтыны да сондықтан. Шет ел миссионерлерінің басқыншылығы деп жүргеніміз бұлардың қасында баланың ойыны ғана.

…Санды сапаға айналдырмай, сегіз қырлы, бір сырлы қазақ болмай, орыс тілді қазақ түгіл қазағыңның өзі XXI ғасырда ана тілінде сөйлемек емес, осыны ұғу үшін қаншама қаншама ақыл керек?! Ол үшін бала бақшасынан бастап жоғары оқу орындарына шейін, әсіресе, гуманитария бағытында түпкілікті реформалар қажет.

* * *

Мемлекетіміз қай тілде сөйлеп, құжатын жүргізеді – іс жүзінде оны қазір ғана анықтауға кірістік. Бұрын орыс тілінде еді. Қазақ тілін кіргізсек, біріншіден қыруар қаржы керек. Екіншіден, халықтың 70%-ке жуығы, яғни орыс бастаған ондаған ұлыстарды аты шулы 40% қазақтарды ренжітеді екенбіз. Олай болса, ежелден орны қазылған дайын орыс тілі тұрғанда “көң исі бұрқыраған” қазақ тілін қайтеміз? Оның үстіне қазақ ұлтына қай топ лидер болады – орыс тілді қазақтар ма, жоқ әлде өз тілінде сөйлейтін қазақтар ма, тіл туралы Заңға кіргізілетін болашақ түзету осыны түпкілікті анықтап береді. Біздіңше, бұл күнде байлық-шайлыққа, билікке ие, сергек те суық зеректі алдыңғы топтың пайдасына шешілгелі тұр. Мұны Қазақстан қалтылдаған қайығын қайтып бұрылмастай ғып славян кеңістігіне қарай бұрды деп есептеңіз.

* * *

…Қазақстанда орыс бастаған басқа ұлттарды: “Қайтсеңдер де қазақша үйренесіңдер, әйтпесе кетісеміз” деп, ақырып, жекіріп, шоқпарласып жатқан біз жоқ. Біздің қайғы мұңымыз басқа. Шама шарық келгенше ұлттық мұрағаттарымызға ие болып, оның басты белгісі - ана тілін аман сақтап қалу, тат бастырмау. Көнсе өзге тілде сөйлейтін қандастарымызды қотанға қайта иіру. Көнбесе жолы болсын. Тізелеп отырған жерінен тұра алмай, бір тілдің екіге бөлініп, сау басы саудаға түскен біздей пақырдың басқа ұлтқа қорлық көрсетуге қауқары бар ма екен өзі? Осынау тұста үкімет басындағылар: “Экономиканы құлдыратып алдық, соның кесірінен Жиделібайсын іздеген ел бет-бетіне бытырап кетіп жатыр”, - деп ағынан жарылудың орнына, жіберген кемшіліктерін “жауыз” тіл саясатымен түсіндіргісі келеді.

* * *

…Егер, жаман айтпай жақсы жоқ, орыс тілі мемлекеттік мәртебе алса, ол қазақ тілімен теңеспейді, онсыз да әр босағада бір сығалап, “Можно?!” деп жүрген ана тіліміздің таптап өте шығып, төрге шығады, жақын болашақта тек қана орыс тілі қазақ жерінде бұрынғы “ұлы тіл” деген лауазымына ие болып, бірден-бір жалғыз мемлекеттік тілге айналады. Бүгінгі күні қарайған халықтың 70%-і сөйлеп отырған орыс тілі шын мәнінде онсыз да мемлекеттік тіл. Себебі, шаш ал десе, бас алатын, қазақша шабан, орыс іліне жүйрік шенеуніктеріміз орыс тілі қалай мемлекеттік мәртебе алады солай қазақ тілін есігінен қаратпайды. Ал, ана тіліміз тек қана қазақаралық, онда да ауыл қазақтары аралық қарым-қатынас тілі “мәртебесіне” ие болады. Себебі, қазірдің өзінде Парламент орысша сөйлейді, Президент, Министрлер Кеңесінің аппараттары негізінен орысша, ірі-ірі қалалардағы экономикаға қатысты кеңселер, орталық, солтүстік, шығыс, батыс облыстар орысша сөйлеп, жүріп тұрады. Оны азсынсаңыз, “Қазақтелерадио” корпорациясы каналдарының 10-нан 9-ы күні-түні орысша қақсайды. Екінші жартыжылдыққа баспасөзге жазылу науқаны қазақ баспасөзінің өз оқушысының үштен екісінен айырылып қалғанын көрсетті; оның негізгі оқушысы болып табылатын ауылда ақша жоқ. Екіншіден, баспасөзге жазылу биыл иесіз қалды. Дәл осының кесірінен біраз қазақ газет, журналдары шығуын тоқтатты, енді біразы “әне міне жабыламын” деп кезек күтіп тұр. Тек қана “Караван” газетінің 300-350 мың тиражбен тарайтынын еске алсақ, қазақ баспасөзі өз елінде, өз жерінде сан, сапа жағынан орыс баспасөзінің алдында тізе бүкті. Информация кеңістігінен айырылу – бәрінен айырылу. Информация қай идеолгияны ұстанса, мемлекет те сол идеология тетігінде.

* * *

Қазақ тілі, ділі, діні жүретін аумақтар Арал теңізіндей тартылып барады. Қазақ сағаты мардымсыз телерадионы, тиражы ойсыраған қазақ баспасөзінің бүгінгі міскін жағдайын айттық. Теле Американың үшінші, төртінші сортты порно-эротика, вестерн фильмдерінен экранын толтырып талай шетел фестивалінің бәйгелерін теңдеп әкеп үйіп тастаған қазақ киношыларының фильмдерін менсінбей-ақ қойды. Кинотеатрлар да солай. Мұндай американдық шоу басқыншылыққа бізді қай жағынан болсын он орап алатын Еуропа елдері 60-жылдары мемлекеттік деңгейде қарсы шығып, әрең тізгіндеп еді. Біз болсақ: “Қалыңдық біз боламыз, күйеу қайда?” деп, бес қаруы сай қарақшы өнерге құшақ жайып, етектің ашылып-жабылғанын білмей қарсы далбаңдап жүгіріп бара жатырмыз.

* * *

Егерәки Тіл туралы Заңға түзету енгізілсе, ана тілі елімізде екінші рөлде мәңгі-бақи қалып қояды. Қазақстан ұлттық реңнен еурославяндық менталитетке біртін-біртін көше бастайды. Бұл – халқы аз және сан түрлі ұлтты, жер асты-бай, үсті-кедей, аяғы – Азияда, қолы – Еуропада жатқан, жолы ауыр мемлекеттің жер үстіндегі бірден-бір сыбағасы. Болашақта мемлекет болып қалу, қалмау мәселесі, амал жоқ, жергілікті ұлт мүддесінен гөрі бүкіл ел мүддесін алға шығарып отыр. Қазақ ретінде біз мұны мықтап ұғынуымыз керек. Ауыр, ауыр да болса мойындамасқа шара жоғы ащы шындық.

* * *

…Өз жерінде жетім болып отырған ұлт кімді қорғап, кімге қарсылық көрсеткендей? Қайта Ресейдей алып державаға арқа сүйеген қазақстандық орыс ұлты, орыс тілді өзге ұлыстар мен қандастар біздің бұл жәйімізге түсіністікпен қарап, қол ұшын берсе етті! Қол ұшын берді деп есептейік. Жалғыз да жарау жұбанышымыз – тілімізге тиіспесін. Қайта көмекке келсін. Ана тіліне – араша! Бұл барша қазақстандықтарға айтар тілегіміз, білдірер мұңымыз. Ана тілі бәрінен де жоғары. Ханнан да қарадан да. Күнделікті саяси конъюнктурадан екі бастан. Саясатшылар келеді, кетеді, ал ана тілі – мәңгілік! Осыны есте ұстайық.

Аузына Алла емес, Айса пайғамбарды ала бастаған кейінгі толқын қандас сайыпқырандарымыз бар болсын, бай болсын, түптеп келгенде олар біздің болашақ потенциалымыз, қорымыз, бірақ эпостағы қан майданда қыза-қыза келе көзіне қан толып, өз әкесіне қарсы шабатын Біршімбай батырға ұқсамасын, тілімізге, тіліне көрін тікпесін. Айналып келгенде, бұл өзі су ішіп отырған, ішетін құдығы. Өз құдығына есі бар адам түкірмейді. Қатты кеттік, әйтсе де енесі тепкен құлынның еті ауырмайды.

* * *

“Қазіргі мемлекеттік тіл деп жүргеніміз – тек қазақтар арасындағы қарым-қатынас құралы. Онда да ауыл қазақтарының жарағы. Мемлекеттік тіл ұлтаралық қарым-қатынас тіліне бұл күннің өзінде сәлем бере алмайды. Республикадағы халықтың шамамен 4-тен 1-і ғана, Парламент, мемлекет аппараты, экономикалық құрылымдары өзге тілде сөйлейтін мұндай “мемлекеттік тілді” бұрын-соңды тарих білмейді. Есесіне ұлтаралық қарым-қатынас тілінде республикадағы барлық халықтың 99%-ті сөйлеп, жүріп-тұрады. Ал, мемлекеттік тілде сөйлейтін басқа ұлттар 3-4%-ке жете ме

жетпей ме, оны бір құдайдың өзі білсін. Қысқасы, қазақ тілі отбасы, ошақ қасында құрт қайнатып, күл сыпырып, күйелеш-күйелеш күң күйі мәңгілік қалып қояды.

* * *

Соңғы кезде орыс тілді өз қандастарымыз: “Тіліне мәртебе бермегендіктен, орыс Ресейге көшіп жатыр, біздің қаңғып кететін түріміз бар”, - деген мифті қайта-қайта тірілтіп жүр. Біріншіден, көшсе, Ресей - өз отаны. Екіншіден, ол жақта тұрмыс жақсы. … Көші-қоныста елден ерек қаңғырып жүрген - өзіміздің орыс тілді қандастарымыз. Енді қайтсін! Шүңкіл-шүңкіл сөйлесетін орысы азайып, әр елдегі қандастарымыз қатарымызға қосылған өмір сүретін аясы тарылып барады. Қанына жазған өз тілдерін үйренуге мойындары жар бермейді. Бірде бір теңге материалдық байлық өндірмей қара қазақтың маңдай терімен жиналған байлықты астына басып отырып, өз халқын: “Басқа тілде сөйле, сөйлемесең, Ресейдей күшті ағама шағынып сөйлеттірмей қоймаймын!” – деп зікір салады. Орыс тілін тіптен қимаса Ресейге көшіп кетсін, біз қой демейміз. Онда да қазақ диаспорасы бар, жетім қалмайды. Бірақ ел арасын алатайдай бүлдірмесін, екі араға от тастамасын – біздің тілек сол.

* * *

Көне көзге сенсек, өзі құл болсағам: “Келешекте, әттең шіркін, құл иеленуші болсам!” – деп армандайтын көрінеді. Бұл ауру бізде де жоқ емес, ат төбеліндей ұлтшылдарымыз бен ескі номенкулатура, коррупционер, мансапқорларымыздың бойындағы алапес. Бұған орыс түгілі өзіміз де қиналып отырмыз. Орыс пен қазақтың тәжікелесуінен пайда тауып жүрген қаңғырмалар екі ұлтта да жетерлік. Аздың ауруын көпке таңбайды. Ондайлар Ресейдің өзінде де ырғын. Кадр жөнінен орыс ағайындардың қолын қаққанымыз рас, бірақ оны істеген қазақ емес, қазақ мансапқорлары. Қазақ: “Менің тілімде неге сөйлемедің?” деп ешбір орыстың жағасынан алған емес. Алмайды да. Орыс ағайын ауса, пана болатын Ресей бар. Қазақтың басқа жері, тілі жоқ. Сондықтан да тілі үшін жаны пида!.

* * *

Қазақстандағы тіл жағдайын (саясатын) әлем сарапшылары мен саясаткерлері “ең әділ” деп өте жоғары бағалап отыр. Бұл төреліктен бұра тарту – бүйректен сирақ шығару. Беліне балта байлаған орыс, шоқпар жинаған қазақ әлі жоқ. Тіл таласы, қос ұлттың бір уыс зиялысының арасынан шығып, Ресей-Қазақстан деңгейіне көтеріліп отыр. Ельциннің алдына

қарапайым орыс жете алмайды, “Басылыңыз” деп айта алмайды. Жыбырлап жететін де, түймедейді түйедей етіп айтатын да – Ачкасов сынды шовинистер – мәселе қайда! Елбасына да: “Қазақ орысша сөйлестің деп қорлық көрсетіп жатыр” – деп ешбір механизатор, құрылысшы орыс жылап-еңіреп бармаған болар. “Жылап жатыр!” деп жүгіріп жүрген қос тілді өз қандастарымыз. Ал, қайыршы бола бастаған өз халқында шаруасы жоқ олардың табанын қара жер сипап, балтырын күс басып көрмесе, жусан иісін білмесе қайдан сезсін, ұқсын.

* * *

Орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру үшін жанын жалдап жүргендері – номенкулатураға іліккендері мен капитализмнің жас капитандары. …Олар бізді орыс тілі, тіні, мәдениеті мен өнері арқылы ұшпаққа шығармақ. Өскен елдің өнегесі біз үшін тәлім екені рас. Одан қашып отырған жоқпыз. Бірақ бұл – ұлттың ішкі дамуы, ықтиары, дүмпуінің демеуімен біртіндеп, күндердің күнінде, замандардың заманында іске асатын шаруа. Орыс тіліне мемлекеттік мәртебені зорлықпен беріп, күшпен “екінші ана тілі” жасау арқылы ұлт тағдырын жойдасыз жолға салу онсыз да резервациядағы кедей қазақты ашындырады – бір; екіншіден, бұл әдіс-кешегі комунистік системаның қайғылы эксперименттерінің тікелей заңды жалғасы.

Ең жаманы – қазақ тіліндегі номенкулатура да сырттай: “Қазақстан жасасын!”, - десе, түптеп келгенде, ұлт қамын жеп отырған жоқ. Орысты түртнектесе, оларға сауатты да біз тілді, әділет тілегін жергілікті орыс халқы емес, қашан тамағына пышақ тақағанша қыңқ демейтін момын қазақ оңаша жәукемдеуге керек.

* * *

Жалынды публицист Марат Қабанбайдың ана тілі төңірегіндегі бірқатар мақалаларынан алынған ой-толғамдары, байыпты да сергек өзіндік көзқарастары кез келген оқырманды толғандырып, тебірентеді, терең ойларға жетелейді. Қазақ қоғамында орын алып отырған жайларға баға берудегі, оны талдаудағы терең біліктілік пен зеректік көсемсөз зергерінің ұлтының жарқын болашағы жолында оттан түсуден де тайынбайтынын айқын дәлелдеп тұрғандай.

* * *

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының бел ортасынан бастап-ақ алып кеңестік империя іргесі шайқатылып, құрдымға қарай құлдырай

бастады. Тоқсаныншы жылдардың басында одақтас республикалардың тәуелсіздікке ұмтылысының нәтижесі империяны күл-талқан етіп, ел-елде егемендік тулары көтерілді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының төңірегіндегі мемлекеттер арасында Ресей бас болып Еуразиялық одақ құру жөнінде алыпқашпа ұсыныс ойлар кең етек жайып бара жатты. Бұл Еуразиялық одақ дегеніміз Ресейше былай болуға тиіс болды:

Ортақ идея.

Жаңа одақтық мемлекеттердің мызғымастығы.

Ұлттар мәдениетінің еркін дамуы және де орыс және ұлт тілдерінің мемлекеттілігі.

Ортақ парламент.

Ортақ армия, ортақ шаруашылық, ортақ банк, финанс, ортақ азаматтық, т.б.

Ортақ сыртқы саясат.

Ортақ сыртқы экономика қимылы.

Публицист М. Қабанбай “Еуразия одағы: кім мысық, кім тышқан?” деген мақаласында “ТМД-дай театрды айнала жүгірген актер тышқандардың нақ ортасында бұрынғы бүкіл ортақ қамбаны, ең жарық та жылы, үлкен бөлмені басып қалған семіз ақ мысық – бас актер әрі режиссер мұрты тікірейіп, бір көзін ашып, бір көзін жұмып, күжірейіп жатыр. Қабағымен жасқайтын Ресей деген көкеңіз осы!. Бәрі де осы Ресейдің мәлике жүзін көріп, мүбәрәк қолын алуға құштар ”, - дей келе Ресей аңсап отырған Еуразиялық одақтың мән-мағынасын алақандағыдай айқындап береді [14].

“Сонда ортақ емес не қалды өзі? – деп ашуланады публицист. – Баяғы жаппай тәркілеуіңіз бұл. Ресей құлағын ұстап отырған ортақ қара қазанға қолдағы барды –астық, ет, пайдалы қазбаны түгел сарқып салу, Қазақстан атты қоржынды әлгі оппаға қоса лақтырып жіберу. Былайша айтқанда, неоимперия! Бұған біз келісеміз бе, жоқ па, ол – болашақтың ісі. Алдымен Елбасына, үкіметке, соңынан Жоғары Кеңеске байланысты. Бір пункті алынар, екіншісі түзелер, әйтсе де негізгі сұлбасы сақталып қалары сөзсіз.

… Мақтаулы Еуразиялық одағымыз орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беруді алғышарт етіп қойса, онда одақ қазақты жер ететін неоимпериялық одақ деп кесіп айтамыз. Ондай әлпеттегі одақ құрылса, қазақ елі біртіндеп ыдырай бастайды. Әуелі қазақ пен қос тілді қазақтың, соңынан қазақ пен орыстың арасынан мысық жүгіреді”.

Публицист мынадай қорытындыға келді: Шатақ шықса, Ресейдің мұрты да қисаймайды, еркек тоқты құрбандыққа байланатын – қазақстандық орыстар мен қазақтар. Осы естен екі елі шықпаса игі. Тоқ етері – қазіргі тіл арасалмағы бұзылмаса, ел қандай қиындықты болмасын көтеріп алады.

Елбасының соңынан ереді. “Орыс, қазақ арасында тышқан мұрты қанамайды” – деп серт береді. Әлдекімдер көксеп жүрген Қазақстан Құрама Штаттарын халық қаламайды. Қазақ халқы – қайта-қайта қан жұтып, қырылып, құса болуға жақындаған XX ғасырдың өте-мөте қайғылы кейіпкері. Сөйтсе де анау-мынауға көтерілмейді, бір көтерілсе, тоқтамайды. Басқаның бәріне көнгенмен, тілін талқыға, саудаға түсірмейді. Оған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы дәлел.

Қандай қоғамда болмасын зиялы не аристократ қауымның орны бөлек, оқшау. Қай халықты алмайық, өз зиялысымен санасады. Зиялы дегеніміз білімді ғана емес, халықтың қамын жеген, бойындағы барын соған сарқа жұмсаған азамат, қазақ зиялыны осылай ұғады. Кешегі кеңестік кезеңде де ой өкілдері марапатталды. Тым тереңдерін, әлеми-қазақи мәдени үлгілерін ту етіп көтерген Алашорда өкілдерін атып, асып, қуып тастады да, икемге келгеннің алдына ас, екі қолын бос қойды. Жалаң социализм казармасының есігін ашып, өз сөзін сөйлеттірді; сөйтіп, білімді, көкірек көзі ояу деген зиялыларды кеңестік арбаға жекті.

Егемен ел болып, жаңа қоғамдық құрылысқа қадам басқан тұста қысыр да қыңыр, қатал уақыттың ауанымен зиялыларымыздың топ-топқа бөлініп, тоз-тозы шыға бастағаны ақиқат болатын. Өткенді аңсау, қоғам өміріндегі құбылыстарға бей-жай көзқарас, марғаулық ұлт қаймағы саналатын зиялы қауым бойын дендеп бара жатты. Осындай бір тұста қашанда ойы сергек публицист жазушы М.Қабанбай “Бұл зиялы – қай зиялы? Қазақ интеллигенциясы бар ма өзі?” деп атой салды [15].

Публицист әңгіменің басы ашық болу үшін, әңгімені әуелі зиялы (интеллигент) деген не, соны анықтап алудан бастайды да “Казахстанская правда” газетінде (01.IX.1994) Шұға Нұрпейісованың “Лағнет” (“Анафем”) атты мақаласындағы “Аристократия – қасиетті ұлағаттар мен идеалдарды сақтаушы. Ал, интеллигенция болса, қарапайым адамның көзқарасы, талғамы және пікірінің жарқын болашақ үшін күресіндегі қара тобыр иеленіп кеткен үні” дегенімен келісе отырып,сол қара тобырдан сәл қара үзіп, өз ортасына, әлемге сауатты көзбен қарай бастаған, XXI ғасырдағы қазақ аристократиясын қалыптастыратын осы бүгінгі зиялы, білімді топ интеллигенция туралы өзіндік ой-толғамдарымен бөліседі.

Публицистің бұл тақырыпқа тереңдеп баруының жөні бар. Оның нақты пайымдауынша, дүрбелең толы қоғамдағы бүгінгі қазақ зиялысы, тұтастай алғанда, қай зиялы десек, бірен-саранын есепке алмасақ, алтыбақан алауыз кеңестік зиялы, мутант, дүрегей, қомағай “зиялы”. Көбіміз Абайдың емес,

оның ашынып айтқандарының төңірегінен табылып жүрген феодалдық-кеңестік, мырқымбай зиялымыз. Халықтың қалтасына түсіп, алдыға келгенді арпадай асау “ұлттық” қасиетке айналды. Ішінара қанынан, туысынан жаралған зиялылыарды тасқын судай коррупция, надандық шайып барады. Орта буын да бұл сырқатқа ұшырай бастаған. Тоқырау заманы өтіп кетті деп жүрсек, рухани тоқырау енді-енді басталған секілді. Қазақ зиялыларына бас-көз бола ма деген қаламгерлердің де жерге қарап қалған жайы бар. Жазушылар одағы күн көрісімен мұң. Бұрынғыдай құлшына-құлшына жазатын үйреншікті кеңестік “жетістіктер мен табыстар” жоқ. Кемшілікті қаза жазуға жалған намыс жібермейді, оны көретін көкірек көзіміз әзірге соқыр, шеберлігіміз шамалы…

Ал нағыз зиялы дегеніміз, қазақ топырағынан бастап, әлем мәдениетін толық меңгерген, өз ұлтына жол сілтейтін, асып жатса, өзге ұлыстарға үлгі болатын, қара халық пен болашақтағы аристократияны жалғастыратын алтын көпір тұлға болуы тиіс.

Осы тұрғыдан келгенде публицист тығырықтан шығатын жол іздейді. Жаңа қазақ зиялысын әзірлейтін мемлекеттік бағдарламаның қажеттігін ауызға ала отырып, Ұлттық Академия, Жазушылар Одағы “Қазақ тілі” қоғамы аясында ма, зиялылар кеңесін құруды ұсынады. Ғалымдар, ақын-жазушыларға мемлекет тарапынан қамқорлық жасауға, әдебиет, мәдениет, өнер салаларында қаржы мәселесін шешуге баса назар аударады. Жас ғалым, әдебиетшілерге күнкөрістік стипендия тағайындауға зер салады.

Көсемсөз шебері мына мақаласында алғашқы сөйлемдерімен-ақ қалың оқырманын еліктіріп ала жөнеледі: “Біз маймыл құйрығымызға қоңырау тағып алған қызық ұлтпыз. Соңғы ғасырларда біреуін аз көріп, үшеуін тағып алдық. Сән үшін емес, себебі, тат басқан, тісі түсе жаздап тұрған ескі қоңыраулар… Қай інге бас сұқсақ та, әлгі қоңыраулар әрқайсысы кезек-кезегімен: “Ойбай, Ұлы жүзбіз! Жоқ, Орта жүз деген мен едім! Кіші жүзді қайда қоясыңдар, оу, ағалар?!” деп, шылдырлайды да тұрады. Құлақтың етін жейтін мазасыз-ақ шылдыр… Қоңыраулы құйрықты шауып тастай алмайсың. Өйткені, құдай бере салған құйрық. Түкке керексіз феодалдық жүндес құйрық пен қоңыраулар! [16].

Жалпы, жүзшілдік, рушылдық ұлттық психологиямен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Рушылдық – адамдар қауымдастығының ең ежелгі орнықсыз формасы – рулық құрылысқа тән психология, яғни қазақтардың өздерін, өзара іштей жауластырып қоятын, іштей ірітіп-шірітуші фактор ретіндегі көрініс. Рушылдықты қайта жандандырған, оны өліп бара жатқан

жерінен қайта тұрғызып, оған өмір әперген қандай күш? Ол – қазақты ұлт ретінде жою мақсатын көздеген, сол мақсатқа жету үшін зиялы қауымды ұсақ кадрмен айырбастау стратегиясын ұтымды тактикамен жүзеге асырып келген кеңестік әміршіл-әкімшіл аппарат болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жүзшілдік, рушылдықтың жер-жерде бой көрсете бастауы қоғамда аса қауіпті дертке айналды. Зиялылар, ел серкелері жүздік жанжалдарын қоймаса, астанадан таралған бұл індет халық арасына да жайылып бара жатты.

“Шындығына келгенде, - дейді публицист, - бүйтіп бөліну әлі де ұлт болып, түбегейлі қалыптасып бітпегенімізден, ұлттық санамыздың әлі де балаңдығынан… Қазақты ру, жүзге бөлу – Қазақстанды бөлу екенін ұғатын уақыт жетті.

… Тоқ етері, шама-шарқымыз келіп жатса, маймылдың әлгі қоңыраулы құйрығын кесіп тастап,нағыз қазақ болайық. “Құйрықсыз өмір сүру қиын” десек, үш қоңыраудың біреуін ғана қалдырайық. Және ол: “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!” деген Абай қоңырауы болып, сахарада, сайын дала төсінде күні-түні сыңғырлап тұрсын.

Әлем осыған дейін әманда үш түрмен соғысып келген: мемлекетаралық, этикалық және трайбализм… Соңғысы – ең сорақысы, бұл - өз-өзіңмен соғысу. Ұлттардың ұлтаны сөйткен. Құдай сол масқарадан сақтасын”.

Егеменді жас қазақ елі заманының ұлы көшімен бірге алға қадам басып барады. Қоғам дамуының қатал заңының қоятын өз талаптары бар. Публицистің тұжырымдауынша, бес жылдық тәуелсіздік тұсында мынаны миға мықтап түйдік: қазақ ұлтын әлем түгілі, дәп Қазақтанның өзінде құйрықтан қағып, еркелетейін деп отырған ешкім жоқ. Капитализмнің, егер келгірсімей айтсақ, түпкі заңы: “Маған десең, бірің өліп, бірің қал, тек жұмыс жаса, тер төк!” . Ол – тең құқықтардың темірдей жүйесі. Капитализмге бәрі бір, еңбек ет те, біліміңді жетілдір, әйеліңе ие боп, бала өсір! Заңды бұзба және оны оңтайымен пайдаланып, ешкімді басындырма!

Көсемсөз шебері заман ағымына сай Президент бастаған биліктің үш бұтағы ендігі жерде қазақты еркелете алмайтынының себептерін жіктеп береді. Сонда мұның себебі неде?

Билік бұтақтары Қазақстандағы барлық ұлттар мен ұлыстардың тең құқылығының гаранты. Олардың арасындағы хұқтар бұзылса, барлық тепе-теңдік сетінейді…

Еркелеу – дәл бүгін қазақтың өз басына зиян. …Аласапыран Еуразия жағдайында елдер арасындағы конкурс, бәсеке қатты.

Жалпы, жер жиһанда еркелеу, еркелету деген ұғым жоқ. Қазаққа еркелету, исіну төрт түлік малдан жұққан қасиет. Қазаққа еркелеу емес, шыңдалу керек бүгінгі таңда. Еркелеу тек сәбиге ғана жарасады. Ересек ұлттар ірі нәрселермен айналысады.

Мемлекет қазір идеологияны емес, экономиканы үрдіс дамытуды таңдап алды. Себебі, мықты экономиканың өзі – мықты идеология [17].

Публицист М.Қабанбайдың басылымдарда жарияланған публицистикалық мақалалары қалың оқырманның назарын аударып, терең ойларға жетелейді. Бұлардың қайсысында болмасын өзекті мәселелер айқын көрініс тауып жатады [18].

* * *

Тоқсаныншы жылдардың алғашқы жартысында публицист-жазушы Марат Қабанбаевтың ұлт мүддесі, ұлттық рух тұрғысындағы публицистикалық мақалалары өзінің уыттылығымен, өткірлігімен қазақ қоғамын дүр сілкіндіріп, қалың оқырманның ықылас-қошаметіне бөленді. Тәуелсіздіктің ең көкейтесті мәселелерін қозғаған оның материалдарын қалың оқырман асыға күтіп, іздеп жүріп оқитын болды. Жалынды публицистің пікірлері мен ой-толғамдары көпшілікті толқытып, тебірентті, терең ойларға жетеледі. Ел тәуелсіздігінің тәй-тәй басқан алғашқы қадамдарында халқымызға қоғам өзгерістерінің өзекті мәселелерін барынша бажайлап, нақты түйін жасауға бастайтын салиқалы да сауатты публицистика қажет еді. Публицист М. Қабанбай осындай міндет биігінен табылып, азаматтық көрсетті, тәуелсіз қазақ публицистикасында лайықты орны бар өшпес мұра қалдырып кетті.

Тоқсаныншы жылдардың басында қазақ публицист-жазушыларының дені қоғам дүмпуінен бойды да, асыл ойды да аулақ салып, марғаулық таныта бастаған тұста жазушы Марат Қабанбай асау публицистиканың жалына жармасты. Азамат қаламгер «Парасат» журналы мен «Ана тілі» газетінде ұлт мүддесі, ұлттық рух аясындағы өзекті тақырыптарда құлашын кеңге сермеп, көсемсөз құдіретімен қоғамды дүр сілкіндірді, қалың

оқырманның ыстық ықыласына бөленді. Жалынды публицистің ой-толғамдары мен пікірлері тереңдігімен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Нұржекеұлы Б. Жариялылыққа ден қойдық // Парасат. -№7.
2.Жақсыбаев А. мені «Правда» газеті не үшін сынады? // Жұлдыз. -2000. -№12.-136 б.
3.Советтік Қазақстан жазушылары. Библиографиялық анықтамалық. – Алматы: Жазушы, 1987. – 320-321 б.
4.Қабанбаев М. Тірісінде таптап, өлген соң мақтап ... Азат елдің әдебиеті қандай болуы керек? // Парасат. -1992. -№7.
5.Қабанбаев М. Сауда жасай алмасаң, саудаң бітеді, халқым // Парасат. -1992. -№6.
6.Қабанбаев М. Ұлып жұртқа қайтқан ой // Парасат. -1992. -№9.
7.Қабанбаев М. Қазақта бір ру бар алқаш деген ... // Парасат. -1992. -№10.
8.Қабанбаев М. Құрықтау ма, қылбұрау ма? Халқым қайтіп күн көрер?! // Парасат. -1992. -№10.
9.Қабанбаев М. Адамның бір қызығы бала деген ... немесе неге беттен алады қазақ баласы? Серкесөз // Ана тілі. – 1994. – 3 қаңтар.
10.Караван. – 1993. – 12 мамыр.
11.Қабанбай М. Тайқазан яки ошақтың үш тағаны. Серкесөз // Ана тілі. – 1994. – 3 қаңтар.
12.Қабанбай М. ұндемеген үйдей пәле! Мамрдң 10-да қазақстандық журналистер Баспасөз күнін атап өтті. Ал сол баспасөзіміз қалайөзі?... Ойтамызық // Ана тілі. – 1994. – 12 мамыр.
13.Қабанбай М. ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады? Қайнайды қаың, ашиды жаның //Ана тілі.-1994.-23 маусым.
14.Қабанбай М. Еуразия одағы: кім мысық, кі тышқан? Жазылған жайдың жалғасы //Ана тілі. -1994. – 25 тамыз.
15.Қабанбай М. Бұл зиялы - қай зиялы? Қазақ интеллигенциясы бар ма өзі? // Ана тілі. -1994. – 14 қыркүйек.
16.Қабанбай М. Маймылдың бізге кереқсіз қоңыраулы құйрығы. Қайнайды қаның, ашиды жаның // Ана тілі. – 1995. – 8 маусым.
17.Қабанбай М. Кімге өкпеліміз? XXI-ғасырға үш жыл қалды // Ана тілі. – 1997. – 3 қаңтар.
18.Қабанбай М. Қазақ және Қазақстан. Серкесөз // Ана тіл. – 1996. – 4 қаңтар. Біріккен деген осы... //Ана тілі. – 1998. – 24 қаңтар; Қазаққа нциклопедия керек пе? // Парасат. -1998. – 21 маусым.

Бесінші бөлім бойынша
бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

Ұлттық рух жаршысы

1. «Қазақ әдебиеті» газеті кеңестік дәуірде.
2. «Қазақ әдебиеті» газетінің тұңғыш редакторы.
3. Газет ашуға мұрындық болғандар.
4. Сырбай Мәуленов «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы.
5. Бейсенбай Кенжебаев, Мұхамеджан Қаратаев, Тұрсынбек Кәкішев «Қазақ әдебиеті» газетінде.
6. «Қазақ әдебиеті» «жылымық» жылдарында.
7. Публицист Зейнолла Қабдолов «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы.
8. Публицист Нығмет Ғабдуллин «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы.
9. Публицист Сайын Мұратбеков «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы.
10. Публицист Шерхан Мұртаза «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы.
11. Публицист Оралхан Бөкей «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы.
12. Ұлт публицистикасының алтын дәуірі.
13. Бексұлтан Нұржекеевтің публицистикасы.
14. Смағұл Елубаевтың публицистикасы.
15. Мұхтар Шахановтың публицистикасы.
16. Камал Смайыловтың публицистикасы.
17. Қуанбек Боқаевтың публицистикасы.
18. Дидахмет Әшімхановтың публицистикасы.
19. Аманхан Әлімнің публицистикасы.

Тұтас Түркістан азаттығының қайтпас күрескері

20. Мұстафа Шоқайдың Ресей Мемлекеттік Думасындағы қызметі.
21. Өзбек ғалымы О.Шарафиддиновтың М.Шоқай жөніндегі жазбалары.
22. Мұстафа Шоқай Түркістан автономиясының жетекшісі.
23. М.Шоқайдың А.Байтұрсыновпен, Ә.Бөкейхановпен байланысы.
24. М.Шоқай және «Ұлы Түркістан», «Бірлік туы» газеттері.
25. М.Шоқайдың Кавказ газеттерін шығаруға көмегі.
26. М.Шоқай және Тұтас Түркістанның тәуелсіздік проблемалары.
27. Шәкібаев, Данилевский, Михеевтің Шоқайды «қаралау науқаны».
28. Ә.Әлімжановтың «Ұлы адамның аруағымен алыспайық» атты мақаласы.
29. Мұстафа Шоқай және «Жас Түркістан» журналы.

30. Шоқайдың «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» мақаласы.
31. Шоқайдың «Кеңестер билігіндегі Түркістан» мақаласы.
32. Түркиялық қаламгерлердің М.Шоқайға қамқорлығы.
33. Мұстафа шоқай ғұмырнамасын зерттеуші қазақ ғалымдары.

Олжас – түркі рухы, дәуір символы

34. Президент Н.Назарбаев Олжас туралы.
35. Ақын Леонид Мартынов Олжас туралы.
36. О.Сүлейменовтің «АзиЯ» кітабы.
37. О.Сүлейменовтің «Таңба тілі», «Тарихқа дейінгі түркілер» кітаптары.
38. Профессор Мұсатай Ақынжановтың «АзиЯ» кітабына рецензиясы.
39. «АзиЯ» кітабындағы түрік-қыпшақ мәселелері.
40. Дінмұхамед Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды» естелік-эссесінде Олжас туралы.
41. Олжас публицистикасындағы суреткерлік пен психологизм.
42. Олжастың газет журналистеріне берген сұхбаттарының өзіндік ерекшеліктері.
43. Олжас – қоғам және мемлекет қайраткері.

Марат Қабанбайдың публицистикасы

44. Марат Қабанбайдың «Парасат» журналындағы алғашқы публицистикалық мақалалары.
45. Марат Қабанбайдың «Ұлып жұртқа қайтқан ой» көсемсөзіндегі философиялық ой-толғамдар.
46. Марат Қабанбайдың «Ана тілі» газетіндегі ұлттық рухани құндылықтар төңірегіндегі шығармалары.
47. Марат Қабанбайдың «Тайқазан яки ошақтың үш тағаны», «Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады?», т.б. ой толғауларындағы қазақ тілінің мәселелері.
48. Марат Қабанбайдың «Үндемеген – үйдей пәле!» атты мақаласы.
49. Публицист Марат Қабанбай – ұлттық рух жаршысы.
50. «Адамның бір қызығы бала деген ... немесе неге беттен алады қазақ баласы?» мақаласы.
51. «Тірісінде таптап, өлген соң мақтап..» мақаласы.
52. «Қазақта бір ру бар алқаш деген...» мақаласы.
53. «Бұл зиялы – қай зиялы?. Қазақ интеллигенциясы бар ма өзі?» мақаласы.
54. «Маймылдың бізге керексіз қоңыраулы құйрығы. Қайнайды қаның, ашиды жаның» мақаласы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз армандап келген қазақ халқының Тәуелсіздігі мен Егемен елдігінің 1991 жылғы 16 желтоқсанда жария етілуі республика азаматтарының материалдық және рухани сұранымдарының қамтамасыз етілуіне, олардың экономикалық, әлеуметтік және рухани жағынан гүлденіп, жас мемлекеттің әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуына, ұлт ретінде өсіп-өркендеуіне даңғыл жол ашты. Ұлттық айқындалу қазақ халқының өзін өзі біртұтас ұлт ретінде терең сезінуіне, қазақ этносының қалыптасуының дамуы мен өзіндік ерекшелігін сезінуінің негізгі кезеңдерін айқындап берген өзіндік тарихын байсалдылықпен ой елегінен өткізуіне маңызды қадам болды.

Сонымен қатар, Тәуелсіздік қоғамның ұлттық әлеуметтік институттарының дамуына, олардың демократиялық жаңғырулар мен реформаларға белсенді қатысуларына, адам бостандығы мен негізгі құқықтарының сақталуына кепілдік беретін құқықтық мемлекет құруға өз үлесін қосуына мүмкіндік берді. Осы институттардың арасында Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары маңызды орын алады. Қазақ баспасөзі алғашқы пайда болуынан бастап, ел Тәуелсіздігіне дейінгі кезеңдерінде патшалық Ресей әкімшілігі, кеңестік тоталитарлық мемлекеттің билік режимі тарапынан езгі мен қысым көрген қазақ ұлтымен бірге болып, аса күрделі жолдан өтті, бірқатар шарықтау-құлдырау кезеңдерін бастан кешті. Қалай десек те қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің дамуына өз үлестерін қосқан тамаша журналистер мен публицистердің тұтас шоғырын тәрбиеледі. Олар қандай дәуірде болмасын қазақ этносының идентификациялық сипатының айқындалуына мүмкіндік туғызып, әлем алдына өз халқының бейнесін паш ете білді.

Қазақ ұлттық журналистикасы өлкенің Ресей империясының құрамында болған кезімен байланысты пайда болды, ал бұқаралық ақпарат құралдары жүйе ретінде кеңес жылдарында қалыптасты. Алайда, оның ішкі дамуы XIX ғасырдағы Ресей демократиялық журналистикасы идеясының ықпалында, ал кеңес үкіметі жылдарында оның құрған ұлттық мемлекеттігі – Қазақ КСР шеңберінде жүрді.

Қазақ халқының Ресей империясының құрамында болуы оған әлемнің прогрессивті мәдени жетістіктерімен терең танысуға, қазақ этносы туралы сөз қозғап, әлемге әйгілеген талантты публицистердің пайда болуына мүмкіндік берді. Кеңестік жүйеде жүзеге асқан мәдени революция сауаттылықты жалпыхалықтық құндылыққа айналдырды, қазақ халқының

санасын гүлдендірді. Баспасөз бұқаралық құбылысқа айналды, бұл қоғам мүшелеріне болып жатқан оқиғалардан үнемі хабардар болып отыруларына, олардың өзіндік ой-пікірлерінің қалыптасуына жол ашты. Бірақ кеңестік насихаттың қалыпты механизмі қоғамдық пікірді әкімшілдік-әміршілдік жүйенің қажетті арнасына бағыттап отырды.

Қазақ ұлттық баспасөзі кезінде ұлттың өсіп-өркендеу мәселелерін алға тартты, бұған қарсы тұрған кедергілерді көрсете білді, коммунистік партияның ұлттық саясат жоспарларын жүзеге асырудағы қайшылықтарына қарсы тұруға әрекет етті. Осымен бір мезгілде қазақ халқы мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің даму проблемаларының баспасөзде жазу процесі жүріп жатты. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында жарық көрген «Қазақ әдебиеті» газеті ел өміріндегі елеулі құбылыс болды, ол ұлттық құндылықтарды қорғауда әдебиет, өнер және мәдениет салаларында ұлттық нақыш-өрнекті орнықтыруда өзіндік үн көтеріп, халықтық мінберге айнала білді. Сондай-ақ ұлттық баспасөз қазақ тілін дамыту, ана тілінде білім беретін мектептер құру мәселелерін үзбей көтеріп отырды.

Қазақ интеллигенциясының таңдаулы өкілдері баспасөздегі жарияланымдары арқылы қазақ халқының КСРО халықтарымен шын мәніндегі теңдігіне қол жеткізді, ұлттық ерекшеліктерді болдырмауға қарсы дауыс көтерді, жаңа интернационалдық қауымдастық – кеңес халқын жасанды қалыптастыру процесіне қарсы тұрды. Ұлт мүддесі жолындағы күрес әміршілдік-әкімшілдік жүйе жоспарына қарама-қайшы келді. Журналистерге, публицистерге, жазушылар мен ақындарға ұлтшылдық қамыты кигізіліп, олардың басым бөлігі қуғын-сүргінге ұшырады, ең арасы түрмелерге жабылды, ату жазасына кесілді.

Қазақтың ұлттық журналистикасы халықтар арасындағы шынайы достықты қадір тұтты, өз оқырмандарының бойында өзге ұлттарға құрмет сезімін ұялата білді, оларды Қазақстан аумағынан тыс жерлердегі халықтарға жан-жақты бауырмалдық көмек көрсетуге әрдайым әзір тұруға үндеп, тәрбиеледі.

Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары XX ғасырдың сексенінші жылдарының екінші жартысында басталған горбачевтық қайта құру кезеңінде өз назарын ұлт мәселесіндегі қиғаштықтарды түзетуге және оларды баспасөз беттерінде жариялаудың әдістері мен тәсілдерін жетілдіруге аударып отырды. Осы тұста ұлттық өзекті проблемалар, ұлттың идентификациялану мәселелері шиеленісті шегіне жете бастаған болатын. Қазақстан баспасөзінде бұл тақырып 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінен кейін ерекше сипат алды. Ұлтаралық қатынастардағы қордаланып қалған проблемалар айқын көрінетін саяси реңкке ие болды да

кеңестік биліктің сандаған жылдар бойы жинақталған тәжірибесінің күл-талқаны шықты. Билік элитасы да, әміршілдік-әкімшілдік жүйе құрған баспасөз де қоғамға ұлттық саясат пен ұлтаралық қатынастарда тығырықтан шығудың теориялық тұрғыда негізделген бағдарламасын ұсынуда дәрменсіздік танытты. Сол жылдары пайда болған альтернативті баспасөз адамдар сезіміне үлкен әсер етті, КСРО-ның мемлекеттік құрылыс негіздерін сынға алды, ақыр соңында бұл кеңестік империяның біржолата күйреуіне әкеліп соқты.

Тәуелсіздік жылдарында республикада тәуелсіз басылымдар кең қанат жая бастады, қазір ол басым бөлігін құрап отыр. Олардың арасында қазақ тілді аудиторияға, сонымен қатар орыстілді оқырмандарға арналған басылымдар бар. Олар ұлттық идентификациялану мәселелерінде әртүрлі ой-пікірлерді көпшілік назарына ұсынып жатады. Қазір республика басылымдарының барлық түрлері – мемлекеттік, мемлекеттік емес және тәуелсіз – егемендік позициясы тұрғысында қызмет етеді және оны қазақ халқы идентификациялануының сипатты белгісі ретінде бағалайды. Қазіргі таңда тек Қазақ елі Тәуелсіздігінің ғана қазақ халқының идентификациялану параметрлерінің өлшеуіші болып отырғанын нық сеніммен айту керек!

Республикалық баспасөз беттерінде мемлекеттік құрылыс, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және өзге де салалардағы даму мәселелерінің өткір қойылуы қоғам мүшелерінің «Біз кімбіз?» деген басты сауалға жауап іздеудің қажеттілігін терең сезінуіне, сөз жоқ ықпал етуде және бұл істе баспасөз ғалымдардың, саясаткерлердің, мәдениет қайраткерлерінің, жазушылардың, публицистердің тұрақты мінберіне айналып отыр. Олардың ой-пікірлері мен талқылаулары қоғамның барлық саласын қамтиды: экономикалық модельді таңдау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, ақша және қаржы-несие саясат мәселелері, тұрғындардың жұмыспен қамтылуы, шаруашылықтың жаңа формаларын енгізу, ұлттық мемлекеттілікті нығайту, ТМД елдерімен және әлемдік қауымдастықпен қатынас және т.б.

Қазақ баспасөзі ұлттық бәсекелестік, ұлттық пара-парлыққа ұмтылыс мәселелерінде бай тәжірибе жинақтады. Осы аса өзекті тақырып аясында публицистика жанрларының барлық мүмкіндіктерін пайдаланды, әртүрлі шаралар өткізді: «дөңгелек столдар», «көшпелі редакциялар», оқырмандар конференцияларын ұйымдастырды, газет-журналдардың тұтас нөмірлерін, арнаулы беттер, т.б. ұйымдастырды. Осындай жұмыстың барысында журналистиканың өзі де, оның теориясы да өркен жайып, жан- жақты дамыды. Социологиялық очерк, типологиялық очерк, әлеуметтік портрет секілді жаңа жанрлар пайда болды, жанрлардың синтезделу процесі белсенді

жүруде, айталық, сұхбаттарда кеңейтілген сауал-комментарий, ал талдамалы материалдарда репортаж, суреттеме, әңгімелесу, эпистолярлық жанр ретінде хат т.б. қолданылуда.

Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының заңнамалық базасы құрылған. Ол ақпараттық нарықтың аясын кеңейтіп, ретке келтіруде, оның үздіксіз өсуін қамтамасыз етуде. Ашығын айту керек, еліміз шетелдік БАҚ өнімдерінің ірі тұтынушысына айналды. Олар Қазақстан азаматтарының ұлттық сана-сезімінің дамуына көбіне-көп теріс ықпал етуде, ұлттық БАҚ-тың сипаты мен мазмұнына кері әсерін тигізуде.

Соңғы жылдары республика бұқаралық ақпарт құралдарының сандық өсуімен қатар нарықтық тақырыптық дифференциациялылығы байқалуда. Жарнамалық, діни, саяси партиялық баспасөз пайда болды, республикада тұратын өзге ұлттардың мемлекеттік емес басылымдары қанат жаюда. Интернет, спутниктік телевизия дамуда. Мемлекет БАҚ-қа экономикалық тәуелсіздікке жол ашатын бірқатар жеңілдіктер берді. Республикада Қазақстан Президентінің жанынан БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылды, ол БАҚ-тың мемлекеттік билік тармақтарымен арақатынасы мәселелерімен айналысады.

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан журналистикасы мемлекеттік құрылыс мәселелерімен қатар ұлттық бәсекелестіктің, ұлттық пара-парлыққа ұмтылыстың жаңа формаларын іздестіруге баса көңіл бөліп келеді. Осы орайда қазіргі қазақ публицистикасы тамыры терең тарихқа, оның даңқты батырлары мен билеріне айрықша ден қоюда. Ұлттық, мәдени және мемлекеттік ұлттық бәсекелестікті байытып, нығайта түсуге бағытталған қадамдар қоғамның сұранымын қанағаттандыруда үлкен рөл атқаруда.

Журналистика ұлттың шынайы бәсекелестігін, пара-парлыққа ұмтылысын танытатын жаңа символдарын жасау мен қалыптастырудың инициаторы ретінде жарқырай көрінеді. Қазақ публицистері ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің айрықша назар аудару қажет өзекті проблема екенін айқын сезінеді. Қоғамда өздерін «біз-мемлекет құраушы» жергілікті ұлттармен және мемлекетпен біте қайнауға бағыттаған жандардың орасан зор сұранымы белең алған. Ұлттық және мемлекеттік сана маңызды форма ретінде сезімге, жекеше санаға және қоғамдық-саяси процеске әсер етеді.

Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары қоғам мүшелерінің бойында қазақ халқы мен оның мемлекетіне деген мақтаныш сезімін тәрбиелеуді ұдайы назарда ұстайды. Баспасөз қоғамдағы позитивті ұлттық бәсекелестілікке қабілеттіліктің мұндай мақтанышқа негіз боларлық табиғи ұмтылыс екенін басшылыққа алады. Адамзат туғаннан-ақ өзінің ұлттық пара-парлыққа ұмтылысын сезіне алмайды. Мұны олардың қалай түсінетіндігі

көптеген факторларға байланысты болады, олардың арасында баспасөздің қоғамдық идеалдар мен құндылықтарды қалай дәріптейтіндігі, олардың аудиторияны қалай тәрбиелейтіндігі айрықша маңызға ие.

Конституция мен өзге де Заңдарда кепілдік берілген бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы өздерінің тағдырын өздері шешуге, өз күштеріне сенуге, жаңа қоғам құрауда белсенділік танытуға мүмкіндік береді. Алайда, баспасөз демократиялық мемлекет құру барысында, кей-кейде, бостандықты қалқан етіп, асыра пайдаланады, оның кейбір жарияланымдары қоғамдық мораль тұрғысынан келгенде этикаға сай болмай жатады, жекелеген журналистер мен публицистерге пайда болған проблемаларға, өздері келіспейтін адамдарға толеранттық қатынас жетіспейді. Кейбір жарияланымдарда белгілі-бір топтардың мүддесі ғана көзделетіндігі, қоғам мүшелерінің ашу-ызасын туғызатын материалдардың некен-саяқ болса да жарық көріп қалатындағы құпия емес. Міне, бұлардың барлығы да ұлтаралық қатынастар мәселелерін шешуде теріс ықпал етеді.

Барлық қиындықтар мен күрделі жағдайларға қарамастан қазақстандық журналистиканың «Төртінші билік» ретінде қалыптасу процесі жүріп жатыр. Бұл қазіргі қазақ ұлттық мемлекеттілігінің қалыптасу процесінің де жалғасын тауып отырғанының жарқын дәлелі болып табылады, мұның өзі, сондай-ақ, қазақ этносының идентификациялық сипатынан толық хабардар етеді.

Сонымен, еңбекте талданған бай материал қазақстандық журналистика мен публицистиканың одан әрі дамуына ықпал ете алатын бірқатар рекомендациялар беруге мүмкіндік туғызады. Міне, бұлардың қазақ халқының ұлт ретіндегі идентификациялық параметрлерін айқындауда, ұлттық құндылықтарды сарабдалдықпен ой елегінен өткізуде тиімділікті арттыра түсетіндігіне күмән жоқ.

1. Жаһандану процестері ұлттық салт-дәстүр аясындағы бұрыннан қалыптасқан ұғым–түсіктердің орнына жаһандық сана мен жаһандық мәдениеттің белең алуына әкеліп соғады. Алайда, сонымен бірге өзінің этномәдени ерекшелігін сақтаудың бірден-бір амалы ретінде ұлттық идентификациялану процесі жалғасуда. Осыған орай журналистика мен публицистика ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік пен ұлттық пара-парлыққа ұмтылыс мәселелерін ұдайы басты назарда ұстай отырып, интеграцияланған ұлттық идеалдардың жаңа жағдайында қоғамның мызғымас бірлігін сақтау позициясын берік ұстанымға айналдыруы тиіс. Бұл өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас қасиетін сақтау үшін, қазақ халқының бұдан арғы экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани және саяси дамуы үшін аса қажет.

2. Ұлт пен ұлттық мемлекеттің өмір сүруі оның тәуелсіздігі мен бостандығына қауіп төндіретін, оларға өктемдік жасауға ұмтылатын,

олардың ұлттық байлығын өз мүдделеріне пайдалануға тырысатын сыртқы қара күштерді туындатады. Сондықтан да Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары егемен мемлекеттің - Қазақстан Республикасының - одан арғы дамуын қамтамасыз ету мақсатында қазақ этносының еркін қамтамасыз етуге бағытталған азаматтардың ел Тәуелсіздігінің қадір-қасиетін жете ұғыну аясындағы ерік-жігерін тәрбиелеу жолындағы рухани ағарту жұмысын барынша жандандыра түсулері қажет.

3. Қазақстан қоғамының көпұлтты құрамы этникааралық қайшылықтардың пайда болу мүмкіндігін теріске шығармайды. Олардың ұлтаралық шиеленістер мен түсінбеушіліктерге ұласып кетпеуі жолындағы істе баспасөз айрықша рөл атқарады. Сондықтан да бұқаралық ақпарат құралдары ұлтаралық қатынастар мәселесіне байыптылықпен назар аударып, оны тұрақты даму мен өсіп-өркендеудің аса маңызды факторларының бірі ретінде қарастыру қажет.

4. Қоғамның кез-келген әлеуметтік институтының тиімділігі оның құқықтық сауаттылығы мен мәдени деңгейіне тікелей байланысты. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан БАҚ өкілдерінің құқықтық санасын арттыра түсу керек.

5. Журналистиканы «төртінші билік» ретінде орнықтыру көп ретте оның мемлекеттік биліктің басқа да тармақтарымен қарым-қатынасына тікелей байланысты. Осы мақсатпен Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы БАҚ бойынша Қоғамдық Кеңестің жұмысын тұрақты жүргізіп отыру қажет. Осы орайда оның бір-біріне кінә тағып, дауласатын орынға айналмай, ең алдымен ұлттың түбегейлі мүддесін басшылыққа алып отыруы аса маңызды.

6. Қазақстан журналистерінің кәсіптік деңгейін арттыруда Қазақстан Журналистер одағының рөлі орасан зор. Бұл ретте ол қазақтілді қазақ журналисі және орыстілді қазақ журналисі принципі бойынша көзге көріне бермейтін бөлінушілікті жоюға айрықша көңіл аударып отыруы керек. Мұндай қолайсыздықтың болуы бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам мен аудитория алдындағы обьективтілік, жауапкершілік секілді сапалық құндылықтарды жоғалтуына әкеліп соғады. Олардың жарияланымдарында XX ғасырдың 30-жылдарындағы баспасөзде кең етек жайған сөз тасуға ұқсас жазықсыз қаралу аңғарылып жатады. Мұндай қасиетсіз құбылыс журналистердің беделіне нұқсан келтіреді.

7. Қазіргі журналистика қазақ халқы өміріндегі келеңсіз құбылыс саналатын жүзге, руға бөлінушіліктің шектен шығып кетпеуіне ұдайы назар аударып отырса құба-құп. Мұндай бөлінушілікке жол берілмегенде ғана қоғам мен мемлекеттің әр адамның мүмкіндігін тұтас ұлт мүддесіне

орайластыра отырып, толық пайдалануына жол ашылар еді. Жасыратыны жоқ, қазірше жүзге бөліну қоғам мен тұтас мемлекет дамуында кері әсерін тигізуде.

8. Ұлттық сана мен ұлттық бәсекелестік, ұлттың пара-парлыққа ұмтылыста ұлт тілі үлкен үлкен маңызға ие. Тілді жоғалту ұлттық пара-парлыққа ұмтылыс пен ұлттық бәсекелестікке зор қауіп төндіреді. Тәуелсіз қазақ мемлекетінің дамуы тілдің өркен жая түсуіне барлық жағдай туғызып отыр. Бұл процеске баспасөз белсене қатысуда. Қазіргі таңда қазақ тілді баспасөздің сапасын арттырып, оның тақырыптық аясын кеңейте түсу, оның Ресей мен орыс тілді Қазақстан баспасөзімен тең бәсекелесе алу мүмкіндігінің деңгейін арттыру қажет.

9.Қазақстан журналистикасы «біздің мәдени, әдеуметтік және саяси өмірімізде ұлттық және мемлекеттік бәсекелестікте, ұлттық пара-парлыққа ұмтылыста, қоғамдастық сезімін нығайтуда қандай кедергілер бар?» деген сауалға ұдайы жауап іздеп отыруға тиіс. Осыған жауап бере отырып, адамдарды біріктіретін, Қазақстан Республикасында өмір сүретін барлық халықтардың мақсат-мүдделерінің ортақтығы сезімін қалыптастыратын ең тиімді жолдары іздестіргені дұрыс.

10. Мемлекеттік бәсекелестік пен ұлттық пара-парлыққа ұмтылыстың ұлттық сана-сезімді дамытудың маңызды факторы әрі дем берушісі екенін жете түсіну айрықша мән-мағынаға ие екенін естен шығармау қажет. Сонымен бірге баспасөз қазақтардың ұлттық бәсекелестікке қабілеттілігі мен ұлттық пара-парлыққа ұмтылысы мәселелеріне барынша ден қоюмен қатар, өзге халықтардың да ұлттық сана-сезіміне құрметпен қарауды парыз санауы керек.

11.Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан баспасөзіндегі публицистикалық жарияланымдардың динамикасы мен эволюциясы терең өзгерістерге ұшырауда. Авторлардың өзекті мәселелердегі көзқарастары мен ұстанған позициялары ұлттық журналистика дамуының кезең-кезеңдерінде түбірлі өзгерістерге ұшырады, қалай десек те ол қазақ халқының өзінің ұлттық бәсекелестікке қабілеттілігі мен ұлттық пара-парлыққа ұмтылысын және әлемдік қауымдастықтағы өзінің алатын орнын терең де айқын сезінуіне мүмкіндік туғызып отыр.

12. Қазақ публицистикасы өткен кезеңдердің аса күрделілігіне қарамастан құлдырау мен өрлеудің қилы-қилы жолдарынан өтіп, аса бай позитивті тәжірибе жинады, бұл оған қазіргі жоғары талап деңгейінде болып, тиімді орныгуына зор мүмкіндік берді.

Мазмұны

Кіріспе 3

І бөлім. Қазақ ұлттық журналистикасының тууы мен дамуы және ұлттық өзіндік идентификация проблемалары .....
І тарау. Қазақ мерзімді баспасөзінің пайда болу кезеңіндегі ұлттық өзіндік идентификация мәселелері .....
ІІ тарау. Ұлттық мемлекеттіліктің кеңестік моделін құру кезеңінде Қазақстан баспасөзіндегі ұлттық өзіндік проблемалар .....
ІІІ тарау. Қазақстанның РСФСР құрамына кіру жағдайында ұлттық өзіндік идентификациялану мәселелерінің жазылуы .....
Бірінші бөлім бойынша бақылау сұрақтары мен тапсырмалар .....

ІІ бөлім. Социализмнің негізін қалау кезеңі мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ұлттық бірегейлік проблемалары .....
І тарау. Әміршілдік-әкімшілдік жүйенің орнығуы және оның Қазақстан баспасөзін қалыптастыруға ықпалы .....
ІІ тарау. Ұлттық бірегейлік пен интернационализм 1930-жылдардағы қазақ журналистикасында .....
ІІІ тарау. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде қазақ публицистикасында ұлттық өзіндік идентификациялану мәселелерінің көрініс табуы .....
Екінші бөлім бойынша бақылау сұрақтары мен тапсырмалар .....

ІІІ бөлім. Ұлттық идентификациялану «жылымық», «тоқырау» және қайта құру кезеңдеріндегі қазақстандық журналистикада .....
І тарау. Ұлттық даму мәселелері хрущевтік «жылымық» кезеңіндегі Қазақстан баспасөзінде .....
ІІ тарау. Ұлттық идентификациялану проблемалары «тоқырау» жылдарындағы Қазақстан баспасөзінде .....
ІІІ тарау. Қайта құру және ұлттық идентификация мәселелері Қазақстан баспасөзінде .....
Үшінші бөлім бойынша бақылау сұрақтары мен тапсырмалар .....

IV бөлім. Ел тәуелсіздігі және ұлттық публицистиканың даму проблемалары .....
I тарау. Қазақ публицистикасындағы ұлттық идея.....
II тарау. Баспасөзде ұлттық мемлекеттік құрылыс мәселелерінің көрініс табуы.....
III тарау. Қазіргі қазақ журналистикасы мен публицистикасы: өзіндік ерекшелігі және сипаты.....
Төртінші бөлім бойынша бақылау сұрақтары мен тапсырмалар .....
V бөлім. Ұлттық бірегейлік мәселелері «Қазақ әдебиеті» газеті мен қазақ журналист-публицистерінің шығармашылығында.
I тарау. Ұлттық рух жаршысы.....
II тарау. Тұтас Түркістан азаттығының қайтпас күрескері.....
III тарау. Олжас – түркі рухы, дәуір символы.....
IV тарау. Марат Қабанбайдың шығармашылығы.....
Бесінші бөлім бойынша бақылау сұрақтары мен тапсырмалар
Қорытынды.....

Сейдулла Садықов

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

«Лантар трейд» баспасы

Редакторы ЖАННА ИСМАИЛОВА
Техникалық редакторы .....
Корректоры және мәтінді терген Ысқақ СЕЙДОЛЛАҰЛЫ

Басуға қол қойылды. Пішімі 84х108 1/16
Шартты баспа табағы 25 Таралымы 500 дана.
Тапсырыс №

Автордың дайын файлынан
«Лантар трейд» баспасында басылды.

Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді
Алматы қаласы
Қазақстан Республикасы.

«Нұрлы Әлем» баспасының телефоны:
Алматы 8(727)2301800

Сейдулла Садықов – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Журналистика факультетін бітірген. Журналист, ғалым, ұстаз. Кандидаттық диссертациясын 1992 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетінде, ал докторлық диссертациясын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2009 жылғы 9 шілдедегі №10 – 3/1059 рұқсат-хаты арқылы 2012 жылғы наурызда «Освещение вопросов национальной идентификации и национальной идентичности в печатной прессе Казахстана» деген тақырыпта Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің арнайы мамандандырылған кеңесінде қорғаған.

Қазір Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры.

С.Садықов ұлттық журналистика мен публицистиканың өзекті мәселелері бойынша жазылған төрт монографияның, алты оқу құралының, 90-нан астам ғылыми-зерттеу мақалалардың және бірнеше публицистикалық жинақтың авторы. Ғылыми еңбектері Ресей, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан және Түркия елдерінің баспаларында жарық көрген. Қазақстанның Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Республика «ЖОО үздік оқытушысы – 2012», Түркі әлемінің үздік педагогы.